

12004

88004

Сапарғали ОМАРБЕКҰЛЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ





АРЫС



Сапарғали ОМАРБЕКҰЛЫ
(1927–2003)

Сапарғали ОМАРБЕКҰЛЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



АРЫС

Алматы

2007

ББК 81.2 Қаз

О 58

Жауапты редакторы
А. ҮДЕРБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты

Жауапты шығарушылар:
Б. ЖОНКЕШОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
А. ОМАРБЕКОВА,
география ғылымдарының кандидаты

О 58 ОМАРБЕКҰЛЫ С.

Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: “Арыс”
баспасы, 2007. – 312 бет. + 8 бет суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-421-0

Кітап ғалымның қазақ тіл білімінің күрделі мәселелері
және ұстаздары мен тұтастары туралы әр кезде жазған
зерттеу мақалаларынан тұрады. Еңбектің негізгі бөлімінде
диалектология, фонетика, грамматика, әдеби тіл, тіл мә-
дениеті, ономастика мәселелері қарастырылады. Олардың
біразы ғылыми журналдарда, өзге де басылымдарда бұған
дейін жарияланған болса, біразы осы кітапта тұңғыш рет
жарық көріп отыр.

Жинақ түркітанушыларға, лингвист-ғалымдарға және
филология факультетінің оқытушылары мен аспиранттар-
ына арналған.

О $\frac{4602020400}{00(05)-07}$

ББК 81.2 Қаз

ISBN 9965-17-421-0

© Омарбекұлы С., 2007
© “Арыс”, 2007

“ҮЛКЕНДЕР АРАСЫНДА КІШІ ЕМЕС, КІШІЛЕР АРАСЫНДА ҮЛКЕН ЕМЕС...”*

(Кіріспе орнына)

Дана Ғабен (Ғабит Мүсірепов) халқымыздың асыл азаматы Ілекең (Ілияс Омаров) туралы кезінде осылай ағынан жарылған еді. Ойлап отырсам осы қанатты сөзді бүгінде марқұм Омарбекұлы Сапарғалиға қаратып та айтса болғандай. Олай дейтінім: жеке бір ғалым шығармашылығы сөз болғанда әдетте білім, ғылым проблемасы қоса қозғалады. Бұл орайда хакім Абайдың осы ғылым мен білімге қатысты мына бір айтқандары ойға оралады: “Білім-ғылымды дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар деп іздемеске керек. Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешенің мейірімі секілді болады”. Абай ғылым туралы отыз екінші сөзінде айтқан осы ойын 38-нші сөзде тағы былай жалғастырады: “Екінші ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Білім-ғылымның [тек] өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет [деп] білсең, әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат сезім пайда болады және сол рахат сезімді берік сақтап, білмегенінді тағы да солай білсем екен деген құмарлық, махаббат пайда болады”.

Сөз орайы келген соң айта кетейін, Абай бұл жерде әлде бір жергілікті (локальдық) проблеманы, тек өз заманының ғана проблемасын емес, жалпы адамзаттық әрі мәңгілік проблеманы айтып отыр. Көріп отырсыздар: отыз екінші, отыз сегізінші қара сөздерден жоғарыда келтірілген үзіндіде Абай ғылымға келудің екі түрлі жолын айтқан. Біріншісі – ғылымды дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар деп, сол қызықты нәрсеге себеп (басқыш) қылу үшін ғана үйренетін жол; екінші – ғылымды басқа бір мақсат үшін емес, ғылымның тек өзіне ғана ынтық, іңкәр болғандықтан, тек білмектікті ғана мұрат-дәулет көргендіктен, білмектікке, білген үстіне тағы біле түссем екен деген құмарлық, махаббат пайда болғандықтан үйренетін жол. Ғылым қашанда осы екінші жолдағылардың еңбектері арқылы

* Мақала ҚР ҰҒА-ның Хабарларында (№ 6, 2006) жарияланған. Бұл – соңың сәл өңделген нұсқасы.

қарқынды дамиды. Бірақ мұндай дара ғылымдар қай заманда сапаулы болған. Сапекең — ғылымға осы кейінгі жолмен, білмектікке деген құмарлықпен, махаббатпен келген ғалым. Солай екеніне оның бір-бірімен іштей тығыз байланысты, ортақ желілі ортан қолдай зерттеулерінің тақырыптық ауқымы, тарихтық-танымдық қырлары, ғылыми бай мазмұны, теориялық терең талдаулары, автордың жалпы өзіне тән ғалымдық қарым-қамтымы дәлел. Сапекеңнің еңбектері Абай айтқан “бір ғана білмектіктің өзін дәулет тұтудан”, “білім-ғылымның тек өзіне ғана құмар, ынтық болудан” туған. Олар міне сондықтан іргелі, сондықтан және келешекте де.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында, қазақ тіл ғылымының қара шаңырағында жарты ғасырға жуық жемісті еңбек еткен талантты әріптесіміз марқұм Сапарғали Омарбековтің туғанына биыл 80 жыл. Қай ұлттың да өзіндік интеллектуалды құндылықтарын әдетте түрлі ғылым мен өнер-білім өкілдерінің еңбектері құрайды. Олардың жетістіктері этностың рухани игілігі саналады. Сапекең — туған халқының руханиатын, Әуезовше айтқанда, “ішкі өмірін” дамытуға айтарлықтай үлес қосқан көрнекті ғалымдарымыздың бірі-тін. Енді оның кейбір өмір кешулеріне, шығармашылық жолына азырақ аялдай кетейік.

Өзінің көп замандастары сияқты Сапарғали да сол, сона бір кездері күнмен батып, тандармен бірге атқан, жазғы-күзгі дауылдарда іштен бақан тіреп, сырттан қазық қағып үй бастырған, киіз туырлықты қазақ ауылында, дәулетті отбасында дүниеге келді. Елде етек алған ұжымдастыру науқаны, отыз екінші аштығы, отыз жетінің ойраны, қырқыншы жылдар қырғыны — жеті ағайынды жұттай боп қатқабат келген нәубеттер, зобаланды, зомбы жылдар оның сәби, тірнек кезімен, бал-балауса балалығымен, жарға ойнақтаған лактай он бестердегі өндіріс шағымен тұстас келді. Қабырғасы қатпай жатып тағдырдың талқы-тәлкегін көрді: ата-анасы жер аударылып, қуғын-сүргін зардабын шекті. Ақыры әке баладан, бала жастай әкеден ажырап, бір-бірінен тірідей көз жазды.

Баубек Бұлқышев “Заман біздікі” кітабында майдандағы бір қазақ жасының дәптерінен мынадай бір озекарды үзінді келтіреді. Осы жерде сол еске түседі: “Мен жиырмадамын. Бірақ мендегі ой ақсақалды, байсалды, талай белді артқа салған адамның ойындай”. Сапекең де осылай, жасынан бұрын ержетті, ерте есейді: ауыл кеңес хатшысы, колхоз есепшісі, мектеп мұғалімі болды. Педучилище бітірді, ұстаздық қызметіне қайта оралды. Бірақ көзі ашық, көңілі ояу қамқор ана баласының бұлай от басы, ошақ қасы болып, уақыт көшінен қалып қоймауын ерте ойлап, оған енді оқу керектігін

мәслихат етеді. Жаңадан ғана тебінен мұрт шыға бастаған жас жігіт Қазақ мемлекеттік университетіне келіп түседі. Студент кезінен өзінің еңбекқорлығымен, ізденімпаздығымен ұстаздардың көзіне түскен Сапекең университетті ерекше дипломмен бітірісімен, бірден аспирантураға қабылданады. Оның ғалымдық қадамы, ғылымдағы жолы міне осы кезден басталады.

Тағдыр оны Қазақ Ғылым академиясы құрылтайшыларының, алғашқы академиктерінің бірі марқұм Нығымет Сауранбаевпен табыстырады. Тәжірибелі бапкер жас жігіттің байыпты сөз саптасынан, тиянақты жауаптарынан оның білім-қабілет деңгейін, ой өрісін жақсы аңғарады. Оны лингвистиканың нәзік қыр-сырының сыртында, ел өміріне, жер жайына қатысты тарихтық деректердің де мол көзі саналатын тіл ғылымының күрделі диалектология саласына бағыттайды. Шәкірттің назарын Маңғыстау тұрғындарының, адай тумаларымыздың сөзқолданыстарының көптеген көне, көмескі тұстарына, оларды зерттеудің ғылымдық мән-маңызына аударады. Осы тақырыпта кандидаттық диссертация жазуына жетекшілік ете бастайды. Бірақ Нықаң кешікпей дүние салады. Сапекең тағы бір дарынды, тамаша ұстаз алдын көрді. Академик Ісмет Кеңесбаевтың басшылығымен жұмысын ойдағыдай қорғап шықты. Кейінірек ол жеке кітап болып басылды. “Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер” деп аталатын бұл кітап Сәрсен Аманжоловтың “Вопросы истории и диалектологии казахского языка” атты іргелі еңбегінен кейінгі қазақ диалектологиясындағы арнайы екінші монография болатын.

Ғалым ендігі жерде қазақ тіліне тән диалектілік құбылыстарды ең бір нәзік, соншалық және күрделі қырынан, дыбыстық жүйесі жағынан алып қарастыруды ойлайды. Осы бағытта “Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар”, “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі”, “География фонетических различий казахской речи” атты тағы бірнеше монографиялық еңбек жариялайды. Автор бұл зерттеулерін сөйлеу тіліміздегі жергілікті дыбыстық ерекшеліктердің туыс тілдердегі түрлі ортақ көріністеріне, төркін-тегіне қатысты, тарихтық та, танымдық та жөнінен аса құнды қыруар нақты деректерге құрады. Солай тексеру арқылы Орта Азияның кейбір өлке-өңірін мекен еткен түркі халықтарымен талай ғасыр, замандар бойы қоныстас, іргелес өмір кешкен қазақ этносының сөйлеу дағдысында сақталған небір көне тіл ескіліктерін, жалпы халық говорларының дыбыс жүйесінің лингвистикалық табиғатын, халқымыздың ауызекі тіліндегі түрлі фонетикалық ерекшеліктердің генезисін ашып көрсетеді. Оның сөйлеу тәжірибесіндегі өзіндік

дыбыс жүйесін сипаттайтын фонетикалық нақты деректер жоғарыда аталған еңбектердің қай-қайсысында да мол қамтылған. Аталмыш зерттеулерде сондай-ақ тілдердің бір-біріне деген әсері, олардағы өзара ауыс-түйіс және ауызекі тіл мен әдеби тілдің байланысы сияқты проблемалар да осы, халықтық тілдің дыбыс жүйесі деңгейінде қарастырылады.

Екі тілде бірдей (қазақша да, орысша да) еркін жазатын Сапекеңнің ғылымда ұстанған басты бағыт-бағдары – компаративистика: халық тілі құбылыстарының қандайы болсын, бәрін дәйім кең көлемді тарихи-салыстырмалы контексте алып талдайды. Осы күнгі түрлі туыс тілдер мен көне түркі жазба ескерткіштер дерегімен қаншалықты шектес, шендес екеніне, халықтық тіліміздің дыбыс жүйесінің небір ескілікті, тарихтық іздеріне үніле зер салады.

Ендігі бір айрықша бөліп айтатын нәрсе, ол – Сапекеңнің лингвистикалық география саласындағы ізденулері. Ғалымның жоғарыда аталған “География фонетических различий казахской речи” дейтін еңбегі – халықтық тіліміздің дыбыстық жүйесінің негізгі сипатты белгілерінің таралу аясын анықтауға арналған тұңғыш лингвогеографиялық монография.

Ол сондай-ақ бұдан біраз бұрынырақта дайындалған “Қазақ тілі диалектологиялық атласының” бірінші томының және 1969, 1996 жылдары жарияланған Диалектологиялық сөздіктердің және 2005 жылы басылып шыққан “Қазақ тілінің аймақтық сөздігінің” де негізгі авторларының бірі.

Ғалым – жалғыз диалектологияның ғана емес, сонымен қоса тіл білімінің түрлі өзге салаларының да білікті, білгір маманы. Оның беріде жарық көрген үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктерді жасасудағы тыңғылықты зор еңбегі, “Қазақ грамматикасындағы” (2002) бөлімдері, әсіресе қазақ тілінде екпін бар екені жөніндегі өзінің жеке көзқарасын дәлелдеу мақсатында отыз шақты бет көлемінде келтірген түрлі тілдік, салыстырмалы-тарихи талдаулары мысалы соған айғақ. Ол қазақ тіл ғылымына сіңірген осы қыруар еңбегі үшін кезінде Республикамыздағы үздік ғалымдар санатында мемлекеттік стипендия иегері де болды.

Ғалымның “Хабаршы” және “Хабарлар” атты академиялық журналдардың жауапты хатшысы, Тіл білімі институтының ғалым-хатшылығы сияқты қосалқы қызметтерін мақалада тізбелеп жатпадық. Адами әдет-машықтардың ешқайсысынан Сапекең де былай, шет емес-тін: оның “Баяны бар ауылға Қозы боп барған” кездерін де жақын жаран достары әлі күнге жыр ғып айтады.

Алтай тілінде, сол мандағы кейбір өзге де түркі тілінде қазір де күйеу жігітті *қолду*, қалыңдықты *сырғалы* дейді. Сапекеңнің қырық жыл бойы отбасының ажарын кіргізіп, шаңырағының сәнін келтіріп отырған, өмірдің ыстық-суығын бірге көріскен сырғалысы – Руда үлкен-кіші бас қосқан той-томалақта “Пай-пай, шіркін! Көл-дария секілді пейілдері-ай!” деп, елдің қазір ерекше бір сағынышпен аңсай айтатын баяғы қазақ келіндерінің көзіндей жан. Бүгінде келін түсіріп, қыз ұзатқан, немере сүйіп, мерейі өскен Рудаға бұдан былай да бекем денсаулық, отбасының амандығын тілеймін!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Сапекең өзінің балауса шыбықтан емендей ғалым болып қалыптасқан ең мағыналы, мәнді жылдарын табан аудармастан Академия атты осы қара шаңырақта, қасиетті ғылым ордасында өткізіпті. “Көлге біткен құрақтай орда бұзар отызың, “Қынсыз қылыш – қырық жасы”, “Емен шоқпар – елуі”, алпыстайын парасатты, байсал шағы, жетпістейін кемел жасы осы Институт қабырғасында өгіпті.

Болашақта Қазақ тіл білімі атты тарихнамалық арнайы еңбек жазыла қалса, оның ең бір жарқын беттері ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Омарбекұлы Сапарғалиға арналары сөзсіз.

Ербол ЖАНПЕЙІСОВ,
*А.Байтұрсынұлы атындағы
 Тіл білімі институтының бас ғылыми
 қызметкері, филология ғылымдарының
 докторы, профессор*

ӘУЛЕТТІҢ ӨМІР КЕШУЛЕРІ

Тарих тағылымы*

Шуу деп басталар сөзімізді 30-жылдарда қазақ елін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы Голошкекин “садуақасовщина” деп ат қойып, айдар таққан қазақ зиялысы, ірі қоғам әрі саясат қайраткері, большевизм қудалауына ұшыраған Смағұл Садуақасовтың Шоқан мен Ыбырай туралы қазақтың тұңғыш жоғары мектебі Қазинпростың (Казахский институт просвещения) ашылу құрметіне арналған Тәшкенттегі салтанатты мәжілісте 1926 жылы жасаған баяндамасындағы мына бір сөзінен бастағалы отырмыз:

“Алтынсарин — орыс мәдениетіне ауыл-үй қонған алғашқы қазақтың бірі. Біреуден қаймыққандығынан емес, өзінің ар-иманымен православие миссионерлеріне көмектескен адам, русско-киргизская мектептерді бастап ұйымдастырған да, қазақ жазуын орыс әліппесіне көшіруді көздеген де осы кісі. Ол әйгілі орыс оқымыстысы миссионер Ильминскийдің досы болатын, соған қалтқысыз қызмет еткен. Міне, дәл осы Алтынсариннің өзі өлер алдында өзінің қазасын аза тұтуға бірде-бір орыс адамы араласпасын, тіптен маған етене жақын жүрген болса да араластырмандар деп тапсырған. Жаназама 99 молда шақырындар деп өсиет қалдырған. Бұл, әрине, көзі ашық деген зиялы қазақтың басындағы трагедия еді. Орыстармен ұзақ жыл үзеңгілес өмір кешкен пенденің көңіліне түйгені, орыс миссионерлерінің қазақ жұрты үшін еш жақсылық ойламайтынына әбден көзі жеткен пенденің көкірігіндегі қасірет болатын. Бәлкі, бұл оның тіршілікте өз қолымен жасаған күнәсін қазақ деп қарс айырылған жүрегінің жан тәсілімдегі айыптауы болар. Қалай да, ол бәлен жыл бірге істеп, біте қайнасқан орыс ымыраластарынан безген.

Бұдан дарыны да, елге жайылған даңқы да асып түспесе кем түспейтін тағы бір қазағымыз өткен ғой. Ол — Шоқан Уәлиханов. Бұл — орыстың Шығыстағы адал күрескері болған. Уәлиханов патша үкіметінің соғыс министрлігіне дерек жинау үшін Қашқарияға құпия сапар шеккен. Түркістанды шапқан аты шулы генерал Черняевтің отрядында офицер болып қызмет еткен. Енді осы Уәлихановтың дүниеден өтердегі харекетіне бақсақ, оның да ақыры Алтынсаринше тынғанын көреміз. Ол да өмірінің соңында барлық орыс достарынан безген; орыс армиясының осынау бір сымбатты офицері кең қолтық қазақ шекпені мен қырдың саптама етігін киіп, сахараның

* Мақаланың қысқа нұсқасы “Санда болып, санатқа ілінбедік” деген тақырыппен “Ақиқат” журналында (сі 4 сәуір, 1994) жарияланған.

шалғайындағы бір ауылда бұл пәниден өткен. Сібір аймағының билеушісі Ядринцев өзі жазған некрологында: “Шоқан Уәлихановтың қасіретті қазасы еуропалықтар үшін өктем ескерту, бұл әр орыс адамын ойландыратын сабақ” – деп көрсеткен еді (Год работы Казакского высшего пединститута. 1928, 107-б.)”.

Шығыс әлемін қастер тұтқан орыс ориенталисінің осы бір ойының астары әріде жатқанын терең ұққан Смағұл сынды зерделі азамат салтанат үстінде бекерден-бекер еске салмаса керек-ті. Қазақтың маңдайына басқан екі нар тұлғасының орыс дегенде ішкен асын жерге қоя жүріп, оларде бармағын тістеткен іш құста дерті десек болар мұны. Бұл кісілердің тарих сабағынан алған алғыс пен батасының ақырғы сикы солай дегенді бізге нұсқа тұт деп отыр ғой Смағұл сынды азамат. Ал Ядринцев болса, орыс адамынан “сыйға – сый, сыраға – бал” деген жосық қайда, бұл орыс патшалығына, орыс еліне бар жан-тәнімен адал қызмет еткен, оған құлдырай берілген өзге ұлттың екі саналы өкілінің, түптеп келгенде, орыстан безіну емей немене, бұған кім кінәлі деп сауал тастап отыр ғой.

Шоқан мен Ыбырай басындағы тарих тағылымының ақиқатын орыс оқымыстысының өз аузымен айттыра отырып, Еуропа мәдениетін, орыс оқуын бір кісідей жетік игерген халқымыздың зиялысы Смағұл орыс тілінен, алдыңғы қатарлы орыс қауымынан жерін деген ақыл-кеңесті сірә да бермеген. Қайта орыс тілін, орыс тіліндегі ғылым игеру қазақтың ғылым тілін жасауға, оның ұлттық тілінің жоғары мектеп тіліне айналуына көмектеседі деп үміт артқан. Оған ол кісінің аталмыш баяндамасының мына тұсы кепіл:

“Осы бір тарихи салтанатты мәжілісімізді біздің орыс тілінде ашып отыруымыздың өзі көп жайды аңғартқандай. Мұның өзі біздің жоғары мектебімізде сабақ жүргізудегі үлестің ең сыбағалысы орыс тілінің еншісіне тиеді деген сөз. Осыдан 60 жыл бұрын Жапонияның Еуропа техникасы мен цивилизациясын қалай үйренгенінен хабардар кісілер осы мәжіліске қатысып отырғандардың арасанда бар да шығар. Еуропа мәдени жетістігін Жапонияның еш іркілместен түгелдей пайдаланғаны мәлім. Жапониядағы орта оқу орындарының өзінде ХІХ ғасырдың аяқ шеніне дерлік сабақ ағылшын тілінде оқытылып келген-ді. Ал жапон жоғары мектебінің өз ана тіліне көшкені күні кеше ғана” (Жоғарыда аталған кітаптың 26-беті). Өзі келтіріп отырған осы бір мысалды Смағұл Садуақасов қазақ жоғары мектептеріндегі болашақ тіл тағдырымен былай байланыстырған еді: “Орыс тілі біз үшін қазіргі заманғы мәдениетке ойыстауымызға көмектесер бірден-бір дәнекер. Ескі дәуірде православие миссионерлері қазаққа орыс тілін үйреткенде, оған өз ана тілін біржола ұмыттыруды көздеген болса, ендігі жерде ілтипат білдіргелі отырған орыс тіліміз – біздің білім тұнығынан ана тілінде сусындауымызға қол ұшын беретін тіл болмақ” (Аталған кітаптың 30-беті).

Ағылшын тілінен өз тіліне көшкен жапондықтар сияқты түбінде қазақ жоғары мектебінде оқудың орыс тілінен ана тіліне қошегініне Смағұл Садуақасов осылай сенген еді. Бұл сенім, қазіргіше айтсақ, сол кездегі республикамыздың білім министрінің сенімі болатын. Баяғы жартас бір жартастың кебімен баяғы үміт бір үміт боп күн кешкелі не заман. Содан бері қазақ жерінде сан салалы жоғары мектеп ашылып, сан ұрпақ легі дүркін-дүркін ауысып жатса да үмітіміз үміт күйінен алысқа ұзап жарымапты. Орыс тілі ұлт тілінің қолын ұшпаққа жеткізеді деп сеніп жүргенде, тіліміздің жоғары мектептің босағасынан сығалай алмайтындай күйге жеткенін де көрдік. Қазағы қалың отырған облыс орталықтары мен кей педагогтік институттар демесек, жаратылыс ғалымдары мен техниканың не қилы салаларынан жоғары білімді мамандар даярлайтын республикамыздағы мектептерде қазақша бөлім атаулы әлі де некен-саяқ. Тіптен мұндай бөлім бар деген жерлердің өзінде ол бірінші, екінші курсқа әрең жетіп жығылатын болса, мұның өзі де кейінгі бір жылдардағы тырбануымыздың ғана жемісі. Жоғары мектепті былай қойғанда, орта білімді ана тілінде беретін мектептердің өзінің де өрісі тарылып, жер-жерде олардың үстін-үстін жабылып қалуға дейінгі мүшкіл халін айтып та, жазып та жүрміз.

Біздің қоғамда қазақ тіліне деген немқұрайлықтың, енжар көзқарастың қалыптасуына әкелген жағдайлардың негізгі себебі, кілті неде деген сауалды қояр болсақ, оған тек кеңес өкіметі шүү деп дүниеге келген сонау алғашқы жылдардан бастап-ақ Қазақстанда ұлт саясатының дұрыс жүргізілмеуінен деген жауап қана лайық. Әр заманғы орыс патшалары жаулап басып алып, өз қол астына қаратқан халқы қырық жамау осыншалық байтақ отары бар елде ұлт саясатының жетпіс жыл бойғы ұзақ уақыт ішінде шынайы гуманистік деңгейге көтеріле алмауы – большевизм әбестіктерінің ең зоры, ең сорақысы болды.

Қазан төңкерісі өтісімен-ақ 1917 жылғы қарашаның 2-сінде Халық комиссарлар кеңесі қабылдаған Ресей халықтарының құқығы жөніндегі декларация тек декларация күйінде қалып қойды. Орта Азия мен қазақ жеріндегі орыс келімсектері Петерборда төңкеріс жасалған екен деп, жергілікті мұсылман халықтарына деген өздерінің миына ғасырлар бойы ұялаған өктемшіл, отаршыл, ұлыорысшыл пиғылынан айнып кете қойған жоқ.

Қазақ елі азаттығының ірі жаршысы, орыс большевиктерінің қатыгездігі салдарынан туған Отанынан жырақта, жат өлкелерде өмір кешуге мәжбүр болған халқымыздың абзал перзенті Мұстафа Шоқаев орыс зиялыларының революцияшыл демократтарына деген қалтқысыз көңілінің 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін-ақ сепкендей басылғанын былай деп жазған еді: “Біз әлі ұлттық

тағдырымыздың мәселелерін ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан көтере қоймағанбыз. Тек бәріміз орыс патшалығы жойылып, мемлекет құрылымы өзгереді деген пікірде едік. Патшалық құлап, орыс революцияшыл демократтары билік басына келсе, орыс мекемесінің бізге жасаған қиянаты жойылатынына, әрі басқа өлкелерде... ұлт мекемесі құрылатынына, бұл өлкелерге орыс қоныс аударушыларының үдере көшуі тоқталатынына сенетінбіз... Көп ұзамай орыс революциясының оқиғалары біздің осы тәтті үмітіміздің тас-талқанын шығарды. Орыс революцияшыл демократтары іс жүзінде сынақтан өте алмады. Олар патшалық заманында орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, билікке қолы жеткен кезде оларды шеттетіп маңайына жолатпай қойды” (Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры. 1992, 109-б.). Бұл, әрине, Ақпан төңкерісінен кейінгі жағдай еді. Қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көресің деп, осыдан кейін арасына он ай салып кереметтігіне өзіміз жылдар бойы шық жуытпай келген Қазан төңкерісі де келіп жетті. Енді билік езілген ұлттардың баршасына дербестік беру керек, әр ұлт Ресей қол астынан бөлініп шығам, өз алдына жеке ел болам десе, оған еш қолдаушылық етпеу керек деп жар салып келген большевиктердің қолына көшті. Бірақ бұлар да Қазан төңкерісі өтісімен Ташкент шөһарында шақырылған Түркістан кеңестерінің съезінде жоғарғы өкімет билігіне мұсылман қауымының өкілдерін араластыруға мүлдем болмайды деген мәмлеге келді. Большевиктердің “өз жерлеріңіздің қожасы өздеріңсіз, оны жаулап алушылардың, иемденушілердің тонауына қарсы шығындар” деп мұсылман еңбекшілеріне үндеу тастағаны Қазан төңкерісінің алдында ғана болатын. Өкімет билігіне араластырмау былай тұрсын, большевиктер Орта Азиядағы мұсылман жұртының басын біріктірген, жаңа ғана бас көтеріп жария етілген Қоқан автономиясының тамтығын қалдырмай талқандап, оны құруға қатысқан жергілікті ұлт өкілдерін атып-шауып жермен-жексен етті. Тастаған шоқпар сорлыға тиеді деген, бұл қамшы енді алашорданың басына үйірілді. “Бостандық-бостандық” деп сусаған “бостандығымыз” салған жерден-ақ осындай емеурін танытқан еді.

Осы зымырағаннан зымырап отырып халқымыз азамат соғысы дей ме, ақ пен қызылдың соғысы дей ме, атты казактар дей ме, ұлы көмпеске, кіші көмпеске дей ме, ұлы Қазан, кіші Қазан дей ме, коллективтендіру дей ме, асыра сілтеу дей ме, әйтеуір не керек, сахарамызды оқтын-оқтын құйындай соғып, қан жылатқан заманның, зілзала-зұлматтың талайын бастан кешірді ғой. Қарияларды айтпағанның өзінде, қазіргі орта жастағы буын осы нәубеттің бірталайын шет пұшпақтап өз көзімен көрді де. Әсіресе халқымыздың жартысынан астамын жалмаған ел аузында тас мешін, тауық аталған

сұрапыл аштық, Голощекіні геноциді, қазақ елінің қарнын ашырып, өзегін талдырып қана қойған жоқ, оның тірі қалғанының еңсесін түсіріп, жасытып жіберді. Жоңғарлардың әлегінен ақ табан шұбырынды болған тұста да қазақ дәл осы отыз екінші жылғыдай жаппай қырғынға ұшырай қойған жоқ.

“Үһ” деп енді-енді ес жинай бергенде, жығылған үстіне жұдырық боп киліккен 30-жылдардың қылышынан қан тамған сталиндік репрессиясы, жаппай қамау, айдау, ату, лагерь қуғын-сүргіні келіп қосылып, ел-жұртымыздың назарын бұрынғыдан бетер төмендетіп, өзгенің үстіне батып кіре алмайтын, көңілдегі дығын именбей, батылы жетіп айта алмайтын жетімек баланың басындағыдай бір күйге душар етті.

Қарап отырсақ, отаршыл орыс патшалығының бұғауы мойнына Қазан төңкерісінен екі ғасырдай бұрын ілінген қазақ елінің басынан күні бүгінге дейін тоқпақ кетпеген екен. Ғасырлап жеген таяқтан әбден есеңгіреп қалған халыққа Ұлы Қазан арашашы бола алған жоқ.

Қайта оны бұрынғыдан бетер езіп, жаншып ұстауды бұлжымас заңға айнылдырды. Кейінгі екі ғасырдың аралық шегінде жарық жұлдыздай жарқ етіп шыққан ұлттың ой-парасатымыздың бетке ұстарларын, халқымыздың ар-намысы саналатын азаматтарымызды репрессияшыл науқан құрып, лек-легімен қойдай тоғытып айдап, шетінен баудай түсірді. Жергілікті ұлт интеллигенциясына қарсы бағытталған осы бір қанқұйлы зұлымдықты ел көзіне пәк нәрсе етіп көрсету үшін коммунистік партия национализм, интернационализм деп аталатын екіжүзді концепция ойлап шығарды. Осы концепцияның тырнағына шуу деп іліккен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды қазақтың дарынды да білімді, кемеңгер ұлдары, еуропа зиялыларымен терезесі тең ұлдары жазықсыздан жазықсыз ұлтшыл атанып, енді бірқатары өздері өмірде бет-аузын көрмеген “жапонның агенті” деген жалған жаламен ғайыптан тайып болып, шыбын жаннан баз кешті. АЛЖИР-дің, тағысын тағы Гулагтың қисапсыз мол мекемелерінің тұтқыны болды, торға түскен торғайдай қорлық көріп, азап шекті, шетінен шетінеп, сол жақта мерт болды. Жүзден бірі деген сияқты кеудесінде жаны қалған бірен-сарандарының елге сұлдері ғана жетті.

Жан түршігерлік жаппай тұтқындау – патшалық заманда-ақ бұғып қалған бұйығы халықтың зөре-құтын алып, бойын үрейге жеңдірді. Ағайынды екі адам бас қосса, басындағы қасіретті бір-біріне сеніп айта алмайтын, айта қалса, біреу-міреу сөзімізге құлақ түріп жүрмесін дегендей жан-жағына елегізи, сезіктене көз тастайтын, тіптен әкеге бала, балаға әке күдітене қарайтын бір заманақыр кезең орнады.

Осы бір келеңсіз кезеңнің апогеясы — 37-жылдың құрығынан орыс қол астындағы халықтан аман қанғаны, әрине, жоқ болар. Сонда да болса, кіммен салыстырғанда да кешегі аштықтан соңғы кеңес өкіметі тұсында қазақ басына төнген зауалдың бұл ең бір ауыры болды. Себебі қазақ өліп жатса да, су түбіне кетіп жатса да, өлдім, су түбіне кеттім деп тіс жарып айта алмайтын, тұяқ серпуге шамасы келмес халде еді. Ұлттық намысы аяққа тапталып, қорланып жатса да қыңқ деуге дәрмені жетпеді. Халықты қалтыратып, сескендіріп ұстауға құрылған октемшіл жүйе аштық туралы, арқаға аяздай батқан 37-жылдың зұлымдығы туралы елдің жұмған аузын аштырған жоқ. Жақын адамы ұсталған кісілер қоғамда сүтке тиген күшіктей көз-түрткіге ұшырады. “Халық жауының” шаңырағы, “халық жауының” баласы дегендерге жуыстау, олармен шүйіркелесу — кісі басына қатер төндіретіндей болғаны рас.

Интеллектуалдарын, елдің есті, зерделі азаматтарының қаймағынан жұрдай боп айырылған қазақ жетесіз өскен жетімектей кім көрінгеннің аузына қарап, жалтақ, жасқаншақ өмір кешті. Бойын үрей билеп НКВД, ГПУ тастаған бұғалыққа мойным сұғылып қала ма, қайтсе жан сауғалап аман қаламның қамына көшті, бірін-бірі ұстап беріп, ағайын-туған, қандас бауыр бірінен-бірі безіп жатты. Ұсталған адам болса, “Жау! Жау!” деп аттан салып, “Халықтардың көсемі жасасын!” деген ұранды диуаналарға тән фанатизммен өңеші жыртылғанша, көзінен жас аққанша екілене айқайлайтын механизмге айналды. Адамды моральдық, психологиялық жағынан әбден сүлдесін құртып жаншып алып, оны басқа ұрса басы, артқа ұрса арты елемес, бәріне көнбіс машинаның тетігі сияқты қауқарсыз бір субъектіге айналдырып, айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу — өктемдікті өктеп өткізудің ежелгі замандардан қалыптасқан, әлдеқашан сыннан өткен, көнігі тәсілі екен ғой. Мұндай айла-тәсілді кешегі Гитлер де жақсы біліпті. Ол мұны концлагерьде дүйім елді бір кісідей жатқызып-тұрғызып, малша жусатып, малша өргізудің мызғымас жарғысына айналдырған екен.

Есін жия алмай есеңгіреп, мең-зең күйге келген қазақ 30-жылдардан кейін Мәскеуден рецептен өлшеп-тамап берілген “бостандық” болмаса, өз бетімен “ұлтым, ана тілім” деп бір ауыз сөзді еркін айтудан, ұлт мүддесі тұрғысынан қаймықпай талап қоюдан қалды. Қазақтың бұрынғы көрген қоқайының үстіне соғыстан кейінгі жылдардағы идеологиялық науқанның қоқайы келіп қосылды. Басқаныкі басқа ғой, дәл қазақтың өзі “қазақ” деген сөзді аузына алған бір қазақты көрсе, “ұлтшылсың”, ұлтшыл болғанда “буржуазияшыл ұлтшылсың” деп бір-біріне сойыл ала жүгіретінді шығарды. Мұндайға келгенде қазақ нысанаға алған қазағын жер жастандырмай тынбайтын қайсар болып алды. Кеңесарыны айтсаң,

қазақтың өткендегі әдеби мұрасын мақтасаң – ұлтшылдықты дәріптегенің, орысқа қарсы болғаның деп бірінің басына бірі әңгір-таяқ ойнатты. Орысқа жақсы атты көрінемін, ел көзіне интернационалист боп көрінемін деп ата-бабадан қалған өлшеусіз мол мұра – қазақ пен ноғайлы жұртына ортақ Едіге батыр, Шора батыр, Орақ-Мамай сынды ауыз әдебиетінің ерен үлгілерін, Шортанбай, Дулаттан бастап Сұлтанмахмұтқа дейінгі ақын-жырауларды қазақ тілінен, әдебиетінен, қазақ фольклорынан мүлдем жырақ бейхабар орыс адамына “орысқа қарсы шығарма, сондықтан реакцияшыл шығарма” деп түсіндірген қазақтың өзі емей кім деп білерсіз. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті өрескел идеологиялық қателіктер жөніндегі 1947 жылғы аты шулы қаулысында жоғарыдағы секілді әдеби мұралардың һәммесін “халыққа қас” дегенді заңдастырып берді. Бұл қаулы да біраз зиялыларымызды титықтатуға жарады, осы шығармаларды зерттегені үшін олардың кейбірінің басы түрмеден бір-ақ шықты.

Осы дүрлігіс, осы идеологиялық шабуылдың арты елге аты өйгілі “Тың эпопеясына” келіп ұласқанын жұрттың бәрі жақсы біледі.

Тың игеру – Қазақстан Ресей отарына айналғаннан бері орыс патшалығы ерте қолға алса да жеріне жеткізе алмаған қазақ елін орыстандыру саясатының түбегейлі шешілуі болды. Ішкі Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан орыс және орыс тілді өзге де славян тұқымды жастар қазақ даласының онсыз да орысы көп солтүстік аймағына состав-составымен, вагон-вагонымен қойдай тоғытылды. Ата-бабамыз сан ғасыр бойы үдере көшкен кең жазира байтақ өлке өне-міне дегенше ішек-қарны ақтарылып, қазақ еместерге лық толды. Сырт көзге патриоттар деп, Қазақстанның көсегесін көгертуге келгендер деп қазақтардың өз аузымен дәріптетіп келген тың игерушілердің арасында онан қашқан, мұнан қашқан, айдаудан, түрмеден тың желеуімен кешірім алған қылмыскер содырлардың аз болмағаны хақ. Ә деп келген бойда олардың талайы тайрандап, ланды елге де, жерге де салған. Тың игеруге ұран тастаған сол кездегі басшымыз Хрущев бұл науқанды бастағандағы көкейін еш шімірікпестен мақтанып, тасып тұрып айтып та салды. Ол орыс патшасы қанша көксесе де жеріне ада-күде жеткізе алмай кеткен қазақ даласын халыққа толтыру саясатын біз коммунистік айламен жүзеге асырдық деп масаттанды. Бұл сөз аузымнан абайсызда шығып кетті-ау деп, қалың ел қазақтан қаймыққан да, айбылан жиған да жоқ. Бұдан артық басыну деген бола ма! Сөйтіп, тың игерудің демографиялық мақсатта жүргізілген, қазақ жерін орыстандыруды көздеген науқан екендігінің басы ашық болды. Ғасырлар бойғы қалыптасқан табиғи тепе-теңдіктің іргесін шайқаған осы бір тың игеру дегеннің қазір экономикалық тұрғыдан арты сиыр-

құйымшақтанып бара жатқанын айтпай-ақ қояйықшы, ал саясат тұрғысынан бұл науқанның өлкені орыстандыру жөніндегі Хрущев көздеген ойды артығымен ақтағаны көміл. Тіпті Қазақстанға жанашырлық жасады, іші бұрды деп жүрген, кабинетім сол кезде бейне бір тыңның штабы сияқтанып кетіп еді деген Брежневтің өзі тың туралы кітапшасында жас жігіттерді тыңға мықтап қазақтап, аяғын тұсау үшін мұнда орталық жатқан “патриот” қыздарды да әкелдіргенін айтып мақтанған болатын (Брежнев Л.И. Целина. 1979, 34-36-беттер).

Осының бәрін өз құлағымен естіп-біліп, көріп отырып, ұлт мүддесі тұрғысынан арты насырға шабар іс екенін сезіп отырып, бір қазақ Хрущевтың, Мәскеудің бетіне тіке қарап, батып бір ауыз сөз айта алмады ғой. Қаһарлы отыз жетінің елесі көз алдында бұлдырап, санасын, үрейін билеп тұрған халық, оның үстіне Бекмаханов, Әуезов, Сәтбаев, Жұмалиев секілді отыз жетіден аман қалған зерделілерінің алдын тағы да қамап, артын “ұлтшылсың” деп күнде көзге шұқып отырған халық, отаршылдардан көрген рақымсыз тепкі мен теңсіздік тақсыретін ғасырлап тартып, ұнжырғасы түсіп, жасып қалған халық не айта алсын.

Құйқалы жерге құмырсқадай қаптаған “патриоттар” көп ұзамай үйлі-баранды, балалы-шағалы ақар-шақар ел болып кетті. Ал қазақтар болса бас-аяғы бірер жылдың ішінде өз жері, өз елінде орыстармен, орыс тілінде сөйлейтін славян текті өзге халықтармен салыстырғанда демографиялық азшылық болып шыға келді. Мұның үстіне Кавказдан, Қырымнан, Еділ бойынан Қазақстанға ауыл, аудан, облысы былай тұрсын, республикасымен жер аударылған түрік, неміс, ассириялық, шешен, ингуш, қарашай, балқар, қырымшақ, грек сынды сан-сапалақ халық және бар. Соғыстың алғашқы жылдарында батыс өңірден эвакуациямен келгендердің де бәрі бірдей еліне қайта оралмағаны мәлім. Бір заманда қазақ даласына шұбырған босқындардың енді міне мал малданып, жан жанданып, жағасы жайлау болып алған соң, баяғы таратылып кеткен ұлттық республикасы қайта қалпына келтіріліп жатқандарының арасында тұяғы қыбырламастан, тыпыр етпей қазақ жерінде отырып қалғандары не сан. Енді осыдан кейін де қазақ халқының демографиялық хал-қадірі туралы айтып көріңіз. Осыншалық демографиялық құлдырауға душар болғанымызбен, Қазақстан жүз тілдің планетасы деп, соны бір кезде масайрап айтып, мақтан тұтып, әуейлене кеуде соққанымызға не дерсің.

Ел-жұрттың бәріне келген ортақ нәубет — соғысты айтпаған күннің өзінде, басына қайта-қайта толассыз төнген демографиялық күйзелістен, қилы-қилы қағажудан сең соққан балықтай теңселіп қалған қазақ соғыс аяқталғаннан кейін “үуһ” деп әупірімдеп енді-

енді ес жинай бергенде, даласының асты-үстін бірдей кеулеген ядролық жаралыс деген сұмдықтың, зор экологиялық апаттың өтіне қырық жылдан астам уақыт килікті. Радиация деген кесепат сүйегінен өтіп, жілігінің майын қаусатып жатқан халықтан әрбір ұрпақтың болашағы есіңе түскенде бойың еріксіз қалтырайды.

“Еділді тартып алғаны — Етекке қолды салғаны, Жайықты тартып алғаны — Жағаға қолды салғаны” — деп күңіренген жырауларымызды 50-жылдардың идеологиялық дүрмегі зар заманның ғой-ғойын шертушілер деп айыптады ғой. Жарықтық бұрынғылардың айтқаны айтқан екен ғой құлақ естігенді көз көреді деген Еділ-Жайық екі су былай тұрсын, жерінді ортасынан ойып алып, озім бауыр басам деп лаң салып, “казакпын”, “атаманмын” деп кіжініп, мылтық асынып, тайрандағандарды көріп, бармағымызды тістелеп отырғанымыз күні кеше ғана.

Ата-бабасының қара қонысында, өз отанында отырып соңғы халық санағында ит арқасы қияннан ауып келген келімсектердің қырық пайызына әрең жетіп жығылған қазақтың ұран шақырып айқайлап жүрген интернационализмі, шынында, қай интернационализм? Мұндай интернационализм біздің қазақтың не теңі! Құлды “бәрекелді” құртады деп, қазақты демографиялық тұйыққа әкеп тірегені рас болса, бұл, шын мәнінде, “интернационалиссін” деп бізді аярлықпен арқаға қаққан бір кезде жалған қолпаш қана, ар жағында ұлыорысшыл астар жатқан қолпаш. “Мәз болады болысың Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірейтіп орысың Шенді шекпен жапқанғаның” кебі. Шынтуайтқа келгенде, Қазақстандағы интернационализм ұранымен жүргізілген саясаттың бар-баршасы орыс патшалығы қазақ елін отарлық бұғауда ғасырлап ұстағанымен, жеріне ада-күде жеткізе алмай армандап кеткен орыстандыру саясатының заңды жалғасы дегенді қазір еш бүкпесіз айтуымыз керек. Өзге ұсақ-түйекті айтпағанда, жоғарыда біз тізбелеп өткен аштық қырғыны, ұлт интеллигенциясының сорпаға шығарларының басына дүркін-дүркін төнген, ойдан шығарылған “ұлтшылдықтың” қара бұлты, елді индустрияландырудың, тың игерудің сылтауымен қазақ жеріне орталық Ресейден келген озса орыс тілді, қалса өзге славян тілді келімсектерді жаппай қоныстандыру, тіптен ата жұртымыздағы жерсуымыздың ежелден ірге тепкен тарихи аттарына дейін халық зердесінен өшірте деген ұмтылыс — осының бәрі, түптеп келгенде, коммунистік партияның Қазақстанды біржола орыстандыруды көздеген құлқынын танытатын, бесенден белгілі боп бадырайып көрініп тұрған ұлыдержавалық, шовинистік саясат екені дәлел тілемесе керек. Сондай-ақ орыс колониализміне қарсы бас көтерген Кенесары-Науызбай сияқты батырларды, олар туралы халық тудырған жыр нұсқаларын “ұлтшыл”, “реакцияшыл” деп ат қойып,

айдар тағып, ел ұғымынан аластау. Ермак секілді Сібірді, Көшім ханның қыпшақ жұртын қанға бояған казак атаманын пір тұтып, Ерпістің қақ төрінен оның алып ескерткішін орнату – империяшыл үстемдік айғағы, ел намысын қорлаудың айғағы екенінің басы ашық (Абырой беріп, ескерткіш қазір тас тұғырынан тайды).

Компартия жылдар бойы жүргізіп келген Қазақстанды орыстандыру саясатының шүбәсіз бір дәйегі біз ана тіліміздің тағдыр-талайы мен жай-күйінен анық көреміз.

1930 жылы БК(б)П-ның XVI съезінде Сталин тарапынан берілген нұсқаудан кейін большевиктер коммунизм дүниежүзілік көлемде жеңген сәтте елдің бәрі бір-ақ тілде сөйлейтін болады, ал бір тілге жеткізудің сара жолы – бірнеше тілдің басын біріктіретін аймақтық тілдің бөлініп шығуы дейтін доктринаны уағыздауға қошті. КСРО-дағы ұлт тілдерінің даму заңдылықтарына арналған бүкілодақтық мәслихатта “Вопросы философии” журналының сол тұстағы бас редакторы, КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі М.Д.Каммари “Тіл және ұлт” деп аталатын баяндамасында: “Опыт выделения русского языка, как межнационального языка народов СССР, на основе полной добровольности и согласия всех народов при одновременном развитии и использовании всех национальных языков народов СССР дает принципиально новое решение вопроса о закономерностях возникновения, развития и распространения будущего единого всемирного языка” – деген байлам айтты (Вопросы развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. Материалы всесоюзной конференции. 22–24 ноября 1962 года, 1964, 65-бет). Мәслихатты қорытындылау осы кісінің құзырына беріліп, бүкіләлемдік бірегей тіл туралы осы пікірін Каммари былай деп тұжырымдады: “Вполне возможно, что за основу такого языка будет взят один из наиболее развитых национальных языков, выполняющих уже в настоящее время функцию средств межнационального общения” (Сол кітаптың 94-бетінде). Тіл туралы осындай насихат жүргізіліп келген елде ұлтаралық қарым-қатынас тілі дәрежесіне көтеріле алмаған тілдердің әрмен қарайғы тағдырының немен тынары өзінен-өзі түсінікті емес пе.

Соғыстың жеңіспен аяқталу құрметіне өткізілген қабылдауда Сталиннің “ұлы орыс халқы үшін” деп тост көтеруі мұң екен, һәмма қауым осыдан кейін орыс аты ауызға алынған жердің бәрінде “ұлы” деген эпитетті қосып айтуды сөзінің бісімілләсына айналдырып алды. Осы метафора КСРО гимнінде де пайғамбардың атын таң намазына қосқандай құлқын сәріден радиодан шырқалатын болды. Ұлы орыс халқы, ұлы орыс тілі, дүниежүзіндегі ең алдыңғы қатарлы ұлы орыс мәдениеті деген секілді сөз саптаулары біздің лексиконымыздың төрінен орын алғалы не заман.

Ұлттардың бірігуі, ұлт категориясының өткінші категория екендігі, коммунизм кезінде ұлт атаулының жойылатындығы жөніндегі философиялық догманың ұлт тілдерінің, әсіресе майда ұлттардың тілінің болашағына күдік келтіруге итермелегені сөзсіз. Коммунизм 80-жылдарда орнайды, қазіргі ұрпақ, яғни 60-жылдардың басындағы ұрпақ, коммунизмді көреді деген Хрушевтың сәуегейлігіне сеніп қалғандар, сенбесе де соған сенгенсіп көрінуге тырысқандар ұлттардың, ұлт тілдерінің бірігу процесін тездетуге асықты. Ат үсті айта салған бұл секілді теория сымақтардың қазақ тілінің болашағына деген қозғарасқа өз шарпуын тигізбей қоймағаны аян. Жер-жерде қазақ мектептері жабылып, орысы саусақпен санап аларлық шөһерлі жерден шалғайдағы қазақ ауылдарының өзінде орыс мектептері бірінен соң бірі ашылып жатты.

Адамның болашағын, білімін орыс тілін қаншалықты игергендігімен өлшеу барлық жерде бұлжымас нормаға айналды. Орыс тілін жетік білмейтіндердің мемлекет мекемелеріндегі беделді креслоларға иегі аса қыши қоймайтын болды. Орысша суырылып сөйлеп тұрмағандардың абыройлы орындардан шет қақпайлау болып келгені — кешегі күннің ғана емес, бүгінгі күннің де шындығы. Сауатты кісі, сауатты маман деген ұғым-түсінік тек орыс тілін жақсы білетіндердің үлесіне ғана тиетінін бәріміз де білеміз. Осы “кейін тұрдың” әлі күнге дейін “кейін тұр” боп келе жатқаны бекер ме? Жұмысқа аларда, жоғарыларда орыстан “қазақ тілін қаншалықты игердің?” деп сұраған пендені өзiрге құлағымыз шалған емес. Қазақ тілін білмегені үшін намыстанған орыс түгіл қазақты да өз басым көрген емен.

Орыс тілін жетік білмегендіктен қоғамда қағажау көрген кей ата-аналар балаларының ана тілін үзілді-кесілді ұмытуын прогреске қол жеткізудің бірден-бір төте жолы деп ұғынатын дерттен әлі де толық айыға қойған жоқ. Балаңыз қазақша аса біліп жарымайды екен деп кінәрат қойғысы келген біреу-міреу болса, білмесе білмей-ақ қойсын, қазақша білген мына менің сондағы қолымның жеткен жері не, орыс тіліне шорқақтығы үшін өмірден таяқты көп жегем — деген сөзді қазақтардың аузынан өз құлағымызбен талай естідік. Әрине, аузынан осындай сөз шыққан қазақтардың бәрі бірдей ана тілін жек көретін қазақтар еді деуге аузымыз бармайды. Ана тілінен мұншалық түңілтудің объектив себептері де болғаны бекер емес қой. Тілін еркін білмесе, орысқа кіріптар елдің қоғамдағы парқы нешік болатынын көріп отырған ата-ана, тілге шорқақтықтың азарын өзі де тартып көрген ата-ана, оның үстіне оның құлағына орыс аға халық (старший брат) деп құдайдың құтты күні құйып отырса, баласын қатар тұрған екі мектептің орысына бермегенде, қазағына беріп қайтеді.

Ұлт аймақтарында орыс тілі ауызға алынған жердің бәрінде оның атына шық жуытпайтын, оны тілі жеткенше құлдық ұрып дөріптейтін

жарамсақ психологияның қалыптасуы да жетпіс жыл бойғы дәйекті түрде жүргізіліп келген елді орыстандыру саясатының нәтижесі. Компартияның құжаттарында, қаулы-қарарларында орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде КСРО халықтарының тіліне прогресс ықпал етіп отыр дегеннің ашықтан-ашық жарияланып келгені күні кеше ғана. Ғылым қағидаларын тәжірибеден қорытынды шығарып барып қалыптастырудың орнына ылғи жоғарыдан қаулы қабылдап, сонда ұсынылған баптардың дұрыстығын дәлелдеп беруді төменнен талап етуге біз қашаннан үйренгенбіз. Орыс тілінің ұлт тілдеріне ықпалы тек бірыңғай прогресс ықпал болып келді ме, әлде бұлай деп іркіліссіз айтуға келмейтін де жері бар ма деген сауалды біз өзімізге қойып көрген емеспіз. Тек компартияның аузынан шыққан екен, “жәрекімалла” деп, баяғы ұраншыл әдетімізге бағып, орыс тілінің қазақ тілін жарылқап отырғаны, тілімізді байытуға орыс тілі қосқан үлестің қисапсыз зор екені туралы, соны біріміздің аузымыздан біріміз қағып алып, бірімізден біріміз асыра дәлелдейтін еңбектерді қардай бораттық-ай келіп. Бұл хақында том-том кітаптар тебірене жазылып, талай-талай диссертациялар қорғалды. Ұлт республикалары ішінде мұндай зерттеулер жөнінде қазақтардың алдына шығып кете қойғандары кемде-кем болар. Бір берілсек, алды-артымызға қарамай құлай берілетін аңғалдығымыздың азарын тартып отырғанымызды енді-енді ғана сезінгендейміз. Орыс тілі, орыс тілі деп жүріп, онан келгеннің бәрі сап алтын деп жүріп, жасасын орыс тілі деп жүріп ана тілімізді қалай орға жыққанымызды өзіміз де байқамай қалыппыз. Бақсақ бақ екен деп, артымызға оралып, абайлап бір көз тастасақ, біз ұран салып уралап жүргенде, қазақ мектептері ондап дегенің немене, жүздеп жабылып жатыпты. Жоғары мектептердегі селдіреген қазақ бөлімдері де ана желеу, мына желеумен шет пұшпашақтап шетіней бастапты. Осы орайда тек бірнеше мысал келтіре кетейікші.

Қарағанды пединституты университетке айналған тұста, филфактан басқа факультеттердің қазақ бөлімдері кезінде түгел жабылып, орыс бөлімдерімен біріктіріліп жіберілген екен. Тың игерудің желігімен құрылған бес облыстың басын біріктіретін Тың өлкесінде ауданын былай қойғанда, облыстық қазақ газеттерінің бесеуі бірдей жойылып, осыған да шүкіршілік ет дегендей бәрінің онына біреуін-ақ қалдырыпты. “Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса да” деген, Республиканың оңтүстігіндегі ең қазағы көп деген аудандардың телім-телімін шығарып, төртеуін апарып Өзбекстанға қосыпты. Ұлт тілінде диссертация жазуға тыйым салған бір кездегі үкімет басшысы Косыгиннің қолымен Мәскеуден пәрмен етіліпті. Жұт жеті ағайынды деген осы да. Басқасы басқа ғой, ұлт тілі мен ұлт әдебиетінен қорғалатын диссертацияларды орыс тілінде жазылмағаны үшін Мәскеудегі Жоғары аттестациялық

комиссияның (ЖАК) есігінен де сығалай алмайғындай етіп мықтап заңдастырыпты. Қорғаушының аяғына тұсауды оппоненттерінің келісімінсіз ана тілінде аузын ашуға дәмеленбейтіндей қылып салыпты. Осыншалық іштарлықтың тек диссертацияға ғана емес, ғылымды ұлт тілінде дамытуға кесірін тигізер іштарлық екенін байқамаппыз, байқасақ та батылымыз барып айта алмаппыз. Жалпақ қазақ мәжіліс-мәслихат сияқты жерде жалғыз орыс көзіне көрінсе, содан қысылып, қазақша айтпақ жалғыз ауыз сөзі үшін әлгіден кешірім сұрарлық күйге жетіпті. Өзгенің тіліне жасаған ілтипатымызды ешкімнің өз тілімізге жасамасын көріп-біліп отырсақ та оны әбден елең қылмайтын болып алғанбыз. Балаларымыздың орысша шүлдірлегеніне мәз болып, өзіміз де солардың ыңғайына көшіп, тілімізді бұралап сөйлеп, соған масайрап жүргенімізде, ана тілімізден мүлдем көз жазып қала жаздаған ендігі күйіміз — мынау. Прогресс ықпал атты ұлы даңғазада мандайымызға тиген таяқтың бір ұшы — осында жатыр.

Ұлттық мүлдені таптық мүлдеге бағындыру, бүкіл қоғам өмірінің заңдылықтарын тек таптық тезге салып түсіндіру, таптық теория дегеннің таразысымен өлшеу, ұлт категориясын өткінші категория деп таңитын теріс көзқарастың белең алуы — ұлт тілдерінің болашағын мойындамауға әкелді. Осындай сыңаржақ қағиданы тұтқа қып ұстанып, соны бейне бір ешқашан адастырмас жол басшылыққа алған елде ұлт мәселесінің ойдағыдай шешілуі, әрине, мүмкін емес еді. Алайда осы жерде басын ашып айта кетуіміз керек, таптық теорияны әмбебап (универсал) теория ретінде қолданудан дәл біздің тіліміз шеккен қасіретті орыс тілі шеге қойған жоқ. Өйткені бар биліктің тізгінін өз қолына ұстап отырған коммунистік партия бұл қағиданы орыс қол астындағы орыс емес халықтарды ассимиляциялау жөніндегі өзі көздеп отырған саясатқа ыңғайлап, лайықтап жүргізуді ұмытқан жоқ. Партия бағдарламаларына дәйекті түрде қайта-қайта енгізілумен келген орыс тілінің КСРО халықтарының тіліне прогресс ықпал етіп отырғаны жөніндегі арнайы бап осыны айғақтайды. Осы “прогресс ықпал, прогресс ықпал” деп жар салып келген ықпалымыздың аяғы немен тынғанын, басқаны қайтеміз, ана тіліміздің тағдырынан-ақ тайға таңба басқандай айқын көрініп тұрған жоқ па.

Дәл қазақ жұрты жетпіс жыл бойғы тартқан рухани азаптай азапты КСРО-дағы еш халық мұншалық ауыртпалықпен тарта қоймаған шығар.

Мұның уәжі үшін тым алысқа сілтемей-ақ өзімізге етене жақын өзбек, әзербайжан, тәжік, қырғыз секілді КСРО-дағы одақтық дейтін құзырға ие боп келген мұсылман республикаларындағы ағайындарымызды алайықшы. Бізбен салыстырғанда бұлардың жағдайы әлдеқайда емен жарқындау. Олардың қай-қайсысының да ана тілі

өз республикасында дәл біздің тіліміздей екінші қатарға ығыстырыла қойған жоқ. Ұлт мектептері жөнінен де оларда біздегідей құлдырау байқалмайды. Тіпті жоғары оқу орындарындағы ана тілінің өрісі ыңғайынан да олар, мәселен, әзербайжан, өзбек ағайындар бізден көш ігері тұр. Басқаны қайдам, әйтеуір, өзирбайжан, өзбек арасында ана тілінен мүлдем мақұрым қалған біздегідей мәңгүрттер мол деп айта алмаймыз. Елі, жері орыс атаулыдан құр алақан болмағанмен, менің тілімді де өз тіліңмен қоса мемлекет тілі ет, ресми деген сөз тақымыма тар келеді деп күнде зіркілдеп отырған орыс оларда жоқ. Таққа Мәскеуден келіп отырып, қазақты билеп-төстеген басшылардай ұлтқа жаны ашымайтын басшылардың дүркін-дүркін дүрмегіне бұл республикалар ұшырай да қойған жоқ. Мәскеудің бізге келгенде өзгеден бөлектеп осындай саясат ұстауының не сыры бар? Бұлай етуі өзге бұратаналардан гөрі қазаққа көбірек күдік артуынан ба? Әлде билікті қазақтың өз қолына беремін деп, Мәскеудің аузы күйген жері бар ма? Біздіңше, қырсықтың бәрі қазақтың кеңес өкіметі жылдарында демографиялық күйзеліске ұшырауында. Аштық апатынан, келімсектердің ұлы-отанымен, елімен толассыз шұбырған тобырынан өзінің ежелгі мекені ата қонысында отырып біздің қазақтай демографиялық азшылық боп қалған халық ол кезде Орта Азия республикаларының бірде-біреуінде жоқ.

Ел екен деп елемей, бізге келгенде Мәскеудің өз қалауынша баса-көктеп Колбинді бас-аяғы 16-17 минуттың ішінде таққа отырғыза салғаны сияқты омыраулап, өктеп кететінінің бар кілтпаны патша заманынан бастап жоспарлы түрде қолға алынған, әдейілеп мақсат көздеп жасалған демографиялық құлдырауымызда жатыр. Мәселенің түпкі астарының басқада емес, дәл осында жатқанын шын мойындайтын болсақ, онда ендігі жердегі ұлттық саясатымыздың һәммесін осы бір демографиялық дәрменсіздіктен құтылудың амалын қарастыруға бағыштауымыз керек. Тәуелсіздігімізді жариялап, азаттыққа қолымыз жетті дегенімізбен, демографиялық жағдайымыз түзелмейінше, өзгеге кіріптарлықтан азат бола алмаймыз. Саны санаулы халық, оның үстіне жастарының талайы ана тілінен көз жазып қалған халық неше жерден өзгеге жалпақтап, жарамсақтанғанымен, ешкімінің ерке-шоласы да, шекіресі де бола алмайды.

Өзгемен терезесі шын мәнінде тең ел боламыз десек, ең алдымен санамызды жетпіс жыл бойы шырмаған өзгенікін қастерлеп, өзінікін озекке тебуді уағыздайтын құлдық психологиядан арылуымыз керек. Қазақстанда жүзден астам ұлт тұрады – менен асқан интернационалист жоқ деп көку – өз үйінде өзі огей боп қалған жанның келеңсіздігін танытпаса, кемелдігін танытпайды. Бұл мәселеге келгенде ешкімнің алдында баяғыдай көлгірсудің, жөдігөйленіп жалтақтаудың енді орайы жоқ. Қазақтың қазақ болып қалуының,

өз елі, өз жерінің қожасы өзі болып қалуының ең негізгі кепілі — оның бойын мендеген сырқат — демографиялық сырқаттан айығуы, айыққанда құлан таза айығуы.

Қазақ даласын жайпап өткен аштық зардабынан, зорлап коллективтендірудің қырсығынан кезінде көрші республикаларға барып паналаған, байсың деп салған байбаламның әлегінен мал-мүлкі кәмпескеленіп, ит ішпестің ала көліне жер аударылған бауырларымыздың жайы бір басқа. Бұдан тыс 20-жылдарда ұлт республикаларының әкімшілік шекарасын айқындау кезінде ауыл-ауылмен ғана емес, аудан-ауданымен, тіптен кейде облысымен іргелес республикалардың құзырында қалып қойған қазақтар және бар. Мәселен, қазіргі Омбы, Орынбор, Саратов, Аштархан облысының Ресей Федерациясына кіріп кетуі аса әрідегі тарихтың жемісі емес. Омбының Сібір өлкесін билеп-төстеген патша әкімшілігінің орталығы болғанын, оның Ақмола облысының территориясына кіргенін кім білмейді. Орынбор болса, арғы жағын айтпағанның өзінде, оның Қазақстанның Қызылордадан бұрынғы мәдени, әкімшілік орталығы болғаны күні кеше. Жылы орнын суытқысы келмейтіндердің жөні бір басқа, ал алда-жалда ұрпағым, сүйегім деп іші-бауыры елжіреп келген ағайын болса, оларды құшақ жайып қарсы алу парызымыз екені айтпасақ та түсінікті. Иіні келген соң айта кетейік, өзге өлкелерден, айталық, моңғол арасынан, ауыл-ауылымен ірге аударып келген ағайындарды қалың орыстың арасына бытырата орналастыру — сәбиді ана тіліне ана сүтімен ауыздандыратын балабақша, мектеп секілді мекемелерден мақұрым ету деген сөз. Өзіміздің басымыздағы таз кепені өзгеге кигізгеннің көкесі сонда болады.

Қазақ баласы “кейін тұрды” басқадан бұрын шаһарлы жерден көбірек естіп жүр. Бұлай болуы республика қалаларындағы қазақ санының шектен тыс аздығынан. Қазақтың демографиялық күйзеліс күйін жақсартудың бісмілләсін осы бұрынғы астанамыз Алматы сияқты қалалардан бастау керек. Біз өз қалаларымызда отырып, әлі де сол бәз баяғы біреудің қолына қарап отырған халықтың күйін кешудеміз. Өзіңіз жайша ой жүгіртіп қарасаңыз, Алматыдағы бір миллион екі жүз мыңнан асатын халықтың бір ширегіндей қазақтың біразы студент екен. Сонда мемлекет мекемелеріндегі іс басында отырғандардың абсолют көпшілігі өзге халықтың өкілі болатынын, дәлірек айтқанда, орыс жерлестеріміз болатынын түсіндіріп беруге тілмаштың қажеті бола қоймас. Баяғыда Алматыдағы қай мекеменің есігін ашып қалсаң да босағасынан төріне дейін сықап отырған өзге халық өкілін көріп, солардың арасынан көзіңе бірер қазақ шалына қалса, Құдайдың мұнысына да шүкіршілік қылатын кезіміз болушы еді. Осы қалада талай жыл тіршілік кеше жүріп, шаһарлық

транспорттың иін тірескен вагоны мен салонында келімсектерге шаққанда бір бес-он санға сәл де болса жетіп жығылатын қазағы бар автобусты, я трамвай-троллейбусты кездестіргендеріміз некен-саяқ болар. Ал көшедегі ағылған жұртты, дүкен, аялдама атаулыны көріп, өзімізді Ресейдің бір қаласында жүргендей әсер алатынымыз бекер ме?

Алматы — жабық қала, мұнда сырттан келгендер паспортқа тіркелмейді дегені — қазақтар аулақ жүрсін деп, өдейі таратылған қауесет пе дейміз. Өйтпесе 1959 жылғы санақтағы 456 мың қала халқы қазір бір миллион екі жүз мыңнан асып жатса, соның бәрі халықтың табиғи өсімі дегенге есектің миын жеген біреу болмаса, кім сене қояды. Алматының есігінің кімге жабық, кімге ашық екені мұндағы қазақтың проценттік ара салмағының өзі-ақ айқайлап айтып тұрған жоқ па? Мұны паспорттық режимге жай ғана салдыр-салақ қараудың нәтижесі деп түсіндіру — екіжүзділік болар еді. Қазақ елін орыстандыру жөніндегі компартияның “дана” жоспарын асыра орындаушыларға осыдан он жыл, я жиырма жыл бұрын тігілер бәйге бола қалса, соның бірінші жүлдесін Алматы иемдеріне біздің иманымыз көміл. Мұның аты өз үйінде отырып, өзгеге қарап алақан жайған емей немене. Қаладағы жетім бұрыш сағалаған қазақ жастарының бұл жай талайының маңдайына тиіп келгені жалған емес. Орысқа кіріттарлықтың республикамызда, оның ең үлкен қаласы Алматыда әлі күнге тоңы жібімей жатқандығының мұндай жайлар айғағы бола ала ма, алмай ма, оны әркім өз қауашағына салып таразылап көрсін. Осындайларды бүкпелей-бүкпелей бүгежек болып қалған басымыз, жан-жағымызға жалтақтамай айта алмай келеміз ғой.

Басқаны қайдам, әйтеуір, біздің қазақ орыс қол астына қарағалы декларация, ұран, конституция жүзінде болмаса, іс жүзінде орыстармен құқығы тең, үзенгі қатар ел болды деген — жай көпірме сөз. Қолында өкімет билігі бар кешегі Мәскеудегі төбемізден қарап тұрған мемлекет мекемелерінің һәммесі орыстардың өз сыбағасы тәрізді еді ғой. Сырт көзге жіптіктей боп көрінуі үшін сол мекемелердің арасына апарып, анда-санда тықпалап қоятын бірер қазақ кімге пана бола қойсын. Өзімізді ашса алақанында, жұмса жұмырығында ұстап келген КОКП Орталық Комитетінің саяси бюросында орыстан өзге қаншалық ұлт өкілінің болып келгені — бәрімізге аян нәрсе емес пе еді.

Бірде беті шімірікпестен ашықтан-ашық, бірде жүзін әртүрлі идеологиялық пердемен көлегейлей жылдар бойы талмастан жүргізіліп келген қазақ елін орыстандырудың саясат ретінде тарих сахнасынан компартиямен қоса өшкені рас, бірақ ол қырдан ойға қарай зымыраған бағзы бір қарқынын баяулатқанымен, өз инерциясымен жылжуын әлі де доғара қойған жоқ. Қазақ аты аталған

жерде кейбір қоңсыларымыздың өткенді өксіп оре түрегелетін мінезі осындай сыңай танытады. Тәуелсіздігімізді жарияладық, тіліміздің дәрежесін мемлекет тілі деңгейіне биіктеттік, енді қазақ елінің, оның тілінің орыстану процесі осымен тоқтады десек, қателесеміз. Бұл процесс тоқтаған жоқ, объектив түрде ол қазір де жүріп жатыр.

Қазақ ұлтының республика халқының дені болуы — егеменді елдіктің ең түбегейлі мұраты дегенді айту — қаншалық айып? Жергілікті ұлттың ұлт республикасын мекендейтін халықтың жартысынан кем болмауы деген — одақтас республика құзырына ие болудың 1936 жылғы КСРО конституциясы қабылданған кездегі қажетті үш шарттың бірі болатын. Екі конституция аралығында ұлт аймақтарындағы, әсіресе Қазақстандағы демографиялық жағдайдың қауырт өзгеруіне байланысты, әрі компартияның ұлт аймақтарын орыстандыру жөніндегі саясаттың беті ашыла түсе ме деген қауіптен де болу керек, әйтеуір, мұндай критерийдің соңғы 1977 жылғы конституцияда еленбегені мәлім.

Ендігі жердегі әңгіменің бар тетігі осы бір асыл армандай алыстан қол бұлғаған ұлттық санымыздың санатқа қосылуы дегенге шын мойынсұнып, әрбір ел басқарған басшымыздың, әрбір қатардағы саналы азаматымыздың осы салада тер төгіп, харекет етуге ден қойғаны керек. Жылдар бойы жанымызды жегідей жеген, етімізден өтіп, сүйегімізге сіңген құлдық психологиядан санамызды аршып алудың сара жолына түсуді сан факторынан бастауымыз керек. Сан өзгерісінің, түптеп келгенде, сапа өзгерісіне әкелетіні — диалектика заңы. Санымыз санатқа қосылмай, өзіміз ешқашан санатқа қосылмаймыз. Дәлел тілемес аксиома дегеніңіз — осы.

Жанайдар батыр*

*Баласы Орынбайдың Жанайдар-ды,
Адасқан жөнге салған талайларды...
(Ел аузынан)*

Алыстағы жорықтан оралған Жанайдар батырдың қосыны көтерілісшілердің оты-суы шүйгін таулы алқапта бекініп жатқан қонысына жеңіспен оралғанда, сарбаздарын қарсы ала келген Кене хан қосынды жіті көзімен жедел шолып шығып, көш басында Жанайдар батырдың өзі көріне қоймаған соң, қолды бастап алып келе жатқан Иман батырға қарап: “Сау қайттың ба, Айеке? Жанайдар сұңқар көрінбейді ғой. Қаралы хабар бермеген секілді едің... — деп

* Мақала “Жұлдыз” журналында (1994, 5-6) жарияланған.

қобалжи күмілжіді”, — деп жазады қазақ тарихи романының атақты шебері жазушы Ілияс Есенберлин. Сонда: “Иман батыр келе жатқан коштің соңын көрсетіп:

— Жанайдар батырың сау, тек балтырынан оқ тиіп, ат үстінде жүре алмаған соң, арбаға салып әкеле жатыр едім, — деді.

Кенесары хандығына қарамастан, жүгіре басып Жанайдар жатқан арбаның жанына барды:

— Сұңқарым, қалайсың? — деді арба үстіндегі Жанайдардың бетіне үңіле. Бірақ жауап қайтпады: Жанайдар бұл кезде ессіз еді. Күптей боп ісіп кеткен аяғының зардабы жүрегіне шауып, өлім халінде жатқан. Батырының мұндай күйін көрген Кенесары қасына келген Наурызбайға:

— Олжаны... жұртқа бөліп берсін, — деді де Жанайдарды тезірек өзінің ордасына әкелуді бұйырды.

Сабырлы, сөзге шешен, ақылды Жанайдарды Кенесары ерекше жақсы көретін. Өлім аузында жатқан батырын ажалдан қалай құтқарам деп түні бойы шақыртпаған бақсы-балгері қалмады. Үшкіру, ұшықтау, ісіктен қан жіберу секілді қазақтардың жайшылықта қолданатын емдерінің бір де бірі қалған жоқ. Бірақ Жанайдардың қалы нашарлай берді. Енді батырын құтқара алмайтынына көзі жеткендей болған Кенесары қалың қабағы түксиіп қайғыға енді. Ол қайғырса, не ашуланса, адам баласына тіл қатпайтын, төмен қарап тұнжырап отырып алатын...

...Үш күннен бері ісікпен алысқан алып дене бір балгердің шөптен істеген шипалы дәрісінің арқасында кеселді жеңе бастаған” — деп Ілекең өзінің үздік шығармасы “Қаһарында” жазып кеткен Жанайдар, Кене хан сұңқарым деп атаған Жанайдар — осы Жанайдар болатын.

Зинадан жаны пәк, өзінің некехақ еркегінен бөтен еркекті көрмеген әйелге оқ аттататын қазақта дәстүр бар. Шығарманың осы эпизодында жазушы басқа жасалған ем-домның үстіне Жанайдардың оғын да аттатып көреді. Мұндай жайды дәл осы тұсқа автор кездейсоқ кірістіріп отырмаған да болу керек. Жанайдар туралы ел аузында сақталған бір жырда:

Жанайдар, артық туған жатырынан,

Оқ тиді есіл ердің балтырынан.

Бір айла өлмес жанға бола ма деп,

Аттайтын қатын іздеді ата ұлынан, —

деп келетін шумақ бар. Мұны романына кіргізгендегі жазушының көздегені — Жанайдар оғын аттататын өңгіме желісінде ел жадында сақталған шын болған оқиғаның ізі жатыр дегенді айту.

Ресей патшалығының Иван Грозный заманынан басталған өзінің шығысындағы көршілерінің жерін, елін отарлау саясатының асқына-

асқына келіп, өзінің шарықтау шегіне жеткен тұсы – өткен ғасырдың алғашқы ширегі болды. Еділдің арғы-бергі бетінен бастап сонау Алтай өңіріне дейінгі ұлан-ғайыр жазирада үдере көшкен қазақ өлкесіне қанды шенгелді Ресей қатын патша Анна Иоановна кезінде-ақ салып жіберді. Кіші жүз ханы Әбілқайырмен жасасқан шарт – патшалық бұғауының қазақ мойнына мықтап киілуінің басы болды.

*Еділді тартып алғаны –
Етекке қолды салғаны,
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны, –*

деген секілді халқымыздың кокейінен мұң-шер боп орын тепкен бұл қасіреттің дәл осы жыр жолдарында айтылғандай бұлтарыссыз шындық екенін орыс қол астында күн кешкен екі жарым ғасырдан астамғы өміріміз тайға таңба басқандай айқындап берді.

Еділді еппен алып болып, сұғанақ қолын қазақ даласына сұғына сұғудың ендігі айласы – біртін-біртіндеп Қазақстанның солтүстігін Сібір өлкесін әскери бекіністермен шырмау деп есептеген патша өкіметі бұл шаруаға ХІХ ғасырдың басында-ақ бел шешіп кірісіп те кетті.

Қазақ даласына бірінен соң бірі қаптап салына бастаған орыс бекіністерінен сескеніп, ішке ентелей еніп келе жатқан жауға қарсы дін қарындас, тілдес халықпен бірге, баталас болмақты көздеп, Абылай баласы Қасым қазақ руларының қырық мың шаңырағымен Көкшетаудағы қонысын тастап, Қоқан хандығы иелігіндегі жерлерге өтіп кеткен болатын. Қасымның өзін, оның балалары Саржан мен Есенгелдіні қоқандықтар зұлымдықпен өлтіргеннен кейін Қасымға еріп барған ел Кенесары бастап 1837 жылдың көктемінде Ұлытауға көшіп келді.

Ұлт-азаттық қозғалысының туы ерекше бір айбынмен көтерілген 1837 жылға дейін істі бейбіт жолмен, қан төкпей тындырам деген үмітпен Кенесары патшаға дүркін-дүркін хабар салып: “Сіздер, орыс патшалығы, біздің атамыз Абылай ханға берген уәделеріңізден танып, сонау Жайықтан бастап Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Әйет, Тоғызак тәрізді атамекен қоныстарымызды тартып алып, бәрін әскери бекініске толтырдыңыздар. Бұл біздің өмірімізге, кейінгі ұрпақтарымызға қатер төндіріп отыр. Бекіністеріңізді, әскерлеріңізді жерімізден алып кетіңіздер” – деген мазмұндағы хаттарды бірінен соң бірін тоғытып жатты. Бірақ бұған жауап қайтарайын-ау, айылымды жияйын-ау деген патшалық болған жоқ. Екіжүзділіктен әбден түңіліп ашынған халық сол жылдың көктемінде-ақ дүрліге қозғалып, азаттық майданына аттанбаққа Сарыарқаның әр елінен қол жинап, жасақ құрып, Кенесарыға ағылып келе бастады... Міне,

сол бір кезеңде Ақмола дуанына қарайтын Қойлыбай, Шағырай, Қалқаман, Темеш, Тінәлі болысының жасақшыларын бастап Кенесарыға ең алғаш келіп қосылғандардың бірі – Жанайдар болатын.

Жастайынан аттың құлағында ойнап, сайын жатқан сар далада бұла өскен, тепсе темір үзер жиырмаларға жетсе жетіп, жетпесе жетпеген еңсегей бойлы, қылшылдаған жас болса да салиқалы, ақыл тоқтатқан адамның ісін істеп, артынан осынша қауым, дүйім елді ертіп, жасақшылардың қалың қосынан белсеніп шыққан ерлердің бірі болып бастап келген Жанайдар сынды азамат, жігерлі де ойлы азамат – Кенесарыға керегінің өзі де осы еді. Көктен тілегені жерден табылып, Жанайдарға, қаны бірден ұйып, разы болған Кенесары оны Ақмоланы шабардың алдында бекіністі барлауға жіберген шолғыншыларының басы етті. Бұл бір жағы батырды сынаудың да басы еді.

Шолғыншылардың кейінгі бір тобы тосын шайқасқа түсіп қалған жерде сарбаздарын шегінетгірмей, жаудан аман алып өткен, бекініс туралы зор стратегиялық маңызы бар деректер әкелген Жанайдар ханның көңілінен шығады. Осы бекіністі шапқан кезде асқан айбар танытып, қан майданға бел шеше араласқан, өзі мерген, өзі найзагер, қылшып жауға қапысыз сілтейтін Жанайдарды Хан Кене өз сеніміне әбден ие болған шақта қол бастаушы батырларының бірі еткен.

Айтыла-айтыла келе ел есінде сақталып қалған аңыздарда Кенесарының қол бастаушы жиырма тоғыз батыры бар екен, сол жиырма тоғыздың бірі – Жанайдар екен деген әңгіме бар. Батырларының саны расында да солай ма, әлде одан да көп пе, әйтеуір, Жанайдар есімі сол заманда хат бетіне түскен деректердің бәрінде Хан Кенеден екі елі ажырасып, айырылып көрмеген, көтерілістің басынан аяғына дейін ханның өзімен бірге болған, азаттық жолындағы шайқастың барлық ауыртпалығын онымен бірге арқалаған Кенесары батырларының жуан ортасында аталады.

Кенесары бастаған азаттық қозғалысты жан-жақты, терең зерттеген білгір тарихшы профессор Е.Бекмахановтың “Қазақстан в 20–40 годы XIX века” дейтін 1947 жылы шыққан кітабының 181-бетінен біз: “...даңқы бүкіл елге жайылған үш жүздің зор беделге ие деген батырларының талайы Кенесарының өзіне етене жақын дос-жараны – шұбыртпалы Ағыбай (Қарқаралының Орта жүзінен), сүйіндік Жанайдар батыр (Орта жүзден), қыпшақ Иман Дулат ұлы (Амангелдінің атасы, Торғайдың Орта жүзінен), табын Жоламан Тіленші Ұлы (Сырдың Кіші жүзінен), дулат Бұғыбай батыр (Жетісудың ұлы жүзінен), атығай Аңғал батыр (Көкшетаудың Орта жүзінен), арғын Жеке батыр (Орта жүзден),... Жәуке (Орта жүзден), Сұраншы және Бәйсейіт батыр (Ұлы жүзден) сынды адамдар еді...

Осы аталып өткен батырлардың бәрі де көтерілістің ақырына дейін Кенесарымен бірге болған адамдар” – дегенді оқимыз.

1837 жылдың күзінде Ақмола төңірегіннің қазақтары өздерінің ежелгі тұрағын тастап, Кенесары қосынының манайына қарай ойыса бастады. Патша әкімшілігінің, оларға қызмет етіп жүрген қазақ сұлтандарының дүрліккен елді тоқтатпақ болған ниетінен ештеңе шыға қоймайды. Елге басу айтып, көшкен елді қайтару жөнінде Сібірдегі патша әкімшілігінен тапсырма алып, Ақмола қазақтарының арасына келген титулды кеңесші Менкович 1837 жылдың күзінде: “Қанша тырысып бақсам да сөзімді ешкімге тыңдата алмадым, бұл жердегі қазақтардың ниеті көшуге әбден ауып алыпты. Енді олар өздерінің қонысына, сірә, қайта орала қоймас” – деп күдерін үзе мөлімдеді. Омбыдағы облыс басқармасының бастығы Талызинге кетіп жатқан елді тоқтату үшін, қатаңырақ шара қолдану керек деп кеңес бере жазды (Бекмаханов Е. Казахстан в 20–40 годы XIX века. 1947. 218-б.).

1838 жылдың көктеміне салым бүкіл Қарқаралы, Баянаула, Балқаштан Шуға дейінгі өңірдің қазақтары көтерілісшілерді қолдады. Осы тұста Кенесары Сібір генерал-губернаторы Горчаковқа хат жолдап, “орыс патшалығы бізге зорлық жасап отыр, егер Ресейге басқа бір ел қожалық етіп, билеп отырса, оған өздеріңіз қалай қарар едіңіздер: Ақмола, Ақтау бекіністерін жойып, басып алып отырған жерлеріңізді өзімізге қайтарыңыздар” деп талап қойды. Осы секілді тілектеріміз орындалған жағдайда ғана сіздермен тату-тәтті көрші ел бола аламыз дегенді айтты. Ал әскери генерал-губернатор болса, Кенесарының хат апарған адамдарын қамауға алып, аяусыз жазалады.

Бұқара халық Кенесарыны қолдағанымен, қазақтың ел билеген, патшалыққа қызмет етіп жүрген адамдарының бәрі бірдей олай болмайды. Халыққа тілін алдырып, сөзін жүргізе алады-ау деген белді кісілердің арасында қолына орыс берген биліктен, атақ-дәрежеден біржола қол үзіп қалудан қауіптеніп, әрі патшалықтың қаһарынан қаймығып Кенесарыдан бойын аулақ ұстағандар аз болған жоқ. Күнделікті бұйығы тұрмысқа бойы үйреніп, жылы орнын суытқысы келмейтіндердің де көбі көтерілісшілерге ермей, ақсақтың артын бағалық деген пиғылмен елінде отырып қалды. Оның үстіне отаршыл әкімшілік те қарап жатпаған ғой. Сөз де болса солқылдақтық танытқандар болса, оларды өз жағына тезірек тартып, Кенесарыға қарсы қою үшін жарылқаймын деп үйіп-төгіп уәдені де мол берген. Алдау, арбау саясатының уысына түсіп, сеніп қалғандардың көбі көтерілісшілерге ашықтан-ашық қарсылық танытты. Өзі төре тұқымынан шыққан, Кенесарыға ағайын боп, тіптен аталас боп келетін Абылайдан тараған ұрпақтың арасында да қозғалысты жақтамағандары болды.

Профессор Бекмаханов Ақмоланың дуанбасы Қоңырқұлжа Құдайменді ұлы, правитель Ахмет Жанторе ұлы сынды төрелер мен қазақтың Құлжан Күшік ұлы, Аққошқар Кішкентай ұлы, Жауғашар, Жаңғабыл, Кокір, Бегежан сықылды ел басы белді адамдары Кенесары қозғалысынан бойын аулақ ұстап, патша өкіметінің кеңесіне қобірек құлақ асқанын жазады (аталған кітаптың 237-беті). Көтерілістің жеңіліске ұшырап, ақыры сәтсіз аяқталуына қазақтың оз арасындағы алауыздықтың қырсығы аз болмағаны да аян. Мұны патшалық өз мүддесіне асқан әккілікпен пайдаланды.

Мұндай адамдарға, екіжүзді саясат ұстап, халықты бөліп-жарып ұстап, көтерілісшілердің арасына жік салғысы келгендерге Кенесары, әрине, қатал қарады. Көтеріліске материалдық көмек беруден бас тартқандарды да Кенесары жау деп таныды.

Патшаның жазалаушы отрядтарымен күресе жүріп, 1838 жылдың 7 тамызында Ақмола дуанына (приказ, бекініс) шабуылға шықты.

Атты да, жаяу да өте алмайтындай етіп сырты айнала терең ормен қоршалған бекініске, солдаттар зеңбірегі мен мылтығын кезеніп қорғап тұрған бекініске баса-көктеп кіріп, тып-типыл қып өртеп жіберу оңайға соққан жоқ. Кенесары қолының тегеурініне төтеп бере алмаған дуан басы аға сұлтан Құдайменді ұлы Қоңырқұлжа мен бекініс гарнизонының бастығы Карбышев көтерілісшілерден өздері әрең деп бас сауғалап қашып құтылды. Бұл жағдай, бекіністің құлауы Сібірді билеп-төстеп отырған орыс әкімшілігі мен патшаның әскер басыларының бойын үрейге жендіріп, дүркін-дүркін қосымша әскер күшін шақыруға итермеледі.

Ағыбай, Наурызбай, Басығара, Жеке сынды батырлармен тізе қосып қимылдап, бекіністі қиратып, жаудың қару-жарағын олжалауда жойқын ерлік көрсетіп, айрықша көзге түскен батырлардың бірі Жанайдар болды. Жанайдарды сұңқарым деп атап, Кенесарының бұл кісіге құлай берілуінің басы осы Ақмола шайқасы болса керек. Кенесарының Жанайдарға деген ілтипатының қаншалық зор екені патша адамы Чкаловский дегеннің “Записки о действиях мятежного султана Кенесары Касымова” деген мәлімдемесіндегі мына бір баяндалған жайдан айқын аңғарылады: “Өз төңірегіне жақын-жуық жүретін адамдардың ішінде Кенесары әсіресе Жеке, Жанайдар, Сүтен, Шоқлар сынды батырларын өзгелерден ерекше жақсы көретін, оларға еш қалтқысыз сенетін” (Е. Бекмахановтың аталған кітабының 186-беті). Чкаловский осындағы Жеке деп отырғаны – Жеке батыр атанып кеткен Тілеміс деген кісі. Ақмола бекінісін шапқан кездегі жан пидә ерлігі үшін Кенесары бұл кісіге Жеке батыр деп ат берген екен, сол бір сәттегі дуалы ауыздан шыққан сөзден бастап, барша халайық бұл адамның атын әлі күнге Тілеміс демей, тек Жеке батыр деп қана ауызға алады. Өзіне ұнаған, көңілінен шыққан батырларына

осылайша ат беріп, ерекше ілтипат жасау Кенесары мінезінде болған: Иман батырды Аяу батыр, Жанайдарды Сұңқарым деген ғой.

Жеке батыр мен Жанайдар – аулы аралас, қойы қоралас бір-біріне іргелес отырған елдің адамдары. Бірін-бірі жастайынан жақсы біліп, тұрғылас, ниеттес болған кісілер. Қатар отырған жалпақ ел арғынның сүйіндік, қуандық руларының арасынан белсеніп шығып, осы елдің жасақшыларын қой бастаған серкедей Кенесары қосынына апарып қосусышлардың бірі де осы екеуі. Екеуі де балуан тұлғалы, жастайынан жиын-тойда ешкімге жүлде бермеген сайыскер, теңге алмақ, теңге атпақ, найзагерлік секілді не тамаша жігіттік онерге келгенде алдына жан салмаған, құралайды көзге атқан мерген, аттың құлағында ойнаған епсегей, жұртты таңдай қақтырып тамсандырған серілігі де, ерен ерлігі де болған жандар деседі ел ішінде. Оның үстіне Жанайдар сөзге жүйрік, майталман шешен адам болған. Лияс Есенберлиннің кітабындағы біз келтірген жоғарыдағы эпизодта шешендік Жанайдар бойындағы Кенесары аса ұнататын қылықтың бірі деген меңзеу бар. Жазушы мұны жайдан-жай айтып отырған жоқ, ел аузындағы дәйекке сүйеніп айтып отыр.

Жорықта жүріп тізе қосып айқасқан, бірге аттанып, жауын бірге шауып, бірге мұқатқан екі батыр кейін қол алысып қияметтік дос болған, бірінен-бірі қыз алып, қыз берген құдандалы кісілер болған. Жанайдар мен Жеке батырдың достығын, қалай құда болғанын баян ететін ел жадында сақталған аңыз әңгіме де бар.

Көп жортуылдың біреуінде Кенесары қолына оқыс киліккен жау күш жағынан басымдау болып, ұрыс аяғында ханның сарбаздарын біраз тықсырыңқырап тастайды. Ызаға булыққан хан жаумен айқасқа өзі кіріп кетіп, біраз батырларымен қоршауда қалып қояды. “Жаудан хан қашуға болмайды” деген қазақтың киіз кітабына жазылмаған заңы, үрдісі болады екен. Хан еш жаққа мойын бүрмей, бөгелмей жаумен ұрыс сала беріпті. Сонда ханын қызғыштай қорғап, тұс-тұстан андағайлап ат қойған батырлардың бірі алдынан оза шауып “өтпес қылыш-бойға қорлық” деп ханның ауыздығымен алысып жүрген атының шылбырын найзаның ұшымен іліп алып, қиян-кескі шайқас болып жатқан топтан сытылып шығып, қаша ұрыс салып, жаудан ханын аман алып шыққан екен дейді. Әудем жер алыстап, былайырақ барған бір тұста ханның көзі түсіп кетсе, ұңғысынан сынған найзаның ұшы Жанайдардың мойнына қадалған күйінде селтиіп көрініп келеді екен дейді. “Ау, батырым-ау, мойнына қадалған бір тікен бізге қоса ілесіп келеді екен” депті. “Өзім де соны сезіп келе жатыр едім” дей беріп, үстіне жамбы, асыл жиһаз артқан, жолда шөгіп жатқан бір астау бас қара нарды бидасынан найзасымен іліп алып жетелеп қосарына ала жүрген екен дейді. Жаудың қарасы ұзап, ел орынға отыра жорық керуені бір қасқа бұлақтың қасына

келіп аялдаған жерде Жанайдардың мойынына қадалған найзаның сүңгісі алынбай, екі жігіт табанға салып әрең дегенде суырып алыпты, деп әсірелеп айтады гиперболаға толы аңызда.

Найза кірген жарақаты ушығып, ұшына тиіп жүрмесін деп Кенесары батырының қанын бір жігітке ауызбен сордырып ұртаттып төктіріп отырған екен дейді. Сондағы таң атқанша көзін ілместен Жанайдардың қанын ұрттап төгіп отырған қасындағы жігіті Жеке батыр екен деп айтады.

Аяқ жетер жердегі бақсы-балгер, тәуіптің бәрін жинап, үш жылғы ту биені сойдырып, Жанайдардың алқымын ханы қазыға болеттіріпті. Әбден қансырап, есінен танып, үн қатып, тіл берместен кірпігі қимылдап сұлық жатқан жаралы жан үш күн, үш түн дегенде әрең көзін ашса, қасында аузына су тамызып отырған Жеке батырды көреді. Бұрынғы достығының үстіне нағыз қияметтік достықтың басы осы болған. Дұшпанның бетін қайтарып, жаугершілік аяқталып, ел-жұртымыз тынышталып, заман сабасына сарқар, ата қоныс-мекенімізге қайтып оралар күн туса, қыз алып, қыз беріскен құда болалық, төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылатын болсын деп екеуі ант қылып, қол алысқан екен дейді әңгімені айтушылар.

Айтысқан серті, уәделері періштенің құлағына шалынып, елдеріне келіп, ес алып, етек жинаған соң, балалары кәмелетке толған заманда өзі жорықта жүрген кезде туған жалғыз ұлы Мейрамға Жанайдар Жеке батырдың Бәдігүл деген қызын айттырып алып берген. Қазір бұл кісілерден тараған біраз ұрпақ бар. Жасы жетпіс жетіге келіп 1921 жылы қайтыс болған Мейрам қажы өкемнің мойнында найза кірген жарақатының орны – тыртығы бар еді деп айтып отырады екен.

Жеке батырдың арғы түбі – қырғыз. Терісаққан, Талды-Тасты деген жерге іргелес жатқан Балуанкөл дейтін көл бар. Жекенің ауылын Балуанкөлдің қырғызы деп айтады жергілікті халық. О заманда қазақ арасына келіп сіңіп кеткен қырғыздар болса керек. Бекмаханов Кенесары қозғалысы туралы жоғарыда аталған зерттеуінде Жеке батырдың аты ауызға алынған жердің бәрінде оны Орта жүзден, арғын руынан шыққан батыр деп атайды. Әрине, мұнда тұрған бөлендей әбестік жоқ; сүйіндік арғындардың арасына әбден етене боп сіңісіп, солармен бірге өсіп, біте қайнаған ел болған соң, өзін өзгеден бөлектемей, елінен жыраққа жүріп жөн сұрасқанда сүйіндік арғынмын деп айтқан кезі де болған шығар. Небір қилы-қилы кезеңде мәнәйі себеппен қазақ ішіне қоныс аударып, қан-жыны араласып, бірге ел боп кеткен өзге халықтың өкілдері аз ба. Олардың ешбіреуі өзін өзге қазақтан бөлмеген, біреу бөліп жатса, оны намыс көрген.

Жанайдар ауылы мен Жеке батырдың ауылы әуелде бір болыстың, Терісаққан деп аталатын болыстың қол астына қараған да, бертін

келе Терісаққаннан Сартау болысы деген болыс болініп шыққанда, Балуанкөл ауылы Сартауға қарап кеткен. Қазан төңкерісінің алдында сол төңіректегі болыстардың бәрі Ақмоладағы Атбасар үйезінің қамтуына кірген. Жанайдар мен Жеке батырдың жастайынан бірге өсіп, ер жетіп, ес білгенде Кенесарыға сүйіндік елінің жасағын бастап баратыны да бір атыраптың азаматы болғандықтан ғой.

Нәсілі қырғыз болса да қырғыздың Алатауына дейін ат сабылтып алыс жорық сапарын кешіп, Кенесарының ақтық демі біткенше онымен бірге болған, ханына, азаттық жолындағы халық көтерілісіне ақтығына дейін адал болғандардың бірі — осы Жеке батыр. Кекілік деген кезеңде бастарына күн туып, Хан Кене мен Наурызбайдан бірдей айырылып, нар кескендей қылышы тасқа шабылып, көк сүңгілі найзасы көлденеңінен шарт сынған со бір қаралы күндерде қайғы арқалап, амалсыздың тақсыретін тартып, Жеке батыр өзінің ауылдас, үзеңгілес досы Жанайдармен бірге ат басын Арқадағы еліне, жеріне бұрған.

Шуу деп Кенесарыға Жанайдарлар бастап барған сүйіндік елінің қалың жасағының арасында өзгелермен бірге Жанатай, Бектұрған, Өтебай деген үш жігіт болған. Бұлардың үшеуі де Жанайдармен бір әкеден бірге туған ағалы-інілі жігіттер, Орынбай деген кісінің балалары. Жанайдар Кенесарыға қосыларда “сені өзімізден бөлек жібермейміз, не көрсек те Құдайдың басқа салғанын сенімен бірге көреміз” деп, Жанайдардың соңынан ілескен, Кенесарының сарбазы болған. 1838 жылы Ақмола бекінісіне жасаған шабуылда қыпшақ Басығара батыр қаза табатын жолы Жанайдардың інісі Жанатай жау қолынан мерт болған.

Он жылға жуық уақыт еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алған ағайынды үш жігіт, бірі Хан Кененің қол бастаушы батыры, бірі жауға жасауылы, сақшы сарбазы болған үш жігіт — Жанайдар, Бектұрған, Өтебай аяулы бауыры Жанатайы оққа ұшса да, өздері тәуекелдің төлкегіне талай-талай түссе де, он жыл дегенде Ұлытаудағы ата қонысына аман-есен келіп жетіпті.

Елге келсе, Кенесарыға ермей елде қалғандар бұл жақтағы қонысқа иешілік етіп, он жыл бойы бауыр басып қалса керек. Ұлытаудың шығыс жақ өңірін бұрын қоныс еткен Жанайдарға ол жердегі қалың ел — найман ағайын қайтарғысы келмейтін сыңай танытыпты. Көтеріліске қатысқандарды патша әкімшілігі де маңдайынан сипай қоймаған ғой. Кенесарыдан кезінде бойын аулақ ұстаған бағаналы найман Жанайдарға теңдік бере қоймаса керек. Жерін даулап, аяқ жетер жердегі әкімдерді аралап, ештеңе шығара алмасына көміл көзі жеткеннен кейін, тауы шағылып торыққан Жанайдар елінің бас көтерген азаматымен ақыл-кеңес құрып, не де болса патшаның өзіне барып кешірім сұрап, жаздым-жаңылдым демекке қорытыпты.

Кешірімге қолы жеткендей болса, не елімнің жерін қайтартқыз, не жаңадан қоныс бергіз дегенді айтпаққа ниет қылып, тәуекелге бел буып Петерборға сапар шегеді.

Бұлай етпеске Жанайдардың лажы да қалған жоқ еді. Ұлытауға найман ағайын тұрақтатып тұрғызбағанның үстіне сүйіндік елі жайлауының бір шетіндегі Есіл бойын қарауыл Баубек батыр иемденіп, Жанайдар ауылының барар жер, басар тауы қалмай, қонысы мүлдем тарылып, қыспақта қалды. Алайда Петербордан абыройсыз оралмаған Жанайдар келген бойда өзінің жақын ағалары Жолдыбай, Үсен деген ел жақсыларына елге қоныс боларлық жер тандатып, сол өзінің бұрынғы көші-қонының маңайынан Терісаққан өзені бойынан қоныс алады. Бұрын бұл өңір бағаналы найманның жаз жайлайтын жайлауы екен. Со бір кезден ұзақ жылдарға созылған екі ел арасындағы жер дауы Жанайдардың ұлы Мейрам атқа мінгеннен кейін барып бір-ақ тынған деп айтады ел арасында.

Кенесарыға еріп Алатауға дейін барып, Ұлытауға қайта оралған Жанайдардың елі бұл жерге көп тұрақтап тұра алмай, Жанайдар Петербордан келген соң, Терісаққанға қарай жылжып, бір жола осы қонысқа орнаған. Баубек батырдың елі болса, Жанайдардың көші келгеннен кейін, Терісаққанның Есілге құяр сағасына таман ойыстап, со жерге ірге тепкен.

Патша тарапынан кешірім жасалып, еліне, жеріне бостан алған баяғы батыр Жанайдар басына дәулет құсы орнап, қыдыр дарып, бақ қонған бай Жанайдар атанған. Терісаққанда бөлен жыл болыстық құрып, патша өкіметіне қызмет еткен, ел ағасы болған. Байлығы ел ауызында аңызға айналған, парасатты зор ақыл иесі, қара сөзге келгенде алдына жан салмаған шешен Жанайдарды ақын, жыраулар мадақтап атын жырға қосқан. Біржан мен Сараның айтысындағы:

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,

Төңірек жеті дуан ойнағы бар.

Кім жетер Жанайдарға алтайдағы

Алты жүз жас бота мен тайлағы бар, —

деп, байлығын Біржан мақтан қылатын Жанайдар — осы Жанайдар. Айтыстың бетімен жазушы Ілияс Есенберлин жоғарыда аталған тарихи романында Жанайдарды алтай руынан деп түсінген. Асылында, алтай Терісаққан бойындағы сүйіндіктермен көрші, аралас-құралас отырған ел, олардың қонысы бұрынғы Карақойын-Қашырлы болысы, содан әрі Ақмоланың оңтүстік шығысын ала жатқан Мәли, Әулиелі, Қызылкөл деген жерлерде де алтайлар бар. Ал Жанайдардың руы — сүйіндік, сүйіндік ішінде оның төртуыл дейтін бұтағы. Сол атырапты алып жатқан қалың ел — Орта жүз арғын арасында алтайы болсын, басқасы болсын бұл кісіден бөтен, дәл осы кісімен аттас Жанайдар деген батырдың да, даңқы елге жайылған шынжыр қатар

байдың да, ел ағасы болған адамның да аты әзірге естілген емес. Бұл елдегі Жанайдар – біреу. Профессор Бекмаханов оны Орта жүз сүйіндіктен шыққан Кенесарының батыры деп дұрыс та дәл көрсеткен.

* * *

Қасым, оның балалары Саржан, Есенгелді тұсында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының ішінде-ақ шаң берген қазақтардың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалысы қырғыздың Алатауына кеп сәтсіздікке ұшырағаннан кейін, Кенесарыға ерген елдің Арқадағы ата қонысына келіп жеткен соң, орыс патшалығының дегеніне мойын сұнғаннан басқа еш лажы қалған жоқ. Қазақ баяғыша Кенесарыға қосылмай тұрғандағыдай болыс-болыс ел болып оязға бағынып, шар салып болыс сайлайтын, аға сұлтан сайлайтын рәсімге көшті. О кезде жыл сайын күзде Ұлытауда Сарбазар деп атап кеткен мал сататын, қазақтың малынан өнетін өнім – тері-терсек, жүн-жұрқа сататын далалық жәрмеңке өтеді екен. Ұлытау төңірегіндегі он екі болыс бағаналы найман мен сол маңдағы арғын руының һәммесі жыл сайын жәрмеңкеге жиналады екен. Қара Кеңгір өзенінің бойын мекендейтін наймандардың атақты байы, ел ағасы Сандыбайдың Ердені деген кісіні жәрмеңкеде жиын болып аға сұлтан етіп сайлапты.

Жанайдар елі қырғыздың Алатауынан оралғандағы жер дауының әлегінен Ерден мен Жанайдардың арасы дұрыс болмай, бағаналы мен сүйіндік бір-біріне қырғиқабақтау, дұрдараздау болып жүреді екен. Ерденді екі ел бір ауызды болып аға сұлтандыққа сайлағандықтан ба, әлде біз білмейтін өзге де бір сыры бар ма, әйтеуір, Жанайдар мен Ерден бертін келе бірін-бірі тым жақын тартып, дос-жар адамдар болып кеткен. Әсіресе Ерденнің өзі секілді халық билеп, ел ұстаған Бименде деген баласы мен Жанайдардың, оның ұлы Мейрамның арасында үлкен достық болған. Қыз алып, қыз беріп дегендей жекжатыққа, құдандалылыққа көшкен.

Орыс патшасы екінші Александрдың баласы ұлы кінәз Владимир Батыс Сібір өлкесін аралауға сапарға шықпақшы болады. Оның келуіндегі саяси мақсат – қазақ арасын билеп-төстеудің жаңа тәртібі туралы патша заңын құрметтеуге, бұқараны міндетті алым-салық төлеуге, империялық бодандыққа мәңгі бақи бас июге көндіру болатын.

Ұлы кінәздің қазақ даласына келетіні жөніндегі хабарды Батыс Сібір генерал-губернаторы жарты жыл бұрын алып, бүкіл өлкенің болыс-билеріне, дуан басы аға сұлтандарына хат жазып, ұлы кінәздің қыр округіне қарайтын қазақтармен кездесетінін, кездесу кезінде оның қазақтың тұрмысымен, мәдениетімен, өнерімен, ойын-сауығымен танысатынын алдын ала ескертіп, мықты әзірлік жасалуын тапсырады. Аяқ жетер жақын жердегі қазақтың ел

басыларымен ақылдасып, кінәздің келуін той қып өткізетінін, тойдың болатын жері Омбы шаһары төңірегіндегі Ертіс жағасы деп келісілгенін еске салды.

Архив қазынасында сақталған деректерде бес дуанның бас қосатын бұл тойына Атбасар атырабының қазақтарын дуанбасы аға сұлтан Жанайдың Жантөресі, елдің болыс-билері: сүйіндік Орынбайдың Жанайдары, найман Сандыбайдың Ердені ел ағасы болып қалған Бименде деген баласымен, алтай Кішкентайдың Аққошқары секілді басты-басты азаматтар бастап апарады. Тойға Ақмола, Қарқаралы, Атбасар, Баянаула, тіпті Балқаштың солтүстік беткейіндегі елге дейін ағылып барады, жиналған қазақтардың саны үш мыңнан асып, оларға тойға үш мыңдай жылқы, сегіз мыңдай қой айдап келіп, жойқын сойыс жасайды. 10–14 маусым күндері Ертіс жағасында қазақтар ат жарыстырып, балуан күрестіреді, бүркіт, қаршыға, тұйғын, сұңқар сияқты саят құстарын апарып, құс салып, түлкі қақтырады, өзеннің ашық қойнауына шағаладай шаңқан боз үйлерді қаз-қатар самсатып тігіп, қазақтың тұрмысын, материалдық өнерін, әдет-ғұрпын бейнелейтін зор көрме өткізеді.

Патша мұрагерінің салтанатына Жанайдар тарапынан апарылған сый-сияпат, тігілетін киіз үй, қазақ тұрмысын, мәдениетін, өнерін бейнелейтін жабдықтардың бәріне иешілік етіп басқаруды әкесі со кезде жасы жиырмалардан асып, ақыл тоқтатып, ел билеу, ел басқару жұмысына араласып, оязға көмекші болып жүрген сөзге жүйрік, ақыл иесі азамат болған ұлы Мейрамға тапсырады.

Маусымның 13-і күні кінәз қазақтың аға сұлтандарына, ел басқаратын болыс-билеріне арнап оңаша аудиенция өткізіп, оларға шен-шекпен үлестіреді, алтын сағат, асыл тастармен безендірілген зергерлік бұйымдар сыйға тартады. Қабылдау салтанаты кезінде мұрагермен бірге келген Кесслер, Буланже сияқты тәжірибелі фотографтар әр облыстан келген өкілдерді өз жерінің адамдарымен топтап суретке түсіреді. Осы салтанатта Кесслер түсірген қазақтың ресми адамдарының төрт тобының суреті сақталған. Тамаша етіп түсірілген осы төрт фотоның астында суреттегілердің қай облыстың депутациясы екені жазып көрсетілген. Фотодағы сол жақтан санағанда бірінші орында отырған – Орынбайдың Жанайдары, екінші әскери киімді адам – Ақмола дуанының аға сұлтаны Жайықбайдың Ыбырайы, үшіншісі – Сандыбайдың Ердені (бөлкі, со кісінің баласы Бименде болуы да мүмкін), төртіншісі – алтай арғынның биі Кішкентайдың Аққошқары (*Суретті жапсырмадағы 2-суретті қараңыз*).

Ұлы кінәз Владимирдің сахараға келуі туралы деректер мен суреттің тарихы туралы деректерге осы жерде көбірек аялдап отыруымыздың өзіндік бір себептері бар. Бұл жайға әлде де біраз тоқталып өтуге тура келеді.

Академик Әлкей Марғұлан 1970 жылдың 2 қазанында “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған “Жас Абайдың фотобейнесі” дейтін мақаласында патшазаданың келу құрметіне жасалған осы тойда озі түсірген суреттердің ішінен Кесслер үлкен форматты елу суретті тандап алып фотоальбом құрастырғанын, оны “Виды и типы Киргизской степи” деген атпен Омбыдағы әскери басқармаға тапсырғанын айтады. Бұдан жиырма жылдан астам уақыт откеннен кейін Омбыға мұрагер кезінде екінші Николай келеді, бұл жолы да үлкен салтанат жасалып, ашылған көрмеге қойылған Кесслердің фотоальбомындағы баяғы суреттер екінші Николайдың қорына алынып, оның біразы мұрагердің шығыстағы Ресей отарларын аралауға шыққан сапарына арналған “Путешествие государия императора Николая II на Восток в 1890–1891 гг.” (III том, Санкт-Петербург, 1897) дейтін кітапқа енген. Альбомдағы суреттердің бұдан басқа да жарияланған басылымдары бар. Мәселен, біз айтып отырған сурет “Путеводитель по великой Сибирской железной дороге” (Санкт-Петербург, 1900) дейтін кітапта басылған (кітаптың 162-беті), осы суретті көзі шалған Амантай Сатаев бұл сазгер Тәттімбеттің Петерборға 1855 жылы I Николай патшаның азасына барғанда түскен суреті болу керек деп долбарлап, журналға жариялап кеп жіберді (“Жұлдыз”, 1968, № 5). Мұны жазушы Сапарғали Бегалин Тәттекеңнің балаларын, немересін көріп едім, соған бет әлпеті ұқсайды екен деп қостады. Сол сол-ақ екен, елдің бәрі Тәттімбеттің суреті табылды деген дақпыртпен суретті Қазақ энциклопедиясынан бастап, Тәттімбет туралы сөз болған жердің бәріне тықпалайтын болды. Әлкей Марғұлан Кесслердің бұл суретті 1868 жылы түсіргенін, ал ұлы сазгер Тәттімбеттің бұл фәниден 1861 жылы өтіп кеткенін айтып, Тәттімбет емес кісінің суретіне Тәттімбет деп жабысудың қиянат болатынын, сурет Жанайдардікі екенін айтып, екі дүркін мақала жазып еді, оған құлақ асқан пенде болған жоқ. Осы әңгіменің төрелігін айтуды оқушының өз құзырына қалдырып, енді бұл орайда академик Марғұлан айтқан сөзде қисын бар ма екен, сол кісінің “Жұлдыз” журналының 1982 жылғы сәуірдегі № 4 санында жарияланған мақаласына жүгініп көрейік. Тәттімбет “... 1813 жылы туып, 1861 жылы қайтыс болған. ...Сапарғали Бегалиннің, Амантай Сатаевтың Атбасардың Жанайдарын Тәттімбет деп жүруі – дәлелсіз айтқан сөз. Ибрагим Жайықбаевпен еш уақытта бірге фотоға түскен емес. Тәттімбеттің кезінде фото Сібір өлкесінде жаңа шыға бастаған, ол фотоға түсіп үлгерген жоқ. Жанайдар, Бименде, Ибрагим, Аққошқар төртеуі 1868 жылы қазақ ауылына кінәз Владимир келгенде Петербург университетінің ректоры К.Ф.Кесслер түсірген. Ол кезде Тәттімбет қайтыс болған” (журналдың 197-беті).

Егер Тәттекеңнің фотосуреті шын табылып жатса, оған ел де қуанар еді, біз де қуанар едік. Құр осылай болса игі еді деген жақсы ниетпен өзге біреудің суретіне жіп таға салу – тарихқа көрінеу қиянат болады,

әрі мұндай іс қылғанымыз құқықтық жағынан да томпақтау. Өйткені басы саудаға салынып келген осы суреттегі төрт адамның төртеуі де бүкіл Ұлытау, Есіл, Сарысу өңіріне аты мәлім атақты адамдар, ел ағасы, біреуі байы, біреуі батыры, бірі би, бірі болыс, енді бірі аға сұлтан деген сияқты даңқы алысқа кеткен ығи ығай мен сығайлар, үзеңгі қатар тұрғылас, сыйлас, баталас кісілер. Қазір бұлардың әрқайсысынан ақар-шақар үдіреп өскен ұрпақ бар, олар өз атасының суретін өзгеге қи дегенге, сірә де, келісе қоймас. Айталық, Сатаевтың Жанайдардың суретін былай қойғанда осындағы төрт адамның біреуі Жайықбайдың Ыбырайын Шыңғыс Уәлиханов деген жеріне тіпті де келісуге болмайды, неге десеніз жоғарыдағы “Путеводитель...” деген кітапта Шыңғыс Уәлихановтың Омбыдағы осы 1868 жылғы салтанатта жеке түскен суреті жоғарыдағы төрт кісінің суретімен қатар берілген (кітаптің 167-беті). Суреттегі әскери киінген екі кісінің түрін салыстырып көрген адам бұлардың әрқайсысының әр басқа адам екенін оңай ажыратады. Бұлардың киімінде де, эполетінде де, омырауына таққан тағымдарында да айырма бар. Мәселен, Шыңғыстың медалі – біреу, Ыбырайдікі – үшеу. Ал жеке түскен суреттің астына “Типы киргизь Акмолинской области. Султаны Валихановъ” деп жазылған. Бұл араға шүбә келтірудің қисыны, сірә, келе қояр ма екен.

Алатаудан Арқаға жетіп, одан Петербор барып, патшадан кешірім алып, Терісаққан бойындағы Шеңбер деген түгін тартса майы шыққан киелі қонысқа ауыл-аймақ, бала-шаға, бау-шарбағымен әбден орнағаннан кейін Жанайдар ел билеу жұмысына араласып, талай жыл болыстық құрған. Біржан сал жырға қосқандағыдай байлығы, мыңғырған малы, жүйрігі мен жорғасы, тұрмыс салтанаты ел-жұрттың аузында аңызға айналған. Өз басы – турашыл, елінің тентегі мен телісін тыйсам, халқыма әділет орнатсам деген адам екен. “Баласы Орынбайдың Жанайдар-ды, Адаққан жөнге салған талайларды”, – деп келетін өлең жолдарының өзі-ақ Жанайдардың кім болғандығынан жақсы хабардар етсе керек.

Өз тұрғыластарының көбімен салыстырғанда Жанайдар прогреске, жаңалыққа бейім адам болған. Жақын-жуық ағайыны, үй іші, отбасымен Кенесарының соңынан еріп, Ұлытаудан Алатауға дейін ауа көшіп, ұрыс салып жорықта жүрген заманда, аттың жалы, түйенің қомында жүрген заманда дүниеге келген жалғыз ұлы Мейрамды мұсылман оқуымен қатар, Омбыдағы орыс оқуына да жастайынан берген. Орысша сауатының арқасында он сегіз жасында Мейрам Атбасардағы ояздың көмекшісі болып, елі оны “жарты патша” атандырған.

Болыстықты кейін баласына беріп, жасы елулерден едәуір асып, алпысты алқымдап, ел ағасы болған шақта Жанайдар қажы барып,

ажал жетіп, топырағы қасиетті жер – Мекке-Мәдинадан бұйырған екен деп айтады, мұны ертеде естіп, есінде сақтаған сол елдің көне көз қариялары. Шамамен алғанда, бұл 1870 жылдардың бас кезіне келеді. Осы есеп жобаға келетін сияқты, өйткені сол елдегі жасы жүзден асып, 1970 жылдардың басында қайтыс болған бәсентіін Ермекбай деген ақсақал “Жанайдар Меккеге сапар шеккенде мен бес жасар бала екем” – деп айтып отырғанын өз аузынан естігенім бар. Жанайдардың, Наурызбайдан үш-төрт жастай үлкендігі болған, сонда туған уақытын 1818–1819 жылдар деп түспалдауға негіз бар.

Өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдарындағы казак халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, ұйымдастырушысы Хан Кене туралы, оның серіктестері, батырлары туралы ел арасына тараған өлең-жыр да, аңыз-өңгіме де аса көп. Осындағы сөз болып отырған Жанайдар батырдың атына байланысты да, сондай-ақ жоғарыда тиіп-қашып болса да ауызға алынған Жеке батырдың атына байланысты да халық аузында сақталған біраз өңгіме бар. Бірақ олардың көбі уақыт озған сайын, оны білетін, айтып отыратын ескілікті адамдардың азаюына байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған. Алайда ыждағат етіп жинастырса, әлде де біраз нәрселерді табуға болатыны сөзсіз. Біздің құлағымыз шалған, өзіміз хат бетіне түсіріп алған бірлі-жарым өңгіме, өлең, жыр шумақтары жоқ емес. Әрине, естіп-білгендеріміздің, бәрін бұл жерде тізбелеп айтып жатудың орайы келмейді. Ұмыт болу деген өз алдына, жалпы, Кенесары қозғалысы хақында жөн сөз қозғауға, ол туралы шындықты ауызға алуға мықтап тыйым салынғаны мәлім. Кенесары есімін ел жадьнан мүлдем өшіруді көздейтін саясат белең алып тұрған тұста, байтал түгіл, бас қайғы деп, елдің Кенесарыдан бойын аулақ салуын ұғынуға болады.

Патша заманында қанша қыспаққа алынса да Кенесары есімі дәл үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарындағыдай сұрапыл сүргінге тап болған емес. Тіптен Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған сонау жиырмамыншы жылдардың өзінде Кенесары, Наурызбайдың қаза тапқанына жетпіс бес жыл толуына арнап Ақмола қаласының солтүстік жағындағы Қараменді батырдың бейіті тұрған жерде ас беріліп, ат шаптырылып үлкен жиын өткізіліпті. Кенесарының өзінің, оның қолбасшы батырлары Наурызбайдың, Ағыбайдың, Жанайдардың, Жеке батыр, Бұғыбайдың, Басығараның аттары дүркін-дүркін ауызға алынып, олардың аруағына дұға оқылыпты. Ел үлкен жұртшылығын жасап, Ақмоланың Базарная деп аталатын көшесін Кенесары-Наурызбай көшесі деп атапты. Бұл көшенің қазіргі аты Карл Маркс көрінеді. Сол кездегі көзі ашық қазақ зиялыларының ықпалымен жасалған бұл құрметтің аяғы бертін келе сиырқұйымшақтап барып, елуінші жылдардың басындағы идеологиялық жойқын науқанға ұласқанына қазіргі орта жастағылардың көбі куәсі болды.

Пәленің басы 1950 жылғы 26 желтоқсанда “Правда” газетінде жарияланған “За марксистко-ленинское освещение вопросов истории Казахстана” деген мақаладан басталды. Мақала Кенесары қозғалысын реакциялық қозғалыс деп жариялады. Кенесарыны хандық монархиялық құрылысты, феодализмді көксеуші, қара басының қамын ойлаған бүлікші етіп көрсетті. Ресей патшалығының Қазақстанды отарлауы бұл елге прогресс әкелген құбылыс деп дәріптеліп, басынан-аяғына дейін аппақ етіп ақталынды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті болса, партияның орталық органы “Правда” мақаласында айтылғанның бәрін өзінің миына сіңген құлдық психологиясымен құптап, 1951 жылдың 19 сәуірінде қаулы алды. Сол сол-ақ екен, Кенесарының атына арнап кезінде бір ауыз жақсы сөз айтып қалған адам болса, олардың бәрі қуғындалды. Кенесары бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының ірі білгірі осы қозғалысты егжей-тегжейіне дейін зерттеген белгілі қазақ оқымыстысы Бекмахановпен бірге бір топ қазақ зиялыларының өкілдері репрессияға ұшырап, түрмеге қамалды. Түрмесіз де қуғын-сүргінге түсіп, жаза алғандардың саны көп болды. Айқайдың ығына көшіп, бойын үрей билегендер де қазақ арасынан аз табылған жоқ. Кенесарыны бірінен-бірі асырып жамандап жатты.

Брежневтің “Тың” деген естелігінде “Қазақстанға мен келген кез — Кенесары деген әлдебіреудің төңірегіндегі айтыстың қызу жүріп жатқан кезі болатын еді” деп, Кенесарыға тақымы толмай, оны “әлдебіреуге” (“некий” Кенесары) теңеп, тәкаппарлана жазғанын оқығанымыз бар. Кенесарыны менсінбей, бұлайша кемсіте айтқан сөз 50 жылдарда Қазақстанды басқарған, кейін КОКП-ның бас секретары болып бүкіл КСРО-ны билеген адамның аузынан шыққан сөз болатын. Кенесарының, ол бастаған халық қозғалысының компартия үшін, оның басшысы үшін қадір-қасиеті қаншалықты болғаны осыдан-ақ айқын көрінсе керек.

Орыс патшасының қазақ елін Орта Азия хандықтарын басыбайлы өз отарына айналдырған империялық құлқыны мен қылығын өмір бойы қызғыштай қорғап, Қазақстанды Ресейге өз еркімен қосылған ел етіп көрсетіп келген большевиктердің империяшыл зымиян саясаты Кенесары жөнінде бір ауыз жөн сөз айтуға ырық бермей, кейінгі қырық жыл бойы жұрттың жұмған аузын аштырған жоқ. Кенесары қозғалысына қатысы бар деген кейіпкерлердің һәммасының, аты келешек ұрпақтың санасында мүлдем із түгіл, елес қалмастай етіліп тарих бетінен өшірілді. Дәл осы Кенесары қозғалысын қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы деп танып, оған әділ баға бергені үшін 1943 жылы жарық көрген “Қазақ ССР-ның тарихы” деген кітап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жоғарыдағы аты шулы қаулысынан кейін тамтығы қалмай өртеліп кетті.

Қазақстан тарихының осы нұсқасында сүйіндік Жанайдар батырдың аты Орта жүз қазақтарын 1838 жылдың бас кезінде-ақ көтерілісшілерге бастап барған Кенесарының шұбыртпалы Ағыбай, атығай Аңғал, қыпшақ Басығара батырлары тәрізді ірі қолбастаушыларының қатарында аталады. Осы тарихта шұбыртпалы Ағыбай, сүйіндік Жанайдар, қыпшақ Иман, табын Жоламан, дулат Бұғыбай, дулат Саурық, атығай Аңғал, қыпшақ Басығара батырлар Кенесарының ең сенімді серіктері еді деп көрсетілген еді. Бүкіл қазаққа аты мәшһүр ұлт-азаттық қозғалысының асқан батырларымен қатар аталып, есімі солармен бірге жүруі – Жанайдардың әскери қайраткерлігіне, ерен ерлігіне, халық қозғалысына, қозғалыстың көсемі Кенесарыға деген адалдығына берілген аса жоғары баға.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының тарихы кітап сөрелерінен ысырылуына байланысты бұл күнде аты өзі сияқты өзге де үзеңгілес тұрғыластарымен қоса ұмыт бола бастаған Жанайдар батыр тұлғасы – халқымыз қадір тұтып, қастерлеуге тұрарлық аяулы да абзал тұлғалардың бірі.

Хан Кененің соңында еріп, шыбын жанын шүберекке түйе жүріп он жыл бойы қазағының азаттығы үшін ерен ерлікпен ереуіл күн кешкен еңсегей батырдың есіміне ілтипат білдіріп, аруағына тағзым ету – ұрпақ парызы.

“Дала уалаятындағы” дастан*

Қадымша жазбамызда өткен ғасырда Омбы шаһарында шығып тұрған “Дала уалаяты газетінің” 1895 жылғы 41 санындағы Мейрам Жанайдарұлының “Мың бір түннің хикаясы” деп аталған жыр дастаны көзі ашық қазақ қауымын елең еткізген елеулі мәдени жоралғы болды. Газет әдейі бет арнап, ұзақ жырды тоғыз нөмірінде толассыз жариялап, өзінің елуінші нөміріне әкеп бір-ақ тіреді. Жеке автордың жазба ақынның қолынан туған эпостық сарындағы мұндай күрделі де көлемді жыр сол ғасырдың соңғы ширегі үшін жазба дәстүрлі әдебиетіміздің іргелі шығармалары екеу болса, соның бірі де, біреу болса, өзі еді. Қазаннан басылып шыққан бірді-екілі эпостардан тыс авторы белгілі бұл секілді ірі, өзекті туындының баспа жүзінде жариялануы – өз дәуірінің зор мәдени, әдеби жаңалығы болғаны сөзсіз.

Мұсылман әлеміне араб мәдениеті әкелген ғажайып жиһаздардың бірі – “Мың бір түн”. Басқаны былай қойғанда Еуропаға дейін тарап кеткен қара сөзбен жазылған осы бір теңдесі жоқ шығарманың

* Мақала “Жас Алаш” газетінде (3.02.1994) жарияланған.

қазақ елінің ой-парасатына, эстетикалық түсінік-түйсігіне пәрменді ықпалы болғаны, ондағы сан қилы сюжет, уақиға желісін өзіне арқау еткен не тамаша жыр-дастандар, поэмалар тудырғаны мәлім. Мейрам Жанайдарұлының қолынан туып, газетте жарық көрген “хикая” – қазақ арасында дүниеге келген осындай жыр үлгілерінің көркемдік шоқтығы биіктерінің бірі деуімізге әбден болады. “Дала уалаятында” басылған әдеби шығарма атаулының көлемі ең қомақтысы осы жыр.

Ақын “Мың бір түннің” шүү деп басталар тұсындағы екі жас патшаның басынан кешкенін баяндайтын қызықты уақиға желісін алып, оны поэзия тілімен эпостық сарында жыр етеді.

*Ойлайды өзін-өзі кім жаман деп,
Біледі өз басы сау жұрт аман деп.
Шарияр үлкен ұлы бұл патшаның
Кішісін айтады екен
Шаһзаман, –*

деп келіп, тыңдаушы назарын уақиғаның басты кейіпкеріне бірден аударып, баянсыз, тұрлауы жоқ дүниеден түңіліп, диуаналық күн кешіп, қаңғырып кеткен қам көңіл екі жас жігіттің жаһан кезіп жүріп, әр тараптан не көріп, не естіп, көңіліне солардан не түйгенін тартымды, шебер тілмен кестелейді. Жұмыр басты әр пендеге кезігер не ауыр қиын-қыстау, қайғы-қасірет – осының бәрін оқушысының көз алдынан өткізіп, оларды көңілге түрлі ой салар ақыл-кеңес, философиялық тағылым – сыр түрінде жырмен толғайды ақын.

Қара сөзді өлеңмен өрнектеп жыр еткен ақын уақиғаның ұзын-ырғасын қаз-қалпында баяндау дегенге аяғынан жіпсіз тұсалмай, қаламын еркінірек сілтеп, ертегідегі көп эпизодты өз тарапынан жырлаған.

Өлеңді жазып шығарған мұсылманша сауаты терең адам болғанымен, Мейрамның жазба әдебиетімізге орта ғасырлардан егіздің сыңарындай қол ұстаса, селбесе еріп келе жатқан көңілі шағатай дәстүріне де, сондай-ақ ХІХ ғасырда Қазан баспаларында жарық көрген өлең-жырлардағы татар элементімен шұбарланған кітаби дәстүрге де бой алдырмаған, қазақтың халық тілін қаймағын бұзбастан қолдануды нысана тұтқан ақын екені жыр тілінен айқын көрінеді.

Халық тілінің тұнығын сол күйінде, табиғи күйінде берген көлемді жырдың бойынан “Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы – білімсіз ол ақынның бейшарасы” деп Абай қойған биік талаптан ауытқыған бір де бір жолды көре алмаймыз. Жыр мойнының өз тұрғыластарынан озық тұрған бір кереметі осы.

Тілге бөгде қылау жұқтырмау бар да, оны сөз патшасы – өлең, жыр етіп ұстарту бар ғой. Жырдағы тақ Сүлеймен пайғамбардың батасымен жануардың тілін үйренген бір кісінің есегі мен өгізі туралы

әңгімеде михнаты көп ауыр жұмыстан құтылудың айла-шарғысын қылып, қосқа шықпай өтірік ауырып жатқан өгіздің қиямпырыс қылығын біліп қойған қожасы “пайдасыз мал, өгіздімді дәруішке сойып беремін” деген жария қауесет таратады. Осы суық хабарды есек досынан естіген өгіз “дертінен” табан астында айығады. Қожасы қасына келген бойда кенет құбылған өгіздің психологиясын, мінез-құлық, қимылын ақын:

*Келсе, өгіз отын оттап, суын ішкен,
Өкіріп ойын салып көңілі өскен,
Құйрығын шаншып алыл ойнақ салып,
Білдіріп дерті жоғын көзге түскен, —*

деп бейнелі суретпен қисындап, аяққа құйған астай етіп, бәрін бір шумақ өлеңнің аясына сыйғызады.

Түу баста шығыс жұртынан алынып о замандарда-ақ аңыз, әңгіме, ертегі түрінде қазақ сахарасының қиыры мен түкпірін аралап, халқымыздың санасынан мықтап орын тепкен сюжеті небір шытырман оқиғаларға толы қисса аталатын жыршылық қисса аталатын жыршылық өнердің асыл қазынасы бар. Сюжеті бөгде жұрттардан алынғанымен, қиссалар қазақ топырағында қайта түлеп, халқымыздың фольклор жанрының өрен үлгілерімен жымдасып, мұсылманша хат білетін жазба ақындарымыздың жыршылық, эстетикалық елегіннен қайта сүзіліп сұрыпталып, әдебиетіміздің нағыз төл туындысына айналған “Шаһнаманы”, “Мың бір түннің” сала-сала ертегілерін бас-басына жыр ету.

— Орта ғасырларда өмір сүрген парсы, түркі тілдерінде қалам тебіrentкен поэзия алыптары мирас тұтқан дәстүр болған ғой. Араб ертегісі “Ләйлі-Мәжнүнді” Низами, Жәми, Науаи, Физули сынды шығыс классиктерінің талайы жырлаған. Мұның өзін Мұхтар Әуезов осы ақындардың жыршылық құдіретін танытатын шеберлік жарысы, өнер сайысы деп атаған. Мұндай тақырыпты жырлаудан Абай да құралақан емес (“Масғұт”, “Ескендір” поэмаларын еске алыңыз). Мейрамның әңгіме болып отырған хикаясы да осы жанрдың еңселі туындыларының бірі, сүйіспеншілікті, жарға адалдықты, ізгілік жайын уағыздайтын эпостық диапазондағы күрделі шығарма. Мұнда автор табиғат суретін кейіпкерінің көңіл-күйіне ұластыратын сыршылдық шегіністерге де кейде ырық беріп, қисса жанарында ежелден қалыптасқан үрдістен өзгеше бір жаңалық леп танытады.

Жырдан:

*Дариядан тарау-тарау аққан бұлақ,
Жағалай желкілдеген шыққан құрақ, —*

деген секілді қисса жанрында бұрын-сонды көзге шалына бермейтін табиғат бейнесі секілді ерекше бір сонылықты сеземіз.

Автордың кейіпкерлерін әңгімеге алма-кезек тартып, диалог тәсілімен көбірек әуестенуі де өз кезіндегі мұндай жанр үшін тың нәрсе. Бұдан басқа ыңғайда да автор жырда қиссаға тән көнігі өлшемдерден оза шауып, жазба поэзиядағы жаңашыл нысандарға еркін ойыстап, жиі-жиі оралады. Осы тұрғыдан алғанда “Хикая” халық жырларынан гөрі поэзия өнерінің қазіргі деңгейіндегі эпостық дәстүрге анағұрлым тете тұр. Бұрынғы жырлардан көп көріне қоймайтын батыс жұртына, орысқа тән деген бірлі-жарым сөздердің жырдың кей тұсынан оқта-текте жылт етіп көрініп қалатын ыңғайынан да біз автор қаламының жаңаны машықтауға бейім екенін көміл аңғарамыз.

Мейрам Жанайдарұлы (1844–1921) бұрынғы Ақмола облысы, Атбасар уезіндегі (қазіргі Жезқазғанның Ұлытау ауданы) Терісаққан болысында туып-өскен, орысша сауатының арқасында жас күнінде Атбасардағы ояздың комекшісі деген қызмет атқарып, кейін болыс болып ұзақ жыл ел билеп, дәулетті кісі болған. Кейіннен қартайған кезінде болыстықты қойып, Меккеге барып Мейрам қажы атанған. Мейрам, оның әкесі Кенесарының батыры Жанайдар — сол өңірдегі барша қазақ қауымына аты мәлім, бүкіл ел сыйлап қадір-құрмет тұтқан адамдар.

Ақындық — Мейрам бойына біткен қасиеттің бір ғана қыры. Ел үшін еткен еңбегін салмақтар болсақ, таразының ауыр да еселі бір басының ол кісінің қазақ елінің атадан балаға мирас болып жалғасқан бай материалдық өнеріне деген зерделі зейінінде, ілтипатында жатқанын айқын сеземіз.

Сөздің төрелігіне жүгінсек, Мейрам — қазақ киіз үйінің құрылысына, киім-кешек, үй жиһазына, ат әбзел, ер-тұрманына, зергерлік бұйымдарына жаңалық енгізіп, оларды безендіруге ынта-жігерін, білімін аямай жұмсап, қара орман мал-мүлкін сол үшін саналы түрде шашқан адам. Зергер, ағаштан түйін түйген шебер, оюшы, өрімші, кілемші, кестеші сынды не тамаша алтын саусақ өнерпазды ел ішінен тауып алып, оларға бұрынғының дәстүрімен, сондай-ақ өз тарапынан жаңаша талап қойып, асыл тастармен нақышталып, алтын-күмістен сомдалған зергерлік заттар, қымбат-қымбат ыдыс-аяқ, ер-тұрман, жүген-құйысқан, ұлттық киім-кешек, бедерлі оймышты үй жиһаз, пәуеске, күйме шана, көсем салатын, парлап жегетін ат әбзел, тіптен бұзаутіс қамшы мен ит жүгіртіп, құс салатын құрал-сайманға дейін, тағысын тағы қисапсыз мол дүние жасатқан. Киіз үйге керегенің бойымен жылжитын сырғымалы терезелер орнаттырған.

Өз әкесі Жанайдар батырдың бес қаруынан бастап о заманғы ел қорғаған ерлердің киген темір сауыты, дульғасы, көк сүнгілі найзасы, білтелі мылтығы, қынабы мен қылышы, айбалта, асай-мұсайына дейін Мейрам қастерлеп ұстап, атаның мұрасы, ұрпағының мандайы-

на тәу етер тұмары есебінде балаларына мирас қалдырған. Бұл істе Мейрам өзінің алдына айқын мақсат қойған — ол қазақтың материалдық өнерінің кемелдігін, оның озық үлгілерін әлем жұртшылығына насихаттау, таныстыру, осы арқылы қазақ халқының адамзат мәдениетінің тарихында лайықты өз орны, өз үлесі бар дегенді айту, бұған күдік келтірушілердің көзін осыған жеткізу. Бұл кісінің көкейіндегі ойы, ұстанған негізгі платформасы — осы.

Айтып отырған ойымыздың ақиқатқа жанасымдылығы қаншалық екеніне көз жеткізу үшін сол кездегі кітаптарда, газет-журналдарда хат бетіне түсіп, жария етілген мына бір деректерге назар аударудың орайы бар.

Орыс патшасы, оның тағының мұрагерлері қол астындағы елдердің патшалыққа деген ықылас-пиғылынан, қас-қабағынан мағлұматты болып отыруды көздеп, бір жағынан өзіне мойынсұнған жұрттың көңілін аулағансып, ара-тұра болса да зауқы соққан сәттерде қазақ даласын аралап қоюды естен шығармаған. Сахараны көріп қайтуға келген патшаның әр мұрагердің құрметіне арнап жергілікті патша әкімшілігі қазақ тұрмысының салтанатын, әдет-ғұрпын, тіршілік ахуалын бейнелейтін ірі-ірі көрмелер ұйымдастырып, ат шаптырып, балуан күрестіріп ұланасыр той жасаған. 1868 жылы ұлы кінәз Владимир Омбы шаһарына келгенде ашылған зор көрмеге Мейрамның әкесі Жанайдар апарып тіккен терезелі киіз үй туралы хабарды “Современная летопись” журналының сол жылғы 24-санынан оқимыз. Шығыста зерттеушілердің 1876 жылы Петірборда өткен үшінші конгресіне бұл үй екінші рет тігіліп, мамандар тарапынан жоғары бағаға ие болған (Ақселеу Сейдімбеков. Күңгір-күңгір күмбездер, 1981, 189-б.). Екінші Николай мұрагер кезінде де (1890), патша тағына отырғаннан кейін де (1913) қазақ жерінің солтүстігін, Сібірді аралап қайтуға Омбыға келіп, мұнда да екі дүркін үлкен көрме өткізілген. Мейрамның тағы бір терезелі киіз үйі, қазақ өнерін, тұрмысын бейнелейтін асыл мүлік, киім-кешек, ер-тұрман, ата мұра — Жанайдар батырдың жоғарыда аталған бес қаруы осы екі көрменің екеуіне де қойылып, білікті сарапшылардың назарына іліккен. 1890 жылғы көрмеге тігілген үй мен оның ішінің қалай жасақталғаны, қалай безендірілгені жөнінде “Дала уалаятының газеті” өзінің 1891 жылғы 49-санында былай деп жазды (газеттің өзінде жазылғанды редакцияламай береміз): “ұлы орыс ағзам хазретлері (екінші Николайды айтып отыр — С.О.) Атбасар тіккен үйдің ішіне қойылған еді: бұрынғы уақыттағы қазақтардың киім-кешектері, қару-жарақтарыменен һәм үш кішкене қазақ үйлерінің моделі (яғни кішкене үйдей қылып киізден істеген кереге, уық, бар жарағы түгел) соның ішінде тұрған еді: батырлардың темір сауыттары, темір белбеуімен, басына киетін қалқаныменен, сауыт-найзасыменен,

бұрынғы уақыттың қылышы, садағы оғыменен, бұрынғының ер-тоқымы қымбатты барша жабдықтарыменен һәм бұрынғының киізден қалған қалпағы, кеселері һәм ғайри нәрселеріменен. Аса таңсық болып көрінген нәрсе – бұрынғы уақыттағы ескі қазақтың нәрселері – сусар ішік, баршадан қылған белбеу, тас орнатып безеген қылыш” (“Дала уалаятының газеті”, 1892, 7 саны).

Көрмеге қойылған Мейрамның осы үйінің салтанаты туралы 1897 жылы Петерборда басылып шыққан “Путешествие государя императора Николая II на Восток” дейтін кітапта да орыс этнографтары сұқтана, таңырқай жазған болатын. Бұдан көп бұрын Мәскеу университетінің 1867 жылғы көрмесіне де Мейрам терезелі киіз үй жіберген. Осы көрмелердің бәрінде елдің қатты таңсық қылған нәрселері – әсіресе Мейрамның қазақ шеберінің қолынан шыққан былғары жорғағы (қаттау шапан), гауһар, лағыл тастармен, маржанмен, меруертпен әшекейлеген келіншектің сәукелесі, ерлердің алтындаған зер тақиясы (Марғұлан А. Х. Казахское народное прикладное искусство, 1986, 112-118-беттер). Осы кітабында академик Марғұлан Мейрамның алтын ер-тұрманы мен күміс ер-тұрманының ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Ресейде, Қазақстан, Сібір жерінде болған ірі көрмелердің ғажайып экспонаттары деп танылып, талай елді таңдай қақтырып, тамсандырғанын айтады (кітаптың 168-беті).

Романов әулетінің үш жүз жылдығына арналып 1913 жылы Омбыда өткізілген көрмеге Мейрамның терезелі киіз үйін оның болыс баласы Омарбек апарып тіккен. Бұл үйдің ішінен, сыртынан ортада малдас құра отырған Омарбекті қамти түсірген фотосуреті “Атбасарский уезд юрта Мейрама” деген тасқа басылған жазуымен Қазақстанның Орталық тарихи музейінде күні қазір сақтаулы тұр. Мейрамның қазақтың сәулет өнерін дамытудағы еңбегі – өз алдына бір төбе. Ол кісі шаһарлы жерден жырақтағы иен дала жазирада күйдірген кірпіштен Еуропа тәртібімен екі қабат үй салдырған. Терісаққан бойында Мейрамның үш қызыл үйі болған. Бауыры ракеталарды сынайтын полигонға айналып, халқы ит арқасы қияндағы оты-суы тапшы қонысқа тап болған сонау 1955 жылға дейін бірі мектеп, бірі кеңшар кеңсесі болып тұрған бұл өңірдегі Мейрамның қызыл үйлерінің де, ол кісінің басындағы екі бөлмелі күмбезді бейітінің де ширек ғасыр бойы отын алаулатып қарша бораған ракеталар тамтығын қалдырмай жермен жексен еткен.

Мейрам – жүйрік ат, алғыр қыран, құмай тазы ұстауды да машықтаған адам. Әсіресе қазақ жылқысының тұқымын асылдандыруға қатты күш салған. Жылқысына ағылшын, түрікпен тұқымды айғыр салып, одан өрбіген арғымақтың қос үйірі Мейрам баласы Омарбек болысты кеңес өкіметі 1928 жылы кәмпескелегенде, ұстағанның қолында, айдағанның жолында кеткен.

“Дала уалаяты газеті” (1892, № 1) мен жоғарыда аталған “Путешествие... Николая II...” деген кітапты (184-бетінде) патша келгенде 1890 жылы Ертіс жағасында өткізілген салтанатта Мейрамның қос қара аты екеуі бірдей бөйгеден келіп, бірінші бөйгеге патша өз қолынан өзінің қолтаңбасы жазылған шынжыр баулы қос қақпақты алтын сағат, үшінші бөйгеге сом күмістен сомдалған ыдыс тапсырғаны туралы хабар берілген. Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде 1893 жылдан сақталған бір ресми құжатта Атбасар үйезінің қазағы Мейрам Жанайдарұлының жергілікті жылқы тұқымын асылдандырғаны үшін Батыс Сібір әскери генерал губернаторының жүлдесіне сегіз рет ие болғаны айтылады. Жүлделердің ішінде күміс сағат, алтын жүзік, екі зер шапан, төрт құрмет дипломы бары деректе бас-басына атап көрсетілген (ҚР Мем. архивы, 64-қор, 1-қаттау. 823-іс, 49–50 б.).

Амал нешік, бір мұртына дақ түсірместен сан жыл бойы Мейрам ұрпағы мәпелеп ұстап, дәріп тұтқан, талай халықаралық көрмелердің төрінен орын алып, ешкімге жүлде бермеген қазақ өнері кемелдігінің куәсындай осыншалық мұра, асыл қазына байларды тап ретінде жойған, мал-мүлік кәмпескелеп тартып алып, елінен аластаған заманда қасқағымның арасында көрген түстей ғайыптан тайып болған. Әрине, патша заманында осы заттардан Ресейдің үлкен музейлеріне алынғандары да болған. Мәселен, академик Марғұлан жоғарыдағы кітабында Омбыға Ұлы кінәз Владимир келгенде (1868) тігілген Мейрамның киіз үйінің 1876 Петербордағы дүниежүзі шығыстанушыларының 3-конгресіне көрмеге жіберілгені, оның КСРО халықтарының этнография музейінде қазір де сақтаулы тұрғаны айтылады (кітаптың 95-беті). Сондай-ақ осы кітаптың 112–113-беттерінде конгреске Мейрам Жанайдаров, Жарқынбай Бекин, Уәлиханов жіберген асыл киім-кешектердің кейбіреулерінің Эрмитажда сақталып қалғаны туралы дерек бар. Мұндай нәрселердің көбінің “пролетариат мәдениетін жасаймыз” деген даңғаза ұранның, келеңсіздіктің құрбаны болғаны белгілі. Дегенмен мұқият тексеріп қараса, ол заттардың табылуы да ықтимал.

Халық мәдениетінің, өнер-білімінің өркен жаюы үшін Мейрам көкейіне түйген ой да, сыр да көп. Қазақ этносының ғылыми тарихын жасауға қажетті деректің біразы шежіреде жинақталғанын бұл кісі елдің көбінен ерте түсінген. Шежірені жинап, жүйеге салып, кітап етіп бастырып шығару туралы мәселе көтеріп, “Айқап” журналына мақала жариялаған (1912, № 1). Балаларын мұсылманшылықпен қатар шаһарлы жердегі орыс оқуына беруді де ол кісі қаперінен тыс қалдырмапты. Балаларының бірі – Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров Петербор университетінің заң факультетін 1913 жылы тәмамдап (Мұстафа Шоқаев, Керенскийлер де сол тұста оқыған болу керек),

ірі қоғамдық істерге араласқан Алашорда өкіметінің белсенді қайраткерлерінің бірі болған, 1917 жылдың желтоқсанында Орынборда өткен бүкілқазақ съезінде алашорда басшылығының құрамына сайланған. Білікті заңгер ретінде 1929 жылға дейін Қазақстан банкі мен қаржы комиссариатын басқарған.

Жазба дәстүрдің ақыны болғанымен, өлең шығарумен өуестеніп жүрген жасырақ уақытында Мейрамның ел ішіндегі ақындармен айтысқан кезі де болған. Мәшһүр Жүсіппен хат жазысып айтысқан. Бұл кісі мен Мейрам екеуі сыйлас, қадірлес адамдар болған. Жүсекең:

Ақылды адамда күлкі де жоқ, ашу да жоқ,

Кемдік көріп, тарығып сасу да жоқ.

Басына бақ тауындай бақыт қонса,

Шалқасынан шалқайып тасу да жоқ –

деп өлең арнап, Мейрам парасаттылығын аса жоғары бағалаған Мәшһүр Жүсіп. 30-жылдарда Талжанов, Орманов сынды әдебиетшілер ел аузынан жинаған Мейрамның біраз өлеңдері Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы. Мұның ішінде ақынның “Үш дос” дейтін поэмасы және Мүслима қызбен айтысы бар.

Бай десе, батыр десе, болыс болған, қажы барған десе төбе шашымыз тік тұрып, маңайынан ат-тонымызды ала қашатын кешегі заманда, қазақ елінің тарихын Қазан төңкерісінен бастауға сәл-ақ қалған заманда аты ауызға алынбай ел жадынан өше бастаған есімдердің бірі – осы Мейрам есімі. Ал әділдікке бақсақ, бір заманда бір тайпа елді билеген, халқының есті азаматы, ақылгөй ағасы, бойына біткен қайратын, білімін, дәулетін, туған жұртының рухани кемелдігін өзгеге танытуға сарп еткен парасат иесі, ақындық дарын иесі Мейрам есімі – аялауға, қадір тұтып қастерлеуге тұрарлық есімдердің бірі.

“Алаш” шаңырағын бірге көтеріскен*

1917 жылы ақпанда буржуазиялық орыс революциясы жеңіске жетіп, Ресейде Уақытша үкімет орнағаны мәлім. Бұл орыс империясының Германиямен қиян-кескі соғыс жүргізіп жатқан бір аласапыран кезі еді. Сол 1917 жылдың 15 наурызында майдан шебіне жақын жердегі Минск шаһарынан қазақ ұлтының оқыған азаматтарына арнап он бес қазақ зиялысы қол қойған үндеу телеграмма жолданды. Телеграммада барлық ұлт үшін бостандық алар күн туды, Уақытша үкіметті қолдау, сүйеу керек, құрылтай жиналысын (учредительное собрание) шақыруға қам жасау керек,

* Мақала “Ақиқат” журналында (т. 4, сәуір 2001 ж.) жарияланған.

жікшілдік, рушылдық секілді қылықтан бойды аулақ ұстап, барша қазақ болып бірігіп, бірауыздылыққа ұмтылу керек деген үндеу тасталды. Үндеуді елге таратып, насихаттау үшін жер-жердегі қазақ оқығандарының бас-басына аты аталып, телеграмма соларға, мысалы, Черняевтегі Тынышбаевқа, Ойылдағы Халелге, Семейдегі Мәрсековке, Савинскідегі Шәңгерей Бөкеевке, тағы басқаларға жолданды. Солардың қатарында Атбасардағы Сейілбек Жанайдаров пен Сыздық Мешінбаев та бар еді.

Көзі ашық қазақ қауымы, оның ұлт интеллигенциясы Ақпан төңкерісінің жеңісін Ресейдегі демократиялық күштердің ірі табысы деп танып, қазақ елін отаршылдық құлдықтан азат етуге, саяси дербестік алуға қолайлы кезең туды деп санады.

Еуропаша тәлім алған прогресшіл қазақ зиялыларының саналы ықпалымен он тоғызыншы ғасырдың аяғын ала, жиырмасыншы ғасырдың бас шенінде өрістеген азаттық идеясының қазақ даласына құлашын кең жая бастаған кез де осы кезең болатын. Алайда жоғарыдағы үндеу телеграммадағы айтылған демократиялық талаптардың парқын ұғынып, оған ұмтылудың қажет екенін түсінуге қазақ қауымы дәл сол уақытта дайын ба еді?

Мұндай сауалдың жауабы осы бір кезеңдегі қазақ қауымының саяси, әлеуметтік хал-қадері қандайлық еді? деген жайдан хабардар болғанды қалайды.

Бірінші жаһангерлік соғыс алапатына белшесінен батып, Германияның тегеурінді армиясынан әбден титықтаған Ресей патшалығы қазақтан солдат алмаймын деген өу бастағы антын бұзып, он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы қазақ жігіттерін майдандағы қара жұмыс — окоп қазуға аламыз деген зілді жарлығын 1916 жылдың маусымында көктен түскендей дүңк еткізгені белгілі. Бұл — қазақ елінің онсыз да кемерінен асып-тогілуге жақын тұрған отаршылдық бұғауға деген шыдамын лықсытып сыртқа шығарды. Бұйығы момын жатқан сахара бүрк-сарқ еткен ұлт-азаттық қозғалысының құшағына енді. Халқын патша қаһарының қанды жазалауынан аман алып қалуды көздеген қазақтың ұлтжанды зиялылары бұқараны бейбітшілікке шақырды, істің артын насырға шаптырмай, майданға окоп қазуға баруға келісуге мәмлеге шақырды. Өйткені қазақ оқығандарының көш басындағы Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатов секілді азаматтар күштің тең емес екенін ерте түсініп, қарсылықтың ақыры жойқын қан төгіспен тынатынын “Қазақ” газеті арқылы халықтың көзін жеткізуге тырысып бақты. Шу дегенде, жарлыққа бетпе-бет қарулы қарсылық көрсеткен жерлерде көп қазақтың қаны шашылып, кей ауылдардың күйзеліске ұшырағаны, қирағаны бекер емес. Елдің бәрі бірдей сабырлылық көрсетуге шақырған ақыл-кеңеске жаппай бас шұлғи қоймаса да,

коп елдегі қазақ жігіттерінің мұны түсініп, майдан шебіндегі кара жұмысқа аттанғаны мәлім. Міне, осы тұста халқымыздың ұлттық-демократиялық қозғалысының саяси көсемі Әлихан Бөкейханов Петерборға барып, патша үкіметінің рұқсатымен “Земский союз” деген ұйым арқылы майдандағы қазақ жігіттеріне қамқорлық бөлімін аштырып, 1916 жылдың желтоқсанында біраз қазақ оқығандарын қасына алып, алыс майдан шебіне жетіп, өзі құрғызған осы бөлімнің жұмысына басшылық еткен. Жоғарыдағы аталған телеграмманың Минскіден жолдануында осындай сыр бар. Әлекеңнің бұл бірнеше мың қазақ жігіті шоғырланған майдан шебінде солардың қам-харекетімен жүрген кезі болатын. Алыстан жолдаған үндеудің жүзеге асуына алаш көсемі мен алаш қайраткерлерінің сенім артқан азаматының бірі – Сейілбек Жанайдаров. Сейілбек Петербор университетінің заң факультетін бітірген бойда (1913 жылы) Ресей патшалығының Витебск губерниясына жіберіліп, сонда біраз жұмыс істеп, Атбасарға енді ғана оралған беті еді. Бәлки, бұратана халықтардың арасынан шыққан жоғары білімді жастарды өз ұлтынан жырақта ұстауды патша әкімшілігі мақсат тұтқандықтан да болар, әйтеуір, Сейілбек сол жіберген жағында біраз жүріп қалған.

Витебскіден мойны босаған бойда Сейілбек Ресей мемлекеттік думасындағы мұсылман фракциясының жұмысымен танысуды көздеп, бірден оралмай, Петерборға барып біраз аялдайды. Сонда жүріп, 1916 жылдың күзінде думаның мұсылман бюросына Әлихан Бөкейхановпен бірге қызмет етуге кім лайық деген мәселе жөнінен Жақып Ақбаев пен Мұхаметжан Тынышбаевтың екеуінің біреуінің кандидатурасын ұсынып, өзі бастап бес қазақ зиялысымен қол қойған хат жазады (хат “Қазақ” газетінде жарияланған). Петербордан елге оралған соң патшалықтың жұмысымен қатар топырағында қаулай бастаған ұлт зиялыларының демократиялық қозғалысына Сейілбек білек сыбана араласып та кеткен. Сейілбектей жоғары білім алған жігерлі жастың үйездік қала Атбасарға келуін алаш туын көтерген азаматтар игі бір істің нышаны деп білді. Бұл жөнінде сол кезде Тәшкенде шығып тұрған “Алаш” газеті өзінің 1917 жылдың 30 наурызындағы 16-санында “Құттықтау” деп аталатын хабарында: “Ақ жүрек жастарымыздан Петроград университетін бітірген Сейілбек мырза Жанайдаров өз қаламыз Атбасарға податной инспектор болып келді”, – деп қуана жазды. Әрине, салық инспекторы болып істеу күнделікті тіршілік, күнкөріс қажетіне ғана жарарлық жұмыс екенін ұққан Сейілбек бар күш-жігерін, білімін ұлттық-демократиялық қозғалыстың мүддесіне бағындыруды өз алдына берік міндет етіп қояды. Ақпан төңкерісінен кейін қазақ зиялыларының үндеуінде көзделген істерді жүзеге асырмақта орасан көп еңбек етеді.

Ақпан төңкерісінің жеңісі де қазақтардың қолын ұшпаққа жеткізе қоймайтыны Қазан төңкерісі болмай жатып-ақ көріне бастаған-ды. “Бақ-бақ еткен текені қар жауғанда көрерміз, батырсынған жігітті жау келгенде көрерміз” – дегендей, бостандық деп, демократия деп тыныш заманда қанша шуылдағанымен, орыс демократтары, шынтуайтқа келгенде, төңкеріс жеңісі әкелген билік қолдарына тиген бойда бұрынғы айтқандарынан танып, ашықтан-ашық ұлыорысшыл, ұлыдержавалық шовинизмге қарай ойысып, билік басына орыстан өзге халықтың келгенін қалай қойған жоқ. Қазақстанның әр жерінде жаңадан құрыла бастаған “Азаматтық комитет” дегендердің бәрі орыстардың қолында болғандықтан жергілікті жердегі билікке араласу үшін қазақ комитеттерін құрып, облыстық қазақ съездерін өткізу ісі басталды. Осы сияқты қимылдары мен жұмыстарының бәрінде қазақтың ұлт интеллигенциясы отаршылдық тепкідегі өз ұлтының мүддесін көздеген либерал-демократиялық бағыт ұстады.

Сейілбек Жанайдаров осы 1917 жылдың қарбалас күндерінде өзінің мақсаттас досы әрі жерлесі Сыздық Мешінбаевпен бірге Атбасардағы жалпақ елдің назарын қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен сол жылдың жазында өткелі жатқан жалпы қазақ съезіне аударып, оның ұлт болашағы үшін маңызы бар уақиға екенін халыққа жеткізумен болды. Жалпы қазақтық сипаттағы бұл тұңғыш съез 1917 жылдың 21–26 шілдесінде Орынбор қаласында өтті. Бірнеше күнге созылып, ұлттық мүдде тұрғысынан елдің небір маңызды мәселелері туралы сөз қозғап, ақыл-кеңес құрды. Съездің күн тәртібіне қойылып, елдің мәмлеге келіп тарасқан жайлардың ішінен екі ірі саяси мәселені бөліп көрсетуге болады. Оның бірі – Ресейдің федерациялы парламент республикасы болуын қалап, қазақ елінің осы федерация құрамында өз алдына автономия алуына күш салу, екіншісі – ұлттық бостандыққа қол жеткізу үшін қазақ елінің дербес ұлттық-саяси партиясы болуының қажеттігін мойындау. Съез Сейілбекті 1917 жылдың 17 қыркүйегінде ашылғалы жатқан Бүкілресей құрылтайына Ақмола облысының атынан қатысуға Мағжан Жұмабаев, Сыздық Мешінбаевпен бірге делегат етіп сайлады. Осы құрылтайға делегаттыққа сайланғандардың арасында Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқаев сынды белгілі алаш қайраткерлерінің болуы съездің бұл саяси науқанға үміт артып, зор мән бергендігі аңғарылады.

Бір төңкерістің ізі суымай, аптығы басылмай жатып, екінші бір төңкеріс туғызған қиян-кескі жайлардың құшағына еріксіз енген Ресей басындағы шырғалаң оның қол астындағы жұртқа аз ауыртпалық әкелген жоқ. Ақпан төңкерісінің лебімен қазақ оқығандарының көкірегіне сәл де болса ұялай бастаған бостандық туралы үміттің, қазан айындағы уақиғалар тас-талқанын шығарып,

күлін кокке ұшырып жібергендей болды. Ресей отаршылдық езгісіндегі буратана халықтарға өздерінді отарлаушыларға қарсы күреске шығып, бостандықты тартып алындар деп кеше ғана ұран тастап, аттан салып жүрген большевиктер де бұрынғы айтқандарынан айнып, уақытша үкімет тұсындағы либералдар тәрізді билік басына келіп алған соң аз ұлт өкілдерін билік төңірегіне жолатпай қойды.

Осындай қат-қабат келеңсіз жағдайлардың белең алып тұрған шағында, демократия туралы даңғазаның аяғы сиырқұйымшақтап, “кой, болдыға” айналған шақта қазақтың ұлт зиялылары 1917 жылдың 5–13 желтоқсанында Орынборда съез өткізді. Съез ұлттық аумақтық автономия жариялап, оның атын “Алаш” деп атау туралы қаулы қабылдады. Съезде Алаш үкіметінің құрамы сайланды. Үкіметті сайлаудың съезде балама кандидатураларды ұсыну жолымен нағыз демократиялық бағытта өткенін көреміз. Мәселен, төрағалыққа дауысқа түскен үш кандидатураның ішінен Алаш үкіметінің төрағасы деген лауазымға көпшілік дауыс алған Әлихан Бөкейханов ие болды. Алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары шаңырағын көтеріп, туын солар тіккен Алаш үкіметінің, партиясының шын мәнінде көсемі бола білген бұл кісінің сол бір аласапыран кезеңдерде ұлтына қаяусыз қызмет еткен жандардың бірегейі екені шүбәсіз. Осы съезде Сейілбек Жанайдаров Ақмола облысынан өкіл боп қатысып, Алашорда үкіметінің құрамына еніп, үкімет мүшелігіне орынбасарлыққа сайланды.

1918 жылдың ақпанында Орынборды қызылдар басып алып, ондағы Алашорда үкіметі Қазақстанның солтүстігіне, шығысына қарай ойыстауға мәжбүр болды. Орынбордан кеткеннен кейін де Алаш үкіметі мен партиясы өздері қолға алған ұлы істі толастатпай жалғастыра бергені көрінеді. Облыстардағы, ірі қалалардағы билік тізгінін қолда ұстау үшін жергілікті үкімет, сот орындарының басына Алаш өкілдерін қойды. Мәселен, “Сарыарқа” газетінің 1918 жылғы 15-санында жарияланған Алашорда бастығы Әлихан Бөкейханов, мүшелері Халел, Ғаббас, Мұхаметжан Тынышбай баласы, Серікбай Ақай баласы деп қол қойған Алашорданың бұйрық-жарлығында Ережеп Итбаевты Ақмола облысындағы, Сыздық Мешінбаевты Атбасардағы, Сағалат Желкілдековті Семей облысындағы Алашорда кеңесіне бастық етіп тағайындаған. Осы бұйрықтың бір бабында Сейілбек Жанайдаров Ақмола облысындағы қазақ сотының төрағасы болып бекітілген. Қазақ жерінің солтүстік өңіріне едәуір ықпалы бар облыстың сот жүйесіне басшылық ету Алашорда көсемдері тарапынан Сейілбекке жүктеліп, ол кісіге осыншалық сенім артылуы көп нәрсені аңғартқандай.

Сейілбек Жанайдаров бұрынғы Ақмола облысы, Атбасар үйезінің Терісаққан болысы деген жерде Кенесары қолбасыларының бірі

Жанайдар батырдың баласы Мейрам қажының отбасында 1884 жылы дүниеге келген. Әкесі Мейрам Жанайдарұлы (1844–1921) оязға көмекші болып, болыс болып ел билеген, мұсылманша, орысша сауатты, жазба әдебиет өкілі, ақын адам болған, “Мың бір түнді”, өлеңмен жырлап, 1895 жылы “Дала уалаяты газетінің” қатарынан тоғыз санында бастырып шығарған. Ғали Орманов, Сейділ Талжанов сынды қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің қолынан 30-жылдарда хат бетіне түсірілген озге өлең-жырлары, Мұслима қызбен айтысы Қазақстан Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы. Ақындығымен қоса қазақтың материалдық мәдениетін зерттеумен шұғылданып, дүниежүзілік, ресейлік этнографиялық кормелердің бірнешеуіне қатысқан. Қазақ киіз үйін, зергерлік бұйымдарын, ер-тұрманын, қару-жарағын, ит жүгіртіп, құс салған салтын насихаттаумен шұғылданып, ірі музейлерге тегін экспонаттар өткізген. Қара орман мал-мүлкін сол үшін аямай шашқан. Қазақ шежіресін жинап, кітап етіп бастырып шығару жөнінде мәселе қозғап, “Айқап” журналына мақала жариялаған. Баласы Сейілбекті Атбасардағы, Омбыдағы орыс оқуына беріп, Петербор университетіне жіберген.

Сейілбек 1913 жылы Петербор университетінің заң факультетін тәмамдаған. Сол кездегі еуропаша білім беретін мектепте оқып жүрген қазақ жастарының көпшілігіне-ақ тән біз байқаған ортақ бір қасиет бар: ол – олардың білім, өнер жолын ыждағатпен қууының үстіне сол жас жігіт, бала-балғын күндерінің өзінде-ақ қоғамдық-әлеуметтік істерге саналы түрде, салиқалы азамат түрінде араласуға ұмтылуы.

Отаршылдық қыспақтағы қазақ сияқты өлкеден өнер, білім іздеп Ресейдің ірі мәдени, ғылыми орталықтарына барған патшалық замандағы қазақ жастарының көкіреккөзі өзгеден ертерек оянған ғой. Олардың көбі қазақ қоғамының өміріндегі әлеуметтік істерге сол студент күнінің өзінде-ақ бел шеше араласқан. Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) құрған “Қазақ” газетінің дүниеге келуін қуана құттықтап Петерборда оқып жүрген алты қазақ студенті хат жазған. Сонда хатқа бірінші болып қол қойған – Сейілбек Мейрамұлы Жанайдаров еді. Бұл – Сейілбектің Петербор университетін бітіретін 1913 жыл екен. Газет, баспасөз мекемесі жөнінде салиқалы пікір түйген осы мазмұнды хаттағы алтаудың біреуі – Мұстафа Шоқаев болатын. Шағын мақала түріндегі осы хатта қазақ қауымының сол дәуірдегі жай-күйіне, хал-ахуалына берілген сындарлы бағаны көріп, сол заманның жастарына еріксіз таңғаласыз. Петербор университеті секілді орыстың мандай алды білім ордаларының табалдырығын қазақ секілді бұратаналардың балаларының білімі аскандары, ең зерделі дегендері ғана аттайтын. Олардың санасының ерте оянып, барша қазақ қауымының мүддесіне қатысты іске жастай бой ұруы,

бөлкі, осыдан да болар. Бұлардың Бөкейханов, Байтұрсынов сияқты көсемдері бастаған Алаш ұранына бірігіп, Алаш үкіметі мен партиясының шақыруына сол кісілерге ілесе көтерілуі – жай аяқ астынан туа салған нәрсе емес, саналарына әріден сіңіп, көкірегіне обден ұялаған ғажайып серпіліс, асыл мұрат.

Мұстафа Шоқайев демекші, Сейілбек Мұстафамен идеялас, пікірлес, аса дос-жар адамдар болған, Мұстафадан Сейілбектің үш-төрт жас үлкендігі болған. Сейілбек оқуын бітірерде, Мұстафаның бірінші курста оқып жүрген кезі. Сол 1913 жылдың жазы болуы керек, Сейілбек пен Мұстафа екеуі Троицк шаһарында тұратын белгілі қазақ зиялысы, Қазан университетінің түлегі Жансұлтан Сейдалин деген торенің оқыған қызы бар екен дегенді естіп, соны көруге сонау Петербордан Троицкіге келеді. Қыз екеуіне де ұнайды, бірақ бұйрық солай болған болар, Жансұлтан қызын Сейілбекке берген. Сейілбек өзін қызметке жіберген жері – жоғарыда айтылып өткен Витебск губерниясына барып, сонда ревизор-финансист болып істеп жүргенде, жас келіншегі – Мәриям Жансұлтанқызы Сейдалина баладан қайтыс болады. Мәриям өлең шығарумен ерте айналысқан. Бізге Мәриямның “Айкап” журналының 1914 жылы 1-санында жарық көрген “Зарлау”, “Тұр, қазақ”, “Көздер” деген өлеңдері белгілі. Өлеңдерінде ол қазақ жұртын қараңғылықтан арылып, өнер-білімге ұмтылуға шақырған.

“Зарлау” деген өлеңінің:

*Бұл не жылау,
Бұл не жастар,
Бұл не тарлық көкіректе?
Бұл не ашу,
Бұл не зарлар,
Бұл не жану жүректе, –*

деп келетін әдейілеп алынған ылғи есім сөздерден тұратын алғашқы шумағының өзінен-ақ ақындық шеберлік, Абайдың өлең құрылысына, жаңалыққа еліктеушілік байқалады. Я болмаса “Көздер” деп аталған өлеңінің мына бір шумағына назар аударып бағайықшы:

*Көздерің түннен қара, күннен ашық,
Түн ұйқым бұзылады түсім қашып.
Кірпіктерің тігілген атқан оқтай,
Намысымды ашуым кетер басып...*

Осы бірер ғана жолға ақын қаншама теңеу, қаншама ғашықтық сырға толы лебіз сыйғыза білген. Бір әттеңі ақынның басқа өлеңдерінің сақталған-сақталмағаны әзірге беймәлім.

Мәриямның әкесі, белгілі қазақ зиялысы Жансұлтан Сейдалин қостанайлық (1856 жылы туған), Қазан университетінің заң факультетін бітірген, Кеңес өкіметі орнағанға дейін Троицк

қаласында бітімші судья (мировой судья) болып істеп, кезінде “Қазақ”, “Айқап”, “Алаш”, “Сарыарқа” секілді қазақ баспасозінде құқық, заң, демократия мәселелері туралы мақалалар жариялаған. Кеңес өкіметі келгеннен кейін құдалауға ұшырап, еліне барып, Тобыл бойындағы Кеңарал деген жерде 1919 жылы қайтыс болған.

Алаш азаматтарының ішінде Сейілбектің жақын-жуық сыбайлас жүретін адамдарының бірі – Міржақып Дулатов екен. Жас жағынан да екеуі қатар (құжат бойынша Сейілбек Жақаннан бір жас үлкен), кейде бірін-бірі құрдас деп, сөздеріне өзін-өзі араластырып отыратын кездері де болады екен. Осы екі кісінің бір-бірімен достығы жөнінде Міржақыпқызы Гүлнар апай былай деп еске алады: “Әкемнің аса жақын достарының бірі – Сейілбек Жанайдаров болатын. Сұңғақ бойлы, сымбатты, өңі аққұба келген, бой-басын үнемі күтіп ұстап, крахмалдаған ақ жағасының қыры сынбайтын, жүзінен әркез интеллигент лебі есіп тұратын, нағыз аристократ кейіпті Сейілбектің әкемнің, біздің отбасымыздың ең сыйлас, қадірлес адамы болғанын мен жақсы білемін”. Астана Қызылордада тұрған кезде Сейілбектің басшы бір қызмет атқаратынын білетінмін. Алматыға астанамен бірге келгеннен кейін, Сейілбекті сырқаттанып қалды дегенді естіп, 1928 жылдың тамыз айында папамның сол кісінің көңілін сұрамақ үшін салт ат мініп, Меркеден әдейілеп Алматыға келіп қайтқаны бар (біз ол кезде Меркеде тұратынбыз). Сонда сонау Меркеден папам қадірлестіктің, сыйлас, дос көңілдің қарызы үшін Сейілбекті науқас дегенді естіп, бір көріп жүздеспекті, тіл қатысып сырласпақты мақсат тұтып барған екен ғой деп ойлаймын. Сол бір кездегі қазақ зиялыларының бір-біріне деген ілтипаты, ізет-құрметінің өзі ғажайып тағылым, өнеге еді ғой. “Сейілбек ағай, – дейді және де Гүлнар апай, – папаммен қабат мен білетін торғайлық кісілерден Ахмет Бірімжанов, Сейдәзім Кәдірбаев, Ахметсапа Жүсіпов сынды алаш азаматтарымен қанаттас жүретін еді”, – дейді.

Апай айтқан осы бір шағын штрихтың өзінен-ақ Сейілбектің өз үзеңгілестері үшін қадір-қасиетінің, адамгершілік түр-тұлғасының қандайлық жан екені аңғарылса керек-ті.

Ресейдің ең ірі жоғары мектебі Петербург университетінен тәлім алған терең заңгерлік білім иесі Сейілбек сынды зерделі жастың Алаш республикасының құқықтық негізін, мемлекеттік құрылымдық түзілісін, құжаттары мен қаулы-қарарларын, бағдарламасын нұсқалауға қосқан үлесі зор болуы да ақиқат. Сол кездегі алашшым, ұлтым дегенде көкірегі қарс айырылған прогресшіл қазақ интеллигенциясы өкілдерінің елі үшін, халқы үшін еткен қам-харекетін, өмірін зерттеу ісі – тек соңғы бір жылдардың әлетінде ғана қолға алына бастаған жұмыс. Алаштың, әр қайраткерлерінің еткен ісі – кейінгі ұрпақ үшін, тарих үшін теңдесі жоқ тағылым мектебі.

Қазақ интеллигенциясының үркердей шоқ жұлдызы көтерген Алаш ұраны ұлтымыздың, кіндік қанымыз тамған атаның қара қонысы — қазақ топырағының ұраны еді ғой. Қазақты бай, кедей деген екі тапқа бөліп, біріңе-бірің бітіспес (антогонистік) жаусың деп, кедейін байына айдап салған коммунизм идеясы, большевизм саясаты, асылында, қазақты екі ғасыр бойы орыс патшалығынан көрген тепкісінің үстіне өз қамшысын өз басына үйіртіп, ұлт ретінде, этнос ретінде жоюға бағытталған ұлыдержавалық, ұлыорысшыл зымиян саясат болғаны кәміл. Алаш қайраткерлері осы саясаттың арғы астарында не жатқанын сезеді-ау, түсінеді-ау деген көкірегінде саңылауы бар ұлт интеллигенциясының өзге де өкілдерін тамтығына дейін қалдырмай баудай түсірген кешегі қылышынан қан тамған 20—30-жылдардың рақымсыз да қатігез құрығынан Сейілбекті Құдайдың бұйрықты ажалы ғана құтқарды.

Кеңес өкіметі Алашордаға кешірім жариялағаннан кейін, Қазақстан автономиясының астанасы Орынборда тұрғанда, Сейілбек Қаржы халық комиссариатының коллегия мүшесі, орынбасары, бастығы болып істеп, астана Қызылордаға келген тұста Қазақстанның ауыл шаруашылық банкісін басқарған. Өзінің қаржы, банк саласындағы бұрынғы жұмысын әрмен қарай жалғастырып, кейін Алматыға келген. Мұнда келуін келгенімен сырқатты болып, ұзақ жұмыс істей алмаған, 1929 жылы қайтыс болған. Сейілбекті Алматыдағы Тәшкен көшесінің бойындағы Райымбек әулие жатқан бейітке қойған екен, өлінің моласы түгілі, тірісін тірідей көміп жатқан заманда, бұл бейіттің үстінен қала үйлері салынып, бейіттің ізі өшіп кеткен деп айтушы еді, мұны көзімен көрген кешегі көзі қарақты қариялар.

Сонау Петерборда оқып жүрген шағының өзінде-ақ ерте оянып, үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ даласында қанат жайған ұлт зиялыларының либерал-демократиялық қозғалысының басы-қасында болып, оған тікелей араласқан, Алаш туын тіккен съезде Алашорда үкіметінің құрамына еніп, оның үкімет мүшесінің орынбасары болып сайланған, Алаш шаңырағын алаштың өзге қайраткерлерімен бірге көтеріскен Сейілбек Жанайдаров есімі де халқы сүйіп, қастерлеуге тұрарлық есімдердің бірі.

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМ

Диалектология

Ауызекі тіліміздің алуан көріністері*

Ұлан байтақ қазақ сахарасының әр өлкесін қоныстанған қазақ халқы өкілдерінің ауызекі тілінде әртүрлі жергілікті айырмашылықтардың бар екені көптен мәлім жай. Оларды жергілікті деп атауда да мән бар, өйткені ондай сөздер белгілі бір аймақты мекендейтін жергілікті халықтың тіліне ғана тән болады да, сол халықтың өзге жерлерде тұратын өкілдерінің тілінде қолданылмайды. Мәселен, Жетісу өңірін мекендейтін қазақтар қолданатын *әпкіш* (суды иықпен таситын құрал), *елгезер* (үн елейтін елек), *тұма* (бұлақ, бастау), *мүрде* (мола), *мүттәйім* (жексұрын, оңбаған) сөздері, Жайық бойы қазақтары қолданатын *бойлай* (ылғи, үнемі), *ілі* (алғаш), *мәток* (кербез), *нәрегей* (арық қозы), *ұштан* (жұқа мата), *сой* (нәсіл, ұрпақ) сөздері республиканың бұл қоныстардан басқа жерлерінде тұратын қазақтардың тілінде кездеспейді. Тіпті бірінен-бірі қашық өлкелерді былай қойғанда, кейде бір облыстың бір ауданының жергілікті халқының тілінде айтылатын сөздердің сол облыстың екінші бір ауданындағы халықтың тілінде айтылмауы да ықтимал. Гурьев облысының Маңғыстау ауданындағы қазақтардың тіліндегі *метей* (ағаш шелек), *мөкі* (кебіс), *дәп* (әдет-ғұрып), *шеккі* (таразы), *дүмие* (аққұман), *әтішкір* (отқысқыш), *аскелді* (аскабак) тәрізді сөздердің осы облыстың өзге аудандарында ұшыраспауы бұған мысал бола алады. Қысқасы, республикамыздың қай түкпірін алсақ та, онда тұратын қазақтардың тілінен біреуінен аз, біреуінен көп болсын, әйтеуір жоғарыдағылар секілді жергілікті ерекшеліктерді табуымыз анық.

Өзінің туып-өскен жерінде айтылмайтын сөздердің алғашқы естігенде құлаққа тосын, оғаш көрінетіні бар. Әр өлкенің қазақтары бас қосқан жерде бірлі-жарым осындай сөздер құлағына шалына қалса, “мынауың қазақтың сөзі емес қой” деп, бірін-бірі қалжыңға айналдырып жататыны да осыдан. Дұрысына келсек, жергілікті сөздер де ана тіліміздің даму заңдылығын танытатын, тілдегі назар аударарлық көріністердің бірі. Тілімізде жергілікті сөздердің пайда болуының мынадай негізгі екі түрлі сыры бар:

Қазақ халқының бағзы замандарда Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген біріне-бірі жақын диалектілерді сойлейтін түркі тілдес тайпалық одақтар мен рулардан құралғаны мәлім. Халқымыздың этногенездік (тектік) құрамында әлі күнге сақталып келе жатқан қоңырат, найман, арғын, үйсін, қаңлы, керей тәрізді

* Мақала “Ана тіліміздің алуан көріністері” деген тақырыппен “Білім және еңбек” журналында (10, 1969) жарияланған.

рулардың болуы – осыған дәлел. Өйткені тілі, тегі жағынан қанша жақын болғанымен, бұл ру-тайпалардың әрқайсысының ертеде өзіне тән белгілі тілдік ерекшеліктері болғаны мәлім. Қазір осы секілді руларға жататын қазақтардың тілінде бір заманда олардың ата-бабалары сөйлеген тайпалық рулық тілдердің азын-аулақ қалдықтары сақталған. Тіліміздегі жергілікті өзгешеліктердің болуының бір себебі – осы. Ал екінші жағдайға келсек, өзге халықтар сияқты қазақ халқының да өте ерте дәуірлерден бастап-ақ әртүрлі жұрттармен мәдени, экономикалық, саяси т.б. қарым-қатынаста болғаны белгілі. Әсіресе, бір-біріне қоныс жағынан көршілес отырған елдерде өзара ауыс-түйіс жайлардың көбірек болатыны түсінікті ғой. Міне, осыған орай өзбек елімен көршілес отырған қазақтардың тіліне өзбек тілінен, қырғыздармен көршілес отырған қазақтардың тіліне қырғыз тілінен біраз сөздер ауысқан. Сол тәрізді татар, башқұрт, ұйғыр, қарақалпақ т.б. халықтармен ертеден аралас-құралас отырған қазақтардың тілі де осындай кірме сөздерден құр емес. Жергілікті сөздердің болуының бір көзі осында жатыр. Демек, жергілікті сөздер дегеніміз ғайыптан туған нәрсе емес екен, олардың әрбірінің халық тілінде өмір сүруінің осы секілді өзіндік сыры, тарихы бар екен. Сол үшін де оларды зерттеп-білуге ең алдымен ана тіліміздің ғылыми тарихын жасау ісі мүдделі.

Осы айтқандарымыз түсінікті болу үшін мынадай мысал келтірейік: Каспий жағасындағы Маңғыстау түбегінде тұратын қазақтарда ертегілердегі тұлпар бейнесін білдіретін *сутын* деген сөз бар. Өзге жердегі қазақтардың тілінде айтылмайтын осы сөзді біз Орхон-Енисей өзендерінің бойынан табылған V–VIII ғасырларда құлпытасқа жазылған қалған ескі түркі жазбаларынан кездестіреміз. Түркі тілдес халықтардың ежелгі мекені – Алтай атырабы болғандығын еске түсірсек, бұл жағдайдың кездейсоқтық емес екенін түсіну аса қиынға соқпайды. Бұл – халық тілінде сақталған тіліміздің көне белгілерінің ізі.

Я болмаса осы Маңғыстау қазақтары ғана қолданатын *әтішкір* (отқысқыш), *ашар* (кілт), *сес* (дыбыс, үн), *дәп* (әдег-ғұрып) сөздерін олардың бір дәуірдегі ауылы аралас, қойы қоралас отырған көршілер – түрікпендердің тілінен ұшырастыруымыз тағы да бұл сөздердің осы тілден ауысқандығын дәлелдейді. Осы сияқты өзбектермен жиі қарым-қатынастағы Өзбекстан жерінде және оған жақын тұратын қазақтар пельменді *түшпәрә*, қиярды *бәдірен*, сиыр бағатып бақташыны *падашы*, бұрышты *келімдәрі* дейді. Мұның да өзбек тілінің әсері екеніне күмәнданбасқа болады, өйткені бұл өлкеден алыс жерлерде тұратын қазақтарда бұл сөздер қолданылмайды, ал өзбек тілінде олардың дәл осы мағыналарында жұмсалатыны мәлім.

Жергілікті сөздердің жалпы халыққа ортақ әдеби тілдің сөздік құрамын байытуда елеулі қызметі бар. Әдеби тілімізде бұл күнде кеңінен қолданылып жүрген **дақыл** (дәнді дақыл дегендегі), **бағбан**, **мұрап**, **сақпаншы** деген терминдердің басында тек Қазақстанның оңтүстік аймағы тұрғындарының тіліне ғана тән сөз болғанын біздің

әрқайсымыз біле бермейміз. Жергілікті сөздердің ішінде, әсіресе, әртүрлі өлкенің өзіне тән кәсіпке байланысты айтылатын кәсіби сөздер (профессионализмдер) делінетін тарауы әдеби тіліміздің сөз қорын, қазақ терминологиясын дамытуда тамаша үлес қосып келеді. Мұның мысалы ретінде бұл күнде әдеби тілде өзіміз жиі қолданып, жиі еститін, бұрын тек Каспий, Арал, Балқаш балықшылары ғана қолданатын **лақа, қаяз, сыла** (балықтың түрлері), я болмаса бұрын тек оңтүстіктің мақташылары ғана білетін **шитті мақта**, сол тәрізді күні кешеге дейін Сыр бойы қазақтарына ғана танымалы **қауын** түрлерін білдіретін **әңгелек, торлама, күләбі қауын** деген тәрізді сөздерді атауға болады. Осы секілді күріш, темекі, жеміс, бау-бақша т.б. арнаулы шаруашылықпен айналысатын жерлерде осы кәсіп түрлеріне байланысты терминдер жақсы дамыған. Олардың біразын баспасөз бетінен, радиодан жиі оқып, жиі естіп те жүрміз. Әдепкіде құлаққа тосындау естілгенімен, мұндай сөздердің көбі-ақ айтыла келе бірте-бірте құлаққа сіңісіп, әдеби тіліміздің лексикасынан өзінің лайықты орнын алатынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Жергілікті сөздерді қажет болған жерде орнымен қолданудың еш әбестігі жоқ. Егер республиканың бірен-саран аудандарында ғана айтылатын бірге туған үш лақты білдіретін **үшем**, бірге туған төрт лақты білдіретін **төртем** сөздерін орыс тіліндегі **тройня, четверня** сөздерінің баламасы ретінде қолданған болсақ, одан әдеби тіліміздің ұтпаса, ұтылмасы хақ. Себебі халық тілінде бұл сөздер дәл осы мағынаны білдіреді.

Жергілікті сөздердің көркем шығармада жергілікті колоритті танытудың мықты бір құралы екені аян. Халқымыздың алып жазушысы, белгілі сөз зергері — Мұхтар Әуезов “Білекке-білек” делінетін әңгімесінде Жетісу өлкесі қазақтарының тіліне тән көптеген сөздерді өз кейіпкерінің аузына салған. Мұндағы жазушының қоздеп отырғаны — шығармаға қатысып отырған кейіпкерлердің тіліне жергілікті өң беріп, характердің этнографиялық, психологиялық бояуын қанықтыра, қоюландыра түсу. Мұндай жайдың шығарманың әсерінен тыс, оқушы қауым мағлұматтылығы үшін танытқыштық мәні де жоқ емес. Мәселен, аталған шығарманы оқыған адам Жетісу төңірегі қазақтарының тілінде қазақ жерінің өзге аймақтарында кездесе қоймайтын кей сөздердің бар екендігі жөнінде әжептеуір мәлімет алып қалатынын бекер деуге болмайды. Осы орайда енді аты әйгілі орыс совет қаламгері Михаил Шолоховтың “Тынық Донына” назар аударып көріңіз. Мұнда да жоғарыдағы тәрізді жазушының диалогтарға келгенде, шығарма қаһармандарын Дон казактарының жергілікті говорымен сөйлетіп қоя беретінін оңай байқайсыз. Осыдан келіп шығармадағы көп кейіпкерлердің бір-бірінен тіл жағынан дараланып, өзіне тән сөз саптау машығы, өз лексикасымен оқырман жадында ұзақ сақталатын жаны бар. Жергілікті халықтың салтын, әдет-ғұрып,

ұлттық мінез-құлықты оқушыға ұғындырудың бір түйінінің осында жатпағы да кәміл. Алайда жергілікті сөздерді осылайша өз иінімен ұтымды, орынды пайдаланбай, қажетті жерде де, қажетсіз жерде де жөнсіз тықпалай берудің шығарма тілінің шеберлігі үшін де әдеби тіліміздің лексика (сөздік) байлығы үшін де тигізер пайдасы аз болмақ.

Ал тіліміздегі мағынасы көмескіленген кей сөздердің бастапқы тарихи торкінін түсіндіруге де жергілікті сөздердің тигізер септігі аз емес. Мәселен, **ұнжырғасы түсу** деген тіркестің бір сынары – ұнжырға сөзі халықтық тілімізде осы тіркестен тыс жерде жеке қолданылмайтыны түсінікті. Ал енді Маңғыстау қазақтарының тілін алсақ, онда оның **бұғана сүйекті** білдіретін дербес сөз екенін білеміз. Бұдан әңгіме болып отырған тіркестің **иығы түсу** деген тіліміздегі екінші бір тіркеспен неліктен мағыналас келетінін аңғару қиын емес. Сондай-ақ республиканың батыс бөлігі тұрғындарының судың тереңдігін **бел буардан** келеді деп қолдануы – өзге жердің қазақтары айтатын белуардан сөзінің әуелде жоғарыдағы екі сөздің (**белуардан**) бірігуінен пайда болғандығының дәлелі.

Жергілікті сөздер халықтың тарихы, мәдениет, этнографиясы, этногенезі туралы да бағалы деректер бере алады. Осы себептен де Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында халқымыздың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді жинау, зерттеу ісімен арнайы шұғылданатын бөлім біраздан бері жұмыс істеп келеді. Қазір бұл бөлімнің картотека қорында Қазақстанның әр түкпірінен жиналған мыңдаған жергілікті сөздер бар. Бір топ тіл мамандарының қатысуымен жақында он мыңдай жергілікті сөзді қамтитын сөздік баспаға әзірленіп бітті. Соңғы он шақты жылдың ішінде республиканың кей аудандарында тұратын қазақтардың тілі біршама жақсы зерттеліп, ол жөнінде бірнешедеген кітап жарық көрді. Алдағы жылдарда қазақ тіліндегі жергілікті тілдік құбылыстардың географиялық атласын жасау көзделіп отыр.

Тілімізді лингвогеография әдісімен зерттеу*

Лингвистикалық география – тіл білімінің тілдік құбылыстардың таралу шегін зерттеумен шұғылданатын саласы. Тіл білімінің диалектология тармағының дербес саласы ретінде XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасқан. Әр алуан тілдердегі диалектологиялық құбылыстардың көптеп жиналуы мұндай құбылыс атаулының тараған шегін анықтауды тіл білімпаздары алдына міндет етіп қойды.

* Мақала “Қазақ тілін лингвистикалық география әдісімен зерттеу” деген тақырыппен “Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет” атты жинақта (Алматы, 2001) жарияланған.

Зерттеудің бұл әдісінің мәні — нақтылы тілдік құбылыстарды географиялық картаның бетіне түсіріп, сол арқылы оның тараған аймағын анықтау.

Неміс тілінің тарихын зерттеумен шұғылданып жүрген Германияның Рейн провинциясының тұрғыны Георг Венкер (1852–1911) деген кісі өзінің ізденісі барысында неміс диалектілерінің таралу шекарасы жөнінде ғылыми әдебиетте айтылып жүрген мәліметтердің дәл емес екендігіне көзі жеткеннен кейін бұл жайды дәлірек анықтамақты ниет қылып, неміс тілінің ең маңызды деген фонетикалық, грамматикалық құбылыстарын қамтитын қырық сөйлемнен тұратын сұрақ-жауап түріндегі анкета құрастырады да соны провинцияның жер-жеріндегі мектептерге 1876 жылы таратып, мұғалімдерден анкетаның сұрақтарына жауап қайтаруды өгінеді. Анкеталардың негізгі бөлігіне жауап алғаннан кейін Венкер қолына түскен тілдік деректерді жүйеге келтіріп, көпшілікке арналған кітап түрінде 1877 жылы “Рейн диалектісі” деген атпен жариялайды. Бұл — сол кездегі германистика ғылымы үшін принциптік мәні бар зор жаңалық болды. Мұнда Венкер бірқатар маңызды дыбыстық құбылыстардың Рейн өлкесіне тараған шегін анықтап шықты. Осыдан көп ұзамай Венкер оңтүстік және орталық Германия өңірлерін қамтитын анкеталар таратып, бұдан жиналған деректерді географиялық картаға түсіріп, 1881 жылы “Солтүстік және орталық Германияның диалектологиялық атласы” деген атпен жариялады. Тіл құбылыстарын картаға түсіріп, оны атлас түріндегі еңбек етіп жариялаудағы мұндай тұңғыш тәжірибе жалғыз германистика үшін емес-ау, бүкіл әлемдік тіл біліміндегі ірі бетбұрыс болды. Бұл кісінің еңбегін шәкірті Вредэ (1863–1934) әрмен қарай жалғастырған.

Неміс ғалымдарынан кейін тіл құбылыстарын лингвогеографиялық әдіспен зерттеу Францияда қолға алынып, Жильерон (1854–1926) мен оның шәкірті Эдмонның “Францияның лингвистикалық атласы” деп аталған атласы жарық көрді (1903–1912).

Неміс, француз ғалымдарының тәжірибесіне сүйене отырып, проф. Ушаков бастаған орыс тілінің зерттеушілері 1915 жылы сол кезде жиналған деректердің негізінде Императорлық орыс география қоғамының көмегімен “Опыт диалектологической карты русского языка” деген кітап жариялады.

Адамзат баласы жасаған ғажайып ғылыми туындылардың бірі карта екені мәлім. Карта атаулының түрі көп: географиялық карта, геологиялық карта, аспан әлемінің картасы, тағысын-тағы карталар. Өзімізді қоршаған объективтік дүниеде карта бетіне түсіруге болатын құбылыстардың не қилы түрі бар, солардың бірі — тілдік құбылыстар. Мұны бұл салада алғаш дерек жинап, қалам тартқан неміс, француз ғалымдарының тәжірибесі бізге әбден айқындап, дәлелдеп

берді. Ол ғалымдардың еңбегі тіл білімінің жаңа бір саласы — лингвистикалық географияның дүниеге келіп, ғылымның тың бір саласы ретінде бой түзеп, іргесі бекуіне ықпал етті.

Тіл құбылыстарын географиялық картаның бетіне түсіріп, олардың тараған аймағы мен шегін айқындау тілдік жүйенің пайда болу, даму заңдылықтарын танып-білуге, олардың нақтылы географиялық кеңістікке орналасу себептері мен сырын түсінуге мүмкіндік береді. Тіл тарихы — халық тарихымен өзектес, арналас нәрсе, олардың деректері бірін-бірі толықтырып, молайтып отырады.

Әрбір халықтың тарихындағы үлкенді-кішілі оқиғалардың сол халықтың мекендеген территориясымен тікелей байланысы болатыны талассыз шындық.

Мейлі бір үлкен ұлттың, мейлі шағын бір халықтың я этностық топтың тілі болсын, әйтеуір, тіл атаулының қай-қайсысын алсақ та олардың әрбіреуінің өз тараған нақтылы географиялық кеңістігі, аймағы болатыны хақ. Тіл атаулының ең өзекті деген белгілерінің бірі — осы. Бұлай болуы — белгілі бір тілдің иесі болып табылатын ұлттың, халықтың қандай да болмасын этностық топтың өзінің нақтылы географиялық ортада өмір сүруімен шарттас келуі.

Мұндай қасиет тілдің құрамына енетін, оның бір бұтағы боп саналатын диалектіге де ортақ. Сондықтан да нақтылы тіл құбылысын диалектік құбылыс деп тану үшін бірден-бір өлшем — оның территориялық сипатының болуы. Территориялық сипаты болмаған жерде ол құбылысты диалектілік құбылыс деп тануға өсте болмайды. Тілдің, оның диалектілерінің таралатын географиялық аймағы болатыны сияқты оларға тән тілдік белгілердің де өзіндік таралатын аймағы, территориясы болады.

Жеке бір тіл өркен жайған географиялық алқаптың әр түкпірін алып қарайтын болсақ, олардың әрқайсысындағы осы тілдің барша белгілерінің шып-шырғасына дейін бір-біріне айны қатесіз ұқсас келе бермейтініне көзімізді оңай жеткіземіз. Тым алысқа сілтемей-ақ, мысал үшін өз ана тіліміздің ішкі жағдайын бағдарлар болсақ, қазақ жұрты тараған географиялық кеңістіктің бар түкпіріндегі тіл бағзы-баяғы қазақ тілі болғанымен, әр өлкенің өз қазағының сөз байлығына, сөз саптау машығына, сөз дыбыстарын айту мәнеріне тән, өзге жердің қазағына бейганыс белгілердің бар екенін айқын сеземіз. Мәселен, қазақ тіршілігімен ежелден біте қайнасып бірге келе жатқан киіз үйдің өзінің аталуы әр жердің қазағының тілінде әр басқа.

Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс бөлігінің бар жерінде *кйгіз үй* болып айтылатын осы сөздің орнына Жетісу атырабында *қазак үй*, қырғыздармен шекаралас өңірдің кей жерінің қазағында *боз үй*, қарақалпақ еліне жақын-жуық отырған жердің қазағының тілінде *қара үй* (мәселен, Сырдың төменгі бойында), Қазақстанның

батысында *ағаш үй* деген сөздердің қолданылатынын көреміз. Башқұрт, татар жұртымен шекаралас өңірдің қазағының тілінде бұл сөздің тіптен *терме үй* деген нұсқасы да бар екен.

Осындағы алты түрлі нұсқадағы алты атаудың алтауының да беретін ұғымы – біреу, ол – кәдімгі киіз үйдің өзі. Лексикалық мағынасы тұрғысынан бұл сөздер – бірінің-бірі тең баламасы. Ал киіз үйдің түр-түсіне, үлкен-кішілігіне қарай *ақ боз үй*, *қараша үй*, *ақ отау* болып қолданылатын сөздерге жүктелетін мағына жоғарыдағы *боз үй*, *қара үй* дегендерге жүктелетін мағынадан мүлдем бөлек. Кейінгілер – типтік ұғымдар (типовые понятия) да, *ақ боз үй*, *қараша үй*, *ақ отау* дегендер – түрлік ұғымдар (видовые понятия).

Бір ғана ұғымды білдіретін атаудың қазақ топырағында түрлі-түрлі нұсқада кездесуінің осы бір жай кездейсоқ құбылыс емес екенін аңғартқандай.

Оңтүстік-шығыс пен оңтүстіктің біраз жерінде *қазақ үй* болып айтылатын бұл сөздің Шудың жоғарғы бойында қырғыз ағайындарға жақын отыратын қазақтардың тілінде *боз үй* деген атауға қарай ойысатынын көреміз; бұлай болатыны қырғыздар киіз үйді *боз үй* дейтін көрінеді. Сыр мен Әмударияның төменгі бойын мекендейтін қазақтардың тілінде бұл күрделі атаудың алдындағы анықтауыш сыңары *қара* сөзіне ауысып, *қара үй* болып айтылатыны мәлім. Кейінгі нұсқаға ұқсас вариантқа да түркі тілдер кенде емес; қарақалпақша – *қара үй*, түрікпенше – *гара өй*, ұйғырша – *қара өй*. Ал *терме* сөзінің осыған ұқсас нұсқасын татар (*киез тирма*), башқұрт (*тирмә*) тілдерінен ұшырастырамыз.

Әуелде бір түбір, бір тектен өрбіген халықтар болғандықтан, мұндай тілдік құбылыстарды кімнен кімнің еншіленгенін қазір айтып бере қою оңай да емес. Бұл ыңғайда басы ашық бір нәрсе бар. Ол – егер осы сөздердің тараған өңірлерін географиялық картаның бетіне түсірер болсақ, жалғыз қазақ өңірі ғана емес-ау, сонау Шығыс Түркістаннан (Шарқи Түркістан) бастап Еділ бойына дейін жайылып жатқан түркі текті жұрттардың байтақ қонысын үлкен-үлкен алты географиялық аймаққа ажыратылатынын байқаймыз. Сыр бойы қазақтары тіліне тән *қара үй* дегеніміздің тараған алқабы Қарақалпақстан, Түрікпенстан жерлерімен астасып жататын болса, *боз үй* дегеніміздің шегі жоғарыда айтылып өткендей, қырғыз елі жеріне тіреліп, қоян-қолтық араласып жатқанын көреміз. Осы тәрізді *терме үй*, *терме* дегендердің де башқұрт, татар тіліне тән сөздер екендігіне қарап, қазақ жұрты тараған өлкенің батыс қиырымен бір аймақ түзетін құбылыс екенін айтуға болады. Ал ұйғыр тіліндегі *қара өй* сөзі болатын болса Сыр, Әмудария бойындағы жерлерден әлдеқайда жырақтағы Шарқи Түркістанда өз алдына бір аралшық аймақ түзіп алып жатыр.

Тараған географиялық аймағы осы секілді ағайын тілдердің қонысымен астасып, соған ұласып жататын тілдік құбылыстар да, сондай-ақ географиясы қазақ топырағының өз ішімен шектелетін тілдік құбылыстар да тілімізде баршылық.

Иыққа асып су таситын құралды білдіретін бір ғана *инағаш* сөзінің әрқайсысы әр жердің қазағының тілінде айтылатын *суағаш*, *мойынағаш*, *күйенте*, *құрамыс*, *әкпіш* деген варианттарымен мәлім.

Мұндай сөздердің мысалы тілімізде жетіп жатыр. Олардың қай-қайсысы да лингвистикалық географияның объектісі болуға әбден лайық сөздер.

Жоғарыда *киіз үйге* байланысты өңгіме болған жайды тек жекелеген сөздердің, лексикалық элементтердің басына ғана тән нәрсе деп көрсетіп қоймай, тіліміздің барша структуралық жүйесіне тән белгі деп білуіміз керек. Анығын айтсақ, бұл тәрізді құбылыстар халық тілінің фонетика, грамматика, тіптен фразеология секілді салаларының бәрінде де бар. Мұндай құбылыстардың хәммесінің де өз тараған аймағы, мамандардың тілімен айтсақ, өз тараған ареалы бар (лингвистикалық географияны кейде “ареал лингвистика” деп те атайды, *ареал* кеңістік деген ұғымды білдіреді). Әр өлкенің жергілікті халқының тілінде нақтылы бір ұғымды білдіретін бір ғана сөздің жеке басының әр ұдай дыбыстық кейіпке ие болатын жайы да, сондай-ақ ұқсас грамматикалық формалардың бір-бірінен өзгеше тұлғалармен жасалу жайы да баршылық. Республикамыздың көпшілік жерінде *өңде*, *теңдік*, *таңдай* түрінде айтылатын сөздердің оңтүстік және оңтүстік өңірдің өн бойында жаппай *өңле*, *теңлік*, *таңлай* болып айтылуы – бір ғана сөздің дыбыстық тұрғыдан әр жердің қазағының тілінде әртүрлі құбылуының айқын көрінісі.

Мұндай құбылуларды былай қойғанда, тіптен бір жердің қазағының тілінде мүлдем жоқ дыбыстың екінші бір жердің қазағының тілінен табылатын да кезі бар. Қаратау, Жетісудан бастап Алтайға дейін желі боп тартылып жатқан қазақ жұрты тараған алқапқа түгел жайылған аффрикат *ч* дауыссызын біз Қазақстанның орталық, солтүстік немесе батыс алқабының бірде-біреуінен кездестіре алмаймыз. Оның есесіне бұл құбылыстың ареалы аталған қазақ өңірін былай қойғанда түркі халықтары шоғыр орналасқан Кіндік Азия, Орта Азия, Кіші Азия, Кавказ сияқты ұлан-байтақ территорияны түгел қамтитынын байқаймыз.

Бір грамматикалық категорияның ауқымында танылатын *барыңыз*, *барың*, *барғын* тәрізді тұлғалардың алғашқысы қазақ атаулының бөрінің тіліне түгел тарағанымен, кейінгі екеуін барлық өңірдің қазағының тілінен таба алмаймыз. Мұндағы *барың*, *барғын* деген тұлғалар оңтүстіктен тыс кейде қарақалпақ, түрікпен елімен көршілес өңірлердің қазағының тілінен байқалатын кезі бар. Грамматикалық

мағынасы жағынан бұл жердегі *-ыңыз, -ың, -ғын* дегендердің бәрі — бұйрық райдың сыйайгершілік мәніндегі екінші жақтың көрсеткіші. Айырма тек бұлардың бір жерде бір түрлі, екінші бір жерде басқа бір түрлі қосымшамен жасалуында.

Демек, бұл — қазақ тіліндегі мұндай жергілікті өзгешеліктер тек сөздердің соқа басын қамтып қоймай, тілдің дыбыс жүйесі, грамматикалық құрылысы, сөз саптау машығы, фразеологизмдер сияқты белді-белді салаларының баршасын қоса қамтиды деген сөз.

Лингвистикалық картаға түсіретін тілдік құбылыстарды іріктеу — ерекше талғам тілейтін жұмыс. Әрине, кез келген тілдік құбылыстың өз тараған географиялық аймағы болатыны шүбәсіз. Картографиялық жұмыстың алдына қойып отырған мақсатына лайық сол құбылыстардың арасынан тілдің я оның диалектілерінің жүйесін өзгелерден оқшаулап, даралап көрсете аларлықтай белгілерді талғам таразысынан өткізіп, елеп-екшеп ала білу керек. Оның үстіне картографиямен қамтылатын географиялық өңір ол жерде тұратын халықтың ежелгі заманнан тұрып келе жатқан атамекені, дәстүрлі қонысы болу керек.

50-жылдардың аяқ тұсынан бастап лингвистикалық географияның ғылыми-теориялық негіздері мен методикалық-практикалық проблемаларын сөз етуге арналған зерттеулердің бұрынғы Кеңес Одағының ғылыми орталықтарында кең өріс алуы — тіл білімінің бұл саласының ұлт республикаларында дамуына айта қалғандай қозғау салды. Осы серпілістің, әсіресе, орыс тілі диалектілерінің лингвистикалық география әдісімен зерттелуі, орыс тілінің диалектологиялық атласының жасалуы лингвистиканың бұл тарауының бізде де күн тәртібіне қойылып, назарға алынуына зор ықпалы болды.

Оның үстіне 60-жылдардың бас шенінде түркі диалектілерін зерттеу мәселесіне арналып, жер-жерде өткізіле бастаған ғылыми мәслихаттарда да бұл мәселе дүркін-дүркін қозғалып, КСРО-дағы түркі тілдердің лингвистикалық атласын жасау үшін дайындық жұмыстарына кірісу керектігі жиі айтылып жүрді.

Түркі тілдерін зерттеуге лингвистикалық география әдісін пайдалану қажеттігін алғаш қозғап, оны қалай бастау керек екені жөнінде методикалық ақыл-кеңес берген В.И. Жирмунский болатын. Бұл кісі 1960 ж. Алматыға келген сапарында Ғылым академиясында болып, Тіл мен әдебиет институтының ғалымдары алдында жасаған баяндамасында диалектологиялық атлас жасау мәселесін қашан арнайы түрде қолға аламыз дегенді күтіп отырмай-ақ, қолда бар жиналып-терілген деректер негізінде картографиялық жұмыстарды бастай беру керектігін айтқан болатын. Мәселен, Қазақстанның оңтүстік-шығысына тараған сөз басында жүйелі түрде ұшырай-

тын аффрикат *ч* дауыссызының қолданылуын бейнелейтін *шапан-чапан* сияқты сөздерді қазірдің өзінде карта бетіне түсіре берсе де болады дегенді айтқан еді. Кейін осы пікірін жалғастырып, түркі лингвистикалық географиясының мәселелері туралы бірнеше дүркін баяндама жасап, мақалалар жариялады.

Қазақ лингвистикалық географиясы қазіргі А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 60-жылдардың орта шенінен бастап жоспарлы түрде қолға алынды. Қазақ тілінің диалектологиялық атласына арнайы мөлімет жинау үшін Ж. Досқараев пен Ш. Сарыбаев 1966 жылы қазақ диалектілерінің дыбыс, лексика, грамматика жүйесін қамтитын 145 сұрақтан тұратын бағдарлама жасап, оны кішкене қойын дәптері түрінде баспадан шығарды.

Осы бағдарлама бойынша 1966–1969 жылдардың аралығында жер-жерге диалектологиялық экспедициялар шығарылып, олар Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығыс өңірін, Орта Азия республикаларының қазақтар шоғырлана орналасқан аудандарын қамтып, қыруар дерек жинады. Осы деректер негізінде бір топ қазақ диалектологтары 70-жылдардың бас кезінде аталған өңірлерден жиналған тілдік құбылыстардың арасынан басты-басты дегендерін іріктеп алып, карта бетіне түсіріп, 250-ден астам лингвистикалық карта жасап шығарды. Бұл карталар әлі жүйеге келмеген, редакциялық өңдеуден өтпеген, алғашқы жасалған нұсқа күйінде Тіл білімі институтының бұрынғы Қазақ диалектологиясы деп аталған бөлімінің қорында сақтаулы тұр.

Қазақ тілінің диалектологиялық атласын жасаудың бірқатар методикалық мәселелерін сөз ететін Ш. Сарыбаевтың алғашқы мақаласы “Советская тюркология” журналының бетінде 1972 жылы жарық көрген болатын. Содан бері қазақ тілі лингвистикалық географиясының өртүрлі мәселелерін сөз ететін зерттеу мақала, жеке кітаптар баспа жүзінде жарияланды.

Бұлардың ішінде марқұм Т.Айдаровтың “Лингвистикалық географиясы”, Өзбекстан жеріндегі қазақтардың тілін лингвистикалық география тұрғысынан зерттеуге арналған кітаптары мен осы жолдар авторының “Қазақтың халық тіліндегі дыбыстық құбылыстардың географиясы” деп аталатын монографиясы бар. Атласқа деп жиналған фонетикалық ерекшеліктерді ішінара түсіндіруге арналған О.Нақысбековтің мақаласы да бұл саладағы алғашқы мақала зерттеулердің бірі.

Жоғарыда аталған тікелей лингвогеографиялық мақсатпен жиналған материалдарды, сондай-ақ қазақ диалектологиясы проблемаларына арналған монографиялық еңбектерді, мақала зерттеулерді, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қазақ диалектологиясы картотека қорындағы жылдар бойы жинақталған

деректерді, диалектологиялық сөздіктерді кеңінен пайдалана отырып, қазақ диалектологиясының белгілі мамандарының бірі О.Нақысбеков екеуміз қазақ диалектілерінің фонетикалық жүйесін лингвогеографиялық тұрғыдан жіктестіруге арналған “Қазақ тілінің кіші лингвистикалық атласы” деген карталар сериясын жасап шығардық. Бір жүз он жеті лингвистикалық картадан тұратын бұл еңбекте құрастырушылар қазақ сөйленістеріне тән деген құбылыстардың ең басты-бастыларын қал-қадірінше кеңірек қамтуға тырысты. Қазақстан жері мен Ресейдің, Орта Азия республикаларының ішкі қоныстарында, сондай-ақ бізбен іргелес өңірлерінде тұратын қазақтардың сөйлеу машығында кездесетін фонетикалық белгілерді лингвогеография тілімен түсіндіруді көздейтін бұл еңбек осы саладағы алғашқы тәжірибе болып отыр. Осы бір шағын атласты құрастырушылар ілгеріде қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесімен қатар олардың грамматикалық құрылысын, лексикалық ерекшелігін қоса қамтитын бұдан анағұрлым көлемді әрі салалы лингвистикалық атлас жасап шығаруды көздеп отыр.

Профессор Қ. Жұбановтың қазақ тілінің диалектілік белгілері жөніндегі көзқарастары*

Тілімізді диалектологиялық тұрғыдан зерттеумен арнайы шұғылданбаса да, өзге тілдер сияқты қазақ тілінің де диалект атаулыдан құр алақан еместігін айтқан, ондағы диалектілік құбылыстардың пайда болу жолын түсіндіруге алғаш ұмтылған тіл мамандарының бірі профессор Қ.Жұбанов екенін жұрттың бәрі біле бермейді. “Қазақ әдебиеті” газетінің 1935 жылғы 20 ноябрьдегі санында жарияланған “Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі” деген мақалаға назар аудару — бұл секілді пікірдің шүбәсіздігіне көзімізді жеткізеді. Мақала қазақтың халық тілінің, әсіресе, оның әдеби нұсқасының революциядан кейінгі даму жай-жапсарын баяндауды негізгі мақсат, нысана етіп алғанымен, тіліміздің даму, өркендеу сапарында оның бағзы бір замандарда басынан кешкені хақында да келелі кеңес, әңгіме қозғайды. “Бұл, ең алдымен, қазақ тіліндегі диалектілік белгі ең-танбаның ө деп пайда болуы мен оның қазақ тілі топырағында ірге тебуінің қыр-сырына үңілу, соған із кесіп іздеу салу. Бұл ыңғайда қазақ елінің басын қосып, қонысын біріктіріп, ұлан-байтақ сахараны шарлай көшкен жұрт тілін бір арнаға тоғыстырған, бір шаңырақтың астына ұйысқан тілдік мәдениетке

* Мақала “Жұбанов тағлымы” атты республикалық конференция материалдарының жинағында (Ақтөбе, 1998) жарияланған.

ие еткен дәуір — Россия патшалығына қараған, соның билігіне мойын ұсынған дәуір емес, бұдан арғы дәуір еді”, — деп түйеді зерттеуші. Егер жазба тарих өлшемімен алсақ, Қ.Жұбанов айтып отырған қазақтағы тіл тұтастығының көпшілігін бір қазанда қайнатып, бір ошақтан өрбіткен кешегі Алтын Орда мемлекетінің шайқалған, ұсақ-ұсақ хандықтарға ыдыраған тұсқа доп келеді. Қазақ хандығының құрылуы да — осы бір ірі тарихи шайқастың жаңғырығы.

Қазақтағы со бір кезеңдегі тіл тұтастығын ғалым елдің әлеуметті хал-ахуалындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі объективті факторларға сүйене отырып былай дәлелдейді: “Көшпелі мал шаруашылығы және жер-мүліктің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен Арал суына, Ертістен көшіп, Сыр құлауына, Шудан көшіп, Жайық келуіне толық мүмкіндік беретін еді. Бір ру мен екінші ру ғана емес, ол кезінде бір жүз бен екінші жүздің от-суы әрі малдың сезон-сезондағы жайылымы қазақ елін қыдыртып, бірінің үстіне бірін құлата беруші еді... Осылардың нәтижесінде қазақ мәдениетінің, оның ішінде қазақ тілінің бірігуі, тұтасуы, өзінше өркендеуі пайда болды”.

Патшалы Россияның қол астына қарағаннан кейін бұл тәрізді қазақ тұрмысындағы ежелден ірге тепкен дәстүр түбегейлі өзгеріске түсті. Автордың өз сөзімен айтқанда: “Шет жаудан қорғану міндеті де, ішкі көпшілікті дегеніне көндіру міндеті де үкімет қолына көшті. Бұрын мал бағып, малы мен басын қорғауға қоғам болған қоғамдық санасы бар қазақ енді тек малшы болды. Өз малы мен өз басының қамынан басқа оған ойлайтын еш нәрсе қалған жоқ. Сөйтіп, азаматтық санасы кеміді... Жер пайдаланудың жаңа түрі ауылда крепостнойлыққа ұқсас қатынас тудырды, бұл жұртты одан жаман демократияландырды. Қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала бастады. Қатынас тоқтады. Әр жердегі қазақ әртүрлі жағдайда күнкөріс жасап, өз бетімен кетуге, мәдениет бірлігін сөгуге айналды. Қазақ тілінің диалектілері дейтініміздің бірқатары, міне, осы дәуірде, осы ыдыраудың нәтижесінде туды”.

Автордың бұл пікірі, әрине, қазақтағы диалект біткеннің баршасының пайда болуы дәл осы бір ғана кезеңге келіп тіреледі дегендік емес. Мақала иесінің өзі әдейілеп көрсеткендей, бұл жерде мәселе тек диалектілердің бірқатары жөнінде болып отыр. Оның үстіне бұл кісінің мұндағы “диалектілер” деп атап отырған объектісін тіліміздің диалектілік ерекшеліктері, жергілікті тіл элементтері көлемінде ұққан абзал. Олай дейтініміз, біз осында кейінірек әңгімелегелі отырған тағы бір еңбегінде оқымысты диалект деген терминді тура осы мағынада қолданған. Мәселен ол: “Диалектілер түрлі болады: дыбыс диалекті, морфология диалекті, лексика диалекті” деп қолданады. Мұндағысы, әрине, фонетикалық (дыбыстық), морфологиялық,

лексикалық диалект белгілерді айтып отырғаны. Сонымен бірге “Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі” деген мақаласының тағы да бір жерінде де автор бұрын “диалектілік” жоқ деп келген қазақ тілінде болар-болмас “жарқыншақ” барын енді-енді сезіп жүрміз дегенді айтады. Осындағы “диалектілік” дегені де, “жарқыншақ” дегені де, сөз жоқ, әңгіме төркінінің мұнда диалектілік элементтерге барып саятынын аңғартады.

Баяғы заманнан келе жатқан рулық-тайпалық жіктелістің тігісі қазақ диалектілерінің ежелгі дәстүрлі белгілерінен қол үзе, там-тұмдап болса да территориялық оңге ие бола бастауы сахараның орыс патшалығының құзырына кошкен дәуірмен тұстас келетінін зерттеуші жіті байқаған. Тіліміздің диалектілерінің дамуындағы бұл процесс әлі аяқталып болған жоқ. Қазақ диалектілері байырғы рулық-тайпалық ен-таңбадан ада-күде ажырап, біржола территориялық сипатқа ауысып үлгерді деп қазір айта алмаймыз.

Таралу шегі кейбір тайпалардың (ұлыстардың) географиялық шегімен дөп түсіп жататын белгілер қазақ тілінде әлі де жоқ емес.

Қазақ даласының белгілі бір ғана өңірін мекендейтін жергілікті халықтың сөз саптау машығына тән, өзге өңірдің қазағына беймәлім сөздердің, дыбыстық нышандардың, грамматикалық тұлғалардың болатыны жөніндегі түсінік еңбектерінің әр тұсынан-ақ елес беріп отырады. Қазақ сөздерінің сөйлем ауқымында орналасу ыңғайын тарихи тұрғыдан әңгіме қылатын кітабында Қ.Жұбанов сөздің аяққы шебіндегі *у, қ* дауыссыздарының алмасу жайында талдау үстінде *сұрау, қыстау* тәрізді тұлғалардың *сұрақ, қыстақ* деген секілді балама нұсқаларының қазақ топырағының түскей атырабына тән екенін айтады [1, 37]. Бұл тұлғалардың екі нұсқасының екеуі де қазір әдеби тілімізде жарыса қолданылып жүргені мәлім.

Ғалым аталған еңбегінің тағы бір жерінде *үйге шейін, ертеңге шейін* деген тәрізді ретте айтылатын ел-жұрттың бәріне таныс *шейін* деген шылауды солтүстік өңірдің қазақтары *шекейін* деген үлгіде қолданылатынын айтқан [1,65]. Мұндағы автордың дәлелдегелі отырғаны осы сөздердің географиясы емес, сөз ішінде келген *й, қ* дауыссыздарының төркіні ортақ дыбыстар екендігі. Бұл сөздердің географиясын көрсетіп беруді көздеп отырмаса да, олардың қайсысының қай аймаққа тән сөз екенін объективті түрде айтып отыр.

Қазақ тілінің ірі білгірі Қ.Жұбанов секілді ғалымның қазақтың халық тілінде диалектілердің кәміл бар екенін байқамауы әсте мүмкін емес қой деген ой бұрын да әркімдердің көкейінде жүруші еді, ғалымның еңбектеріне тереңірек зер сала үңілу ол кісінің бұл саладағы сенімінің басы мейлінше ашық екеніне еш күдік тудырмайды. Осы бір пікіріміздің және бір айғағы ретінде белгілі

тіл маманы, ҚазПИ-де ұзақ жылдар бойы ұстаздық етіп, кезінде Қ.Жұбановпен бірге бір салада еңбек еткен ғалым Шамғали Сарыбаевтың архивінде сақталған Қ.Жұбановтың “Қазақ тілінің жоғарғы курсы” деп аталатын тезис түрінде жазылған лекциялар жинағын атауымызға болады. Бұл лекциялардың бірде-біреуі өлі баспа жүзін көрген емес. Тек осы Шамғали Сарыбаевтың қолындағы үлгіде ғана сақталған. Лекциялардың жинағынан көрінетіні: Қ.Жұбанов – қазақ тілінде диалектілік белгілердің бар екенін жалаң атап өтумен шектелмеген адам. Ол мұнда қазақ тіліндегі диалектілік ен-таңбаның тіл жүйесінің қай тарауында байқалатынын саралап, дәл көрсеткен. Анығырақ айтсақ, лекциялардың “Диалектология” деп аталатын 27-параграфта автор қазақ тіліндегі диалектілік құбылыстарды фонетика, лексика, морфология, синтаксис тәрізді нақтылы төрт салаға бөледі де, олардың әрқайсысына мысал келтіреді, *диалект, говор, наречие* деген терминдерге қысқаша түсінік береді. Әсіресе, лингвист еңбегіндегі “Дүниеде диалектісіз тіл болған емес. Халық тілі – диалект жинағы” деп қорытындылайтын жері – шындап көңіл қоярлық тұжырым. Бұдан ғалымның қазақ диалектілеріне деген көзқарасының қалай екені тайға таңба басқандай айқын сезілсе керек. Лекциялардың осы бөлімінде В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский сияқты революциядан бұрынғы түркологтердің қазақ тілінің диалектілік құрылысына қатысты жол-жөнекей айтқан пікірлері барын да еске салған.

Мұндағы “Лекциялар жинағы” деп отырғанымыз – Қ.Жұбановтың жоғары мектеп пен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері алдында 30-жылдарда оқыған лекцияларының тезис, конспект түріндегі сүлдесі ғана. Ол кезде магнитофон жоқ, стенограмма дегеніміздің өріс ала қоймаған дәуірі. Мына бір тұстағы пікірі қалай еді деп сұрарға осы лекцияларды көзінің қарашығындай сақтап, бізге жеткізген адамның да бұл күнде көзі тірі емес. Алайда осындағы қысқа-қысқа тұжырыла айтылған, бірақ ойлары мейлінше анық хат бетіне түсіп қалған тезистердің өзі-ақ Қ.Жұбановтың қазақ диалектологиясы жөнінде ұстанған айқын платформасы бар ғалым болғанынан хабар береді. Оқымыстының тіліміздегі диалектілік құбылыстардың жігін жыға танығандығы, лекция оқу үстінде оларды әр саласына қарай ажырата, таптастыра отырғаны кәдіксіз байқалады. Осы ретте Қ.Жұбанов есімі қазақ диалектілерін басыбайлы зерттемесе де, ол туралы алғаш профессионал дәрежеде пікір айтып, ой түйген тіл мамандары қатарында тұруға әбден лайық.

Орайы келіп тұрған соң айта кетейік. Өткен ғасырдың аяқ шенінде жарық көрген П.М.Мелиоранскийдің қазақ тілі

грамматикасында Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігіндегі (1895) қазақ тілі туралы мақалада бұл тілді диалектісіз деп жариялады. Бұндай көзқарастың орын алуының бір ұшығы барша түркі тілін тек бір ғана тілдің диалектілері деп түсініп келген жалпы революцияға дейінгі түркологияға тән ортақ кемшілікте жатыр. Сол кездегі шығыстану өлеміндегі ірі тұлға Е.Б.Радловтың қазақ тілі туралы пікірін жете түсінбеушіліктің де тиісінше ықпалы болды. Өйткені В.В.Радлов қазақ тілінде диалектілік ерекшеліктердің бар екенін ада-күде жоққа шығармаған-ды. Ол тек: “Әр оңкей қазақ тайпаларының тілінде елеулі айырма жоқ” деп қана корсеткен болатын. Көңілде дүдәмал қалмас үшін В.В.Радловтың өзіндегі осы сөйлемнің орысша нұсқасын келтіре кетейік. “Значительной реакции в языке различных племен киргизов (т. е. казахов – С.О.) нет” [2, XXVI]. Көріп отырмыз, “елеулі айырма жоқ” деу – “айырма мүлдем жоқ” деумен бара-бар емес. Оның үстіне шығыс өңірде тұратын қазақтардың тілінде аффрикат *дж* дауыссызының сөз басында келетінін елдің бөрінен бұрын байқаған және мұндай аффрикат қазақ жерінің батысында кездеспейді дегенді айтқан. П.М.Мелиоранский болса, бертін келе: “Орынбор губерниясындағы қазақтардың тілі олардың Батыс Сібірдегі бауырластарының тілінен сәл өзгешелеу” деп жазып, алғашқы пікірінен басқаша қорытындыға келді. Аффрикат *дж* шығыс қазақтарының тілінде бар да, батыста жоқ дегенді бұл кісі де айтқан-ды. *Ч, дж* аффрикаттарын оңтүстіктің қай жері мен шығыс қазақтарының тілінен 20-жылдардың аяқ тұсында Э.А.Шмидт [4,302], А.Самойлович [5,324] сияқты ғалымдар да жазып алып, өз зерттеулеріне кіргізді.

Қ.Жұбановтың алдындағы қазақ диалектологиясына қатысты деректер мен пікірлердің ұзын ырғасы тек осылар ғана еді.

Әдебиет

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966.
2. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. СПб., 1870 Ч.3. Киргизское наречие. С.XXVI.
3. Мелиоранский П.М. Записи Восточного отделения Императорского русского археологического общества. СПб., 1899. Т. XI.
4. Шмидт Э.А. Материалы по родовому составу казахского населения юго-западной части Чимкентского уезда // В.В.Бартольд. Ташкент, 1927.
5. Самойлович А.Н. Казаки Кошагачского аймака Ойротской области // Казаки: Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Л., 1930.

Халық тіліндегі аффрикат *дж**

ж/дж дауыссыздарының алмасуы. Жергілікті халық тіліне тән фонетикалық белгілердің бірі *дж*-шылдық (джеканье), яғни аффрикат дыбыс *дж*-ның сөз басында қолданылуы. Қазақ тілі сөз басында аффрикат *дж*-дан гөрі жалаң *ж* дыбысын қолдануға бейім тілдер қатарында екені мәлім. Бірақ қазақ сөзінің басында жалаң *ж*-мен бірге аффрикат дыбыс *дж*-ның да ұшырайтынын ешкім бекерге шығарған емес. Алайда қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесіне үнділу – сөз басында *дж*-ны қолданатын говорларымыздың көлем жағынан сөздің дәл осы шебінде *ж*-ны қолданатын говорлармен салыстырғанда, анағұрлым шағын екенін аңғартады. *дж*-шылдық құбылыстың өте-мөте айқын байқалатын территориясы – қазақ жұрты тараған өңірдің шығысы мен оңтүстік-шығыс, сондай-ақ бұл құбылыстың ежелгі Хорезм төңірегі қазақтарының тілінде де байқалатын кездері бар. *дж*-ның осы өңірде қолданылатыны жөніндегі алғашқы деректі біз Ж.Аралбаевтың диалектологиялық жазбаларынан, сондай-ақ Б.Бекетовтің қарақалпақ арасындағы қазақтардың тілі туралы зерттеулерінен кездестіреміз. Осы өңірден тысқары қазақ говорларының бәрінде де сөз басына *дж* емес *ж* тән. Түркологиялық зерттеулерде қазақ тілінің сөз басында жалаң *ж*-ны қолданатын тілдер қатарында танылуы да көбіне-көп осы жағдайға байланысты. Сөз басында *ж*-ны қолданатын говорлар қазақ говорларының дені екені рас.

ж мен *дж*-ны сөз басында бірінің орнына бірінің қолданылуы жөнінде қазақ тілінің дыбыс жүйесінде географиялық жіктің бар екенін тұңғыш байқаған адам – П.М.Мелиоранский. Ол кісі батыс өңірдің қазағының тілінде бұл дыбыстың құрамында *д* тәрізді элементтің мүлдем жоқ екенін айтады [1, 8]. Ал қазақ жерінің бүкіл шығысында сөз басында *дж* қолданылатыны және оның құрамындағы *д*-ның құлаққа өте-мөте айқын естілетіні жөніндегі деректі біз В.В.Радловтан кездестіреміз [2, 26]. Қошағаш қазақтарының тілі туралы А.Н.Самойлович келтірген мәліметтерді де *дж*-ның мұнда сөз басына аса тән дыбыс екені айтылады. Ол кісінің өз сөзімен айтқанда былай дейді: “Алғашқы бөлегі әнтек *д* дауыссызымен айтылатын сөз басындағы *дж* дыбысын Қошағаш қазақтарының тілінен құлағым кәміл шалғанын бәрінен бұрын еске салғанды парыз деп білемін. Мұны Радлов барша шығыс қазақтарының тілінен байқаған болатын” [3, 208]. Анлаут *дж*-ның қазақ жерінің шығыс, оңтүстік-шығыс өңіріне кең тараған

* С.Омарбеков пен Н.Жүнісовтің “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі” (Алматы, 1985) кітабынан алынды.

құбылыс екені жөніндегі дерек қазақ диалектологтерінің көпшілігінде-ақ бар.

Говорларымыздың деніндегі жалаң *дж*-ның орнына аталған атыраптың қазағының тілінде аффрикат *дж*-ның қолданылуы да жоғарыда әңгіме болған фонетикалық құбылыстар тәрізді. Мұнда да белгілі дәрежеде бөгде тіл дерегімен сабақтастық бар. Аффрикат *дж*-ның қазақ арасына тараған жерінің бәрі осы дыбыс актив қолданатын тілдерімен коршілес өңір, осы себептен де зерттеушілердің бірқатары қазақ говорларындағы аффрикат *дж*-ның шыққан ізін көрші ағайын тілдердің әсеріне апарып тірейді. Мәселен, Б.Бекстов [4, 12], Ә.Нұрмағамбетов [5, 31] қарақалпақ арасындағы қазақтардағы *ж*-ның *дж*-ға өтуін оңтүстік қарақалпақ диалектісінің ықпалынан пайда болған құбылыс деп ұғынады. Аффрикат *дж*-ның Шу бойы қазақтарының тілінде мол қолданылуын қырғыз тілімен орайластырып қарайтын пікір О.Нақысбековтің зерттеулерінде де бар [6, 9]. Бұлай қарау бір есептен дұрыс та. Өйткені қазақ говорларынан осы құбылысқа қатысты жинастырылған деректердің қай-қайсысын алсақ та олардың баршасының қырғыз тілі дерегімен зор ұқсастығы барын аңғарамыз. Ол үшін мына томендегі мысалдарды салыстырып көрелік.

<i>Дж</i> -шыл қазақ говорларында	Қырғыз тілінде	Қазақ говорларының көпшілігінде	Қазақ әдеби тілінде
<i>джәйлау</i>	<i>джайлоо</i>	<i>жәйлау</i>	<i>жайлау</i>
<i>джаңар</i>	<i>джаңыр</i>	<i>жаңар</i>	<i>жаңар</i>
<i>джапалақ</i>	<i>джапалақ</i>	<i>жапалақ</i>	<i>жапалақ</i>
<i>джұп</i>	<i>джуп</i>	<i>жұп</i>	<i>жұп</i>
<i>джорға</i>	<i>джорго</i>	<i>жорға</i>	<i>жорға</i>
<i>джый</i>	<i>джый</i>	<i>жый</i>	<i>жи</i>
<i>джүрөк</i>	<i>джүрөк</i>	<i>жүрөк</i>	<i>жүрөк</i>
<i>джүгөн</i>	<i>джүгөн</i>	<i>жүгөн</i>	<i>жүген</i>
<i>джырттық</i>	<i>джырттық</i>	<i>жырттық</i>	<i>жырттық</i>
<i>джел</i>	<i>джел</i>	<i>жел</i>	<i>жел</i>

Анығында да, аффрикат *дж*-ның қазақ говорларына тараған географиясы осы дыбыс фонетикалық жүйесіне аса тән деген түркі тілдері мен диалектілеріне астас, шектес жатыр. Оңтүстік Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі *дж*-ның жон-жосығы туралы жоғарыда айтқанбыз. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы *дж*-ның жай-жапсары да осыған ұқсас. Мұнда да

оның оңтүстіктің барлық жеріне таралуы біркелкі емес, әсіресе, ол қырғыз елімен іргелес, аралас жатқан алқапқа молырақ тараған. Мысалға, республикамыздың оңтүстігіндегі қазіргі Жамбыл облысының әкімшілік территориясын алатын болсақ, соз басындағы *дж* мұның Қордай, Меркі, Луговой, Красногор, Шу тәрізді қырғыздарға жақын-жуық отырған оңтүстік беткейдегі аудандарында молырақ ұшырайды. Облыстың өзге жерлерінде бұл құбылыстың байқалуы некен-саяқ. Алматы облысы тұрғындарының тіліндегі *дж*-ның тағдырын қырғыз тілінің ықпалымен сабақтастырып қараудың орайы бар. Өйткені қазіргі Жамбыл облысының жері сияқты Алматы облысының жері де ежелден қырғыз елімен тығыз қарым-қатынаста болған өлкенің бірі. Атам заманнан қалыптасқан осы қарым-қатынастың әлі күнге арасы үзілмей, атадан балаға мұра есепті жалғасып келе жатқанын еске алсақ, әңгіме болып отырған фонетикалық белгінің екі халықтың тіліне де ортақ сыры болуының себебін ұғыну қиынға соқпаса керек.

Қырғыздардың Тянь-Шань алқабына ірге тебуінен әрідегі тарихқа жүгінсек те, говорларымыздағы аталған дыбыстық құбылысты қырғыз тілімен астарлас деп танудың еш оғаштығы жоқ. Талдықорған, Семей, Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігі мен Таулы Алтай автономиялы облысындағы Қошағаш ауданы, сондай-ақ Моңғолиядағы Баянөлгий аймағы қазақтарының да ертеде Енисей қырғыздарымен жақын-жуық қоныста өмір кешкені белгілі. Қырғыз елі мен қазақ елінің әрідегі байланысының тарихы сол бір орта ғасырлардағы дәуірден басталатыны аян. Қазақ халқы тараған территорияның көпшілік жерінде байқалмай, бұл құбылыстың оның тек оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында кездесуінде қырғыз жұртымен осындай арғы замандардағы жалғастықтың ізі, табы жатқаны аңғарылады.

Әрине, мұны айтқанда біз аталған өңірдегі говорларымыздың бәріндегі *дж*-ны тікелей қырғыз тілінің ықпалынан пайда болған дыбыс деп түйгелі отырған жоқпыз. Біздің түспалымызша, қазақ халқының құрамына енген қазақ жерінің қазіргі оңтүстігі мен оңтүстік-шығысына тараған ежелгі түркі ру-тайпаларының диалектілерінде *дж*-шылдық құбылыс бұрыннан-ақ болған. Бертін келе ол халықтық тіліміздің қалыптасуына негіз болған диалектілердің көпшілік тобының ықпалынан бірте-бірте әлсіреп, тек қазақ жұрты тұратын өлкенің шалғайында (пограничные зоны) ғана сақталып қалған. Сонда қазақ арасына *дж*-ның таралу географиясының көне мекен — Алтай төңірегінен басталып, қазіргі қырғыздармен шекаралас отырған өңірге барып ұласатынын көреміз. Бұрыннан тілімізде бар

осы белгінің қырғыздармен көршілес алқапта күні бүгінге дейін ізі көмескі тартпаса, оны тектес тіл – қырғыз тілінің жанама ықпалынан деп білуіміз қажет. Мұны тілде әуелден бар ен-таңбаның бөгде бір тілмен ортақ қарым-қатынас нәтижесінде ұзақ сақталуының айқын бір көрінісі десек болады.

Біздің бұған дейінгі әңгімеміз аффрикат *дж* дауыссызының сөз басында қолдану жайы болды. Бұхатын Базылханның дерегіне сүйенсек, *дж*-ның қазақ говорларында сөздің өзге шебінде де қолданылатын кездері бар. Дәлірек айтқанда, бұл автор Моңғол Халық Республикасында тұратын қазақтардың тілінде аффрикат *дж* сөз ішінде де қолданылады дегенді айтып, оған *қалджа, олджа, қанджар* деген бірнеше мысал келтіреді [7, 36].

ж, дж/й дауыссыздарының алмасуы. Орта Азияның ішкі қоныстары мен Қазақстанның соған іргелес жатқан аудандарында тұратын қазақтардың тіліне тән фонетикалық белгілердің бірі – кей сөздердегі ффрикатив *ж, дж* дауыссызының орнына *й* дауыссызының қолданылуы. Мәселен, *жоқ* немесе *джоқ* деудің орнына *йок* деп қолдану.

Мұндай дыбыстық құбылыс біраздан бері байқалып жүргенімен, қамтитын дерегінің көлем жағынан шағындығы себепті болу керек, диалектологиялық зерттеулерде көпке дейін еленбей келген-ді. Осы құбылысқа қатысты бірер сөзді біз Ж.Аралбаевтың 1947 ж. Қарақалпақ АССР-нің Қоңырат ауданында, К.Бердімұратовтың Тақтакөпір ауданында тұратын қазақтардың тілінен жинаған мәліметтерінен кездестіреміз. Сол секілді Ж.Досқараев та құрамалардың тілі жөніндегі мақаласында осы құбылысқа қатысты бірнеше мысал келтірген. Бұл жөніндегі деректердің ең молы – Б.Бекетовтікі. Оның бәрі Қарақалпақстанның оңтүстігін мекендейтін қазақтардың тілінен жиналған. Осы құбылыстың өзбек, түрікмендермен аралас отырған қазақтардың тілінде де бар екендігін дәлелдейтін біраз мағлұмат бар.

Аталған аймақтан тысқары жерде бірде-бір қазақ говорында *ж, дж* дауыссыздарының орнына *й* дауыссызы сөздің ұшар басында мүлдем қолданылмайды десек, қателескен болмаймыз. Түркі тілдер ішінде қазақ тілі сөз басында *ж, дж* дауыссыздарын аса жүйелі түрде қолданатын тілдердің бірі екені мәлім. Алайда өзбек, түрікмен, қарақалпақ арасы мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінде дыбыстық жүйемізге тән деген осы бір заңдылықтың еркін сақталмайтынын аңғарамыз. Мұның былай болуын осы ағайын тілдердің ықпалынан деп түсінуден басқа дәлел жоқ. Өзге зерттеушілердің жинастырған деректері де осы пікірдің дұрыстығына саяды [8, 67; 9, 13]. (Таблицаны қараңыз).

Орта Азия мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінде	Түрікмен тілінде	Өзбек тілінде	Оңтүстік қарақалпақ диалектісінде	Қазак говорларының көпшілік тобында
<i>йаш</i>	<i>яш</i>	<i>еш</i>	<i>йаш</i>	<i>жас//джас</i>
<i>йаш</i>	<i>яш</i>	<i>еш</i>	<i>йаш</i>	<i>жас//джас</i>
<i>йақини</i>	<i>яғшы</i>	<i>яқини</i>	<i>йағшы</i>	<i>жақсы//джақсы</i>
<i>йаңа</i>	–	<i>йана</i>	<i>янги</i>	<i>жана//джана</i>
<i>йетти/йети</i>	<i>еди</i>	<i>етти</i>	<i>йетти//йедди</i>	<i>жеті//джеті</i>
<i>йап</i>	<i>яп</i>	<i>еп</i>	<i>йап//йаб</i>	<i>жай//джай</i>
<i>йыл</i>	<i>йыл</i>	<i>йил</i>	<i>йыл</i>	<i>жыл//джыл</i>
<i>йағдай</i>	<i>яғдай</i>	–	<i>жағдай</i>	<i>жағдай//джағдай</i>
<i>йоқ/йақ</i>	<i>ек</i>	<i>йуқ</i>	<i>йоқ</i>	<i>жоқ//джоқ</i>
<i>йүз.йеки йүз</i>	<i>йүз</i>	<i>юз</i>	<i>йюз</i>	<i>жүз//джүз//дүз</i>
<i>йүр</i>	<i>йөр</i>	<i>юр</i>	<i>июр</i>	<i>жүр//джүр</i>
<i>йат</i>	<i>ят</i>	<i>ет</i>	<i>йат</i>	<i>жат//джат</i>
<i>йарым</i>	<i>арым</i>	<i>арим</i>	<i>йарым</i>	<i>жарым//джарым</i>
<i>йар сүйгөн</i>	–	–	–	–
<i>йар</i>	<i>яр</i>	<i>ер</i>	<i>йар</i>	<i>жар//джар</i>
<i>йаби</i>	<i>ябы</i>	–	–	<i>жабы//джабы</i>
<i>йығ</i>	<i>йыгна</i>	<i>йигна</i>	<i>йигна</i>	<i>жый//джый</i>
<i>бұ йақ</i>	–	<i>еқ</i>	<i>бу яқ</i>	<i>жақ//джақ</i>
<i>бу йер</i>	<i>ер</i>	<i>ер</i>	<i>йер</i>	<i>жер//джер</i>
<i>йалқау</i>	–	–	<i>йалқау</i>	<i>жалқау//джалқау</i>

Сөз басындағы *й* – Орта Азия жеріне тараған түркі тілдері ішінде әсіресе түрікмен тіліне мейлінше тән белгі екені белгілі. Қыпшақ текті говорларын есептемесек, өзбек диалектілерінің басым тобы мен әдеби тілінде де біздегі *ж* (*дж*) орнына сөздің анлауында үнемі дерлік *й* қолданылатыны белгілі. Ал қарақалпақ тілі болатын болса, бұл тілдің өзінің де дыбыс жүйесінің аталған тілдердің ықпалына молырақ шалдыққаны байқалады. Сөз басындағы *й*-дің оңтүстік қарақалпақ диалектісіне бірқыдыру кең тарауы – соның бір мықты бір дәйегі десек болғандай. Бірақ зерттеушілер арасында мұны басқаша түсіндіретін де көзқарас бар. С.Е.Малов қарақалпақ тіліндегі *ж*, *дж*, *й* дауыссыздарының сөз басындағы тұрақсыздығын бөгде тілдің ықпалы деуден гөрі қарақалпақ тілінің өзіне әуелден тән қасиет деп тануды мақұлдайды. Ол кісінің түсіндіруінше, бұл жағдайдың өзі қарақалпақ халқының, оның тілінің қалыптасуына негіз болған этностық-тілдік ортаға байланысты [10, 67].

Н.А. Баскаков солтүстік қарақалпақ диалектісінде сөз басында көбіне-коп *ж* (*дж*) дауыссыздары айтылатынына, сондай-ақ қарақалпақ әдеби тіліндегі норманың да осылай екеніне қарамастан

республиканың оңтүстік аудандарының қарақалпағы *й* дауыссызын *ж* (*дж*) орнына факультатив қолданатынын айтады [11, 86]. Ал келтіріліп отырған мысалдардың дені АССР-дің Тортқұл, Беруни, Амудария тәрізді оңтүстік аудандарында тұратын қазақтардың тілінен жиналған.

Мінекей, осындай-осындай себептерге сүйенсек, өзге говорларымыздың бәріндегі сөздің бас шебіндегі *ж* (*дж*) дауыссызының өзбек, түрікмен, қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тілінде неліктен *й* дауыссызымен алмасатынын түсіну аса қиын емес. Сөз жоқ, аталған өңірдің жергілікті қазақтарының тіліндегі бұл құбылыс та бөгде тілдік ықпал нәтижесінде пайда болған құбылыс. Қазақ говорларының өзгесінде мұндай құбылыс неге байқалмайды деген сауалдың жауабы да, сондай-ақ оның таралу географиясының аталған өңірмен шектелуі де осындай байламның дұрыстығын құптайды.

Түркі сөзінің басына тән фонетикалық заңдылық тұрғысынан алғанда, әңгіме болып отырған дауыссыздардың бір-бірімен алмасуы – аса бір көңіл аударарлық белгі. Қазіргі түркі тілдері ішінде сөз басындағы *й* әзербайжан, түрік, түрікмен, гагауз тәрізді оғыз тобындағы тілдерге өте-мөте тән. Сондай-ақ бұл дыбыстың сөздің осы шебінде жиі қолданылуы өзбек, ұйғыр (қарлұқ тобы), құмық, башқұрт, татар, қарайым, ноғай (қыпшақ тобы) тілдерінде де бар. Бұлардан өзге түркі тілдерінің бірқатарында сөздің осы шебіндегі *й* орнына спирант *ж* мен аффрикат *дж* қолданатынын байқаймыз. Қырғыз, қарақалпақ, қарашай-балқар тілі, сосын өзбек, ноғай, татар тілінің кей диалектілері, біздің тіліміз – осындай тілдер. Тіпті түркі тілдері мен диалектілерінің кейбіреуінде осы позициядағы *й*, *ж*, *дж* дауыссыздарының орнына басқаша дыбыстардың қолданатын да ыңғайы бар. Мәселен, хакас, шор, тува, тілінде аталған дауыссыздардың орнына сөз басында *ч*, якут тілінде *с*, чуваш тілінде *с*, татар тілінің кей диалектісінде *з*, ал алтай әдеби тілі мен диалектілерінде *ть*, *дь*, *ч*, *нь*, *кь*, *гь* дауыссыздары жұмсалады (Кейінгі тілде *й*-дің де қолданылатын сөздері бар). Айталық, казак, қырғыз, қарақалпақ, қарашай-балқар тіліндегі, өзбек, ноғай тілінің кей диалектілеріндегі *жат*//*джат* етістігі түрік, түрікмен, башқұрт, ноғай әдеби тілінде *йат*, өзбек әдеби тілі мен қалалық говорларында *йот* түрінде ұшырайтыны белгілі. Біздегі *жыл* сөзінің алтай диалектілерінде *йыл*//*дьыл*//*чыл*, *жең* дегеннің *дынь*//*ньень*, *жетіп* дегеннің *кьедип*//*гьедип* деген нұсқалары бар [12, 70]. Демек, қазақ сөзінің басындағы *ж* (кейде *дж*) өзге түркі тілдері мен диалектілерінде сөздің осы шебіндегі мына секілді дыбыстармен сәйкеседі екен: *ж*, *дж*, *й*, *д*, *т*, *ч*, *з*, *с*, *н*, *к*, *г* (*ж* (*дж*) дауыссызының *д*, *т*, *н* дауыссызымен алмасуынан қазақ тілінің дыбыс жүйесі де құралақан емес. Халық тілінде *жүзік*//*дүзік*, *жүзу*//*дүзу*, *жүз*//*дүз*, *Жүсін*//

Дүсін//Нүсін, жүзген//дүзген//түзген (өсімдік) тәрізді сөз нұсқаларының кездесуі осыған дәлел). Сондай-ақ сөз басындағы *й*, *дж* дауыссыздарының кейде айтылмай түсіп қалатын реттері де болады. Мұндай жағдайдың байқалуы әзербайжан, қарашай-балқар тілдерінде, көнедегі кейбір қыпшақ жазбаларында бар. Сондай-ақ кейде *й*-дің протеза түрінде пайда болатын тілдері де бар [13, 266].

ж (*дж*) және *й* дауыссыздарының сөз басында қайсысы денірек қолданады деген тұрғыдан алғанда қазіргі түркі тілдерінің басым көпшілігі екі ірі жікке ажыратылады. Мұның бірі — *й* тобы да, екіншісі — *ж* (*дж*) тілдер тобы немесе *й*-шыл және *ж*-шыл (*дж*-шыл) тілдер тобы.

Түркі сөздерінің басына тән осы екі ұдайы дыбыстық белгінің тым әріден келе жатқан белгі екенін көнедегі жазба нұсқалардың мәліметі де құптады. Бұл хақында әсіресе М.Қашқаридің өз аузымен берген мағлұматтары аса көңіл аударарлық. Сөздіктің кіріспе бөлімінде автор: “*й*-мен басталған есім және етістіктердің басқы дыбысын оғыз бен қыпшақтар *а*-ға яки *дж*-ға айналдырады” деп көрсетеді [14, 66–67]. Сөздікте осы екі айырым белгінің қайсысы қай түркі тілінде айтылатынын түсіндіруге арналған салыстырма мысалдар бар. Мәселен: “Түріктер *дүр*, меруертті *йінжу* десе, оғыздар *жинжу* деп айтады” — дейді автор. Кіріспедегі салыстырма мысалдардан тыс сөздікке *ж* (*дж*)-дан басталатын реестр сөздердің ірі тобы кірген [14, 88].

дж-шылдық белгінің М.Қашқаридың “Диванынан” арғы дәуірлерде де болғандығы жөніндегі мәліметтерді өзге зерттеушілерден де табуға болады [15, 17–24]. Алайда сөз басына тән осы екі ұдай фонетикалық қасиеттің жүйелі түрде сақталуы некен-саяқ. Түркі тілдерінің біразында ол көбіне аралас күйде ұшырайды. Сондықтан тілдердің *дж*-шыл (*дж*-шыл), *й*-шыл тобы дегенді осы екі белгінің қайсысы қай тілде молырақ байқалады, қайсысы қай тілде басымырақ деген тұрғыдан алып қараған абзал. Мәселен, өзбек әдеби тілі мен қалалық говорларында сөз аңлауына *й* тән болғанымен, қыпшақ текті өзбек говорларында оның орнына *дж* қолданатынын көреміз [16, 60]. Осындай жағдай ұйғыр тілінің диалектілерінде де бар [17, 89].

Осы орайда назар аударма кететін бір жай — мынау. Ол — сөз басындағы *ж* дауыссызының орнына *й*-дің қолдануының жоғарыдағыдан басқаша бір түрі. Мәселен, *келе жатыр*, *ол жер* деудің орнына *келе йатыр*, *о йер* деп қолдану. Бұл туралы мәлімет диалектологиялық зерттеулердің көбінде бар. Бұл жерде біз тек оның жоғарыда әңгіме болған *ж* (*дж*) / *й* алмасуынан өзгешелігі неде скеніне сәл тоқтала кетпекпіз.

Біріншіден, *ж* (*дж*) / *й* алмасуының бұл түрінің таралу географиясы оның жоғарыда сөз болған түрімен салыстырғанда

әлдеқайда кең. Ол қазақ говорларының бүкіл оңтүстік және батыс тобын, сосын оңтүстік говорлардың батыс жақ бөлігін түгел қамтиды.

Екіншіден, *ж* (*дж*) / *й* алмасуының бұл түрі байқалатын позицияны сөздің ұшар басы деп айтуға сыймайды. *бу йақ, қа йақ, міне йер, бара йатыр, келе йатыр* дегендегі сөздердің бір-бірімен тіркескен жігі бұл [*бұ*] *жақ, қай [қа] жақ, міне жер, бара жатыр, келе жатыр* дегендегідей айқын емес. Ондағы тіркесуші сыңарлар бір-бірімен әбден жымдасып, бірігіп кеткен. Сондықтан олар әрқашан тұтас сөз тәрізденіп, жігі ажырамай айтылады. Бұларды бір-бірінен бөліп жазып көрсетуіміздің өзі шартты ғана. Диалектологиялық жазба үшін дұрысында оларды *бұйақ, қайақ, мінейер, өйер, сөйер* деген ретпен біріктіріп жазған абзал. Сөздердің дәл осындай тізбегіндегі *йақ [жақ], йер [жер], йатыр [жатыр]* деген компоненттердің басқы дыбысы *й* сөздің ұшар басындағы дыбыс болып есептелмейтіні осындай себептерге байланысты. Бұл жердегі фонетикалық өзгеріс, анығында, тіркестің алғашқы сыңарының соңғы дыбысының ықпалынан болатын позициялық өзгеріс. Өйткені мұндағы *йақ, йер, йатыр* деген сөздер ауыспалы типтегі говорлардан тыс жерде дербес тұрғанда еш уақыт тілімізде *й*-мен айтылмайды. Әрі олардың осы фонетикалық нұсқада жұмсалуды өзге сөздерге ілес келген жерде де әзірге байқаған емеспіз (әрине, ауыспалы деп отырған говорлардағы жағдай басқаша, оны жоғарыда айттық).

Қазақ тілінде мұндай фонетикалық өзгерістің байқалатын жері – көбіне *жақ, жер* сөздерінің *бұл, сол, ол, қай* есімдіктеріне, *жатыр* сөзінің көсемше тұлғалы етістікке (*-а, -е*) ілес айтылатын сөз аралығындағы жік екендігін келтіріліп отырған мысалдардан айқын көреміз [6, 55]. Мұндайда аталған есімдіктердің соңындағы дауыссыздар түсіп қалып, олар ылғи да *бу, со, о, қа* деген аяғы дауыстымен тынатын келте нұсқада айтылады. Бұлардың осылайша айтылуы кейінгі сөздің басқы дыбысының өзгеріске түсуінің (*ж/й*) бейне бір шарты есепті. Мысалы: *бұл жақ-бұйақ, сол жер-сөйер, бүйер (бұл жер), өйер (ол жер)* дегендердің құрамындағы есімдіктердің *сө, бұ, ө* болып жіңішке нұсқаға ауысуы кейінгі сөздің құрамындағы *е* дауыссызының регрессив ықпалынан.

Ал *жатыр* етістігінің алдындағы *бара, келе* дегендер дауыстыға аяқталған сөз болғандықтан (*-а, -е* тұлғалы көсемше), ол бағзы күйінде өзгеріссіз айтылады. Мысалы: *келе жатыр – келе йатыр*. Дауысты дыбыстан кейін *іле-шала* айтылған *дж, ж* дауыссыздарының әлсіреп, *й*-ға айналуы өзге түркі тілдерінде де бар [16, 60].

Фонетикалық өзгерістің бұл түрін бір есептен аталған сөздердің жігіндегі *ж* дауыссызының тұрақсыздығымен байланыстырып қарауға да болады. *Бара жатыр, келе жатыр* дегендердің ауызекі тілімізде кейде *баратыр, келатыр* болып құбылуы бұл орындағы *ж*

тұрақсыздығының жанама бір кепілі деуге келеді. Бәлкім осы тұрғыдан алғанда бұл жердегі *й*-дің пайда болуын орыс тіліндегі дәнекерлегіш дауыстының (соединительные гласные) қызметімен салыстыруға да болар.

Дыбыс алмасуының *дж/ж* түрі мен *жс* (*джс*) / *й* түрінің арасында сабақтастықтың бар екені жоғарыда айтылған жайдан белгілі. Егер қазақ говорларының өз ішіндегі жайды алатын болсақ, онда дыбыс алмасуының жоғарыдағы екі түрінің басын мынадай ортақ схемамен біріктіріп көрсетуге болады: *джс/жс/й*. Яғни қазақ говорларындағы дауыссыздардың бұл тобы сөздің бас шебінде келген жерде бірінің қызметін бірі атқаруға аса бейім. Ал енді түркі тілдердің жалпы фонетикалық жүйесіне келгенде бұл дыбыстардың алмасатын дауыссыздарының саны тіптен көп екенін айтуымыз керек. Біздегі *джс*, *жс*, *й* дауыссыздары өзге түркі тілдерінде бұлардың өздерінен тыс *д*, *т*, *ч*, *з*, *с*, *н*, *к*, *г* секілді дауыссыздармен де алмаса алады. Мысалы, түрік, әзербайжан, гагауз, түрікмен, өзбек, құмық, башқұрт әдеби тілі мен орхон-енисей, ұйғыр жазбаларында *й* дауыссызынан басталатын *йол* (*жол*), *йер//ер* (*жер*) тәрізді сөздер қырғыз тілінде *джол*, *джер*, татар тілінің мишер диалектісінде *зул*, *зер*, алтай тілінде *дьол*, *дьер*, хакас, тува тілінде *чир//чер*, якут тілінде *суол*, *сир* болып айтылады.

Жоғарыдағы мысалдарға қарап отырып, мұндағы дыбыс оппозициясының бір жағын *й* деп, қалғандарын соған карама-қарсы дауыссыздар есебінде оппозицияның екінші жағына топтауға болады. Түркі тілдердегі осы дыбыстық оппозицияның қай жағы бұрын пайда болған деген сауалдың төңірегінде айтылған түрлі-түрлі пікір бар. М.Рясянен сөз басындағы *й* прагүрік тіліне тән дыбыс деп ұғынып, осы позициядағы онымен алмасатын дауыссыздарды осыдан өрбіген дыбыстар деп біледі [18, 160]. Н.А.Баскаков сөз басындағы *джс*-ның *й*-дан өрбуі туралы жоғарыдағы пікірдің шүбәлі екенін айтады. Бұл кісінің пікірінше, мұндағы *й*-дың өзі қайта, керісінше, аффрикат, фрикатив (ызың) дыбыстардан өрбуі әбден ықтимал [18, 216]. А.М.Щербак болса, сөздің осы шебіндегі *й*-дің арғы төркіні тісаралық қатаң спирант дыбысқа барып тірелетіні жөніндегі пікірді ұсынады [19, 79]. Кейінгі ғалымның бұл жөніндегі пікірінің ұзын-ырғасы мынадай: чуваш, якут тілдерінде бұл дыбыс өзінің алғашқы сапасын тым тәуір сақтаған. Ал бұл екі тіл болатын болса, оның екеуінің бойында да көне тілдік белгілердің молырақ сақталғаны жұрттың бәріне таныс жай. *й* – ежелгі праформаның ең солғындаған үлгісі. Сондықтан да оның қазір біршама жас тілдер деп танылып жүрген оғыз тілдеріне өте-мөте тән болуы осыдан. Анлауғтағы бастапқы қарқынды дауыссыздардың солғындауы өзге тілдерден гөрі оғыз тілдерінде көбірек байқалатыны да осының бір дәлелі есепті.

Бұдан әрі А.М.Щербак шұғыл, ызың дауыссыздардың түркі тілдерінде *й*-ға өтуін дәлелдейтін бірнеше мысал келтіреді. Мәселен, парсы сөзі *жанның*, араб сөзі *жәмәғат*, *жәннәт* дегендердің башқұрт тілінде *йән*, *йәмғиәт*, *йәннәт* деген нұсқада, араб сөзі *жауаб* дегеннің өзбек говорларында *йаван* деген нұсқада айтылуы.

Алайда кей түркі тілдерінің дыбыс жүйесінде бұған қарама-қарсы бағытта байқалмайды емес. Ә.Қайдаров кеңес ұйғырларының әдеби тілінде 20–30-жылдармен салыстырғанда *ж*, *дж* дауыссыздарынан басталатын сөздердің саны *й* дауыссызынан басталатын сөздерге қарағанда едәуір дәрежеде ұлғая бастағандығын айтады [20, 283]. Автор бұл жағдайды тілдің дыбыс құрамында жаңадан бір сапалық өзгерістің пайда болғандығынан емес, *ж*-шыл (*дж*-шыл) диалектінің әдеби тілге ықпалының күштілігінен деп ұғындырады. Осы бңғайда, әрине, кеңес ұйғырларының әдеби тіліндегі *ж*-шылдық (*дж*-шылдық) белгінің жандануына Іле-Жетісу ұйғырлары мен қазақ елінің арасындағы бір ғасырдан астамырақ уақыт ішіндегі тығыз байланыс-бірліктің де белгілі дәрежеде үлесі болғанын айтқан абзал.

Сөздің бас шебінде байқалатын дыбыс алмасуының осы түріне қатысты тарихи экскурс есебінде мына бір қызғылықты жайға назар аударар кетсек пе деп едік. Ол — өзбек тілінің қыпшақ диалектісі деп аталатын ірі тармағы мен қазақ тілінің арасындағы байланыстың жайы. Әңгімеге кіріспес бұрын осы дыбыстық белгіге тән мына секілді жалпы заңдылықтардың басын әлде де болса саралай кетейік.

Түркі тіл атаулының дыбыс жүйесін тұтас алып қарар болсақ, олардың басын бір арнаға біріктіретін ең негізгі деген ортақ белгілермен қатар бұл тілдердің әр тобын бір-бірінен даралайтын айырым белгілердің де бар екенін айқын сеземіз. Мұндай айырмалардың кейбіреуі жеке-дара тілдердің басына ғана тән белгі болса, бірқатары тілдердің ірі тобына тән белгі болып келеді. Көптеген түркі тілдердің бойына дарыған осындай түс-таңбаның басты бірі деп осында әңгіме болып өткен сөз басында *й* мен *ж* (*дж*) дыбыстарының қолданылуы тәрізді фонетикалық белгіні атасақ лайық. Осы дауыссыздардың сөздің ең алғашқы дыбысы есебінде бірінің орнына бірінің қолданылуына қарай, жоғарыда еске салғанымыздай, түркі тілдерінің қомақты бір тобын екі салаға ажыратуға болады. Мұның бірі — сөзінің басында көбіне-көп *й* дыбысын қолдануға бейім тілдер де, бірі *ж* (кей түркі тілдері мен диалектілерінде *дж* болып айтылады) дыбысын қолдануға бейім тілдер. Қыпшақ тобына жататын біздің тіліміз бен қарақалпақ, қарашай-балқар тілі, сосын қырғыз тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, ноғай, татар тілінің көп диалектілері мұның соңғы тобына, ал түрікмен, әзербайжан, құмық, башқұрт, түрік, гагауз әдеби тілі сынды тілдер болса, алғашқы тобына кіретіні мәлім. Алайда біздің бұл арада *й*-ді қолдануға бейім, *ж* (*дж*)-ны қолдануға бейім тілдер

деп айтуымызда мән бар. Өйткені сөз басындағы бұл екі ұдай белгінің екеуін де жеке-жеке алғанда тілдердің аталған екі тобының бар-баршасында сытықсыз таза күйінде ұшырайды деп айту қиын. Дұрысында, бұл белгілерді аталып өткен түркі тілдерінің біразынан аралас күйде ұшырастырамыз. Мәселен, татар әдеби тілінде норма *й* болғанымен, кейде *дж*-ның айтылатын кездері де бар. Ноғай тіліндегі екі жетекші диалектінің бірінде – *й* де, бірінде – *дж*. Сол үшін де біздің бұл жіктестіруімізді осы екі белгінің қайсысы қай тілге тәнірек, қайсысы қай тілде молырақ кездеседі деген тұрғыдан алып түсіну қажет. Мәселен, қазақ сөзінің басына *ж*/(*дж*) дауыссызының тән екендігіне еш талас болмаса керек. Әйтсе де бұл қазақ тілінде сөз басында *й* мүлдем айтылмайды деген тұрғыдан алып түсіну қажет. Мәселен, қазақ сөзінің басына деп айтушылықты әрқайсымыздың да құлағымыздың шалғаны бар. Әрине, қазақ тілі үшін мұндай бірлі-жарым өзгешеліктің елеулі мәні жоқ екені түсінікті. Дәл осыған ұқсас жайды аталған түркі тілдерінен де байқауға болады. Соның бірі – өзбек тілі. Бұл тілді біз жоғарыда сөзінің басында *й* дыбысын қолдануға бейім тілдер қатарында атағанбыз. Әдеби тілі мен көпшілік диалектілері тұрғысынан алғанда өзбек тілін сөзінің басы *й* дауыссызынан басталатын тілге жатқызу дұрыс. Дегенмен өзбек тілі диалектілерінің қыпшақ тобы делінетін бір зор саласын алатын болсақ, онда сөз басында өзбек әдеби тіліндегідей *й* емес, қазақ тіліндегідей *ж*, сосын осы дыбыстың аффрикат нұсқасы қос дауыссыз *дж* қолданылатынын көреміз. Кейінгі аффрикат дыбысты сөздің дәл осы шебінде қолдану біздің тілімізде де бар. Мәселен, қазақ топырағының оңтүстігінің біраз жері мен оңтүстік-шығыс өңірінде тұрушы жергілікті халықтың тілінде *жат*, *жүрек*, *жүген* секілді сөздердің *джат*, *джүрек*, *джүген* болып айтылатыны мәлім. Демек, өзбек қыпшақтарының тілі мен қазақ тілі бұл жөнінен де бір-бірінен алшақ кетпейді екен. Өзбек диалектілерінің қыпшақ тобының *дж*-шыл деп аталуының себебі де осы аффрикат дыбысты қолдануға байланысты. Осы жөнінен алғанда өзбек тілінің осы бір ірі тармағының қыпшақ текті тілдермен (қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар т. б.), соның ішінде әсіресе біздің тілімізбен тікелей өзектестігі бар. Бұл диалектінің бойына тән *дж*-шылдық деп атап отырған дәл осы қасиетті оның біздің тілімізге етене жақындығының бұлтартпас бір айғағы десек те болады.

Өзге өзбек диалектілерінің һәммесінде сөз басында *й* айтылып, қыпшақ диалектісіне келгенде оның орнына *ж*, *дж* айтылуы және оның қазақ тілі дерегімен дөп түсіп жатуы – әсте кездейсоқтық нышан танылмасқа тиіс. Мұның *дж*-шыл өзбек диалектісінің өкілдері мен қазақ жұртының тарихи тағдырларындағы ежелгі ортақ жайларды меңзейтін аса маңызды лингвистикалық фактор екені даусыз. Тілінің дыбыс жүйесіне осы белгі гән деген барлық өзбек қыпшақтарының

сөйлеу машығындағы, сөз бедеріндегі бұдан өзге де сан қилы тілдік белгі біткеннің басын қазақ тілімен бір арнаға сарқып, түйісін жатуынан біз осыны көреміз. *дж-шылдық* белгінің мойнына құрықты ең негізгі бір ен-таңба есебінде салғанымызбен, тілдік өзге белгілердің де өзбек диалектілерінің бұл тобын қазақ тілімен астарластыра, қабыстыра қарауға келгенде, одан еш кем соқпас белгі екенін айтуымыз керек. Қыпшақ диалектісіне тән сондай ірі белгілердің бірі – дауыстылар сингармонизмі. Ол туралы дауысты дыбыстарға байланысты бұдан бұрын тоқталғанбыз. Ежелгі қыпшақтардың үрім-бұтағы саналатын ру-тайпалар тараған жердің бәрінде осы екі құбылыстың екеуі де жақсы сақталған.

дж-шылдық құбылыстың географиялық таралу шегін анықтау мақсатында жиналған деректерге, сол тәрізді бұрынды-соңды жарық көрген тарихи да лингвистикалық зерттеулерге сүйенсек, бұл құбылыстың Орта Азия жеріндегі тамыры тым теренде жатқандығын көреміз. Өзбек ғалымы Х.Данияров өзбек деген этнонимнің Орта Азияға келуі Шәйбани өзбектерінің есімімен байланысты екенін таяныш тұтып, қыпшақтардың алғаш бұл өңірге ірге тебуін сол дәуірге ғана апарып тірейтін кейбір зерттеушілердің пікірінің жаңсақтығын көрсетеді. Ташкент, Ферғана, Зарафшан алқабын, Бұқар, Хива жерін қыпшақтар біздің жыл санауымыздан арғы дәуірлерде-ақ мекен қылған дейтін Н.А.Аристовтың [21, 35–36] шығыс деректеріне негіздеп айтқан байламын құптап, бұл кісі *дж-шылдық* құбылыстың зерттеліп отырған өңірдегі аса ірі тіл құбылысының бірі екенін баяндайды [22]. Оның таралу шегі кейде тұтас желі боп тартылып келіп, кейде өзбек жерінің әр түкпірінде үзік-үзік, ойдым-ойдым аралық жай боп жатуында осындай кілттипан бар деп түйеді. Асылында, бұл құбылыстың Орта Азияда ең көне дәуірлердің өзінде-ақ болғаны туралы осы жөнінде арнайы зерттеу жазған А.Н.Бернштам да айтқан болатын. Орта Азия жеріне қыпшақтардың дендеп коньы аударуы XVI ғасырдың басындағы Шәйбани жорықтарына байланысты екені тарихтан аян. Алайда бұдан ол төңіректе қыпшақтар бұрын тіптен жоқ еді деген түсінік тумайды. Ал *дж-шылдық* болса, оның қыпшақ тілдеріне тән құбылыс екенін жоғарыда айттық. Осы реттен алғанда зерттеушінің бұлайша дәлелдеуінің жаны әбден бар. *дж-шылдық* құбылыстың қазіргі таралу шегіне қарап, Х.Данияров қыпшақтардың санының XVI ғасырдың басында Орта Азияда елеулі дәрежеде болғанын айтады. Осы себептен де қыпшақтар қазіргі өзбек халқының құрылуына, қалыптасуына үйтқы болған негізгі компонент деп тұжырады аталған еңбектің авторы.

Әдеби тілдің негізгі арқауы да, ол нәр алып сусындайтын бұлақтың да халық тілі екенін мойындасақ, өзбек әдеби тілінің де өркен жайып өрістеуіне, бұғанасы бекіп, қанаты қатаюына оның халық диалектілері қосқан үлестің соншалық мол да қомақты екенін көреміз. Қазіргі

өзбек әдеби тілінің негізгі арна, таяныш-тірегі шаһар диалектілері болғанымен, оның сөз қорын байытып, стильдік нақышын шыңдауда қыпшақ диалектісінің де қыруар олжа, сыбағалы үлес қосып отырғаны аян. Өзбек жерінде өсіп-өніп, орта ғасырларда қалам тебіrentкен ірі оқымысты қыпшақ нәсілінен шыққаны өткендегі тарихтан мағлұм. Олардың да шығарымпаздық өнері мен тілінің сол кезеңдегі әдеби тілге тиісінше ықпалы болғаны сөзсіз. Х.Данияровтың айтуынша, қыпшақтар ортасында туған “Алпамыс”, “Жәдігер” сынды халық дастандарының қазіргі өзбек әдеби тіліне пәрменді ықпалы болған. Зерттеушінің еқбегінде бұдан тыс орта ғасырдағы әдеби тіл – шағатай тілі мен қыпшақ диалектісінің арасындағы астарластықтың сыр-сипатын ұғынуға да қажетті көп деректер бар.

Тілдік жақындықтың болуының өзі қазақ елінің құрамына енген ру-тайпалар мен өзбек қыпшақтарының әуелде біріне-бірі тым жақын этностық топтардан өрбігендігінің ірі бір келілі есепті. Расында да, бір тектен өрбіген халықтардың тіл жақындығын ұғыну үшін өзге деректермен бірге этногенез жөніндегі деректердің де мәні зор. Өзбек қыпшақтарының өзбектің басқа этностық топтарынан, мәселен, шаһарлық өзбектерден тағы бір ерекшелігі – оларда ру-тайпалық бөліністің жігі, шежіренің әлі күнге сақталуы. Осы жағынан да өзбек қыпшақтары мен біздің халқымыздың арасында айта қалғандай этнографиялық жақындық елес береді. Мәселен, өзбек қыпшақтарындағы найман, жуз, жалайыр, қоңырат, қыпшақ, қатаған, қанды, үйсін, арғын т. б. осылар тәрізді ру-тайпалардың қазақ ру-тайпаларымен аттас келіп жатуынан біз осындай жақындықты ұғамыз.

Арғы тарихындағы тамырластықты былай қойғанда, қыпшақ говорларының өзбек арасында тұратын қазақтардың тілімен қазіргі сәттегі байланысы және бар. Осындағы айтып отырған аффрикат *дж*-ны алсақ та немесе *л* дауыссызының сөз ортасында түсіп қалуы (*алса, келсе* деудің орнына *аса, кесе* деу) тәрізді құбылысты алсақ та, бұларды сол маңның қазағының қыпшақ диалектисіндегідей осы күйінде бұлтарыссыз қолданатынын байқаймыз. Сондай-ақ олардың тіліндегі жоғарыда сөз болып өткен *тіләк* (тілек), *бойақ* (баяу), *ұрұғ* (ру), *егэр* (ер-тұрман) іспетті сөздердің, фонетикалық белгілердің кездесуінен де қыпшақ диалектісімен зор ұқсастық аңғарылады. Қазақ диалектологтарының өзбек арасындағы қазақтардың тілінен жинаған бұдан басқа да көп деректері осыған дәлел.

Ең негізгі деген дыбыс белгілері тұрғысынан алып қарайтын болсақ, өзбек қыпшақтарының тілі осы күнгі өзбек әдеби тілінен гөрі қазақ тіліне жақын. Сондықтан да түркі тілдерінің классификациялық жіктелісінде өзбек говорларының бұл тобын әлбетте қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерімен бірге бір ұядан өрбіген тілдерге жатқызады.

Әдебиет

1. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч. I., СПб., 1894.
2. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. ч. III. СПб., 1870.
3. *Самойлович А.Н.* Казаки Кош-агачского аймака Ойротской автономной области. "Казаки". Л., 1930.
4. *Бекетов Б.* Казахский говор южной Каракалпакии.
5. *Нурмагамбетов А.* Западная группа говоров казахского языка. Автореф. канд. дисс.. Алма-Ата, 1974.
6. *Нақысбеков О.* Қазақ тілінің ауыспалы говоруы. Шу бойындағы қазақтар тілінен жиналған материалдар бойынша. Алматы, 1972.
7. *Бұхатын Базылхан.* Монғолияда тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. ҚД, 1-шығ.
8. *Нурмағамбетов Ә.* Қазақ тілі говорларының батыс тобы. Алматы, 1978.
9. *Бекетов Б.* Казахский говор южной Каракалпакии.
10. *Малов С.Е.* Заметки о каракалпакском языке. Нукус, 1966.
11. *Баскаков Н. А.* Каракалпакский язык, II, Фонетика и морфология. М., 1952.
12. *Баскаков Н.А.* Алтайский язык. М., 1958.
13. *Дмитриев Н.К.* Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. ИСГТЯ. I.
14. *Махмуд Қошқари.* Девону луготит турк. I. т. Тошкент, 1960.
15. *Бернштам А.* О древнейших следах джеканыя в тюркских языках Средней Азии. Сб. Памяти акад. Н. Я. Марра, М. – Л., 1938.
16. *Решетов В.В.* Узбекский язык. ч. I., Ташкент, 1959.
17. *Кайдаров А.Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. Алма-Ата, 1959.
18. *Рясянен М.* Материалы по фонетике тюркских языков. М., 1955.
19. *Щербак А. М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970.
20. *Кайдаров А. Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка, I. Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка. Алма-Ата, 1969.
21. *Аристов Н. А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. "Живая старина", СПб., 1896 Вып. III–IV.
22. *Данияров Х.* Опыт изучения джекающих диалектов в сравнении с узбекским литературным языком. Ташкент, 1975.

Қазақ тілінің говорларында *ч* дыбысының қолданылуы жөнінде*

Диалектілік құбылыстары жан-жақты зерттелмейінше ешбір ұлттық я халықтық тілдің ғылыми тарихы жасалмақ емес. Қазақ тілінің ғылыми тарихын жасау тіліміздің диалектілік ерекшеліктерін зерттеу проблемасымен тығыз байланысты. Тілімізде кездесетін диалектілік құбылыстар сан алуан. Солардың ішіндегі аса бір көлемділерінің бірі – кейбір говорлардың дыбыстық жүйесінде *ч* дыбысының көп қолданылуы.

Қазақ тіліндегі *ч* дыбысы – жұмсалы өрісі өте тар дыбыстардың бірі. *Ч* дыбысын жиі қолдану тілімізде, негізінде, говорларға тән. Ол – қазақтың жалпы халықтық тілінде ежелден бар дыбыс. *Ч* дыбысы қазір жалпы халықтық тілде малға айтылатын *чу-чу..*, *чэй-чэй..*, *чек-чек..*, тәрізді бірлі-жарым одағайларда қолданылғаны болмаса, тіліміздегі байырғы сөздердің дыбыстық құрамында жалпылама ұшырай бермейді.

Әдеби тілімізде де *ч* дыбысы сирек айтылады. Осы күнгі қолданылып жүрген жаңа графикаға көшкенге дейін бұл дыбысты таңбалайтын жеке әріптің қазақ алфавитінде болмағандығы белгілі, әйткенмен кей дыбыстардың символының жазуда көрсетілмеуі ол дыбыстың сол тілде жоқ екендігінің толық кепілі бола алмайды.

Көптеген қазіргі түркі тілдерінде (қырғыз, түрікпен, ұйғыр, өзбек, әзербайжан, түрік т.б.) *ч* дыбысы сөздің алуан түрлі позицияларында өте жиі қолданылатын фонемалардың қатарына жатады. Көне замандардағы түркі тілдерінде де *ч* дыбысы болған (Бұл жерде *ч* дыбысының қазіргі және көне түркі тілдеріндегі жалпылық жақтары, оның қатаң аффрикат екендігі ескеріліп отыр. Жалпы, бұл тілдердің бәріндегі *ч* дыбысының сапасы бірдей деуден аулақпыз. Сондықтан мақаланың кейінгі жағында берілетін салыстыру материалдары жөнінде де осы жағдайды есте ұстаған жөн.). V–VII ғасырлардағы орхон-енисей жазуларында да, сондай-ақ орта ғасырлардағы көне шағатай тілінде де *ч* дыбысы қолданылған.

Қазіргі басқа түркі тілдеріндегі *ч* дыбысы мен қазақ тіліндегі *ч* дыбысының қолданылу дәрежесі, әрине, бірдей емес. Тіпті бұл дыбыстың жоғарыдағы бірді-екілі сөздерден тыс байырғы сөздер мен тілімізге басқа тілдерден ертеректе кіріп, әбден сіңісіп кеткен сөздердің дыбыстық құрамында айтылуы қазіргі қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық нормасымен сыйыснаған болар еді. Біз *ч* дыбысы қазақ тілінде бар дегенде, біріншіден, оның қазақ тілінің жергілікті говорларында

* Мақала “Қазақ тіл білімінің мәселелері” жинағында (1-т. Алматы, 1959) жарияланған.

кездесуінен, екіншіден, оның қазіргі қазақ тілінің лексикалық құрамына орыс тілінен яки орыс тілі арқылы басқа тілдерден кейінгі кездерде ғана енген *чартизм, чек, чемпионат, очерк* сияқты сөздер мен *Чили, Чехословакия, Боккаччо, Чехое, Чернышевский, Собакееич, Данченко* тәрізді жалқы есімдерде ұшырауы тұрғысынан алып айтып отырмыз. Бұл жерде *ч* дыбысының қазіргі және көне түркі тілдеріндегі жалпылық жақтары, оның қатан аффрикат екендігі ескеріліп отыр. Жалпы, бұл тілдердің бәріндегі *ч* дыбысының, сапасы бірдей деуден аулақпыз. Сондықтан мақаланың кейінгі жағында берілетін салыстыру материалдары жөнінде де осы жағдайды есте ұстаған жөн.

Бұл дыбыстың әдеби тілімізде жұмсалыу шеңбері осы айтылғандар алуандас санамал сөздердің көлемінен аспайды. Негізінен алғанда, қазақ тілінде *ч* дыбысын жиі қолдану тіліміздің кейбір говорларының, фонетикалық жүйесіне ғана тән, диалектілік құбылыстар қатарына жатады.

Қазақ тілінің говорларында кездесетін *ч* дыбысы – *т* мен *ш* дыбыстарынан құралған (*тиш*) қосынды дауыссыз, өйткені оның артикуляциясы шұғыл *т* мен спирант (ызың) *ш* дауыссыздарының бірінен соң бірі іле-шала айтылғандағы артикуляциялық кезеңдерден тұрады. Мұндай шұғыл және ызың дыбыстардың бірігіп, жымдасуы арқылы жасалған дауыссыздарды аффрикаттар деп атайды. Говорлардағы *ч* – аффрикат дыбыс. Оның әдеби тілдегі *ч*-дан бөгде сапалық белгілері жоқ. Айырма тек бұл дыбыстың говорларда қолданылуында.

Ч дыбысын қолдануда қазақ тілі говорларының арасында заңды дыбыс сәйкестігі (звуковое соответствие) құбылысының барлығы байқалады. Бұл құбылыс әдеби тіл мен қазақ тілінің көпшілік говорларында спирант *ш* дыбысы айтылатын сөздерде кей говорларда оның орнына көбіне аффрикат *ч* дыбысының жұмсалыуымен түсіндіріледі. Бұл – *ш* дыбысының орнына *ч* фонемасының айтылуы – қазақ тілінің бірқатар жергілікті говорларында көптен байқалып келе жатқан құбылыс. Қазір, Қазақстан жерінің Тарбағатайдан бастап Семей облысының оңтүстігі, бүкіл Жетісу, Алатау өңіріне дейінгі аймағы мен Каспий жағасындағы Маңғыстау түбегін мекендеуші қазақтардың тілінде аффрикат *ч* дыбысының, осылайша спирант *ш*-ның орнына қолданылатындығы анықталып отыр.

Ал Қазақстанның солтүстік, орталық, солтүстік-шығыс аймақтары мен батыс бөлігінің көпшілік жерлерін алатын болсақ, онда жағдай басқаша, бұл төңіректі қоныстанған қазақтардың тілінде сөз басында жоғарыдағы территорияларда аффрикат *ч* жұмсалатын жерде әдеби

тілдегіше спирант *ш* дыбысы айтылады. Бұдан біз аффрикат *ч* мен спирант *ш* дыбыстарын бірінің орнына бірін қолдануда қазақ тілі говорлары фонетикалық жүйесінің негізгі екі салаға бөлінетінін көреміз. Осыған қарап мұның алғашқысын, *ч* дыбысын қолданатын говорларды, *ч*-шыл (чокающие) говорлар, кейінгісін, *ш* дыбысын қолданатын говорларды, *ш*-шыл (шокающие) говорлар деп атауға болады.

Жоғарыда біз бұл құбылыстың географиялық бөлінісін жалпылама айтып өттік, алайда қазақ диалектологиясының картографиялық саласы әлі қолға алынбаған жұмыс болғандықтан, бұл құбылыстың дәл исоглоссалары әзірше анықталып жетпегендіктен біздің бұл бөлуімізді географиялық шектелісі жағынан өте шартты түрде түсіну керек болады.

Осы жерде мына бір мәселені ескерген жөн: тілдердегі диалектілердің бөлінісі еш уақытта да бір ғана құбылыстың төңірегінде қарастырылған емес, әдетте бір тілдің ішіндегі диалектілердің жіктелуі оларда болатын басты-басты фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктердің жиынтығына негізделеді. Ал, біз мұнда, қазақ тілінің говорларының фонетикалық жүйесін екіге бөлгенде, тек осы бір фонетикалық құбылыстың ғана әр жерде өртүрлі кездесуін еске алып отырмыз. Солай болғандықтан оны қазақ тілінің диалектілерге немесе говорларға бөлінуі деген ұғыммен шатастырмау қажет.

Аффрикат *ч* дыбысын актив қолдану қазіргі әдеби тілімізде байқалмайтын, тек қазақ тілінің жергілікті говорларының фонетикасына ғана қатысты, әдеби тілдің әсерінен бірте-бірте шетке қарай ығысып бара жатқан тіл құбылыстарының қатарына жататын болғандықтан, ол туралы сөз етудің, спирант *ш*-ның говорларда қолданылысын әңгімелеуден гөрі, ғылым үшін, қазақ тілінің тарихы үшін маңызының әлдеқайда зор екендігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан біз мұнда қысқаша да болса аффрикат *ч* дыбысының тіліміздің кейбір говорларындағы қазіргі қолданылу күйін баяндайтын аздаған мәліметтер беруді мақұл деп санаймыз.

Қазақ тілінің говорларындағы аффрикат *ч* дыбысының спирант *ш* дыбысымен сәйкесетін негізгі орны — сөздің бас позициясы. Дәлірек айтқанда, әдеби тіл мен қазақ тілінің біз *ш*-шыл деп атап отырған говорларында қатаң, тіл алды, спирант *ш* дауыссызынан басталатын сөздерде бұл дыбыстың орнына *ч*-шыл говорларда көбіне аффрикат *ч* дыбысы қолданылады. Мысалы, әдеби тілде спирант *ш* дауыссызынан басталатын мынадай сөздердің төменде аталған территориялардың біреулерінде әдеби тілдегіше *ш*, енді бірқатарларында *ч* дыбысымен айтылатындығы көрінеді:

Әдеби тілде	Торғай жағында	Жетісу маңында	Маңғыстау түбегінде
<i>шеке</i>	<i>шеке</i>	<i>чеке</i>	<i>чеке</i>
<i>шын</i>	<i>шын</i>	<i>чын</i>	<i>чын</i>
<i>шет</i>	<i>шет</i>	<i>чет</i>	<i>чет</i>
<i>шикі</i>	<i>шикі</i>	<i>чикі</i>	<i>чикі</i>
<i>шал</i>	<i>шал</i>	<i>чал</i>	<i>чал</i>
<i>шық</i>	<i>шық</i>	<i>чық</i>	<i>чық</i>
<i>шебер</i>	<i>шебер</i>	<i>чебер</i>	<i>чебер</i>
<i>шешен</i>	<i>шешен</i>	<i>чеімен</i>	<i>чешен</i>
<i>шыбық</i>	<i>шыбық</i>	<i>чыбық</i>	<i>чыбық</i>

Ұ дыбысының сөздің бас позициясында жұмсалтуы – көне және қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі үшін қалыптты жағдай. Көне түркі тілдерінің ескерткіштері: V–VII ғасырлардағы орхон-енисей жазуларында кездесетін *чаб* (әйгілі, даңқ) [1, 59], XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридың сөздігінде кездесетін *суд* (шық) [2, 376-377], сондай-ақ XI ғасырдағы “Құдатту білігі” пен XIV ғасырдағы Насырәддин Рабғузи шығармаларында кездесетін *суп* (шын, рас), (гүл) [2, 377] сөздерінде аффрикат *ч* дыбысы сөз басында ұшырайды.

Сөздің бас позициясында *ч* айтатын қазақ тілінің говорларының материалдарын бұл дыбысты актив түрде қолданатын, осы күнгі бірқатар түркі тілдерінде кездесетін мына төмендегідей сөздермен салыстыру олардың арасында белгілі дәрежеде ұқсастықтың барлығын аңғартады.

Қазақ тілінде		Түрікпен тілінде	Қырғыз тілінде	Ұйғыр тілінде	Әзербайжан тілінде	Өзбек тілінде
Әдеби тіл мен <i>ш</i> -шыл говорларда	<i>Ч</i> -шыл говорларда					
<i>шақ</i>	<i>чақ</i>	<i>чак</i>	<i>чак</i>	<i>чаг</i>	<i>чаг</i>	<i>чоғ</i>
<i>шөл</i>	<i>чөл</i>	<i>чөл</i>	<i>чөл</i>	<i>чөл</i>	<i>чөл</i>	<i>чүл</i>
<i>шөп</i>	<i>чап</i>	<i>чап</i>	<i>чап</i>	<i>чап</i>	<i>чап</i>	<i>чоп</i>
<i>шірік</i>	<i>чірік</i>	<i>чүірік</i>	<i>чирик</i>	<i>чирик</i>	<i>чүрүк</i>	<i>чирик</i>
<i>шақыр</i>	<i>чақыр</i>	<i>чагыр</i>	<i>чакыр</i>	<i>чақир</i>	<i>чагыр</i>	<i>чақыр</i>
<i>шатақ</i>	<i>чатақ</i>	<i>чатак</i>	<i>чатак</i>	<i>чатақ</i>	<i>чатаг</i>	<i>чатақ</i>
<i>шолақ</i>	<i>чолақ</i>	<i>чолак</i>	<i>чолак</i>	<i>чолақ</i>	<i>чолақ</i>	<i>чүлоқ</i>
<i>шық</i>	<i>чық</i>	<i>чык</i>	<i>чык</i>	<i>чиқ</i>	<i>чых</i>	<i>чиқ</i>

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *ч*, *ш* дыбыстары сөздің бас позициясында қатар қолданыла береді. Татар, өзбек, әзербайжан, қырғыз, түрікпен, ұйғыр тілдерін алатын болсақ, бұл тілдердің бәрінде де алғашқы дыбысы *ч*-дан басталатын сөздердің де, сол

сияқты алғашқы дыбысы *ш* -дан басталатын сөздердің де бар екендігін көреміз. Демек, жоғарыдағы тілдерде басқы дыбысы *ч* -мен айтылатын сөздер бір бөлек те, басқы дыбысы *ш* мен айтылатындары өз алдына бір топ болып келеді. Бұл түркі тілдерінің бірқатарындағы *ч* дыбысының орнына қазақтың әдеби тілі мен говорларының басым көпшілігінде негізінде *ш*, ал осы тілдердегі *ш* дыбысының орнына қазақтың жалпы халықтық тілінде *с* дыбыстары қолданылады [4, 45; 5, 571–572]. Мысалы, қазақ тіліндегі басында *с* айтылатын сол есімдігі өзбек, татар тілдерінде *шул*, қырғыз, түрікпен тілдерінде *шол* болып *ш*-мен айтылатын болса, жоғарыдағы кестедегі түркі тілдерінен алынған салыстыру материалдарынан қазақтың әдеби тілі мен көпшілік говорларындағы *ш*-ның орнына аталған тілдерде *ч* қолданылатындығы көрінеді.

Ал енді *ч*, *ш* дыбыстарының қазақ тілінің өз ішіндегі жұмсалысына келсек, ондағы жағдай бұдан гөрі басқаша – қазақ тілінің говорларындағы сөз басында ұшырайтын *ч*, *ш* бірінің орнына бірі қолданылып, бірімен-бірі сәйкесетін дыбыстар болып табылады. Бұл дыбыстардың белгілі бір сөздің басында әдеби тіл мен көпшілік говорларда *ш*, ал тіліміздің кейбір говорларында *ч* болып айтылып, диалектілік құбылуы, олардың сөз басындағы қызметінің тілімізде әлі дифференциацияланып жетпегендігін аңғартады. Әдеби тілдің нормасы бойынша қазақ тілінде сөз басында аффрикат *ч* емес, спирант *ш* айтылады. Біртұтас ұлттық әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде тілдердегі диалектілік құбылыстардың барған сайын өрісі тарылып, бірте-бірте әдеби тілдің арнасына түсіп отыратын категория болатыны сияқты бұл құбылыстың да қазақ тілі говорларындағы қазіргі жайы оның әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына қарай бейімделу, көшу қалпында екендігін байқатады. Осы жөнінде қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін көп жылдардан бері зерттеп келе жатқан ғалымымыз Ж.Досқараев та қазақ тіліндегі *ч* дыбысы қазір *ш* дыбысына өту күйінде, бірақ бұл әлі аяқталып болмаған процесс деген пікірді айтады [6, 41].

Ч-шыл говорлардағы *ч* дыбысының негізгі кездесетін орны сөздің бас позициясы болумен қатар кейде ол бірлі-жарым сөздерде, әсіресе, жергілікті азаматтардың ішіндегі қарт буындардың тілінде, сөз ортасында да ұшырайды. Бірқатар говорлардың материалдарына қарағанда қазақ тілі говорларында *ч* дыбысының сөз ішінде қолданылуының белгілі шектері бар: біріншіден, *ч* негізінде түбір мен қосымшаның арасында қосымшаның басқы дыбысы ретінде айтылады, екіншіден, оның үнді *н* фонемасынан кейін тұруы шарт. Дәлірек айтқанда, әдеби тіл және *ш*-шыл говорлардағы түбір (негіз) *н* дыбысымен аяқталған уақытта оған жалғанатын қосымшаның бас дыбысы *ш* кей сөздерде *ч* болып айтылады (*енчі, сонча, келгенче*).

Жалпы сөз ішінде *ч* дыбысының айтылуы говорларда өте сирек кездеседі. Әрі жоғарыдағылар тәрізді бірқатар сөздерде байқалатын *н* дыбысынан кейін келген қосымшаның басқы дыбысының *ч* болып айтылуының өзі тиісті говорлардағы сөздердің барлығы үшін тұрақты жағдай емес.

Тіпті кей сөздерде дүдәмәл естілетіндіктен осы позициядағы дыбыстардың *ч* яки *ш* екендігін жай есту арқылы ажырата қою қиынға соғады.

Ч-ның сөз ішінде осылайша *н* дыбысымен тетелес келуі басқа түркі тілдерінде де бар. Қырғыз тілі мен қазақ тілінің *ч*-шыл говорларында кездесетін мына бір тұлғалас сөздердің айтылуын салыстырайық:

Қазақ әдеби тілінде	Қазақ тілінің <i>ч</i> -шыл говорларында	Қырғыз тілінде
<i>бірінші</i>	<i>бірінчі</i>	<i>биринчи</i>
<i>қанша</i>	<i>қанча</i>	<i>қанча</i>
<i>бойынша</i>	<i>бойынча</i>	<i>боюнча</i>
<i>еріншек</i>	<i>ерінчек</i>	<i>эринчээк</i>
<i>меншік</i>	<i>менчік</i>	<i>менчик</i>
<i>енші</i>	<i>енчі</i>	<i>энчи</i>

Жалпы *ч* фонемасын актив түрде қолданатын түркі тілдерінде бұл дыбысты сөз ішіндегі позициясы тұрғысынан орын талғамайтын дыбыс деп карауға болады. Қазіргі қырғыз, түрікпен, ұйғыр, әзербайжан тілдерінде *ч* дыбысы сөздің барлық позициясында (сөздің басында да, ортасында да, аяғында да) кездесіп отырады. Көне түркі тілдерінде *ч*-ны сөз ішінде жоғарыдағыша *н* дыбысынан кейін қолдану дағдылы құбылыс болған. Тіпті орхон-енисей жазуларында сөз ортасында келген *нч* деген екі дыбыстың тіркесі бір ғана өріппен таңбаланған. Мысалы, *анча* (қанша) сөзіндегі қатар келген *н, ч* дыбыстары құлпытастардағы жазуларда екі бөлек белгіленбей, тұтас бір таңбамен берілген [7, 47].

Спирант *ш* дауыссызының орнына аффрикат *ч* қолданатын қазақ тілінің аталған территорияларындағы говорларының барлығында да бұл дыбыстың жұмсалудың дәрежесі, әрине, бірдей емес. Аффрикат *ч*-ны айту, әсіресе республиканың Жетісу аймағын мекендеуші қазақтардың тілінде өте-мөте басым, *ч* бұл төңіректе кәрінің де, жастың да тілінде толық өз сапасындағы барынша теткісіз қолданылатын актив дыбыс саналады. Мысалы, Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Шелек, Іле аудандарында мектеп жасындағы балалардың тілінде де *ч* дыбысының сөз басында күні бүгінге дейін жиі айтылатындығы байқалып отыр. Ал говорлардың *ч*-шыл делініп

отырған тобына жататын Маңғыстау говорында бұл дыбыстың қазіргі қолданылу дәрежесі әртүрлі жастағы азаматтардың тілінде әр басқа екендігі көрінеді. Маңғыстауда тұрушы қазақтардың тілінде *ч* — негізінде егде тартқан адамдардың сөйлеу мәнеріне тән, жас буындардың тілінде сирек ұшырайтын дыбыс. Бұл жерде қарт кісілердің тілінде *ч* дыбысы жұмсалатын реттерде жастар оны көбіне әдеби тілдің орфоэпиялық нормасымен айтады. Алайда говорда кейде оқыған жастардың арасында да *ч*-ны сөз басында жиі қолданушылар бірен-саран болса да кездеспейді емес. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл мен әдебиет институтының Маңғыстау түбегіндегі Шевченко, Маңғыстау аудандарында 1957—1958 жылдары болып қайтқан диалектологиялық экспедицияларына қатынасушылар бұл жерде *ч* дыбысын сөздің бас позициясында қолданушылардың кейбір мектеп оқушыларының сөйлеуінде де байқалатындығын анықтады. Дегенмен оның жас буындардың тілінде айтылуы ұлғайған адамдардың тілімен салыстырғанда бұл төңіректе онша елеулі емес.

Жетісулықтардың тіліндегі *ч* дыбысына қарағанда бұл өлкеде қазір *ч*-ның қолданылысында тұрақсыздықтың барлығы аңғарылады. Кейде бұл говорда *ч* сапасы жағынан әлсіреп, *ш* мен *ч*-ның арасындағы аралық дыбыс тәрізденіп, дүдәмалданып отырады, кей жағдайда бұл фонеманың шұғыл элементінен гөрі ызың элементі басымырақ дыбысталады да, ол кейде *ш*-ға қарай бейім естіледі.

Диалектілердің фонетикасында бұл сияқты құбылыстардың болып отыруы жөнінде неміс тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттеуші ғалым В.М.Жирмунский кеңсе мен мектептердегі орфографиялық дәстүр, қалыптасып кеткен бір ізді жазу ережелеріне дағдыландыру — осылардың бәрі халықтың тіліндегі жергілікті фонетикалық ерекшеліктердің әуелдегі күйінде өмір сүре беруіне кедергі жасайтындығын, осының нәтижесінде олардың өз қалпында толық, дәл айтымай, өзгеріске ұшырап отыратындығын айтады [8, 22]. Сондықтан *ч*-ның қазақ тілінің кей говорларындағы қазіргі жұмсалыу дәрежесінде кейде байқалатын осылар тәріздес ауытқушылық құбылыстарды біз де осы тұрғыдан қарап, мұның өзі қазақтың ұлттық әдеби тілінің, оның бұтақтары саналатын жергілікті говорлардың фонетикасына тигізіп отырған әсерінен деп түсінуіміз тиіс. Осы бір ғана жайдың өзі диалектілік құбылыстардың біртұтас ұлттық әдеби тілдің дамуы барысында бірте-бірте шетке қарай ығысып, барған сайын өрісі тарылып отыратын категория екендігін дәлелдейді.

Қазақ тілі говорларындағы *ч* дыбысын қолдану құбылысының жайылу, таралу шегі туралы мәселеге келсек, оны анықтай түсудің бұл құбылыстың тарихын түсінуге белгілі дәрежеде себеі тиетіні даусыз. Осы жағынан алғанда әдеби тіл мен қазақ тілінің көпшілік говорларындағы сөз басындағы *ш*-ның орнына *ч*-ны қолданатын

говорлардан жоғарыда аталған Маңғыстау говорының байтақ географиялық кеңістік арқылы окшауланып жатуы ерекше назар аударады.

Әрине, қазақ тіліндегі сөз басында *ч* дыбысын қолданушы говорлардың алып жатқан шектері өзiр дәлме-дәл анықталып жеттi деп айта алмаймыз. Әйткенмен бұл құбылыстың Маңғыстауға жақын территориялардағы қазақ тұрғындарының тілінде байқалмай (Маңғыстау түбегін мекендеуші қазақтардың тілінде ұшырайтын сөз басында *ч*-ны қолдану құбылысы оларға жақын Ақтөбе облысының территориясы мен Гурьев облысының басқа жерлеріндегі қазақтардың тілінде байқалмайды), Қазақстанның оңтүстік шығыс бөлігіндегі Жетісуда болуының анықтығы талас тудыра қоймайды. Осыдан келіп әр территорияда кездесе тұрса да қазақ тілінің говорларындағы бұл құбылыстың төркіні бір ме, әлде оның пайда болуының әр жердегі говорлардағы сыры әр басқа ма деген сұрау туады.

Қазақ тілінің кей говорларындағы сөз басында аффрикат *ч* дыбысының қолданылуы туралы тіл мамандарының арасында ресми түрде де, ресми емес те айтылып жүрген пікірлер бар, олардың бәрі де, сайып келгенде, мынадай негізгі екі байламға меңзейді: бірі – бұл құбылысты қазақ тілі дамуының арғы кезеңдерінің дыбыстық жүйесіне қатысты белгі деу, екіншісі – мұны көршілес түркі тілдерінің қазақ тіліне тигізіп отырған әсерінен деп қарау [10, 8; 6, 44]. Мұның алғашқысы қазақ тілінде *ч* дыбысы бұрыннан бар дыбыс дегенге сүйенсе, кейінгісі *ш*-ның орнына *ч*-ны айту өзбек, ұйғыр, қырғыз, түрікпендермен іргелес отырған территориялардағы говорларда ұшырайтындығына сүйенеді. Шынында да, бұл құбылыстың Жетісу, Алатау өңірінде ұйғыр, қырғыз, өзбек халықтарымен, шығыста Қытаймен, Маңғыстауда түрікпендермен аралас отырып келген қазақтардың тілінде кездесіп, ал Қазақстанның орталық, солтүстік аймақтары мен батыс бөлігінің көпшілік жерлері тұрғындарының тілінде байқалмауы – ойландырарлық нәрсе. Сондай-ақ тілімізде *ч* дыбысының қашаннан бар дыбыс екендігіне де ешкім дау айтпасқа тиіс.

Қайткен күнде де бұл екі көзқарастың екеуінде де біреуінде аз, біреуінде көп пе, әйтеуір, дұрыстықтың бар екендігін бекерге шығаруға болмайды. Бірақ, біздің ойлауымызша, олардың әрқайсысын өз алдына жалаң ұғыну жеткіліксіз болатын сияқты. Олай дейтініміз жоғарыдағы көршілес түркі тілдерінің қай-қайсысында да *ч* сөздің барлық позицияларында дерлік жұмсала беретін дыбыс болса, қазақ тілінде жағдай одан гөрі өзгешерек, ең алдымен, біздің говорларымызда ол негізінде сөздің басында келеді де, сөз ортасында, тек бірлі-жарым реттерде болмаса, дәйекті түрде айтылмайды. Ал өзбек, қырғыз, ұйғыр, түрікпен тілдерінде бас позициясында спирант *ш* айтылатын және

бас позициясында аффрикат *ч* айтылатын сөздердің әрқайсысы өз алдына жеке-жеке лексикалық топ құрайтын болса, қазақ тілі говорларында бұл дыбыстар белгілі бір лексикалық элементтердің құрамында бірінің орнына бірі жүретін ғана дыбыстар болып саналады, яғни көршілес түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі *ч*, *ш* дыбыстарының бір-бірімен арақатынасының бұл дыбыстардың қазақ тілінің өз ішіндегі арақатынасына қарағанда айырмашылығы бар.

Егер аталған территориялардағы қазақ тілінің говорларындағы көбіне сөз басында байқалатын *ч*-шылдық құбылысты түгелдей көршілес түркі тілдерінің әсерінен болды десек, онда оның сөздің басқа позицияларында елеулі болмауын, сонымен қатар қазақ тілінің говорларындағы *ч*, *ш* дыбыстарының сөз басындағы қызметінің жоғарыдағы түркі тілдеріндегіше дифференциацияланбай, тек бірінің қызметін бірі атқаратын дыбыстар болуын; керісінше, *ч*-ны қолдануды бірыңғай тарихи белгі деп қарасақ, бұл құбылыстың республикамыздың орталық, солтүстік және батыс бөлігінің көп жерлерінде тұрушы қазақтардың тілінде сақталмауын түсіндіру керек болады. Қалай да бұл құбылыстың тілінде *ч* мейлінше актив дыбыс саналатын халықтармен қоныстас аймақтарда ғана байқалып, говорларымыздың денінде кездеспеуі тарихи белгі деуден гөрі көршілес тілдердің әсері дегенді мойындауға итермелейді. Солай деген күннің өзінде де бұл құбылыстың болуына тіліміздің тарихи фонетикасының да белгілі дәрежеде қатысы барлығын теріске шығару дұрыс болмас еді.

Осы айтқанымыз түсініктірек болу үшін жоғарыда сөз болған Маңғыстау говорының материалынан тағы да мынадай бір фактіге көңіл аударма кетейік: бұл говорда *бірінші*, *екінші* деген реттік сан есімдердегі *н* дыбысынан кейін келетін қатаң аффрикат *ч*-ның орнына олармен қоныстас, іргелес отырған түрікпен тілінде (*биринжи*, *икинжи* делініп) ұяң аффрикат *дж* айтылса, қайта Маңғыстаудан әлдеқайда алыста жатқан қырғыздарда ол дыбыс (*биринчи*, *экинчи* болып) говордағыша қатаң аффрикат *ч*-мен айтылады. Бұл жайды, әрине, кездейсоқтықтың белгісі деп қарауға болмайды. Бұл төңірекке қазақ руларының қоныстануы, олардың Маңғыстауды бұрын мекендеп келген түрікпен руларымен тікелей қарым-қатынасқа енуінің өзі беріде, XVIII ғасырдың аяқ шамасында болған процесс, сондықтан говорда кездесетін *ч* дыбысымен байланысты осы сияқты ерекшеліктердің бәрінің тарихы тек осы бір ғана кезеңнен басталмай, олардың кейбіреуінің тағдыры қазақтардың бұл өлкеге орнығуынан арғы дәуірлерге де қатысты болуы ғажап емес. Осыған қарағанда Маңғыстау говорындағы дәл осы жерде қолданылатын *ч* дыбысының төркінің говормен көршілес отырған түрікпен тілінен іздеуден гөрі әрегіректен қарастыру керек болатын тәрізді. Демек, бұл жерде біз қазақ тілінің говорларындағы *ч*-ны қолдану құбылысының дамуындағы

шешуші жағдай негізінен көрші тілдердің әсері болды деген пікірді қуаттай отырып, кейде ол құбылыстың бойында сақталған тіліміздің, көне фонетикалық белгілерінің іздері болуының әбден ықтимал екендігін айтқымыз келеді.

Қазақ тілінің говорларының фонетикалық жүйесіндегі бұл ышылдық құбылысы күні бүгінге дейін арнайы зерттеу объектісі болған емес. Оны байыпты түрде зерттеу – тіліміздің тарихи фонетикасының кейбір мәселелерін шешудегі қажеттерімізді өтеуде, әсіресе, қазақ тілінің диалектілік бөлінісі мен олардың бір-біріне қарым-қатынасын анықтауда зор жәрдем етпек. Сондықтан мұны жеделдете қолға алып, оның картасын жасау қазақ диалектологиясының алдында тұрған ең кезек күттірмейтін таяудағы міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Әдебиет

1. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.–Л., 1952.
2. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.–Л., 1951.
3. Түркі тілдерінен салыстыру ретінде беріліп отырған сөздер әртүрлі түркіше-орысша сөздіктердеп алынды.
4. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Казань, 1934.
5. Юдахин К.К. Краткие сведения по сравнительной фонетике. Киргизско-русский словарь. М., 1940.
6. Досқараев Ж. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмсалуды // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, лингвистикалық серия. 1950, 6-шығы, □ 82.
7. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.–Л., 1952.
8. Жирмунский В.М. Немецкая диалектология. М.–Л., 1956.
10. Сауранбаев Н.Т., Бегалиев Ф. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1945.

Халық тіліндегі етістік тұлғалары*

Жергілікті халықтың тілінде кездесетін диалектілік ерекшеліктерді зерттеу мәселесі – ғылыми-теориялық та практикалық мәні аса зор тіл білімінің ең сүбелі мәселелерінің бірі. Диалектілік ерекшеліктері жан-жақты қамтылып ескерілмейінше, ешбір ұлттық яки халықтық тілдің ғылыми тарихы жасалмақ емес. Өйткені тілдерде кездесетін диалектілік ерекшеліктер кездейсоқ пайда болмаған, олардың халық тілінде өмір сүруінің әр алуан тарихи-лингвистикалық сырлары бар.

* Мақала “Етістіктің кейбір диалектілік формалары жөнінде” деген тақырыппен Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында (1959, № 7 (172) жарияланған.

Әлбетте, тіл тарихын зерттеуші білімпаздар тілдің көне жазба нұсқаларының берер мағлұматтарын оның қазіргі диалектілері мен говорларының материалдарымен салыстыра зерттегенде ғана, белгілі нәтижеге жетуге болатындығын айтады. Ал жалпы түркі тілдеріне ортақ кейбір көне жазу үлгілерін есептемегенде, қазақ елінің ерте заманғы тіл мәдениетін бейнелейтін ауыз толтырып айтарлықтай арқаулы жазба ескерткіштердің сақталмағандығы баршамызға аян. Бұдан диалектологиялық материалдардың жазуы кенже дамыған біздің тіліміз үшін оның откені туралы бірден-бір құнды дерек болып табылатындығын аңғару қиын емес. Мұны былай қойғанда әдеби тіліміздің сөздік құрамын барған сайын байыта түсу, оның икемділік қабілетін үздіксіз жетілдіріп отыру жолындағы күнделікті өмір талабы тудырып отырған міндеттерді де жергілікті халықтың ауызекі тілінің ұшан-теңіз байлық қорын ескермей тұрып шешуге болмайтыны да өзінен-өзі түсінікті. Сондай-ақ орфоэпия мен орфографиядағы бірізділік, поэтикалық тілдің мүмкіндігі мен көркем шығармада жергілікті колоритті пайдалану тәрізді толып жатқан мәселелердің басын анықтауда да диалектологиялық зерттеулердің келтірер пайдасы аз болмасқа тиіс.

Қазақ диалектологиясы – тарихы осы соңғы жиырма жылдың төңірегінде ғана өлшенетін қазақ тіл білімінің ең жас саласы. Оның әлі де қолға алынбай тың жатқан, ілгеріде зерттеп білуді қажет етіп отырған тараулары көптеп саналады. Солардың бірі – тіліміздің говорларында кездесетін етістіктің диалектілік формалары жөніндегі мәселе. Етістік формаларына қатысты ерекшеліктер – жергілікті халық тіліндегі ерекшеліктердің негізгісі, өйткені олар қазақ тілінің говорларында басқа грамматикалық ерекшеліктердің қай-қайсысымен салыстарғанда да сан жағынан мол фактіні қамтып, жиірек ұшырайды. Сондықтан оларды өз алдына арнайы сөз етудің қазақ тілі говорларының грамматикалық жүйесін анықтауда ерекше мәні бар.

Біз бұл мақалада жергілікті говорларда кездесетін етістік формаларының ішінен республиканың батыс аймағы тұрғындарының тілінде айтылатын етістің төмендегідей шақтық түрлеріне тоқталмақпыз:

-улы, -улі жұрнақты форма. Қазақ тілінің говорларындағы етістіктің грамматикалық формаларына қатысты өзгешеліктердің басты біреуі – осы *-улы* жұрнақты форма. Бұл – Гурьев, Батыс Қазақстан облыстары мен Ақтөбенің осы облыстарға шектес аудандарында отыратын жергілікті халықтың тілінде ең жиі жұмсалатын етістік формаларының қатарына жатады.

-улы жұрнағы аталған территорияның тұрғандарының тілінде етістіктің барлық түбірлеріне (салт және сабақты) жалғанып, оларға өткен шақтық мағына үстейді.

Сейтахмет Жылойға кетулі (Диалектологиялық экспедицияның материалынан).

*Бір күні кеңсесіне бір қыз келді,
Жігіттің ол мінезі күндіз келді,
Танысып бірнеше күн өткенсін,
Қыз жігітті әзілдеп ж у р г і з б е у л і*

(Гурьев облысы, Маңғыстау аудандық “Еңбек туы” газеті, 1957, 25 декабрь).

-улы жұрнақты форманы кейде біз республиканың батыс облыстарынан шыққан ақын, жазушылардың шығармаларынан да ұшырастырамыз [1, 55].

Мен түгіл дәрігердің өзі сасулы (Ғ. Сланов, Жанартау. 1945, 71-б.).

*Арқанменен бастарып,
Үйде мықтап т а ң у л ы,
Қиындықта, қысымда
Сұлу Нарқыз қ а л у л ы*

(Н. Байғанин, Шығ. жинағы. 1956, 147-б.).

Говорлардағы -улы қосымшалы форма өткен уақыттағы іс-әрекет жөніндегі сөйлеушінің хабары түрінде айтылады. Мұнда іс-әрекет өтіп жатқан кезде оның ішінде сөйлеушінің болмағандығы, ол туралы сөйлеушінің тек біреуден естуі бойынша ғана мәлімдеп отырғандығы аңғарылады. Сөйлеушінің есту мағлұматына негізделетіндіктен, бұл жердегі іс, уақиға долбар сипатында көрінеді де істің, уақиғаның ақиқаттығы айқын болмай дүдәмалданып тұрады. Мысалы, жоғарыдағы *Сейтахмет Жылойға кетулі* деген сөйлемдегі *кетулі* етістігінен *кету* әрекетінің ақиқат болған-болмағандығы айқын көрінбейді, *кетулі* сөзінен біз айтушы адамның бұл әрекетті өз көзімен көрмегендігін, оған мұның тек есту арқылы ғана мәлім екендігін аңғарамыз.

Істің, қимылдың, уақиғаның нақтылы болғандығын тұжырымдап көрсетпеу — бұл форманы өткен шақтық басқа бірқатар етістік формаларынан ерекшелейтін басты белгілердің бірі. Осы реттен говорлардағы -улы жұрнақты форманың мағынасы өткен шақтың әдеби тілдегі ежелгі деп аталатын түрімен алуандас келеді. Салыстырып көріңіз: *Сейтахмет Жылойға к е т у л і* — *Сейтахмет Жылойға кетінті*.

-улы қосымшалы етістік уақиғаның сөйлеп тұрған уақыттан бұрынғы кезеңге қатысты екендігін жалпылап қана көрсетеді, сондықтан бұл форманың жалаң өзінің мағынасынан уақиғаның сөйлеп тұрған уақытқа дейінгі кезеңнің ішінде дәл қай мезгілде өткендігі ажыратылмайды. Оның нақты бір мезгілді білдіруі сөйлемде шақ мәні бар сөздердің келуімен шартты болады.

Ол кеше осында б о л у л ы.

-улы жұрнақты форма әдеби тіліміз үшін де жат форма емес. Оны біздің әрқайсымыз күнделікті тұрмыста жиі естіп, жиі қолданамыз. Сөйте тұра мұны диалектілік грамматикалық форма көлемінде сөз етуіміздің сыры неде? Бір ауыз сөзбен айтқанда, бұл -улы жұрнақты форманың жоғарыдағы территорияларда тұрушы жергілікті халықтың тіліндегі қызмет ерекшеліктерімен байланысты. Біз бұл жерде, -улы жұрнақты форма әдеби тілде бар дегенде, оның говордағы осы формамен этимологиялық жағынан бір форма екендігін ескеріп айтып отырмыз. Ал қазіргі мағынасы мен қызметі жөнінен алғанда, бұлардың екеуі екі басқа грамматикалық категорияның шеңберіне кіреді. Осыған орай біз оларды төменде диалектілік -улы жұрнақты форма және әдеби тілдегі -улы жұрнақты форма деген жеке-жеке атаулармен бір-бірінен айыра атап отырамыз.

Диалектілік -улы жұрнақты форманы әдеби тілдегі онымен тәркіндес аталған формадан ерекшелейтін негізгі мағыналық, грамматикалық белгілер қандай?

Жоғарыда айтылғандай, -улы жұрнақты форма говорларда іс-әрекеттің, болмыстың тікелей өзін көрсететін, етістіктің шақ категориясына бірден-бір қатысы бар форма саналатын болса, әдеби тілдегі бұл форма істің, қимылдың тікелей өзін білдірмей, істі, қимылды тек бір заттың сындық белгісі ретінде ғана баяндаушы форма болып табылады. Әдеби тілдегі -улы жұрнақты форма өзінің осылай заттың сынын, күй-жайды білдіру қызметіне қарағанда, етістіктен гөрі күй категориясына (категория состояния) бейім тұрады да, уақиғаның, істің шағын көрсетпейді. Оның шақ тұрасындағы талғамсыздығы, әсіресе оған көмекші етістіктерді тіркеп айтқанда, анық байқалады. Әдеби тілдегі -улы қосымшалы форма негізгі сөз қызметінде әртүрлі жақта қолданылған көмекші етістіктермен тіркесіп, үш шақта бірдей жұмсала береді. Мысалы, *сыбағасы сақтаулы* дегендегі *сақтаулы* сөзінің мезгілге қатынасын көмекші етістіктердің жәрдемімен *сыбағасы сақтаулы тұр* деп осы шақта, *сыбағасы сақтаулы тұрмақ* деп келер шақта, *сыбағасы сақтаулы екен* деп өткен шақта түрлендіруге болады. Мұнымен салыстырғанда говорлардағы жағдай мүлдем басқаша. Диалектілік -улы жұрнақты форманың өткен шақтық мағынасы әр уақытта тұрақты келеді де, ол басқа көмекші етістіктермен тіркеспей, сөйлемнің тиянақты баяндаушы ретінде үнемі дербес айтылады (жоғарыда келтірілген мысалдарға назар аударыңыз).

Диалектілік -улы жұрнақты форма баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, сөйлемдегі субъектінің осы форма арқылы танылатын іс, қимыл иесінің өзі болатындығын білдіреді. Ал әдеби тілдегі -улы

жұрнақты форма баяндауыш қызметінде келгенде, баяндауыштан көрінетін істің, амалдың иесінің кім екендігі белгісізденіп, баяндауыш бастауыштық тұлғада айтылған істің, амалдың объектісі болатын сөзге тәуелденіп тұрады. Екінші сөзбен айтқанда, говорда *-улы* қосымшалы етістік баяндауыштың объектісі болатын сөз әдеби тілдегі баяндауышсы осындай формалы сойлемде бәсең (пассив) субъектінің қызметін атқарады. Бұл жөнінен *-улы* жұрнақты форманың әдеби тілдегі мағынасын ырықсыз етіске ұқсатуға болады. Осы айтқандарымыз түсініктірек болу үшін говорлар мен әдеби тілдегі *-улы* жұрнақты формадан болған баяндауыштардың субъектіге қатынасын мынадай мысалдар арқылы салыстырып көрейік:

Әдеби тілде	Говорларда
ат ерттеулі	(ол) атты ерттеулі
мылтық оқтаулы	(ол) мылтықты оқтаулы
көзі жұмулы	(ол) көзін жұмулы

Мұнда бірінші бағандағы мысалдарда *-улы* жұрнақты формалар *ат, мылтық, көзі* сөздерімен объектілік қатынаста айтылған. Солай болғандықтан бірінші бағандағы *ат, мылтық, көзі* сөздері амалдың субъектісі, ал екінші бағандағы *атты, мылтықты, көзін* сөздері амалдың объектісі болады.

Диалектілік *-улы* жұрнақты форманың әдеби тілдегі онымен салыстырылып отырған формадан басты айырмашылық белгілерінің бірі — оның модальдық реңінің болуы. *-улы* қосымшалы етістіктің бұл модальдық реңі осы форма арқылы мәлімделіп отырған істің, уақиғаның ақиқаттығына мәлімдеуші адамның өзінің күмәндана қарауы, шүбәлануы түрінде көрінеді (жоғарыдағы осы форманың мағынасындағы тұжырымсыздық туралы айтылған жерге назар аударыңыз). Ал әдеби тілдегі *-улы* жұрнақты форма баяндауыш қызметінде дара айтылғанда, мұндай модальдық өңге ие бола алмайды.

Әдеби тілдегі *-улы* жұрнақты форманың негізгі мәні күй-жайды, сынды білдіру болатындықтан, ол есімдер тәрізді сөйлемде көбіне анықтауыш қызметін атқаратын болса, диалектілік *-улы* жұрнақты форма тек қана баяндауыш қызметінде жұмсалады. Әдеби тілдегі *-улы* жұрнақты формадан болған баяндауышты онымен предикаттық қатынаста тұрған есім сөздің анықтауышы ретінде айта беруге болады. Ал говорлардан *-улы* жұрнақты форма мұндай алмастыруға көнбейді.

Жалпы, говорлар мен әдеби тілдегі *-улы* жұрнақты формалардың арасындағы негізгі мағыналық-грамматикалық өзгешеліктердің силаты осындай.

Бұл айтылғандардан біз *-улы* жұрнақты деп аталып отырған бір форманың қазір жалпы халықтық тілімізде грамматикалық мағынасы

мен қызметі бір-бірінен айқын дифференциацияланған екі түрлі вариантта ұшырайтындығын көреміз. Этимологиясы мен сыртқы дыбыстық жағының бірлігі дегеніміз болмаса, олардың екеуі екі басқа грамматикалық категорияларға жататын шын мәніндегі өз алдына бөлек-бөлек формалар. Мұның бірі әдеби де, бірі диалектілік.

Диалектілік *-улы* жұрнақты форма, негізінде, үшінші жақта қолданылады. Үшінші жақтағы *-улы* жұрнақты форма басқа біреудің басынан кешкен ісі, уақиғасы жайындағы сөйлеушінің сырт естіген хабары түрінде айтылады.

Нүрекең Мәскеудегі көрмеде б о л у л ы.

-улы жұрнақты форма (диалектілік) арагидік бірінші, екінші жақтарда да ұшырайды. Бірінші жақта жұмсалғанда ол мәлімделіп отырған іске, уақиғаға сөйлеуші адамның өзінің саналы түрде араласпағандығын, іс, уақиға жөніндегі сөйлеушінің өз түсінігінің анық емес күңгірт екендігін көрсетеді.

Маңғыстау ойына біз екі дуз елу жылдықтың шамасында көшіп к е л у л і м і з. Мен осы жігітті бір жерде к е з д е с т і р у л і м і н.

Диалектілік *-улы* жұрнақты форма екінші жақта тыңдаушы адамның басынан өткізген бір ісін сөйлеушінің оның есіне түсіруі түрінде айтылады. Бірақ бұл жолы да істің, уақиғаның ақиқат солай болғандығына оның кепілдік бере алмайтындығы аңғарылады.

Сендер бәйбішеден т у у л ы с ы ң д а р.

-улы жұрнақты форманың говорларда жекеше және көпше түрде қолданылуында тіліміздегі етістіктің басқа өткен шақтық формаларынан ерекшелігі жоқ. Бірінші, екінші жақтарда келгенде ол осының алдындағы мысалдарда көрсетілгендей, етістіктердің жіктелуіндегі жалпы тәртіп бойынша тиісті жіктік, көптік жалғауларын қабылдайды да, үшінші жақта ешбір жалғаусыз айтылады. Жалпы, оның говорларда бірінші, екінші жақтарда келуі некен-саяқ қана. Негізінен үшінші жақта жұмсалатындықтан ол көбіне сыртқы пішіні жағынан өзгеріске түспеген күйде ұшырайды. Оның үшінші жақтағы жекеше, көпше мәндері барлық үшінші жақтық етістіктердікіндей кимылдың, амалдың субъектісі болатын сөздің тұлғасы мен мағынасына, контекске қарай ажыратылады.

Иманқали Алматыны к ө р у л і (жекеше). *Алдарынан қатты жел тұрып, олар қайықтарын Құлалы аралына қаратай б ұ р у л ы* (көпше).

Бұл форманың болымсыз түрі де, басқа етістіктердікі тәрізді, болымсыздық жұрнағының жәрдемімен жасалады. Мұнда да болымсыздық жұрнағы етістік түбір мен *-улы* қосымшасының аралығында тұрады.

Елдің көбі Бәйімбеттің айтқанына к ө н б е у л і.

Морфологиялық құрылысы жөнінен *-улы* — құранды қосымша. Ол *-у* және *-лы* деген бөлімдерден тұрады. Төркіні бойынша мұның

алдыңғысы – осы күнгі тұйық райдың жұрнағы да, соңғысы сын есім жұрнағы. Бұл екеуінің осылай біріккен күйде грамматикалық бір форманың көрсеткіші қызметінде жұмсалуды қазіргі кей түркі тілдері мен көне түркі жазу нұсқаларында да кездеседі.

Қараим тілінде: *biluvlu* (білулі, біліпті).

Қарақалпақ тілінде: *түйәниһ джюги артувлы*.

Махмуд Қашқариде: *ol ağı todhgurugli ol* (ол оны тойдырды) [2, 444].

Енисей жазуларында: *Аны бітігі Анңын (p)ті* (оны жазған Анңын еді) [3, 44, 105].

Қарақалпақ тіліндегі мұндай жұрнақтың жәрдемімен жасалған форма есімшенің өткен шақ түріне жатқызылады. *-улы* жұрнақты форманың қазақ әдеби тілінде де заттың сынын, күй-жайды білдіруінде, бұл сын мен күй-жайдың өткен уақыттағы іс-әрекеттің нәтижесі екендігінің көмескі ізі болады. Мысалы, *байлаулы мал* яки *мал байлаулы* дегендегі бірінші тіркесте сынды, екінші тіркесте күйді көрсететін *байлаулы* сөзінен *байлау* әрекетінің ол туралы біздің естіп тұрған кезімізге дейін жүзеге асып болған, дайын әрекет (сын, күй) екендігі ұғынылады. Бұдан біз қазақ тіліндегі бұл форманың мағыналық дамуындағы із-өкшесінің шақ категориясынан басталатындығын аңғарамыз. Демек, тіліміздегі *-улы* жұрнақты форманың говордағыша өткен шақты білдіруі – оның бастапқы мағынасы да, сынды, күй-жайды білдіруі – кейін пайда болған туынды мағынасы болып табылады.

-жақ қосымшалы форма. Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстарының территориясын мекендеуші қазақтардың тіліне тән етістіктің диалектілік формаларының бірі – осы *-жақ* қосымшалы форма.

-жақ қосымшасы *-а*, *-е* жұрнағымен айтылған көсемше тұлғалы етістіктерге жалғанады. Буын ықпалына бағынбайтындықтан, ол әрқашан осы бір ғана фонетикалық вариантта ұшырайды (ала-жақ, бере-жақ).

-жақ жұрнағы жалғанған етістік келер шақ мәнінде жұмсалады.

Бұл ақша өзімізге т и е ж а қ.

-жақ қосымшалы форма етістіктің тіліміздегі басқа келер шақтық формасынан өзінің мағыналық тұжырымдылығымен ерекшеленеді. Бұл форманың мағынасынан мәлімделіп отырған істің, уақиғаның келешекте қайткен күнде де жүзеге аспай қоймайтындығы аңғарылады. Іс, уақиға мұнда мүмкіндік, болжал түрінде емес, ақиқат, сөзсіз болуға тиісті шындық түрінде ұғынылады. Мысалы, *ол алдағы демалысқа дейін осында оралып кележақ* деген сөйлемдегі *кележақ* етістігін алатын болсақ, бұл етістіктің мәнінен сөйлеушінің қобалжу, күдіктену сезімдерінің нышаны байқалмайтынын аңғарамыз. Мұнда сөйлеуші адам келу әрекетінің сөйлемде көрсетілген мерзімге дейін ешбір күмәнсыз шындыққа айналатындығын сеніммен хабарлап тұр.

Бұл жердегі сөйлеушінің ұғымындағы келу әрекеті – алдағы уақытта қалайда-олай жүзеге асуға тиісті әрекет.

Етістіктің грамматикаларда арнаулы сөз болып жүрген шақтық түрлері тәрізді бұл форманың да шақтық мағынаны білдіруі оның жіктік жалғаулары тұлғасында айтылуымен шартты болады. Жіктік қосымшалары бұған да ашық райдың тіліміздегі басқа шақтық түрлеріндегідей үш жақта бірдей жалғанады [4, 20, 87].

– *Маған енді қанша б е р е ж а қ с ы ң?*

– *Әлі елу мәнәттай (сомдай) б е р е ж а қ п ы н.*

Дүз қойдан дүз он қозы а л а ж а қ п ы з.

Үшінші жақтағы *-жақ* жұрнақты форманың да жекеше, көпше түрде айтылғандығы қазақ тіліндегі барлық келер шақтық етістіктердің үшінші жағынікі сияқты істің, қимылдың субъектісі болатын сөздің тұлғасынан, контекстен белгілі болады.

Әркім өз білгенін а й т а ж а қ (жекеше). *Олар бүгін сонда б а р а ж а қ* (көпше).

-жақ қосымшалы форма да Гурьев, Батыс Қазақстан облыстарынан шыққан кейбір ақын, жазушылардың шығармаларында кездесіп отырады.

Адайлар әлде бүгін шатты ғажан,

Әлде бір өліспекке ант қ ы л а ж а қ.

Он-он бес ошарылған әр төбеде

Сардары садағы бар атты қазақ

(Х. Ерғалиев, Құрманғазы. 1958, 50-б.).

-жақ жұрнағы Қазақстан территориясының көпшілік жерлеріндегі халықтың тілінде *көршекпін, көршексін, көршекпіз* деген тәрізді формада жұмсалатын *-шақ, -шек* жұрнағының диалектілік варианты болып есептелінеді. *-шақ* жұрнақты форманың әдеби тілдегі өрісі тым тар, оның қазақ тілінің грамматикаларында етістіктің дербес шақтық формалары дәрежесінде қарастырылмай келуі де осыдан. *-жақ* жұрнақты форма қазір әдеби тілден гөрі халықтық ауызекі тілінің қажетін өтеуде.

Бұл форманың қазақ тілі говорларындағы вариантына ұқсас варианттарын біз осы күнгі біраз түркі тілдерінен ұшырастырамыз.

Ноғай тілінің диалектілерінде: *бараджакъ* [5, 101].

Түрікпен тілінде: *Мен дуржак* [6, 123] (мен тұрмақшымын).

Қарақалпақ тілінде: *Азанда бала кетеджакъ болды* [2, 432].

Түрік тілінде: *Oturacak yer yok* [7, 47] (отыратын жер жоқ).

Өзбек тілінде: *кележак* [8, 461].

Құмық тілінде: *алажакъ* [9, 138].

Тіліміздің говорларындағы *-жақ* жұрнақты форма үнемі жақтық тұлғада келе бермейді. Анығында, оның жақтық тұлғада келуі сан

жағынан жақсыз тұлғада келуінен көп емес. Жақсыз тұлғада айтылған *-жақ* жұрнақты форма есім сөздердің анықтауышы қызметінде жұмсалады. Мұндайда ол өзінің анықтайтын сөзінің алдында тұрады да, онымен қабыса байланысады.

Болажақ іс болмай қоймас.

Жақсыз тұлғада айтылған уақытта осылай анықтауыш, ал жақты тұлғада – шақтық мағынаның көрсеткіші ретінде жұмсалуды жөнінен *-жақ* жұрнақты форма есімшенің қызметін атқарады. Оның есімше қызметінде қолданылуы қазақ тілінің говорларындағы бұл форманың жоғарыдағы түркі тілдеріндегі салыстырылып отырған формамен сипаттас екендігін аңғартады, өйткені аталған тілдердің қай-қайсысында да *-жақ* қосымшалы форма есімшенің негізгі түрлерінің қатарында танылады (жоғарыдағы түрік тілінен келтірілген мысалға назар аударыңыз).

Говорлардағы *-жақ* жұрнақты форманың тіліміздегі басқа есімше формаларынан бір ерекшелігі оның болымсыз түрінің синтетикалық жолмен жасалмай, аналитикалық жолмен жасалатындығында. Солай болғандықтан ол есім сөздердің анықтауышы қызметінде тек болымды түрде болмаса, болымсыз түрде қолданылмайды. Бұл форманың болымсыз түрі оған жіктік тұлғалы емес көмекші етістігінің тіркесуі нәтижесінде пайда болады да, ол тек ашық райдың келер шағы мәнінде (баяндауыш қызметінде) айтылады. Болымсыз түрінің аналитикалық тәсілмен жасалуы жөнінен говорлардағы *-жақ* жұрнақты форма қазақ тіліндегі басқа есімшелерден ғана емес, онымен қатар кей түркі тілдеріндегі өзі алуандас формалардан да ерекшеленеді. Мысалы, *-жақ* жұрнағы жалғанған *бар* етістігі қазақ тілінің говорларында болымсыз түрде *баржақ емес* болып айтылса, түрікпен тілінде оның *бармажақ* [6, 144], қарақалпақ тілінде *бармайджақ* [2, 433] болып айтылатындығы көрінеді.

Жұмсалуды мақсатына, сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу ыңғайына қарай *-жақ* жұрнақты форма кейде заттық мағынаға да ие болады. Тіпті оның жергілікті халықтың тілінде әуелдегі етістік мәнінен ажырап, бергін келе толық заттық мағынаға ауысқан түрлері де байқалмайды емес. Мұның мысалы ретінде жергілікті баспасөз бен кеңсе ісқағаздарында қолданылатын *алажақ*, *бережақ* сияқты атауларды келтіруге болады. Бұдан бұрын біз *алажақ*, *бережақ* сөздерін өзінің бастапқы етістік мәнінде кездестірген болсақ, енді мына төмендегі мысалдарда оның заттық мағынаны білдіретіндігін көреміз.

Жекелеген, колхоздарда ... алажақ-бережақтармен есеп айырысу шаралары тыңғылықты ұйымдастырылмай отыр. Колхоз басшылары ... бережақтарын толық өтеу шараларын алулары тиіс (Гурьев облысы Маңғыстау аудандық “Сталин жолы” газеті. 1955, 23 декабрь).

Ауданымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары... мемлекет алдындағы бережактарын кәзірдің өзінде өтеді (Бұл да сонда. 1954, 27 июнь).

Заттану (субстантивация) құбылысы бұл форманың *-шақ* жұрнақты түріне де тән. Бұл жерде мысал үшін тіліміздегі *болашақ, келешек* секілді есім сөздердің із-өкшесінің осы формада жатқандығын айтудың өзі-ақ жеткілікті сияқты [2, 343].

Бұл форманы тудырушы қосымшаның басқы дыбысының *ж-мен* айтылуының Орынбор қазақтарының тіліне тән құбылыс екендігін алғаш рет проф. П.М.Мелиоранский байқаған болатын. Ол осы форманың В.В.Катаринскийдің кітабына [10] енуі туралы: “Язык киргизов (казахов. – С. О.) Оренбургской губ. (губернии – С. О.) несколько иной, чем язык их сородичей в степях Западной Сибири, – вот почему и в рассматриваемую грамматику попали две-три интересные формы, не отмеченные ни у Ильминского, ... ни у меня...; таковы “изолированные” формы *кележсек, бережсек (кележак, бережак)* болуы керек. – С. О.)” [11, 361] деп жазды. Одан әрмен қарай Мелиоранский осы мақаласында бұл форманың қазақ тіліне татардың жазба тілінен келуі ықтимал деген пікірді айтады. Егер бұл форманың республиканың батыс аймағын қоныстанушы қазақтардың тілінде кездесуін көрші тілдердің әсерімен байланыстырып қарауды мақұл деп тапсақ, онда олармен ұзақ уақыттар қарым-қатынаста болып келген түрікпен, қарақалпақ тілдері мен ноғай тілінің диалектілерінде де әңгімеленіп отырған форманың жиі қолданылатын форма екендігін ескермеске болмайды. Осыған қарағанда бұл форманы тек татар тілінің әсері деп қана тану жеткіліксіз болатын тәрізді. Демек, біз осы жерде қазақ тілінің говорларындағы етістіктің бұл формасының тағдырына жоғарыдағы ноғай, қарақалпақ, түрікпен тілдерінің қатысының жоқтығына кепілдік беруге болмайтындығын айтқымыз келеді. Бұл арасы әлде де зерттей, анықтай түсуді тілейді.

Қазақ тілінің говорларында кездесетін етістіктің диалектілік формалары бұл айтылғандармен шектелмейді. Біз мұнда республиканың батыс аймағы тұрғындарының тіліне тән ең негізгі деген кейбір етістік формалары туралы ғана айтып өттік. Қазақстанның оңтүстік бөлігін мекендеуші жергілікті халықтың тілінде ұшырайтын етістік формаларын есептемегеннің өзінде де, осы батыс облыстарының біраз жерлерінде айтылатын бұлардан тыс та бірқатар етістік формалары бар. Бұл сияқты формаларды арнайы сөз қылудың, олардың халық тілінде өмір сүру себептерін аша түсудің тіліміздің тарихи грамматикасын жасау, оның диалектілік құрамын анықтау тәрізді міндеттерді шешуде жәрдемі зор болмақ. Қазақ диалектологиясының байыпты зерттеу, толғамды пікір айтуды күтіп отырған кезектегі мәселелерінің бірі де осы.

Әдебиет

1. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; *Сарыбаев Ш.Ш.* Диалектизмы в произведениях Г.Сланова // – Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Вып. 1, Алма-Ата, 1958.
2. Қарайым, карақалпақ тілдері мен М.Қашқаридан келтірілген мысалдар Н.А.Баскаковтың мынадай еңбегінен алынды: Карақалпақский язык. кн. II, ч. I. М., 1952.
3. *Малов С.Е.* Енисейская письменность тюрков. М. – Л., 1952.
4. *Досқараев Ж., Мұсабаев Ф.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951.
5. *Баскаков Н.А.* Ногайский язык и его диалекты. М. – Л., 1940.
6. *Гурбанов А.А., Күррәев Н.* Туркмен дилинің грамматикасы. I бөлім, Ашгабат, 1956.
7. *Кононов А.Н.* Грамматика современного турецкого литературного языка. М. – Л., 1956.
8. *Хазирги замон узбек тили.* Ташкент, 1957.
9. *Дмитриев Н.К.* Грамматика кумыкского языка. М., 1940.
10. *Катаринский В.В.* Грамматика киргизского языка. Оренбург, 1898.
11. Зап. Вост. отделения императорского русского археологического общества. XI, СПб., 1899.

**Жергілікті халық тіліндегі етістіктің -лы
қосымшалы тұлғасы жөнінде***

Қазақ тілі говорларының грамматикалық жүйесінде ұшырайтын диалектілік құбылыстар арасында жиірек айтылып, көбірек көзге түсетіні – әр алуан етістік тұлғаларына байланысты ерекшеліктер. Осындай ерекшеліктердің бірі – біз төменде сөз қылғалы отырған Гурьев облысы, Маңғыстау, Шевченко аудандары мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас, Сайрам [1, 195], Алматы облысы, Жамбыл [2, 180] ауданында тұрушы жергілікті халық тілінде кездесетін етістіктің -лы қосымшалы тұлғасы.

Бұл тұлғаны тудырушы қосымша -лы, -лі, -алы, -елі деген төрт негізгі фонетикалық вариантта ұшырайды. Олар дауыссыздармен аяқталған сөздерге -алы, -елі, ал жуан буындардан кейін -лы, -алы, жіңішке буындардан кейін -лі, -елі түрінде жалғанады.

-лы қосымшасы жалғануы нәтижесінде жасалған етістік тұлғасы қалау-тілек мағынасында жұмсалады. Мысалы:

* Мақала Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарларында (Филология мен өнертану сериясы 1961, Шығ. 2) жарияланған.

Ертең тағы да жолығалы [3]. Екеуміз бір асықпай әңгімелеселі. Ағұштанқа да келсін деп хабареткізелі.

Көрсеткішін айт алы:

Төрт кило жарым жүн беріп,

Төрт қозыдан табады,

Шопаны қойды мәпелеп

Жақсы күтіп бағады.

(Шадыман Үсембаев — Маңғыстау ауданының тұрғыны)

Ал, жиналған жолдастар,

Мейрамыңды бүгінгі

Күттықтап жырлап толағалы,

Сегізінші март күні

Әйелге теңдік орнады

(Сәттіғұл Жаңғабылов — бұл да сол ауданның тұрғыны)

-лы қосымшалы етістік арқылы танылатын қалау-тілек мағынасы сөйлеуші жақтың іс-әрекет, уақиға, болмыс жөніндегі субъективтік көзқарасымен байланысты болады.

-лы қосымшалы тұлға сөйлеуші жақтың тілегі, өтініші ретінде көрінетін іс-әрекетті жүзеге асыруға тыңдаушымен бірге сөйлеушінің өзінің де тікелей араласатындығын білдіреді. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі *жолығалы, әңгімелеселі, хабар еткізелі* дегендегі -лы қосымшалы етістік баяндауыштардан ұғынылатын жолығу, әгімелесу, хабар еткізу амал-әрекеттері — сөйлеуші жақтың тікелей өзінің қатысуымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін амал-әрекеттер. Мұндағы *жолығу, әңгімелесу, хабар еткізу* амал-әрекеттерін атқаруға сөйлеуші жақ пен тыңдаушы жақтың екеуінің де бірдей ортақтығы бар.

-лы қосымшалы етістік белгілі бір іс-әрекетті атқару, орындау жөніндегі сөйлеушінің тыңдаушыға немесе тыңдаушылардың тобына бағытталған ұсынысы түрінде айтылады. Мысалы:

Қолымыздан бірдеме келетіміз түгел үмеге (асарға) бар алы. Өзім қажуға айналдым — бүгінгі әңгімені осымен тур алы (доғарайық).

-лы қосымшалы етістіктен көрінетін қимыл-амалды, іс-әрекетті атқарушының бірі сөйлеушінің өзі болатын болғандықтан, жергілікті халық тіліндегі бұл тұлға тек бірінші жақта ғана қолданылады. Мысалы, мына сөйлемдердегі -лы қосымшалы етістіктен болған баяндауыштардың жағын олармен қиысушы жіктеу есімдігінен болған бастауыштардың жағымен салыстырып көріңіз:

Ол айтқанына бізде келіселі. Сәкендерден бізде қалыспалы.

Етістіктің бұл тұлғасы сөйлеуші жақ пен тыңдаушы жаққа ортақ амал-әрекетті білдіретіндіктен, ол әрқашан көптік мағынада жұмсалады. Мысалы:

Екеуміз өңгімелеселі. Бәріміз жабылып мынаны аударып тасталы.

-лы қосымшасы жалғанған етістік арқылы берілетін амал-әрекет, қимыл иесінің (субъектінің) ең кем дегенде екеу не одан да көп болуы ықтимал. Екінші сөзбен айтсақ, мұндағы сөйлеуші жақтың іс-әрекетпен байланысты қалау-тілек сезімдерінің бір адамға да, сондай-ақ бірнеше адамға да бағыттала айтылуы мүмкін. Бірақ сөйлеуші жақтың бұл жердегі өтініші мен тілегі жеке бір тыңдаушыға ғана қатысты ма, әлде тыңдаушылардың тобына қатысты ма, ол арасын бұл тұлғаның дербес алғандағы сыртқы тұлғалық кескініне қарап ажырата қою қиын, бұл — тек сөйлеу, жазу контексі негізінде ғана белгілі болатын нәрсе. Бірақ қалай болғанда да бәрі — бір, осы екі жағдайдың екеуінде де -лы қосымшалы тұлға көптік мағынаны аңғартады.

Кейбір диалогтерде келгенде -лы қосымшалы етістіктің сөйлеуші жақ тарапынан айтылатын ұсынысты, тілекті білдірмей, қайта сөйлеуші адамның өз басының белгілі бір істі, қимылды атқаруды мойындауы, ризашылық-келісімі түрінде айтылуы мүмкін. Мысалы:

— *Асеке, айтқанымды ұмыта көрмеңіз!*

— *Жарайт, қарағым, ұмытпалы.*

Соңғы сөйлемдегі -лы қосымшалы тұлғадан ұғынылатын ұмытпау амал-әрекетінің иесі — жауап берушінің (яғни сөйлеушінің) өзі. Бұл жердегі -лы қосымшалы етістік ұмытпау амал-әрекеті жөніндегі сөйлеушінің тілегін емес, осы амал-әрекетті жүзеге асыруға деген оның жеке басының келісімін, ризашылығын білдіреді.

-лы қосымшалы етістіктің осындай реттерде контекстік ыңғайға қарай ара-тұра жекеше мәнде жұмсалуды оның жергілікті халық тіліндегі грамматикалық ерекшелігін белгілей алмайды. Бұл жағдай оның тек кейбір стилистикалық мүмкіндіктерін ғана танытады. Етістіктің көптік тұлғаларының стилистикалық мақсатта — синекдоха жолымен жекеше мағынада қолданылуы әдеби тілімізде де жоқ емес.

Ұсыныс, қалау-тілек, өтініш түрінде айтылатын болғандықтан -лы қосымшалы етістіктен танылатын қимылдың, іс-әрекеттің мезгілге қатысын шартты түрде болса да келер шақтық планда деп қарау орынды. Бұл жағдай әсіресе -лы қосымшалы етістік баяндауышты сөйлемдердегі баяндауышқа тәуелді кейбір мезгіл мағыналы сөздердің шақтық мәнінен айқын көрінеді. Мысалы:

Ертең тағы да жолығалы.

Басқа етістік тұлғалары сияқты -лы қосымшалы етістік те аталған территорияның тұрғындары тілінде болымды және болымсыз мағыналарда жұмсалады. Оның болымсыз түрінде болымсыздық жұрнағы түбір мен -лы қосымшасы аралығына қойылады да, -лы әр уақыт дауыссыз дыбыстан басталады. Мысалы:

Ендігәрі бұлай е т п е л і. Бостан-босқа о т ы р м а л ы.

-лы қосымшалы тұлға қазіргі Маңғыстау, Шевченко аудандары территориясын мекендеуші тұрғын халықтың ауызекі тілімен қатар осы өлкеде бұрын-соңды өмір сүрген жергілікті халық ақындары олендерінде де кездесіп отырады (жоғарыда келтірілген мысалдарға назар аударыңыз). Сондай-ақ бұл тұлғаны біз Ақтөбе облысының Маңғыстаумен шектес Байғанин ауданының тұрғыны, белгілі ақын Нұрпейіс шығармаларынан да жиі ұшырастырамыз. Мысалы:

*Қарғыс берер Қарашаш –
Қайта айналып б а р а л ы-а й.
Төрехандай ініге
Қорған бола барам деп,
Алдап кетіп қ а л а л ы-а й*

(Н. Байғанин. Шығ. жинағы, 1956, 57-б.).

*Төрехан төре саналы,
Терезеден қ а р а л ы.
Көрді сонда жас дана
Егіз бен Сегіз ағаны.*

(Сонда, 65).

-лы қосымшалы етістіктің республиканың жоғарыда аталған аудандарынан өзге қоныстарында тұрушы жергілікті халық тілінен байқалған реттері әзір болған жоқ. Бірақ оның есесіне біз бұл тұлғаны кейде Қазақстанның барлық түпкіріне дерлік мәлім, ертеден келе жатқан кейбір бірен-саран жыр үлгілері тілінен кездестіреміз. Мұның мысалы ретінде осы жерде -лы қосымшалы тұлғаның қазақ арасына кең тараған халық жырларының бірі “Қозы Көрпеш-Баян сұлудың” (И. Н. Березин жариялаған нұсқасындағы) мына секілді өлең жолдарында кездесуін атауға болады:

*– Мұнан былай көрінген қарағайың,
Қолындағы балтаның сабы – қайың,
Үйіндегі қатыны буаз еді –
Бұл маралды а т п а л ы, Сарыбайым.*

(“Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, 1957, 9-б.).

*Өткен іске өкініп біз к е т е л і,
Біраз айтып мұратқа біз ж е т е л і*

(Сонда, 40).

Бұл жағдай, сөз болып отырған тұлғаның “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” тәрізді ежелгі халық жырының тілінде кездесуі, оны (-лы қосымшалы етістікті) тіліміз дамуының өткендегі бір дәуіріне тән, қазір аталған территорияны мекендейтін халықтың ауызекі тілінде сақталып қалған көне тіл құбылысы емес пе екен деген жорамал айтуға мүмкіндік береді. Алайда -лы қосымшалы тұлғаның қазақтың

жалпыхалықтық тіліне қатысы жөніндегі мәселе әлде де болса зер сала зерттеу, ойластыру тілейді.

Етістіктің бұл тұлғасы кейбір ескі түркі жазбалары мен осы күнгі бірқатар түркі тілдерінде де бар. Мысалы:

Codex Samaricus-te

Syofda biz turalim

Oyuguc irif saa aytali [4, 188] (айтайық).

Түрікп.: *Тәзе ховада бир салым г е з е л и* [5, 128] (Таза ауада бір мезгіл кезейік).

Алт.: *келелі* [6, 76] (келейік).

Ұйғ.: *qilajli* [7, 81] (қылайық).

Қарақалпақ тілі диалектілерінде: *Ай, йарым, бакъ ишинде с ы р л а ш а л ы екимиз* [8, 45] (Ай, жарым, бақ ішінде сырласайық екеуміз).

Өзбек тілі диалектілерінде: *келайльй* [9, 105] (келейік).

Қазіргі тюркологиялық әдебиеттерде түркі тілдеріндегі етістіктің *-лы* қосымшасы туралы оның басында *-лық, -лік* (*қаралық, білелік*) қосымшасымен біртектес қосымша болуы мүмкін деген пікір бар [10, 418]. Соңғы аталған *-лық* қосымшасы жәрдемімен жасалатын етістік тұлғасы да Маңғыстау өлкесі тұрғындары тілінде айтылады. Сол секілді етістіктің бұл тұлғасын қолдану қазақтың жалпыхалықтық тілінде де жоқ емес. ХІХ ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің классикалық үлгілері Абай, әсіресе Ыбырай шығармаларында *-лық* қосымшалы етістік кең қолданылған. П.М.Мелиоранскийдің грамматикасында да [11, 52] ол қазақ тіліндегі етістіктің қалау райлық тұлғаларының бірі ретінде қарастырылады. Бірақ *-лық* қосымшалы тұлғаның әдеби тілімізде қазір айтылуы тым сирек. Бұл күнде ол, негізінде, тіліміздегі көнере бастаған етістік тұлғалары қатарына жатады.

Біздің байқауларымыз да жергілікті халық тіліндегі *-лы* қосымшалы тұлға мен *-лық* қосымшалы тұлғалардың мағыналық белгілері мен грамматикалық қызметтері бойынша бір-бірінен ерекшеленбейтіндігін көрсетеді. Олардың арасындағы осы тәрізді жақындықтар бұл тұлғаларды тудырушы *-лы* және *-лық* қосымшаларының әуелде төркіндес қосымшалар болуы жөніндегі жоғарыда айтылған пікірдің дұрыстығын құптай түсетін сияқты. Шынында да, *-лы* қосымшасының *-лық*-тың ықшамдалған түрі (усеченная форма) болуы, басында оның осы *-лық*-тан шығуы — мейлінше ықтимал жай [12, 187, 192; 13, 220], олай дейтініміз бұлар қазірде бір грамматикалық тұлғаның қызметін атқарады, әрі олардың дыбыстық құрамы жағында да елеулі жақындық бар. Тіпті қазақ тілінің өткен ғасырдағы кейбір жазба деректерінен *-лы* және *-лық* қосымшалы тұлғаларды бірінің орнына бірін қолданған фактілерді де кездестіруге болады. Мысалы, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының Жанак

ақыннан Шоқан жазып алған нұсқасының бір шумағындағы ұйқастар -лы қосымшалы тұлғамен:

Мекинь издебь джигиттерь кель *кителы*

Ортасында көпъ тюбе *бильгә икалы*

Азаматтар иранбай тынласанызь

Кузу-Қурпечь, Баянды *тир баталы* [14, 228] –

деп келетін болса, дәл осы шумақтың ұйқастарының И.Н.Березиннің “Турецкая хрестоматиясында”:

Мекен іздеп, жігіттер, кел *кетелік*,

Ортасында көк тобе белгі *етелік*,

Азаматтар, ерінбей тындасаңыз,

Қозы Көрпеш-Баянды *тербетелік* [15, 8], –

болып, -лық қосымшалы тұлға арқылы берілгендігін көреміз.

Әдебиет және ескертпе

1. *Довқараев Ж.* Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. // Вопросы истории и диалектологии казахского языка. I шығуы. Алматы, 1958.
2. *Болатов Ж.* Ұзынағаш экспедициясының материалынан // Вопросы истории и диалектологии казахского языка. I шығуы. Алматы, 1958.
3. Мақаладағы мысалдар Гурьев облысы Маңғыстау, Шевченко аудандарында 1957–1958 жж. болып қайтқан диалектологиялық экспедиция материалдарынан алынды.
4. Codex Cumanicus. Budapestini, 1880.
5. *Гурбалов А.А., Куррәев Н.* Түркмен дилинің грамматикасы. Ашгабат, 1956.
6. Грамматика алтайского языка. Казань, 1869.
7. *Насилов В.М.* Грамматика уйгурского языка. М., 1940. 81 бет.
8. *Баскаков Н.А.* Каракалпакский язык. II, ч. I, М., 1952.
9. *Гуломов Х.* Узбек тилининг Жиззах шеvasи. Жинах: Узбек диалектологиясидан материалдар. I, Тошкент, 1957.
10. *Баскаков Н.А.* Каракалпакский..., 450 бет; Хозирги замон узбек тили, Тошкент, 1957.
11. *Мелиоранский П.М.* Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч. 5, СПб.
12. -лы қосымшасы XVII ғасырдағы ұйғыр жазуларында -lum (bolamalum), қазіргі түрік тілінде -lit (gidelim) түрінде ұшырайды. Қараңыз: С.Е.Малов. Памятники...
13. *Кононов А.Н.* Грамматика современного турецкого литературного языка М.-Л., 1956.
14. *Валиханов Ч.Ч.* Сочинения. СПб., 1904.
15. Қозы Көрпеш – Баян сұлу. Алматы, 1957.

Бір диалектілік тұлға жайында*

Жергілікті говорларда кездесетін грамматикалық тұлғаларға қатысты ерекшеліктерді зерттеу — қазақ диалектологиялық іліміндегі өз алдына арнайы сөз етілмей келе жатқан, соны тақырыптардың бірі. Сол себептен де ол туралы әдейі әңгіме қозғамақтың орны бар. Әсіресе тіліміздің диалектілік құрамын анықтау, оның диалектологиялық атласын жасау мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған қазіргі кезеңде, республика жерінің әр мекендеріндегі тұрғын халықтың тілінде айтылатын грамматикалық тұлғаларға байланысты ерекшеліктерді танып-білудің маңызы ерекше. Өйткені грамматикалық тұлға түрінде ұшырайтын ерекшеліктер — қазақ тілі говорлары грамматикалық жүйесінде байқалатын диалектілік құбылыстардың дені. Жергілікті халық тіліндегі мұндай тұлғалар әлбетте белгілі бір қосымшалардың жәрдемімен жасалады. Солардың бірі — біз осында әңгіме еткелі отырған етістіктің *-қ* (*-ық*, *-ік*) қосымшалы тұлғасы.

Бұл, негізінде, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы Маңғыстау түбегін мекендеуші қазақтар мен республиканың оңтүстік бөлігінің кей жерлері тұрғындарының тіліне тән тұлға. Ара-тұра оны біз Қазақстанның батыс аймағының Маңғыстаумен шектес басқа территорияларында тұрушы халықтың тілінен де кездестіреміз. Бірақ оның мұнда жұмсалуды алғашқы территориялардың тұрғындары тілімен салыстырғанда сирек.

-н (*-ын*, *-ін*) қосымшасы аталған өңірлерді қоныстанған жергілікті халықтың тілінде етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне қосылып айтылып, бұйрық-өтініш мәнді етістік тұлғасын жасайды. Оның жоғарыда аталған фонетикалық варианттары соңғы дыбысы дауыстыларға біткен сөздерге *-н*, ал дауыссыздарға біткен сөздерге олардың аяққы буынының әуеніне еріп бірде *-ын*, бірде *-ін* болып жалғанады. Мысалы: *Сұрағанын б е р і н. Тезірек б а р ы н. Домбыраны жақсы чалады екенсіңіз, чырақ, енді бір ауыздап ж і б е р і н* (ән салып жібер деген мағынада). *Айтқан арызыма құлақ қ о й ы н* [1].

*Енді он күнде тойым деп,
Сол тойымда б о л ы н деп,
Көтерілер бойың деп,
Жерден тапқан баланың
Әшкерә қылып халқына
Атын келіп қ о й ы н деп.*

(Қашаған ақын).

* Мақала Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында (1960, март. 3 (180) жарияланған.

Қызыметтің ы(у) мытылып,
 Истемесе дұрысын,
 Белсенділік күш-қайрат
 Көрсетпесе жүрісін,
 Ондайларды арадан
 Ж і б е р і ң қуып, құрысын (Сәттіғұл ақын).

Кейде -ң қосымшалы тұлға республиканың батыс облыстарынан шыққан кейбір жазба әдебиеті өкілдері шығармаларында да ұшырайды. Мысалы, жазушы Ғ.Сыланов “Шалқар” романының бір жерінде бұл тұлғаны өзінің бір кейіпкерінің аузына салады: *Көне, келе қ а л ы ң* (“Шалқар”, 1954, 197).

-ң қосымшасы етістіктерге жалғанғанда, олардың негізгі және туынды түбір күйінде екінші жақта қолданылған уақыттағы бере алатын бастапқы бұйрық мәнін өзгертіп жібермей, етістіктерді тек қалау, тілек, өтініш, сыпайылық тәрізді мағыналық рендерде құбылтады. Бұл ретте жергілікті халықтың тіліндегі -ң қосымшалы тұлғаның басқа мағыналық белгілерінің үстіне әрі бұйрық мәнді болып келуін етістік түбірлердің әуелгі лексикалық-грамматикалық мағыналарымен байланыстырып қарау қажет. Өйткені тіліміздегі етістік сөздер жіктік жалғауының екінші жағында жұмсалғанда, тұлғалық жағынан ешбір өзгеріске ұшырамастан, сол негізгі және туынды түбір күйінде тұрып-ақ бұйрық мағынасын білдіре алады. Қазақ тіліндегі негізгі және туынды түбір етістіктердің бұйрық мағынаны білдіруі үшін олардың тек бұйрық интонацияда айтылуының өзі-ақ жеткілікті. Демек, -ң қосымшасы жалғанған етістіктерде болатын бұйрық мағына — ол етістіктің өзінің бастапқы табиғи лексикалық-грамматикалық мағынасы да, өтініш, тілек, сыпайылық — оған -ң қосымшасы үстейтін мағыналар болып табылады.

-ң қосымшалы тұлға тек екінші жақта ғана қолданылады. Бұл тұлға арқылы көрінетін іс-әрекет, қимылдың иесі (действующее лицо) әрқашан тындаушы жақ болады да, іс-әрекет, қимылдың орындалуы сөйлеуші жақтың тарапынан тілек, өтініш, бұйрық ретінде айтылады. Екінші сөзбен айтсақ, -ң қосымшалы етістік сөйлеушінің тындаушы арқылы орындалуға тиісті іске, қимылға субъективтік қатынасын білдіреді. Мәселен, жоғарыда келтірілген мысалдардағы алғашқы екі сөйлемнің *берің, барың* баяндауыштарын алатын болсақ, мұндағы беру, бару әрекеттеріне сөйлеушінің өзі қатыспай, тек беру мен бару әрекетін орындауды тындаушыдан оның талап етегіндігін, өтініп сұрайтындығын, ал бұл жердегі *беру, бару* амалдары иесінің тындаушы жақ болып табылатындығын аңғару қиын емес.

-ң қосымшалы етістік сөйлеушінің тындаушыға бағытталған ұсынысы, тілегі, өтініші түрінде айтылатын тұлға болғандықтан, ол нақтылы іс-әрекетті көрсетпейді. Етістіктің бұл тұлғасы арқылы айтылатын іс-

әрекеттің орындаушысы үнемі тыңдаушы жақ болады да, іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауы мұнда, бір жағынан, оны істеуге, орындауға деген тыңдаушының ықылас-ниетімен, ынтасымен ұштасып жатады.

-*ң* қосымшалы тұлғадан ұғынылатын іс-әрекет, жоғарыда көрсетілгеніндей, біздің көз алдымызда өтіп жатқан реалды іс-әрекет емес, тек келешекте жүзеге асуы ықтимал ғана іс-әрекет. Солай болғандықтан да оның жақтық мағынасын, шартты түрде болса да, келер шақтық план да деп қарау орынды. Мысалы, *Тезірек б а р ы ң* дегендегі бару әрекеті – істеліп болған да, істеле бастаған да, істеліп жатқан да әрекет емес, тек келешекте ғана жүзеге асуы мүмкін әрекет.

Біздің бұл жерде -*ң* қосымшалы етістіктің шақтық мағынасын шартты түрде деп айтып отырған себебіміз оның мезгілге қатысты мәнінің дүдәмал болатындығынан емес, ол арқылы көрінетін іс-әрекеттің шындыққа, ақиқатқа айналуының екіталай, күмән екендігінен. Өйткені мұндағы іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауы, осыдан бұрын айтылғанындай, оны атқарушының ықылас-ниетіне, ынтасына байланысты болады.

Етістіктің қосымшалы тұлғасы өзге түркі тектес тілдер үшін де жат тұлға емес. Оны біз ертедегі көне жазба нұсқалардан да, қазіргі бірқатар түркі тілдері мен олардың диалектілерінен де ұшырастырамыз. Мысалы:

Енисей жазуларында: *Қара будуным қ а т ы ғ л а н ы ң* (Қара жұртым, қатуланшы) [2, 26].

XVII ғасырдағы ұйғыр жазуларында: *қ ы л м а ң мәнің көкузүмін жарылғулук* (Менің көкірегімді жарым қылмашы) [3, 178].

XVII ғасырдағы Әбілғазының “Түркі шежіресінде”: *жарыны бізгә б ә р і ң* (жартысын бізге берші) [4, 143].

Түрікпен тілінде: *Мередованың ве Иванованың иш тәжрибелерини г ө р ү н* (Мередова мен Иванованың іс тәжірибелерін көрші) [5, 129].

Өзбек тілінде: *А й т и н г, нега мени онам туғмадикан илгари* (Айтшы, анам мені неге ілгері тумады екен) [6, 48].

Түрік тілінде: *gelif* (келші) [7, 220].

Ұйғыр тілінде: *қилин* [8, 81].

Башқұрт тілінің диалектілерінде: *барын* [9, 159].

Қырғыз тілінің оңтүстік говорларында: *келиң* [10, 97].

-*ң* қосымшалы тұлға да, тіліміздегі басқа етістік тұлғалары сияқты, жекеше және көпше мағыналарда жұмсалады. Бірақ етістіктің бұл тұлғасының көпше түрінің өзге етістік тұлғаларынан бір ерекшелігі – оған көптік жалғаулары арнайы жалғанбайды. -*ң* қосымшалы етістіктің көпше мәні – оның сөйлем ішіндегі басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасына, сөйлеу, жазу контекстерінің ыңғайына қарай ажыратылады. -*ң* қосымшалы тұлғаның көпше мағынаны білдіруі, көбіне сөйлем құрамында онымен предикаттық қатынаста айтылатын жіктеу, өздік есімдіктерінің көпше түрде

жұмсалыуымен шарттас болады. Дәлірек айтсақ, *-ң* қосымшалы етістік көпше мағынада айтылған уақыттағы онымен екінші жақта қиысатын есімдік бастауыш әрдайым көптік тұлғада тұрады (Бұл жағдайдағы қиысу тұлғалық көрінісі жағынан тек жақтық болады). Осы айтқандарымыздың түсініктірек болуы үшін *-ң* қосымшалы етістіктердің жекеше және көпше мағыналарын мынадай сөйлемдер арқылы салыстырып көрейік.

Жекеше	Көпше
<i>Озің тез ж е т і ң</i>	<i>Өздерің тез ж е т і ң</i>
<i>Сен баланы м а з а л а м а ң</i>	<i>Сендер баланы м а з а л а м а ң</i>

Біз мұнда *-ң* қосымшалы етістіктің көптік мағынасының сөйлемдегі онымен қиысушы есімдік бастауыштардың тұлғасына қарай ажыратылу мүмкіндігі жөнінде сөз еттік. Алайда баяндауышы *-ң* қосымшалы етістікпен келетін сөйлемдердің бастауышының әр сөз арнайы айтылып отыруының қалыпты жағдай емес екендігі былай тұрсын, қайта мұндай сөйлемдер, тіліміздегі екінші жақтық өзге де көптеген сөйлемдер секілді, көбіне бастауышсыз жұмсалады. Бұл негізінде, *-ң* қосымшалы тұлғаның диалогты сөйлемдерге тән тұлға болуынан. Мұндай жағдайдағы *-қ* қосымшалы етістіктің көпше мағынасын оның жекеше мағынасынан ажыратудағы бірден-бір өлшем, бірден-бір меже — сөйлеу, жазу контекстері ғана.

Бастауышы арнайы айтылмаған сөйлемдердегі *-ң* қосымшалы етістіктің жекеше, көпше мағыналарының кейде ол сөйлемдердегі бастауышқа қатысты айтылатын өзге сөздердің тұлғалық белгілеріне қарай ажыратылуы да ықтимал. Мысалы, төмендегі сөйлемдердегі *-ң* қосымшалы етістіктердің жекеше, көпше мағыналары мен ондағы қаратпа сөздердің тұлғасына назар аударыңыз.

Олай о т ы р м а ң, қарағым, төрге ч ы ғ ы ң (жекеше) — Олай о т ы р м а ң, қарақтарым, төрге ч ы ғ ы ң (көпше).

-ң қосымшалы етістік өзінің осылай ешбір бөгде морфологиялық форманттардың жәрдемінсіз-ақ әрі сыпайлық, контекстік ынғайға қарай, әрі жекеше, көпше мағыналарда бірдей жұмсалыуы жөнінен жергілікті халық тіліндегі өте-мөте икемді, оралымды грамматикалық тұлғалар қатарына жатады. Егер ол көпше мәнге көптік жалғауының жалғануы нәтижесінде ие болатын тұлға болатын болса, онда оның көпше мағынасы туралы бұл тұста әдейі әңгімелеп жатудың да онша қажеттігі бола қоймаған болар еді. Мәселенің көңіл аударарлық жерінің өзі де оның осы көптік жалғауын қабылдамауында. Себебі *-ң* қосымшалы етістікке көптік жалғауы қосылып айтылғандай болса, ол диалектілік құбылыс шеңберінен шығады да, әдеби тілдегі бұйрық райлы етістіктің анайы түрінің көпшесіне ауысады (*білің-біліңдер, кескілен-кескілендер, барың-барындар*).

Бұл жағдай, -н қосымшалы етістікке көптік жалғауын жалғаған кезде оның сыртқы тұлғалық кейпі жағынан әдеби тілдегі етістіктің бұйрық райының көпшесімен дәл келуі, тіліміздегі жіктіктің екінші жағының көпше түріндегі *-ндар* (*-ндер*, *-ындар*, *-індер*) қосымшасының құрамындағы көптік жалғауынан бұрын тұрған *-н* (*-ын*, *-ін*) элементінің басында осы *-қ* қосымшасынан дамуының ықтимал екендігін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Бұдан біз *-ндар* қосымшасының құрамындағы әдеби тілде қазір тек көптік жалғауымен бірігіп, біртұтас морфологиялық көрсеткіш ретінде ғана жұмсалатын оның *-н* элементінің әуелде аталған территориялардың тұрғындарының тіліндегіше екінші жақта өз бетінше жеке айтылған, дербес қосымша болғандығын аңғарамыз (жіктік жалғауының екінші жағының сыпайылықты білдіретін *-ңыз* (*-ніз*, *-ыңыз*, *-іңіз*) қосымшасының *-н* элементі де осы сөз болып отырған *-н* қосымшасымен тәркіндес).

Әдебиет

1. Мұндағы мысалдар Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл мен әдебиет институтының 1957–1958 жылдары Каспий теңізі жағасындағы Маңғыстау түбегінде болып қайтқан диалектологиялық экспедицияларының материалдарынан алынып отыр.
2. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.–Л., 1952.
3. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.–Л., 1951.
4. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абулгази хана Хивинского М. – Л., 1958.
5. Гурбанов А.А., Күррәев Н. Түркмен дилинің грамматикасы. 1 бөлүм, Ашгабат, 1956.
6. Хозирги замон узбек тили. Ташкент, 1957.
7. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.–Л., 1956.
8. Насилов В.М. Грамматика уйгурского языка. М., 1940.
9. Юлдашев А.А. Система словообразования и спряжение глагола в башкирском языке. М., 1958.
10. Абдулдаев Э. Кыргыз тилинин Чаткал говору. Фрунзе, 1956.

Диалектологиялық соны дерек*

Тілдің арғы-бергі тарихы, өткені мен бүгінгісі хақында кең мағлұмат аларлық нәрселердің көбі сол тіл иесі халықтың жергілікті тілдік ерекшеліктерінде жатқаны – қашаннан мәлім жай. Әсіресе тіл мамандарының назарынан тыс шеткей өлкедегі бір халық өкілінің тілі

* Мақала Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында (1973) 6 (338) маусым, 1973) жарияланған.

жөнінде мәлімет алудың ғылым үшін маңызы аса зор. Әлбетте, тілді зерттеу тәжірибесіндегі негізгі тірек етіліп алынатын орта — тіл иесі халықтың жиын, тығыз орналасқан жері болады да, оның шалғайырақтағы өкілдерінің тілі жөніндегі деректер зерттеуші көзіне шу дегеннен шалына бермейді. Түркі текті тілдер тобына кіретін қырым татарларының тілі туралы деректердің бірқатары ғылымға бұрыннан-ақ мәлім болғанымен, дәл болгар жеріне тараған қырым татарларының тілі жөніндегі мағлұматымыз тым тапшы болатын. Белгілі болгар түркологі Емил Боевтың София университетінің еңбектер жинағында өткен жылы жарияланған кітабы [1] осы Болгарияда тұратын татарлардың тілі жайында мәлімет беруге арналған. Түрлі тарихи себептерге байланысты Қырым түбегінен ертеректе дүркін-дүркін қоныс аударып, болгар жеріне барып ірге тепкен татарлардың тілінің бұл күнде өзінің о бастағы негізгі тілдік ортасынан елеулі алшақтығы бар жаңа диалектілік жүйеге ауысқанын автор мұнда дәйекті ғылыми деректермен дәлелдеген. Әрине, болгар тілімен, сол сияқты өзіне тегі жағынан жақын келетін өзге түркі тілдерімен жылдар бойы мидай араласудың нәтижесінде пайда болған тілдік белгілердің мұнда жиі ұшырауы — заңды құбылыс. Әуелгі негізгі арқауы қырым татарларының тілі болғанымен, қазір бұл тілдің әртүрлі тілдің элементін бойына мейлінше мол сіңірген, диалектілік тұрғыдан айтарлықтай өзгеріске ұшыраған тіл екені еңбекте келтірілген мәліметтерден айқын сезіледі. Болгар жеріне келіп қоныстанған алғашқы дәуірден бастап-ақ мұндағы жаңа говордың (татар говорының) түзілуіне қатынасқан түркі текті этнолық топтардың болғаны жайында автор біраз тарихи деректерге тоқталған. Әсіресе ноғайлар мен қарачайлардың татарлармен аралас отыруы себепті олардың тілінің жаңа татар говорының қалыптасуында елеулі қызметі болғанын зерттеуші жақсы байқаған. Болгар жеріндегі ноғай тілі мен қарачай тілі өзінің тілдік түпкі қазығынан алшақтап, татар тілімен біте қайнап бірігіп кеткен. Ноғай, қарачай тілдеріне тән кей белгілердің сөз болып отырған татар говорында байқалуының себебі осыдан деп түсіндіреді зерттеуші. Кейбір көрнеу тұрған жекелеген тілдік құбылыстар демесек, мұндағы ноғай, қарачай тілдері мен татар тілінің дәл аражігін ажыратып болмайды екен. Бұл тілдердің бұлайша біте қайнасуының сыры, әрине, олардың тегі жағынан бір-біріне тым жақын бұтақтас тілдер екенінде жатқан болуы керек. Сөйтіп, бір жағынан, аталған тілдердің бір арнаға сарқуы, екінші жағынан, өзге көршілес халықтар тілінің (мәселен, болгар тілінің) әсері мұнда жаңа говордың қалыптасуына әкелген. Мұның негізгі арқау, тірегі — әрине, қырым татарларының тілі. Өйткені говордың өзіне тән ең басты деген белгілерінің арасында татар тілінің элементі өзгелерден әлдеқайда басым жатыр. Автордың осы татар говоры деп атауында осындай мән бар (Кітапта автор мұны көбіне-көп татар говорлары деп көпше түрде

атаған екен, оны бұл таныстыруымызда әрмен қарай жіктеп, талдап жатпайтын болғандықтан, біз ықшамдап, татар говоры деп атап отырамыз). Қырым татарларының тілі болсын, ноғай, қарачай тілі болсын түркі тілдері ішінде қазақ тіліне аса жақын келетін тілдер екені баршаға аян. Осы ыңғайдан алғанда, берісі қазақ тілінің диалектілік жүйесін, әрісі тарихын тануға көмектесерлік деректер К. Боевтың еңбегінде баршылық. Сөз ортасындағы *л* дауыссызының түсіп қалуы сияқты болгарлық татарлардың говорындағы фонетикалық құбылыстың қазақ тілінің кей фактілерімен астасып жатуы, шынында, жай кездейсоқтық емес. Мұның өзі — осы тілдердің орбу тегіндегі тарихи жақындықтың нышаны. Өйткені бұл құбылыс қазақ жерінің оңтүстік өңірінде өзінің сипаты тұрғысынан да, сөз ішіндегі позициясы тұрғысынан да татар говорындағы нұсқасымен дәл келеді. Бұл айтқанымыз түсінікті болуы үшін мына бір сөздердің айтылысын бір-бірімен салыстырып көрейік (1-табл. қараңыз).

1-таблица

Болгарлық татарлардағы айтылуы	Қазақ жерінің оңтүстік өңіріндегі айтылуы	Қазақ әдеби тіліндегі айтылуы
сау босак кетамадым біламаймын босын-бомасын	сау босак кетамадым біламаймын босын-бомасын	сау болсак кете алмадым біле алмаймын болсын-болмасын

Мұндай қазақ тілі говорларымен ұқсас, орайлас келіп жататын тіл құбылыстарының кітаптан әр түрін табуға болады. Грамматика саласындағы ұқсастықтар ішінде әсіресе көмектес септіктің *-ман*, *-бан*, *-пан* тұлғасының тағы да сол біздің оңтүстік аймағымызда қолданылу ерекшелігімен сәйкесуі, шынында да ой саларлық нәрсе. Бұдан тіліміздегі бұл құбылыстың түп төркіні тым әрегіректегі дәуірлерге барып ұласатынын аңғарамыз. Енді әңгімелеп отырған кітаптан алынған бірер мысалды бұл жерде де қазақ тілінің фактісімен салыстыра кетейік (2-табл. қараңыз).

2-таблица

Болгарлық татарлардағы айтылуы	Қазақ жерінің оңтүстік өңіріндегі айтылуы	Қазақ әдеби тіліндегі айтылуы
жолман арбамаң қолман	жолман арбамаң қолман	жолмен арбамен қолмен

Өзі зерттеп отырған тіл құбылыстарының шығу төркінін анықтау, мән-жайын танып-білуге келгенде автор диалектология шеңберінен ұзап шығып, жалпы түркологиялық салыстырмалы-тарихи тәсілге жүгінеді. Түркі тілдерін жетік білуі — автордың ежелгі түркі жазба нұсқаларын, қазіргі түркі тілдерінен алынған мол салыстырмалы деректі еңбекте көміл игеруіне мүмкіндік берген. Әсіресе оның түркі халықтарының, соның ішінде болгар татарларының он екі түрлі хайуанаттың атымен келетін жыл қайта ауында ұшырасатын атауларды әр текті тілдердің материалымен салыстыра зерттеуі өте ұтымды шыққан. Осы орайда еңбекте берілген жыл қайыру кестесі мен ондағы хайуанат аттарының салыстырмалы кестесінің тілдік те, этнографиялық та маңызы елеулі дегенді айтқанымыз абзал.

Түркі тілдерін жетік біледі дегеннен шығады. Емил Боев — қазақ тілінің мамандарымен ұзақ жыл бойы қарым-қағынас жасап, қол үзбей ғылыми тәжірибе алмасып жүрген адам. Ол қазақ тілін еркін игеруді мақсат тұтып, өз бетінше де, өзі оқытып жүрген София университетінің түркі филологиясы бөліміндегі студенттерімен де біздің Алматыда — Ғылым академиясында, Қазақ мемлекеттік университетінде бірнеше дүркін болған. Қазір қазақ тілін емін-еркін меңгерген білімдар болгар ғалымының сонау Софияда Болгарияның ірі білім ордасы — София университетінде өз шәкірттеріне қазақ тілінен лекция оқып жүргені оның қазақ достарын сүйсіндіреді. Жұртшылыққа таныстырып отырған осындағы автор еңбегінен де оның қазақ тілін тым тәуір білетіні аңғарылып-ақ тұр. Бұл зерттеу — ғалымның болгар татарларының тілінен он бес жыл бойы жинап-терген диалектологиялық еңбегінің нәтижесі. Қаламыңыз әр кез осылай жемісті болсын! Авторға біз айтар тілек — міне, осы.

Әдебиет

1. *Боев Е.П.* Исследования и материалы по татарска диалектология в Болгария, 1. София, 1971. — “Годишник на Софийския университет”, т. LXIV. 2. 1970.

Өзекті арна*

Қазақ тілі жөніндегі ілім-білімнің озге тарауларымен салыстырғанда оның диалектология саласы — лингвистика маманының да, тіптен маман емес адамдардың да дүркін-дүркін сарабына түсіп, бірде анадан, бірде мынадан шетқақпай көре дамып келе жатқан ғылым. Әсіресе оның тіл білімінен мейлінше жырақ төрешілерден көрген қағажуы

* Мақала “Ана тілі” газетінде (30.08.1990) жарияланған.

молырақ. Осы мәселеге оқтын-оқтын оралып, билік айтуға әуестенудің кезінде объективті себептері де болғаны рас. Оның ең бастысы — 1950 жылғы тіл білімі туралы айтыстың қорытындысында “диалект” деген ұғымға берілген анықтамада жіберілген жаңсақтық. Мұнда тілдің өз алдына дербес грамматикалық құбылысы бар, өз алдына дербес сөздік қоры бар бөлігін ғана “диалект” деп тану керек деген қағида ұсынылған болатын.

Осы айтыстың дүрмегімен 50-жылдардың басында республикада қолға алынған тіл білімі жөніндегі науқан кезінде осы қағиданың шарттары тым асыра бағаланып, қазақтың халық тілінің диалектілік жүйесін ашқан, оны зерттеумен шұғылданып келген С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, Ж.Досқараев сынды ғалымдардың еңбектеріне шүбә келтіріледі. Шынында да, дәл осы қағиданың тезіне салып өлшер болсақ, жалғыз қазақ тілі емес-ау, жалпы тіл атаулыдан диалект іздеу құр әурешілік болып шығар еді. Өйткені грамматикалық құрылысы мен сөз қоры жағынан бір-бірінен шалғай жатқан диалектісі бар тілді қолымызға жарық алып жүріп іздегенмен, еш ел, еш жерден таба алмасымыз хақ. Бір тілдің өз ішіндегі диалектілерді былай қойғанда, мұндай оқшаулықтың бір тектен өрбіген ағайын тілдердің арасында болып шығуының өзі кәдік. Мысал үшін біздің тілімізбен төркіні бір тілдерді алып қарайықшы. Бұлардың арасында да грамматикалық құрылысы жағынан бір-бірінен соншалық кереғар жатқан тілді ұшырастыра алмаймыз. Ал сөздік қор дегенде шуаш тілі мен якут тілі сияқты некен-саяқ тілде өзге түркі тілдерден біраз алшақтық байқалатыны рас. Мұның да, әрине, дәлелі бар; ол — осы екі халықтың ағайын жұрттан іргесін ерте айырып, басқа тілдік қоршауда ұзағырақ өмір кешуі. Анығына келсек, түркі тілдері грамматикалық кескін-кейіп тұрғысынан да, негізгі сөз қоры тұрғысынан да бір-бірімен жымдасып, тұтасып жатыр. Осы себептен де өткен ғасырдың шығыстанушылары көпке дейін түркі тілдерді бір ғана тілдің диалектілері деп түсініп келген-ді. Сондайлық жақындығы болғанымен, бір-бірінен ерте заманда енші алысып, өз алдына жеке отау тігіп, ақар-шақар ел болып кеткен түркі жұрттардың тіліндегі грамматикалық құрылыс пен сөздік қорда бұл күнде айырмашылық атаулы байқалмайды десек, мұнымыз ақылға сыймас еді. Айырма, әрине, барына бар. Тегі ең жақын деген қарақалпақ, ноғай, қазақ тілдерін осы өлшемнің елегіне салып, сүзіп шығар болсақ, елегімізге ілінер ештеме болмаса, онда бұл тілдерде дербестіктің де болмағаны ғой. Ал біздің көз алдымызда ақиқат өмір сүріп отырған осы секілді жеке-жеке тілдердің бар екеніне кім шүбә келтіре алады?

Түркі тілдерді де, оның әрқайсысының өз ішіндегі диалектілерді де бір-бірінен айыра, ажырата тануымыздың кілті — олардағы осы екі өзекті саланың, грамматикалық құрылыс пен сөздік қордың

бөгделігі, бөлектігі емес, тек осы салалардың бойында байқалатын әр тілдің, әр диалектінің өзіне тән ен-таңба, өзіне тән нышанның болуы. Мейлі ол аз, мейлі ол көп болсын, әйтеуір, мұндай нышаннан ақыр-тақыр құралақан тіл де, диалект те жоқ.

Ана тіліміздің ішкі жағдайын бағдарлар болсақ, қазақ жұрты тараған байтақ географиялық кеңістіктің бар түкпіріндегі тіл бағзы-баяғы қазақ тілі болғанымен, грамматикалық құрылығы, сөз қоры көміл бірегей тіл болғанымен, әр өлкенің өз қазағының сөз байлығына, сөз саптау машығына, тіптен сойлеу мәнеріне қатысты, өзге өңірдің қазағына бейтаныс белгілердің бар екенін айқын сеземіз. Басқаны былай қойғанда, қазақ тіршілігімен ежелден бірге өсіп, біте қайнаған киіз үйдің өзінің аталуы әр басқа. Қазақ топырағының теріскей, орталық, шығыс атырабының бәрінде *киіз үй* болып айтылатын осы бір сөздің орнына Жетісу жағында *қазақ үйі*, қырғыздармен шекаралас аудандардың кей жерінде *боз үйі*, Сыр бойы мен қарақалпақ еліне іргелес отырған өңірде *қара үйі*, Жайық, Каспий төңірегінде *ағаш үйі*, Еділ жағалауынан арғы тұста *терме үйі* деген атаулардың қолданылатынын көреміз. Осы алты түрлі нұсқаға ие алты атаудың алтауының да білдіретін ұғымы – біреу, ол – кәдімгі *киіз үйі*. Бұл сөздер бірінің-бірі тең баламасы есепті.

Бір ғана иінағаш сөзінің әрқайсысының әр жердің қазағының тілінде айтылатын *су ағаш*, *мойын ағаш*, *күйенте*, *құрамыс*, *өпкіш* деген нұсқалары мәлім. Сол сияқты әр өлкенің қазағының тілінен *сіріңке* деген ұғымды білдіретін *оттық*, *шырпы*, *шақпақ*, *шібішке*, *күкірт*, *кеуірт*, *гәуірт*; *қамшыны* білдіретін *атсоғар*, *атжүргіш*, *құнт*; *қысқашты* білдіретін *кемпірауыз*, *атауыз*, *балықауыз*, *тістеуік*, *амбыр*; *отқысқашты* білдіретін *шымшуыр*, *мәстемір*, *шат-тауық*, *әтішкір*; *айырды* білдіретін *пешақа*, *бесақа*, *шақа*, *үшшақа*, *жаба*, *шаршақа*; *сыпырғышты* білдіретін *сыпырғы*, *сыпырықты*, *сібірікті*, *жорап*, *сіпсе* сынды сөздерді кездестіреміз. Бір ғана ұғымның соқа басына қатысты әр жерде әртүрлі айтылатын сөздердің сан алуаны бар екеніне осының өз-ақ көзімізді жеткізсе керек. Бұл – сөздік қорға қатысты жай. Нақтылы бір өлкенің қазағының тілінде қолданылғаны болмаса, өзге жердің қазағына беймәлім осындай өзгешеліктер тіліміздің грамматикалық белгілері арасында да бар.

Бір ғана грамматикалық категорияның ауқымында танылатын **алыңыз**, **алың**, **алғын** тәрізді тұлғалардың алғашқысы исі қазақтың бөріне түгел тараған тұлға болғанымен, кейінгі екеуін барлық жердің қазағының тілінен таба алмаймыз. **Барың**, **барғын** оңтүстікке тән. Тек осындағы *барың* дегеннің оңтүстіктен тыс түрікмен, қарақалпақ елімен көршілес өңірдің қазағының тілінен байқалатын кезі бар. Сол секілді **баражақын** (бармақшымын), **барасаңыз** (барасыз), **я** болмаса **барулы** (барыпты) секілді етістік тұлғаларын Қазақстанның

батысынан өзге маңнан құлағымыз шалған емес. Бұл — анасы ана жердің, мынасы мына жердің қазағына тән деп көзге шұқып тұрып айтуға келетін өзгешеліктердің тек тіліміздің сөздік қорында ғана емес, грамматикалық құрылысында да көміл бар екендігінің айғағы.

Әңгіме болып отырған қағидада байқалатын және бір ақсақтық мұнда тілдің диалектілік жіктелісін ажыратудың екі параметрі — грамматика мен лексика қамтылған да, одан салмағы еш кем соқпайтын тілдің дыбыс жүйесі — фонетика мүлдем ескерусіз қалдырылған. Әділіне жүгінсек, грамматикалық құрылыс пен негізгі сөздік қорды өлшем етіп, осы екеуіне ғана қол арту диалект түгіл, тіпті тіл атаулының табиғатын танып-білуімізге олқылық қылады. Түркі тілдердің классификациясын жасаған ғалымдардың біразы-ақ тілдің өзге белгілерінен гөрі оның дыбыстық түс-таңбасына арқаны көбірек сүйеген. Айталық, С.Е.Малов түркі тілдерді “ежелгі” және “қазіргі тілдер” деп тарихи даму кезеңдеріне жіктестірген кезде өз классификациясына арқау етіп тек тілдің дыбыстық кейпіндегі тарихи өзгерістерді ғана алғаны белгілі.

Жоғарыда келтіріліп өткен мысалдардан тыс нақтылы бір ұғымды білдіретін бір ғана сөздің жеке басының әр аймақтың қазағының тілінде әр басқа дыбыстық нұсқаға ие болатын да жайы бар. Бұлар — фонетикалық параллельдер.

Республикамыздың көпшілік жерінде *абыржы, жаутаңда, теңдік, тыңда, бес, сорпа, төсек, өлең, терең, тезірек, ертерек, болат, бал, келмеді, ала алмай, ер, біз* түрінде айтылатын сөздердің оңтүстік өңірдің өн бойында жаппай *әбіржі, жәутеңде, теңлік, тыңла, беш, шорпа, төшек, өлен, терен, тезырақ, ертарак, полат, пал, кемеді, ала амай, егер, бігіз* болып айтылуы — бір ғана сөздің дыбыстық тұрғыдан әр өлкенің жергілікті халқының тілінде әртүрлі құбылуының айқын көрінісі. Тараған географиялық шегі мейлінше айқын мұндай фонетикалық егіз сыңарлардың ана тілімізде талайы бар.

Бұларды былай қойғанда, бір жердің қазағының тілінде атұранымен жоқ дыбыстың екінші бір жердің қазағының тілінен ұшырасатын кезі де болады. Қаратау, Жетісу өңірінен бастап Қытай, Моңғол жеріндегі қазақ жұрты тараған алқапқа түгел жайылған аффрикат *ч* дауыссызын біз Қазақстанның орталық, теріскей немесе батыс атырабының бірде-біреуінен кездестіре алмаймыз.

Қысқасы, тілдің ең маңызды деген осы үш структуралық белгісінің: сөздік қоры, грамматикалық құрылыс, дыбыстық жүйе — осы үшеуі бірдей қамтылмаған жағдайда, тіл мен оның диалектілері жөніндегі мағлұматымызды толық деп есептеуге болмайды. Қазақ диалектілерінің сыр-сипатын, олардың таптасу жігін ажыратудағы зерттеушілеріміз ұстанар өлшемнің бағыт-бағдары, табан тірер тиянағы әлбетте тілдің осы сияқты белгілері болмақ.

Ендігі бір айтайық дегеніміз — осы диалектілік деп отырған дүниеліктердің әдеби тілімізге, көркем шығарма тіліне қатысы жайындағы мәселе.

Әдеби тілдің сөз жиһазын халық диалектілерінің есебінен байыту, қорландыру процесі орыс тілінде толастады дегенді тіл мамандары айтқанына біраз болды. Бірақ осыған қарап диалектілік сөздердің әдеби тілімізге енуіне біз де тосқауыл қоюымыз керек десек, мұнымыз әдеби лексикамыздың халық сөзінің, халық тілі байлығының есесінен нәрленуі сияқты жөн принципке жасаған кернеу қиянат болар еді. Орыстың ғылым тілінің, оқу-өнер, мәдениет тілінің ә деп дүниеге келіп қалыптаса бастаған қарсаңында халық диалектілеріндегі әдеби тілдің кәдесіне жарар нәрсенің бәріне есікті айқара ашқан кезі де болған. Бұдан орыс әдеби тілі залал шеккен жоқ. Қайта ол — оның европа тілдерінің жетегінде кетіп қалмай, нағыз халықтық арнадағы әдеби тіл болып бой түзеп, өркен жаюына негіз болды. Қазіргі күндегі біздің әдеби тіліміздің сөз сарайының қорлану жайы орыс әдеби тілі өткен ғасырларда бастан кешірген со бір дәуірлерге дөп келеді деп салыстыра айтсақ болады. Халық диалектілерінен қол үзу — біздің әдеби тіліміз үшін әзір тым ертелік қылады.

Осы орайда жергілікті сөздердің жазба әдебиетте, баспасөзде, радио, теледидар хабарларында, әсіресе көркем шығармада бой көрсеткен ыңғайы болса, әдеби тілде шұбарлайды дегенді бұлжымас ережеге айналдырып, осындайлардың бәріне бірдей шошына, үрке караудың лайығы жоқ дегіміз келеді. Себебі әдеби тіліміз халық диалектілерінен аларын түгел алмақ түгіл, жарым-жартылай да еншіленіп үлгірген жоқ.

Жазушылық өнер халық тілі мен әдеби тілді бір-біріне селбестіретін, сабақтастыратын дәнекер етіпті. Халық тіліндегі, халық диалектілеріндегі іске татырдың әдеби тілімізге өтетін ең сара, ең даңғыл жолдарының бірі — қалам иесі қайраткерлеріміздің және өзге де зиялы қауым өкілдерінің халық сөзін, ел аузындағы нақышты сөз орамдарын, мақал-мәтелдерді, шешендік шеберлікті не алуан халықтық метафораларды белгілі мақсат-мүддеге лайықтай, өз орайымен қолдануы. Мәдени жұртшылықтың әдеби тіл жиһазының мольғауына саналы түрде етер ықпалының келелі бір көрінісі — осы.

“Біркелілік — көркемдік індеті” деп атаған мақаласында (“Ана тілі”, 1999) жазушы Дүкенбай Досжанов әдеби тілге халық диалектілерінің қатысы жайындағы мәселені орынды қозғаған. Өзінің жазушылық тәжірибесіне сүйене отырып, мақала авторы жергілікті деген желеумен әдеби тіліміздің назарынан тыс қалған халық диалектілеріндегі сөздерге ілтипат білдіру керектігін, ондайларды көркем шығармада қолдануға қомағашаулық етудің орынсыздығын айтады. Біздіңше, мақала иесі бұл мәселені дұрыс

байымдап, дұрыс түсінген. Шығарма тіліндегі жұтаңдық пен сүреңсіздіктен, тіл кедейлігінен құтылудың пәрменді бір тірегі халық тіліне, әр өлкенің жергілікті халқының тіліне қол арту, содан үйрену екенін жазушы жөн аңғарған. Осы секілді жайдан біраз әңгіме қозғап, сөз аяғында мақала авторы қазақ тілінен диалект іздеудің күні өткен деген қорытынды жасапты. Өзгесіне бас изегенімізбен, дәл осы тұсқа келгенде аяғын шалыс басқанын айтсақ, Дүкенбай көңіліне алмас дейміз. Із кесіп іздеме, хат бетіне түсіріп жазып алма, халық тілінде барға көз жұмып, қол қусырып қарап отыр деген кеңесті орынды кеңес демесек керек. Тілімізден диалект іздеудің күні өткен жоқ. Оны іздеудің де, әдеби тілде, соның ішінде көркем шығармада жөн-жосығымен пайдаланудың да күні енді туып келеді.

Осы орайда ұғынысып алатын мынадай бір жай бар. Бізде диалект дегенді тіл бейшаралығы, тілдің маңдайына біткен сор деп түсінетіндер, соны “жоқ” деп айтқанды қалап, “бар” деп айтқанды ұнатпайтындар бар. Дұрысына келсек, диалектісі болу – тіл өрісі тарлығының емес, қайта кеңдігінің белгісі. Диалектінің бары, иә жоғы төрелік айту жолымен, немесе қаулымен қол көтеріске салып шешіп болмас нәрсе екені белгілі. Асылында, диалектісі ада-күде жоқ тілді тарих әлі күнге естіп-білмеген де болар. Қазақ тілін сонау 30-жылдардың бас әлетінде экспедицияға шығып, деректі тікелей ел арасынан, халықтың өз аузынан жинай жүріп зерттеген белгілі лингвист Құдайберген Жұбанов: “Дүниеде диалектісіз тіл болған емес, халық тілі – диалект жинағы”, – деген байлам айтқан-ды. Әлдеқашан әлемдік деңгейге көтерілген ағылшын, испан, француз тілдері – іштей сан қилы диалектілік жіктелісі бар тілдер. Осы үшін осы тілдердің ешбіреуіне ешкім кейін тұр деп айта қоймағанын өмірден көріп отырмыз. Немесе орыс тілін алайықшы: оның да *окающий*, *акающий* диалектісінің барын, олардың әрқайсысының өз акцентімен сөйлейтін өкілдерінің барын орыс адамымен тілдесе жүре, айтқанына құлақ түре жүре көбіміздің-ақ байқаған, сезген жайымыз болу керек. Қазақ тілінде диалект бар деп айтқан сөз кейбір азаматтарымыздың шамына тиетін сияқты. Мұны қазақ тіліне жаны ашымағандықтан айтылған сөз деп байымдайтындардан да құралақан емеспіз. Бұл, әрине, халық тілі деректерін ел аралап, тәптіштеп жинап, көз майын тауыса зерттеген салиқалы еңбектен туған пікір емес. Ол басқадан гөрі үйде отырып пішілген тонға көбірек ұқсайды. Осындай пікірдің ұшығын танытушылардың арасынан халық тілі проблемасымен шұғылданып жүргендерін кездестіре алмадық.

Халық тілі деген – қиырына көз жеткен байтақ дүние суы сарқылмас кең арна. Ол жалғыз қағаз бетіне, кітап бетіне түсіп

қатталған, жазу-сызу арқылы қамтылған дүниеліктен ғана тұрмайды. Оның жазба үлгідегі нұсқасымен қатар, ауызекі тіл деп аталатын өзекті нұсқасының барын бәріміз жақсы білеміз. Тілдің өз тарихы да, сол тілдің иесі болып табылатын этностың тарихы да басқада емес, дәл осы тілде, халықтың төл ауызекі тілінде жатыр. Диалект — ғайыптан пайда болған нәрсе емес, ол халық тілі дамуының заңды жемісі, оны ауызекі тіл деп отырған тіліміздің ең мәуелі бұтағы, тіпті соның кіндігі, қазығы десек те сияды. Мұны бекерге шығару халық тілін зерттеме, ондағы барды көрсең де көрмеген бол дегенмен бара-бар.

Халық тілінде жалғыз сөз байлығы, сөздің ою-өрнегі ғана емес, халықтың бүкіл тарих бойына санасына ұялаған дүниетаным түйсігі, ұғым нанымы жатыр. Әдет-ғұрып, салт-сана осының бәрі халық тілімен өзектес категориялар. Ана тілінен мақұрым қалған адамның ана сүтімен ұлттық психология сияқты табиғаттың зор сый-сипатынан қоса мақұрым қалатын себебі де осыдан. Характерлердің психологиялық бояуын қанықтыра, қоюландыра түсу үшін жазушының кейде диалогтерде өз кейіпкерінің аузына диалектілік сөздерді салатын кезі болады. Мұның тамаша үлгісін Мұхтар Әуезовтің “Асыл нәсілдер”, “Білекке-білек” сынды әңгімелерінен көре аламыз. Осы екі әңгімесінің екеуінде де жазушы кейіпкерлерінің тілдік мінездемесін оңтүстік өңірге тән сөздер арқылы берген және мұны нақтылы мақсат көздеп, әдейі қолданып отырғанын автордың өзі ескерткен де. Бұл, әрине, жергілікті колоритті көркемдік тәсіл есебіне ұстану — диалектілік сөздерді әдеби шығармада пайдаланудың бір жағы ғана. Диалектілік сөздерді осылайша кейіпкерлердің тіліне тиек етуден басқа да, автордың өз сөзінде қолдану деген жағы және бар. Шынтуайтқа келгенде, қазақ жерінің белгілі бір атырабына ғана мәлім сөздердің әдеби тілдің игілігіне, баршамызға ортақ игілікке айналуының негізгі амалы — осы жол, оның шығармада автор тарапынан айтылатын баяндауда, суреттеуде қолданылуы ыңғайы.

Біздіңше, сөздердің мына бір түрін қолдан да, ана бір түрінен бойды аулақ сал деп шығарма авторының аяғына тұсау салуға, ұмтылу — қажетсіз іс. Сөзді таңдап, елеп-екшеп барып өз талғамы биігінен қарап пайдаға жарату, шындығында, автордың өз құзырындағы нәрсе ғой.

Тегінде, көзден таса, халық тілінің қалтарысында жатқан сөзді жарыққа алып шығатын да, оны орайымен, ұтырымын көдеге асырудың жөн-жобасын сілтейтін де жазушы өнері. Әуелден жоқ болса, жоққа жүйрік жетпейді — оған дауа жоқ. Ал халықтың өзінде бардан жиренбелік, көркем шығармада болсын, иә басқадай ретпен болсын, барды барша көрсетелік деп ұмтылған адам болса, жолына кесе-көлденең тұрудың лайығы жоқ. Бешенемізге әуелден жазылған, бар байлыққа иешілік етіп болмай жатып, барымызды бауыр баспай

жатып, жергілікті сөздерді еркінірек қолдануға қолбайлау жасағанымыз асығыстық. Алайда бұл жергілікті халықтың тілінде айтылып жүргеннің ешқайсысын жерге тастама, жіп-шырғасына дейін қалдырмай, әдеби тілге тоғытып ендіре бер, қаптың аузын кеңірек ашып қой да, сондағы бардың бәрін байлыққа кенелудің төте жолы осы екен деп уысынды толтыра шеңгелдеп ала бер, арзан-қымбатын қарама деген кеңес емес. Сөздің өзге парасы сияқты жергілікті сөздің де асылы бар, жасығы бар. Мазмұндылық, көркемдік бейнелілік секілді асқақ талап тұрғысынан сұрыпталмаған, өз иінімен, нысаппен қолданылмаған сөз де, дәм де, тату да болмайтыны аян. Мұны халықтың қайнаған ортасында, ауылда көнекөз қариялардың айтқанына құлағы түрік өскен әрбір сөз қадірін білетін азамат, толғауы тоқсан қызыл тілді шын өнер танып, оны қастер тұтатын әрбір қалам иесі қайраткер жақсы ұқса, жақсы түсінсе керек.

Фонетика. Грамматика. Ономастика

Қазақ сөзінің акцентуациясы*

Жалпы түсінік. Сөзді айтқан кезде сөз ішіндегі барлық буын біркелкі айтылмайды. Екі буыннан не одан көп буыннан тұратын сөздердің құрамына енетін буындардың біреулері солғынырақ, әлсіздеу, келтелеу, енді біреуі басқаларына қарағанда анағұрлым айқынырақ, тегеуріндірек, созылыңқы айтылады. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, тегеурінділігі, өуезділігі арқылы оқшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні, яки сөз екпіні дейді. Екпін түскен буынды екпінді буын дейді. Қазақ тілінде алғашқы буыны мен соңғы буыны дыбыстық құрамы жағынан алғанда бір-біріне айны қатесіз ұқсас болып келетін *баба* (*ата-баба* дегендегі), *шеше* (*әке-шеше* дегендегі), *тете* (өзіне *тете інісі* дегендегі), *шаша* (*суаттың шашасынан келеді* дегендегі), *бұлбұл*, *дүлдүл* тәрізді бірлі-жарым екі буынды сөздер бар. Осылардың әрбіреуінің құрамындағы буындарды өзара салыстырып көретін болсақ, дыбыстық тұрғыдан бір-біріне ұқсастығына қарамастан, олардың алғашқысы мен кейінгісінің айтылуында бір-бірінен елеулі айырма бар екенін айқын аңғарамыз.

Мәселен, *баба* деген сөзді айтқан кезде оның соңғы буынындағы *-ба* бастапқы буындағы *ба*-мен салыстырғанда анағұрлым созылыңқы, анағұрлым нығарлы, көтеріңкі дауыспен айтылады. Оны есту арқылы ғана емес, алғашқы буындағы *а*-мен соңғы буындағы *а*-ны айтқан кездегі адамның жағының ашылу шама-шарқына қарап та байқауға болады. Соңғы *а*-ны айтқан кезде жақ алғашқыға қарағанда мейлінше кең ашылады. Мұны осы екі буынды айтудағы үстіңгі ерін мен астыңғы еріннің арақашықтығын жай көзбен назарлаудың өзі-ақ жеткілікті.

Бұдан кейін тағы бір ескеретін жай осындағы *баба* дегеннің соңғы буынын *ба-баа* деп қаншалықты созып айтсақ та сөзіміз құлаққа жағымдылығы жағынан да, мағыналық реңі жағынан да бәлендей өзгеріске ұшырай қоймайды. Ал енді осындағы соңғы буынды келте қайырып, алғашқы буынды қанасынан асыра *баа-ба* деген сияқты үлгімен созып айтар болсақ, сөзіміз дыбыстың табиғаты жағынан бөгделеніп, қазақ құлағы үшін тосын бірдемеге айналып, басқа бір тілдің сөзі тәрізденіп естіледі. Бұл ынғайда оның қазақ сөзінен гөрі орыстың “*әйел, кемпір*” мағынасындағы екпіні бірінші буынға түсетін *баба* сөзіне көбірек ұқсап кететіні бекер емес. Жоғарыда келтірілген *шеше, тете, шаша* дегендердің де жайы осы сияқты. Бұлардан өзге

* Мақаланың қысқа нұсқасы “Қазақ грамматикасының” Фонетика тарауында (Астана, 2002) берілген.

де тілімізде *бөпө, көкө* тәрізді ұқсас екі буынмен келетін бірен-саран сөз бар. (Олардың емлесі жазуымызда *бөпе, көке* түрінде қалыптасқанымен, екінші буынындағы екпін түсетін дауыстының ерін үндестігі заңдылығына мойын ұсына *о* болып айтылатыны белгілі). Бірінің аузынан бірі түсіп қалғандай соншалықты ұқсас буындардан тұратын бұл сөздердегі алғашқы буын мен соңғы буынның айтылуындағы созылыңқылық, тегеурінділік, әуезділік сияқты белгілердің шама-шарқы әрқайсысында әр басқа екенін тіптен тіл маманы болмай-ақ та, ана тілін жақсы білетін адамдардың біразы-ақ байқай алады. Бұл сөздердің бәрінде де соңғы буын алғашқы буынға қарағанда анағұрлым созылыңқы, анағұрлым қарқынды, анағұрлым әуенді айтылған. Бұл – екпіннің ол сөздердің соңғы буынына түсіп тұрғандығының кепілі.

Екі буынды сөз болсын, мейлі көп буынды сөз болсын ол сөздердің құрамындағы буындардың айтылуында созылыңқылық, тегеурінділік, әуезділік деп атап отырған белгілер тұрғысынан алғанда тепе-теңдік деген болмайды. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан ерекшеленіп, басым үнмен айтылуы – қазақ сөзінің бойына аса тән фонетикалық заңдылықтың бірі. Екпін сөздің қай буынына түседі деген жайды әңгіме ету үшін назар аударып отырған сөзіміздің ең кем дегенде екі буыннан тұруы қажет болатыны айтпасақ та түсінікті. Демек, бұдан екпін түсетін буын бар жерде, сөз ішінде екпін түспейтін де буындардың болу шарттылығы келіп туындайды. Көп буынды сөздермен қатар қазақ тілінде бір буынды сөздер де баршылық. Кейде біріне-бірі ілес айтылған бір буынды сөздердің екеуара бір екпінге ие болатын кездері болады. Мәселен, *ол күн де келеді* дегендегі бір буынды сөздер *күн* есімі мен *де* шылауы екеуара бір екпінге ие, бұл жердегі екпін есім сөзге түсіп тұр. Арагідік байқалып қалатын осындай бір реттерде болмаса, бір буынды сөздің соқа басының екпіні туралы сөз ету дәстүрде жоқ. Алайда бұл бір буынды сөзде екпін болмайды деген сөз емес. Жалпы дербес мағыналы сөз атаулы екпінсіз айтылмайды. Бірақ бір буынды сөздің екпіні – сөйлеу процесінде анықталатын нәрсе. Мұндай сөздің екпіні туралы әңгіме қозғау үшін ол сөздің өзге сөздердің қоршауында тұруы – шарт.

Екпінді буын мен екпінсіз буынның айтылуындағы айырмашылықты байқату үшін біз жоғарыдағы дыбыстық құрамы тепе-тең екі буыннан тұратын сөздерді мысалға әдейілеп келтіріп өттік. Мұндай дыбыс құрамы бірдей екі буынды бір-бірінен ажыратудың бірден-бір өлшемі – екпінділік пен екпінсіздік. Дыбыстық тұрғыдан бұларды бір-бірінен ерекшелейтін бұл жерде өзге белгі жоқ. Айталық, *шеше* сөзіндегі *ше-ше* деген бір-біріне егіздің екі сыңарындай ұқсас келетін буындардың арасындағы айырма тек алғашқысының екпінсіз, соңғысының екпінмен айтылуында ғана.

Дыбыс құрамы ұқсас буындардың екі буынды сөздерден тыс көп буынды сөздердің ішінде келетін мысалдары да тілімізде жеткілікті. Мұндай сөздердегі екпіннің жағдайы да жоғарыдағылар тәрізді.

Ал енді дыбыстық құрамы тепе-тең емес, бірақ буындары бір-оңкей дауыстылармен келетін сөздердің айтылу ерекшелігіне назар аударар болсақ та, дәл жоғарыда әңгімелеп өткен жайды байқар едік. Мәселен, *ша-ма-ла* деген етістік сөздің үш буыны да *a* дауыстысының қатысымен жасалған, алайда екпін тұрғысынан бұл буындардың айтылуында біркелкілік жоқ, екпін соңғы *-ла* буынына түскен, сондықтан ол сөздің бірыңғай *a* дауыстысымен келген өзге буындарынан созылыңқы, әрі көтеріңкі дауыспен тегеурінді айтылған.

Бір-оңкей дауыстылармен келетін буыны бар сөздерді мысалға бұл жерде тек екпіннің табиғатын түсінуді оңайлату үшін келтіріп отырғанымыз болмаса, екпін үшін сөз буындарының ұқсас дауыстылардан тұру-тұрмауы шарт емес. Буындардың ішіндегі дауыстылардың түрліше болуы да, бір-оңкей болуы да әбден ықтимал, бірақ, әйтеуір, дербес мағыналы сөз атаулы ешқашан екпінсіз айтылмайды. Мысалы: *Қолына қамшысын үнсіз ғана алды да, қасындағы қарашаларына суық қабάқпен “әзірлен” деген емеурін білдірді* (М.Әуезов. Шығ. 6-т. 1980, 227-б.).

Фонетикалық тұрғыда сөз екпіні тегеурінді екпін, әуезді екпін, мөлшерлі екпін деп аталатын үш түрге бөлінеді.

Іштен шыққан фонациялық ауаның күштірек қарқынмен айтылуынан пайда болатын екпінді тегеурінді екпін дейді. Екпіннің бұл түрін ғылымда динамикалық, экспирациялы, артикуляциялы немесе интенсив екпін деп түрліше атаушылық бар. Орыс тілі жөніндегі зерттеулерде оны көбіне “силовое ударение” деп атайды. Орыс тіліне тән екпін де екпіннің осы түрі. Мұның бәрі де мұндай екпіні бар буынды айтқан кезде сөйлеу мүшелеріне түсетін физикалық күштің мығымырақ болуына байланысты.

Дауыстың әуенділігіне, дауыс ырғағына (тон) байланысты екпінді әуезді екпін дейді. Зерттеулерде, оқулық кітаптарда екпіннің бұл түрінің де бірде музыкалық екпін, бірде мелодиялы, енді бірде тондық (немесе тоникалық), хроматикалық екпін деп әртүрлі аталатын кездері бар.

Музыкалы, мелодиялы деген анықтауыш сөздердің өзінен-ақ екпіннің бұл парасының сипатының қандайлық екенін аңғаруға болады. Әңгіме музыкаға байланысты болғандықтан оның кейде тон екпінді деп аталу жайы да түсінікті. Музыкалық тонның жоғары болуы, я төмен болуы мүмкін. Сол сияқты музыкалы екпіннің жоғары тонды (восходящий тон), төмен тонды (нисходящий тон) түрлері болады.

Орал-алтай тілдерінде екпіннің үндіеуропа тілдеріндегідей фонологиялық қызмет атқармайтынын айта келіп, В.В.Радлов бұл тілдердегі екпінді сөздің лебізділігін қамтамасыз етудің құралы деп

біледі. Сөз ішіндегі буын тізбегінің бәрі бірдей біркелкі айтылмай, олардың үн жағынан құбылып, құлаққа сүйкімді естілуі екпін қызметіне байланысты деп түсіндіреді. Бұл кісі түркі тілдердегі екпінді әуезді (музыкалы) екпін деп есептейді. Бұл жөнінде кейінірек тоқталамыз.

Түркі тілдеріндегі екпінге, мәселен, татар, қазақ тілдеріндегі сөз соңындағы тегеурінді екпінге әуезді екпіннің де қатысы бар екенін В.А.Богородицкий, Ғалымжан Шараф секілді зерттеушілер де айтқан болатын. Фин түркологы М.Рясиенен түркі тілдерінде тегеурінді екпін мен әуезді екпіннің арасында қаншалық айырма бар екенін байқай алмағанын айтады. Бұл туралы өзінің байырғы зерттеушілерден мирас болып келе жатқан түркі тілдердегі екпінді тегеурінді екпін деп танытын дәстүрлі қозқарасты ұстанатынын айтады [1, 38].

Мөлшерлі екпін, мұны ғылыми әдебиетте көбіне квантитатив екпін деп атап жүр. Квантитатив деген сөз тура мағынасында “сан” деген ұғымды білдіреді. Екпіннің бұл түрінің “сан” ұғымына байланысты болатын себебі екпінді буындағы дауыстыны айтқан кезде оның сол сөздің өзге буындарындағы дауыстылардан анағұрлым созылыңқы дыбысталуынан. Осы тұрғыдан алғанда екпіннің бұл түрі *мөлшер екпіні* деп атау арқылы танылатын түсініктің мазмұнына дөп келеді. Мұны І.Кеңесбаев осылай атаған. Бұл жердегі мөлшер – созылыңқылық мөлшері. Дауыстылардың созылыңқы айтылуы, я қысқа, келте айтылуы – уақыт жағынан сандық өзгеріске жатады. Осындағы аталып өткен екпіннің үш түрінің үшеуінің де жеке-жеке алғанда тілдерде сытықсыз таза күйінде ұшырауы некен-саяқ. Дәлірек айтқанда, екпіні бірыңғай тегеурінді, не болмаса бірыңғай әуезді, я бірыңғай мөлшерлі боп келетін тілдер кемде-кем. Дұрысында, тілдерде екпіннің аталған түрлері бірімен-бірі астас, сабақтас күйінде ұшырайды. Мәселен, швед тілінде тегеурінді екпін де, әуезді екпін де бар екен. Орыс тіліндегі тегеурінді екпін түскен дауысты созылыңқы айтылады. Сол себептен де орыс тілінің фонетикалық жүйесі білгірлерінің бірі Р.И.Аванесов [2, 80] орыс тіліндегі сөз екпінін сандық-динамикалық (количественно-динамический) типке жатқызды. Бәлен тілге екпіннің бәлендей түрі тән дегенде, көбіне-көп негізге алынатын нәрсе – екпіннің нақтылы қай түрінің сол тілде молырақ, басымырақ ұшырауы.

Түркі тілдерге аталған екпін түрінің қайсысы тән немесе қайсысы тәнірек деген сауалдың жауабына қатысты зерттеушілер тарапынан бұған дейін айтылып келген пікірлер аз емес, алайда ол пікірлердің баршасы бір арнаға саяды дей алмаймыз. Дегенмен, таразының басым жағы түркі тілдерге тегеурінді екпіннің (динамикалық, экспиратор, интенсив) көбірек тән екендігін қолдаушылар жағында жатқандығын айтуымыз керек.

Қазақ тіліндегі екпін жайында оқулықтарда тиіп-қашып айтылып жүрген реттерден тыс, дәл екпіннің табиғатын, сөз ішіндегі орнын,



Қалалық саябақта. 1963 ж.



*Бабасы Жанайдар батыр
(солдан оңға қарай бірінші отырған).
1868 ж.*



*Әкесі Омарбек.
1913 ж.*



*Анасы Гүлсайран Жанторина.
1925 ж.*



*Ғалым Ғ. Айдаровпен
бірге*



*Кұдасы
Ә. Досмырзаев және
Н. Жүнісовпен бірге.
1977 ж.*



Халықаралық II түркологиялық конференция. 1976 ж.



*Курстастардың
25 жылдық кездесуі*



*Әріптес ғалымдар (солдан оңға қарай):
Р. Сыздық, Л. Әуезова, Ш. Сарыбаев. 1984 ж.*

*Профессор М. М. Копыленкомен
бірге. 1984 ж.*



*Домбыра мен қаламды
қатар ұстаған*



Институттың коркемонерпаздары. 1981 ж.




*Әріптестер сенбілікте (солдан оңға қарай):
А. Есенқұлов, С. Нұрханов, Қ. Өмірәлиев, С. Омарбекұлы,
Ө. Айтбаев, Е. Жанпейісов*



Саяжайда. 1974 ж.

*Ғұмырлық достар — К. Боранбаев,
С. Нұрханов. 1998 ж.*





*Немересі
Едіге атасымен*



*Отбасымен бірге.
Ұлы Сейілбек,
келіні Роза,
немересі Рамиля,
жұбайы Руда.
2001 ж.*

*Ғылыми кеңесте.
С. Омарбекұлы,
Н. Уәли.
1999 ж.*



К. Хұсайын мен С. Омарбекұлы шәкірттері ортасында. 2002 ж.

тілдегі атқаратын қызметін анықтау жөнінде арнайы зерттеу жұмысы бұған дейін қолға алынып көрген емес. Бұл салада қорғалған диссертация, жарияланған кітап, кітапша жоқ. Біздің қазақ тіліндегі екпін жөніндегі бар түсінігіміз сол бұрынғы оқулықтарда берілетін түсініктің шеңберінде ғана десек сияды. Қазақ тілінің фонетикасы жөніндегі кейінгі кезде жарық көрген еңбектерде де екпін мәселесі көбіне назардан тыс қалып жүр.

Қазақ тіліндегі сөз екпіні жөнінде алғаш профессионал дәрежеде пікір айтқан адам – А. Байтұрсынұлы. Бұл кісі қазақ екпінін лұғат әуезділігі, сөз әуезділігі деген мәселелермен байланыстырып қарайды. Жалпы, *екпін*, *буын екпіні*, *сөз екпіні* дегендерді қазақшалап, лингвистикалық термин ретінде қолданысқа ендірген де осы кісі. Бұдан кейінгі екпін туралы жүйелі пікірді біз Қ. Жұбановтың еңбегінен кездестіреміз. Қазақ тілінің дыбыстық құрылысы жөніндегі зерттеулерінде екпін проблемасына едәуір мән берген кісінің бірі – І. Кеңесбаев.

Екпін проблемасымен арнайы шұғылданбаса да қазақ тілінің 1954 ж. жарық көрген ғылыми грамматикасының фонетика тарауын жазған І. Кеңесбаев бұл мәселеге әдейілеп тоқталып, шағын да болса жеке бөлім арнаған. Екпін жөнінде жазған мақалалары да бар. Әрине, бұл ғалымдардан тыс қазақ сөзінің екпіні жайында өзге зерттеушілер тарапынан тиіп-қашып болса да айтылған пікірлер жоқ емес.

Жалпы, түркі текті тілдердегі екпін түрін анықтауда басы ашылып жетпеген нәрселердің болуы себепті де болар, қазақ тілінде екпіннің бар екені, оның көбіне сөздің соңғы буынына немесе соған таяу тұрған буынға түсетіні туралы айтылатын да оның типінің қандайлық екені, тегеурінді ме, әуезді ме, әлде ол мөлшерлі деп аталатын типке жататын екпін түрі ме – бұл арасы ашылып айтыла қоймайтын. І. Кеңесбаев болса, жоғарыда аталған еңбектерінде қазақ тіліндегі сөз екпінінің динамикалық екпін типіне жататынын айтып, басын ашып, айқындап айтып берді.

Терминологиялық тұрғыдан динамикалық екпінді бұл кісі қазақша лебезді екпін деп атаған. Біз оны орыс тілінде жазылған әдебиетте қалыптасқан “силовое ударение” деген қолданысқа жақындатып тегеурінді екпін деп алып отырмыз (Бұл, әрине, соншалық принципті мәселе емес, терминологияда шартты алынатын ұғымдар бола береді). Біздің байқауларымызда да қазақ тіліндегі сөз екпінінің динамикалық, яғни тегеурінді екпін түріне жататындығын мақұлдайды.

Алайда тіліміздегі тегеурінді екпінді тек іштен шыққан фонациялық ауаның қарқынымен сипаттап қана қою жеткіліксіз болар еді, өйткені қазақ тіліндегі екпін түскен дауысты қарқындылығының үстіне созылықы айтылады. Қазақ екпініндегі мөлшерліліктің алатын орнын ескерусіз тастасак, қателесеміз дегенлі қазақ екпінін динамикалық типке жатқызып отырған І. Кеңесбаевтың

өзі де әдейілеп ескерткен болатын. Тіптен қазақ тіліне туыстығы жағынан жақын кейбір түркі тілдерде екпіннің бұл екі түрінің басын бір жерге біріктіріп тегеурінді-молшерлі деп атаушылық та бар. Мәселен, татар тіліндегі екпін осылайша экспираторно-квантитативный екпін деп аталады.

Өзге тілдердегі сияқты қазақ тіліндегі тегеурінді екпін де сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттеріне физикалық күштің молырақ түсуіне байланысты іштен сыртқа тепкен фонациялық ауаның күштірек, әлдірек шығуынан пайда болады. Сондықтан сөз құрамындағы екпін түскен дауысты дыбыс сөздің өзге дауыстыларынан анағұрлым қаттырақ дауыспен айтылып, құлаққа анағұрлым айқынырақ шалынады. Мәселен, буын саны бірдей *барáды*, *қарáды* деген етістіктердің екінші буындары ұқсас *-ра*, *-ра* дегендерді бір қалыпты дауыспен ауызша алма-кезек айтып қоретін болсақ *барáды* дегендегі екпінді *ра* буынының *қарáды* дегендегі екпінсіз *ра*-мен салыстырғанда әлдеқайда қарқынды айтылатынын әрі құлаққа қаттырақ естілетінін байқау — назарлаған адамға оншалық қиынға соқпайды. Оның есесіне мұндағы *барáды* дегендегі соңғы буындағы *ы* дауыстысының *қарáды* дегендегі соңғы буындағы *ы*-дан дыбысталуы да, естілуі де анағұрлым солғын, олай болатыны оған бұл жерде екпін түсіп тұрған жоқ. Бұл жай әсіресе сыртқы дыбыстық құрылысы бірдей мына секілді етістіктердің екпін ыңғайын салыстырудан жақсы байқалады: *маған тесіле қарайды — көзінің алды қарайды (көзі қарайған там сүзеді); ішсең, шөлің қанады — жарақаты қанады*.

Қазақ тіліндегі екпін түскен буынның сөздің өзге буындарынан созылыңқы дыбысталатындығын жоғарыда айттық. Ал созылыңқылық болса, мөлшерлі екпіннің негізгі белгісі екені түсінікті. Бұл — қазақ тіліндегі тегеурінді екпінді мөлшерлі екпіннен бөле-жара қарауға болмайды деген сөз. Дұрысында, қазақ екпіні әрі тегеурінді, әрі мөлшерлі. Алайда тегеурінділік — оның басты қасиеті де, мөлшерлілік — оны толықтырушы үстеме қасиет. І. Кеңесбаевтың сөзімен айтсақ, қазақ екпіні үшін динамикалық белгі — негізгі белгі де, квантитатив — қосымша белгі. Тегеурінді екпіннің мөлшерлі екпінмен аралас күйде ұшырауы өзге түркі тектес тілдерде де бар. А. Махмудов өзбек тіліндегі тегеурінділіктің екпінді позициядағы дауыстының созылыңқылығымен тікелей байланысы бар деп көрсетеді. Қырғыз сөзінің акценттік құрылымын эксперимент әдіспен зерттеген Т. Ахматов, А. Орусбаев секілді ғалымдар да бұл тілдегі сөз екпінінің әрі тегеурінді, әрі созылыңқы келетінін айтады. Типологиялық тұрғыдан алғанда қазақ екпінінің созылыңқылығын орыс тіліндегі динамикалық екпін түскен дауыстының созылыңқылығымен салыстыруға болады. Орыс тілінде де екпінді буын созылыңқы келеді. Бұл жағынан қазақ екпінінің типі орыс тілі екпініне жақындайды. Дегенмен мұндай салыстырудан қазақ

екпiнi барлық белгiлерi жөнiнен орыс тiлi екпiнiмен бiрдей екен деген қорытынды тумасқа тиiс. Тiптен басқасын былай қойғанда, осындағы өзiмiз ұқсас деп отырған орыс тiлiндегi екпiннiң динамикалық, созылыңқылық белгiлерi мен қазақ екпiнiнiң осындай белгiлерiнiң шама-шарқы бiр-бiрiмен тепе-тең емес. Бiрақ осы екi тiлдегi екпiннiң аталған белгiлерiнiң арасында олардың типi жағынан ұқсастық бар екенi бар, оны бекер дей алмасақ керек.

Қазақ тiлiнде дауыстылардың созылыңқы, келте дауысты боп бөлiнуi жоқ. Қазақ дауыстыларының созылыңқы айтылуы оларға сөз екпiнiнiң түсуiмен ғана шарттас (Екпiн түскен дауыстының қазақ тiлiнде созылыңқы айтылатынын жоғарыда сөз еткенбiз).

Түркi тiлдерiндегi әуездi (музыкалы) екпiннiң жайы туралы бұған дейiн зерттеушiлер тарапынан айтылған пiкiрлер де әрқилы. М.Рясянен “үйғыр тiлiнде сөздiң соңғы буынында келетiн екпiн – музыкалы екпiн, әсiресе екпiннiң мұндай түрi қазақ сөзiнiң соңғы буынына тәнiрек” – деген В.В.Радлов пiкiрiне, сондай-ақ бұл жөнiндегi өзге де ғалымдардың пiкiрiне тоқтала келiп, өз басының түркi тiлiндегi тегеурiндi екпiн мен әуездi екпiннiң арасындағы айырмашылық барын байқай алмағанын айтады.

Орыс тiлiнiң зерттеушiсi Р.И.Аванесов [2, 93] музыкалы екпiндi фраза екпiнiмен, тактiмен, сөйлемнiң интонациялық жағымен байланыстырып қарауға бейiм.

Тiлiмiздiң екпiн жүйесiнiң зерттелмеуi себептi екпiннiң мұндай түрiнiң қазақ тiлiне қаншалықты тән екенiн айту өзiрше қиын. Мәселенiң бұл жағының да келешекте зерттеушiлер назарынан тыс қалмағаны абзал, түркi тiлдерiнiң iрi бiлгiрi В.В.Радловтың жоғарыда келтiрiлген пiкiрi, сөз жоқ, мұқият зерттеудi талап етедi.

Екпiндi ажыратудың жолдары. Сөздiң екпiндi буынын екпiнсiз буыннан құлақпен табиғи түрде есту арқылы ажыратудың бiраз қиындығы бар. Екпiндi бұлайша ажырату бiраз тәжiрибенi, дағдылануды қажет етедi. Екпiннiң қай буында тұрғанын бiлу үшiн сөздi өз нәшiмен, табиғи қалпын бұзбай iштей немесе дауыстап айтып, я оқып көру керек. Екпiндi буын (екпiндi дауысты) сөздiң өзге буындарынан құлаққа қаттырақ естiледi, бұлай болатыны екпiн түскен дауысты дыбыс сөйлеу мүшелерiнiң тегеурiндi артикуляциясымен нығарлы дыбысталады. Екпiндi буынды ажыратудың бiр амалы – осы. Сонан кейiнгi амал – сөз iшiндегi дауыстылардың созылыңқы, я келте айтылуын ажырата бiлу. Екпiндi буын мөлшер жағынан қазақ тiлiнде сөздiң өзге буындарынан анағұрлым созылыңқы айтылады. Қай буынның созылыңқы айтылып тұрғанын аңғару қиындау болған жағдайда сөздiң әр буынын табиғи нәшiнен асыра, созып айтып көру керек.

Екі буыннан тұратын сөздегі екпін қай буында дегенді ажырату қазақ сөзінің акустикалық ерекшелігін сезіне алатын адам үшін аса қымбатқа соқпайды. Мысалы, *бақан* деген сөздің екпіні соңғы буында, өйткені бұл сөздің соңғы буынын *ба-қаан* деп созып айта алғанымызбен, алғашқы буынын *баа-қан* деп созып айта алмаймыз. Бұлай еткен жағдайда сөзіміз қалыпты дыбысталу үлгісінен мүлдем ашақтап кетеді. Көп буынды сөздердің екпінін ажыратудың да жайы осы сияқты. Мәселен, *ол күнде баратын* деген сойлемдегі үш буынды *баратын* етістігінің екпін қай буынына түсіп тұрғанын ажырату үшін тәжірибе жасап көретін болсақ, мұнда да екінші буындағы *а*-дан басқа дауыстылар дәл осы жерде қалыптан тыс созып айтуды көтермейтінін байқаймыз, егер оларды жосықсыз созып дыбыстар болсақ, сөзіміздің өңі айналып, дыбыстық кейпі өзгеріп, құлаққа басқаша естілетінін оңай аңғарамыз. Ал енді осы етістікті *баратын жер* деген тәрізді үлгідегі сөз тіркесінің алғашқы сыңары етіп қолданып көретін болсақ, онда жағдай мүлдем басқаша, бұлай еткенде екпін сөздің соңғы буынына түседі де мысалға алып отырған үшінші жақтық жіктік тұлғалы етістігіміз синтаксистік тұрғыдан құбылып, етістіктің басқа бір категориясына – есімшеге ауысады. Екпіні бар буынның созылыңқылығы әсіресе дыбыстың құрамы бір-біріне ұқсас буындарды салыстырудан айқын көрінеді. Мұның мысалы әңгімеміздің бас жағында бір сыдырғы келтіріліп өткендіктен бұл тұста оларға тоқталып жатпай-ақ қоялық.

Жоғарыда сөз етіліп өткен жағдайлардан байқайтынымыз – қазақ тіліндегі екпін түскен дауыстының сөз ішіндегі өзге дауыстылардан созылыңқы айтылатындығы. Созылыңқылықты қазақ екпіні үшін тегеурінділікпен қатар қолданылатын егіз ен-танба десек болады.

Дауыстылардың созылыңқылығының я келте айтылуының екпінге қатысы әр тілде әр басқа. Екпіні созылыңқылық атауымен байланысты болмайтын тілдер де әлемде жеткілікті. Дауыстылары созылыңқы әрі келте боп екі топқа бөлінетін тілдерде екпіннің созылыңқы дауыстыға да, келте дауыстыға да түсе беруі мүмкін. Мұндай жағдай, мәселен, француз, чех тілдерінде бар екен.

Осы ыңғайда “Лингвистикалық энциклопедия сөздігінде” (1990) келтірілген мынадай бір қызықты дерекке назар аудару орайы бар. Тілдегі екпіні тегеурінді, әрі созылыңқы болып келетін орыс адамы, чех тіліндегі “көбелек” дегенді білдіретін *мóтиил* деген сөздің бірінші буынындағы екпінді сол күйінде қабылдаудан гөрі бұл жердегі екпінді сөздің соңғы буынына түсіп тұр деп қабылдауға бейім екен. Неге десеңіз бұл сөздің соңғы буынындағы *и* чех тілінде *мóтиил* болып созылыңқы айтылатын көрінеді, ал орыс тілі үшін созылыңқылық екпінінің өзекті бір элементі болатынын жоғарыда айттық. Дәл осыған ұқсас жайды өзімізге ағайын тіл – қырғыз тілінен де байқаймыз. Бұл тілде де дауыстылардың созылыңқы, келте болып бөлінуі бар, бірақ дауыстылардың созылыңқылығының қырғыз

тілінде екпінге ешқандай ықпалы жоқ. Мәселен, біздің тілімізде *самай, сауыншылар* деген сөздердің бірінші буынындағы *a* қырғыз тілінде созылыңқы, сондықтан ол сөздерді қырғыздар *сама́й, саанчыла́р* деп қолданады, бірақ осылайша қолданғанымен, екпін бұл сөздердің соңғы буынындағы келте айтылған дауыстыларға түсіп тұр. Тегі жағынан қаншалық жақын тілдер болғанымен, бұл жағдай қырғыз тілі мен қазақ тіліндегі сөз екпінінің арасында елеулі айырма барын көрсетеді. Созылыңқылық белгісі жөнінен қазақ екпіні қырғыздан гөрі жүйесі мүлдем бөлек тіл — орыс тіліне көбірек ұқсайды (ол турасында жоғарыда айтылған болатын).

Қазақ тілінде дауыстылардың кей тектес тілдердегідей, айталық, жоғарыдағы қырғыз, сондай-ақ одан өзге де ағайын тілдердегідей (түрікпен, алтай, шор, т.б.) келте, созылыңқы дауысты боп екі топқа бөлінуі жоқ екені мәлім. Екпін, интонация сияқты, сондай-ақ морфеманың, сөздер мен тіркестердің жігіндегі біріне-бірі іле-шала айтылған дауыстылардың өзара ықпалы сияқты бірлі-жарым реттерде болмаса, тіліміздегі дауыстылардың басыбайлы созылыңқы айтылуы байқалмайды.

Екпінің қызметі. Сөз екпінінің сөйлеу жүйесінде атқаратын қызметі сан қилы. Солардың ішінен зерттеушілер екпін атқаратын қызметтің ең бастысы деп көбіне-көп екпінің кульминатив, делимитатив, сигнификатив, экспрессив секілді қызметтерін атайды.

Екпінің барша фонетикалық типіне тән деп оның кульминатив қызметін атауға болады. Бұл қызметтің мәні сөз ішіндегі буындар мен буын құрайтын дыбыстардың басын лебездік (просодиялық) тұрғыдан бір ортаға кіндіктестіріп, сөзді біртұтас әрі өз алдына дербес құрылым (структура) етіп көрсету.

Қарапайым тілмен айтқанда, сөздің сөз екендігі, оның өз алдына дербес дүниелік екені екпінің осы кульминатив қызметі арқылы танылады.

Неміс ғалымы В.Гумбольдше [3, 142] айтсақ, сөздің жеке басының өз алдына дербес сөз болып танылуының басты шарты — оның екпінге ие болуы. Екпіні болғаны үшін ғана сөзді біртұтас сөз деп қабылдаймыз. Сөз дербестігі — екпін арқылы қабылданатын нәрсе. Әр сөз бір ғана екпінге (басты екпінге) ие.

Орыс тіліндегі екпінің жайын көп зерттеген ғалым Р.И.Аванесов сөйлеу мәтінінде қанша сөз екпіні болса, сонша сөз болады, өйткені әрбір дербес мағыналы сөз екпінсіз айтылмайды, әрі олардың әрбіреуі бір екпінге ие дегенді айтып келіп, бұл жағдай екпін дегенімізді дербес мағыналы сөздердің ең негізгі деген сыртқы белгілерінің бірі деп түйіндеуімізге мүмкіндік береді деп тұжырады [2, 79].

Екпінің кульминатив қызметін кейде екінші түрлі атпен оның сөзді ұйымдастыратын қызметі деп те атайды. Асылында, сөз ішіндегі буындар мен дыбыстардың басын бір арнаға түйістіріп, олардың

бәрін бір ғана буынның құзырына шоғырландырудың ұйымдастырушылық қызмет болатыны аян.

Екпіннің бұдан кейінгі маңызды қызметі – сөйлеудегі (сөйлеу ағымындағы) сөздердің тізбегін, бір-бірінен шегін, шекарасын ажырату, мұны екпіннің делимитатив қызметі деп атайды.

Бұл – сөздің сөйлеу тізбегіндегі өзге сөздерден бөліп көрсетудің өлшемі есепті. Бір сөзде бір ғана екпін болатындықтан, екпіннің санына қарай сөйлеу тізбегін, сөздердің санының қаншалықты екенін білуге болады. Тыңдаушы өзі естіп отырған ұзын-сонар әңгіменің ішінде бірінен соң бірі іле-шала айтылып жатқан сөздердің бір-бірінен жігін ажырата алмаса, не естіп, не қойғанын біле де, түсіне де қоймас еді. Мұндайда тыңдаушыға қолғабыс тигізіп, көмекке келетін нәрсе – екпін. Тек осы екпін арқылы ғана тыңдаушы сөйлеу тізбегіндегі бірімен-бірі мидай араласып жатқан сөздердің бір-бірінен аражігін айыра, саралай алады.

Н.С.Трубецкойдың [4, 23] фонологиялық теориясы бойынша, әр буында өзге фонемалардан мойны озық тұратын бір фонеманың болатыны тәрізді әр сөздің құрамында өзге буындардан мойны озық тұратын бір буын (*вершинный слог*) болады. Осындай буындардың саны арқылы фраза құрамындағы сөздердің саны анықталады. Екінші сөзбен айтқанда, фраза құрамында қанша осындай буын болса, сонша сөз болғаны. Сонда, екпін атқаратын фонологиялық қызметті А.М.Щербак [5, 110] комплексті фонологиялық бірлестіктердің жігін ажырату – деп көрсеткен. Екпін болмаса, сөз құрамындағы буындардың бәрі біркелкі айтылатын болса, фраза, сөйлем ішіндегі сөздердің аяқталған жерін, олардың жігін ажырату тыңдаушы үшін зор қиындық келтірер еді.

Қырғыз тілінің зерттеушісі И.А.Батманов [6, 53] тіптен қырғыз тілін білмейтін кісінің өзі-ақ фраза ішіндегі сөздердің екпініне қарап, әр сөздің аяқталған межесін, біткен тұсын ажырата алады деп түсіндіреді.

Екпіннің сөздің жігін, шекарасын ажыратудағы қызметін түсіндіруді жеңілдету үшін Қ.Жұбанов мынадай бір методикалық тұрғыдан оңтайлы мысал келтіреді. Сөз буыны сөздің бөліп айтуға келетін бөлшегі болғандықтан, бұл кісі *жас* және *ат* деген бірінен-бірі бөлек тұрған, бірақ былай қарағанда әрі дербес сөз деп ұғарлықтай екі буын алады да, осы екі буын бір сөздің құрамына кірген буын ба, әлде екеуі екі басқа сөздікі ме, соның басын ашып алуымыз керек деген өзіне-өзі сауал қояды. Оған өзі былай деп жауап береді: Егер бұл екеуі екі басқа сөз болатын болса, онда олардың арасын бөле, жапсарын аша сөйлейміз, бұл ыңғайда алып отырған мысалдарымыздан *жас ат* деген жас жылқыны білдіретін түсінік шығады. Ал енді бұл екі буын бір сөздікі болса, олардың жігін жапсарластыра, жымдастыра сөйлейміз, онда алып отырған мысалдарымыз *жасат* деген бір нәрсені істеу мағынасын

білдіретін біртұтас сөз болып шығады. Бұл кісінің екпін қызметін түсінуге арналған және бір ұтымды мысалы - *су, ал, ма, ған* деген қатар тұрған төрт буынға оқушы назарын аударған жері. Біріне-бірі ілес тұрған осы төрт буынның төртеуін екпін ыңғайына қарай төрт деп те, бір сөз деп те, яки екі-үш сөз деп те қабылдауымыз мүмкін дегенді айтады. Егер бір сөз деп ұқсақ, олардың бәрі бір екпінге ие болып *суалмаған* (сиыр) деген бір-ақ сөз болып шығады. Егер мұндағы төрт буынның екпіні екеу болса, оны *су алмаған* (құдық) деп, үшеу болса *су ал маған* деп ұғуымызға болар еді дей келіп, зерттеуші өз ойын: “Жалғыз тұрған буындар бір сөздікі ме, жоқ, әр сөздікі ме? — оны сөз екпінінен айырамыз. Бір сөздің буындары бір-ақ сөзге қарайды. Екпін — бір сөздегі буындарды тарқатпай матастырып ұстау үшін керек болып шығады” [7, 191-192], — деп түйіндейді.

Екпіннің грамматикалық формалардың мағынасы мен сөздердің лексикалық (семантика) мағынасын ажырату қабілетіне байланысты қызметін оның сигнификатив қызметі деп атайды. Демек, екпіннің сигнификатив қызметінің екі жағы бар: бірі — грамматикалық формаларды бір-бірінен ажырату, екіншісі — сөздерді лексикалық-семантикалық тұрғыдан бір-бірінен ажырату. Мұның қазақ тілінде байқалатыны — көбіне-көп алғашқысы. Қазақ тіліндегі екпіннің бірқатар грамматикалық формаларды ажырату қабілеті бар.

Сырт көрінісі жағынан бір-бірінен айна қатесіз дөп түсіп жатқанымен, әрқайсысы өз алдына бөлек-бөлек грамматикалық мағынаның, тіптен кейде грамматикалық категорияның көрсеткіші боп табылатын формаларды ажыратуда қазақ тілінде екпіннің атқаратын қызметі елеулі. Екпіннің тіліміздегі мұндай қызметін түсіну үшін төмендегі мына секілді жайларға назар аударып көрелік.

Кісінің жеке басын (персонаны) білдіретін дауысты дыбысқа аяқталған зат есімдерге жалғанған жіктік жалғауының бірінші жақтық көпше түрінің қосымшасы сырт пішіні жағынан ортақ тәуелдіктің бірінші жағының қосымшасымен дөп түседі. Мәселен, *біз баламыз* — *біздің баламыз* деген мысалдардағы *бала* сөзіне жалғанған *-мыз* қосымшасының алғашқысы жіктік жалғауы да, кейінгісі тәуелдік жалғауы. Осындағы қосымша қабылдап тұрған *баламыз* деген сөзді жеке алып қарайтын болсақ, оның құрамындағы *мыз*-дың қандай қосымша екенін ажыратуға негіз боларлық бір-ақ дәйек бар, ол — екпін. Егер ол екпінсіз айтылса, жіктік жалғауы болады да, екпінмен айтылса, тәуелдік жалғауы болады. Бұлай болатыны жіктік жалғауы қазақ тілінде екпін қабылдамайтын қосымшалар тобына жатады да, тәуелдік жалғауы керісінше, үнемі екпінмен айтылады. Зат есімдердің аталған тобына кіретін *әке, ата, көке, ана, балықшы, қойшы, тігінші* сияқты толып жатқан түрлерінің әрқайсысын жоғарыдағы үлгімен жіктеп, тәуелдеп көретін болсақ, олардың бәрінің құрамындағы қосымшаның да екпін турасынан дәл осы жолмен ажыратылатын-

дығына көзімізді көміл жеткіземіз: *біз* – *анамыз* – *біздің анамыз*, *біз жылқышымыз* – *біздің жылқышымыз* т.б.

Зат есімнің осы тобына кіретін кей сөздердің бірен-саран ретте жіктік жалғауының бірінші жағында айтылған етістіктермен де ұқсас келіп қалатын кезі болады. Мәселен, *біздің атамыз* деген тәуелдік тұлғадағы соңғы есім сөз бен *мылтық атамыз* дегендегі етістік сөздің арасындағы ұқсастық осының айқын бір мысалы. Омоформалы екі тұлғаның (омоформалардың) бөлек-бөлек грамматикалық категорияларға жататынын көрсететін негізгі белгі – екпін екеніне көз жеткізу қиын емес. Мұнда да тәуелдік жалғауы екпінмен, жіктік жалғауы екпінсіз айтылған.

Бұл айтылған жайдан қазақ тіліндегі қосымшалардың әр түрінің екпін қабылдау қабілеті әр басқа екенін аңғару қиын емес. Тәуелдік жалғауымен қатар тілімізде екпін қабылдауға бейім тұратын қосымшалардың қатарында көптік, септік жалғауларын атауға болады. Әрине, бұларға да екпіннің түсу, түспеуі олардың сөз ішінде қай буында келуімен шарттас. Мәселен, *оқушылар* дегендегі көптік жалғауына түсіп тұрған екпін бұл сөзді септеген кезде *оқушылардың*, *оқушыларға* деген ретпен сөз соңына қарай жылжып кетеді (септіктердің ішінде көмектес септігі екпін қабылдамайды, бұл туралы ілгеріде тоқталамыз).

Енді екпіннің грамматикалық тұлғаларды ажыратудағы қызметі жөніндегі жоғарыда әңгімелеп келе жатқан жайға қайта оралалық. *-тын*, *-тін* қосымшалы өткен шақ есімше (*баратын*, *көретін*) тұлғасының сөйлемнің анықтауыш мүшесінің қызметінде де, сондай-ақ ешбір тұлғалық өзгеріске түспей, сол бағзы күйінде тұрып жіктіктің үшінші жағында сөйлемнің баяндауыш мүшесінің қызметінде де жұмсалатын кезі бар. Мәселен, *баратын жер* деген мен *ол жыл сайын ауылына баратын* деген мысалдардың алғашқысында анықтауыш, соңғысында баяндауыш қызметін атқарып, екеуінде екі түрлі грамматикалық жүк арқалап тұрған бір ғана *баратын* тұлғасын бір-бірінен айыра тануымызға көмектесетін тілдік ишара (языковой знак), анығында, екпін.

Жедел өткен шақтық *-ды*, *-ді* қосымшалы етістіктер жіктік тұлғада айтылған кезде барлық жақта да екпін осы қосымшаға түседі. Мысалы: *бардым*, *бардың*, *барды*; *хабарладым*, *хабарладың*, *хабарлады*; *оқыдым*, *оқыдың*, *оқыды*; *көрдім*, *көрдің*, *көрді*; *білдім*, *білдің*, *білді*.

Осы қосымшамен сырт қарағанда ұқсас келетін келер шақ мағыналы жіктіктің үшінші жағының *-ды*, *-ді* деген қосымшасы бар, ол әр кез екпін қабылдамай айтылады. Жіктелген етістіктердің мұндай түрінде екпін үнемі осы қосымшаның алдына тете тұрған буынға түседі. Мысалы: *барáды*, *істéйді*, *хабарла́йды*, *оқ́иды*, *көрéді*, *білéді* т.б.

Бұдан бұрынырақ мысалға келтіріліп өткен *тесіле қарáйды*, *көзі қарайды* дегендегі етістік омографтардың жайы да осыған ұқсас. Бұл жерде де екпін бірінші жағдайда соңғы буынға таяу тұрған

буынға түскен де, екінші жағдайда ол соңғы буында тұр. *Шөлі қанады, тісі қанады* деген мысалдардағы дыбыс құрамы ұқсас етістіктер де осы секілді омографтар.

Тілімізде бірде есім сөз, бірде есімше деп әр тарап танылып жүрген *барушы, келуші* деген тәрізді күрделі *-ушы, -уші* қосымшасының когемімен жасалатын тұлғаның бар екені мәлім. Осы тұлғаның есім мағынасына ие болатын ыңғайы мен есімше қызметінде жұмсалуда екіпін жөнінен айырма бар. *барушы адам, келуші кісі* деген тіркесте сөз болып отырған тұлға есім мағынасында, анықтауыш қызметінде жұмсалған, екіпін бұл жерде соңғы буынға (*-шы, -ші*) түскен, ал *ауылға жиі барушы еді, бізге жиі келуші еді, я болмаса ауылға жиі барушы ең, бізге жиі келуші ең* деген сияқты ретпен бұл тұлғаны есімше қызметінде баяндауыш құрамында қолданатын болсақ, онда екіпін орнының өзгеріп, екінші буынға ауысатынын көреміз. Осы тұлғаның екіұдай қолданысындағы екіпін айырмасын С.Исаев [8, 164] қазақ тілінің грамматикалық сипаты жөніндегі зерттеуінде өте дәл байқаған.

Ірі қара малдың бір жасқа толғанын көп жердің қазағы *өгізше* деп атайды, дәл осы мағынада қолданылған осы атаудың екіпіні соңғы *-ше* буынында тұрғанын ойланбай айтқанымызбен, *ол өгізше өкірді* дегендегі үстеу (пысықтауыш) мәніндегі *қалай өкірді?* деген сұраққа жауап беретін *өгізше* сөзінің екіпіні қай буынында тұрғанын ойланбай айта алмаймыз. Себебі мұнда екіпіннің орны өзгерген. Ол екінші *-гіз* деген буында тұр. Бұл жерде екіпін *өгізіше-өгізше* дегендердің бірін зат есім, екіншісін үстеу ретінде саралаушы қызмет атқарып тұр.

Бірінші жақтағы *қаламын* деген етістік тұлғасының екіпіні жіктік жалғауына таяу тұрған буынға түскен. Осы сөзбен сырт пішіні ұқсас *қаламын қолына ұстады* деген секілді сөйлемдегі *қаламын* деген есім сөзді алатын болсақ, оның екіпінінің сөздің соңғы буынында екенін білеміз. Демек, бұл жердегі дыбыстық құрамы ұқсас бірі етістік, бірі есім тұлғаларды ажыратуға негіз боп тұрған нәрсенің екіпін екені дәлел тілемесе керек.

Баласыз-баласыз дегендердің алғашқы сыңарының жіктік тұлға, екіншісінің сын есімнің болымсыздық тұлғасы ретінде саралануы да олардағы екіпіннің қызметіне байланысты.

Екіпіннің жәнә бір қызметі, жоғарыда көрсеткеніміздей, сөзге экспрессиялық өң беру. Кейбір грамматикалық омоформаларды ажыратудағы екіпіннің қызметі оның осы экспрессиялық қызметіне байланысты.

Экспрессивтілік деп кольмуникациялық акт кезінде сөйлеу процесіндегі айтылған ойға сөйлеушінің қозғарасын, эмоциясын, әртүрлі сезімін, көңіл күйін, түйсігін білдіретін тілдік белгілердің жиынтығын айтады. Осындай белгілердің бірі – екіпін. Сөз екіпінінің де қолданылу ыңғайына қарай құбылатын кездері көп.

Мәселен, екі буыннан тұратын *қойшы* деген сөздің екпіні бірінші буынға түсіріле қолданылғандай болса, онда ол экспрессиялы өңге ие болып, етістіктің бұйрық тұлғасы ретінде ұғынылады. Ал екпіні соңғы буында тұрғандай болса, ол экспрессиясыз айтылады да тындап тұрған адам үшін көдімгі қой бағатын қойшыны білдіретін есім сөз болып қабылданады. Мысалы: *Сен осы сөзіңді қойшы!; Қойшы көп болса, қой арам өледі* (Мақал).

Осы секілді *салма, кеспе, алма, жарма, көрме, тартпа* деген екпін ынғайына қарай бірде етістік, бірде есім сөз боп қабылданатын бірқатар омоформалар бар. Бұл сөздер етістік қызметінде жұмсалып, сөйлеуші тарапынан бұйрық түрінде эмоциялы өңмен қатқыл айтылса, онда екпін олардың бірінші буынына түседі. Мысалы: *Бұл істі сөзбұйдаға салма! Сен талкекке салма! Жолымды кеспе! Ондай сөзді аузыңа алма! Ол турасында тіс жарма! Көрме деген соң көрме! Қолымды тартпа!*

Егер жоғарыдағы сөздер тағам, жеміс түрлерін білдіретін *салма, кеспе, алма, жарма* немесе *көрме, тартпа* сықылды зат есім мағынасында қолданатын болсақ, онда екпін бұл сөздердің соңғы буынына түседі. Мыс: *Салма әлі ыстық – буы бұрқырап тұр* (Х.Есенжанов. Ақ Жайық). *Қамыр деген жарықтықты бабына келтіріп, шаштай қып кеспе жасаса болмас па еді, түге!* (Т.Бердияров. Солдат). *Белеңнен асқан жолдарың – Бесіктің тартпа бауындай* (М.Құттықов. Қайырлы). *Егіншіге барсаң жарма жерсің, балықшыға барсаң қарма жерсің* (Мақал).

Сөз етілген жайлардан қазақ тіліндегі екпіннің бірқатар грамматикалық формаларды бір-бірінен ажыратуда едеуір қызметі бар екені айқын көрінеді. Бірақ оның есесіне екпін орнының өзгерісі арқылы бір сөз табына жататын сөздердің лексикалық-семантикалық тұрғыдан құбылуы қазақ тілінде байқалмайды. Айталық, орыс тіліндегі *замок* “құлып” – *зámok* “қамал, қорған”, *мука* “ұн” – *му́ка* “азап”, *хлопок* “мақта” – *хлопо́к* “қолшапалақ”, *парить* “булау” – *пари́ть* “қалықтау” деген сықылды ретпен сөздің соқа басы ешбір грамматикалық өзгеріске түспей тұрып-ақ, тек екпіннің бір буыннан екінші буынға жылжуы арқылы басқа бір ұғымның пайда болуы сияқты қазақ тілінде жоқ. Тіліміздегі бір сөз табына жататын лексикалық омонимдер екпін жөнінен бір-бірінен дараланбайды. Контекстен жырып алынған бір сөз табына жататын омонимдердің лексикалық мәнін олардың екпініне қарап ажырату мүмкін емес, өйткені жеке-жеке алғанда олардың бөрінің екпіні сөздің соңғы буынында тұрады. Мұны байқау үшін мына төмендегі бірлі-жарым омонимдердің екпініне назар аударудың өзі-ақ жеткілікті.

балдақ “жүзік” – *балда́қ* “аяғы кем адамдардың таянышы”, *шабақ* “майда балық” – *шаба́қ* “дөңгелектің шабағы”, *тебін* “аяқпен тебуді білдіретін етістік” – *теби́н* “жылқының қысқы жайылымы”, *жылауық* “малдың ішіндегі жылауығы” – *жылауы́қ* “жылампаз, жылай беретін”,

жылу “ыстықтық” — *жылу* “комек, жәрдем” т.б. Мәселен, *кормес түйені де кормес* дегендегі бір түбірден жасалған тұлғалардың да екпіні бірдей, бірақ бірі есім, бірі етістік қызметінде жұмсалған. Омонимдер бір-бірінен екпін арқылы дараланбайды: Екеуінің де екпін сөздің соңғы буынында.

Кейінгі айтылып өткен жай қазақ екпінінің омоним сөздердің лексикалық мәні ажыратуға қатысының жоқтығы, дәлірек айтқанда, тіліміздегі лексикалық омонимдердің екпін жөнінен бір-бірінен сараланбауы, яғни олардың бөліндегі екпіннің үнемі сөздің соңғы буынында ұшырайтыны — қазақ екпініне деген енжар көзқарастың қалыптасуына итермелеген фактордың бірі болғаны сөзсіз. Алайда омоним сөздердегі екпіннің орын жағынан бір-бірінен еш айырмашылығы болмауы қазақ тілінде екпіннің кәдіксіз бар екендігіне күдік келтіруге негіз бола алмайды. Өйткені айтылуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздерді ғана омоним деп таниды ғой. Екпінінде айырмашылықтың болуы — ондай сөздердің айтылуы да бір-бірімен тепе-тең емес деген сөз. Омоним болу үшін мағынасы бөлек-бөлек сөздер дыбысталуы жағынан бір-бірімен дөп түсіп жатуы керек. Сол үшін де орыс лингвистері жоғарыдағы *замок-зámok*, *мука-мúка* сияқтыларды омоним қатарына қоспайды, бұлар бар болғаны — жазылу емлесі бірдей, айтылуында бір-бірінен түбегейлі айырмашылығы бар басқа-басқа сөздер, омографтар. Орыс лексикологтері омоним деп *бабка* “әже” — *бабка* “асық”, *завод* “зауыт” — *завод* “бұрау” секілді жазылуы да, екпін де бірдей сөздерді ғана таниды. Сондықтан орыс тілінен алынған ілгергі мысалдарды қазақ тілінде екпіннің күдікті екендігінің кепілі ретінде алдыға тарту жөн болмас еді.

Қазақ тіліндегі екпіннің енді бір қызметі — оның поэзия өнерімен сабақтас құбылыс екендігі. Мұны айтқан адам — А.Байтұрсынұлы. Ол кісінің өз сөзімен айтсақ: “Сөйлеу әуезділігі буын екпіні мен сөз екпіні (сөз екпіні деп фраза екпінін айтып отыр — С.О.) қолайлы орналасуынан болады... Буын екпіндерінің арасы орасан тым жақын келсе, я алыс келсе, әуезділікте кемшілік болады. Тым жақын болып келу — өңшең қысқа сөздер бірөңкей келгенде болады да, тым алыс болып келу — өңшең ұзын сөздер бірөңкей келгенде болады”. Бұл кісі қазақ тілін француз, чех, поляк, орыс тілдерімен салыстыра келіп, қазақ екпін сөздің я аяғында, я алдына таяу тұрған буында келетінін айтады. Екпін буыны аяғында келетін сөздермен қазақ тілі француз тіліне ұқсас, екпін буыны аяққа таяу келетін сөздермен поляк тіліне ұқсас. Солай болған соң француз я поляк тіліндегі сөздерден өлең жасап шығаратын табиғи жол біздің қазақ тілінің де табиғи жолы болып шығады [9, 179-190] — деп буын екпінін қазақтың өлең шығару өнерімен байланыстырады.

Екпіннің орны. Екпіннің фонетикалық типтері секілді екпіннің сөз ішіндегі орны, яғни оның сөздің қай буынында келетіндігі

жөніндегі мәселе де түркі тілдерін зерттеуші ғалымдар тарапынан әлі күнге толық шешімін таппай келе жатқан, басы даулы деген мәселенің бірі екенін айтуымыз керек.

Жиырмасыншы ғасырдың бас шеніне дейін түркі текті тілдердің ішінде түрік тіліндегі екпінді тегеурінді деп білетін және оның көбіне сөздің соңғы буынына тән екенін қолдайтын пікір басым болып келді. Бұдан кейін бұл қозғарастың дұрыстығына күмән келтіретін, түркі тілдеріндегі екпінді, біріншіден, бірыңғай тегеурінді деп танудың шындыққа жанаспайтынын, екіншіден, екпін орнының үнемі соз аяғына байлаулы екендігін теріске шығаратын сан қилы пікірдің айтылып келгені және бар. Бұл жерде олардың бәріне бірдей тоқталып жату мүмкін емес, әрі ол біздің әңгімеміздің тікелей міндетіне жатпайды. Алда-жалда мұның бүге-шігесіне қанық болғысы келген адам болса, онда оның М.Ряшеннің [1, 33-46] түркі тілдері тарихи фонетикасы жөніндегі еңбегі мен А.М.Щербактың [5, 110-120] түркі тілдердің салыстырмалы фонетикасы деп аталатын кітабындағы осы мәселеге арнап берілген шолумен танысуына болады.

Түркі тілдеріндегі сөз екпінін тануда әлі күнге елеулі пікір алалығының барын ескерте отырып, түркі сөзі екпінінің сөздің аяғына тәндігі жөніндегі байырғы түркологтар айтып келген концепцияны үзілді-кесілді теріске шығарарлықтай, оған балама боларлықтай көзқарас дәл қазір бар деп айта алмаймыз.

Екпіннің сөздің соңғы буынына түсетіні турасындағы пікірді қазақ тілі жөнінде алғаш қалам тартқан ХІХ ғасырдағы орыс түркологтарының еңбектерінен ұшыратамыз. Н.И.Ильминский қазақ тіліндегі екпіннің сөздің соңғы буынына түспейтіндігін және оның қатқыл дыбысталатынын айтады. Кітабының екпін туралы айтқан бөлімінің бір жерінде *соғым*, *арыс* деген екі сөзді мысалға алып, мұндай сөздердегі алғашқы буындағы ашық дауыстының соңғы буындағы қысаң дауыстыдан табиғи созылықырақ айтылуы екпіннің соңғы буында тұрғандығына күдік тудырмау керек деп, қадағалап ескертеді.

Түркі тілдеріндегі екпінді әуезді (музыкалы) екпін деп таныған В.В.Радлов оның қазақ тілінде сөздің соңғы буынында *оте-мөте* құлаққа айқын шалынатынын айтқан. А.Байтұрсынұлының қазақ тілінде екпін сөздің аяққы буынына *я* соған таяу тұрған буынына түседі деп көрсеткенін жоғарыда айттық.

Қазақ екпінінің сөз ішіндегі орны жайында Қ.Жұбанов қосымша жалғанбаған сөзде де, қосымшалы сөзде де екпін сөздің соңғы буынына түседі деп біледі. Бірақ солай болғанымен, қазақ тілінде екпінді өзіне жолатпайтын кейбір қосымшалар бар. Осындай қосымшалар келген жерде екпін сөз аяғына жетпей, тоқтап қалады дейді Қ.Жұбанов. Мұны *оқұмын*, *жазбақсың* деген секілді

мысалдармен сөз аяғында келетін екпіннен бөліп көрсетеді. Кейінгі кезеңдерде шыққан бірқатар оқулықтар мен өзге де зерттеулерде қазақ екпіннің сөз ішіндегі орны туралы айтылатын түсінік осында аталған қазақ тілін зерттеушілердің пікірімен қарайлас келеді деуімізге болады.

Екпіннің фонетикалық типтерінен тыс оның сөздің қай буынына орналасуы ыңғайына қарай бөлінетін құрылымдық (структуралық) типтері бар. Екпіннің құрылымын әдетте зерттеушілер фонологиялық және морфологиялық деп аталатын екі түрге бөліп талдайды. Фонологиялық тұрғыдан талданатын екпіннің өзін әрмен қарай **тұрақты екпін**, **еркін екпін** деп екіге болуы бар. Тұрақты екпін деп сөздің нақтылы бір буынында ғана келетін екпінді айтады. Мәселен, фин, эстон тілдерінде екпін сөздің үнемі бірінші буынына, грузин тілінде соңғы буынға таяу тұрған буынға түсетін көрінеді. Еркін екпін дегеніміздің мәні — екпіннің сөздің әртүрлі буынына түсе алу қабілетінің болуы.

Қазақ екпіннің жоғарыда айқанымыздай кей грамматикалық формаларды ажыратуға қатысының болуы — оның сөз ішіндегі орнының анау айтқандай соншалық тұрақты емес екенін аңғартады. Қазақ тіліндегі, жалғыз қазақ емес-ау, барша түркі тілдердегі екпіннің кейінгі аталған екі топтың (тұрақты екпін, еркін екпін) қайсысына жататындығы жөнінде пікір алалығының бар екенін жоғарыда айттық.

Қазақ екпіннің тұрақтылығы мен еркіндігінің шама-шарқын түсіну үшін ең алдымен әңгімені екпіннің қызметіне байланысты осыдан бұрын сөз болған оның грамматикалық формаларды ажыратудағы қызметінен бастау керек сияқты. Екпіннің сыртқы дыбыстық құрылысы жағынан ұқсас грамматикалық формаларды бір-бірінен ажырата алу қабілеті болуының өзі - оның салыстырып отырған формалардың әрқайсысындағы орны әр басқа екенін аңғартады. Мұның айқын, көрнекті бір мысалы ретінде жоғарыда аталып өткен сырт пішіні бірдей *-мыз*, *-міз* қосымшасымен келетін тәуелдік, жіктік тұлғаларына тағы бір оралып өтудің осы тұста орайы келіп тұр. Егер осындағы тұлғалардағы *-мыз*, *-міз* дегендер *біздің ағамыз*, *біздің ініміз* деген тәрізді ретпен тәуелдік жалғауының көрсеткіші қызметінде жұмсалғандай болса, екпін сөз соңында тұрған осы қосымшаға түседі. Бұлай болмай, бұл қосымша *біз сізге ағамыз*, *біз сізге ініміз* деген тәрізді ретпен жіктік жалғауының көрсеткіші қызметінде жұмсалса, екпін осы қосымшаға таяу тұрған буынға түседі.

Мұның былай болуы жіктік жалғауына екпін түспейтіндіктен. Түркі тілдердегі, соның ішінде біздің тіліміздегі жіктік жалғауы зерттеулерде екпін қабылдамайтын қосымшалар қатарында танылатыны мәлім. Алайда жіктік жалғауы екпін қабылдамайды деген байламды да тым әсіре ұқлауымыз керек сияқты. Олай дейтіміз бұйрық райдың үшінші жақтық *-сын*, *-сін* қосымшасы екпінмен айтылады. Бұл

қосымшаның екпін жөнінен жіктіктің өзге тұлғаларынан осындай ерекшелігі бар екенін айыра көрсетуіміз керек. Мысалы: *Ол барсын, олар барсын; ол келсін, олар келсін.*

Екпіннің қызметіне байланысты жоғарыда әңгіме етілген бір түбірден, сондай-ақ әр түбірден өрбіген, бірақ дыбыстық құрамы бірдей грамматикалық тұлғалардағы екпін өзгерісін көз алдымызға анығырақ елестету үшін назарды мына төмендегі кестеге аударып көрелік.

Екпіні соңғы буынға түсетін тұлғалар	Екпіні соңғы буыннан өзге буынға түсетін тұлғалар
біздің <i>баламыз</i> (тәуелдік жалғау) <i>көретін</i> (анықтауыш) көз көзі <i>қарайды</i> (мағынасы – шаршады)	біз <i>баламыз</i> (жіктік жалғау) ол жақсы <i>көретін</i> (баяндауыш) тесіле <i>қарайды</i> (мағынасы – назар аударарды)
тісі <i>қанады</i> (өткен шақ) біздің <i>қойшы</i> (зат есім) <i>өгізіше</i> (зат есім) өкірді <i>қалыңыз</i> (зат есім) қалай <i>баласыз</i> (сын есім) <i>ақылсыз</i> (сын есім) ол <i>барғанша</i> (етістік), сен бар	шөлі <i>қанады</i> (ауыспалы шақ) осындай сөзінді <i>қойшы</i> (етістік) <i>өгізіше</i> (үстеу) өкірді сіз осында <i>қалыңыз</i> (етістік) сіз әлі <i>баласыз</i> (зат есім) сіз бізге <i>ақылсыз</i> (зат есім) ол үйге <i>барғанша</i> (үстеу) тіл қатқан жоқ
ол <i>келгенше</i> (етістік), сен күте тұр <i>барушы</i> (зат есім) адам <i>келуші</i> (зат есім) кісі <i>жазда</i> (жатыс септік) ауылға барам <i>үйдә</i> (жатыс септік) кім бар <i>жасырғанды</i> (зат есім) жұрт көрмей ме?	ол <i>келгенше</i> (үстеу) тіс жармады ол ылғи <i>барушы еді</i> (етістік) осында ылғи <i>келуші</i> ең (етістік) міне <i>жаз да</i> (атау септік) шықты менде <i>үй де</i> (атау септік), мал да бар ол бәрін <i>жасырған-ды</i> (етістік)
ол <i>болғанды</i> (зат есім) ғана айтты <i>өтіңіз</i> (зат есім) ауырмай ма? <i>басыңыз</i> (зат есім) ауырмай ма? <i>атыңыз</i> (зат есім) кім? <i>ат пенен</i> (шылау) арба <i>қалалық</i> (сын есім) <i>қалайық</i> (зат есім) қолына <i>қаламын</i> (зат есім) ұстады оны <i>айтқан мән</i> (есімдік)	ол осында кеше <i>болған-ды</i> (етістік) өткелден <i>өтіңіз</i> (етістік) енді әнге <i>басыңыз</i> (етістік) садақты <i>атыңыз</i> (етістік) <i>атпенен</i> (көмектес септік) келді осында <i>қалалық</i> (етістік) осында <i>қалайық</i> (етістік) осында <i>қаламын</i> (етістік) <i>айтқанмен</i> , (көмектес септік), ол тындаған жоқ
ауылшаруашылық <i>басқарма</i> (зат есім) <i>қойма</i> (зат есім) <i>барлық</i> (мағынасы-молшылық, зат есім)	бұл жұмысты сен <i>басқарма</i> (етістік) <i>оны</i> бұл жерге <i>қойма</i> (етістік) <i>барлық</i> (есімдік) кісі

Жеке алғанда дыбыс құрамы бірдей, фонологиялық тұрғыдан біріне-бірі қарама-қарсы қойып салыстырып көрсетуге келетін, бірінен-бірі тек екпін арқылы ғана ажыратылатын параллель тұлғалар тілімізде соншалық көп болмаса да барына бар. Жоғарыдағы мысалдар — осының дәлелі.

Бұдан қазақ екпінінің фонологиялық қызмет атаулыдан мүлдем құралақан емес екендігі кәміл байқалады. Екі морфологиялық категорияны бір-бірінен айқын ажырата алғандай болса, оны фонологиялық қызмет деп атамағанда, басқаша қалай атауға болады.

Жалғамалы тіл болғандықтан түркі тілдердегі қосымша атаулының баршасының әлбетте түбір сөзден кейін келетіні түсінікті. Алайда сөз аяғында келген қосымшаның бәрі бірдей екпінді сытықсыз қабылдай бермейтінін салыстырмалы деректерден айқын көріп отырмыз. Бірінен-бірі екпін арқылы ажыратылатын грамматикалық тұлғалардың жайы екпін қызметіне байланысты жоғарыда бір-сыдырғы толығырақ баяндалып өткендіктен бұл жерде оларды қайталап жатпаймыз. Оның үстіне кестемен салыстырып берілген мысалдарға назар аударудың өзінен-ақ бұл мәселенің біраз жайын аңғаруға болатын сияқты. Бұдан бұрын біз екпіннің грамматикалық тұлғаларды ажыратудағы қызметіне орай оның *салма* “зат есім” — *салма* “етістік”, *кесне* “зат есім” — *кесне* “етістік” секілді омоформалар бұйрық реңді етістік мәнінде жұмсалған кезде олардағы екпіннің сөздің бірінші буынына түсетінін айтқан едік (Осы мысалдар жоғарыда берілген салыстырмалы кестенің ішінде де бар).

Осындағы жалғыз *салма*, *кесне* тәрізділерде ғана емес, бұйрық райдың болымсыз түріндегі өзге етістіктерде де екпін сөздің соңғы буынына таяу тұрған буында келе береді. Мысалы: *Олай деп айтпа*; *көзіме көрінбе*; *алған бетіңнен қайтпа*; *басқан ізінді білдірме*; *шақырса барма*; *ешкімге сездірме*. Мысалдардан көрініп отырғандай сөз екі буынды болса, екпіннің мұндайда бірінші буында болатыны өзінен-өзі түсінікті. Бұл секілді жағдай бұйрық райлы болымсыз етістіктің көп буынды түрінде де екпіннің сөздің бірінші буынына түсетіндігінің кепілі бола алмайды. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардың ішіндегі *көрінбе*, *білдірме*, *сездірме* тәрізді етістіктердің екпінінен оңай байқаймыз.

Мұндай жағдайда екпіннің соңғы буынның алдындағы буынға түсуі көбіне етістіктердің экспрессиялы реңмен айтылуына байланысты. Бұйыра, зекіп айтқанда, әсіресе осы тұлғаның екінші жағында, бұйрық информация сөздің бас жағында, алғашқы буында молырақ болады. Бұл жердегі сөздің бас жағы деп айтып отырғанымыз, әрине, мұндай тұлғаның тек екі буынды түріне ғана қатысты болатыны түсінікті.

Осындай болымсыз етістіктер жіктік жалғауын қабылдап, үш буынды сөзге айналған кезде де екпін орны өзгермей, сол бағзы күйінде алғашқы буында қалады. Мысалы: *айтпаңыз* < *айтпа*, *бармаңыз* < *барма*, *келмеңіз* < *келме*, *көтпеңіз* < *көтпе*. Осы тұлғаның үстіне енді көптік қосымшасы жалғанатын болса, сөзіміз үшеу емес, төрт буынды сөзге айналатыны түсінікті. Бұл жағдайда да екпін орны өзгеріске ұшырамайды, бірінші буында тұра береді. Мысалы: *айтпаңыздар* < *айтпаңыз*, *бармаңыздар* < *бармаңыз*, *келмеңіздер* < *келмеңіз*, *көтпеңіздер* < *көтпеңіз*.

Құрамында болымсыз мәнді *-ма* қосымшасы бар етістіктер бірінші жақта қолданылған кезде де екпін осы қосымшаның алдындағы буынға түседі. Бұл ыңғайда да етістіктер көбіне-көп экспрессиялы реңмен айтылады. Мыс: *бармаймын деген соң бармаймын, айтпаймын деген соң айтпаймын, білмеймін деген соң білмеймін*.

Осындай тұлғадағы екпін экспрессивтілігі мен тұрақтылығының басты бір кілті етістіктің болымсыз түрін жасайтын *-ма* (*-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе*) қосымшасында жатқандығын айтуымыз керек. Түркі тілдердегі бұл қосымшаның екпін қабылдамайтын қосымша екені Радлов заманынан бастап айтылып келе жатқаны мәлім. Болымсыз етістіктердегі екпіннің ылғида осы қосымшадан аса алмай, соның алдына келіп тірелуінің бір себебі осындай жаймен сабақтас екені даусыз. Алайда бұл қосымша екпін қабылдамайды дегенді тым әсіре ұқпауымыз керек. Өйткені қазақ тілінің кей фактілеріне қарап тұрсақ, *-ма* қосымшалы етістік тұлғасының кейде сөйлеушінің бұйрық емес, өтініш, жалыныс тәрізді көңіл күйімен байланысты айтылатын кездері бар екен. Осындай жағдайда екпін басқа емес, дәл *-ма* қосымшаның өзіне түседі. Мәселен, *Мұндай сөзді айтпа!* деген сөйлем бұйрық интонациямен айтылса, екпін *айтпа* тұлғасының бірінші буынына түседі де, өтініш, жалыныс интонациямен айтылса, екпін оның соңғы буынына (*-ма* қосымшасына) түседі. *Мұндай сөзді айтпа!*

Мына сөйлемдердің интонациясын құбылтып айтып көруден де осы жайды аңғаруға болады: *Қой, шырағым, олай демé! Мұны біреуге айтып қойып жүрмé!*

Сол секілді *-ма* қосымшалы тұлға арқылы істің, қимылдың болымсыздық мәнісін анықтанқырай, дәлірек айту қажет болған кезде де екпін осы қосымша тұрған буынға түседі. Мысалы: *Осы жерге сен бармайсың, мен барамын. Оны сен білмейсің, мен білемін. Оны сен айтпадың, мен айттым*.

Сөз ішіндегі екпін орнының осылайша әрқилы құбылуы экспрессия-эмоция реңі бар сөздердің көбіне-ақ тән нәрсе. Бұл – әсіресе адамның әртүрлі көңіл күйіне байланысты айтылатын одағай сөздердің қолданысынан көбірек байқалатын жай. Мәселен, *мәссаған!*

деген біріккен сөз тұлғалы одағайдың екпіні осындағыдай бірінші буында тұруы да, қолданылу ыңғайына қарай *мәссаған!* болып соңғы буында тұруы да мүмкін. Сол тәрізді *бәрекелді! әмтегенай!* секілді одағайлардың да екпіні кейде бастапқы буында, кейде соңғы буында келе береді. Мұндайлардың өзі, түптеп келгенде, сойлемнің интонациясымен астасып жататын құбылыс.

Коптік мағынаны білдіретін *әмме, барша, бүкіл, күллі, бүткіл, барлық, бәрі* тәрізді жалпылауыш есімдіктер оларға сөйлеуші тарапынан ерекше мән беріле, назар аударыла айтылған кезде де екпін ол сөздердің бірінші буынына түседі: *бәрша әлем, әмме жұрт, бәрлық ел*. Екпіннің мұндай түрін бірқатар зерттеушілер *эмфаза* екпіні деп атайды.

Диалогтерде жауап ретінде айтылатын құптау, келісім мәніндегі *мәйлі, бәлді, мақұл* секілді сөздердің де екпіні көбіне бірінші буында тұрады.

Оңтүстік өңірдің жергілікті халқының тілінде жиі қолданатын *бәпты* (мағынасы-жарайды, құп), *тұры* (түп-тура, дәл солай) тәрізді құптау мәні бар сөздердің де екпіні ығи бірінші буында келеді. Осы орайда тағы бір ескеру керек болатын жағдай *алма, кесне* тәрізді тұлғалар өлең жолдарының соңындағы ұйқастарда келсе де олар етістік, я есім мәнінде жұмсалыуына қарамастан, екпіні жағынан өзгеріске түспейді, ұйқас тәртібіне бағынып, бірінші жолдағы ұйқас сөздің екпін ыңғайымен айтылады. Мысалы:

*Екі ағашта бір алма,
Мен де алмаймын, сен де алма.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Мен барғанда, сен қалма.*

Осындағы *-ма (-на, -ба)* деп отырған қосымшаның етістік түбірге жалғанып, бірде зат есім тудыратын сөзжасам қызметіндегі, бірде етістіктің болымсыздық түрін тудыратын форма жасам қызметіндегі қосымша екені айтпасақ та түсінікті. Дұрысында, бұлар - бір-бірінен мүлдем бөлек-бөлек қосымшалар. Олардың қызметін бұл жерде бір-бірімен салыстыру - тіліміздегі жоғарыда көрсетілген *алма, салма, жарма, жаппа, баспа, қоспа, қақпа, соқпа, тұнба* секілді омоформалардың әрбіреуінің есім, етістік қызметін бас-басына айыра көрсету талабынан туып отыр.

Қазақ тіліндегі осы *-ма* сияқты екпін қабылдамайтын қосымшаның бірі — теңеу, салыстыру мәнді *-дай* қосымшасы. Бұл қосымша жалғанған сөздердегі екпін де үнемі осы қосымшаға таяу тұрған буынға түседі. Мысалы: *Таудай жігіт бол, қаймақтай қою, қардай аппақ*. Бұл қосымша заттың күйін, қалпын білдіретін үстеу мәнді сөздердің құрамында келген кезде екпінсіз айтылады. Мысалы: *Қымызды суықтай іш*.

қандай, нендей есімдіктерінің құрамында келген *-дай* қосымшасы, егер бұл сөздер сұрау мәнінде жұмсалған болса, екпін қабылдайды, ал тандану, таңырқау мәнінде жұмсалса, екпінсіз айтылады. Мысалы: *Дәмі қандай екен? Дәмі қандай тамаша! Ол нендей нәрсе? Денесі нендей зор.*

Тіліміздегі екпін түспейтін тұлғалардың бірі - көмектес септіктің *-мен, -пен* қосымшасымен сыртқы дыбыстық кейпі, айтылуы осы қосымшамен дөп түсіп жататын *мен, пен* жалғаулық шылауы. Тарихи тұрғыдан алғанда бұларды көп зерттеуші бір лексика-грамматикалық элемент деп таниды. Сондықтан да бірқатар түркі тілдердің грамматикаларында бұл құрылымды (*мен, пен, менен, пенен, білә, білән, бірлән* т.б.) көмектес септігі дегенге қатыстырмай, жалғаулық шылау деп қана біледі. Қалай болғанда да екпін қабылдамау бұл құрылымның екі түрлі лексика-грамматикалық қызметінің екеуіне бірдей ортақ қасиет екенінің басы ашық. Бұл жай да олардың арғы тамырындағы астарластықты аңғартса керек. Асылында, біздің тілімізде бұларды бірде шылау, бірде көмектес септіктің жалғауы деп тану – бұл құрылымның сөйлемдегі синтаксистік қызметінен барып туындайтын нәрсе. Мысалы:

Көмектес жалғаулы қызметіндегі <i>-мен, -пен</i>	Жалғаулық шылау қызметіндегі <i>мен, пен</i>
<i>Қаламмен жазды</i> <i>Асанмен бірге келді</i> <i>Орақпен орды</i> <i>Алтынмен аптап,</i> <i>күміспен күптеп</i>	<i>Қалам мен қарындаш</i> <i>Асан мен Үсен</i> <i>Орақ пен балға</i> <i>алтын мен күміс</i> <i>күміс пен алтын</i>

-мен, -пен дегендердің біздің тілімізде *-менен, -пенен*, өзге ағайын тілдерде *білә, білән, бірлән* секілді екі буынды боп келетін нұсқаларының да бар екенін көріп отырмыз. Мұндай нұсқада айтылған тіліміздегі көмектес септіктің де, жалғаулық шылаудың да екпін жөнінен жайы жоғарыдағы бір буынды *-мен, -пен* дегендерден басқашарақ. Септік жалғауының қызметінде жұмсалған кезде бұларға екпін түспейді. Егер олар сөйлемнің екі бірыңғай мүшесінің арасын дәнекерлестіруші жалғаулық шылау қызметінде жұмсалғандай болса, екпін қабылдайды және екпін мұндай жағдайда олардың соңғы буынына түседі. Мысалы:

Көмектес септігі қызметіндегі <i>-менен, -пенен</i>	Жалғаулық шылау қызметіндегі <i>менен, пенен</i>
<i>атпенен келді</i> <i>сеніменен ол ақылдасты ма?</i> <i>ожауменен құй</i> <i>шыбықпенен шытқырт</i>	<i>ат пенен арба</i> <i>сені менен ол</i> <i>ожау менен қасық</i> <i>шыбық пенен шырша</i>

Көмектес септігі жалғауының қарсылықты және мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының *барғанмен, келгенмен* (қарсылық мәнді) және *барысымен, келісімен* (мезгіл мәнді) секілді баяндауыш құрамында келетін кездері бар. Бұл ыңғайда да ол екпінсіз айтылады. Мысалы: *Сен айтқанмен, ол тыңдаған жоқ. Сен барысымен, ол мында келсін.*

Осындай баяндауыш тұлғаларының көмектес жалғауының екі буынды нұсқасымен айтылуы да мүмкін. Бәрібір мұнда да екпін орны өзгерісіз қалады: *барғанменен, келгенменен; барысыменен, келісіменен.*

Етістікке жалғанып, оның өтініш мәнді тұлғасын жасайтын *-шы, -ші* жұрнағы да екпін қабылдамайтын қосымшалар қатарына жатады. Мысалы: *Сөзіме құлақ қойшы, айтқан тілді алшы, сұрағанын берші.*

Энклиза, проклиза, элизия құбылысы және ритмикалық екпін. Бұған дейінгі біздің әңгімеміз екпіннің бір сөздің өз ішіндегі орналасу жайы туралы болатын. Тілдерде біріне-бірі іле-шала айтылған сөздердің екеуара бір екпінге ие болатын кездері бар. Мұндай құбылыс қазақ тіліне де тән. Қатар айтылған екі сөздің соңғысының екпін жөнінен өзінен бұрынғы сөзге тәуелділігін **энклиза** құбылысы дейді. Мұндай жағдайда екі сөзге ортақ екпін алдыңғы сөзде болады да соңғы сөз екпінсіз айтылады. Екпінсіз айтылған кейінгі сөзді **энклитика** деп атайды.

Қазақ тілінде энклиза құбылысына денірек ұшырайтын қосымшасыз келген шылаулар мен көмекші сөздер. Онда да олардың бұл құбылысқа көбіне-көп бейім тұратыны — бір буынды боп келетін түрлері. Шылаулармен келген энклитикаға мысалдар: *ол күн де келеді; барайын ба, бармайын ба; мына жұмысың қиын ғой; шүйкәдей ғана бала; мál екеш мál да; көрмес түйені де көрмес, сол туралы, айтқан сайын.*

Қосымша жалғанған шылау сөздер екпін қабылдайды: *үйге дейінгі жер, айтқан сықылдымын.*

Көмекші етістіктермен келген энклитикаға мысалдар: *барá сал, көрe кет, айта́ гөр, отыра́ тұр, құлақ қой, ұмытып қап* (ұмытып қалып), *айта́ сап* (айта салып), *кетіп қал, барып жүр, көрeм деп, бара́ жатыр, берe көрме, жоқ екен, бар еді.*

Энклиза құбылысы есім, сондай-ақ басқа сөздердің тіркесінде де кездесуі мүмкін: *тақ сан; жұп сан, қысқа жіп* (*қысқа жіп құрмеуге келмейді*), *сөз жоқ.*

Күшейткіш мәнді *өте, тым, аса, ең* секілді сөздер өзге сөздермен тіркескенде, екпінді ығи да өзіне тартып тұрады. Сондықтан сөздердің осы тобымен тіркесіп келетін сын есімдер де энклитикаға айналады: *өте жақсы, тым тәуір, ең әдемі, аса зор.*

Болымсыздық мәнді *еш*, саралау мәнді *әр* іспетті сөздер өзінен кейінгі сөзге қосылып айтылған кезде де екпін тіркестің басыңқы сыңарына түспей, осы сөздерге түседі: *еш адам, еш нәрсе, әр адам, әр нәрсе*.

Тіліміздегі *ешкім, ештеңе, әркім, әрбір* тәрізді күрделі есімдердің құрамындағы сөздердің басын біріктіруге негіз болған ұйытқы да осы энклиза құбылысы болса керек. Бұл құбылыстың (энклиза) айқын бір мысалы ретінде тіліміздегі қос сөздердің бірқатар тобына тән екпін жайын атауымызға болады. Қос сөздердің әр сыңарының тілімізде дербес сөз боп танылмай, лексикалық, сондай-ақ грамматикалық мағынасы жағынан бірінен-бірін бөліп қарауға келмейтін, тұтас бір бірлік боп танылатыны белгілі. Қос сөздің сыңарларының басын бір жерге біріктіріп, оны дербес бір ғана сөз, бір ғана ұғым деп қабылдауымызға ұйытқы болатын мықты бір тетік: ол — осы екпін.

Мағыналық тұтастығының үстіне қос сөздің көбінің-ақ сыңарының әлі күнге бір-бірінен еркін ажыратып талдауға келетін лексикалық, морфологиялық элементтерден түзілген бірлік екені түсінікті. Сырт қарағанда, қос сөздер қатар айтылған екі сөздің бейне бір тізбегі есепті. Осы тұрғыдан алғанда екпіннің, қос сөздердің бірінші сыңарына түсуін энклиза құбылысы деп тануымызға әбден болады. Екпін осылай келетін қос сөздердің арасынан олардың мына секілді түрлеріне назар аударалық.

Күшейткіш мәнді қоспа буындармен келетін қос сөз тұлғалы сын есімдерде екпін сөздің соңғы сыңарына түспей, қоспа буынға түседі. Мысалы: *қып-қызыл, сап-сары, жып-жылтыр, тәп-тегіс, үп-үлкен, дөп-дөңгелек, тып-тығыз, қым-қуыт, жым-жылас, тым-тырыс, зым-зия, быт-шыт, тас-талқан* секілді қос сөздерді де екпін турасынан осы топқа жатқызуға болады. Осындай үлгіде жасалған қос сөздердің кей түрінің алдыңғы сыңарының буын саны екеу болып келетіндері бар. Мұндай жағдайда екпін қос сөздің алдыңғы сыңарының соңғы буынына түседі. Мысалы: *тепé-тең, көпé-көрнеу*.

Бұлардан тыс алғашқы сыңары *-ма* қосымшасының көмегімен қайталап келетін *бетне-бет, баспа-бас, жекпе-жек, қолма-қол, жүзбе-жүз* секілді қос сөздердің екпін де алғашқы сыңардың бірінші буынында болады.

Сонымен қатар *барá-бара, тұрá-тұра* тәрізді созбе-сөз қайталанып отыратын қос сөздерге де энклиза құбылысы тән.

Екпіннің қос сөздердің бірінші сыңарына түсуінің бұлардан өзге де мысалдары тілімізде жетіп жатыр. Мәселен, *алай-түлей, азán-қазан, ақар-шақар, іле-шала, жанап-тармағай, анда-санда* секілді қос сөздер сөйлемде әсіресе эмоциялы реңмен айтылған кезде, екпін бұлардың бірінші сыңарының екінші буынына түсуге бейім тұрады.

Мысалы: *Дала ала́й-түлей боран, қойлы ауыл аза́н-қазан, жапа́-тармағай шу, үйдің іші аста́н-кестен.*

Екпін жөнінен *салта́н-салтаң, қопа́н-қопаң, елбе́ң-елбең, селте́ң-селтең* сияқты еліктеуіш тұлғалы қайталама қос сөздердің екінші сыңары да энклизаға жиі ұшырайды.

Тілдердегі энклиза құбылысына қарама-қарсы акцентуациялық құбылыс — проклиза. Мұнда қатар айтылған екі сөздің алдыңғысы кейінгісіне екпін жөнінен тәуелді болады. Дәлірек айтқанда, екі сөзге ортақ екпін соңғы сөзге түседі.

Жоғарыда корсетілгендей, қос сөздердің бірқатар тобына энклиза құбылысы тән болса, енді біразына проклиза құбылысы тән. Мәселен, *жон-жосық, дау-дамай, қыз-қырқын, сай-сала* секілді алғашқы сыңары бір буынды боп келетін қос сөздердің де, сөз тәрізді алғашқы сыңары екі буынды *бала-шаға, қатын-қалаш, келін-кешік, азық-түлік, пәлен-пәштуан, алда-жалда, кәрі-кұртан* секілді қос сөздердің де екпін жайы проклиза құбылысымен түсіндіріледі.

Басыңқы сыңары бір буынды кейбір анықтауыштық сөз тіркестерінің де алдыңғы сыңары проклиза құбылысына бейім келеді: *қызыл ту, қара тас, көк мұз, ақ қар*. Бағыныңқы сыңарының соңғы дыбысы мен басыңқы сыңарының алғашқы дыбысы дауыстылардан тұратын анықтауыштық тіркестерде де екпін кейінгі сөзге түседі. Мұның себебі бұл секілді тіркестерде біріне-бірі іле-шала айтылған екі сөздің жігіндегі алғашқы дауысты айтылуда түсіп қалады: *қара ала* — айтылуы: *қарала́, қара өлең* — *қар өле́ң, торы айғыр* — *тор айғы́р, мосы ағаш* — *мос аға́ш, қара өрік* — *қар өрік*.

Сөз тіркестерінің жігінде келген жоғарыдағы мысалдардағыдай екі дауыстының, яғни бірінші сөздің соңындағы дауыстының түсіп қалуын тіл білімінде элизия құбылысы деп атайды. Қазақ тілінде бірқатар проклитиканың пайда болуында осы элизия құбылысының ықпалы өте-мөте зор екені байқалады.

Негізгі етістік пен көмекші етістіктің аражігінде келген дауыстылар да проклиза құбылысының пайда болуының бір көрінісі деуімізге болады: *бара алмай* — айтылуы: *бар а́лмай, сата алмай* — *сат а́лмай, келе алмай* — *кел а́лмай, көре алмай* — *көр а́лмай, таба алмай* — *таб а́лмай*.

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі жергілікті халықтың тілінде жоғарыдағы тәрізді күрделі етістіктердің *бар а́май, сат а́май, кел а́май, көр а́май, таб а́май* сияқты *л* дыбысы түсіп қалып айтылатын нұсқалары да бар. Мұнда да соңғы көмекші сыңар — проклитикаға айналады.

Проклиза құбылысын біріккен сөздердің пайда болуындағы елеулі тетіктердің бірі деп айтуымызға болады. Екпіннің кульминатив қызметінің айқын бір көрінісі — осы біріккен сөздерде болатын екпін.

Біріккен сөздер әртүрлі түбірден құралған сөз болғанымен, бір лексикалық ұғымның көрсеткіші ретінде жұмсалатындықтан, бір ғана екпінге ие болады және ол екпін әлбетте біріккен сөздің соңғы сыңарының соңғы буынына түседі. Проклиза құбылысын түсіндіру үшін алынған жоғарыдағы *қара өрік*, *мосы ағаш* секілді тіркестерді біріккен сөз есебінде қабылдайтын болсақ, олардың айтылуы да, екпіні де проклиза құбылысындағыдай *қарөрік*, *мосағаш* боп шығар еді.

Анықтауыштық үлгіден тыс соңғы сыңары етістік боп келетін біріккен сөздердің екпінінен де проклиза құбылысының табын аңғарамыз. Мұндай біріккен сөздер көбіне-көп кісі аты, жер-су аты сияқты жалқы есімдерге тән: *сатып алды* – *Сатыпалды*, *серік болсын* – *Серікбосын*, *таң атқан* – *Таңатқан*, *қалмақ қырған* – *Қалмаққырған*, *барса келмес* – *Барсакелмес*, *құлан өтпес* – *Құланөтпес*, *саба салды* – *Сабасалды* *Торғай*, *қарын салды* – *қарынсалды* *Торғай*.

Алғашқы сыңары бір, я екі буынды боп келетін сөз тіркестері, алғашқы сыңары көп буынды боп келетін тіркестерге қарағанда бірігуге анағұрлым бейім. Бұл – көп буынды сыңарлардың проклиза құбылысына бейімсіздігінен болса керек. Мәселен, *ала үйрэк* деген сөз тіркесін біріккен сөз деп қабылдау *шүрегей үйрэк* деген тіркесті біріккен сөз деп қабылдаудан әлдеқайда жеңіл. Себебі *ала үйрэк* деген сөз тіркесі екпін жағынан проклиза құбылысының ықпалымен бір ғана екпінге ие болып, бір акцентуациялық тұтастық құрайды, ал *шүрегей үйрэк* дегеніміз болса, әр сыңары жеке екпінмен айтылатындықтан дербес-дербес сөз ретінде ұғынылады. Мәселен, *алма мойын ала үйрэк ұшар сайдан* деген сөйлемдегі *ала үйрэк* деген сөз тіркесінің сыңарларын жеке-жеке екпінмен айту – орфоэпиялық нормадан ауытқумен бара-бар.

Дыбыс құрылысы жағынан бұл күнде түбегейлі өзгеріске ұшыраған *өйткені* (олай еткені), *сондықтан* (солай болғандықтан), *бұйт* (бұлай ет), *сөйт* (солай ет), *неғып* (не қылып), *әнер* (алып бер), *әкел* (алып кел) секілді екі сөздің біріне-бірі кірігуі арқылы жасалған біріккен сөздердің пайда болуы да осы сөздердегі энклиза, проклиза құбылысы тәрізді әу бастағы екпін ортақтығының жемісі.

Енді бірер сөз ритмикалық екпін жөнінде. Сөйлем ішіндегі сөздердің бәрі бірдей дербес екпінге ие бола бермейтінін, оларда екпін ортақтығының да болатын жайы бар екенін көріп отырмыз. Сөздердің акцентуациялық тұрғыдан бір сөздің төңірегіне ұйысып, ортақ бір ғана екпінге ие болуының айқын бір көрінісі – осындағы өзіміз әңгімелеп отырған энклиза, проклиза, дауыстылар элизиясы секілді құбылыстар.

Энклиза, проклиза, элизия құбылысы нәтижесінде акцентуациялық бірлік құрайтын сөздердің тобы ритмикалық топ деп аталады. Осындай топқа кіретін сөздерге тән ортақ екпін түрін ритмикалық

екпін немесе фразалық екпін дейді. Демек, тек энклиза, проклиза, элизия құбылысы бар жерде ғана ритмикалық екпін болады. Екпіннің бұл түрінің де табан тірер дәйегі — екпін жағынан жетекшілік қызмет атқарып тұрған сөздің құрамындағы екпін түсетін буын. Дәлірек айтқанда, бұған ұйтқы болатын негізгі тірек те сөз екпіні.

Бір-бірімен тіркескен екі сөзге ортақ екпін болғандықтан, кейде екпіннің бұл түрін тіркес екпіні деп атаушылық та бар. Әрине, ритмикалық топ дегеніміз сөз тіркесі деген ұғыммен бара-бар емес. Дегенмен олардың кейбіреуінің құрылысы жағынан сөз тіркесімен дөп түсіп жататындары да бар. Мәселен, *ақ төбел, көк аспан* секілді проклизалық топ анықтауыш сөз бен анықталатын сөздің тіркесіне дөп келсе, *кілт тоқта, тез сойле* секілді энклизалық топ пысықтауыш пен пысықталатын сөздің тіркесіне дөп келеді.

Ритмикалық екпінге едәуір көңіл болген зерттеушінің бірі — марқұм Ж.Аралбаев [10, 124] болатын. Бұл кісі қазақ тіліндегі ритмикалық топқа енетін сөздердің саны көбіне екі сөзден аспайды деп көрсетеді.

Байырғы сөздер мен кірме сөздердегі екпін. Осыған дейін әңгіме болып өткен жайлардан байқайтынымыз — төл қазақ сөздері мен тілімізге ерте кездерде еніп, айтылуы ана тіліміздің фонетикалық заңдылығына әбден ыңғайласып кеткен өзге тілдерден еншіленген сөздеріміздегі екпіннің көбіне-көп сөздің соңғы буынына түсетіндігі. Бұлайша “көбіне-көп” деп әдейілеп ескертудің мәні, біріншіден, тілімізде жіктік жалғауы, етістіктің болымсыздық жұрнағы, көмектес септігінің жалғауы сияқты өзіне екпін қабылдамайтын кейбір қосымшалар бар, осындай қосымшалар сөз аяғына жалғанған кезде, екпін сол қосымшаның алдына таяу тұрған буынға жылжиды, екіншіден, грамматикалық тұлғаларды бір-бірінен ажырату керек болған жағдайда да екпін орнының өзгеруі мүмкін, үшіншіден, элизия, энклиза, проклиза секілді фонетикалық құбылыстарға байланысты да екпін орнының құбылып отыратын кездері көп. Бұлардан тыс сөйлеушінің көңіл күйіне байланысты сөз экспрессия, эмоция реңіне ие болған кезде де екпін ыңғайына ықпал етуі ықтимал.

Қазақ тіліндегі екпіннің сөздің аяққы буыны мен соған таяу тұрған буынына түсетіндігі жөнінде А.Байтұрсынұлы айтқан қағидада жоғарыда айтылған жайлардың бәрі қамтылған деуімізге болады. Бұл кісі түрлі тілдердегі екпін сөздің соңына тән деген байырғы түркологтар айтып келе жатқан дәстүрлі көзқарастың жетегінде кетіп қалмай, қазақ тіліндегі екпіннің соңғы буынмен қатар аяққы буынға тете тұрған буындарда болу мүмкіндігін зерттеп барып, соған көзі жеткеннен кейін айтқан ғой.

Екпіннің сөз аяғынан тысқарғы жердегі өзгерісін, анығырақ айтқанда, соңғы буынның алдындағы буынға түсетін кездерін жоғарыда санамалап көрсетіп өткен жайлармен шектеуге болады. Бұлардан өзге жағдайдың бәрінде де қазақ екпінінің негізгі орны сөздің аяққы буыны болатыны түсінікті.

Тіліміз агглютинациялы тіл болғандықтан, қосымшалардың түбір мен туынды түбірге бірінің үстіне бірі үстемеленіп жалғана беретіндігі — белгілі жай. Мұндай жағдайда сөз соңындағы екпін өз орнын өзгертіп, сөзге үстемеленіп жалғанған қосымшаға, сөздің аяғына қарай жылжып отырады: *кітап-кітаптар-кітаптарымыз-кітаптарымыздан, айтыс-айтыстыр-айтыстыру-айтыстырушы*.

Екпін қабылдамайтын қосымшалардың жайы, әрине, бір басқа. Олар туралы жаңа ғана ескертіп өттік, бұрын да айтқан болатынбыз. Бұл жерде мына бір жайды ескерте кетудің орайы бар.

Көп буынды сөздерде сөз аяғында келетін негізгі екпіннен тыс көмекші екпін болады дейтін кей зерттеушілердің пікірін қазақ тілінің өз фактілері құптамайтынын айта келіп, І.Кеңесбаев [11, 149-150] көмекші екпін дегенді тек қазақ тіліне шет жұрттардың тілінен енген сөздердің түү бастағы екпінінің еншісіне қалдырады. Дәлірек айтқанда, мұндай сөздерге қазақ қосымшасы жалғанған кезде негізгі екпін қосымшаға көшеді де, сөздің түпнұсқасындағы бастапқы өз екпіні көмекші екпінге айналады деп көрсетеді. Осы ойын түсіндіру үшін тілімізге орыс тіліндегі нұсқасында қабылданған *республикаларға, физикалық* деген шет сөздерін мысалға келтіріп, бұлардағы негізгі екпіннің сөз соңындағы қосымшаға түсіп тұрғанын, ал *республика* дегендегі екінші буындағы екпін мен *физика* дегендегі бірінші буындағы екпіннің көмекші екпін болатынын айтады. Осындай ерекше жағдайдан өзге жерде қазақ тілінде көмекші екпін жоқ деп түйеді бұл кісі. Екпіннің сөз шекарасын ажыратушылық (делиметатив) қызметі тұрғысынан алғанда, көмекші екпін дегеннің тілімізде жоқ екендігі күмән туғызбаса керек-ті.

Сөзге қосымша жалғанған кезде, екпін түсіп тұрған дауыстылардың қазақ тілінде редукцияға ұшырайтын кездері болады. Мұндай жағдайда да екпін сөзге жалғанған қосымшаға ауысады: *мұрын-мұрны, ауыз-аузы, ойын-ойны* т.б.

Қазақ тіліндегі қысаң дауыстылардың сандық тұрғыдан редукциялануын Б.Қалиев оған түсетін екпіннің әлсіреуінен деп түсіндіреді [12, 45]. Шынында да, *қорытынды* деген сөздің етістік түбірінің соңындағы *ы* дауыстысын *қоры-тынды* деп екпін түсіре шегелеп, нығарлап айтар болсақ, ол сірә да редукцияланбас еді. Және де дәл осылай етер болсақ, сөзіміз кіге бөлініп, *-тынды* деген күрделі қосымша құлаққа өз алдына дербес сөз тәрізденіп естілер еді. Мұндағы морфемалардың басының бір сөздің төңірегіне жұмылуына себепші болып тұрған фактор — екпіннің сөздің соңғы буынында тұруы.

Ешбір қосымшасыз айтылған сөздерде екпіннің сөздің соңғы буынан өзге буындарда кездесуін араб, парсы тілдерінен ертерек уақыттарда енген *әлбетте, хатта, әмен, һәммә, бәлки, бәлкім, ләкин* (бірақ) тәрізді бірен-саран сөздердің құрамынан байқаймыз. Бұл сияқты сөздердің тілімізде қолданылуы қазіргі уақытта онша мардымды да емес.

Кеңес өкіметі тұсында орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен тілімізге сөздердің жосықсыз мол енгені мәлім. Және бұл сөздер орыс тілінде қалай жазылса, қазақ тілінде де солай жазып, солай айту керек деген принципті заңдастырып алып, бәріміз соған үйреніп, соған дағдыландық. Қазақ тіліндегі байырғы зат есімдердің екпіні үнемі сөздің соңғы буынына түсетін болса, *минимум, максимум, техника, радио, химия, физика, партия, акция* сияқты сөздердің бас буынындағы екпінді сол күйінде қабылдадық. Бұған қарағанда екпіні соңғы буынға таяу тұрған буынға түсетін *автобус, геблог, коррәктор, профессор, сатира* секілді сөздерді қабылдау тіліміздің акцентуациялық нормасына бір табан болса да жақындау тұрды. Тілімізге мұндай норма тән болмаса да, әйтеуір, ісі қазақы сөздің біразындағы соңғы буынға тете тұрған буынның екпінмен айтылатын кездері бар ғой. Тілімізге мұндай кірмелердің еш фонетикалық адаптацияға ұшырамастан, сол түпнұсқасындағы қаз қалпында баса-көктеп енуі және енгенде біреу-екеу емес-ау, батпандап енуі түбінде тіліміздің акцентуациялық нормасының бұзылуына апаруы ғажап емес. Тілдің төл нормасының бөгде тілдің ықпалымен бұзылуын ғалымдар интерференция құбылысы деп атайды. Тіліміздің акцентуациялық ішкі жүйесіне соншалық кеулеп еніп кетпесе де, орыс тіліне орынсыз еліктеудің нәтижесінде бірен-саран сөздердің екпінінің қалыпты орнынан өзге буынға жылжуының ара-тұра бой көрсетіп қалатыны бекер емес. *Сарá, Динә, Сайá, Мәдинә, Кәмилә, Ботá* секілді кісі есімдерінің тіліміздегі дәстүрлі екпінін өзгертіп, *Сáра, Дíна, Сáя, Мадíна, Камíла, Бóта* деп айту – қазір жастар арасында жиі байқалады. Сол секілді құрамында ашық *о, ө* ерін дауыстылары бар *Отáн, ордá, отáу, бәбәк* сияқты сөздер мен *Омáр, Олжáс, Оқáс, Оспáн* тәрізді кісі есімдерін орыс тілінің ыңғайымен *атáн, ардá, атáу, бәбәк, Амáр, Алжáс, Акáс, Аспáн* деп айтудың да қазақ үшін ерсілігі жоқ сияктанып бара жатыр. Мұны осылай деп орыс айтса, бір сәрі ғой. Осы сөздерді дәл осылай деп айтушылар қазақ арасынан да табылып қалады десек, асыра айтқандық болмайды. Әрине, кейінгі мысалдарда екпін орнының өзгерісі жоқ. Бірақ осындағы ерін дыбыстары *о, ө* дегендердің *а* боп өзгеруі тікелей орыс тілінің акцентуациялық нормасының ықпалына байланысты екенінің басы ашық. Өйткені екпін түспеген еріндік *о* дыбысы орыс әдеби тілінде редукцияға ұшырайды. Сөзді айтқан кезде ол *óрган* “ұйым, мекеме” (айтылуы –

орґн), *зámок* “қамал” (айтылуы — *замк*) дегендегі сияқты не түсіп қалады, не *a* дыбысына айналады. Мәселен, *орбúта, осá, морóз, окнó, орéх, корóва, оклáд* тәрізді сөздердің емлесі дәл осылай болғанымен, орыс әдеби тілінің өкілі бұл сөздерді айтқан кезде *арбúта, асá, марóз, акнó, арéх, карóва, аклáд* деп бірінші буындағы ерін дыбысы *o*-ны езу дыбысы *a*-ға айналдырып айтады. Ал қазақ тілінде екпінсіз айтылған дауыстының бұл секілді сапалық өзгеріске түспейтіні түсінікті.

Орыс тілді адам үшін жоғарыда келтірілген *Отáн, ордá, Омáр, Окáс* тәрізді қазақ сөздеріндегі *o* дыбысын *a* етіп айту — қымбатқа түспейді. Қайта тілі орыс тілінің акцентуациялық нормасына қалыптасып кеткен адамға екпін түспеген *o* дауыстысын *a* түрінде айтпау нормадан ауытқу боп көрінуі мүмкін. Ал жоғарыдағы қазақ сөздері болса, олардың бәрінің құрамындағы *o* екпінсіз айтылған. Бұл сөздердің екпіні сөздің соңғы буынында тұр. Сол үшін де орыс адамы *отáн, ордá* деген сияқтыларды өз тілінің аналогиясымен *атан, арда* түрінде қабылдауға бейім. Осындай заңдылықтың бір көрінісі ретінде Алматы облысындағы *Бозóй* деген жер атының орыс тілінде айтылуы *Базой* түрінде қалыптасқанын еске салсақ болады. Бұл жағдай да екпіннің соңғы буында келуінен. Егер осындай сөздердің екпіні бірінші буында келгендей болса, орыс тілді кісі мұндағы ерін дыбысы *o*-ны еш өзгертпестен сол бағзы *o* күйінде айтқан болар еді. Өйткені екпін түскен *o* орыс тілінде редукцияланбайды, сапалық өзгеріске түспейді: *óпыт, ордер, óсень, óстров*.

Қазақ географиялық атауларының орыс тілінде игерілуінде байқалатын бұдан өзге де екпінге тән құбылыстар, әрине, бар. Мәселен, *Текелí* деген кен орнын орыс тілділер екпінін өзгертіп, үнемі *Тéкели* деп айтқанды қалайды. Сол тәрізді *Алакéл* деген гидронимнің соңғы буынындағы екпінді екінші буынға жылжытып *Алáкуль* деп қолданудың да құлаққа үйреншікті болып бара жатқан жайы бар.

Қосымша жалғанбаған сөздердегі қазақ екпінінің сөздің соңғы буынына тән екендігінің жанама бір кепілі ретінде тілімізге орыс тілінен, я орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен ертерек дәуірлерде енген *ширéт (óчередь), бәтеңкé (ботúнки), әшмәңкé (восьмúшка), порýм (фóрма), нөмір (нóмер), тәрелкé (тарéлка), мәшинé (мáшина), қартá (кáрта), шемíшкé (сéмечко), болыс (вóлость), ауылна́й (аульнóй), бөтелкé (бутылка), бөкеба́й (пухóвый), поштаба́й (почтóвый)* секілді сөздерді мысалға келтіруімізге болады. Бұл сөздердің орысша түпнұсқасындағы екпін соңғы буынға түспейтіндігіне қарамастан, ана тіліміздің заңдылығына әбден бейімделіп қазақыланған нұсқасында екпін ылғи сөз аяғында келіп отыратындығын көреміз.

Халықтың ауызекі тілінде шеттен келген кей атауларды қолданған кезде, олардың әуелдегі екпінінің сөздің қай буынында тұрғандығына

қарамастан, өз ана тілінің ыңғайымен сөздің соңғы буынына келтіріп айтушылық жиі байқалады. Мәселен, қазақ арасына кең тарап кеткен әйел есімдері *Роза, Клара, Тамара* секілділерді *Роза, Клара, Тамара* деп қолданушылық – бәрімізге таныс шындық. Сонымен бірге тілімізде ер адамдардың атында да *маршал, генерал* секілді бірер әскери есімдердің кездескен ыңғайы бар. Бұлардың да алғашқысының екпінін қазақ өз тілінің екпін тезіне салып, *Маршал* деп өзгертіп алғаны белгілі. Екпіні соңғы буында тұрғандықтан кейінгі *генерал* дегеннің акцентуациялық тұрғыдан сол күйінде қабылданғаны көрінеді (Бұл сөздің тілімізде ертеде қалыптасқан *жанарал, жандарал* деген де нұсқалары бар).

Бұрын естімеген *атом (бомбасы)* деген ұғым ел ішіне еміс-еміс тарай бастаған тұста, көп қазақтың оны жазуына қарап, біразға дейін *атом (бомбасы)* деп, екпінін соңғы буынға түсіре қолданып келгені де бекер емес.

Шеттен келген сөздердің ана тіліміздің акцентуациялық табиғатына бейімделуі жайында мағлұмат алғымыз келсе, әдеби тілден гөрі халықтың ауызекі тілінің дерегіне жүгінгеніміз абзал. Дұрысында, әдеби тіл мұндай құбылыстар жөнінде объектив дерек бере алмайды. Өйткені ол шет сөздерінің айтылуы мен жазылуын көбіне белгілі бір заңдастырылған ережелердің өлшеміне салып барып қабылдайды.

Орыс және еуропа тілдерінен енген кірмелерде сөз соңындағы *а* дауыстысы халық тілінің өткен бір кезеңдерінде қабылданбай түсіп қалатын заңдылық қалыптасқан сияқты. Әлі күнге қолданылып келе жатқан *газет (газэ́та), аптэк (аптэ́ка), кэмпит (конфэ́та), шкóл (шкóла), нáр (нáра), старшын (старш́ина), минут (минúта), секунд (секúнда), кір (кúря), сипыр (цúфра), цитáт (цитáта)* секілді сөздердің бойынан бұл құбылыс анық аңғарылады.

Жоғарыдағы мысалдарға қарап тұрсақ, олардың бастапқы тілдегі нұсқасының бәрінде де екпіннің кейінгі *а*-ға түспей, соның алдындағы буынға түсетіні байқалады. Біздіңше, бұл да екпінге байланысты құбылыс болса керек. Өйткені қосымшасыз айтылған есім сөздердің екпіні қазақ тілінде ылғида сөздің аяғында тұрады. Осы тұрғыдан алғанда, аяғы түпнұсқасындағы екпінді буынмен шектелген бұл сөздердің қазақша нұсқасында сөз соңындағы екпінсіз айтылған *а* дауыстысының еленбеуі заңды. Оның үстіне бұл кірмелердің бәрі де зат есімдер.

Екпінсіз айтылған сөз соңындағы буынның қысқарып түсіп қалуы – жоғарыдағылар секілді тек кірме сөздерде ғана емес, ана тіліміздің төл сөздерінің бойынан да байқалатын кездері бар. Етістіктің бірінші жақтық *барғанмын//барғамын, келгенмін//келгемін, барамын, келемін*, үшінші жақтық *барáды, келéді* деген сияқты жіктік тұлғасының соңындағы буынның түсіп қалып *барғам, келгем, барам, келем, барат, келет* түрінде қысқаша айтылуы тілімізде аса жиі кездесетін құбылыс.

Мысалы:

Жезделерімнің үйіне талай барғам... Оларды да бұрын коргем (С.Мұқанов). Алыстан келем, алысқа барам (Ғ.Мұстафин). Ұйымдас қоғам болсаң, күшің кірет (І.Жансүгіров).

Жоғарыдағы тұлғалардың осылайша ықшамдалып айтылуын қазақ тілінің белгілі мамандарының бірі А.Ысқақов жіктік жалғауының өзіне тән екпіні болмауы себептен деп өте дұрыс түсіндіреді [13, 95].

Акцентуациялық жүйесі біздің тілімізге аса жақын ағайын тіл – қырғыз тілі үшін аталған жіктік тұлғаларды дәл осылай қолдану – әдеби норма. Мысалдар: *Мектепке барам; айтууга оозу барбайт.*

Әдебиет

1. *Рясянен М.* Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955.
2. *Аванесов Р.И.* Русская литературная и диалектная фонетика. М., 1974.
3. *Гумбольдт В.* Избранные труды по языкознанию. М., 1984.
4. *Трубецкой Н.С.* Основы фонологии. М., 1960.
5. *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. Л., 1970.
6. *Батманов А.* Грамматика киргизского языка. Вып. 1, Фрунзе-Казань, 1939.
7. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966. (Ғалымның бұл пікірі оның “Қазақ тілінің грамматикасы” дейтін 1936 жылғы еңбегінде жарияланған).
8. *Исаев С.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998.
9. *Байтұрсынов А.* Шығармалары. Алматы, 1989.
10. *Аралбаев Ж.* Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы, 1988.
11. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954.
12. *Қалиев Б.* Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. Алматы, 1984.
13. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1964.

Ерін дауыссыздарының сөз басында қолданылуы*

Сөз басының қатандығы мен ұяндығы тұрғысынан алғанда түркі текті тілдердің фонетикалық жүйесінде белгілі заңдылық бар. Ол – бір сынары қатаң, бір сынары ұяң боп келетін *n/б, қ/ғ, к/г, т/д* тәрізді дауыссыз парларды сөздің бас шенінде қолдануға байланысты.

* Мақала “Қазақ сөзінің басына тән фонетикалық заңдылық” деген тақырыппен Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында (№ 3, март 1976 ж.) жарияланған.

Бұл дыбыстардың сөз басына қатысы түркі тілдерінде тепе-тең емес. Осындағы әр дауыссыз парды жеке-жеке алатын болсақ, бір түркі тілдерінде сөз басында оның қатаң сыңары көбірек қолданылса, бір түркі тілдерінде оның ұяң сыңарының көбірек қолданылатынын көреміз. Бұл — түркі тілдері арасындағы жай. Аталған дауыссыз жұптардың әр түркі тілінің өз ішіндегі қолданысында да осы секілді заңдылық бар. Мұндай заңдылық біздің тілімізге де тән. Қазақ говорларындағы сөз басы қатандығы мен ұяңдығының бір парасы *n/б* дауыссыздарының жұмсалыуына ыңғайымен шарттас.

Сөздің ұшар басында келген сәтте арқалайтын фонологиялық жүгінің бөлендей елеулі еместігінен болу керек, бір қыдыру түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінде бұл дыбыстар бірінің қызметін бірі атқаруға аса бейім. Алайда бұдан олардың аталмыш позицияда жұмсалыуында соншалық еркіндік бар екен деген ұғым тумайды. Фонологиялық тұрғыдан олар бірін-бірі қанша жерден алмастыра аларлықтай дәрежеде болғанмен, түркі текті тілдердің фонетикалық құрылысына үңілу — бұл дыбыстардың сөз басында айтылуында кәміл жүйенің барын аңғартады. Түркі тілдерінің арасынан сөз басында осы бір пар дауыссыздардың бірыңғай қатаң сыңарын денірек, сосын бір өңкей ұяң сыңарын денірек қолданатын тілдерді бөліп шығаруға болады. Сөзінің бас позициясында ұяң дыбыстар айтылмайтын шуаш, хақас тілдері былай тұрсын, қалған түркі тілдерінің ішінде де сөздің басында бұл дыбыстардың ұяң сыңарынан гөрі қатаң сыңарын молырақ қолданатын тілдер бар. Мәселен, тува, шор, алтай, сары ұйғыр тілдері — осындай тілдер. Оның есесіне бұған керісінше жағдайды біз башқұрт тілінен кездестіреміз. Бұл тілде ұяң *б* дауыссызының кейде өзге тілден ауысқан сөздердегі қатаң *n*-ның орнына қолданылатын да жайы бар. Түркі тілдерінің жалпы фонетикасы тұрғысынан келгенде анлаутта қатаң *n* дыбысын қолданатын тілдер осы позицияда ұяң *б* дыбысын қолданатын тілдерге қарағанда некен-саяқ қана. Аталған тілдерден тысқарғы түркі тілдерінің баршасында дерлік бұл дауыссыз жұптың қатаң, ұяң сыңарлары сөз басында көбіне-көп аралас қолданылады. Дегенмен осы кейінгі топ тілдердің өз ішінде де жеке-жеке алғанда бұл дауыссыздардың әр сыңарының анлауттағы жұмсалыуы аясы бірдей емес. Бұлардың арасынан да сөз басында осы ерін дауыссыздарының біреуінен гөрі біреуін молырақ қолданатын тілдерді табуға болады. Айталық, қазақ тілі мен қырғыз тілінде ұяң *б* дауыссызы оның қатаң сыңары *n*-ға қарағанда сөз басында анағұрлым жиі ұшырайды. Проф. Н.К.Дмитриевтің корсетуінше, соңғы екі тілдегі *n* дауыссызынан басталатын сөздердің өзі — басқа тілден ауысқан кірме сөздер. Бұдан тысқары жайда *n*-ның қазақ тілі мен қырғыз тілінде сөз басында кездесетін жері — дыбыстың еліктеуден туған сөздер

[1, 270]. Мұның ішінде қазақ тілінің дәл өз басына келетін болсақ, кейбір жеке-дара говорларда санамал сөздердің бас шеніндегі ұяң *б* мен қатаң *п*-ның бірде олай, бірде бұлай құбылып, кейде бірінің орнына бірінің қолданылатын, я дүдәмалданып естілетін кездері бар. Қалайда сөз басындағы *п*-ның *б*-ға отуінен гөрі, *б*-ның *п*-ға өтуі – қазақ тілі говорларында тым сирек байқалатын құбылыс. Мұның бұлайша болуын тіліміздегі сөздердің бас позициясында аталған ерін дауыссыздарының қобіне-көп ұяң сыңарының тәндігінен деп ұғыну керек. Әдеби тілімізде болсын, говорларымызда болсын қатаң *п* дауыссызы байырғы қолтума сөздерімізде оқта-текте болмаса, аңлаутта көп айтыла бермейді. Бұған дейінгі диалектологиялық мәлімет жиналған қазақ говорлары арасында бұл құбылыстың (ұяң *б*-ның қатаң *п*-ға ауысуының) біршама жиірек байқалған жері – Өзбекстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан республикаларының территориясы мен осы республикаларға шектес аймақта тұратын қазақтардың тілі. Осы өңірдің қазағының тілінде жиі байқалып, өзге өңірлердің қазағының тілінде аса сирек ұшырауы – бұл құбылыстың төркіні өзбек, қарақалпақ тілдерімен астарлас болмады ма екен деген сауалға еріксіз итермелейді. Өйткені аталған атырапты мекендейтін қазақтар сөз басында қатаң *п* дауыссызын қолдануға өте-мөте бейім тілдерден (шуаш, хақас, алтай, шор, тува, сары ұйғыр) қоныс жағынан тым шалғайда жатыр. Ал қазақ топырағының өзге қоныстарына келетін болсақ, мұндағы қазақтарда жаңағы өңірдің қазақтарының тіліндегі бас шенінде қатаң *п* айтылатын сөздердің бәрінде дерлік ұяң *б* айтылады екен. Төменде беріліп отырған сөздердің тізбегі бізге осыны дәлелдейді. Ал өзбек, қарақалпақ тілдері болатын болса, бұлардың да еріндік *п* қатаңын сөз басында қолданудан басқа түркі тілдерінен оза шауып тұрған тілдер емес екені рас. Бірақ біздің бұл түсінігіміздің өзі – тек сырт қарағандағы, осы тілдердің әдеби формасы тұрғысынан қарағандағы ғана түсінік. Бір тіл мен бір тілдің арасында байланыс атаулының бар-баршасына тек олардың әдеби түрінің деңгейінен ғана қарау – мәселенің мәнісін анықтау дегенді үстірт түсінгендік болар еді. Тіл аралығында болатын қарым-қатынастың шуу деп басталар арнасының өзі, абзалында, халық тілінде, дәлірек айтқанда, халық тілінің жергілікті диалектілері мен говорларында жатпақ. Әдеби тіл деңгейінде болатын байланыс тіл-тілдің аралығында болуы ықтимал байланыстың бір жағы ғана. Ежелден тарихи тағдыры ортақ, қонысы іргелес жұрттардың бір-біріне өзара тигізер тілдік ықпалы туралы сөз еткенде, бұл мәселені халық диалектілері мен говорларының шеңберінен тыс алып түсіндіру әсте мүмкін емес. Әсіресе мән-мәнісін тек диалектілік ауқымда ғана танып-білуге болатын тіл құбылысының шыққан ізін бағдарлау үшін мәселеге өзара әсері зерттеліп отырған тілдердің қоршылес диалектілері

мен говорлары тұрғысынан қарау – бірден-бір парыз. Осы жағынан алғанда, әңгіме етіліп отырған дыбыстық пардың қатаң сыңарын сөз басында қолданудың аталған өңірдің қазақтары мен көршілес тілдердің диалектілеріндегі жай-жапсары қандай екен, міне, соған тоқталсақ. Әңгіме қарақалпақ тілі туралы болсын.

Проф. Н.А.Баскаков қарақалпақ тілін солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс деп аталатын екі үлкен диалектілік жүйеге ажыратып [2, 4], оларды бір-бірінен ерекшелетін ең басты-басты деген сегіз түрлі фонетикалық белгінің бірі деп қос ерін (билабиал) дауыссыздар *n* мен *b*-ның алмасуын алған. Өзге де сан-сапалақ дыбыстық алмасудың ішінен бұл белгіге ең ірі белгілер қатарында құрық салудың лайығы жоқ емес-ті. Себебі қыпшақ тілдерінің қыпшақ-ноғай тобында сөз басындағы *n* қатаңының сиректігіне қарамастан, қарақалпақ тілінің оңтүстік-батыс диалектісінде бұл дыбыстардың анлаутта бірінің орнына бірінің алма-кезектесіп айтылатын жайы бар екен. Зерттеушінің өлкенің қарақалпақ тұрғындарының тікелей аузынан хат бетіне түсірген диалектологиялық мәліметтері осыны дәлелдейді. Автордың диалектологиялық жазбалары мен жазба соңында берілген сөздігіне кірген *пақыр* (бақыр, айқайла), *пуу* (бу, судың буы), *пүт* (бүт, аяқ), *пытпылдық* (бытбылдық) тәрізді сөздер мен қарақалпақ тілінің оңтүстік-батыс говорларынан жиналған қатаң *n* дауыссызынан басталатын бұлардан өзге де көптеген сөздер – әңгімеленіп отырған фонетикалық құбылыстың бұл тілде бар екендігінің айқын мысалы бола алады [2, 373-375]. Қарақалпақ тілінің енді бір зерттеушісі Д.С.Насырев та қарақалпақ тілінің оңтүстік және солтүстік диалектілерін бір-бірінен дыбыстық жағынан даралайтын негізгі ерекшеліктердің бірі деп осы ерін дауыссыздары *n* мен *b*-ның алмасуын атаған. Мұнда да сол бағзы-баяғы *n*-ның денірек ұшырайтын жері – оңтүстік говорлар да, *b*-ның денірек ұшырайтын жері – солтүстік говорлар [3, 68]. Сөз басында өзге қыпшақ тілдеріндегі ұяң *b*-ның орнына *n* қатаңын қолданудан қарақалпақ әдеби тілі де құралақан емес. Қарақалпақ әдеби тілінің бізге мәлім сөздіктерінің берер мәліметі осыны дәлелдейді. Мысалы, қазақша басқы дыбысы ұяң айтылатын *бу*, *борсық*, *борсы*, *бәсең*, *бүге* (асық туралы), *бөстек* сөздері 1958 ж. шыққан қарақалпақша-орысша сөздікте *пуу*, *порсық*, *порсы*, *пәсең*, *пүкке*, *пөстек* боп берілген. Сонымен, сырт қарағанда қарақалпақ тілі қыпшақ тобындағы өзге тілдер секілді *n* қатаңын сөз басында сарабдал қолданатын тіл болып көрінгенімен, оның диалектілік жүйесіне үңілу – оңтүстік қарақалпақ говорларында бұл құбылыстың елеулі орын алатындығын аңғартады. Бірақ осы екі дауыссыздың қайсысы сөз басында қарақалпақ тілінде жиі ұшырайды десек, әрине, онда ұяң *b*-ны айтуға тура келеді. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің бәріне тән ортақ қасиет. Бұл

жағдайларды баяндаудағы мақсат — қарақалпақ жерін қоныстанған қазақтардың тілінде сөздің бас шенінде кездесетін *n* қатаңның ғайыптан пайда болмағанын, оның қарақалпақ тіліндегі өзіне ұқсас осындай құбылыспен сабақтас құбылыс екендігін айту. Қарақалпақстан қазақтарының тілінен осы дыбыстық құбылысқа қатысты біздің өзіміз жинастырған деректер де, Н.Жүнісов пен Б.Бекетовтің жинаған деректері де, сондай-ақ Т.Айдаровтың Бұқар облысының Қарақалпақ АССР-мен шектес ауданы Тамдыдан жинаған деректері де осы пікірдің дұрыстығын қуаттайды. Олай дейтініміз мұндағы қазақтардың тіліндегі бас позициясында *b* ұяңы айтылатын сөздердің дәлме-дәл осындай фонетикалық нұсқасын қарақалпақ әдеби тілі мен оның оңтүстік диалектісінен түгелдей дерлік табамыз. Енді осыған көз жеткізу үшін Қарақалпақ АССР-ының әр жерінде тұратын қазақтардың тілінен, әсіресе оның оңтүстік бөлігіндегі қазақтардың тілінен жазылып алынған мына секілді бір топ сөздерді қарақалпақ тілінің мағлұматымен салыстырып көрейік. Ол үшін төмендегі кестеге назар аударыңыз. Мұнда (кестеде) әңгімеленіп отырған диалектілік сөздердің өзге говорлардағы айтылу түрі оның әдеби нұсқасымен қоса беріліп отыр.

Кестеге байланысты ескере кететін бір жай — мұндағы қазақ жерінің теріскей, күнгеі, батыс және оңтүстік шығыс өңіріндегі қазақтардың тілінен салыстыру ретінде келтіріліп отырған кей сөздерді бас позициясындағы *b*-ның республикамыздың өзге Орта Азия республикаларымен шекаралас аудандарына ойысқан сайын қатаңдап, кейде *n*-ға ауысатын кездері бар. Мәселен, *балуан* сөзі Қазақстанның оңтүстік аймағының көп жерлерінде *палуан* деген нұсқада айтылады. Сол тәрізді *бұт* сөзінің *пұт* (тіреу мағынасында), *бал* сөзінің *пал* сынды нұсқасы Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарында тұратын қазақтардың тілінде бар. Ал Шымкент облысының Өзбек ССР-мен шектес аудандарында *болат* (құрыш) сөзінің көбіне-көп *полат*, *бақыр* (шелек) сөзінің *пақыр* деген фонетикалық нұсқада айтылатыны мәлім. Оның үстіне кестедегі *n*-дан басталатын сөздердің көбін біз өзбек арасына сіңіп кеткен қазақтардың тілінен жиі көреміз. Мінекей осы сияқты себептерге байланысты мұнда (кестеде) өзге қазақ говорларынан салыстыру үшін алынған деректердің ішіне республикамыздың оңтүстік өңірінен жиналған деректер кірмей отыр. Әрине, географиялық тұрғыдан оңтүстік өңір дегеннің тым кең ұғым екені белгілі. Бұл жерде біз көбіне жоғарыда айтылған өзге Орта Азия республикаларымен шектес аудандардың территориясын ғана ескеріп отырмыз. Әйтпесе жаңағы айтып отырған фонетикалық варианттардың арасында *палуан* ғана болмаса, қалған *пал*, *пұт*, *полат*, *пақыр* секілділерінің көбі қазақ жерінің барша оңтүстік аймағына

тән бола алмайды. Сөздердің айтылуында болатын мұндай фонетикалық құбылулардың таралу шегін анықтау – ол өз алдына басқа бір сала әңгіме. Қазіргі біздің ескерткелі отырғанымыз – тек аңлауы б ұяңымен келетін сөздердің қатарында оңтүстік беткейден алынған деректердің неге жоқ екендігін ғана айту.

Қарақалпақ арасында тұратын қазақтардың тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қазақ жерінің солтүстік-батыс, шығыс, орталық және оңтүстік-шығыс өңірлерінде	Қазақ әдеби тілінде
<i>nit</i>	<i>нит</i>	<i>біт</i>	<i>біт</i>
<i>nitір</i>	<i>нитир</i>	<i>бітір</i>	<i>бітір</i>
<i>nitкер</i>	<i>ниткер</i>	<i>біткер</i>	<i>біткер</i>
<i>nitік</i>	<i>нитик</i>	<i>бітік</i>	<i>бітік</i>
<i>nitім</i>	<i>нитим</i>	<i>бітім</i>	<i>бітім</i>
<i>нүтүн</i>	<i>нүтин</i>	<i>бүтүн</i>	<i>бүтін</i>
<i>нүтүнде</i>	<i>нүтинле</i>	<i>бүтүнде</i>	<i>бүтінде</i>
<i>ните</i>	<i>ните</i>	<i>біте</i>	<i>біте</i>
<i>нител</i>	<i>нител</i>	<i>бітел</i>	<i>бітел</i>
<i>полат</i>	<i>полат</i>	<i>болат</i>	<i>болат</i>
<i>пал</i>	<i>пал</i>	<i>бал</i>	<i>бал</i>
<i>палдай</i>	<i>палдай</i>	<i>балдай</i>	<i>балдай</i>
<i>пал [аш]</i>	<i>пал [аш]</i>	<i>бал [аш]</i>	<i>бал [аш]</i>
<i>палгер</i>	<i>палкер</i>	<i>бәлгер</i>	<i>балгер</i>
<i>пұқара</i>	<i>пұқара</i>	<i>бұқара</i>	<i>бұқара</i>
<i>пұта</i>	<i>пұта</i>	<i>бұта</i>	<i>бұта</i>
<i>пұтақ</i>	<i>пұтақ</i>	<i>бұтаң</i>	<i>бұтақ</i>
<i>палапан</i>	<i>палапан</i>	<i>балапан</i>	<i>балапан</i>
<i>палақпан</i>	<i>палақпан</i>	<i>балақпан</i>	<i>балақпан</i>
<i>питегене</i>	<i>питегене</i>	<i>бітегене</i>	<i>бітегене</i>
<i>палуан</i>	<i>палуан</i>	<i>балуан//палуан *</i>	<i>балуан</i>
<i>песін</i>	<i>песин</i>	<i>бесін</i>	<i>бесін</i>
<i>пәте</i>	<i>пете</i>	<i>бата</i>	<i>бата</i>
<i>пұт</i>	<i>пұт</i>	<i>бұт</i>	<i>бұт</i>
<i>пұткүл</i>	<i>пұткіл</i>	<i>бұткүл</i>	<i>бұткіл</i>
<i>пыт-пыт</i>	<i>пыт-пыт</i>	<i>быт-быт</i>	<i>быт-быт</i>
<i>пәйік</i>	<i>пәйек [ши]</i>	<i>бәйек</i>	<i>бәйек</i>
<i>пор</i>	<i>пор</i>	<i>бор</i>	<i>бор</i>
<i>пұу</i>	<i>пуу</i>	<i>буу</i>	<i>бу</i>
<i>пақыр</i>	<i>пақыр</i>	<i>бақыр</i>	<i>бақыр (айқайла)</i>
<i>пәкі</i>	<i>пәки</i>	<i>бәкі</i>	<i>бәкі</i>
<i>палшы</i>	<i>палшы</i>	<i>балшы</i>	<i>балгер</i>

* Бұл сөздің *палуан* нұсқасы тіліміздің оңтүстік говорларында да айтылады.

Қарақалпақ арасында тұратын қазақтардың тіліндегі әңгіме етіліп отырған құбылысқа қатысты кестеге енген мысалдарды іріктеуде тікелей өзіміз жинаған мәліметтен тыс біз сүйенген негізгі дерек – жоғарыда аттары аталған қазақ диалектологтерінің зерттеулері мен Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының диалектология бөлімінің қорында әр жылдары жиналған экспедиция материалдары. Кейінгілердің ішінде Ж.Аралбаевтың 1947 ж. Қарақалпақ АССР-ның Қоңырат ауданынан, К.Бердімұратовтың 1947 ж. Тақта-көпір ауданынан, Ә.Құрышжанов пен А.Махмұтовтың 1960 ж. Мойнақ, Тақтакөпір аудандарынан жазып алған диалектологиялық материалдары бар. Бұл айтылғандардан басқа біз пайдаланған деректердің ішіндегі ең бір қомақтысы – проф. Н.А.Баскаковтың диалектологиялық жазбалары. Ғалымның күні бүгінге дейін зерттеуші мамандарымыздың назарына ілінбей келген бұл жазбалары, шын мәнінде, қазақ диалектологиясы бойынша алғашқы хат бетіне түскен деректердің бірі деуімізге лайық. Қарақалпақ халқының тілі, әдет-ғұрпы, тұрмысы туралы мәлімет жинау мақсатымен қарақалпақ жерінде 20–30-жылдарда, сосын 1945 ж. бірнеше дүркін болған этнографиялық-диалектологиялық сапарында Н.А.Баскаков бұл өлкені мекендейтін қазақтардың да көп екендігін көріп, олардың тілі туралы диалектологиялық деректерді де қоса жинастыра жүрген. Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қараөзек, Мойнақ, Шымбай, Қоңырат, Шоманай, Ходжейлі, Кыпшақ, Шаббаз, Төрткүл аудандарында, сосын Өзбекстанның Қарақалпақ АССР-мен шектес Тамды ауданында тұратын қазақтардың аузынан “Қырық өтірік”, “Үш қыз”, “Әділхан”, “Шайтан алдаған масқарабаз” тәрізді он шақты ертегі, жиырмаға тарта мақал мен жұмбақ өлеңдер жазып алған. Жазбаларға кірген деректер орысша қатар беріліп отырған аудармасымен қосқанда кішігірім бір кітапшаның аумағындай дерлік. Мұны қазақ тілінің халық говорларынан жиналған сол кездегі деректердің қомақтысының бірі деуімізге әбден болады. Н.А.Баскаковтың диалектологиялық жазбаларының мағлұматын мұндағы қазақтардың тілінің қазіргі жайымен салыстыру – олардың арасында елеулі алшақтықтың жоқ екенін көрсетеді. Жоғарыда аттары аталған зерттеушілердің қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тілінен кейінгі жылдарда жазып алған деректері мен біздің өз деректеріміз – осыған дәлел. Тым әріге бармай-ақ өзіміз осында әңгіме етіп отырған тақырыптың көлеміндегі тіл мәліметтерін өзара салыстырудың өзі автор (Н.А.Баскаков) жазбаларының құндылығын айғақтайды. Мәселен, біз келтіріп отырған жоғарыдағы қарақалпақ жеріндегі қазақтардың тіліне тән деген сөздердің *пұтақ* (бұтақ), *пұт* (бұт,

аяқ), *niṭir* (бітір), *nal aṣh* (бал-аш) сынды фонетикалық нұсқаларын Н.А.Баскаковтың [2, 78–79, 122, 276] қазақша текстерінен дәл осындағыдай айтылу күйінде ұшыратамыз.

Әдебиет

1. *Дмитриев Н.К.* Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. I, Фонетика. М., 1955.
2. *Баскаков Н.А.* Каракалпакский язык // I. Материалы по диалектологии (тексты и словарь). М., 1951.
3. *Насыров Д.С.* Диалекты каракалпакского языка и их основные особенности // Вестник Каракалпакского филиала АН Узбекской ССР, № 1, 1964.

Сөз соңындағы дыбыс тіркестерінің алмасуы

Дыбыс алмасуының бұл түрінің алмасудың өзге түрінен ерекшелігі – мұның тіліміздегі сөз тудыру жүйесімен астарлас белгі екендігі. Сондықтан мұны таза фонетикалық құбылыс деуден гөрі фонетика-морфологиялық құбылыс деп атау орынды.

Дыбыс алмасудың бұл түрі қазақ говорларында басында бір негізден өрбіген етістік түбірге жалғанатын нақтылы екі қосымшаның арасында ғана байқалады, олар *-к*, (*-к*, *-ак*, *-ык*, *-ік*, *-уқ*, *-ук*) және *-у* (*-уу*, *-уу*). Оның сөздің соңында ұшырайтын себебі осыдан. Этимологиялық негізі бір болғанымен, бұл қосымшаның әрқайсы қазір тілімізде бөлек-бөлек морфологиялық категориялардың көрсеткішіне айналып, қызмет жағынан бір-бірінен ада-күде сараланған.

Мұндағы *-қ* – тілімізде етістік түбірден есім тудыратын, яғни сөз тудырушы жұрнақ та, *-у* – етістік түбірден етістіктің тұйық рай тұлғасын тудыратын, яғни форма тудырушы жұрнақ. Бұл жұрнақтардың дифференциациялануының басы қаншалықты ашық болғанымен, *-у* жұрнағының көмегімен жасалған сөздердің арасында тілімізде екі бірдей қызметте әрі етістік, әрі есім қызметінде жұмсалып жүргендері бар. Мәселен, *егеу*, *қашау*, *сабау*, *тұсау* сияқты қимыл есімі қызметінде жұмсалатын тұлғаларды былай қойғанда, айна қатесіз дәл осы тұлғада келетін *егеу*, *қашау*, *сабау*, *тұсау* деген нақтылы аспаптар мен бұйымдардың атын білдіретін зат есімдердің бар екені мәлім. Мұндай сөздер, әрине, көптігіне көп емес, бірақ тілімізде барына бар. Лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да бір-бірінен елеулі айырмашылығы болғанымен, тұлғалық кейпіндегі осыншалық ұқсастық контекстен тыс жерде мұндай

сөздерді полисемиядан ажырата, өз алдына дербес-дербес лексика-грамматикалық категория ретінде, айталық, омоним ретінде тануымызға кәдімгідей кедергі жасайды. Тіл жүйелі түрде дамитын құбылыс болғандықтан, ол мұндай сыртқы түрі ұқсас, бір тектен өрбіген, бірақ беретін ұғымы басқа-басқа сөздердің арқалайтын фонологиялық жүгін жеңілдетуге әркез мүдделі. Осы себептен де білдіретін лексикалық мағынасы, атқаратын грамматикалық қызметі әр басқа болғандықтан, әңгіме болып отырған бір тектен өрбіген екі тұлғаның екеуінің де тілімізде көп ретте қатар сақталғанын көреміз. Мәселен, *жырту* бар да *жырттық* бар, *тесу* бар да *тесік* бар. Мұндағы *жырту*, *тесу* дегендердің етістік сөз, *жырттық*, *тесік* дегендердің есім сөз екендігіне ешкімнің таласы бола қоймас.

Демек, бір тектен өрбіген екіұдай тұлғаның екеуінің қатар сақталуына бұл жердегі себепкер болып тұрған дәйек – осы сөздердің әр тобының әрқайсысының мағынасы мен атқаратын қызметіндегі дербестік. Халық говорларының дерегі осы фонологиялық заңдылықтың сонау ежелгі замандардан бастап күні бүгінге дейін лексикамыздың өн бойына селбесіп, еш толассыз жүріп келе жатқанын айқын елестетеді. Говорларымыздың көпшілігі мен әдеби тілімізде жоғарыдағы *тұсау*, *егеу* секілді әлдеқашан бір тұлғада табысқан сөздерге қарама-қарсы, кей өлкенің қазағының тілінде бір етістік түбірдің ауқымында осы екі тұлғаның, басқаша айтқанда, дивергент дыбыстардың, алғашқы нұсқасының дербес фонологиялық қызметте (әрі морфологиялық қызметте) сақталып қалғанын көреміз. Мәселен, Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргелес өңірдің қазағының тілінде байқалатын мынандай сөздер – осыған куә.

Орта Азияның ішкі қоныстары мен соған іргелес өңірде	Лексикалық мағынасы	Есімдер мен етістікке қатысы	Тұйық етістік түрі
<i>жамақ</i>	жамау	есім сөз	<i>жамау</i>
<i>бойақ</i>	баяу	-//-	<i>бойа</i>
<i>қамақ</i>	түрме	-//-	<i>қамау</i>
<i>сыбақ</i>	сылақ	-//-	<i>сыбау, сылақ</i>
<i>шабық</i>	шөп шабатын маусым	-//-	<i>шабұу</i>
<i>кесік</i>	төрелік, билік	-//-	<i>кесуу</i>
<i>асық</i>	асу	етістік	<i>асуу</i>
<i>қайнақ [су]</i>	қайналған [су]	есім сөз	<i>қайнау</i>
<i>алық</i>	аласы	-//-	<i>алуу</i>
<i>берік</i>	бересі	-//-	<i>беруу</i>
<i>сатық</i>	сату	-//-	<i>сатуу</i>
<i>түнөк</i>	даладағы мал	-//-	<i>түнөу</i>

	түндетін жер		
<i>налық</i>	налу, кейіс	-//-	<i>налұу</i>
<i>шақырық</i>	шақыру	етістік	<i>шақырғу</i>
<i>ұрұқ</i>	ру	есім сөз	-
<i>тұзук</i>	тұзу	-//-	<i>тұзу</i>
<i>отақ</i>	егіннің орам шөбі	-//-	<i>отау</i>
<i>қыстақ</i>	қыстау	-//-	<i>қыстау</i>
<i>ұтық [ты]</i>	ұтымды	-//-	<i>ұтуу</i>
<i>жорасық [ты]</i>	жарасымды	-//-	<i>жарасуу</i>

Тізімдегі мысалдарды қазақ говорларының көршілік тобының, сондай-ақ әдеби тіліміздің дерегімен салыстырып қоретін болсақ, етістік түбірден -к (-қ) жұрнағының көмегімен жасалған мұндай есім сөздерді таба бермейміз. Бірақ оның есесіне салыстырудан мынадай жайға оңай көз жеткіземіз. Бұл сөздер арқылы танылатын заттық ұғымның бірсыпырасы өзге говорларымыздың көбінде, әдеби тілімізде -у жұрнақты тұлғаның жоғарыдағы *тұсау*, *егеу* дегендегі секілді қосымша мағынасы ретінде орныққан да (жамау, бойау, асу, налу), бірсыпырасы ортақ түбірлі басқа бір тұлғаларға көшкен (аласы, бересі). Ал енді осындағы -қ тұлғалы қалған сөздердің лексикалық баламасы есебінде өзге говорларымызда да, әдеби тілімізде де мүлдем басқа сөздердің қолданылатыны көрінеді. Мысалы, қамақ дегеннің орнына *түрме*, *абақты*, кесік дегеннің орнына *төрелік*, *билік* секілді сөздердің қолданылатыны белгілі. Ал *шабық* сөзі сияқты егіннің арам шөбін отап, егілген нәрсенің түбін қопсытатын маусымды, науқанды білдіретін дербес ұғымды говорларымыздан да, әдеби тілімізден де кездестіре алмадық. Осы әңгімелеп өткен жайлардан дыбыстық кейпі ұқсас лексикалық элементтердің, грамматикалық тұлғалардың өзіне жүктелген семантикалық ауыртпалықты тіл өз даму процесінде неғұрлым жеңілдетуге үнемі ынталы болып отыратынын аңғару қиын емес.

Тізімге енген сөздердің ішінде ерекшелену тұрған бірер сөз бар, соның бірі – *ұрұқ* сөзі. Түбірі комескіленіп кеткендіктен болу керек, мұның түйық етістік тұлғасы қазір тілімізде жоқ. Бұл сөзді Ж.Досқараев Жамбыл облысындағы Болатқосшы деген қоныста тұратын құрама қазақтардың тілінен *ұруғ* деген үлгіде жазып алған [1, 124].

Оның өзге говорлар мен әдеби тіліміздегі фонетикалық нұсқасы – *ұруу* [ру]. Бұл сөздің қ дауыссызымен айтылған нұсқасы қазақ елі тараған аймақтың тек екі шетінде, түскей [2, 14] мен шығысында [3, 279] сақталған. Бір назар аударарлық жері – өзге говорларды былай қойғанда, осы екі аймақтың ортасындағы аралық кеңістікте де ол байқалмайды. Түбірінің комескіленуі, түйық етістік тұлғасында қолданылмауы секілді өзгелерден ерек белгісі де оның көнелігінің

елесі есепті. Жұрттың бәріне танымал *үрүк шашқан* дегендегі *үрүк* та осы сөз. Мұның мағынасының біз айтып отырған *үрүктан* тым алшақтап кете қоймағаны да көрнеу түр. Бұл сөздің соңында үяң ғ-ның қолданылуы қазіргі түркі тілдері мен диалектілеріне де, сондай-ақ ертедегі жазбаларға кең тараған. Мәселен, өзбек, ұйғыр, әзербайжан, тува тілдерінен, ұйғыр жазбаларынан [4, 615], Махмуд Қашқаридың сөздігінен [5, 95], “Киссасул амбиядан” [6, 439] бұл сөзді дәл осы нұсқада кездестіреміз. Оның соңғы дауыссызының қатаңмен айтылуы түрік тілінде, қырғыз, ұйғыр диалектілерінде [7], “Кодекс Куманикусте” бар [8, 136]. Мадияр тілінде де бұл сөз осы үлгіде (*уроқ*) сіңіскен [9]. Осы тілдер мен ескі жазбалардағы бұл сөздің семантикасында да бір-бірінен кереғар жатқан ірі айырма жоқ. Бұлардың бәріндегі оның басты мағынасын “ру, тек, тұқым, дән” деген ұғымдардың төңірегіне жинақтауға болады. Э.В.Севортян бұл сөздің түбірі “бала көтеру”, “туу” деген ұғымды білдіретін *ур* деген етістік деп біледі [10, 604-605]. Ұрпақ, үрім-бұтақ, ұрлық (дән) дегендерді де осы түбірден өрбіген туынды сөздер деп түсіндіреді. А.Н.Кононов мұны моңғол тіліндегі “нәсіл, тұқым” мағынасындағы *урих-уриг* сөзімен салыстырған [11, 113]. Тіліміздің қазіргі даму сатысынан алып қарағанда, бұл сияқты төркіні айқын емес сөздердің тізімде талайы бар. Солардың бірі – *бойақ* сөзі. Бұл сөздің осы нұсқасы есім мағынасында қазіргі түркі тілдерінің көбінде қолданылады: өзб., *бук*, түрікп. *бояг*, өз., түр. *бойак*, алт. *пойағ* т.б. Сондай-ақ бұл сөздің соңындағы *к/ғ* дауыссызын оны бұдан басқаша фонетикалық нұсқада қолданатын тілдерден де кездестіреміз: алт., тув. *будук*, як. *бутук*, тоф. *boduy* [12, 72] т.б. Өзге қыпшақ тілдерінде де бұл сөздің соңында біздің тіліміздегідей *у* дауыссызы немесе осы дауыссызға артикуляция жағынан тым жақын тұрған *в* дыбысы қолданылатыны мәлім. Э.В.Севортян [13, 179] түркі тілдеріндегі әрі етістік, әрі есім мағынасында айтылатын *бойа* тұлғасының түбірі “бою” деген есім мағыналы *бой* сөзі деп біледі. *Бойа* деген етістіктің соңындағы *а* – етістік тудырушы жұрнақ та, *бойа* деген есімнің соңындағы *а* – есім тудыратын жұрнақ. Сөйтіп, тарихи жағынан *бой* сөзінің бастапқы нұсқасы әрі есім, әрі етістік мағыналы *бод* сөзі болды деген болжамды бұрынырақ айтқан Дж.Клосонның пікірін құптайды бұл кісі.

Тізімдегі түбірі көнеленген сөздердің бірі – *түзүк* (түзу) сын есімі. Дәл осы оңтүстіктегідей түзу мағынасындағы қолданылмағанымен бұл сөз солтүстік, орталық өңірдің қазағының тілінде *бұзық* сөзінің антонимі ретінде етістік *бұзық-түзік* болып қатар қолданыла береді. Сол сияқты тілімізде малға жекіре айтылатын *түз түр* (жөнделіп түр) деген одағай тіркестің құрамында айтылатын *түз* деген сөз бар. Осы екі жағдайдың екеуінде де *түзік* пен *түз* сөздердің арасында семантикалық қайшылық бары байқалады. Бұдан *түзүк*

сөзінің түбірі бұрын бейнелеуіш үстеу мағынасында қолданылған осы *түзе* деген туынды етістіктің түбірінде сақталған. Бұл сөздің түбір күйінде есім мағынасында қолданылуы қазіргі түркі тілдерінің көбінде бар: ұйғ. *түз йол*, қырғ. *түз жол*, түрікп. *дүз әл*.

Тізімде қамтылған жоғарыда әңгіме болған сөздерден сыртқарығы сөздердің, мәселен, *кесік*, *шабық*, *ұтық*, *алық* т.б. дегендердің қандай етістіктен өрбігендігі ап-айқын көрініп тұр. Олардың есім нұсқасының жергілікті халық тілінде етістік нұсқасымен қатар сақтаулы – бұл жердегі фонологиялық жүкті арқалайтын *қ*, *у* дегендердің әуелде бір негізден өрбіген дыбыстар – дивергенттер екенін кәміл аңғартады. Мұндағы осы екі дыбыстың қоне нұсқасы –*қ*. Тіл эволюциясы барысында ол кейінгі дәуірлерде тілдің түпкі жағымен айтылатын дыбыстан тілдің ұшымен айтылатын дыбысқа, ерін дыбысына өткен. Бұл – түркі тілдерінің фонетикасына тән ілгерілеу (опереднение) деп аталатын белгілі дыбыстық заңдылықтың айқын бір көрінісі. Мұны түсіну үшін түркологиялық әдебиетте кең тараған мысал, *тағ*, *тоо*, *тау* сөзін алуымызға болады. Бұл сөздің тас жазуларындағы *тағ* [6, 425] түрінің қазіргі тілдердің біразында осы сияқты параллельдері бар: ұйғ. *тағ*, өзб. *тоғ*, шор *таг* т.б. Ұйғыр диалектілерінде оны *так* [14, 777], *тах* [15, 157] деген аяғы қатаңға бітетін нұсқада ұшырастырамыз. Қырғыз тілінде мұның соңғы дыбысы *о* болып (*тоо*), көпшілік қыпшақ тілдерінде *у* болып (тат., баш., қарақ., ноғ. *тау*) өзгерген. Осы өзгеріс жалғыз сөздің аяғын ғана емес, ортасында да байқалады: түрікп. *ағыз*, қырғ. *ооз*, қаз. *аууз*. Жоғарыдағы *тағ* сөзі Қазақстанның оңтүстігіндегі *Хантағы* деп аталатын тау атында дәл осы фонетикалық үлгіде сақталған. Қазақ жеріндегі Қаратау, Ұлытау, Кішітау сынды тау аттарының қазіргі тіліміздегі айтылу нормасына ауыстырсақ, бұл атау Хантауы, Хантау болып шығар еді. Бір ғажабы осындағы Қаратау, Ұлытау, Кішітау болып соңы *у* дыбысына аяқталған топонимдердің бәрі ортағасырлық түркі жазбаларының көбінде хат бетіне *Қаратағ*, *Ұлутағ*, *Кішітағ* түрінде түсірілген [11, 185]. Осыған қарап бұл атаулардың соңындағы *у* < *ғ* дауыссыздарының алмасуын тіліміздің дамуындағы кейінгі бір дәуірлердің жемісі деп қарауымызға әбден болады. Сонымен қатар бұл сөздің осы нұсқасын халық тіліндегі *дағдуадақ* деген күс атынан *дағ* деген үлгіде ұшырастырамыз. Э.В.Севортянда ежелгі түркі жазбаларындағы сөз аяғында келетін *қ*, *к*, *ғ*, *г* дегендердің морфологиялық я фонетикалық белгі екендігінің басы ашық емес деген пікір бар [16, 23]. Біздіңше, мұны грамматикалық аспектіде де, фонетикалық аспектіде де қарай беруге болады. Өйткені тіліміздегі *қ* (*к*) және *у* сияқты морфологиялық көрсеткіштің пайда болуы *қ* (*к*), *у* дыбыстарының фонологиялық тұрғыдан дифференциациялануының жемісі екенін бұған дейін келтірген деректерден айқын көріп отырмыз. Жоғарыдағы *бойақ*-

бойау сияқтылардың екеуінің әрқайсысының нақтылы бір өлкенің халқының тілінде басқа-басқа ұғымның көрсеткіші ретінде қалыптасып, ал өзге жердің халқының тілінде олардың —у-мен келетін нұсқасының әрі есім, әрі етістік қызметінде орнығуы — әңгіме болып отырған дыбыстардың фонологиялық жағы говорларымыздың әрқайсысында әр дәрежеде екендігін бейнелейді. Мұндай сөздердің екі нұсқасының екеуінің де бір лексикалық мағынаның көрсеткіші ретінде тілімізде *қыстақ-қыстау* сияқты қатар қолданылып жүргендері де бар. Қазақстанның шығыс жақ тарапында елдің күзгі қонысы *күзеу* болып айтылғанымен, өзге жердің қазағының бәрі бұл сөзді *күзек* деген үлгіде қолданатыны мәлім. Абай да бұл сөзді *күзек* деп қолданбай, жергілікті халық тілінің колоритімен *күзеу* деп қолданады.

Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп,

Біктырмамен *күзеуде* отырар бай.

Тіліміздегі осы дивергент дыбыстармен келетін сөздердің арасында семантикалық жағынан қазір ада-күде дифференциацияға ұшырағандары да бар. Мысалы *жабық-жабу* дегендерді алатын болсақ, мұның алғашқысы — киіз үйдің, екі туырлығының түйіскен, айқасқан жері — жабықты, кейінгісі атқа жабатын жабуды білдіреді. Мұның сыртында *жабық* деген сын есім мен *жабу* деген етістіктің бар екені және белгілі.

Тізімде берілген сөздерді дені жоғарыда айтқанымыздай географиялық жағынан алғанда өзбектерге, түрікпендерге жақын отырған қазақтардың тілінен жиналған, сондықтан оларды осы тілдердің дерегімен салыстырудың орайы бар.

Қазақ говорларында	Өзбек тілінде	Түрікпен тілінде	Мағынасы
<i>жамақ</i>	<i>ямоқ</i>	<i>яма</i>	жамау
<i>бойақ</i>	<i>буяқ</i>	<i>бояғ</i>	бояу
<i>қамақ</i>	<i>қамоқ</i>	-----	қамау
<i>сыбақ</i>	<i>сувағ</i>	<i>сувағ</i>	сыбау
<i>шабық</i>	<i>чотиқ</i>	-----	егіннің орам шөбін қопсыту
<i>қайнақ</i>	<i>қайноқ</i>	-----	ыстық су
<i>шақырық</i>	<i>чоқириқ</i>	<i>чакылық</i>	шақыру
<i>ұруқ</i>	<i>уруқ</i>	<i>уруғ</i>	ру
<i>отақ</i>	<i>утоқ</i>	<i>отог</i>	арам шөп отау
<i>қыстақ</i>	<i>қишлоқ</i>	<i>ғышлак</i>	қыстау
<i>ұтық [ты]</i>	<i>ютуқ</i>	-----	ұтымды
<i>жорасық [ты]</i>	<i>яршық</i>	<i>ярашык</i>	жарасымды
<i>алық</i>	<i>олиқ-солиқ</i>	-----	калың мал
<i>сатық</i>	<i>савдо-содиқ</i>	-----	сауда

Қазақ говорларындағы етістік түбірден жасалған қ дауыссызына аяқталатын біркатар есім сөздердің әуелде солардың өздерімен бірге бір негізден орбіген у дауыссызына біткен етістіктерден лексикалық мағынасы, грамматикалық қызметі жағынан дифференциациялануында ағайын тіл — өзбек тілі мен түрікпен тілінің белгілі дәрежеде ықпалы болғанын айтуымыз керек. Жоғарыда келтірілген салыстырма дерек бізге осыны меңзейді. Бұл жердегі сөз соңындағы қ тарихи тұрғыдан у дауыссызынан бұрын болғанымен, дәл *жамақ*, *бойақ*, *шақырық* және басқа осы секілді қазақ говорларының көпшілігінде әлдеқашан есім мағынасынан айырылып қалған сөздердің шағын өлкенің халқының тілінде есім мағынасында орнығуында осы тілдердің үлесі барын бекерге шығаруға болмайды. Олардың есім мағынасының осы тілдердің дерегімен үйлесім табуында да осындай сыр бар. Бұл сөздердің қазіргі изоглоссасы да осындай байламның дұрыстығын құптайды. Дәлірек айтсақ, бұл сөздердің тараған шегі — салыстырып отырған тілдермен қоян-қолтық жатыр.

Әрине, қазақ говорларынан жиналған осы құбылысқа қатысты сөздердің ішінде салыстырылып отырған тілдердің нақтылы дерегімен қабыспайтыны да бар. Мәселен, *кесік*, *алық*, *берік*, *түнек*, *налық* тәрізділер — осындай сөздер. Мұндайлардың тараған аймағы да жоғарыдағы сөздіктердікінен аса қашықтап кете қоймайды. Бірақ сонда да болса олардың нақтылы лексика-фонетикалық баламаларының өзімізге мәлім сөздіктерден кездескен ыңғайы әзірге болған жоқ. Алайда бұған қарап бұл сөздердің жергілікті халық тілінде күні қазірге дейін өзі түбірлес у дауыссызына біткен қимыл есімдерінен мағынасы мүлдем дербес есім сөз ретінде өмір сүруін ғайыптың ісі деп қарап болмасы өзінен-өзі түсінікті. Өзбек, түрікпен тілімен салыстырылып отырған сөздер де, сондай-ақ бұл сөздер де тілімізде әуелден бар сөздер. Мұның екеуі де тіліміздің дыбыс құрылысы дамуындағы заңдылықтың откендегі бір тарихи кезеңнен елес беретін деректер. Осы тұрғыдан алғанда бұл сөздердің тағдыры бір-бірінен тым алшақта жатқан жоқ. Өзбек, түрікпен тілінен тапмасақ та сөздердің кейінгі легінде аталғандардың бірі болмаса бірін өзге түркі тілдерінен, түркі жазбаларынан табарымыз хақ. Мәселен, осындағы қазақ жерінің оңтүстік батысы (Маңғыстау) мен шығысында қолданылатын *берік* [17, 313,331] сөзі якут тілінде (*бэрик*) пара мағынасында қолданылады. Мұның семантикасында біздегі *берікпен* зор жақындығы барында талас бола қоймаса керек. Бұл тілде сонымен қатар біздің мысалдарымыздағы *сыбах* сөзі де бар. Мұнда да ол осы біздегі мағынасында қолданылады. Сондай-ақ өзбек тіліндегі *олиқ-солиқ* (қалың мал) деген қос сөздің бірінші сыңарындағы біздегі *алық* сөзін *алиғ* [5, 95] деген үлгіде М.Қашғаридан ұшырастырамыз.

Автор мұны “берілген нәрсенің қайтарылуы” деген мағынада қолданылатын оғыз бен қыпшақ тілдеріндегі сөз деп көрсеткен. Кейінгі топ сөздердің ішінде бұдан да өзге де “Диванда” кездесетін сөздер бар. Олар да мұнда есім мағынасында берілген: *aciġ* (пайда), *түнэк* (зындан, түрме) [5, 387]. Өзбек тіліндегі *савдо-сотик*, ұйғыр тіліндегі *сода-сетик* (сауда) деген қос сөздің екінші сыңарымен сәйкесетін біздің оңтүстік говорларымыздағы *сатық* (сатылатын; *сатық мал* – сатылатын мал) сөзі мұнда дербес есім сөз ретінде *сатиġ* деген үлгіде сауда мағынасында берілген [5, 355]. Кейінгі сөз XII–XIV ғасырлардағы ұйғыр жазбаларында да осы үлгіде кездеседі [18, 387; 4, 491]. “Кодекс Куманикусте” бұл сөздің *сатуқ* деген қ-мен айтылатын нұсқасы да бар [8, 113]. Мұның екеуі де онда сауда мағынасындағы дербес сөз ретінде жұмсалған. Қазақ тіліндегі сауда-саттық дегендегі саттық та осы сөз, бірақ мұндағы геминаттың пайда болу себебі түсініксіз.

Өзбек, түрікпен тілінен салыстырылып отырған сөздердің арасындағы *сыбақ*, *қыстақ*, *қамақ*, *отақ* секілді бірлі-жарым сөздерде қ дауыссызының айтылуы Алматы облысы тұрғындарының тілінде де байқалады. Басқа жердің қазағының тілінде қолданылудан шыға бастаған мұндай көне дыбыстық ен-таңбаның аталған сөздердің бойында сақталуы бір жағынан осы өлкенің кейінгі дәуірдегі тұрғындары – ұйғырлармен арадағы тілдік қарым-қатынасқа байланысты болуы да ықтимал. Неге десеніз әңгіме болып отырған тұлғаны бізден гөрі көбірек қолданылатын тілдің бірі – осы ұйғыр тілі. Ұйғырлардың бұл өлкенің қазағымен аралас-құралас отырғанына да бір ғасырлық уақыт болды. Біздің мысалдарымыздағы сөздердің көбін жалғыз салыстырылып отырған тілдерден ғана емес, ұйғыр тілінен де дәл осы үлгіде ұшырастырамыз: *сувақ*, *қишлақ*, *қамақ* [хана], *отақ*, *ямақ*, *баяқ*, *қайнақ* [су] т.б.

Бұған дейін әңгіме болып өткен жайлардан байқайтынымыз сөз соңындағы алмасушы дыбыстардың мұндағы қ түрі жоғарыдан айтқанымыздай, тіл эволюциясындағы фонологиялық жіктелістің нәтижесінде біздің тілімізде тек есім сөздердің құрамында ғана көнеленген сөз тудырушы жұрнақ есебінде сақталып қалған. Құрамында осы жұрнақ бар есім сөздер лексикамызда көп болғанымен, оның қазіргі тіліміздің сөз тудыру жүйесінде атқаратын қызметі жоққа тән. Бұл жұрнақтың басындағы осы жайды біз өзге түркі тілдерінен байқаймыз. Оны көнеленген деп атауымыздың да себебі осыдан. Мұның өзі бұл жердегі алмасушы дыбыстардың қ түрінің у-дан анағұрлым көне белгі екендігімен тікелей байланысты.

қ (ғ) жұрнақты тұлғаға М.Қашғарий өзінің сөздігінде әдейілеп тоқталып, оған: *аниң эт тоғрағі кор* “оның ет турауын көр” деген

тәрізді бұл тұлғаның қимыл есім екенін айқын дәлелдейтін мысал келтіреді [5, 331]. Сонымен бірге сөздікте бұл тұлғаның қазіргі тілдердегідей толық есім мағынасында қолданылған мысалдары да көп: *жазақ* “жайлау”, *жолақ* “сүрлеу жол” [5, 174].

Әдебиет

1. *Досқараев Ж.* Қазақ тілінің құрама говоруы туралы // Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. Алматы, 1965.
2. *Досқараев Ж.* Қазақ тілінің жергілікті срекшеліктері. Алматы, 1951.
3. *Аралбаев Ж., Бектұров Ш.* Марқакөл және Қатонқарағай экспедициясының материалынан // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығ., Алматы, 1963.
4. *Древнетюркский словарь.* Л., 1969.
5. *Махмуд Қошғарий.* Девону луғотит турк. т. I. Тошкент, 1960.
6. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951.
7. *Кайдаров А.Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка, уйгурские диалекты и диалектные основы литературного языка. Алма-Ата, 1969; *Аганини Л.А.* Уйгурские диалекты Казахской ССР (Чиликский район). М., 1954.
8. Куманша-қазақша жиілік сөздік (құрастырушылар: Құрышжанов Ә.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б.). Алматы, 1978.
9. *Istvan Mandoky Kongur.* Вьюк-Куманистан ve кузьк Куманистан агirlarında kuman asilli unsurlar. Ankara.
10. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. Основы на гласные. М., 1974.
11. *Кононов А.Н.* Родословная туркмен. Сочинение Абул-Гази хана хивинского. М.-Л., 1954.
12. *Рассадан В.И.* Фонетика и лексика тофаларского языка. Улан-Удэ, 1971.
13. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. М., 1978.
14. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. Т. III, СПб., 1905.
15. *Малов С.Е.* Уйгурские наречия Синьцзяня. М., 1961.
16. *Севортян Э.В.* Современное состояние и некоторые вопросы исторического изучения тюркских языков в СССР // Координационное совещание по вопросам методов изучения истории тюркских языков. Тезисы докладов. Ашхабад, 1959.
17. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.
18. *Малов С.Е.* Два уйгурских документа // В.В.Бартольд. Тошкент, 1927.

Қалау рай және оның кейбір түрлері жөнінде*

Тілдердегі етістіктің грамматикалық категорияларының бірі — рай. Грамматикаларда рай категориясына ерекше орын берілген, тіпті кейде етістіктің шақ категориясының өзі ашық рай деп аталатын тұлғалардың жақтық түрленуі арқылы түсіндіріледі.

Рай категориясы шындыққа, іске, болмысқа сойлеушінің көзқарасын білдіруші категория болып табылады. Мұнда сойлеушінің шындыққа, іс-әрекетке көзқарасы етістіктің белгілі тұлғаларымен не арнаулы етістік тұлғаларының түрлері создермен тіркесуі арқылы беріледі. Іс туралы сойлеушінің көзқарасы әр алуан болуы мүмкін. Сөйлеушінің бұл көзқарасы оның іс-әрекетке шарт қоя айтуы, бұйыруы яки өтінуі, жалынуы, налуы, өкінуі және т.б. рендерде көрінеді. Осындай әр жақты қарым-қатынасты білдіруіне қарай және олардың белгілі етістік формалары арқылы берілетіндігіне сәйкес рай шартты, қалау, бұйрық және т.б. болып бөлінеді.

Қазақ тіліндегі қалау рай сөйлеушінің өлі жүзеге аспаған немесе келешекте жүзеге асуы мүмкін іс-әрекетке, болмысқа, субъективтік қатынасын білдіреді. Сөйлеушінің бұл жердегі ақиқатқа субъективтік қатынасы оның іс-әрекет жөніндегі қалау-тілек, өкіну, күмөндану, қобалжу тәрізді сезім күйлері арқылы көрінеді.

Тіліміздегі қалау рай тұлғаларының басым көпшілігі үш жақта қолданылады, сондықтан қалау рай іс-әрекеттің жүзеге асуына істі істеушінің ғана тілегін білдірмейді, іс-әрекеттің орындалуына басқа бөгде біреудің де тілек, ынтасын білдіре алды. Мысалы, *барса игі еді, барғысы келді* дегенде бару әрекетіне қимыл иесінің тілегі көрсетілмей, сойлеуші жақтың тілегі көрсетіледі, демек, қалау рай болу үшін сойлеушінің амал иесі болуы міндетті емес. Қалау рай іс-әрекетке, болмысқа сойлеуші жақтың ынта, тілек, өкініш сияқты субъективтік сезімдерінің көрінісі ретінде айқындалады.

Қазақ тілі оқулықтарында қалау райдың көбіне мынадай түрлері туралы айтылып жүр: 1. *-қы* қосымшалы етістікке тәуелдік жалғауы жалғанып, оған *кел, келе* етістігінің ілесе айтылған түрі (*алғым келді*); 2. *-са* жұрнақты етістікке *игі, еді* сөздерінің ілесе айтылған түрі (*алса игі еді*); 3. Негізгі етістікке *-ғай* жұрнағының жалғанған түрі (*алғайсың*). Тіліміздегі қалау райлық етістік тұлғалары мен тіркестер бұл айтылғандармен ғана шектелмейді, қазақ тілінде бұлардан басқа да қалау рай мәнді етістік тұлғалары мен тіркестер бар.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі қалау райды сыртқы жасалу белгілеріне қарай екі топқа бөлуге болады: 1. Қалау райдың жеке

* Мақала Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарларында (Филология және өнертану сериясы. 1960, Шығ. 1 (14) жарияланған.

сөздерге қосымшалардың жалғануы, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалатын түрі (*көргейсің*); 2. Негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалатын түрі (*көргім келді*). Аналитикалық тәсіл арқылы жасалатын қалау райлық етістік тұлғаларының бірі — құрамына *-шы* демеулік шылауы қатысты болып келетін кейбір күрделі етістіктер тобы. Жіктік жалғауының екінші жағындағы *-са* жұрнақты етістікке *-шы* демеулік шылауы қосылып айтылғанда, мұндай етістіктер сойлеушінің тыңдаушы жақ арқылы жүзеге асуға тиісті белгілі бір іс-әрекет жөніндегі тілек сезімін білдіреді. *Шалдардың әңгімесіне құмар едің, Ардақжан, к е л і п қ а й т с а ң ш ы* (Ф.Мұстафин). *-са* жұрнағымен тұлғаланған етістіктер аталған демеуліктің (*-шы*) жәрдемінсіз-ақ жай сөйлемнің я басыңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалғанда, сойлеушінің бір іс туралы арманын, тілегін көрсете алады. *Біз барып жаумен соғыссақ! Жауды талқандап жеңсек! Сөйтіп, бір жылдан кейін бе, екі жылдан кейін бе, одан да көп пе, әйтеуір, елге бір қайтсақ!* (С.Мұқанов). Бұл жердегі *-са* жұрнағының қызметі шартты мағына тудыру емес, арман, тілек мағынасын тудыру, өйткені мұндағы *-са* жұрнақты етістіктер белгілі бір іс-әрекеттің шарты ретінде жұмсалмаған, сондықтан да олар — тиянақты жай сөйлемдердің баяндауышы. Мұндай етістіктер тек шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемдердің баяндауышы қызметінде жұмсалғанда ғана шартты рай ретінде таныла алады.

Қалау райдың аналитикалық құрылыстағы енді бір тобы *-са* жұрнағымен тұлғаланған етістікке *e* көмекші етістіктің түрлі формалары қосылып айтылуы арқылы жасалады. Мұндай тізбектегі *e* етістігі есімше жұрнақты болса, қалау рай сойлеуші жақтың арман-тілек сезімдерін аңғартады. *Қуырып жесе де тілдеуін, кіжнуін қойса екен* (Ф.Мұстафин). Егер *e* етістігі *еді* түрінде қолданылса, қалау райдың мағыналық реңі өтініш түрінде болады (*барсам едім, көрсей едің* т.б.). Осы секілді өтініш мәнді қалау райдың басқа бір тобы бірінші жақтық жіктік жалғауы жалғанған *-са* жұрнақты етістікке жоғарыдағы *-шы* шылауының ілесе айтылуы арқылы жасалады, мұндай құрылыстағы тізбектердің өтініш мағынасы сойлеушінің өзінің жеке басына қатысты амал-әрекетпен байланысты болады (*барсам-шы, көрсем-ші*).

Есімшелерге көмекші *e* етістігінің түрлі формалары қосылып айтылған уақытта да етістік сойлеуші тарапынан туған тілек, өкіну тәрізді модальдық қатынастарды нұсқай алады. Мысалы, келер шақ есімше мен *еді* етістігінің тіркесуі арқылы түзілген тізбек шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемде басыңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалғанда, сойлеуші жақтың арман, тілек сезімдерін білдіреді. *Тағдыр менің қолымда болса, осындай жақсы-жақсы*

шалдарды жиырма беске қайта келтіріп, жиырма бестегі кейбір берекесіз жігіттерді сексен беске бір-ақ көтерер едім (Ғ.Мұстафин). Егер е етістігі екен түрінде есімшенің өткен шағына қосылып айтылса, сөйлеушінің амал-әрекет туралы қозқарасы окішіптік реңкке ие болады. *Әй, құдай-ай, сенің орныңа еркек болмаған екем* (Ғ.Мұстафин). Мұндай қалау рай мәнді есімшелі күрделі етістіктер тілімізде *баратын екен, көретін екен* деген тәрізді тізбектер түрінде де, сондай-ақ есімшенің келер шағы мен *еді* етістігінің арасына -*ма* демеулігінің сыйыса айтылуы арқылы да (*бармасам едім*) жасала береді. Кейбір етістіктің қалау-тілек мағынасын білдіруі оның лексикалық мәнімен шартты болып келеді. Мысалы, көсемшенің үнемсіз түрінен кейін айтылған *көр* етістігі әр уақытта сөйлеуші жақтың, іс туралы амал иесіне жалыну тілегін білдіреді. *Қылыққа біздің кемпірше қарай көрме, айналайын! Тезірек айт а көріңіз* (Ғ.Мұстафин).

Бұл аталған қалау райлық тұлғалар мен сөз тізбектерінің оқулықтарда өз алдына сөз етілмей келген түрлері тілімізде өздерінің қолданылу өрісі жағынан әдеби стильдік норма ретінде тиісті орын алады. Сондықтан оларды да етістіктің рай категориясын тудырушы грамматикалық тұлға-тәсілдер көлемінде таныған жөн.

“Шәуілдір” топонимінің шығу төркіні жөнінде*

Өлкеміздің өткені туралы мәлімет берерлік кәрі тарихтың куәсіндей ежелгі мәдени мұраның басты біреуінің республика территориясында кездесетін жер-су аттары екендігі баршамызға аян. Қазақстанның жер-су аттарында оның тарихына, мұндағы ертелі-кеш тіршілік кешкен халықтардың рухани, мәдени өміріне және тағы басқа жайларға қатысты бағалы-бағалы деректер сақталған. Республиканың оңтүстік бөлігіндегі жер аты *Шәуілдір* топонимінің пайда болуында да кәдімгідей тарихи сыр бар.

Шәуілдір – қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудан орталығының аты. Ол Арыс пен Сырдария өзенінің құйылысына жақын, Сырдың шығыс жақ беткейінен он шақты шақырымдай қашықтыққа орналасқан. *Шәуілдірдің* тұрған жері Шымкент қаласынан солтүстік-батыс бағытқа қарай созылып жатқан теміржол бойындағы Темір станциясынан 5–6 шақырымдай.

Жергілікті халық арасында бұл қоныстың басында неліктен *Шәуілдір* атанғандығын түсіндіріп беру ниетінен туып, қазір ел аузына

* Мақала Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарларында (Филология мен өнертану сериясы, 1962 2(21) шығ.) жарияланған.

тарап кеткен топонимикалық аңыз да жоқ емес. Әрине, мұндай аңыздың болуы заңды да. Өйткені бұл маңның қазіргі тұрғындары қазақтардың тілі тұрғысынан алғанда сөз болып отырған атау өзінің лексикалық мағынасы жағынан түсініксіз. Ал оздеріне түсініксіз жер-су атауларының мағыналық белгілерін танып-білмекке ұмтылушылық, ол жөнінде әртүрлі аңыздар тудыру – қай халықтың да дәстүрінде бар, табиғи нәрсе. Әлбетте мұндай халық арасында айтылып жүретін этимологияның өзі көбіне сөздердің сыртқы ұқсастықтарына негізделеді де, әрқашан шындықты көрсете бермейді. Дәл осы жайды *Шәуілдір* топонимі жөніндегі халықтық аңыз туралы да айтқан жөн.

Бұл жерді о баста мекен қылған Шәміл деген жігіт пен Дүр деген қыз болыпты-мыс деп келетін аңызда *Шәуілдір* сөзінің осы жігіт пен қыздың атынан (Шәміл + Дүр) шыққандығы айтылады. Бірақ мұндағы Шәміл деген есім неліктен Шәуіл болып өзгерген деген сұраққа аңыз жауап бермейді. Бұл жай, *Шәуілдірдің* “Шәмілдірден” шығуы жөніндегі аңыздық дерек, біздіңше, сөздердің сыртқы дыбыстық әуендестігінен туған жорамал сияқты. Асылында, *Шәуілдір* сөзінің жер аты болып қалыптасу сыры бұдан гөрі басқашарақ па деп ойлаймыз. Мәселенің осылай екендігіне көз жеткізу үшін бәрінен бұрын өлкенің тарихына жүгінгеніміз абзал.

Біздің заманымыздың XI ғасырына дейін, тіпті одан беріректегі дәуірлерде де Сыр бойындағы жерлердің ежелгі түркі тайпалары – оғыз жұртының мекені болғандығы жөніндегі тарихи мәліметтер көне заман оқымыстылары еңбектерінде мол сақталған. Оғыздардың сыр бойынан кете бастауы XI ғасырдың алғашқы жартысында [1, 95-106]. Оған дейін оғыздар көшпелі тұрмыспен қатар сауда-саттығы, орта ғасырлық мәдениеті дәуір өркендеген қалалары бар [2, 56] Орта Азиядағы белгілі тайпалардың бірі болған. Оғыз елінің сол заманда Сыр бойын қоныс еткендігін дәлелдейтін негізгі деректерді біз бұл күнде ертедегі араб саяхатшылары мен географтары жазып қалдырған кітаптардан кездестіреміз. Мәселен, X ғасырдағы араб авторы Ибн-Хаукал сол уақытта Сыр бойында болған Янгикент (Жаңа қала), Дженд, Сауран, Сүткент тәрізді қалаларды атай келіп, Янгикенттің оғыздардың астанасы екендігін, онда олардың патшасы тұратындығын, Сауран мен Сүткентке оғыздардың бітім жасасқан кезде, сауда-саттық кезінде жиналатындығын, ал Дженд пен Хор қалаларындағы биліктің осы оғыздар қолында екендігін айтады [3, 49; 4, 183-184]. Сауранның оғыз саудагерлерінің мекені болғаны жөніндегі хабар – осы ғасырда жазылған авторы белгісіз кітап “Худад ал-алемде” [4, 211] де бар. Сондай-ақ Янгикентті қоныстанушы халықтың дені оғыздар екендігі туралы деректі ибн-Русте, ал-Масуди (IX–X ғ.) еңбектерінен [4, 166]

де ұшырастыруға болады. Сол заманда өмір сүрген араб оқымыстысы ал-Истаридің мәлімдеуіне қарағанда, оғыз мемлекетінің IX–X ғасырлардағы шығыс жақ шекарасы Үргеніштен бастап Фараб (Отырар), Исфиджаб (Сайрам) аралығындағы жерлерді қамтыған [4, 167]. Оғыздардың Сырдария бойында болуы, олардың қалалары жөніндегі нақтылы мағлұматтар жоғарыда аттары аталған авторлармен қатар ал-Мақдиси [4, 185] (X ғ.), одан кейініректе жазылған XI ғасырдағы ортаазиялық ғалым Абу-Рейхан әл-Бируни [4, 219], Махмуд Қашқари [5, 90] т. б. еңбектерінде [6, 5-6, 10-33; 7, 15; 8, 96] де бар.

Қысқасы, әдепкі орта ғасырларда Сыр бойын оғыздардың мекен етуі – ешқандай қосымша түсініктеме беруді тілемейтін, ғылымда әбден егжей-тегжейіне дейін айқындалған, шүбәсіз нәрсе. Оғыз тайпаларының үрім-бұтағы болып табылатын қазіргі түрікпен халқы арасында олардың ата-бабаларының осы күнгі Түрікпенстан территориясына басында Сыр бойынан ауып келгендігін баяндайтын мағлұматтар әлі де болса кездеспейді емес [9, 36].

X ғасырда-ақ, оғыздар Сыр бойынан бірте-бірте оңтүстік бағытқа қарай жылжи бастайды. XI ғасырда Амудариядан өтіп, ондағы газневидтер династиясы қоластындағы жерлерді жаулап алады, сөйтіп, олардың өзін Ауғанстанның солтүстігі мен Персиядан біржола ығыстырып шығарады. Оғыз тайпаларының қазіргі Түрікпенстан территориясына дендеп ірге тебуі де осы тұста, XI ғасырда. Ол кездегі оғыздардың жауынгерлік қолын Сельджук деген олардың өзінің әскери қолбасшысы тұқымынан шыққандар басқарады екен. Тарихта оғыздардың Сыр маңынан оңтүстікке ойысуының сельджуктер қозғалысы аталып кету себебі де осыдан. Кейін осы сельджук оғыздары (немесе сельджуктер) бірте-бірте өздеріне бүкіл “мұсылмандық” Азияны бағындырған [10, 20]. Оғыздардың қоныс аударуына байланысты Сыр бойы енді шығыстан келген түркі тайпалары – қыпшақтар қолына көшеді [6, 26; 3, 54].

Бұл күнде оғыздардың бір замандағы қонысы Сыр алқабындағы жерлерде ертедегі оғыз елі қалаларының орны мен олардың басқа да әр алуан мәдени мұраларының іздері мол сақталған [11, 93; 2, 55-75]. Міне, бұл өңірдегі оғыздардан қалған осындай мәдени мұраның басты бір жұрнағы – оғыздар қойған жер-су аттары. Біз тәркінін іздестіріп отырған Шәуілдір деген топонимикалық атау да осы оғыздар заманынан қалған мирас есепті. Қазіргі Шәуілдір маңы о кезде ертедегі авторлар Исфиджаб атаған Сыр бойындағы мәдени алқаптардың бірі болған [6, 5; 12, 27]. Исфиджаб, оның айналасындағы өзге де оғыз қалалары мен бекіністері, осы күнгі Шәуілдірдің тұрған жері Арыс өзені төңірегіндегі ескі керуен жолдары

т.б. жөнінде X–XI ғғ. әдебиеттерінде жазылып қалған едәуір-едәуір мәліметтер бар. Шәуілдір деген атаудың жазба деректе тұңғыш кездесуі – XI ғасырда, Махмуд Қашқари сөздігінде. Көнеелігі жағынан бұл жөніндегі содан кейінгі дерек Рашид-ад-диндікі (“Джами ат-таварих”, XIV ғ.). Бірақ осы екі деректің екеуінде де ол ауызға жер аты ретінде емес, оғыз жұртының құрамына кіретін ру аты ретінде алынған. Алайда бұл тұста аталған деректердегі сөз болып отырған ру атының дыбыстық құрамының қазіргі Шәуілдір атауының дыбыстық құрамымен салыстырып қарағанда дәлме-дәл бірдей емес екендігін, олардың арасында азды-көпті дыбыстық айырманың бар екендігін айтқанымыз орынды.

Махмуд Қашқаридің кітабында оғыздардың 22 руының аты келтірілген, солардың бірін автор, *جولدر* [5, 90] *джувалдар* [6, 28] деп атайды. Сол сияқты дәл осы оғыз руының аты Рашид ад-диннің жылнамалар жинағында да қайталанады. Бірақ мұнда ол Махмуд Қашқаридегіден гөрі басқашарак үлгіде, *جولدر || جولدر* [13, 28] *джаулдур* [14, 89] // *джаулдр* болып жазылған. Бірінен-бірі азды-көпті өзгеше дыбысталғанымен, осындағы *джувалдар*, *джаулдур* // *джаулдр* дегендер мен қазіргі жер аты *Шәуілдір* – басында бір-ақ сөз. Бұл пікіріміздің ақиқаттығын дәлелдеуге, әрине, айтылып отырған ру атының жоғарыдағы авторлардың бірінде *джувалдар*, бірінде *джаулдур*//*джаулдр* болып әр ұдай фонетикалық нұсқада ұшырауы кедергі бола алмасқа керек. Олай дейтініміз Махмуд Қашқари мен Рашид-ад-диндегі бір-бірімен сәйкесіп отыратын бұлардан басқа да оғыз руларының бәрінің дерлік жазылуында айырма бар. Мәселен, Махмуд Қашқаридегі оғыз руы *кайы* Рашид-ад-динде *кайы*, сол тәрізді *салгур* – *салур*, *язгыр* – *языр*, *тутырга* – *дудурга* болып әжептеуір өзгерістермен жазылып отырған [6, 27-28]. Бірақ солай бола тұрса да түрікпен халқының ататегін зерттеген оқымыстылар арасында бұл сөздердің бір атау екендігіне күмән келтіргендер әлі күнге болған емес. Сірә, Махмуд Қашқариде берілген бұл сөздердің ең көне варианттары да, Рашид-ад-диндегі одан кейінірек пайда болған варианттары болуы ықтимал. Бір есепті, мұндай алалықтың болуын авторлардың әрқайсысының ұстанған жазу емшелеріне байланыстырып қарауға да болады. Демек, осындағы әңгімелеп отырған этнониміміз нәліктен сөз етілген деректердің бірінде *джувалдар*, бірінде *джаулдур* // *джаулдр* болып жазылған дегенді осындай екі жағдайда ұғыну керек сияқты. Қалай болғанда да бәрі бір, бұл жердегі *джувалдар*, *джаулдур* // *джаулдр* дегендердің бір рудың аты екендігі – басы ашық, күмәнсіз нәрсе. Мұны әрмен қарай дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Мәселе мұнда емес, мәселе біздің осындағы жер аты Шәуілдірді қалайша, қандай негізге сүйеніп осы

атауға апарып телитіндігімізде. Бірақ дәл қазір бұл жайды айтпас бұрын, ең алдымен Шәуілдір топонимі мен аталған жазба деректердегі онымен торкіндес деп танылып отырған ру аты арасындағы дыбыстық қарым-қатынастардың сипаты қандай деген мәселеге тоқталып өткен жөн.

Біздің ойымызша, бұл туралы әңгіме еткенде алдымен салыстырылып отырған атаулардағы дауысты дыбыстарға қатысты айырмашылықтардың онша елеулі дәрежеде емес екендігін аңғарту қажет. Әсіресе бұл сөздің Рашид-ад-дин варианты (*джаулдур* // *джаулдр*) мен *Шәуілдір* топонимінің құрамындағы дауыстылар арасындағы айырманы жоққа тән десе де болғандай. Олай дейтініміз соңғы сөз (*Шәуілдір*) – басында қазақ топырағында тумаса да, кейін замандар озған сайын тілімізге әбден етене боп сіңісіп, ана тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне қарай айтыла келе бейімделген өзгерінді сөз. Сондықтан оның бойында байқалатын дауыстылар төңірегіндегі кейін пайда болуы мүмкін бірен-саран ауытқуларға оншалықты таңырқай қоюға болмайды. Мұндай бір халықтан бір халық мұра еткен ұзақ жылдық тарихы бар топонимикалық атаулар үшін оның құрамындағы кей дыбыстардың ішінара өзгеріске түсуі – мейлінше табиғи жай. Бұл бір болатын болса, екіншіден, жоғарыда ескертілгеніндей, келтіріліп отырған ескі жазба деректерде барлық ру аттары ешбір мүлтіксіз халық тілінде айтылуындай жазылып алынған деп, әрине, кесіп айта алмаймыз. Мұны кезінде белгілі шығыс зерттеушісі акад. В.В.Бартольд те ескерткен болатын. В.В.Бартольд Махмуд Қашқари мен Рашид-ад-диндегі оғыз рулары атының жазылуындағы алалыққа тоқтай келіп: “Насколько различием в правописании названий у обоих авторов определяется эволюция языка со второй половины XI в. до начала XIV в., это вопрос спорный. Махмуд Кашгарский мог писать некоторые названия так, как он их произносил сам, а не так, как их произносили огузы. Им самим приводятся сведения о турецком (т. е. тюркском. – С. О.) языке и его диалектах, из которых видно, что уже тогда существовали те фонетические явления, которые теперь составляют отличительную черту диалектов* южной группы” [6, 29] деп көрсеткенді. Сол сияқты В.В.Бартольд енді бір жерде Махмуд Қашқари келтірген тізімдегі ең соңғы оғыз руы атын *джаруклуг* // *чаруклуг* деп екі түрлі транскрипциялайды да соған іле-шала “автор, сірә, *дж* мен *ч* дыбыстарын бір-бірінен ажырата алмаған болуы керек” [6, 28] деген ескертпе жасайды. Бұл соңғы жайды еске салудың Махмуд Қашқаридегі *джувалдар* этнонимі басқа дыбысының табиғатын

* Автор мұнда “диалекты” деп түркі тілдерінің өзін айтып отыр.

түсінуге жанама да болса жәрдемі тие ме деп ойлаймыз. Дұрысында да, біздіңше, бұл жердегі бастапқы дыбыстың *дж* емес аффрикат *ч* болуы бір табан шындыққа жанасымдырақ сияқты. Өйткені *дж*, *ч* дыбыстарын бір-бірінен жете айыра білген күннің өзінде де араб алфавитінде түркі тіліндегі аффрикат *ч* дауыссызын таңбалайтын балама әріптің болмауы тәрізді себепке байланысты да, автордың *ч* орнына аффрикат *дж*-ны пайдалануы – әбден ықтимал жәйт. Араб жазуымен жазылған еңбек болғандықтан мұндай болжалдың бұл сөздің Рашид-ад-диндегі нұсқасына да белгілі дәрежеде қатысы бар екендігін айтқан мақұл.

Неліктен осындағы ру атының бастапқы дыбысын *ч* деп танудың дұрыс болатындығын түсіндіру үшін бұл жерде мынадай бір жағдайға назар аудартқымыз келеді.

Түрікпен* халқының ататегі жайындағы көнелігі жөнінен жоғарыдағы авторлардікінен кейінгі жазба дерек – XVII ғасырдағы Хиуа ханы Әбілғазы шежіресінде де сөз болып отырған ру аты өзге түрікпен руларымен қатар бірнеше дүркін аталған. Осы еңбектің проф. А.Н.Кононов жариялаған жинақы тексінен (сводный текст) бұл атауды барлық жерде де **جولدر** [15] деген үлгіде ұшырастырамыз. Бұдан тыс А.Н.Кононовта Әбілғазы шежіресінің Ташкенттегі Шығыс қолжазбалары қорында сақталған екі нұсқасында бұл сөздің **جاودير** [15, 31] осылай жазылғандығы жөнінде берілген арнайы ескертпе бар. Егер араб жазуының тәртібіне сүйенген болсақ, онда мұндағы **جاودير** дегендердің бастапқы әрпі **ج** (*джим*) *дж* болып оқылса керек еді, бірақ автор олай етпейді, қайта керісінше, бұл жердегі **ج** ны әдейі *ч* деп оқып, сөздің тұтас өзін текстің орысша аудармасында *чавулдур* деп жазады. Енді осыған орай бұлайша оқу неменеге негізделген деген сауалды қоятын болсақ, мұнымызға автордың өзі: “Чтение *чавулдур*... основывается на живом современном произношении *чаудор* ~ *чавдор*” [15, 93] деп жауап қайырады. Көне жазба мәліметтердің біріндегі жазылысы *джувалдар*, біріндегі жазылысы *джаулдур* және тағысын-тағышша транскрипцияланып келген осы ру аты қазіргі түрікпен халқы арасында, шынында да, кейінгі келтіріліп отырған фонетикалық вариантта (*чаудур*) сақталған. Мұның жоғарыдағы аталған Әбілғазы шежіресінің тәшкенттік екі нұсқасында осыған жуық үлгіде **جاودير** болып жазылуында да осындай мән бар. Өткен ғасырдағы Н.А.Аристов, Г.С.Карелин, В.Григорьев т.б. осылар секілді орыс зерттеушілері еңбектерінде де, сондай-ақ Орта Азияда болған Европа саяхатшысы

* Көне жазба деректердің мәліметіне қарағанда, оғыздар X ғасырдың екінші жартысында-ақ түрікпен атала бастаған. Оғыздар – жалпы қазіргі түрікпен халқының қалыптасуына ұйытқы болған негізгі тайпа.

А. Вамбериде де бұл атау осы *чаудур* [16, 140], *човдур* [17, 423], *чаудыр* [18, 136], *чаудор* [9, 269] деген үлгіде берілген.

Осындағы аттары аталып откен оқымыстылардың бөрінде де бұл атау белгілі бір жазба мәліметке сүйеніп жазылған емес, түрікпен халқының тікелей өз аузынан жазылып алынған. Демек, халықтың өз ана тілінде бұл есімнің бастапқы дыбысы қазір де аффрикат *ч*-мен айтылатын болса, онда оның көне нұсқасының басқы дыбысының *ч* емес *дж* екендігіне сендірерліктей біздің қолымызда келіпдік те жоқ. Солай болғандықтан да А.Н. Кононовтың жоғарыда келтірілген фонемалық тұрғыдағы транскрипциясына (*чавулдур*) қосылмасқа болмайды [19, 81]. Дәлірек айтқанда, біз бұл этнонимнің бастапқы дыбысының араб жазуымен жазылған көне деректерде *дж* болып оқылуы емес, шындықты *ч* болып оқылуы көрсетеді дегіміз келеді. Бұдан шығатын қорытынды сол: қазіргі түрікпен руының аты *чаудур* ертеде жергілікті халықтың өз тілінде, ескі жазба мәліметтерде араб әрпімен таңбаланғанындай *جاودير* емес, *جاودير* «*جاودير*» емес, *чаулдур* деген үлгіде айтылған. Бұл сөздің осы көне нұсқасы қазір түрікпен халқының ежелгі мекені Сыр өлкесіндегі *Шәуілдір* деген жер атында сақталып қалған. *Шәуілдір** – бұл атаудың өлкенің кейінгі дәуірдегі тұрғындары – қазақтардың тіліндегі айтылысы. Біздің шығу төркінін іздестіріп отырған топониміміздің дүниеге келу сыры қысқаша осындай.

Әрине, бұл жерде біз мұндай пікірді айтқанда, қазіргі *Шәуілдір* селосы тұрған жердің нақтылы осы *чаулдур* оғыздарының мекені болғандығы жөнінде белгілі бір тарихи жазба мәліметке сүйеніп айтып отырған жоқпыз. Бар жазба мәліметтерде бұл арасы арнайы сөз етілмеген. Махмуд Қашқаридың оғыз руларының тізімі мен таңбаларын беріп, олардың жалпы Сыр бойын мекендейтіндігін көрсеткенімен әр рудың әрқайсысының Сыр маңының қай-қай жерлеріне орналасқандығы жайындағы деректерді келтірмегендігі мәлім [6, 29]. Бірақ қалай болғанда да бөрі бір, әйтеуір, өлкедегі жер атының оны бір заманда қоныс еткен халықтың атымен сәйкес келуі кездейсоқ құбылыс деп қаралмасқа тиіс. Біздің сенімімізше, осындағы *Шәуілдірдің* шығу төркіні жағынан этноним *чаулдурмен* астарлас сөз екендігіне шек келтіріп жатудың орны жоқ қой деп ойлаймыз.

Жалпы алғанда, этнолық атаулардың осылайша жер атына ауысуының бұдан басқа да фактілерін түркі халықтарының ерте замандардан бергі мекені Орта Азия мен Қазақстан территориясынан

* Бұл атаудың әуелдегі басқы дыбысы *ч*-ның спирант *ш*-ға ауысу себебін жергілікті қазақтардың тілінде сөз басында аффрикат *ч* дауыссызының айтылмауынан деп түсіну керек.

көптеп кездестіруге болады. Ал түрікпен халқы арасында белгілі бір қонысты оны мекендеуші ру есімімен атау тәрізді дәстүрдің өте-мөте оріс алған құбылыс екендігін тіпті өзіміздің де байқаған реттеріміз бар. Жалаң сөзділік болмас үшін осы орайда түрікпен елінің байырғы іргелі қоныстарының бірі — Каспий теңізі шығыс жағалауындағы Маңғыстау түбегі табанындағы Бозашы, Бұрынжық, Егдір, Бегдалы, Елегажы аталатын жер аттарының басында осы мекендерді қыс қыстап, жаз жайлаған түрікпен руларының есімдері болғанын айта кетуімізге болады. Бұл аталған түрікпен рулары денінің осы оңірде тіптен беріге дейін тұрып келіп, мұнда адай қазақтарының келуіне байланысты ХІХ ғасырдың бас тұсында ғана қазіргі Түрікпенстан территориясына қоныс аударғандығы белгілі. Керек десеңіз, Маңғыстау өлкесінен осындағы манадан бергі өзіміз сөз етіп келген түрікпен руымен аттас жер аты да ұшыраспайды емес. Мәселен, мұндағы Бозашы түбегінің батыс беткейіндегі бір қоныс атының Шәудір делінетіні мәлім. Бұл қоныс осы маңға қазақтар келгенге дейінгі чаудүр түрікпендерінің мекені болған. Чаудүрлер бұл жерге өзге түрікпен руларымен бірге сельджуктер қозғалысы кезінде, яғни ХІ ғасырдың тұсында, Сыр бойынан ауып келген болса керек [20]. ХVІІ ғасырдың аяғы мен ХVІІІ ғасырдың бас шамасында Маңғыстау чаудүрлерінің шағын бір тобы егдір, соинаджи дейтін түрікпен руларымен бірге өз тілектері бойынша Солтүстік Кавказға, орыс патшасы қоластына өтіп кеткен [6, 60-62] де, көпшілігі Маңғыстауда қалған. Қазір чаудүр түрікпендерінің дені Түрікпенстандағы Ташауыз облысының Калинин ауданында тұрады [21, 7].

Мінекей бұл айтылған жайлардан біз республиканың батыс аймағындағы соңғы аталып откен жер аты *Шәудір* мен оның оңтүстігіндегі жер аты *Шәуілдірдің* әу баста бір этнолық атаудан шыққан, өзара тағдырлас сөздер екендігін, Қазақстан территориясында бір заманда тіршілік еткен бір оғыз руы атының бұл күнде екі бірдей жер атында сақталып қалғанын, ал *Шәудір* топонимі осы ру есімінің кейін пайда болған варианты да, *Шәуілдір* топонимі мұның көне варианты екенін білеміз.

Біз мұнда *Шәуілдір* деген қазақ топонимі әуелде қайдан шықты деген мәселені аша түсуді мақсат тұттық та, ол сөздің өзінің бастапқы лексикалық мағынасы нені білдірген деген жайға әдейі барған жоқтыз. Расында, бұл арасын айтып бере қоюдың өзі де қиын. Оған себеп — мұны дәлелдерліктей жеткілікті материалдың қолымызда болмауы. Жалғыз-ақ осы ыңғайда, бұл хақында Рашид-ад-диннің “Джами ат-таварифында” *Шәуілдір* топонимімен шендестіріліп отырған оғыз руы атының мәнін “намысты, даңқты, даңқы жайылыған” [14, 501], деп, ал Әбілғазының “Түрікпен шежіресінде” бір сөзбен ғана “намысты”

[15, 36] деп түсіндірген жерлердің бар екенін еске сала кетуімізге болады. Рашид-ад-диннің кітабын орыс тіліне тұңғыш аударған проф. И.Н. Березин (XIX ғ.) бұл рудың атын автордың өзі беріп отырған жоғарыдағыдай түсініктемеге сүйеніп, *джаулдурмак* (даңқы шығу) деген етістіктен шықты деп көрсеткен. *Шәуілдір* топонимінің әуелдегі мағыналық сырын аңғартқандай әзірге бізге мәлім негізгі дерек — осы ғана*.

Әдебиет пен ескертпе

1. *Каррыев А., Мошков В.Г., Насонов А.Н., Якубовский А.Ю.* Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в VIII–XIX вв. Ашхабад, 1954.
2. *Толстов С.П.* Города гузов // Советская этнография. 1947, □ 3.
3. *Якубовский А.Ю.* Вопросы этногенеза туркмен в VIII–X вв. // Советская этнография, 1947, □ 3.
4. Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. 1. VII–XV вв., Арабские и персидские источники. М.-Л., 1939.
5. *Махмуд Қриғарий.* Девону луғотит турк. Тошкент, 1960.
6. *Бартольд В.В.* Очерк истории туркменского народа // Туркмения, т. 1, Л., 1929.
7. *Бартольд В.В.* История турецко монгольских народов. Ташкент, 1928.
8. *Волин С.Л.* К истории древнего Хорезма // Вестник древней истории. 1941, □ 1.
9. Орта Азияны өткен ғасырда аралаған проф. А.Вамбери түрікпендердің Сыр бойынан шығуы жөніндегі деректі халық аузынан жазып алған: *Вамбери А.* Путешествие по Средней Азии. М., 1874. Бұған қоса мына еңбекті де қараңыз: *Бартольд В.В.* Очерк...
10. *Бартольд В.В.* История Туркестана. Труды Туркестанского гос. университета. Вып. 2, 1922.
11. *Жирмунский В.М.* Следы огузов в низовьях Сыр-дарьи // Тюркологический сборник. Т. 1, М.-Л., 1951.
12. *Бартольд В.В.* История культурной жизни Туркестана. Л., 1927.
13. Бұл атау Рашид-ад-дин шығармасының проф. И.Н.Березиннің қолына түскен текстерінде осындай екі түрлі вариантта кездескен көрінеді. И.Н.Березин оның транскрипциясын беруде алғашқы вариантқа сүйенген. Қараңыз: Сборник летописей. История монголов. Сочинение Рашид-Эд-дина. Труды Вост. отд. импер. археол. общества. Ч. V, СПб., 1858.

* Н.А.Аристов жоғарыда аталған еңбегінде (140-бет) осындағы ру атының кейінгі *чаудур* деген нұсқасының мағынасы жөнінде А.Вамбери келтірген мағлұматты берген. Анық халықтық этимологияға негізделген пікір болғандықтан бұл жерде оған тоқталып жатуды қажет деп таппадық.

14. Бұл этнонимнің Рашид-ад-диннің 1952 ж. аудармасындағы транскрипциясы да И.Н.Березин транскрипциясымен бірдей. Қараңыз: Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1, М.-Л., 1952.
15. *Кононов А.Н.* Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази хана Хивинского. М.-Л., 1958, арабша қойылған 31, 33, 36, 61, 79-бет. Бұл атаудың осы жердегі жазылысы оның Рашид-ад-дин жинағының кей қолжазбаларындағы жоғарыда келтіріліп өткен соңғы вариантымен толық сәйкес келеді.
16. *Аристов Н.А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения о их численности (оттиск из “Живой старины”, вып. III и IV, 1896). СПб., 1897.
17. Путешествие Г.С. Карелина по Каспийскому морю. Записки императ. русск. геогр. общества, по общей географии. Т., X, СПб., 1883.
18. *Григорьев В.* Описание хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости. Записки императ. русск. геогр. общества, кн. 2, СПб., 1861.
19. Языджыоглу Алидің “Сельджукнамесінің” (XV ғ.) Голландия оқымыстысы Т.Хаутсма жариялаған тексінде де сөз болып отырған оғыз этнонимінің басқы дыбысы *ч* (*чаундур*) болып жазылған. Акад. В.А.Гордлевскийдің айтуына қарағанда, Языджыоглу Али бұл деректі Рашид-ад-диннің кітабынан алған. Қараңыз: *Гордлевский В.А.* Государство сельджукидов Малой Азии. Избранные сочинения. Т. 1, М., 1960.
20. Әбілғазы шежіресінде Әли ханның баласы шаһ Мәлікті Тоғрул өлтіргеннен кейін, Сыр бойындағы оғыз жұрты арасында араздық туып, оның емір, дөкір, егдір, чаулдур, қарқын, салор, ағар деген елдерінің Маңғыстауға өтіп кеткендігі айтылған (А.Н.Кононов. Аталған еңбек, 68-бет). Бұл уақиға XI ғасырға тура келеді, өйткені мұндағы Шаһ Мәлік пен Тоғрул тарихта XI ғасырда өмір сүрген адамдар (қараңыз: В.В.Бартольд. Очерк..., 25–26-б.; А. Карриев, В.Г.Мошков, А.Н.Насонов, А.Ю.Якубовский. Аталған еңбек, 25, 100–101, 111-б.).
21. *Карпов Г.И.* Туркмены-огузы // Известия туркменского филиала АН СССР. □1, 1945.

“Жайлау” сөзінің этимологиясы*

Тілімізде этимологиясы көмескіленіп кеткен көптеген сөздер бар. Солардың бірі — осы *жайлау* сөзі. Бұл сөздің қазақ халқының этнографиясына, экономикасына, тіршілік қалпына тікелей қатысы бар. Мал баққан, сол малының қамы үшін көше жүріп тарих кешкен қазақ елінің тіршілігінде *жайлау* зор рөл атқарды. Бұдан осы

* Мақала “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналында (і. 3, 1959) жарияланған.

ұғымның атауы ретінде *жайлау* сөзінің тілімізде ерте замандарда-ақ қалыптасуының мүмкін екендігі көрінеді.

Жайлау – бәрімізге таныс сөз, бірақ оның қандай этимологиялық сыры бар?

Жайлау деген ұғым жалғыз қазақ арасында ғана емес, бұрын көшпелі тұрмыста болған басқа түркі халықтарына да ертеден-ақ белгілі. Бұл сөзді біз XI ғасырда өмір сүрген атақты түрколог Махмуд Қашқаридың сөздігінен де, қазіргі толып жатқан түркі тілдерінен де кездестіреміз. Көне түркі тілдері жөніндегі аталған ескерткіште *жайлау* сөзінің сол кездің өзінде де қазіргідей *жазғы қоныс, жазғы мекен* мағынасын білдіретіндігі көрінеді. Осы дерекке сүйеніп, оның есім және етістік мағыналарының дифференциациялануының өзі XI ғасырдан арғы дәуірге жатады деп топшыласақ, ағат кеткен болмаспыз деп ойлаймыз. Яғни түркі тілдеріндегі *жайлау* сөзінің етістік мәнін былай қойғанда, зат есім мағынасында жұмсала бастағанының өзіне де мың жылдан астам уақыт өткен. Оның заттық мағынасының осы мың жылдың ар жағында қанша уақыт өмір сүріп келгендігі өзімізге аян емес.

Жайлау сөзінің бір мағынасының етістік екендігіне сүйеніп, оны *жай +ла+у* деген үлгідегі морфологиялық тұлғаларға бөлшектеуге болады. Мұның алғашқысы – түбір де, кейінгілері – қосымшалар. Түбірге тете тұрған *-ла* қосымшасының сипатынан-ақ бұл сөздің *жай* бөлігінің қандай да болмасын, әйтеуір, бір есім сөз болатындығы анықталады. Олай дейтініміз, *-ла* – негізгі қызметі жағынан түркі тілдерінде есімдерге жалғанатын, есімдерден етістік тудырушы жұрнақ. *Жайлау* етістігі әуелде осы *жай* деген есім сөзге *-ла* жұрнағының қосылуы арқылы жасалған. Айқынырақ болу үшін тіліміздегі *ой+ла, той+ла, хабар+ла* тәрізді етістіктердің жасалуымен салыстыруға болады. Ендеше, *жайлау* – туынды сөз, бұл күмән тудыра қоймайды. Мәселе оның түбірінің қандай сөзден дамығандығында.

Этимологиясын іздестіріп отырған сөзіміздің түбіріндегі *жай* әуелде жыл мезгілін, *жаз* дегенді, білдірген. Қазақ тілімен туыстас түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз тілінде *жай* қазірде *жаз* – жазғы маусым мағынасында дербес қолданылады. *Жай* сөзі Махмуд Қашқарида және Насырәддин Рабғузидің XIV ғасырдағы шығармаларында кездесетін *jai* [1, 383] сөзімен дәл келеді. Көне түркі тілдеріндегі *jai* сөзі де *жаз* мәнінде жұмсалған. Бұл сөздің осы ескі жазу нұсқаларындағы варианты қазіргі кейбір түркі туыстас тілдерде де осы күйінде сақталып қалған: өзербайжан тілінде жаз ұғымын *яй*, сары ұйғыр тілінде *йай* [2, 34] сөздері білдіреді.

Қазақ тілінде *жай* сөзінің *жайлау* деген түбірде кездесуі, әрине, кездейсоқтықтың белгісі емес. Мұның өзі бұл сөз қазақ тілінің дамуының өткендегі тарихи кезеңдерінде *жаз* мағынасында жұмсалды деп болжал жасауға мүмкіндік береді. Егер бұл осылай болғанда, тіліміздегі осы күнгі *жаз* сөзі ол кезде қолданылған ба? Я, қолданылған. Бірақ ол тілімізде қазіргідей *жазды* емес, *жазғытұрым*, *көктем* дегенді білдірген. Бұған әзербайжан тіліндегі *яз*, сары ұйғыр тіліндегі *йаз*, қырғыз тіліндегі *жаз*, Рабғузи шығармаларындағы *jai* [1, 383] сөздерінің көктем мәнінде ұшырауы дәлел. Сол тәрізді осы күнгі түрікмен, татар, якут, тува, хакас тілдерінде [1, 386] де соңғы сөз көктем мағынасында айтылады. Енді осы түркі тілдерінің бәрінің бір тектен орбіген тілдер екенін ескерсек, топшылауымыздың дұрыстығына көз жеткізу қиын болмайды.

Жоғарыда сөз болған қазақ тіліндегі *жайлау* дегендегі *жай* мен қырғыз тіліндегі *жай* да, қонне жазулардағы *jai* мен әзербайжан, сары ұйғыр тілдеріндегі *йй*, *йай* дегендер де — барлығы бір сөз. Анығырақ айтқанда, олар — бір сөздің осы түркі тілдерінің әрқайсысындағы әртүрлі фонетикалық варианттары ғана. Оның басқы дыбысының бір тілдерде *й*- мен, бір тілдерде *ж*-мен айтылуы — тек түркі тілдеріндегі дыбыс алмасу заңдылығымен түсіндірілетін құбылыс. Бірқатар түркі тілдеріндегі сөздің бас позициясындағы *й* дыбысының орнына енді бір топ түркі тілдерінде үнемі *ж* дыбысы қолданылады. *Ж*-ның сөз басында келуі қырғыз, қазақ, қарақалпақ тілдеріне тән.

Осы сияқты жалпы заңдылыққа сәйкес *жай* сөзінің бастапқы дыбысының бір тілде *й*, бір тілде *ж* болып айтылуы осы сөздің *жайлау* атауының құрамында келген уақытында да сақталады. Сондықтан да *жайлау* сөзінің бас позициясында ХІ ғасырдағы жазба нұсқада *йайла** [1, 383], қазіргі ұйғыр тілінде *ййлаг*, түрікменше *ййлаг*, өзбекше *ййлов*, сары ұйғырша *ййлақ* [2, 35], әзербайжанша *ййлаг* болып *й* айтылса, қарақалпақ тілінде *жайлау*, қырғызша *жайлоо*, қазақша *жайлау* делініп *ж* айтылатындығын байқаймыз.

Бұл фактілер екінші бір жағдайды да аңғартады. Ол — *жайлау* сөзінің соңғы дыбысының аталған тілдердің әрбіреуінде әр басқа күйде кездесуі. Әуелде бір формадан тараған бұл сөздің соңғы дыбысының осынша өзгеріске ұшырауы неліктен? Бұл түркі тілдеріндегі сөздердің кейбір соңғы дыбыстарының тарихи даму ерекшеліктерімен байланысты. Сөз аяғында тіл арты *ғ*, *қ* дауыссыздарының келуі түркі тілдеріндегі көне фонетикалық

* Техникалық себептерге байланысты көне жазулардағы кей сөздердің ғылыми транскрипциясын қазақ графикасына аударып беріп отырмыз. — С. О.

құбылыстар қатарына жатады. VIII ғасырдағы ескі түркі жазбаларынан осы күнгі қыпшақ тобына жататын бірсыпыра тілдердегі тіл алды у-мен қырғыз тіліндегі *о* дыбыстарының орнына тіл арты ғ дауыссызының айтылғандығы көрінеді. Осыдан келіп жайлау сөзінің соңғы дыбысының өзгеруін қазақ тіліндегі *тау* сөзінің, орхон жазуларында *тағ* [1, 425], қырғыз тілінде *тоо* түрінде айтылғандығымен салыстыруға болады.

Сөйтіп, бұл айтылғандардан біз қазіргі қазақ тіліндегі *жайлау* деген атаудың *жаз* ұғымын білдіретін *жай* есімінен *-ла*, *-у* жұрнақтарының көмегімен жасалғандығын, басында оның тек етістік мәнінде ғана жұмсалып, кейін заттың мағынасының метонимия жолымен қалыптасқан сөз екендігін көреміз.

Әдебиет

1. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951.
2. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957.

Арша жазу*

Қазақ фольклорының білікті зерттеушісі әрі жинаушысы белгілі түрколог-этнограф Әбубәкір Диваев (1856—1933) өзінің Ферғана алқабына 1917 жылы барған сапарында Орта Азиядағы араб жазбалы түркі халықтары арасында тараған, бұрын өзіне беймәлім, әріптерінің таңбалану кейпі шырша, арша ағаштарының бұтағына аса ұқсас бір жазуға кезіккенін айтады. Осы секілді сыртқы ұқсастығынан ба, әйтеуір, ол кісі осы жазуды арша тәрізді жазу деп атап, араға біраз жыл салып барып, 1928 жылы Ташкент шаһарында басылып шыққан “Год работы казахского высшего педагогического института” деген жинаққа “Кипарисоподобные письма” деген атпен мақала жариялайды. Мақалада автор жазудың сыр-сипаты, әріптерінің түртұлғасы, олардың жазылу, оқылу принципі туралы мәлімет береді. Мақала қысқа, бірақ сонда да болса осы бір шағын дүниенің бойына зерттеуші жазуды танып-білгісі келген адамға зор нұсқа боларлық көп нәрсе сыйғыза білген.

Мақалада автор жазудың бұл түрінің Ферғанадағы жергілікті білгірі Бекболат Сәлиев деген азамат екенін, жазу туралы барлық мәліметті осы кісіден алғандығын айтады. Қазақ энциклопедиясының он бірінші томына (1977 жыл) назар аударсаңыз, “Хат

* Мақала “Тұран топырағында туған арша жазу” деген тақырыппен “Ана тілі” газетінде (19.05.1994) жарияланған.

сарви” деген тақырыппен берілген осы жолдар авторының шағын мақаласын көресіз. Мақала осы жазу жөніндегі бізге мәлім жалғыз еңбек Әбубөкір Диваевтың жоғарыда аталған хабарына сүйеніп жазылған болатын. Сондықтан мұнда біз зерттеушінің хабарында көрсетілген осы атаудың өзін (“Хат сарви”) өзгертпей беруді көздедік. Бірақ мақала атының қазақша түсінігі “арша жазу” болатынын жақша ішінде көрсеттік. Өйткені мұндағы “хат” – араб сөзі “жазу” да, “сарв” араб тілінде арша ағашы дегенді білдіреді. Ә.Диваевтың жазуды “кипарисоподобные” деп атауында осындай мән бар, “кипарис” – аршаның грек тілінен келген аты, аршаны ғылым тілінде көбіне осылай атайды, орысшасы – можжевельник.

Күні бүгінге дейін көп адамдар атын естіп біле қоймаған бұл жазу туралы, жазу болғанда жазудың аса бір жетілген, мықты жүйеге түскен түрі туралы бар дерек, бар зерттеу осы айтылған екі шағын мақаламен шектелетінін айтсақ, жағдайдың онша көңіл көншірлік емес екенін жақсы түсінеміз. Оның үстіне осы жазумен жазылып хатқа түскен әдеби нұсқаның бар-жоғынан да хабарсызбыз. Бұлай болуының бір жағы жазудың бұл түрінің жүйесіндегі күрделіліктен де болар, өйткені жазу атаулыдан, соның ішінде араб жазуынан хабары жоқ адамның мұндай жазумен қара танып, хат біле қоюының өзі екіталай. Себебі хат сарвидің әріп таңбаларының қағаз бетіне түсуі мен оқылуы арабтың абжад жүйесіне негізделген. Демек, бұл жазуды білгісі келетін адам жұмыстың бісмілләсін абжадты, үйренуден бастау керек. Абжад дегеніміз – ойдан қисындап шығарған, бірінің соңынан бірі белгілі тәртіппен орналасқан сегіз жасанды сөзден тұратын жүйе. Ол сөздер мыналар: 1-абжад, 2-наууаз, 3-хутти, 4-каламан, 5-сағфас, 6-қарашат, 7-саххаз, 8-зазағ. Бұлардың орнын бір-бірімен алмастыруға болмайды. Жасанды болғандықтан бұл сөздердің ешбіреуінде де лексикалық мағына жоқ. Абжад жүйесі үшін қажеті – бұл сөздердің мағынасы емес, олардың құрамындағы дыбыстар. Сосын сол дыбыстардың сөздің бас жағынан санағанда нешінші болып орналасу реті. Арша жазуды хат бетіне түсірудің де, оқудың да кілті тек осы жүйе, абжад жүйесі.

Жазудың әліпбиі 28 әріптен тұрады. Олар жоғарыдағы сегіз сөздің атымен аталатын сегіз топқа бөлінеді. Бірінші топ – абжад, екінші топ – наууаз, үшінші топ – хутти деген сияқты жоғарыда нөмірлеп көрсетілген тәртіппен орналасқан. Бұл сөздердің қайсысы қай топқа жататынын алдындағы нөміріне қарап ажыратамыз.





























Жазудың қай әрпін алсақ та оны қағаз бетіне түсірудің негізгі таңбаеы әлбетте тік сызық (вертикаль сызық) болады. Тік сызық – жазудағы барлық әріп атаулының құрамында бар элемент. Тік сызықсыз жазудың бірде-бір әрпі жоқ.

Әліпби кестесіндегі әріптерге назар аударар болсаңыз, тік сызықтың екі жағынан көлбеу тартылған осы тік сызыққа келіп түйісіп жатқан майда-майда сызықтарға қозіңіз түседі. Тік сызықтың оң жағындағы көлбеу майда сызықтың саны білгіңіз келіп отырған әріптің абжад жүйесінің нешінші тобына, яғни абжадтың қай сөзіне жататынын көрсетеді, ал сол жағындағы көлбеу майда сызықтардың саны оның абжадтың нақтылы тобының нақтылы сөзінің нешінші дыбысы екенін білдіреді. Егер осы сызықты өсіп тұрған биік ағаштың көкке өрлеген ұзына бойы деп есептейтін болсақ, оның екі жағынан келіп қосылатын көлбеу майда сызықтар сол дарақтың бұтақтарына ұқсайды. Жазудың “арша жазу” деп аталуының өзі осындай сыртқы ұқсастықтан алынған болса керек.

Абжад құлаққа тосын сөзден үркудің еш қажеті жоқ. Сауаты бар, көзі ашық адамға, шындап зейін қойса, бұл жазуды оқу да, жазу да аса қиынға соқпайды. Араб жазуын елдің бәрі біле бермейтіндігін ескеріп, біз төменде абжад жүйесіне кіретін сөздерді әдейі қазіргі жазуымыз – кириллицаға түсіріп беріп отырмыз. Сонымен бірге арша жазудың әріп таңбаларының оқылуы да әліпби кестесінде қазіргі жазуымызбен көрсетілді. Араб әліппесінің қазақ сөзін жазуға кемшілік келтіретін ыңғайын біз бұл жерде, әрине, түзей алған жоқпыз. Абжадтағы сегіз сөздің сегізі арабша нұсқасында қалай жазылса, сол күйін өзгертпей қаз-қалпында транскрипциялап қана бердік.

Енді арша жазудың қалай жазылып, қалай оқылатынын тәжірибе жүзінде байқау үшін бір мысал келтіріп, соны жазып, оқып көрейік. Бізге, айталық, “алма” деген сөзді жазу керек екен дейік. Осы сөздің басындағы *a* деген дыбысты жазу үшін әліпби кестесіне назар аударар болсақ, оның әріптік символы кестеде мынадай *y* таңбамен берілгенін көреміз. Яғни екі шағын көлбеу сызығы бар ұзынша тік сызық. Тік сызықтың оң жағынан тартылған жалғыз көлбеу сызық бар, бұл әріптің абжад жүйесінің бірінші тобына жататынын білдіреді. Ал оның сол жағынан тартылған жалғыз көлбеу сызық әріптің абжад сөзінің бірінші дыбыс екенін нұсқайды. Алып отырған мысалымыздың екінші дыбысы *л* кестеде оң жағында төрт, сол жағында екі көлбеу сызығы бар тік таяқшамен таңбаланған. Жазу жүйесінің жоғарыда баяндалған шарттарына сүйеніп, оң жағындағы көлбеу сызығы төртеу болғандықтан, бұл әріп абжадтың төртінші тобына кіретінін білеміз де, тік сызықтың сол қанатындағы көлбеушенің саны екеу болғандықтан, оны осы сөздің (қаламан) екінші дыбысы етіп оқимыз. Жазғалы отырған сөзіміздің бұдан кейінгі дыбысының кестедегі символы. Демек, бұл әріп те абжадтың төртінші тобына (қаламан) жатады екен, сөз басынан санағанда онымыз үшінші болып шығады. Ал мысалымыздың соңындағы дыбыстың, яғни *a* дыбысының қалай жазылатыны осыдан бұрын

баяндалған жайдан бізге таныс. Сонда *алма* сөзі хат сарвидің өз тәртібімен оңнан солға қарайғы бағытпен жазсақ, болып шығады.

	а		я		з		к
	ҳ		з		м		л
	т		к		з		м
	с		з		з		н
	ҳ		с		н		ҳ
	х		ш		ф		у
	х		с		к		ц

Осы тұста мықтап ескеретін бір кілтипан бар. Ол – абжад жүйесіне кіретін сөздердің құрамындағы дауыстылардың бірде сөз басынан санағандағы есепке ілініп, бірде ілініп, бірде ілінбейтін ыңғайы. Араб графикасының хабары бар адамға бұл жай түсінікті. Араб жазуы консонант жазу, сондықтан сөз ішінде келген дауысты дыбыстар айтылуда бар болғанымен, жазуда көбіне еленбейді, түсіріліп жазылады. Сөз басынан санағанда “каламан” сөзіндегі *л* дауыссызының біздің есебімізде екінші әріп болып, *м* дауыссызының үшінші әріп болып тұру себебі бұлардың арасындағы

а дауыстысының жазуда еленбеуінен. Шынында да, бұл сөз арабша жазсақ, каламан болып жазылар еді.

Кириллица мен латынға дағдыланған адамға арабшаны оқу мен жазудың басты бір қиындығы осында, араб графикасындағы негізгі арқаудың дауыссыз дыбысқа құрылуында жатыр. Абжад жүйесіне негізделгендіктен мұндай қиындыққа арша жазуын игергісі келетін адамның да кезігуі әбден заңды. Сондықтан жазудың бұл түрімен таныс болғысы келген әр адам өз жұмысының бісмілләсін араб жазуының тәртібін үйренуден бастағына лазым.

Абжад жүйелі болуы себепті арша жазудың тек мұсылман жұртынан шыққан жазу болатыны өзінен-өзі түсінікті. Бірақ оның Орта Азиядан өзге өлкелердегі мұсылман қауымына тараған-тарамағаны жөнінде біздің дерегіміз жоқ. Ферғанадағы Бекболат Сәлиевтен бөтен адамның бұл жазудан хабары бар-жоғы жайында Әбубәкір Диваев та тіс жарып ештеме айта қоймаған. Бұл жазу туралы біздің бар білетініміз — осы Диваевтың мақаласында айтылған нәрселер ғана. Орта Азияның Ферғана тәрізді нақтылы бір өлкесінен табылып, оны білетін адамның, зерттеушіге айтып, баяндап берген адамның жергілікті халықтың өкілі болуы сияқты жайларға сүйеніп, бұл жазудың шыққан отаны да, тараған өңірі де осы Орта Азия атырабы деп жорамалдауымызға болады. Дәлірек айтсақ, жазудың иесі — Орта Азия жеріндегі түркі тілді халықтар мен солардың көршісі — иран тілді тәжік жұрты болуы әбден ықтамал.

Жүйесінің күрделілігіне қарағанда, жазу жаппай ел арасынан гөрі мұсылманша сауаты тереңірек, қоғамдағы мәдениеті жоғарырақ деген топтардың ішіне көбірек тараған. Көбіне-көп ол қоғамның осы тобының бір-бірімен хат арқылы құпияласуы үшін қызмет еткен жазу тәрізді. Жазудың мұндай түрімен хат бетінде сақталған нұсқалардың өлі күнге мәлім болмай келуі оның тарихы, қалай дүниеге келгенін, жеке адамдардың жазбаларына, сондай-ақ Орта Азия хандықтарындағы мемлекеттік құпия ісқағаздарына қатысын анықтауға қиындық келтіреді. Із кесіп іздеу салса, мұндай жазба нұсқалардың табылып қалуы ғажап емес. Біздің бұл жердегі көздеп отырған мақсатымыз — түркі текті жұрттарға өткен ғасырларда-ақ мәлім болған жазудың мұндай да түрі болғандығынан елді хабарлар ету. Сосын арша бейнелі әліпбимен жазылған нұсқаларға жолыға қалған кісі болса, оны тосырмамай түркі жұртының жазуы екендігінен құлағдар жүрсін дегендік.

Әдеби тіл. Тіл мәдениеті

Мысал жанрының бірегей үлгісі*

(А. Байтұрсынұлы шығармалары негізінде)

Үстіміздегі ғасырдың шүү деп басталар тұсы мен алғашқы ширегі халқымыздың рухани өмірін, мәдени де әдеби тіршілік тынысын жаңа бір бел-белестерге көтеріп, ірі серпіліс жасаған жемісті дәуір болды. Бұлай болуы елшілік ұранын көтеріп, жұртын феодалдық мешеуліктен арылуға, өнер-білімге, мәдениетке үндеген сол тұстағы қазақ интеллигенциясының шоқ жұлдыздай қауымы еткен әлеуметтік ізгі істерге байланысты, сонымен өзектес. Осы бір кезеңде ел-жұрттың құлағын елең еткізіп көкейіне қозғау салған, ой-санасына пәрменді ықпал еткен, зор әдеби жоралғы – Ахмет Байтұрсынұлының Петерборда 1909 жылы “Қырық мысал” деген атпен жарық көрген кітабы болды.

Мысалдап сөйлеу, ойын астарлап, бірдемеге меңзеп, тұспалдап айту – қазақтағы шешендік, ділмарлық өнердің ежелден келе жатқан көнігі тәсілі. Мысалдың да мысалы, түр-түрі бар. Ахаң кітабына арқау болған мысал жанры – қазақ үшін мүлдем бейтаныс әдеби жанр емес-тін. Сан ғасыр бойы атадан балаға мирас боп жалғасқан ауыз әдебиеті нұсқаларына назар аударар болсақ, оның өн бойынан мысал атаулының не алуан үлгілерін кездестіремізге ешкімнің күдігі де, күмәні де бола қоймас. Хайуанаттар туралы ертегі – қазақ ертегілерінің аса бір қаужамды мол саласы. Өз халқының тұрмыс-тіршілігінің сырын, небір көзден таса қалтарысына дейін мейлінше терең, жетік білген, халықтың қалың ортасынан қайнап шыққан Ахаң сияқты өте білімдар адам мысал жанрына бекерден-бекер ойыспаған, оған саналы түрде барған. Дәл осы жанрдың қазақтың ұғым-нанымына, түсінік-түйсігіне тонның ішкі бауындай жақын жатқанын бұл кісі жіті аңғарып, тұшына ұққан.

Хайуанатты, я болмаса күнделікті тұрмыс-тәжірибеде жиі кездесетін әртүрлі заттар мен бұйымдарды шағын сюжетті көркем шығарманың кейіпкері етіп алып, оларды кәдімгі адамдарша бір-бірімен тілдестіріп сөзге, әңгімеге тарту, түрлі-түрлі өмірлік уақиғаларға араластырып, солар еткен іс-харекет арқылы көңілге ой саларлық ғибрат тую, ишара түрінде нұсқалау – барша әлем әдебиетіне, соның ішінде қазақ фольклорына да ежелден таныс нәрсе.

* Мақала “Поэзиядағы мысал жанрының қалыптасуы мен дамуы” деген тақырыппен “XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілі” жинағында (Астана, 2001) жарияланған.

Ахаң болса “Қырық мысалды” шығармаларын XVIII ғасырдың аяғы мен өткен ғасырдың алғашқы жарымында жазған орыстың ұлы мысалшы классигі Иван Андреевич Крыловты (1768–1844) аудару арқылы түзген. Крылов – шын мәнінде мысал жанрын көркемдіктің биік шыңына көтеріп, оны орыс әдебиетінің нағыз халықтық төл дүниесіне айналдырған адам.

Атынан-ақ көрініп тұрғандай, Ахаң Крыловтың екі жүзге жуық мысал өлеңдерінің ішінен осы қазақ елінің ақуалына, қазақ адамының мінез-құлық психологиясына, дүниетаным, ойлау қабілетіне жақынырақ, үйлесімдірек келеді-ау деген аттай қырық мысалды таңдап алған да, оны өз бойына біткен ақындық ірі дарын елегінен өткізіп, асқан шеберлікпен сап күмістей таза қазақ сөзімен әрі тәржімелеген, әрі оны қайта жаңғыртып, жаңа бір философиялық, дидактикалық үнмен тың үлгіде қазақша жырлаған. Бұлай дейтініміз түп қазығы, сюжеттік желісі, мазмұны мен тақырыбы әуелде Крылов басняларында жатқанымен, “Қырық мысал” – біздің дәл қазіргі аударма туралы түсінігіміздің шеңберінен әлдеқайда оқшаулау, бөлектеу жатқан өзгеше бір соны дүние. Мысалдарды тек қырық етіп шектеудің өзінен-ақ кітап иесінің оны “қырық” саны туралы қазақ арасында ірге тепкен ежелгі түсінікпен үндестіруге ұмтылған сыңай танылады. *Отыз күн ойны, қырық күн тойы; қысқа күнде қырық айналу, қырық күн шілде, қырықтың бірі қыдыр; қыркын мінсе, қыр артылмас; қырық сан Қырым жұрты, қырық ру, қырық пышақ* деген тәрізді халық тілінде, ауыз әдебиеті шығармаларында жиі ұшырасатын машықты сөз саптаулармен осындағы Ахаң кітабының атындағы “қырық” астарлас, сабақтас. Келтіріліп отырған мысалдардағы “қырық” сөзі дәл осы қолданыс аясында тікелей сандық ұғымды білдіру үшін емес, бір нәрсенің молдығының, көптігінің, қадір-қасиеттілігінің белгісі есебінде алынған.

Осыншама мысал хикаяның басы бір жерге біріктіріліп жинақталған, сан алуан өмір, тұрмыс-тіршілік тақырыбы қамтылған кітап, адамдардың мінез-құлқын, жақсы-жаман іс-қылмық, харекеті туралы әр тараптан сөз қозғап, кісіге мысалмен тұспалдап ғибрат өнеге сілтейтін мұншалық кітап қазақ арасында ол кезде, әрине, көп болған жоқ.

Өз алдына жеке кітап болып басылып шықпаса да Ахаң дейін де баспа жүзінде жарияланған мысалдар, әрине, болған. Бұл ретте 1888–1902 жылдары Омбы шаһарында шығып тұрған “Дала уалаятының газетінде” жарық көрген “Қасқыр мен түлкі”, “Қасқыр һәм малшы”, “Түлкі мен қоян”, “Түлкі мен тырна”, “Тобылғы, баялыш, арша”, “Аю мен түлкі” тәрізді қазақ арасынан алынып, хат бетіне қара сөз күйінде түсірілген мысал өңгімелерді атасак болады. “Дала уалаятында” жарияланған мұндай қазақ мысалдары көп. Қазақтың өз мысалдарынан тыс газет өзге жұрттардың мысалдарына

да едәуір көңіл болген. Финн халқының “Үш жасыл жапырақ”, румын елінің “Асыл тастардың ерегіскені”, литвалықтардың “Бұлбұл мен қызыл гүл” секілді мысал ертегілерін қазақшаға аударып берген. Ертегі сияқты шығарма болғандықтан, бұлардағы уақиғаның әңгіме түрінде баяндалатыны өзінен-өзі түсінікті. Қара сөзбен айтылу — мысал атаулының халық шығармашылығына тән негізгі формасы. Ал өлең, қысқа сюжетті поэзиялық шығарма үлгісіндегі мысал, негізінен алғанда, солардың қаламы арқылы қанаттанып, өркен жаятын құбылыс. Өлеңмен айтылған мысалға кезіге қалсақ, алдымен әңгімені оның авторы кім еді деген сауалдан бастайтынымыздың осындай себебі бар. Өлең түрінде келетін авторы белгілі мысалдан да өткендегі әдебиетіміз құралақан емес. Алайда өлең үлгісіндегі мысалдардың дені — беріде, өткен ғасырдың аяқ тұсы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде, орыс классигі Крыловты аударуға орай өріс алған тәжірибе екені шындық. Мысал жанрының қазақшағы поэтикалық биік шыңы — Ахаңның “Қырық мысалы” екенінің басы ашық, “Қырық мысалға” дейін де Крылов мысалдарының қазақшаға аударылғандары болған. Абайдың өзі Крыловтың бірнеше мысалын аударған, Ыбырай Алтынсариннің “Киргизская хрестоматиясында” да Крыловтан алынған мысалдар бар. “Қырық мысалды” жазарда Абай шығармаларымен түгел таныс болмаса да Ахаң Абайдан мол хабардар болған. Ол Алтынсарин еңбектерін боса-болмаса да тіптен ерте білген, өйткені бұл кісінің өзі — Алтынсарин Торғайда ашқан екі сыныпты қазақ мектебінің түлегі еді ғой. “Киргизская хрестоматиядағы” Крыловтан аударылған “Егіннің бастары” дейтін мысал өлеңді Ахаң “Қырық мысалға” бір сөзін өзгертпестен сол күйінде енгізген. “Қырық мысалға” Алтынсарин кітабынан енген өзге де мысалдар жоқ емес: “Бір мерген бозша құсты атып алды” деп басталатын және “Қайырымды түлкі” жөніндегі мысалдарды да Ахаң осы Алтынсарин хрестоматиясынан алған да, аяқ жағына өз жанынан екі шумақ өлең қосып, “Қырық мысалды” жазудағы өзі берік ұстаған дәстүрдің ізімен бұдан шығатын қорытынды не болмақ? деген жайға біраз аялдап өткен.

Ахаңдағы Алтынсаринмен әуендес келетін Крылов мысалдарының бірі — “Қарға мен түлкі”. Алуын Крыловтан алғанымен, Ахаңның аудармасы Алтынсариннің оқулығындағы аудармадан мүлдем басқаша.

Осы ыңғайда назар аударарлық бір жай: Крыловтың бұл мысалының қазақша аудармасының бірнеше нұсқасы бар. Біз білетін ең алғашқы нұсқа — Ыбырайдікі, мұны ол кісінің оқулығынан алып, 1892 жылғы 51-санында “Дала уалаятының газеті” жариялаған. Крыловтың “Ворона и лисица” деген мысалын бір Абайдың өзі екі түрлі нұсқада аударған ғой: бірі — “Жұрт біледі, күледі” деп, екіншісі —

“Боқтықта талпандап” деп басталады. Сюжеті бір болғанымен, мұның екеуі – екі басқа дүниелік, екі басқа өлең. 1909 жылы Кәкітай Петерборда бастырып шығарған Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағына енген “Жұрт біледі, күледі” деп басталатын аударма аса көркем, әрі түпнұсқаға екіншіге қарағанда анағұрлым жақын. Сонымен, бір ғана мысалдың қазақтағы біз білетін нұсқасы төртеу екен.

Өлең түгіл қара сөзбен жазылған дүниеліктің тіптен көркем шығарма атаулының бір тілден екінші тілге аударылуының шартты нәрсе екені түсінікті. Шарттылықтың ең кереметі – өлеңді өлеңмен аудару. Әрі шарттылығынан, әрі қиыншылығынан болу керек, кей еуропа халықтарында бөгде тілден өлеңді қара сөзбен аударатын үрдіс бар екен. Бір тектен өрбіген, оның өзінде де тым жақын тіл болса бір сәрі, бірі түркі текті, бірі үндіеуропа текті, тіптен арасы жер мен көктей кереғар алшақ жатқан орыс пен қазақ сынды тілдерден өлеңді бірінен-біріне тәржімелеу – шарттылықтың көкесі осында жатыр. Крыловтың бір ғана “Қарға мен түлкісінің” төрт аударма нұсқасының әрқайсысының әр аудармашыда әр басқа өлең боп шығуының осы секілді сыры бар.

Өлең аудармаға тән шарттылық атаулының небір кілттипанына біз осы “Қарға мен түлкінің” Ахаң нұсқасынан жақсы қанығамыз. “Қырық мысалға” енген жазушы туындыларының өн бойынан жиі байқалатын аудармашылық еркіндіктің айқын бір көрінісі – осы шығарма. Шүу дегеннен-ақ Ахаң мысалда әңгіме қай тараптан шертілетінін, онда не хақында сөз болатынын аңдататын орысша түпнұсқадағы ұзақ-ұзақ үш өлең жолымен берілген кіріспеге соқпастан, мысалды бірден ондағы оқиғаның өзін баяндаудан бастайды да, бұдан алар ғибрат не деген қорытындыны жыр аяғына әкеп түйіндейді. Жыр құрылысын Ахаң бұлайша әдейілеп өзгерткен. Өйткені бұл құбылыс “Қырық мысалға” енген мысал-өлең атаулының баршасына тән. Жазушы әдебиетте жырға арқау болып отырған оқиғаны оқушысына тәптіштей әңгімелеп береді де, оқиға тамамдалғаннан кейін мұны қалайша талдап, қалайша ұғынарға керек деген жайдан ақыл-кеңес айтады. Осы секілді құрылыммен келетін мысалдар Крыловтың өзінде де аз емес, бірақ ол кісінің жырдағы уақиғаға берілер бағаны жоғарыдағыша әңгіменің басталар тұсына келтірген реттері де, кейде аяқ жағына жинақтаған кездері де баршылық. Тіптен кейбір мысалдарында болған жайды, уақиғаны бүге-шігесіне дейін қалдырмай баяндап беріп, ендігі шешуін, оқушым, өзің тап, төрелігін өзің айт дегендейін сыңай танытатын кезі де жоқ емес. Халқының көкірек-көзін ашуды, қалың елін ұйқыдан оятуды мақсат тұтқан, ағартушылық бағыт ұстаған, әрі отаршылдық езгіден арылып, жұртын азат ел болуға шақырған адам болғандықтан да Ахаң әрбір мысалын өз көкейінде жүрген ойын

жалпақ елге жеткізетін, қандай істен үлгі-өнеге алып, қандай қылықтан жеріну, бойды аулақ салмақ қажет екенін уағыз ететін әдеби құрал деп, ғибрат сөз деп ұққан, сол үшін де аудармадағы дәлдік, түпнұсқаның егжей-тегжейі деген өлшемдерге аяғынан тұсалып қалмай, қаламының тізгініне ерік беріп, еркінірек сілтеп, мысалдық сюжеттерді өз айтпақ ойына, өз мақсатына, қазақ тіршілігіне лайықтап зор ақындық шеберлікпен қайта жаңғыртып, аса бір оңтайлы да ұрымтал үлгіде пайдаланған.

“Қарға мен түлкіні” аударған кезде Ахаң бұл мысалдың Абай аударған нұсқасын білді ме, білмеді ме ол арасын айтып бере алмаймыз, ол Алтынсарин нұсқасымен таныс болатын жөнін жоғарыда айттық. Алтынсариннің хрестоматиясындағы “Қарға мен түлкі”, “Егіннің бастары” деген мысалдарды бір сөзін өзгертпестен қаз қалпында алып, “Қырық мысалға” енгізген, бірақ өз мысалдарына тән ортақ үлгіге бағындырып, бұлардың аяқ жағына бұдан үйренер өнеге туралы өз тұсынан бірнеше шұмақтан тұратын өлең қосқан. Ал Ыбырайдың кітабында бар “Қарға мен түлкіге” келгенде бұлай етпеген, мысалды орыс тілінен өзінше бөлек тәсілмен, тыңнан өзгеше бір нәр бере, дамыта аударған. Ыбырай, Абай аудармасы былай тұрсын фабуладағы, кейіпкерлеріндегі ұқсастық, бірлік демесек, мұны Крыловтан аударылып алынған шығарма деудің өзі шартты түсінік қана. Бұл жай басқасын былай қойғанда, шығарманың көлемінен-ақ көрініп тұр. Крыловтағы жиырма алты жолдан тұратын өлең Ахаңда қырық сегіз жол болып шыққан. Бір көзбен қарағанда бұл мысал шығарымпаздық, ақындық өнердің жарысы есепті. Бір тақырыпты осылайша қатар, тай-талас әңгімелеу, жыр ету әдебиетімізде ежелден бар дәстүр. “Шаһнаманы”, “Мың бір түннің” сала-сала ертегілерін бас-басына жырға айналдыру — орта ғасырда өмір сүрген парсы, түркі поэзия алыптары мирас тұтып, машықтаған әдеби үрдіс болатын. Араб ертегісі “Ләйлі-Мәжнүнді” Низами, Жәми, Науаи, Физули сынды шығыс классиктерінің талайы жырлаған. Мұның өзін Мұхтар Әуезов осы ақындардың жыршылық күдіретін танытатын шеберлік жарысы, өнер сайысы деп атаған ғой. Мұны айтқанда біз осы бір мысал аударманың ең тәуірі кімдікі еді дегенді анықтап, соған жіп тағуды мақсат тұтып отырған жоқпыз. Абай, Ыбырай, Ахмет сынды алыптардың мысал жанрына деген назары қаншалық екенін, бұл жанрдың әдеби мән-маңызы мен қыр елінің тұрмыс-тіршілігіне жақын-жуық келетін, оның қазақ ұғымына үйлесімділік ыңғайын сол кісілердің қалай сезініп, қалай танығанын айту, осы бір ғана тетік арқылы мысал жанрының шүү деп ірге теуіп, дүниеге келуінің бастамасында осы секілді ірі әдеби тұлғалардың тұрғандығынан ел-жұртты хабардар ету.

Орыс өлеңінің құрылысы қазақтікінен басқаша болғандықтан Ахаң Крылов мысалдарының құрылыс ерекшелігін сақтауға тырыспаған.

Ой дәлдігін, мазмұн дәлдігін, кейде сөзбе-сөз дәлдікті де мықтап ұстанғанмен, өлең құрылысына келгенде Абай да осылай еткен. Крылов мысалдарына тән өлең шығарудың тоникалық жүйесін машықтау Аханда да, Абайда да жоқ. Крыловтың “Ворона и лисицасында” он екі, он үш жолдан тұратын өлең жолдары бар, ал қазақ өлеңінің құрамында мұндай өлшемнің жоқ екенін бәріміз жақсы білеміз. Түпнұсқадағы жақындықты сақтай отырып, Абай бұл мысалды жолдары жеті-сегіз буынмен келетін өлеңмен тәржімелеген, Ахмет оны он бір буынды төрт жолды өлең үлгісінде берген. Жүйесі әр басқа тілдерден аударылып отырған шығарма болғандықтан, өлең құрылысындағы айырмашылықтың болуы, әрине, заңды. Қалай дегенде де өлең құрылысындағы ұқсастық түпнұсқаға жақындықтың кепілі бола алмайды. Аударма өлең үшін мәселенің бастысы бұл емес. Түпнұсқаның жанрлық ерекшелігін сақтау, жазушының уақиға кейіпкерлерінің мінез-құлқын, түр-тұлғасын даралаудағы шеберлігін, өлеңдегі бөгде тілде бейнеленген көркемдік сурет пен эстетикалық сұлулықты оқушыға ана тілінде айна қатесіз жеткізіп беру — міне, аударма атаулының алдына тартар негізгі деген шарттардың басты-бастылары осылар болса керек. Осы секілді биік талап мүддесінен шыққан Ахан мысалдарының келісті біреуі — “Қарға мен түлкі” екені шүбәсіз.

Қарғаның аузына ілінген ірімшікті көріп, оны алдап қақланға түсіріп, ірімшігін олжаламақты көздеген түлкі қу құйрығын бұлғандатып мүләйімсіп:

Тамаша қарағанға түрің қандай,
Мына көз, мынау мойын, мұрын қандай!
Гауһардай қанаттарың жарқырайды,
Келісті қалай біткен және мандай!
Көркемдік сипатыңнан табылғанда,
Даусың да болса керек шырын-балдай! —

деп, қарғаның “сұлулығын” аузынан суы құрығанша тамсанып, таңырқап кеп мақтайды. Бұл жолдар түпнұсқадағы:

Голубушка, как хороша!
Ну что за шейка, что за глазки!
Рассказывать, так, право, сказки!
Какие перышки! Какой носок!

И, верно, ангельский быть должен голосок, —

деп келетін шумақтан көркемдік әрі поэтикалық шеберлігі жағынан еш кем соғып тұрмағанын қазақ сөзінің, қазақ өлеңінің қадірін түсіне, тани білетін әрбір адам байымдаса, аңғарса керек. Мағыналық дәлдікті де, тіптен кей ретте сөзбе-сөз дәлдікті де қадерінше, мүмкін болған жерінің бәрінде сақтай отырып, ғажайып бір бейнелі жанды сурет жасайды аударма авторы.

Өлең жолының аудармада я азайып, я көбеюінде тұрған бөлендей принциптік нәрсе жоқ. Гөп аударма арқалайтын мазмұнның, көркемдік жүктің түпнұсқадан кем түсіп, осал соқпауында. Крыловтың өзіндегі:

Спой, светик, не стыдись! Что ежели, сестрица,

При красоте такой, и петъ ты мастерица, —

деп келетін әрқайсысы он үш буыннан құралған екі жолды Ахаң әр жолы он бір буыннан тұратын бір шумақ өлеңмен:

Нұрыңды күн секілді коріп тұрмын,

Шыдамай бойым балқып еріп тұрмын.

Даусыңды тым болмаса бір шығаршы,

Естуге құмар болып өліп тұрмын, —

деп еркін аударып шыққан. Тізгінді еркіндікке бергенімен, Ахаң таңдаған баламаның салмағы, поэтикалық оңі тұлкінің көлгірлік көкейін танытатын бұл жердегі әсіре сөз, жалған мадақ түпнұсқадан зәредей де кем емес, мазмұны да ап-айқын, тілі де жіптіктей. Әсіресе мұндағы иронияға толы кекесін сөздер — өте өткір, ұтымды, оқып отырғанда еріксіз езу тарттыратын жайлар.

Дүниенің төрт бұрышына ежелден кең тараған, әдебиет әлемінің баршасына мәшһүр жанр екеу болса, мысал жанры соның бірі де, біреу болса, ол — соның өзі. Біздің заманымызға дейінгі алтыншы-бесінші ғасырларда өмір сүрген көне заман әдебиетінің аса ірі өкілі Эзоп машық тұтқан әдеби жанрдың бірі де осы мысал. Ол кісіден үш жүзден астам мысал қалған. Оның мысалдарының алғашқы кітабы Ресейде 1712 жылы жарық көріпті. XVII ғасырдың аяғында жинағы басылып шыққан Лафонтен де зор мысалшы талант иесі болған адам. Сол тәрізді Крыловтың алдында өмір сүрген белгілі орыс жазушысы Сумароков та (XVIII ғасыр) мысал жанрымен қатты шұғылданған. Түптамыры осы секілді ірі-ірі әдебиет өкілдерінің шығарымпаздық өнерімен сабақтасып жатқан, бір өзегі халық фольклорына барып тірелетін осыншалық бай дәстүрі бар мысал жанрын көркемдік шыңына шырқатып, оны орыс әдебиетінің алтын ғасыры аталған — XIX ғасыр әдебиетінің озық туыңдылары дәрежесіне көтерген адам шын мәнінде Крылов болды, мысалдарының бірінші кітабы басылып шыққан 1809 жылдан бастап бұл кісінің есімі асқан кәнігі мысалшы есебінде әдебиет әлемінен мықтап орын тепті.

Ахаң “Қырық мысалының” алғашқы кітабына арнаған беташарын, “Орыстың тәржіме еттім мысалдарын” деп бастайды, әрине, Эзоптың мысалдарын, Крыловтың мысалдарын деп атаса, оны ат төбеліндей зиялы қауым болмаса, жалпақ дүйім ел қазақ түсінбеген болар еді, сондықтан Ахаң орыстың деп әдейі айтқан ғой. Осыдан бұрын ескертіп өткеніміздей, Крылов мысалдарының өзінің түп төркіні

жоғарыда аттары аталған, сондай-ақ аттары аталмаған да мысалшылардың еңбегімен астарласып, селбесіп жатқаны – көбімізге-ақ аян жай. Крыловты зерттеген Степанов (Степанов Н.Л. Мастерство Крылова-баснописца. М., 1956. 7-б.) Лафонтеннен орысшаға Крылов аударған “Пустынник и медведь” делінетін мысалдың із-өкшесі “Кәлилә мен Димнә” хикаясынан бастау алатынын айтады. Ахаңның “Кісі мен аю” деген атпен Крыловтан аударған бұл мысалы да “Қырық мысал” кітабы жарық көрмей жатып-ақ қазақ топырағында көп вариантты шығармаға айналған. Бұл мысалды бірінші болып баспа жүзінде жариялаған адам – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай оны өлеңге айналдырмай, хрестоматиясында қара сөзбен әңгімелеп жазған. Әуелде бір негізден орбіген тақырып ортақтығы болғанымен, мысалдың сюжет желісінде Крыловтікінен біраз айырмасы да бар. Әңгімені жазушы “Ақымақ дос” деген атпен атап, бұл уақиға Дәуіт пайғамбардың заманында болған екен, досын шыбыннан қорып отырып, бетіне қонған шыбынды таспен жасқаймын деп қапияда досын өлтіріп алған аюды мұның жазасы не болмақ деп ел Дәуіт пайғамбардың алдына сүйреп апарған екен деп баяндайды. Мұндай эпизод Крыловтың аталған мысалында да жоқ. Соған қарағанда, хрестоматияны құрастырушы мұның сюжетін “Кәлилә мен Димнәнің” тікелей өзінен алған. Өйткені бұл хикая қазақ арасына Крылов шығармаларынан ертерек, мұсылмандық шығыстың классик әдебиеті арқылы тараған. “Кәлилә мен Димнә” болса, оны алғашқы аударған жұрт парсылар мен арабтар; парсы тіліне ол XV ғасырда, араб тіліне VIII ғасырда аударылған. Бұл – “Панчатантра” (бес кітап) деген көлемді үнді жәдігерлігінің бір сала хикаясы ғана. Ислам мәдениетінің қазақ арасына ірге тебуі орыстармен аралас-құраластықтан көп ілгері заманғы жай екендігін бұл жерде дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Мұның бәрін тізбелеп, тәптіштеп жатқандағы біздің айтпағымыз – мысал жанрының бүкіл әлем әдебиетіне ортақ дүниелік екенін оқушы қаперіне салу. Тақырып ортақтығы, әдеби амал-тәсіл ортақтығы өз алдына әр мысалдың кейіпкерлеріне дейін бір-біріне егіздің сыңарындай ұқсас келіп отырады. Ахаң мысалдарындағы Крыловтан алынып, түп төркіні көне заман әдебиетімен астасып жататын сюжеттік құрылым, оқиға, тақырып, кейіпкерлер – адамзат мәдениетіндегі, оның ірі саласы әдебиеттегі заңды жалғастықты, селбесікті танығатын объектив құбылыс.

Ахаң “Кісі мен аю” деген мысалын Крыловты тікелей аудару арқылы түзген. Оған дейін де бұл мысалдың өлеңмен аударылып, 1895 жылы “Дала уалаяты газетінде” басылған бір нұсқасы бар, бірақ оны кім аударғаны белгісіз, өлең соңына тәржімеші қол қоймаған. Поэтикалық көркемдік жағы, түпнұсқаға жақындығы тұрғысынан

Ахаң аудармасының мойны бұдан әлдеқайда озық еді десек, әсіре айтқандық болмайды. Ахаң аудармаларының ішіндегі орысша текске мейлінше жуық келетіндерінің бірі де осы мысал. Мұнда орысша нұсқамен жолма-жол келіп отыратын:

Бір адам айдалада елден жырақ —
 Жеке тақ жапан түзді қылды тұрақ,
 Жаяулық, жалаңаштық жақсы емес қой,
 Жалғыздық олардан да қиынырақ, —

деген сияқты орысша нұсқамен жолма-жол келіп отыратын шумақтар молшылық. Осы төрт жол орысшасындағы:

Жил некто человек безродный, одинокий
 Вдали от города в глуши.

Про жизнь пустынную как сладко ни пиши,
 А в одиночестве способен жить не всякий, —

деген жолдарды бірінің аузынан бірі түсіп қалғандай дәлдікпен бергені бесенеден белгілі болып, ап-айқын көрініп тұр. Мұнда да мысал соңын аудармашы өз тарапынан айтылған ақымақ дастан ақылды дұшпан артық деген уәжбен:

Жігіттер, сақтаныңыз надан дастан,
 Досыңнан надан болса, артық дұшпан.

Белгілі жаудан кісі күтінеді,
 Тиеді достың оғы қапылыстан, —

деген пәлсапалық қорытынды жолдармен аяқтайды.

Аудармадағы дәлдікті Ахаңның кейде кейіпкерлердің алма-кезек сөз жарыстыратын ыңғайына дейін — диалогтарға апарып тірейтін сәттері де аз кездеспейді. “Қасқыр мен қозы” деген мысалда бұлаққа келіп су ішкелі жатқан қозыға тиіскісі келіп, сылтауратып, әңгімені жала жабудан бастаған қасқыр Крыловта қозыға былай дейді:

Как ты смеешь ты, наглец, нечистым рылом

Здесь чистое мутить питье

Мое

С песком и с илом?!

За дерзость такову

Я голову с тебя сорву.

Сонда оған қозы тұрып:

Когда светлейший Волк позволит,

Осмелюсь я донести, что ниже по ручью

От Светлости его шагов я на сто пью;

И гневаться напрасно он изволит

Питья мутить ему никак я не могу, —

дейді. Дәл осы диалог түріндегі он жолды екі шумақты Ахаң да он жолдан тұратын өлеңмен:

– Сен қозы, текке қарап жүре алмайсың,
Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың.
Мойныңды қазір жұлып алайын ба,
Суымды неге былғап ылайлайсың?

– Қозы айтты: Қасқыр тақсыр, тоқта азырақ,
Тергеңіз күнәм болса ғаділ бірақ.
Ізіңіз жатқан жерден томен келіп,
Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ,
Бұл жерден ең аз болса бір жүз қадам
Мүмкін бе ылайлауға осы арадан? –

деп диалог түрінде береді.

“Еменнің түбіндегі шошқа” деген мысалды автор кейіпкерлердің түпнұсқадағы алма-кезектеніп келетін диалогын жолма-жол дерлік айнытпай бергенін көреміз. Дарақтың түбіндегі шашылған қауашақ дөңге тойып алып, ұйқыға кеткен шошқа оянған бойда әлгі өзі жемісін жеген дарағының тамырын тұмсығымен сүзгілеп қопара бастайды. Мұны жоғарыдағы бұтаққа қонып отырып көрген құзғын шошқаның қылығының ерсілігін айтып тіл қатады, шошқа оған жауап қайтарады. Бұл жердегі құзғын мен шошқаның диалогын, оған еменнің жауабын автор түпнұсқаның өзіндегідей етіп берген. Енді осының орысшасын қазақшасымен салыстырып көрелік. Алдымен назарды құзғынның сөзінен басталатын мына шумаққа аударыңыз:

Ведь это дереву вредит,
Ей! – с дубу ворон говорит, –
Коль корни обнажишь, оно засохнуть может.

Шошқа оған мынадай жауап қайтарады:

Пусть сохнет, – говорит Свинья, –
Ничуть меня это не тревожит,
В нем проку мало вижу я,
Хоть век его не будь, ничуть не пожалею,
Лишь были б желуди: ведь я от них жирею

Осы арада өңгімеге Еменнің өзі араласып, шошқаға былай дейді:

Неблагодарная! – примолвил Дуб ей тут, –
Когда бы вверх могла поднять ты рыло,
Тебе бы видно было,
Что эти желуди на мне растут.

Құзғынның сөзінен басталатын мысалдағы осы бөлікті тәржімешінің түпнұсқадан бұлжытпай диалог түрінде аударғанына мына жолдар көзімізді кәміл жеткізеді:

Шошқаға сол уақытта сөз айтады
Ағаштың басындағы құзғын көріп:

“Тамырын қазып аршып тастаған соң,
Қалмай ма Емен қурап, кеуіп, семіп?”

“Қураса құрайды деп қиналман көп,
Қурамай тұрғанменен неме ол сеп?

Қурасын, маған салса, күйіп кетсін,

Қайғырман оның үшін уайым жеп,

Құдайым жемісінен айырмасын –

Қылатын мені семіз солар ғой тек”.

Сол шақта күңіреніп сойледі Емен

Шошқаға айтып тұрған осылай деп:

“Ей, шіркін, жақсылықты білмейтұғын,

Білсең сен, не бетің бар бүй дейтұғын?!

Жоғары қарай алсаң білер едің,

Шыққанын жеміс қайдан сен жейтұғын”.

Мысалдардың тақырыбындағы мазмұн, уақиға желісіндегі даусыз жақындық, бірлік боса-болмаса да, ал жоғарыдағыша түпнұсқамен дөп түсіп жататын шумақтар да, жолдар да Аханда, шүкір, баршылық. Аударып келе жатқанда өлеңдегі бір-біріне ілес, жалғас келетін жолдардың түпнұсқасындағы төртінші мейлінше сақтау әр кез қолдан келе бермейтін, өте-мөте қиын нәрсе екені түсінікті. Осындай қиыншылыққа кезіккен жағдайда автордың арақидік жолдардың орнын әдейілеп ауыстырып берген ыңғайын, бірақ диалогке араласатын кейіпкерлердің сөзін түпнұсқадан ашшақтатып жібермеуге үнемі ыждағат қылатынын анық байқаймыз.

Әдеби шығарманың түпнұсқасындағы дәлдікті, стильдік ерекшелікті, шығарма иесінің сөз саптауындағы машықты белгіні, кейіпкерлердің тілдік мінездемесін шамадан келгенше қаз қалпынан аудармай жеткізу – аударма атаулыға қойылатын негізгі талап. Аханның “Қырық мысалы” осындай талаптың үддесінен шыққан шығарма екені шүбәсіз. Бірақ “Орыстың тәржіме еттім мысалдарын” деп ақын өзін соншалық кішірейте айтқанымен, “Қырық мысал” осыдан бұрын орынды ескертіп өткеніміздей, жай аудармашылық деңгейдегі шығармадан әлдеқайда биік түр. Әрідегі Эзоп, данышпан Пильпай, берідегі Лафонтен сынды мысалшыларды аудару арқылы солардың тақырып байлығын, уақиға байлығын молынан игере отырып түзген Крылов мысалдарының бірде-біреуін орыс зерттеушілері өсте жай ғана аударма шығарма шеңберінде алып, қалай болса солай қарамаған, жай ғана аударма деп ат үсті бағаламаған ғой. Крыловтан ежелден келе жатқан әдеби жанр – мысал жанрын әрі қабылдаушы, әрі дамытушы, байытушы деп таныған. Аханның мысалшылдық өнерін біздің де дәл осылай бағалап, осылай танығанымыз абзал. Дүниежүзілік әдебиеттегі сонау есте жоқ ерте заманнан келе жатқан дәстүр – сөзді, ойды мысалмен түспалдап,

астарлап айтатын дәстүрді берік ұстана отырып, мысалға не алуан қызғылықты да тартымды сюжеттік қисындарды молынан пайдалана отырып, Крылов өз мысалдарын қалай жазған, қалай шығарған болса, Ахаң да дәл солай еткен. “Қырық мысал” Крылов шығармаларының қазақша аудармасы ғана деп білетін болсақ, қателесеміз.

Ахаң — Крыловта бардың іліп алар нәрлісін, асылын бойына еркін сіңіре, өзге жұрттардың тұрмысына, сенім-нанымына қатысты деген реалиялардың ешбіреуінен жиіркенбестен, оны өз халқының түсінігіне, ақыл-ой парасатына мейілінше лайықтап, барынша бейімдеп, ешкімге ұқсамайтын, қазақ топырағының өзіне ғана тән қолтума шығарма жасаған адам, жазба үлгідегі әдебиетімізде мысал жанрының біржолға ірге теуіп, дербес әдеби жанр ретінде қалыптасуын шынайы орнықтырған кісі де осы Ахаң.

Мысал өлең — нақтылы сюжетке құрылған қысқа өңгіме тәрізді жанр, бұл жағынан оны көбіне-көп новеллаға ұқсатуға болады. Айталық, лирикалық толғаулар белгілі бір бағытпен өрбитін сюжеттің болуын қажет етпейтін болса, мысал үшін сюжет басты шарт, олай болатыны мұндағы айтпақ ойдың, барша драматизмнің жүгін арқалайтын басты тірек, түп қазық — осы сюжет. Мысал мейлінше қысқа, келте сюжеттің өзімен-ақ өмірдің небір қалтарысында жатқан көзден таса жайлар мен адам психологиясындағы құбылыстарды бүге-шігесіне дейін ап-айқын етіп алдыңызға жайып салады.

Өз жанынан сюжет құрау — мысалшы үшін әрі-беріден соң міндетті де емес. Халық арасында бұрыннан бар дәстүрлі сюжет елдің ұлттық түр-тұлғасын, мінез-құлқын жанды бейнелермен кескіндеп беруге еш уақыт қол байлау болған емес. Мәселенің кілті баяғыдан-ақ таныс сюжеттік мотивтерді оңтайлы пайдаланып, оны жаңа идеялық-көркемдік мазмұнмен байыта, дамыта білуде. Мысалдарды оқушының көкейіне ой саларлық тың бір қорытындылармен түйіндеп немесе образдарды сатиралық деңгейге көтеріп, мысқыл, кекесін тудыру жағына келгенде — “Қырық мысал” алдына жан салмайтын ғажайып кітап десек, мұнымыз жай өсіре айтылған сөз болып шықпайды.

Түптамбыры ел-жұрттың көбіне ортақ, орыс қауымына танымал сюжеттен өрбігенімен, “Қырық мысалды” аударма жөнінде санамызда қалыптасқан түсінік тұрғысынан өлшеп, сол шамамен бағаласақ, мұнымыз оның шынайы құнына, сөз жоқ, олқылық қылады. Ол — нағыз ұлттық шығарма, әдебиетіміздегі мысал жанрының ең бірегей үлгісі. Бұл жай, ұлттық колорит оның басынан аяғына дейін дәйекті түрде сақталған. Мұның бәрі оқиғалардың, мазмұнның дамуындағы халықтық сарыннан, қыр тіршілігімен үндесе келіп жататын әңгімелердің тізбегінен, мысалдардың

соңындағы жазушы тарапынан айтылған пәлсапалық, дүниетанымдық, дидактикалық түйіндеулерден айқын елес береді.

Дайын сюжеттік схеманы пайдалана отырып, Ахаң әдеби жанрдың осы саласындағы туу заманнан қалыптасқан үлгімен хайуанаттардан сахара тіршілігімен әуендес аллегориялық сипаттағы типтік характерлер жасайды.

Қоғамдық-әлеуметтік іс-харекеті өткен ғасырдың соңы мен Қазан төңкерісіне дейінгі аралыққа тура келетін қазақ зиялылары ішінде Еуропа қауымының прогресшіл-демократияшыл идеяларымен үндес, сабақтас болмағандары кемде-кем. Өртенге біткен құрақтай қаулап өсіп, сол тұста жаңа қанат жайған қазақ интеллигенциясының үркердей тобының арасынан белсеніп шығып, саяси-әлеуметтік деңгейге көтерілген, есімі бүкіл халқымызға танымал аса ірі тұлға Ахмет Байтұрсынов та Еуропа мәдениетінің, әдебиетінің озық үлгілерін қастер тұтқан, жастайынан мұсылманшылықпен қатар орыс мектебінен тәлім алып, Батыс, сондай-ақ орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларымен ертеден-ақ ауыл үй қонған адам бұл кісінің құрықты өзгеге емес, мысал жанрына салуында мынадай сыр бар. Абай қаламы арқылы қанаттанып, жазба әдебиетімізде ірге тепкен “ғақлия” дәстүрі, шынтуайтқа келгенде, түптамыры әріде жатқан бүкіл ортағасырлық шығыс әдебиетіне, соның ішінде мұсылмандық шығысқа қатысты дәстүр. Ағартушылық, ұстаздық бағыт ұстанған қаламгерлеріміз арасында бұл дәстүрді аттап өтіп, орағытып кеткендері жоқ десек те болады. “Ғақлия сөз” деп ат қоймаса да Ыбырай да өз шығармаларын үлгі, өнеге айтудан бастаған ғой. Халқының көкірегін ашуды, қалың ұйқыдан оятуды көздеген Ахаң да осы бағытты ұстанды. Бұған баратын жолды ол мысалдан тапты. Көкейіндегі ойын бірынғай ақыл-кеңес беріп, құрғақ насихат айтудан гөрі мысал арқылы нұсқалап, ишарамен ұқтыруды ұтымды тәсіл деп таныды ол кісі. Іс жүзінде мысал жанры жазушы күткен үмітті ақтады да. “Қырық мысал” шын мәнінде, қазақ әдебиетін жаңа бір бел-белес биігінен көрсеткен, ел-жұртымыздың рухани санасына пәрменді ықпал еткен еңбек болды.

“Қырық мысалдың” сюжет, уақиға желісі мен мазмұнының қарапайым оқырманның түсінігіне оңайлығы, қыр тіршілігіне үйлесімділігінің үстіне оны нағыз бұқаралық сарындағы шығарма еткен негізгі тетік, басты кілт оның тілі еді десек, әділін айтқан боламыз. Ол – төлтума поэзия үлгісінде қазақтың халық тілінің қаймағымен жазылған дүниелік. Бағы заманнан қазақ жұртымен егіздің сыңарындай бірге жасасып, атадан балаға мұра боп селбескен тіл қазынамызды Абай қалай түлетіп, қалай көктеткен болса, Ахмет Байтұрсынов та дәл солай қызмет етті. Әрісі барша түркі тілді шығыста, берісі Кіндік Азияда ортағасырлық дәуірден бастап ең ірі

деген жазба әдебиет өкілдері мықтап ұстанған тілдік дәстүрге өзінен бұрынғылардай талғаусыз қарамай, оның кемшілігі неде екенін жіті танып, жазба әдебиеттің халық тілін арқау етуі керектігін Абай қалай ұққан болса, Ахмет те дәл солай ұққан. Тірегі қазақы бола тұра ортағасырлық шағатай нышанын бойына сақтаған, татар элементімен шұбарланған, халық тілінен едәуір алшақ қоймалжың бір үлгідегі қазір көп ыңғайда өзіміз “кітаби” деп атап жүрген дәстүрден Абай бойын қалай аулақ салған болса, Ахмет те дәл солай етті.

Сөз білмекті өнер танып, қалір тұтқан халқымыз оз жадында сөз маржанының не бір асылын қастерлеп сақтай білген. Есте жоқ ерте заманнан ел аузында жатталып, бүгінгі күнге келіп ұласқан қазіргі мәдениеті мен талғамы биік қауымның рухани мұқтажын өтеуге жарап отырған халқымыздың ауыз әдебиетінің өрен үлгілері – осының айғағы. Бұлбұлдай сайраған шешендер, сұңғыла жыраулар, майталман айтыс ақындары қалдырған жыр нұсқалары, ислам шығысына ортақ аңыз-әңгімелерді, “Мың бір түн”, “Шахнама” уақиғаларын жырмен толғаған қисапсыз мол қисса-дастандар қазақ әдеби тілінің ұлы көші әріден басталатынын жақсы аңғартады. Абайдың да, сондай-ақ үстіміздегі ғасырдың алғашқы тұсында Абайға тете, ілес қалам тебіrentкен Ахаң сынды есімдеріміздің алдында қазақ әдеби тілінің, оның ішінде поэзия тілінің осы секілді келелі мектебі жатқан-ды, сондықтан да бұл кісі қалдырған мұраның тілін сол бір өнегелі, көшелі жолдан бөле-жара қарамай, біртұтас диалектикалық бірлікте астарластыра, сабақтастыра қарау лазым.

Білімді мұсылманша алып, қолына қаламды Ахандарға дейін ұстаған қазақ жазба әдебиетінің өкілдерінің көпшілігі бүкіл Кіндік Азияны бірнеше ғасыр бойы жайлаған шағатай әдеби тілінің дәстүрінен, өздеріне кәнігі дәстүрден алысқа ұзап кете алмай, өлең жазсын, қара сөзбен хат жазсын, со бір заманға тән жазба өрнекпен нақыштап, со бір заманға лайықты сөз саптамақты машық тұтқан. Мұның үстіне мұсылманша хат таныған көзі ашықтардың біразы өткен ғасырдағы дін, кітап, жазу дүниесіне зор ықпалы болған татар жұртының ағартушылық дәстүріне қатты еліктеген ғой. Қазақ тілінің орыс тіліндегі тұңғыш грамматикасын түзген белгілі ғалым, Ыбырай Алтынсариннің үзенгілес досы, сахара еліне православиені ендіріп, қазақтарды шоқындырмақ ниет көздеген орыс миссионері Николай Ильминский былай деп жазған еді (дерегіміз нақты болу үшін бұл кісінің айтқанын орысша берелік): “... мусульманская грамотность, занесенная в степь татарами и теперь весьма распространяющаяся между киргизами (қырғыз деп қазақтарды айтып отыр – С.О.), приняла татарское направление... Даже записанные некоторые чисто киргизские памятники, сколько мне пришлось видеть, носят более или менее глубокие следы татарского влияния...”

Для человека, живущего не в Оренбурге, вовсе не возможно познакомиться с киргизским наречием по книгам; ... Изучить его можно только среди киргизов”. Бұл — қазақ тілін кешегі ғасырдың орта шенінде зерттеген адамның, қазақ тілін аса жетік білген адамның аузынан шыққан сөз (Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия). Қазақстанды орыстандыру секілді Ресей патшалығының зымиян саясатының қолшоқпары болғанымен, Ильминскийдің аса білімдар, оқымысты тіліміздің тұңғыш грамматикасын жазған түрколог ғалым екенін бекерге шығара алмаймыз.

Шағатай, татар элементі шаш етегімізден келіп, тілімізді соншалық меңдетіп тастамаса да олеңді жазып шығарған бірқатар ақындарымыздың өнеріне мұның едәуір ықпалы болғаны рас.

Орта ғасырлардан бермен қарай тартып, кейінгі бір кезеңдерге келіп ұласқан шағатай тілі — ұзақ дәуірлік әдеби дәстүрі бар тіл. Бұл нақтылы бір этностың тілі емес, шағатай деген халық жоқ. Шыңғысхан империясының оңтүстігінде құрылған Шағатай ұлысының атымен кейінгі заманғы ғалымдардың қолданысынан, қаламынан туған шартты ұғым, оны кейде ортаазиялық әдеби тіл деп те атайды. Өзіне тән грамматикалық ерекшеліктері болуының үстіне араб, парсы элементін шамадан тыс мол қолдану шағатай әдебиеті жәдігерліктерінің бәріне тән ен-таңба десек болады. Бұл жай бәрінен бұрын шағатай тілінің лексика жүйесіне көбірек қатысты. Араб, парсы сөздеріне құмарлыққа келгенде ХІХ ғасырдағы біздің жазба тілімізге ықпалы мол болған татар әдеби тілі де ешкімнен кенде емес.

Біздің қазіргі тұрғыластарымыз орыс тіліне еліктегені сияқты араб, парсы сөздеріне үйірсек келу, оны сөйлеген кезде, жазған кезде сөз арасына қоспалау — кісінің мұсылманша сауаттылығынан хабар беріп “мен мұндалап” тұратын зор зиялылық, мәдениеттілік нышаны болады деп те сенген ғой. Барша мұсылмандық түрік әлемінде ортағасырлық шағатай дәстүріне еліктемеген, араб, парсы сөздерін құлшына қолданбаған қаламгерлер біздің ғасырымыздан өрідегі жазба әдебиет өкілдері арасында некен-саяқ. Абай туындылары дүниеге келген ХІХ ғасырдың екінші жартысында, қазақ топтырағында жазу-сызудың біршама дамыған кезеңіндегі жазба әдеби тілімізге ықпалы болған ортаның жай-күйі осылай еді.

Осы ыңғайда Абай есімін ерекше атау парыз. Орта ғасырлардан бастап өз тұсына дейінгі не ірі әдебиет өкілдері ұстанған түрік тілді жазба дәстүрге өзінен бұрынғылардай талғаусыз қарамай, оның кемшілігі неде екенін танып-біліп, жазба әдебиет халық тілін арқау етуі керектігін сол заманда анық ұққан адам, асылында, Абай болды. Осы жөнінде белгілі тіл маманы Құдайберген Жұбановтың Абайды

XIX ғасырдағы Кіндік Азия мен әзербайжан, татар жұртынан шыққан Мақтымқұлы, Бәбіш, Маржани, Насри секілді аты әйгілі қалам иелерімен салыстыра келіп, олардың бірде-бірі өз шығармаларын нағыз халық тілінде жаза алмай “араб-парсы сөздерін көп енгізген бүйреткі тілде” жазғанын, ал Абайдың “таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісінен шығаруын” жазушы қаламының өзгелерден озықтығы, еленбей келген ерекшелігі деп түйген қисынды байламына ден қоймасқа болмайды (Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі. Әдебиет майданы, 1934, || 11–12).

Абайды қазақтың бас ақыны деп атап, оның кереметтігіне құлдық ұрып, Әлихан Бөкейхановтан кейінгі Абай хақында алғаш пікір айтқан, Абайды ерте таныған адам – Ахмет Байтұрсынов болатын, “Қырық мысал” мен Абайдың тұңғыш кітабының жарық көруі қарайлас болғанымен (екеуі де 1909 жылы шыққан), Абайды Ахан одан көп бұрын білген.

1913 жылы “Қазақ” газетінде (|| 39) жарияланған “Қазақтың бас ақыны” деп аталатын Абайға арнаған мақаласында Ахан қолына Абай сөздеріне арналған бір дәптердің 1903 жылы түскенін айтады. Бұған дейін Абайды білетін адамдардан естіген әңгімесі, жатқа айтатын өлеңдері арқылы таныған болса, енді ақын өлеңдерін қолымен ұстап, көзімен көргенін жазады. Ал “Қырық мысалды” жазып, жариялаған тұсы – бұл кісінің Абайды әбден танып-біліп, көміл игерген тұсы болу керек.

Фонетикалық параллель сөздер*

Әдеби тіліміздің жетілуі мен дамуына жиі-жиі назар аударып, тілге жанашыр жұртшылықты ойландырып, толғандырып жүрген жайларды ортаға салып, дүркін-дүркін пікір алысып отыру – ұлт мәдениетінің өзекті саласы – ана тілін қастерлеп өскен елге жарасты қылық, жақсы әдет.

Әдеби тілдің нормалық жүйелерінің сұрыпталып, тезге түсіп отыруына ең алдымен қоғамның мәдени ортасы мүдделі. Сондықтан мәдениетті, зиялы қауымның әдеби тілдің даму процесіне саналы түрде араласып отыруы, ықпал етуі – әдеби тіл атаулыға тән басты бір белгі, басты бір сипат есепті. Мәселен, қоғам өмірінде болып жататын толассыз өзгерістерге орай әдеби тілде жаңа сөздердің, жаңа тіркестердің пайда болуы сияқты жайды алайықшы. Мұндайлардың бірде-біреуінің дүниеге келуін мәдени қауымның

* Мақала “Кемел сөздің кеніші” деген тақырыппен ҚР ҒМ – ҒА Хабарларында (Тіл, әдебиет сериясы. 1995, || 1) жарияланған.

әдеби тілге саналы түрде жасайтын ықпалынан бөле-жара қарауға болмайды. Әдеби тілдің сөз қорын нәрлендірудің біраз жайларына әдейі аялдап, осы мақсатпен кокейде жүрген біраз ойларымызды ортаға салсақ па дейміз. Біздің әңгімеміз қолдан тыңнан сөз жасаудан гөрі, жергілікті деген желеумен қағажаяу көріп, әдеби тілден шет қақпай көріп жүрген сөздерді санатқа қосып, ілтипатқа алу хақында. “Жергілікті сөздер” деп атап жүргендеріміздің өзі, асылында, халықтың нағыз қалың ортасынан қайнап шыққан, ел-жұртымыздың ұғым-нанымына етене жақын, тонның ішкі бауындай дүниеліктер.

Сан ғасыр бойы халқымызбен егіздің сыңарындай қоса жасасып келе жатқан ана тіліміз — ұзақ-ұзақ тарихы бар, ежелден ірге теуіп орныққан дәстүрі бар тіл. Халықтың ауыз әдебиетінің ерен үлгілерінен, бұрынғы аты әйгілі ақын-жырауларымыздың шығармаларынан, бұлбұлдай сайраған шешендер өнерінен бүгінгі әдеби тіліміз мирас еткен қыруар сөз байлығы, мұнтаздай жонылған сөз саптау машығы халықтық тілімізде ерте замандардың өзінде-ақ берік қиюласып, қалыптасқандығының кепілі.

Халық тілі топырағында көктеп, халық тілі топырағында өркен жайған әдеби тілдің сарқылмас бұлақ, ортаймас арнасы — халық сөзінің байлығы екендігі талассыз шындық. Күні кеше белгілі бір өлкеде тұратын жергілікті халықтың тілінде ғана колданылып келген, өзге жердің қазағына мүлдем бейтаныс неқилы сөздерді кітап-қағаз жүзінде, көркем шығармада, сахнада, мектепте, баспасөзде, радиотеледидар хабарында әдейілеп, мақсат қоя қолданудың нәтижесінде ол сөздердің әдеби тіліміздің сөз қорының шынайы игілігіне, барша халықтық игілікке айналып отырғанын біздің әрқайсысымыз өз көзімізбен көріп те, сезіп-біліп те жүрміз. Басында әдеби тілімізге халық тілінен келіп, қазір ел-жұртқа ортақ сөз байлығының төрінен орын тепкен, бұл күнде жалпыхалықтық рухани игілікке ұласқан сөздердің тілімізде талайы бар. Сөзіміз дәмсіз болмауы үшін осы тұста бірнеше мысал келтіре кетелік.

Айтқанда да, жазғанда да бәріміз жаппай қолдана беретін *дақыл*, *дәнді дақыл*, *омарта*, *бақ*, *бағбан*, *құбыр*, *аула*, *дәліз*, *зембіл*, *шабандоз*, *сүдігер*, *сақпанышы*, *мердігер* сынды сөздер қазір жұртшылыққа әбден таныс. Бірақ осы сөздердің әуелде Қазақстанның тек оңтүстік аймағы тұрғындарының тіліне ғана тән сөз болғанын біздің әрқайсысымыз жете біле бермейміз. Жергілікті сөздердің ішінде, әсіресе, өртүрлі өлкенің өзіне тән кәсіпке байланысты айтылатын кәсіби сөздер (профессионализмдер) делінетін тарауы әдеби тіліміздің сөз қорын, қазақ терминологиясын дамытуға тамаша үлес қосып келеді. Мұның мысалы ретінде бұл күнде әдеби тілде өзіміз жиі қолданып, жиі еститін, бұрын тек Каспий, Арал, Балқаш балықшылары ғана қолданатын *лақа*, *қаяз*, *сыла*, *тыран*, *мекре*, *сүген* (балықтың түрлері)

немесе бұрын тек оңтүстік диқаншысы ғана білетін *шитті мақта, жүйек, ақаба, қоза*, сол тәрізді күні кешеге дейін Сыр бойы қазақтарына ғана танымал қауын түрлерін, одан жасалатын тағамдарды білдіретін *әңгелек, торлама, күләбі, патсайы қауын, үн қауын, қант қауын, қауыншек, қауынкүрт, көмек* тәрізді сөздерді атауға болады. Осы секілді *күріш, темекі, жеміс, бау-бақша*, т.б. арнаулы шаруашылықпен айналысатын жерлерде осы кәсіп түрлеріне байланысты терминдер жақсы дамыған. Олардың біразын баспасөз беттерінен, радиодан жиі оқып, жиі естиміз. Әдепкіде құлаққа тосындау естілгенімен, мұндай сөздердің көбі-ақ айтыла келе бірте-бірте құлаққа сіңісіп, әдеби тіліміздің лексикасынан өзінің лайықты орнынын алатынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Әдеби тіл дегеннің өзі қалыптасқан белгілі нормалары бар, стильдік тұрғыдан жонылып қырланған, сөздері, дыбыстық жүйесі, сөйлеу мәнері сол әдеби тілдің барша өкілдері үшін ортақ әрі түсінікті тіл ғой. Ал жергілікті халық тілінде қолданылатын сөздердің, дыбыстық құбылыстардың, сөз саптау машығының барлығы үнемі осы талаптың аясына сия бермейді. Сондықтан әдеби тіл жергілікті тіл құбылыстарын өз бойына сіңіру, еншілеу деген жайға келгенде халық тілінде бар дүниеліктің бәріне талғаусыз қарай алмайды. Ондағы барды тандап, талғам таразысынан өткізіп, елеп-екшеп барып өз кәдесіне жаратады.

Әдеби тіліміздің сөз байлығына жергілікті халық тілінің қатысы жайында сөз қозғағанда ең алдымен ауызға оралатыны — лексикамыздағы дублет сөздердің жайы. Олардың ішінде, әсіресе орфоэпия мен емле жөнінен әдеби тілімізде жүйеге салуы қиындық келтіріп жүргені — фонетикалық деп аталатын дублеттер. Ауызекі тілімізде болсын, жазба түрінде болсын екі ұдай айтылып, екі ұдай жазылып жүрген баршамызға аян *мағына-мағана, ары-әрі, араң-әрең, саламат-сәлемет, бөлегі-бөлігі, көртәй-қартай, бәйге-бәйгі, айқай-айғай, кәне-кәні, міне-міні, үлгіру-үлгеру, арқылы-арқалы, әбіржу-абыржу, жәутендеу-жаутандау, нажағай-найзағай, нөкер-нөгер* тәрізді сөздер осы фонетикалық дублетке жатады. Дұрысына келсек, бұлар — әр өлкенің қазағының тіліндегі бір сөздің әртүрлі нұсқалары. Білдіретін мағынасы, тіліміздегі атқаратын қызметі бір-бірімен тепе-тең түсіп жататын болғандықтан, мұндай жарыспалы сөздердің әдеби тіліміздің сөз нәрі, стильдік орамы үшін тигізер пайдасы әлбетте аз болмақ. Бір сөзді бірде *риза*, бірде *ырза*, *разы* деп дыбыстық тұрғыдан болмаса, тілдің байлығын танытпасы кәміл. Ешқандай мағыналық оңі болмауы себепті бұл секілді дыбыстық құбылулардан сөз әсерлілігі өзгеріске ұшырай қоймайды. Сол үшін де әдеби тіліміз өз бойында олардың бір сыңарын ғана орнықтыруға мүдделі. Мұндай фонетикалық егіз сөздердің тіліміздің лексикасында

өмір сүруінің бір-ақ шарты бар. Ол бұлардың әр сыңарының дербес мағыналық түс-таңбаға ие болуы. Арабтан келген бір ғана hareket сөзін Абай:

Қылып жүрген өнері:
Харекеті – әрекет,
Өзі оңбаған ант ұрған
Кімге ойлайды берекет, –

деген өлең шумағында дыбыстық тұрғыдан кескіндеп, екеуіне екі түрлі мағына жүктеген. Мұндағы Абай айтып отырған hareket – кәсіп, еңбек те, әрекет – қырсық, бүлік.

Басында шартты түрде алынып, кейін бірте-бірте жұртшылық түсінігіне етене боп сіңісіп, екі сыңары бірдей әдеби тіліміздің сөздік қорынан лайықты орын тапқан өкімет (орысша-власть), үкімет (правительство), оқиға (событие), уақиға (происшествие) сынды сөздердің бар екенін біздің әрқайсымыз жақсы білеміз. Бұл сөздерді қазір мағыналық жағынан бір-бірімен дербестеніп, дублет аясынан шығып, лексикалық тұрғыдан толық сараланған деуімізге әбден болады. Әрине, тілдің барлық құбылыстарын жіп-шарғасына дейін қалдырмай қажет болған жердің бөрінде дәл солай ретке салып отыру – әр кез қолдан келе бермейтін жұмыс.

Ресми стильдегі сөздерді, қоғамдық-саяси, ғылыми т.б. терминдерді жүйеге келтіруде мәдени қауымның тілге саналы түрде етер ықпалы нәтижелі болып шыққанымен, әр географиялық алқаптың жергілікті халқының күнделікті сөйлеуіндегі, отбасы, ошақ қасында айтылып жататын тұрмыстық лексикадағы сан қилы сөздерге келгенде оның ойдағыдай нәтиже бермеуі ықтимал. Өз алдына жеке бір сөз болса немесе морфологиялық құрылысы өзгеріске түскен сөздер болса бір сәрі, дәл халықтың тұрмыстық лексикасындағы толып жатқан сөздердің жуан-жіңішке айтылуын (*пішін-пышын, әмел-амал, әжуа-ажуа, әжім-ажым, шіл-шыл* т.б.), я сөздің жекелеген бір дыбыстарының *аға-ақа, бөтесе-бөтеке, тоған-тоғам, негіз-неңіз* деген тәрізді құбылуынан мағына дербестігін тудыруға әуестену, біздіңше, қолайлы тәсіл емес.

Әйтеуір тіліміздің сөзі еді ғой, жерге тастамайық деп, фонетикалық дублеттің мына сыңарын қайткенде де мына мағынада қолдан, ана сыңарын ана мағынада қолдан деп өлшеп-талғап рецепт бергенімізбен, онымызды күнделікті тұрмыстағы сөйлеу стихиясы қабылдай бермейді ғой.

Бұл – халықтың ауызекі тілінде қазір жарыса қолданылып жүрген немесе ана сыңары, болмаса мына сыңары әдеби тілде әлі күнге жете орнығып үлгірмеген фонетикалық дублеттердің жайы. Мұндай жай қазіргі дублет біткеннің баршасының басына тән десек, әрине,

кателескен болар едік. Тілімізде көптеген фонетикалық дублеттердің қазіргі күнде нақтылы бір ғана сыңары әдеби норма ретінде ірге тепті деп айтуымызға әбден болады. Мәселен, *тыңда-тыңла, берешек-берешак, тұрмыс-тұрмыш, бес-беш, есек-ешек, тізгін-дізгін, жүз-дүз, бояу-бояк, барамыз-барамыс, асыл-әсіл, бал-пал, қарбыз-дарбыз* дегендердің алғашқы сыңарлары әдеби тілдің нормасы ретінде қалыптасқанын ешкім де бекер дей алмаса керек.

Фонетикалық дублет сөздердің жай-жапсарымен таныс болудың әдеби тілдің жазу-сызу нормасын, сөйлеу нормасын бір ізге салуда зор практикалық мәні бар. Бұл — әсіресе мектеп тәжірибесі үшін аса қажет. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, жазу дағдысын дублет сөздердің қыр-сырын жете білмеген жерде жүйеге салу, әдеби тіл деңгейіне көтеру мүмкін емес. Сондықтан әрбір мектеп мұғалімі, әсіресе тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімдері мұндай жайдан аса хабардар болғаны жөн.

Осы ыңғайда әдеби тіл мен жергілікті халық тілінің арасындағы байланыстың, селбестіктің сыр-сипатын тереңірек ұғынуға көмектесетін тағы бір қажеттілік — дублеттердің лексикалық деп аталатын түрінің ерекшелігін танып-білу. Халық тіліндегі мұндай сөздердің жоғарыда сөз болған фонетикалық параллельдермен салыстырғанда өзіндік кейбір ерекшелігі бар. Ол — мұндай дублеттердің кейде тіліміздегі синоним сөздермен астасып, қабысып жататын жайы. Мәселен, бәрімізге таныс *қасқыр* мен *бөрі* сөздерін, тілімізде өзара жарыса қолданылып жүрген *мата-кездеме* сөздерімен салыстырып көрейік. Былай сырт алып қарағанда, *қасқырды бөрі* деп, *матаны кездеме* деп атауда мағыналық айырманың бар-жоқтығы байқала қоймайды. Бірақ осыларға кішкене үңіліңкірей қарау — *қасқыр, бөрі* дегендер мен *мата, кездеме* дегендердің лексикалық реңінде соншалық бадырайып тұрмағанымен, әжептәуір айырмашылық бар екенін аңғартады. Өйткені *қасқыр, бөрі* сөздері стильдік тұрғыдан алып қарағанда, бірінің орнына бірі талғамсыз қолданылатын сөздер қатарында емес. *Аш қасқырдай, аш бөрідей* деп айта беруге келгенімен, *қасқыр терісі, қасқыр ішік* дегендерді *бөрі терісі, бөрі ішік* деп айту стильдік оғаштық болар еді. Сол сияқты *бөрі арығын білгізбес* болып айтылғанымен, *қасқыр арығын білгізбес* болып айтылмайтыны да түсінікті ғой.

Демек, мағына жағынан бір-біріне тым жақын келіп жатқанымен, бұл сөздердің тіліміздегі стильдік өрісі бір-бірінен өзгеше. Мағыналық жақындығы бола тұра осындай әр алуан стильдік аяда қолданылатын сөздердің әлбетте синоним шеңберінде танылатыны мәлім. Ал *мата, кездеме* сөздеріне келетін болсақ, бұлардың жайы басқашарак. Бұл сөздерді бірінің орнына бірін балама етіп қолдануға

қайшылық келтірерліктей жоғарыдағы сияқты стильдік айырма жоқ. Республикамыздың орталық, солтүстік, батыс өңірлерінде *мата* сөзі қандай лексикалық мағынада қолданылса, республикамыздың оңтүстік өңірінде айтылатын *кездеме* сөзі де дәл сондай лексикалық мағынаға ие. Сол үшін де бұларды дублет сөздер деп білеміз. Мұның жазба әдеби тілімізде кеңірек қолданылып жүргені – *мата* нұсқасы.

Синонимдердің тіліміздің көркемдік құдіретін танытатын зор бейнелеу құралы екенін ескерсек, оларды дублеттерден жаза бастырмай ажырата білудің әдеби тіліміз үшін қаншалық маңызы бар екенін түсіну қиын емес. Айтып, не жазып жеткізбек пиғылымызға эмоциялық оң беріп, тыңдаушы мен оқушының эстетикалық сезіміне пәрмен етер, ой түйінінің көкейге қонымды шығуына жордемші болар тіл жиһаздарының бірі – синонимдер екені белгілі. Бір ғана ұғым төңірегінде *сөзуар, сөзшең, тілмар, шешен, яки тез, шапшаң, жылдам, дереу, шұғыл, жедел, лезде, заматта, демде* болып құлпырта қолданылған синонимдердің әрқайсысының арқалаған стильдік жүгі әр басқа. Ал лексикалық дублеттерді, әсіресе олардың ішіндегі нақтылы бір объектінің атауышы болып келетін *тістеуік-кемпірауыз-атауыз-балықауыз-амбар, бөкі-шаппа-ныштар, елек-елеуіш-елгезер, тіреу-тірек-ұстын, көкпір-кепсер-шәулі-шолпы, бақыр-шелек-бедіре, күжірт-кеуірт-оттық-шырпы-сіріңке-шақпақ-гәуірт, алабашақ-алашағу-шемішке-шемекі-шеттеуік-пісте, қамшы-бишік-атсоғар-атжүргіш-күнт* тәрізділерін осының алдында сөз етіліп өткен фонетикалық дублеттермен бара-бар десек болғандай. Әртүрлі сөздермен аталғаны болмаса, шаппа да бөкі, ныштар да бөкі, бөкі де бөкі ғой. Сондықтан еш стильдік бояуы болмаса, мұндай сөздерді тепе-тең мағынада, бірінің орнына бірін алма-кезек қолданудан әдеби тіліміздің ұтпасы айқын. Егер қажет болған жерде осылардың бас-басына шартты түрде дербес лексикалық мағына таңуға мүмкіндік тапқандай болсақ, онда әңгіме мүлдем басқаша болар еді. Әртүрлі мағыналық, стильдік бедерде қолдануға жараған жағдайда лексикалық дублеттердің тіліміздің мұқтажын өтеріне шек келтіріп жату орынсыз болар еді.

Жергілікті халық диалектілерінен сөз иемденуден қол үзу біздің әдеби тіліміз үшін әзірге ертелік қылады. Әдеби тіліміз жергілікті халық тілінде кәдеге жарар бардын бәрін әлі сарқа игеріп болған жоқ. Жергілікті сөздерді әлі де жинап-теріп, хат бетіне түсіріп, қадерінше толығырақ сөздік түрінде қолға тезірек ұстату деген талап осындай қажеттіліктен туған. Республикамыздағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қазақ тілінің диалектілік жүйесін зерттеумен арнайы айналысып келген бөлімі болушы еді, кейін ол қаржы тапшылығының сылтауымен тіл тарихы бөлімімен

біріктірілген болатын. Бұрын жиналған деректерді сөздік түрінде шығарғаны секілді бұл салада істеліп жатқан азды-копті жұмыстар, әрине, бар. Тек экспедицияға шығып, диалектілік сөздерді жинап-теру, зерттеу жағы тоқырып қалды.

Қазақстанның өз топырағын былай қойғанда, бауырлас ұлт республикалары мен моңғол, қытай жерін ежелден мекен еткен, қазір де сол атыраптарда шоғыр, жиын отырған қазақтар және бар. Бұдан қазақ жұрты тараған осыншалық байтақ қонысты түгел қамтырлық деректі жинастырудың ат тобеліндей тобы атқарып болмас жұмыс екенін ұғыну қиын емес. Осы секілді мақсат, міндет тұрғысынан алғанда, аталмыш саланың жұмысы біраз қамқорлық, жанашырлық талап етеді.

Әр өлкенің жергілікті халқының тілінде барды әдеби тілдің, жалпы жұртқа ортақ тілдің керегіне жарату, осы мүдде үшін қызмет етуге жету дегенді тым әсіре ұғынып, асыра сілтеушілікке ұрынбаған да абзал. Мәселен, әбден жетер жеріне жетіп, бір жола орныққан әдеби тіліміздің дыбыс жүйесі үшін халық тілінен енді бірдеме алып жатудың қазір еш қажеті жоқ. Жеке сөздер, айшықты сөз орамдары болса, олардың жөні бір басқа. Қаймағы бұзылмаған қазақ сөзінің нәрі мен сөлін әлі де халықтың қалың ортасынан іздеу керек екеніне, сірә, шүбә бола қояр ма екен.

Сөз қолданудағы талғам*

Орфоэпия мен емле жөнінен әдеби тілімізде жүйеге салуы қиындық келтіріп жүрген мәселелердің бірі — дублеттер. Ауызекі тілімізде болсын, жазба жүзінде болсын, екі ұдай айтылып, екі ұдай жазылып жүрген баршамызға аян бөлегі — бөлігі, мағына — мағана, бөйге — бөйгі, айқай — айғай, палуан — балуан, үлгіру — үлгеру, аспап — асбап, арқылы — арқалы тәрізді сөздер осы фонетикалық дублетке жатады. Білдіретін мағынасы, тіліміздегі атқаратын қызметі бір-бірімен тепе-тең түсіп жататын болғандықтан, мұндай жарыспалы сөздердің әдеби тіліміздің сөз нәрі, стильдік орамы үшін тигізер пайдасы, әлбетте, аз болмақ. Бір сөзді бірде *риза*, бірде *разы*, не *ырза* деп дыбыстық тұрғыдан сан саққа жүгіртіп қолданудың айту мен жазуда ала-құлалық тудырғаны болмаса, тілдің байлығын танытпасы көміл.

Ешқандай мағыналық оң болмауы себепті бұл секілді дыбыстық құбылыстардан сөз әсерлілігі өзгеріске ұшырай қоймайды. Сол үшін де әдеби тіліміз өз бойында олардың бір сыңарын ғана орнықтыруға

* Мақала “Өрелі өнер (тіл мәдениеті)” жинағында (Алматы, 1976) жарияланған.

мүдделі. Мұндай фонетикалық егіз сөздердің тіліміздің лексикасында өмір сүруінің, біздің ойымызша, бір-ақ шарты бар. Ол — бұлардың әр сыңарының дербес мағыналық түс-таңбаға ие болуы. Басында шартты түрде алынып, кейін бірте-бірте жұртшылық түсінігіне етене боп сіңісіп, екі сыңарға бірдей әдеби тіліміздің сөздік қорынан лайықты орын тапқан өкімет (орысшасы — власть), үкімет (правительство) сынды сөздердің барекенін біздің әрқайсысымыз жақсы білеміз. Бұл сөздерді қазір мағыналық жағынан бір-бірінен дербестеніп, дублет аясынан шығып, лексикалық тұрғыдан толық сараланған деуімізге әбден болады. Әрине, тілдің барлық құбылыстарын шіп-шырғасына дейін қалдырмай қажет болған жердің бәрінде дәл осылай ретке салып отыру — әр кез қолдан келе бермейтін жұмыс. Ресми стильдегі сөздерді, қоғамдық-салси, ғылыми т. б. терминдерді жүйеге келтіруде мәдени қауымның тілге саналы түрде етер ықпалы нәтижелі болып шыққанымен, халықтың күнделікті сөйлеуіндегі отбасы, ошақ қасында айтылып жататын тұрмыстық лексикадағы сан қилы сөздерге келгенде оның ойдағыдай нәтиже бермеуі ықтимал. Өз алдына жеке бір сөз болса немесе морфологиялық құрылысы өзгеріске түскен сөздер болса бір сәрі, дәл тұрмыстық лексикамыздағы толып жатқан сөздердің жуан-жіңішке айтылуынан, яки сөздің бір дыбысының **тостаған** — **тостақан** деген тәрізді құбылуынан мағына дербестігін тудыруға әуестену, біздіңше, қолайлы тәсіл емес.

Әйтеуір, тіліміздің сөзі еді ғой, жерге тастамайық деп, фонетикалық дублеттің мына сыңарын қайткенде де мына мағынада қолдан, ана сыңарын ана мағынада қолдан деп өлшеп-тамап рецепт бергенімізбен, онымызды күнделікті тұрмыстағы ауызекі сөйлеу стихиясы қабылдай бере ме? Тіл мәдениетіне қатысты жарияланған кей мақалаларда **қария** мен **кәрия** фонетикалық дублеті жөнінде оның “қариясын” ер адамға, “кәриясын” әйел адамға теліген жөн болады деген пікір де айтылды. Менің әкемді “қария” деп айт та, шешемді “кәрия” дәп айт дегенге сөз білем деген адамның бәрі бірдей үй ішінде пәтуәласып жатпайтынын былай қойғанда, сөздерді род категориясына байланыстырып тезге салуды тіліміз заңдылығының қажет етпесі түсінікті болса керек. Еркек пен әйелдің әрқайсысына қатысты болған атаулардың бас-басына род ұғымын тудырарлықтай форма іздеуге үмтылу — қазақ тілінің, қала берді барша түркі тектес тілдердің табиғаты үшін парыз емес. Орыс тіліндегі **колхозники** мен **колхозницы** дегеннің “колхозшылар мен колхозшы әйелдер” деп аударылған кезі де болған. Бірақ аударма тәжірибесінің бұғанасы бекімеген кездегі жіберілген мұндай жасандылықты әдеби тіліміздің түпкілікті қабылдамағанын енді көріп отырмыз. Орайы келгенде айта кетейік, қазіргі баспасөзімізде

мұғалима, азаматша болып алынып жүрген сөздердің болашағы соншалық зор дегенге өз басымыз қол қойғымыз келмейді. Оқытушы, суреткер, сатушы, шопан, дәрігер деген сөздер еркек-әйелге бірдей қолданылғанда, бұлай ету *мұғалім* мен *азамат* сөзінің тақиясына тар келеді дегенге көңіліміз оншалық ұйымайды.

Дублеттердің ішіндегі енді бір сала — лексикалық дублеттер. Бұлардың қолданылуында жоғарыда сөз болған фонетикалық дублеттермен салыстырғанда кейбір өзіндік ерекшелігі бар. Ол — мұндай дублеттердің кейде тіліміздегі синоним сөздермен астасып, қабысып жататын жайы. Мәселен, бәрімізге таныс **қасқыр** мен **бөрі** сөздерін тілімізде өзара жарыса қолданылып жүрген **көгершін**, **кептер** сөздерімен салыстырып көрейік. Былай сырт қарағанда, қасқырды *бөрі* деп, көгершінді *кептер* деп атауда мағыналық айырманың бар-жоқтығы байқала қоймайды. Бірақ осыларға кішкене үңіліңкірей қарау — қасқыр, **бөрі** дегендер мен **көгершін**, **кептер** дегендердің лексикалық реңінде соншалық бадырайып тұрмағанымен, әжептәуір айырмашылық бар екенін аңғартады. Өйткені **қасқыр**, **бөрі** сөздері стильдік тұрғыдан алып қарағанда, бірінің орнына бірі талғамсыз қолданылатын сөздер қатарында емес. Аш қасқырдай, **аш бөрідей** деп, айта беруге келгенімен, **қасқыр терісі**, **қасқыр ішік** дегендерді **бөрі терісі**, **бөрі ішік** деп айту стильдік оғаштық болар еді. Сол сияқты **бөрі арығын білгізбес** болып айтылғанымен, **қасқыр арығын білгізбес** болып айтылмайтыны да түсінікті ғой. Демек, мағына жағынан бір-біріне тым жақын келіп жатқанымен, бұл сөздердің тіліміздегі стильдік өрісі басқа-басқа. Әр алуан стильдік аяда қолданылатын сөздердің, әлбетте, синоним шеңберінде танылатыны мәлім. Ал **көгершін**, **кептер** сөздерін бірінің орнына бірін балама етіп қолдануға қайшылық келтірерліктей жоғарыдағы сияқты стильдік айырма жоқ. Республикамыздың орталық, солтүстік, батыс өңірлерінде **көгершін** сөзі қандай лексикалық мағынада қолданылса, республикамыздың оңтүстік өңірінде айтылатын **кептер** сөзі де дәл сондай лексикалық мағынада қолданылады. Сол үшін бұларды дублет сөздер деп білеміз. Мұның жазба әдеби тілімізде кеңірек қолданылып жүргені — көгершін нұсқасы. Синонимдерді тіліміздің көркемдік құдіретін танытатын зор бейнелеу құралы деп танысақ, оларды дублеттерден жаза бастырмай ажырата білудің әдеби тіліміз үшін қаншалық маңызы бар екенін түсіну қиын емес. Мәселен, бір ғана мағынада бірде **шыны**, бірде **шөлмек**, **шиша**, кейде орысша нұсқасында **бөтелке** боп қолданылып жүрген сөздердің бірін орысша бутылка, енді біреулерін банка, бутыл, бокал мағынасында ел-жұртқа саралап қолдандыруға шамамыз келсе, мұнымыз жаман болмас та еді. Осындай сөздердің тиісті мамандарға тізімін жасатып, белгілі мағыналық аяда жұмсауға боларлық жолын, амалын қарастырған мақұл сияқты.

Тіліміздегі көпшілік дублеттердің пайда болуының мықты бір із-оқшесі халық тілінде жатыр. Қазақ жерінің әр өлкесін қоныстанған жергілікті халықтың ауызекі тілінде кейбір тілдік айырмашылықтардың бар екенін біздің әрқайсысымыз жақсы білеміз. Мәселен, осындағы мысалға алынып өткен дублеттердің қай тізбегін алсақ та, олардың әр сыңарының республикамыздың әр өңіріне тән сөз екені көрінеді. Айталық, **көкпір** деп басталатын тізбектің **көкпірі** көбіне Қазақстанның орталық, солтүстік бөлігінде қолданылатын болса, кепсері Жетісу төңірегінде, шәулісі Шымкент маңында қолданылатыны белгілі. Жергілікті халық тілінің әр кез әдеби тіліміздің өркен жаюының құнарлы бір арнасы болып келе жатқанын ешкім де бекер дей алмаса керек. Сөз қазынасының небір асылы халықта, ел аузында, тек соларды талғам таразысынан өткізіп, сұрыптап, елеп-екшеп ала білгеніміз абзал. Әуелде жергілікті халық тілінен алынып, бұл күнде әдеби тіліміздің төрінен ірге тепкен **бағбан, шабандоз, сайыс, омарта, сақпаншы, дақыл, пияз, мұрап, қаяз, сыла, әнгелек, торлама** тәрізді талай-талай сөздердің бар екені бәрімізге де аян. Қазір осы сөздердің бір уақытта тек республиканың оңтүстік аймағы тұрғындарының тілінде ғана қолданылып келген сөздер болғандығын айтсақ, жұрттың бәрі сене бермес те ме еді?

Халық тілі байлығын осылайша орайы келген жерде пайдаланудың еш әбестігі жоқ. Алайда жылтырағанның бәрі алтын емес дегендей, кез келген жергілікті сөзді жөн-жосықсыз әдеби тілімізге тықпалай берудің тіл мәдениеті үшін пайда бермесі күмәнсіз. **Сәбіз** сөзі тұрғанда жергілікті сөз **кешірді, асқабақ** тұрғанда **аскелдіні, таразы** тұрғанда **шеккіні** әдеби тілімізге қоса ендіруге тырысу — әсте тіл мәдениеттілігінің нышаны бола алмақ емес. Өзіміз орнымен кәдеге жаратамыз десек, қазақтың жергілікті ауызекі тілі әдеби тіліміздің игілігіне тұтынарлық сөздерге әлі де кенде емес. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен батысында егіз туған үш төлді, төрт төлді білдіретін **үшем, төртем** (немесе **үшен, төртен**) сөздерін орыс тіліндегі дәл осы мағынадағы **тройня, четверня** сөздерінің баламасы есебінде қолданылатын болсақ, әдеби лексикамыз үшін қандай жарасымды болар еді. Сол тәрізді орыс тіліндегі коридорды оңтүстіктік қазақтарша **дәліз**, бездельникті **бекерші**, пельменді **тұшпара**, минерал суын **арасан суы**; батыс қазақтарыныңша плащты **жамылшы**, кошелекті **шилан**, керосинді **жермай**, купканы **тоғыт** деп алсақ, ө дегенде құлаққа тосындау естілгенімен, кейін олардың да бірте-бірте әдеби тілімізге сіңісіп кетуі ғажап емес.

Әсіресе кейбір оңтүстік говорларымызда **дәріхана** (аптека), **балахана** (бала бөлмесі), **сүтхана** (сүт магазині), **қышхана** (кірпіш заводы) секілді -хана жұрнағының жәрдемімен жасалған атаулар тым көп-ақ. Міне, бұлардың да біразын әдеби тіліміздің игілігіне

жаратудың жөні бар. Ойткені құлағымызға көптен көнігі болған кітапхана, мейманхана тәрізді үйреншікті сөздерді былай қойғанда, кейінгі жылдарда ғана осы жұрнақтың сүйемелімен жасалған шеберхана, сырахана сынды сөздер сәл уақыттың ішінде-ақ тілімізге сіңісіп кеткен жоқ па?

Халық тіліндегі табиғат құбылыстарына, жан-жануар, өсімдіктер дүниесіне байланысты атаулардың молдығына көз тұнады. Бір ғана Маңғыстау өлкесі қазақтарының тілінен жер бедерінің (рельефінің) ылди-өрі, ой-қырына байланысты айтылатын көбімізге бейтаныс **ағас, кесене, жалас, қапы, еңіреу, қобыс, үдек, жығары, далда, үрпек, тұран, күп, үспе, орпа** тәрізді қыруар сөздерді кездестіргеніміз бар. Мұндайлардың өзі жаратылыс терминдерінің халық тілінде сақталған бейне бір шежіресі есепті. Халық тілінің әлі күнге ескерілмей, зерттеуші назарынан тыс, қалыс жатқан осы іспетті құбылыстары баршылық. Тек осыларды “жергілікті” дегенді желеу етіп жатырқамай, мұқтаж болған жерде белгілі мақсатқа лайықтап сәтті пайдалана алсақ, әдеби тілімізді ұстартудың сарқылмас арналарының бірі – сол болмақ. Ал олардың жай-жапсарын жыға танып білмей тұрып, әдеби тіліміз үшін пайда-залалы қайсы деген жайда кейде бой көрсетіп қалып жүргеніндей, шамасы осы болар-ау деген ниетпен құр долбар пікір түйю, тұспалдап билік айту – үстірттік болар еді.

Қалыпқа салма, халыққа сал*

Әдеби тіліміздің өсіп-өркендеу, даму жай-жапсарына назарды жиі аударып, тілге жанашыр жұртшылықты ойландырып-толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салып, дүркін-дүркін пікір алысып отыру – ана тілін қастерлеп өскен елге жарасты қылық, жақсы әдет.

Әдеби тілдің нормалық жүйелерінің сұрыпталып, тезге түсіп отыруына, ең алдымен, қоғамның мәдени өмірі мүдделі. Сондықтан мәдени қауымның, зиялы қауымның әдеби тілдің даму процесіне саналы түрде араласып отыруы, ықпал етуі – әдеби тіл атаулыға тән басты бір белгі, басты бір сипат есепті. Мәселен, қоғам өмірінде болып жататын толассыз өзгерістерге орай әдеби тілде жаңа сөздердің, жаңа тіркестердің пайда болуы сияқты жайды алайықшы. Мұндайлардың бірде-біреуінің дүниеге келуін мәдени қауымның әдеби тілге саналы түрдегі ықпалынан тыс ұғыну, әрине, әбестік болар еді. Осы ыңғайда “Қазақ әдебиеті” газеті Ә.Меңдекеевтің “Тіл қымбат па, теория қымбат па?” атты мақаласын орынды жариялады. Автор әдеби тілдің сөз қорын нәрлендірудің өз көкейінде

* Мақала “Қазақ әдебиеті” газетінде (26.08.1988) жарияланған.

жүрген біраз жайларына әдейілеп аялдап, осы баптан келелі кеңес, жон әңгіме қозғайды. Әсіресе, мақала иесінің “жергілікті” деген желеумен қағажу көріп, әдеби тілден шет қақпай жүрген сөздерді санатқа қосып, ілтипатына алу керек дегені аса бір құптарлық ниет. Жергілікті сөздер деп атап жүргендеріміздің өзі, асылында, халықтың нағыз қалың ортасынан қайнап шыққан, ел-жұртымыздың ұғым-нанымына етене жақын тонның ішкі бауындай дүниеліктер.

Халық тілі топырағында коктеп, халық тілі топырағында өркен жайған сөз қазынасы — әдеби тілдің кемелденуінің сарқылмас бұлағы, ортаймас арнасы. Күні кешеге дейін белгілі өлкеде тұратын жергілікті халықтың тілінде ғана қолданылып келген, өзге жердің қазағына мүлдем бейтаныс не қилы сөздерді кітап-қағаз жүзінде, көркем шығармада, сахнада, мектепте, баспасөзде, радио-теледидар хабарында әдейілеп, мақсат қоя қолданудың нәтижесінде сол сөздердің әдеби тіліміздің игілігіне, барша халықтық игілікке айналып отырғанын біздің әрқайсымыз көріп те, сезіп-біліп те жүрміз.

Айтып, не жазып жеткізбек пиғылымызға эмоциялық оң беріп, тыңдаушы мен оқушының эстетикалық сезіміне пәрмен етер, ой түйінінің көкейге қонымды шығуына жәрдемші болар тіл жиһаздарының бірі — синонимдер екені белгілі. Бір ғана ұғым төңірегінде *сөзуар, сөзшен, тілмар, шешен, яки тез, шапшаң, жылдам, дереу, шұғыл, жедел, лезде, заматта, демде* болып құлпырта қолданылған синонимдердің әрқайсысының арқалаған стильдік жүгі әр басқа. Ал лексикалық дублеттерді, әсіресе, олардың ішіндегі нақтылы бір объектінің атауы болып келетін **тістеуік — кемпірауыз — атауыз — балықауыз, бәкі — шаппа — ныштар, елек — елеуіз-елгезер, тіреу — тірек — ұстын, кәкіп — кепсер — шәулі — шолпы, бақыр — шелек — бедре, күкірт — кеуірт — оттық — шырпы — сіріңке — шақпақ — гәуірт, алабашақ — алашағу — шемішке — шемекі — шеттеуік — пісте, қамшы — бишік — атсоғар — атжүргіш — құнт** тәрізділердің әртүрлі сөздермен аталғаны болмаса, мағыналары бір екені де белгілі. Сондықтан еш стильдік бояуы болмаса, мұндай сөздерді бірінің орнына бірін алма-кезек қолданудан әдеби тіліміздің ұтыс таппасы айқын. Егер қажет болған жерде осылардың бас-басына шартты түрде дербес лексикалық мағына таңуға мүмкіндік тапқандай болсақ, онда әңгіме мүлдем басқаша. Әртүрлі мағыналық, стильдік бедерде қолдануға жарарлық еткен жағдайда лексикалық дублеттердің тіліміздің мұқтажын өтеріне шөк келтіріп жату орынсыз болар еді.

Қайталап айтайық, әр сыңарын жоғарыдағы ретпен әдеби тілімізде өзге-өзге мағыналық белгіде жұмсап, кәдеге жарата алсақ, халықтың ауызекі тіліндегі дублет сөздерден қашқалақтап, бойды аулақ салудың еш жөні жоқ. Кейбір сөтсіз шыққан жасанды сөздерден гөрі немесе бөгде тілден мұрындықтап-жетелеп әкеліп қолдан енгізген сөздерден

гөрі мұндай сөздердің әдеби тіліміздің табиғатына анағұрлым жанасымдырақ келетіні даусыз. Өйткені дублет сөздер дегеннің өзі тілімізде ғайыптан пайда болған құбылыстар емес қой. Синонимдер сияқты олардың да тілімізде сақталып келуінің белгілі сыры бар. Тіліміздегі көпшілік дублеттердің пайда болуының мықты бір із-окшесі халық тілінде жатыр. Халық тілі байлығын орайы келген жерде иінімен пайдаланудың еш әбестігі жоқ. Алайда, кез келген жергілікті сөзді жөн-жосықсыз әдеби тілімізге тықпалай берудің тіл мәдениеті үшін пайда бермесі шүбәсіз. **Сәбіз** сөзі тұрғанда жергілікті сөз **кешірді**, **асқабак** тұрғанда **аскелдіні**, **таразы** тұрғанда **шеккіні** әдеби тілімізге қоса ендіруге тырысу – тіл мәдениеттілігінің нышаны бола алмақ емес. Өзіміз орнымен кәдеге жаратамыз десек, қазақтың жергілікті ауызекі тілі әдеби тіліміздің игілігіне тұтынарлық сөздерге әлі де кенде емес. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігі мен батысында егіз туған үш төлді, төрт төлді білдіретін **үшем**, **төргем** (немесе үшен, тортен) сөздерін орыс тіліндегі дәл осы мағынадағы **тройня**, **четверня** сөздерінің баламасы есебінде қолданатын болсақ, әдеби лексикамыз үшін қандай жарасымды болар еді. Сол тәрізді орыс тіліндегі **коридорды** оңтүстік қазақтарыңша **дәліз**, **бездельникті** – **бекерші**, **пельменді** – **тұшпара**, **минерал суын** – **арасан су**, батыс говорларымыздағыша **плащты** – **жамылшы**, **кошелекті** – **шилан**, **керосинді** – **жермай**, **купканы** – **тоғьг** деп алсақ, ә дегенде құлаққа тосындау естілгенімен, кейін олардың да бірте-бірте әдеби тілімізге сіңісіп кетуі ғажап емес. Әсіресе **дәріхана** (аптека), **сүтхана** (сүт дүкені), **қышхана** (кірпіш заводы), **наубайхана** (пекарня), **көмірхана** (отын қоятын үй) секілді – **хана** жұрнағының жәрдемімен жасалған атаулар қазақ жерінің түскей өңіріне кең жайылған. Міне, бұлардың да біразын әдеби тіліміздің игілігіне жаратудың жөні бар. Өйткені құлағымызға көптен кәнігі болған **кітапхана**, **мейманхана** тәрізді үйреншікті сөздерді былай қойғанда, кейінгі жылдарда осы жұрнақтың сүйемелімен жасалған **шеберхана**, **емхана** (поликлиника) сынды сөздер аз уақыттың ішінде-ақ тілімізге сіңісіп кеткен жоқ па.

“Жергілікті профессионализм” деп аталатын атаулардың алуан үлгілері әдеби тіліміздің сарқылмас көзі, төл қазынасы десек болғандай. Бір ғана жер суландыру кәсібі төңірегінде оңтүстік аймақта айтылатын **әуіз**, **әуіт**, **тұран**, **нарсалма**, **тоғын**, **уат**, **қашы** сынды сөздер әдеби терминологиямыздың нағыз ырысы десек, әбден сияды. Қазақтың халық диалектілерінің әлі күнге ескерілмей, зерттеуші назарынан тыс, қалыс жатқан осы іспетті құбылыстары жетерлік. Кейде осындай сөздерді “жергілікті” дегенді сылтау етіп жатырқамай, мұқтаж болған жерде белгілі мақсатқа лайықтап, сәтті пайдалана алсақ, әдеби тілімізді ұстартудың сарқылмас арналарының бірі – сол болмақ.

Әділін айтсақ, әдеби тіліміз үшін жергілікті халық тілі дегеннің өзі бір кемел дүние, шынайы байлық. Шағын ғана бір өлкенің жергілікті тұрғындарына аян, өзге жердің халқы әлі күнге естіп-

білмеген, бірақ әдеби тіліміз тарапынан ілтипат білдірерлік, оның ділгерлігін отерлік сөздер де, сөз тіркестері де халық тілінде лек-лек.

Жергілікті сөздердің қоркем шығармада жергілікті колоритті танытудың мықты бір құралы екені аян. Халқымыздың алып жазушысы, белгілі сөз зергері Мұхтар Әуезов “Асыл нәсілдер”, “Білекке – білек” делінетін өңгімелерінде қазақ даласының оңтүстік өңіріне тән көптеген сөздерді өз кейіпкерінің аузына салған. Мұндағы жазушының көздеп отырғаны – шығармаға қатысып отырған кейіпкерлердің тіліне жергілікті оң беріп, характердің этнографиялық, психологиялық бояуын қанықтыра, қоюландыра түсу. Мұндай жайдың оқушы қауым мағлұматтылығы үшін танытқыштық мәні де жоқ емес. Осы орайда енді орыс совет қаламгері Михаил Шолоховтың “Тынық Донына” назар аударып көріңіз. Мұнда да жоғарыдағы тәрізді жазушының диалогтарға келгенде, шығарма қаһармандарын Дон казактарының жергілікті говорымен сөйлетіп қоя беретінін оңай байқайсыз. Осыдан келіп шығармадағы көп кейіпкерлердің бір-бірінен тіл жағынан дараланып, өзіне тән сөз саптау машығы, өз лексикасымен оқырман жадында ұзақ сақталатын жайы бар. Жергілікті халықтың салтын, әдет-ғұрпын, ұлттық мінез-құлығын оқушыға ұғындырудың бір түйінінің осында жатпағы да көміл.

Зерттеуші мамандар “орыс әдеби тілі сөз құрамының халық диалектілерінің есебінен баю, қорлану процесі қазір толастады” дегенді айтып жүр. Қазақ әдеби тілінің қазіргі хал-ахуалын орыс әдеби тіліне лайықтай пішілген тонның үлгісімен, әрине, өлшей алмаймыз. Өткен бір дәуірлерде орыс әдеби тілінің де халық сөзінің қазынасын мольнан еншілеген кез-кездері болған. Қазіргі күндегі біздің әдеби тіліміздің сөз жүйесінің қорлану, баю жайын, яғни осыған ұқсас жағдайды орыс әдеби тілі түрлі ғылым салаларының, жазба әдебиеттің өрлеуіне байланысты бұдан бір ғасыр бұрын басынан өткеріп қойған. **Жергілікті халық диалектілерінен сөз иемденуден қол үзу – біздің әдеби тіліміз үшін әзірге тым ерте. Әдеби тіліміз жергілікті халық тілінде кәдеге жарар бардың бәрін әлі сарқа игеріп болған жоқ.** Жергілікті сөздерді түгел жинап-теріп, хат бетіне түсіріп, толық сөздік түрінде шығару керек. Республикамыздағы Тіл білімі институтының қазақ тілінің диалектілік жүйесін зерттеумен арнайы шұғылданатын бөлімінде осы бір парызды өтемек бағытында жеке зерттеу түрінде істеліп жатқан жұмыстар барына бар, бірақ бұл салада характер етіп жүрген мамандарымыздың саны тым тапшы және диалектологиялық жұмысқа жастарды баулу, тарту жағы әлсіз.

Кең байтақ республикамыздың жер-жерінен диалекті сөздерді жинастыруды диалектолог мамандарымыздың ат төбеліндей тобы аз уақыттың ішінде атқарып бітіре қояды деу де қиын. Сондықтан да Тіл білімі институтының диалектология бөліміне қамқорлық, жанашырлық қажет.

С.ОМАРБЕКҰЛЫ ҰСТАЗДАРЫ МЕН ТҰСТАСТАРЫ ХАҚЫНДА

Қазақ лингвистикасының көшбасы*

Соныдан соқпақ тартып, із салған, қазақ білімінің іргетасын тұңғыш қалаған Ахмет Байтұрсынов болатын. Оқымыстының үзеңгілес тұстастары мен ізбасарлары Елдос Омаров, Халел Досмұхамедов, Телжан Шонанов, Қошқе Кемеңгеров, Құдайберген Жұбанов сынды майталман лингвистеріміз кешегі зұлмат заманның құрбаны болды, бірақ қазақ тілінің оты өшпеді, ағалар армандаған биікке жаңа буын – Нығмет Сауранбаев, Қажым Басымов, Сәрсен Аманжолов, Мәулен Балақаев, Сейіл Жиенбаев, Жұмат Досқараев, Шамғали Сарыбаев, Ғали Бегәлиев, Ыбырайым Маманов, Ғайнеддин Мұсабаев, Ахмеді Ысқақов, Төлеубай Қордабаев сияқты көрнекті ғалымдар ұмтылды. Тіл біліміміздің топ жарғандары атанған шоқтығы биік шоғырдың көш басында академик Ісмет Кеңесбаев болған еді.

Петербордағы (Санкт-Петербургтағы) Шығыстану институтының түркология бөлімін алғашқы қазақ жастарының бірі болып 1931 жылы тамамдаған жиырма төрт жастағы жас жігіт Ісметтің ұзақ ғылыми сапары – қазақ жоғары оқу орнының қара шаңырағы Қазақтың педагогтік институтынан (ҚазПИ, қазіргі Абай атындағы Мемлекеттік университеті) басталған болатын. Содан бері Секең – ұстаздық пен зерттеушілік тізгінін қатар ұстап келген еді. Сахараның бір қиырында шалғай жатқан қазақ ауылында өсіп, бойына біткен жіері мен ғылымға деген талабының арқасында сонау бір жиырмасыншы жылдардың аяқ тұсында Ресейдің өнер-білім ордасы – Петербор секілді шаһар барып, оқуға түсіп В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, С.Е.Малов тәрізді шығысты зерттеуші аты әйгілі оқымыстылар мен орыс лингвистикасының ірі өкілдері Л.В.Щерба, И.И.Мещаниновтерден лекция тындап, тәлім алған Секең сияқты лингвист, жүйелі ориенталистік, түркологиялық білім алған қазақ мамандары ол кезде жоқтың қасы болатын. Сол тұста ҚазПИ-де дәріс оқитын Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфендияров, Телжан Шонанов, Құдайберген Жұбанов сынды қазақ зиялыларымен істес болу, солардың ақыл-кеңесін тыңдай, өнеге тұта жүріп, Ісмет ғылымды өзінің өмірлік мұратына айналдырды, бұл орта талантты жас үшін ғылым әлеміне есік ашқан үлкен мектеп болды.

Отызыншы жылдардың орта тұсынан бастап, қазақ мектебінің табалдырығын аттаған жастарымыздың арасында Секең жазған оқулықтардан сусындамағандар кемде-кем болар.

* Мақала “Ғалымның биік тұлғасы” (Алматы, 1998) жинағында жарияланған.

Ғылыми зерттеу саласындағы басшылық жұмыстарға, ғылымды ұйымдастыру ісіне өмір бойы белсене араласа жүре, қазақ тіл білімінің небір көкейтесті мәселелерін ыждағатпен зер сала зерттеуден, оған жастарды баулудан өсте қол үзген де, жалыққан да емес. І. Кеңесбаев филология ғылымының бұғанасы бекіп, қанаты қатаюы үшін жарты ғасырлық уақыт ғылыми ұйымдастыру ісімен үзбей шұғылданған, толассыз тер тоғіп, аянбай еңбек еткен халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі.

Ол қазақ топырағында 1946 жылы дүниеге келген Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш сайланған толық мүшелерінің бірі және осы ғылым ордасының алғашқы вице-президенті болды. Секең Қазақ тілі және әдебиет институтының директоры ретінде Қазақстандағы филология ғылымы саласындағы зерттеулерді ұйымдастыруға және жоғары білікті ғалым мамандар даярлауға мол үлес қосқан, осынау жауапты жұмысты аса білімдарлықпен және үлкен парасатпен атқарған ерекше бір зерделі жан еді. Ісмет аға басқарған ол кездегі Тіл және әдебиет институты Мұхтар Әуезов сияқты алып ғұламадан бастап Сәбит Мұқанов, Нығмет Сауранбаев, Ахмет Жұбанов, Мәулен Балақаев, Қажым Жұмәлиев, Сәрсен Аманжолов, Мәлік Ғабдуллин, Есмағамбет Ысмайылов секілді ғылымның терең білімді майталмандары бас қосқан қасиетті орын болатын. Осы бір салиқалы да салмақты ұжымға Секеңнің басшылық етуі оның зиялы қауымы алдында үлкен беделге ие болғанын көрсетсе керекті. Екі тілге бірдей жүйрік (қазақ және орыс тілдері) Секең тыңдаушыны, қаумалап келген қалың елді баурап алатын шын мәніндегі шешен еді. Сөзін мақал-мәтелдермен әрлеп сөйлейтін, айтпақ ойын жүйелеп, ұғынықты етіп жеткізуші еді. Қазақ тіл білімінің және бір тарланы, қадірменді ұстазымыз Мәулен Балақаев ол кісімен түйдей жасты, құрдас еді ғой. Мәкең өз мемуарында Секең туралы былай деп жазды: “Ісмет ісіне мығым, байыпты, өз айтқанын өзгелерге істете білетін беделді. Оның үстіне сөзге шешен, адамдармен тіл табыса біледі, шүйіркелесе, сөйлесе біледі. Сөйлесе білгендіктен үйлесе де алады. Осындай қасиеттері оны құрметке бөледі”. Расында да, Секең айтса, елдің бәрі оның билігіне, айтқан уәжіне тоқтайтын, сөзін жерге тастамайтын.

Өткен ғасыр мен үстіміздегі ғасырдың басында орыс оқуынан тәлім алған қазақ интеллигенциясының өкілдері орыс тілін жетік білумен қатар, ана тілін де терең білген, мұны өздері мақтан тұтқан. Коммунистік идеологияның құрбаны болған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов сынды зиялыларымызды айтпағанда, кешегі өз көзімізбен көрген Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезовтердің сондай адам болғанын қазіргі аға буын жақсы біледі. Бұлардың бәрі екі тілде бірдей еркін сөйлеп, еркін жаза білген. Зиялы

қауымның бұл ұрпағы нағыз интеллигенттікті өз халқының жақсы әдет-ғұрпымен, өмір салтымен сабақтастыра, ұштастыра білген. Біз білетін Исмет Кеңесбаев ғылымға дәл осы зиялы ұрпақтың соңын ала келді, солардың айқын бір көрінісі, заңды жалғасы болды. Бұл кісінің өзінің де осы Қанекендермен, Мұхандармен достығы керемет еді. 1959 жылдың жазында Ғылым академиясында Тіл және әдебиет институтында әдеби мұра проблемасына арналған бір үлкен мәслихат болып, М.Әуезов сол жиынды қорытындылап, ұзақ сөз сойлеп, сөзінің бір орайы келгенде Кеңесбаевты барлық Қазақстандағы тіл ғылымының ағасы, үлкен ұстазы деп атағаны бар. Дуалы ауыздан шыққан осы сөзді Секеңе көрнекті ғалым ретінде берілген әділ баға деп білсек керек.

Асылында, адамның жас күнінде, ізденіске, білімге құштарлығының мейлінше өрлеп, қаулап тұрған шағында Петербор сияқты үлгілі ортадан, орта болғанда нағыз зиялы, мәдени қауым ортасынан тәлім алудың мәні айрықша екенін осы кісінің білімінен, жеке басының тәрбиесінен айқын байқайтынбыз.

Секеңнің білім алған, тәлім алған ортасының қандайлық болғанын көз алдымызға елестету үшін ол кісінің өзімен бірге оқып, Петербордағы Шығыстану институтын тамамдаған, есімі ел-жұрттың бөріне мәлім академик Кононовтың мына бір сөзін еске салудың өзі-ақ жеткілікті ме деп ойлаймыз:

“1928 жылдың күзінің соңы болатын. Исмет Кеңесбаевты есіме алсам болды — қою кара шашын артына қарай қарсы қайырған, сүйкімді жүзін күн қаққан, Ленинградтағы Шығыстану институтының (ЛВИ) коридорында құрақ ұшып келе жатқан түркология семинарының тыңдаушысы, сұңғақ бойлы жас жігіт көз алдыма оралады. Ол семинарға академик А.Н.Самойлович жетекшілік ететін, сол кездегі шығыстану мен лингвистика ғылымының бар қаймағы — В.В.Бартольд, Б. Я. Владимирцов, Н.Я.Марр, С.Е.Малов, И.И.Мещанинов, Л.В.Щербалар — соның профессорлары болатын. Әуелден-ақ дәл кара жаяу емес Кеңесбаевты филолог-түрколог ретінде шыңдаған осы семинар болғаны аян” (А.Н.Кононов. Нескільки слов о моем друге).

Өткен ғасырдың екінші жартысында әртүрлі себептермен қазақ сахарасында болып, тарихымыз, мәдениетіміз және әдет-ғұрпымыз жайлы мол дерек жинаған, қазақ тілінің алғашқы грамматикаларын жазған Н.Ильминский, В.Катаринский, П.Мелиоранский, қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын жазып алған, қазақ сөзінің мол қорын өзі түзген төрт томдық түркі сөздігіне енгізген В.Радлов сынды тамаша шығыс зерттеушілерінің есімін бұл күнде қазақ жұрты ерекше құрметпен ауызға алады. Алайда ана тіліміз жайында ол кезде бірталай дерек жиналып, анда-санда баспа жүзін көргенімен, олардың бөрі

дерлік тек осы саладағы алғашқы мәліметтер, талап-талпыныстар ғана болатын. Ғылымның қазақ тіл білімі секілді мүлде жаңа саласын ашу және оның негізгі бағыттарын белгілеу — халқымыздың аяулы азаматы, жұртшылықты өнер-білімге, мәдениетке үндеген қазақ зиялыларының ірі өкілі, корнекті қайраткер, білімдар лингвист, үлкен оқымысты Ахмет Байтұрсыновтың үлесіне тиді. Ғылымның осынау тар жол, тайғақ кешуінен өткендердің алғашқы шегінде Ісмет Кеңесбаев болды. Ол ғылым жолын бастауыш класқа арналған қазақ тілінің оқулығын жазудан бастады, бұдан кейін де оның авторлығымен қазақ және орыс кластарына арналған қаншама оқулық дүниеге келді. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты мен Қазақ мемлекеттік университетінде жалпы лингвистикадан дәріс оқи жүріп, қазақ тілінің жүйелі ғылыми курсы жасау сияқты іргелі жұмысты ұйымдастыруды қолға алды. Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті ретінде қоғамдық ғылымдар саласына басшылық еткен кездерінде жоғары мектептер үшін қазақ тілінің ғылыми курсы жазуға белгілі тіл мамандарын жұмылдырды. Өзі осы еңбектің қазақ тілінің фонетикасына арналған үлкен бір бөлімін жазды. Бұл іргелі зерттеу 1954 жылы “Қазіргі қазақ тілі” деген атпен жарық көрді. Бұған енген Ісмет Кеңесбаевтың еңбегін ғалымдар Радлов заманынан кейінгі түркі тілдердің дыбыс құрылысы жүйелі түрде зерттелген іргелі ғылыми ашылыс деп бағалады. Секең осы зерттеуі арқылы түркология өлеміне қазақ тілінің дыбыстық болмысын, просодиялық ерекшелігін, ойын, бүкіл нәзік бояуларын бүге-шүгесіне дейін терең білетін, ғылыми ізденісі қарымды, ойлау аясы кең, сезімтал фонетист есебінде танылды. Бұл еңбек жоғары мектептің қазақ тілі оқулығының негізгі бөлімі ретінде қайта басылды. Кейін оның белгілі тіл зерттеушісі, білікті ғалым Сейітбек Нұрханов аударған орысша нұсқасы “Современный казахский язык” атты кітапқа енді.

Баяғы заманнан халқымызбен бірге жасасып, атадан балаға мирас қалған қасиетті ана тіліміз рухани дүниеміздің, ой-парасатымыздың тоғысар түйіні, сарқылмас қайнарындай. Халқымыз тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін жасаған, іші алтын, сырты күміс сөз асылын ойына арқау еткен, содан қалған мұра — ана тіліміздің фразеологиясы. Осы бір қисапсыз мол байлықты қырық-елу жыл бойы тірнектеп жинап, бүкіл түркі тілдес халықтарға асылды асыл ретінде жарқырата көрсеткен тағы да сол Секең еді: 1977 жылы жарық көрген “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі” бүкіл түркология ғылымының, соның ішінде қазақ тіл білімінің аса зор табысы болды. Сөздіктің толық басылымының Қытай елінде араб жазуымен қайта басылып шығуы — оны шетел ғалымдары мен мәдени жұртшылығына танымал етті. Секең осы еңбегі үшін 1978 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері болды. Жоғарыда айтып

өткеніміздей, Секең жалғыз тіл білімі ғана емес-ау, алпысыншы жылдардың басына дейін Академияның Тіл және әдебиет институтының директоры ретінде ғылымның аса бір күрделі саласы – филология ғылымының дамуына зор үлес қосты, ол ғылымның жанашыры және білікті ұйымдастырушысы ретінде танылған жан. Оның бойында ойын орамды тілімен дәл жеткізу қабілеті көзге ұрып тұратын. Айтқан пікірден оралып өту оның бойында сирек кездесетін құбылыс еді. Терең тұжырым, тегеурінді де нақты дәлел талай істің оңынан шешілуіне негіз жасаған еді. Содан да академик І.Кеңесбаев Мәскеу-Петербор секілді ғылым ордаларының кешегі КСРО құрамындағы ұлт республикаларының зиялы қауымы, тіпті шетел оқымыстылары алдында зор беделге ие болды. Ол – С.Е.Малов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, А.Б.Севортян, А.К.Боровков, А.М.Щербак, Е.Р.Тенишев тәрізді әлемге белгілі түрколог-ғалымдар мойындаған, бағалаған Қазақстандағы тіл білімінің ірі өкілі еді.

Алпысыншы жылдардың аяқ тұсы болатын. Алматыда КСРО Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымға арналған көшпелі сессиясы өтіп жатқан. Түркология проблемаларын сөз ететін баршаға ортақ орыс тіліндегі бір журналдың қажеттігін Секең көптен айтып жүретін. Осы ойын Мәскеуден, Петербордан, өзге ұлт республикаларынан келген беделді деген біраз ғалымдарға түсіндіріп, алдын ала әбден шегелеп, пысықтап алғаннан кейін (бұл кісі көпшілік талқысына салатын мәселесін әдетте осылай алдын ала дайындап, пісіріп алатын), сессияда өзі сөйлеп, “Советская тюркология” деген журнал ашудың өте толғағы жеткен, аса қажет нәрсе екенін жеткізе дәлелдеп, ұсыныс жасады. Сол сол-ақ екен, сессияға қатысушылардың бәрі Секеңнің ұсынысын құптап, мұндай журналды ашу керек деген мәмілеге келді. Журналдың редакциясы орналасуға 1926 жылы Түркологтердің тұңғыш съезі өткен Баку шаһары лайық деп белгілі түрколог, өзірбайжан ғалымы Мамед Шерәлиев ой қосты, журнал сонда шығатын боп белгіленді. Секең журнал ашылған бойда сол журналдың құрылтайшысының бірі болды, ал Шерәлиев редакторы болып тағайындалды.

І.Кеңесбаев басқарып тұрған жылдардағы Институт жұмысы ілгері басып, оның зерттеулері одақтық аренада таныла бастады, мұның бір дәйегі – Мәскеу мен Петербордағы танымал оқымыстыларымен, сондай-ақ жетекші ғылыми мекемелермен берік те сындарлы байланыстың орнауынан десек, артық айтқандық болмайды. Данқты түрколог академик Кононовтың жетпіс жасқа толған мерейтойын Алматыда жалғастырып, оны түркология ғылымының, Қазақстандағы лингвистика қауымының мерекесіне айналдыруға мұрындық болған адам – Ісмет ақсақал болатын. Өзім алатын лауазымның,

атақ-дәреженің бәрін алып болдым, мұның бәрі менің жеке басымның абыройы үшін емес, қаулап өсіп келе жатқан мына жастар, сендер үшін, қазақ лингвистикасының ғылыми орталықпен, ондағы білімпаздармен достүрлі сабақтастығын кейінгілердің жалғастыруына жоралғы болсын деп Исмет ағаның ағынан жарыла айтқан сөзі күні бүгінге дейін санамызда сайрап тұр.

Мәскеу мен Петербордағы, туысқан республикалардағы лингвист-ғалымдар арасындағы бұл кісінің үйкен беделі арқасында алпысыншы, жетпісінші жылдардағы ең маңызды деген бүкілодақтық лингвистикалық форумдардың көпшілігі Алматыда өтетін еді. Секең бүкіл институтты аяғынан тік тұрғызып, бәрімізді жиындарды ұйымшылдықпен өткізудің қамына жегіп қоятын. Жиындар ғылымға деген, ғылым адамына деген ізет-құрметке ұласатын.

Шетел лингвистерінің Секеңе ықылас-ізеті ерекше болатын. Түркия, Германия, Америка елдерінің ориенталистік қоғамдарының құрметті мүшесі болып сайлануы — оқымыстыны, оның еңбегін риясыз мойындаудың айғағы екені аян.

КСРО Ғылым академиясы ғалымдары алдындағы зор беделі мен абыройын пайдалана отырып, әсіресе өзімен ұзақ жыл Ұлттық Ғылым академиясында бірге істеп, біте қайнаған қазақ әдебиетінің, ғылымының ірі тұлғасы Мұхтар Әуезовті бетке ұстап, Тіл және әдебиет институты негізінде екі институттың құрылуына ұйытқы болғандардың бірі Исмет Кеңесбаев еді. Мұхтар мен Секең институтты бөлу қамымен Мәскеуге жүріп кетті. Көп ұзамай бір институттың орнына екі институт ашылды деген қуанышты хабар да жетті. Бір өкініштісі, сол жолғы Мәскеу сапарынан халқымыздың ұлы перзенті Мұхтар елге оралмады, сол жақта дүниеден өтті. Амал нешік, жаңа ғана өз қолымен тік тұрғызған Әдебиет және өнер институтының, кейін өзінің құрметті есімі берілген институттың тіккен отауын көзімен көруді Алла тағала Мұхтарға жазбапты.

Секең сол 1961 жылдан 1978 жылға дейін Тіл білімі институтын басқарды.

Сәтбаев, Әуезов сынды қазақ ғылымы қарлығаштарының қолдауымен, Кеңесбаевтың іске тікелей араласуымен 1961 жылы дербес ғылыми-зерттеу мекемесі болып шаңырақ көтерген Тіл білімі институты ана тіліміздің дамуына зор үлес қосып келеді. Білікті тілшілеріміздің ең маңызды еңбектері осы институт қабырғасында жарық көрген. Тіліміздің бүгінгі жай-күйіне, оның өсіп-орбу, марқаю, қалыптасу тарихына арналған зерделі зерттеулер жоғары мектеп оқулықтарынан, Мемлекеттік сыйлыққа ие болған фразеологиялық сөздіктен, он томдық түсіндірме сөздіктен, кітап сөрелерінде иін тірескен лексикографиялық еңбектерден, басқа да монографиялардан көрініс тапты.

Қазақ лингвистикасы саласындағы жоғары білікті мамандардың дені түлеп ұшқан ұя — осы Институт. Оның аспирантурасы мен докторантурасында тәлім алып, ғылыми атақ-дәрежеге ие болған басқа елдердегі түркологтардың легі оз алдына. Секеңнің ғылыми бағдар жасап, аса назар аударған дүниесі — осыдан екі жарым ғасыр бұрын Орхон, Енесей өзені бойынан табылған тылсым жазулы тастар болды. Сан ғасыр бойы көрпесін томаға-тұйық жамылып, ішіне не тұңғыық сыр бүгіп жатқан ескерткіш-құлпытастардағы жазудың сырын ашқан, ол туралы келелі зерттеулер жүргізіп, елеулі монографиялық еңбектер жазған да осы институт ғалымдары.

Жоңғар қақпасынан бастап Дунайға дейінгі байтақ алқапты алып жатқан түркі текті жұрттарды ертедегі араб саяхатшылары “Дешти қыпшақ” атағаны мәлім (арабша дешти — дала деген сөз). Осы дешті қыпшақ заманында Мысыр жұртына дейін жетіп, бүкіл мұсылмандық шығысқа зор ықпалы болған ұланғайыр кең жазирада үдере көшкен қыпшақ тайпалары да өз артына ошпес жазба мұралар қалдырғаны белгілі. Қыпшақтардың хат бетіне араб, армян жазуымен түскен ескерткіштері де бір бөлек. Осы дүниеліктерге де тереңдеп еніп, бұл салада біраз нұсқалардың зерттеулеріне ұйытқы болған да осы Кеңесбаев, ол басқарған Тіл білімі институты.

Елуінші жылдардың басындағы буржуазияшыл ұлтшылдық, космополитизм, марризм сияқты коммунистік идеология ойлап тапқан не қилы измдерден жазықсыз жапа шеккендердің қатарында І.Кеңесбаевтың қуғын-сүргіннен Алматыға қайта оралған кезі болатын. Бұл күнде көзі жоқ біздің ғалым, жазушы, журналист, ұстаз достарымыз: Нұрлыбек Жүнісов, Тұрап Айдаров, Омарбек Дәулетбаев, Әділбек Абайділданов, Құлмағамбет Есбаев, Боранғали Ырзабаевтар мен қазіргі ірі қалам қайраткері, ақын Тұманбай Молдағалиев, жазушы Нұрғожа Оразов, бұрын жауапты жұмыста болған журналист Токтар Бейісқұлов, өз елінде ұстаздық етіп жүрген Әбдіразақ Досмырзаев, Көмекбай Мұсаев бәріміз ҚазМУ-дың филология факультетінің соңғы курсында жүргенбіз. Секең сол жьпы жалпы тіл білімінің негіздерінен бізбен курстас орыс бөлімінде лекция оқып жүрді. Мұғалім жетіспегендіктен бе, әлде әдейі солай істей ме, білмедім, әйтеуір, политэкономия, философия, педагогика сияқты жалпы білім беретін пәндер бойынша лекцияны орыс бөлімімен қосып оқитын. Бұл жолы олай етпеді, өйткені бұл курсты содан бір жыл бұрын бізге Жұбаныш Аралбаев ағай ана тілінде оқып кеткен-ді.

Бір күні орыс бөлімінің бір топ студенті өздерінің профессор Кеңесбаевтың лекциясынан шыққанын, ол кісінің лекцияны тамаша оқитынын ауыздарының суы құрығанша мақтап айтып тұр екен. Соны естігеннен ертеңінде-ақ лингвистикаға бейімделіп жүретін

қазақ бөлімінде оқитын бірнеше студент профессор Кеңесбаевтың лекциясын тыңдауға бардық. Бұл Ісмет ағайдың оқу программасын аяқтауға тақап қалған тұсы екен, әйтеуір, әлі есімде, тіл ғылымындағы компаративистика (салыстырмалы-тарихи зерттеу) деп аталатын саладан оқыған екі-үш лекциясын тыңдап үлгердік. Қай лектордың білім дәрежесі қаншалық, лекция оқуы қалай дегенді байқарлық шамаға келіп қалған кезіміз – бесінші курста оқимыз ғой. Оның үстіне Мұхтар Әуезов секілді ғажайып профессордың алдын коргеніміз бар. Бізге шетел әдебиетінен сабақ берген Герпсман, Рубинова, Мадзигондар да лекцияны тамаша оқитын. Бірақ лекцияны әдебиеттен оқу мен лингвистикадан оқудың өз ерекшелігі бар. Тілден оқылатын лекцияны лектордың лекторы ғана қызғылықты ете алады. Секеңнің дәл осындай шебер лектор екендігіне бірінші лекциясын тыңдағаннан-ақ көзіміз жетті.

Профессор аудиторияны салғаннан баурап алды, іркіліссіз сөйлеп кетті. Аудитория сілтідей тынған. Лектордың көп білетіні, лингвистика тарихын жетік білетіні, білім ауқымының кеңдігі сезіліп-ақ тұр. Ал оның орыс тіліне келгенде қамшы салдырмайтын нағыз жүйріктің өзі екеніне бәріміз кәміл ден қойдық. Франц, Бопп, Расмус Раск, Яков Гримм сынды Еуропа компаративистикасының ірі өкілдерімен қатар Сибавейхи, әл-Замахшары, әл-Жаухари секілді араб лингвистері есімін біз алғаш рет Секеңнің осы лекцияларынан естіп білдік. Кейін біз ҚазМУ-ды тамамдарда Ісмет ағай бізге мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы болып келді, дипломымызда бұл кісінің қолы тұр.

Оқу бітірушілерді жұмысқа бөлген кезде қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, білікті де сүйікті ұстаздарымыздың бірі профессор Мәулен Балақаев мені аспирантураға қалдыру ниетімен өз кафедрасында қалдырған болатын. Бірақ ҚазМУ-дың басшылығы қазақ тілі мамандығы бойынша аспирантураға деп орын бере қоймады. Елуінші жылдардың басындағы саяси қуғын-сүргіннің салдары болса керек, сол кезде қазақ тіліне деген көзқарас тым салқын болатын. Аспирантурадан күдер үзіп, Алматының түбіндегі Жаңашар орта мектебінің оқу ісінің меңгеруші болып істеп жүргенмін, бірде Мәкең мені шақырып алып, сол кезде Тіл және әдебиет институтының қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы бөлімін басқаратын академик Нығмет Сауранбаевқа әкеп табыстады: мына баланы аспирантураға деп алып қалған өзім едім, ҚазМУ қазақ тілі мамандығына орын бермей қойды, Сізде бір орын бар деп естіп, өзіңізге шәкірт етіп бергелі отырмын дегені, бұған Нығмет аға қарсы бола қойған жоқ.

Барлық пәннен қабылдау емтиханын тым жақсы тапсырып келіп, бұрын еш жерде оқып көрмеген шет тілінен өтуім кәдік болды. Қызылордаға біраз шеттеуден кейін Тіл және әдебиет институтына

директорлыққа тағайындалғаны да сол екен, енді Секеңнің алдына баруға тура келді. Ісмет аға менің келген жұмысымды сұрап, мәселенің мән-жайына қанғаннан кейін Сауранбаевпен телефон арқылы сөйлесіп, мені сол кісінің өзіне аспирант етіп алғысы келіп отырғанына көзін жеткізген соң, Ғылым академиясының кадр бөлімінің бастығына телефон соқты. Не болар екен деп тым-тырыс тыңдап отырмын, сөзін “Сәке!” деп бастады. Кейін білсем, бұл – Сафи Халиуллин деген кісі екен, аспирантура ол кезде осы кадр бөлімінің билігінде болатын. Бұл да қазақтың ер қоңлді азаматы еді. Осы Секең Мессерле Абрам Ефимович деген неміс тілінің мұғалімін шақырып алып, маған немісше қабылдау емтиханын тапсыртып, протоколдап заңдастырды да: “Інішек, немісшені осы кісінің өзінен оқысың, түбінде дұрыс оқымасаң, маған окпелеме, Секеңе арызды ең алдымен өзім қыламын” деп нығарлап айтты. Бұл кісілерді ұятқа қалдырмауға тырысқанымды, неміс тілінен кандидаттық минимумды бір алты-жеті айдың ішінде бұрын мектепте, институтта оқып келгендер қатарлы тапсырарлық дәрежеге жеткенімді қазір оқу, ғылым деп талаптанып жүрген балаларыма мақтана айтып отырамын. Егер Алла тағала осы бір абзал жандардың (Ісмет, Нығмет, Мәулен ағаларды айтамын) ықыласын маған түсіріп, солардың шарапаты тимегенде, мен аспирантураға түспек түгіл, ғылым әлемінің төңірегіне де келе алмас едім. Енді міне, шүкіршілік, ел-жұрттың алдына шығып кетпесек те, жақсы ма, жаман ба, әйтеуір өзіміз қалап, өзіміз ұнатқан ғылым майданында қырық жылдан астам уақыт тырбанып еңбек етіп келеміз.

Кеңесбаев, Сауранбаев, Балақаев сынды қазақ тіліндегі бірегей тұлғалардың – қамқор ағалардың назарына ілігіп, солардың шәкірті болғанымды әр кез мақтан тұтамын.

Еткен қызметін кісіге әсте міндет қылмайтын, оған өтіл сұрамайтын, кім қай ауылдың, қай жердің қазағы еді деген зәредей де бір нәрсе ойына оралып көрмеген азамат қазақта екеу болса, Ісмет аға соның біреуі де, біреу болса соның өзі десем, әсіре айтылған сөз болмайтынына менің иманым кәміл. Әңгіменің ыңғайына қарай жоғарыда аттары ауызға алынған Нығмет аға мен Мәулен аға да дәл сондай жандар еді. Осылардың үшеуінің аузынан да “сен осы қай ауылдың баласы едің” дегенді естімей-ақ кеттік.

Петербордағы Шығыстану институтының түрколог ғалымдары, атақты шығыстанушылар Марр мен Бартольдтың аса бір білімдар жандар болғанын, әрі біріне-бірі дос-жар, сыйлас кісілер екенін, ал отбасындағы күнделікті өмірдегі қарапайым тіршілігі тұрғысынан алғанда, екеуі бір-бірінен айрықша ерекшеленетін тұлғалар екенін Ісмет аға әрдайым айтып отыратын. Оның айтуынша, Бартольд басын өмір бойы кітаптан, жазудан алмайды екен. Тіптен қонаққа

шақырған жер болса, оған бармайтын, үйіне де қонақ шақыра қоймайтын, өзгеден ерек бір жан болыпты. Ғылымсыз өткізген әр минутым зая кеткен уақыт деп біледі екен. Шығыс тілдеріндегі небір жазба нұсқаларды оқи алатын, оны ғылым ісінің, зерттеу ісінің игілігіне айналдыра алатын, әлемдік ориенталистикадан мол мағлұматы бар жан бұл кезге дейін жинап-тергенімді, ізденіп тапқанымды, зерттеп біліп, қоңілге түйгенімнің һәммесін өмірімнің жеткенінше, әлімнің келгенінше хат бетіне түсіріп, кейінгіге жазып қалдыруым керек дейді екен. Ғылымға барлық жан-тәнімен берілген адам осындай-ақ болса екен деп ойлайсың. Бұдан ғалымдығы бірде-бір кем емес, егіздің сыңарындай екі достың бірі Марр болса, ол барып тұрған аристократ болған көрінеді, ғылымға берілумен қоса мағыналы да мәнді өмір сүруге ұмтылыпты. Сәкеннің (Сейфуллин) салдығы мен серілігі туралы әңгімені біз Исмет ағаның аузынан жиі еститінбіз. Бұл кісінің жүріс-тұрысынан, мәдениетінен осындай зиялыларға еліктеушілікті, серілік нышандарын байқайтынбыз.

Жұмыстан қолы босаған кейбір сәттерде Секең далаға, таза ауаға шығып сейіл құрып, сауық-сайран салғанды жақсы көретін. Демалыс күндері зауқайыр телефон соға қалсаң, бүгін біз бозторғайлардың шырылын естіп, даланың жүзін көріп, таза хауа жұтып (бұл кісі “ауа” дегенді ығида “хауа” деп түпнұсқасына жақындатып айтқанды жақсы көретін) қайтатын тамаша бір күн екен дейтіні де болатын. Мұнысы өзіне де, төңірегінде жүрген ол кездегі мына біз сияқты жастарға да ұнайтын. Көп қазақтай ала бөтен мінезі бар, қайран аға, өзіңізге қарап бой түзеген сол бір кездегі қазақ жастары бұл күнде бастарын қырау шалып, жігіт ағасының асқарлы қырқасынан асқан мына біздер өздеріңіздей ұстаздармен, ақылғой ағалармен бірге жүріп, біте қайнаған со бір балғын күндерімізді, өздеріңіздей ақжарқын да асыл жанды аңсаймыз. Шара нешік, өмір ешкімге де мәңгі берілмеген, тіршілік өткінші. Осындайда өзімнің жақсы көретін досым, қазақтың жүйрік ақындарының бірі – марқұм Әбдікәрім Ахметовтың мына бір жолдары еріксіз ойға оралады:

Амал қанша,
 Өмір солай –
 Уақыт, бақыт тұрақсыз.
 Туу қиын,
 Өлу оңай –
 Бір күн сөнер шырақпыз.

Исмет ақсақал өте сыпайы сөйлейтін, жастарға үнемі “қарағым, шырағым, айналайын” деп отыратын да, ал үлкендерге “бөленшеке”, “түгеншеке” дейтінінен еш танған емес. Кейде жасының үлкен-кішісіне, еркек-әйел екеніне қарамастан атына “еке” дегенді ұдайы

қосып айтуда қалайтын. Әсіресе ауыл адамдарына деген ізеті ерекше еді. Интеллигенттік инабаттылыққа қоса сахара психологиясына тән еркін, шалқардай кең мінез осы кісінің бір басына сыйып тұратын. Темекі тартпай, насыбай атуға әдеттеніп, келісті шақшасын бірдемеге кербездене тықылдатып отырғанды өзінің далада бұла өскен қыр баласы екендігін өзгелер білсін дегендей әдейілеп істейтіні көрініп-ақ тұратын. Асылында, Ісмекең цивилизацияға қатыстыны да, қырдың кәдімгі кең қолтық, жуан қоныш қазақшылығын да қадір тұта білген майлық-сулығы бірдей адам еді. Нар тұлғалы денесімен селкілдеп, рахаттана бір күлгені көз алдына қазақтың кең жазирасын бір елестететін.

Бірнеше жыл қатарынан Институттың ғылыми хатшысы, Академия “Хабарларының” жауапты хатшысы болып, осы кісінің қарамағында істеп жүріп бір байқағаным көп лауазым иесі адамдардың мінез-құлқынан байқалатын кабинетінде отырғанда маңғазданып, такаппарсынып отыру деген бұл кісінің әдетінде болмайтын, үстіне қашан кіріп барсаң да алды кең, әсіресе көңіл күйі көтеріңкі бір сәттеріне тап болсаң, барған бойда әңгімеге үйіріп, әзіл-қалжыңын араластыра сөйлеп, өзінді өзімен қоса бір күлдіріп алатын. Сөзінің арасына атыңды қосып қойып, бір шаруамен келген боларсың деп, қысылмай отырсын дегендей кісіге ілтипат білдіре, кішіпейілдене әңгімеге тартатын.

“Ұлты орыс адамдарға байланысты жұмысты тапсырарда ол кісінің -ічін (отчествосы дегені) білуші ме едің дегенді өзіңнен бір сұрап алып, егер білмесең, алдымен сөйлескелі отырған адамыңның -ічін біліп ал, сөзді ол ағайындардың -ічинен бастау – мәселенің елу процентін шешіп кететін де кезі болады” деп өзінді күлдіріп қоятын. Өзімен істес, дәм-тұздас болған өзге ұлт өкілдерінің, орыс ғалымдарының есімін тіптен сыртынан ауызға алғанның өзінде де үнемі аты-жөнін Андрей Николаевич, Эрванд Владимирович, Айыш Ғұлам, Игорь Алексеевич деп атауы, өсіп келе жатқан жастарды кішіпейілдікке, ізетке әдейілеп меңзеуі де болар. Бір жағы еуропаша алған тәлім-тәрбиесі бар, екінші жағынан Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов сияқты асқан ірі тұлғаларды көзі көрген, Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов сынды ой алыптарымен ұзақ жыл қадірлес-сыйлас, тіптен айта берсе табақтас-баталас Ісмет ақсақалдың білетіні де, өмірден зердесіне түйгені де көп болатын. Бұл кісінің алдында болып, ғылым адамдары туралы, отызыншы жылдардағы интеллигенция өкілдері туралы әңгімелерін, құрбы-құрдастарымен арадағы әзіл-қалжыңдарын естіп жүрудің өзі бір тағылым мектебі еді.

Шығыстану институтында өзін оқытқан Самойлович, Малов, Шерба секілді қадірменді ұстаздары туралы әңгіме айтып отырғанды

Секең жақсы коретін. Әсіресе Малов пен Мешаниновке келгенде бұл кісінің ықыласы керемет еді. Осы кісілермен қазақ лингвистерін жақын етіп жіберген бір жай – соғыс жылдарында олардың Алматыға эвакуациямен келуі. Республикада тіл мамандары соғыстан кейін қаулай өсіп, олардың қатарынан ғылыми атақ-дәрежеге ие болған адамдардың көптеп шығуына себепші болған осы бір ғылым адамдарының, сондай-ақ сол жылдары орталық қалалардан келіп, біздің астанамызда болған өзге де оқымыстылардың ақыл-кеңесінің, білім шарапатының ықпалы да шығар. Кеңесбаев қазақ фразеологизмдерінен докторлық диссертация қорғаған кезде оның оппоненттері Мұхтар Әуезов, профессор Н.Юшманов және С.Малов ақсақал болған ғой. 1957 жылы Секеңнің елу жасқа толған мерей тойына Сергей Ефимович Маловтың Петербордан Алматыға әдейі арнап келіп, сый тапсырғаны әлі есімізде. Осы тойға Мәскеуден белгілі түрколог Н.А.Баскаков келген-ді, Кеңесбаевтың түркологияда алатын орны, қазақ лингвистикасының болашағы туралы зерделі ойлар айтқан-ды.

Секеңнің докторлық диссертация ретіндегі зерттеуі қазақ тіл білімін былай қойғанда, ол кезде барша түркі тілдері топырағындағы сөз өнерінің осынау бір ғажайып бай мұрасынан жазылған тұңғыш еңбек болды. Осыдан кейін қазақ тіл білімінің бұл саласы қара үзіп алға кетті, кейін бұл көптеген жас зерттеушілердің мәнді де маңызды еңбектеріне ұласты. Секең өмір бойы дерлік қазақ фразеологизмдерін жинаудан, олардың құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерін, тарихи даму заңдылықтарын ашудан еш уақыт қол үзген емес.

Бақи дүниеден өткен жандарды еске алғанда ол адамзат баласы үшін, әлеумет үшін не істеп, не қойып еді, атқарған ісіне деген сұрауды қойып, мына фәни жалғанда еткен ісін ине-жіпке тізіп, түгендеп шығатын әдетіміз бар. Мұнымыздың о дүниелік пенденің өз басынан гөрі кейінгі тірілер үшін мән-маңызы зорырақ па деп ойлаймыз. Ісметтей абзал ағалардың жайшылықтағы тіршілік күйбеңінен ерек тұрған азаматтық іс-қылығын, өмірдегі мақсат-мүддесін, тұтқан мұратын, елім-жұртым, қазағым деп жанын сала еткен хам-харакетін баян ету – кейінгі буын ұрпақ үшін баға жетпес үлгі-өнеге.

Көненің көзіндей болып, сексен сегіз жасқа келіп, ғылым әлемінде бір ықпалым ғұмыр кешкен, бір мекемені шын мәнінде өз қолымен құрған, артына лингвистикалық өшпес, қисапсыз мұра, сандаған шәкірт қалдырған ұлтымыздың сыйлы да сарбаз азаматтарының бірі – Ісмет Кеңесбаевтың есімі болашақпен бірге жасайды, ғылымдағы ол көтерілген асқаралы биіктер алыстаған сайын мен мұңдалап, айғақтала түсетін болады.

Дарынды түрколог*

1935 жыл. Май айының жайма-шуақ күндерінің бірі. Нева өзенінің оң жақ қанатын қаптап жатқан алаңқайдағы жасыл желекті сквер арасында орта бойлы, кара торы жүзді жас қазақ жігіті ойлы көзі зор парасат иесін аңғартқандай, жылы шырайлы бір кісімен әлденеге бөгілістеп, шығыстану өлемінің қызықты бір хикаясы жайында әңгіме шертісіп келе жатты. Бұл — өз ұстазы, әйгілі ориенталист, профессор Н.К.Дмитриевтің қасындағы Педагогтік ғылым академиясының аспиранты, Ленинградтағы Герцен атындағы педагогтік институттың орыс филологиясы факультетінің бұрынғы түлегі, кейіннен есімі халқымызға мәлім болған белгілі қазақ оқымыстысы академик Нығымет Сауранбаев болатын.

Қатыгез ажал ең болмаса елуге аяқ басқызбай жатып 1958 жылы арамыздан алып кеткен марқұм Нықаңның кір жуып, кіндік кескен жері — Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Ырғайты өзенінің бойындағы Шарбақты аталатын қазақ ауылы еді. Ол 1910 жылдың жазында дүниеге келді. Қаршадайынан өнер іздеп талпынған жасты әкесі Сауранбай Қасық деген ауылдағы ауыл мектебінен дөріс алуға тапсырады. Мектепті үздік оқып, оқуын өрі жалғастыруды ниет қылған жас талапкер 1925 жылы Алматы келіп, Халық ағарту институтының дайындық курсына түседі. Нығыметтің ауылдан келген қазақ жастарымен қоса тұңғыш жоғары мектеп табалдырығын аттағаны осы болатын. Бұл — болашақ оқымыстының ғылым дүниесіне құлшына бой ұруының бастама бір сәті, тұңғыш қадамы есепті. Осы Институтты 1932 ж. тамамдап, Ағарту комиссариатында біраз жұмыс істеп, 1935 ж. Мәскеудегі Герцен атындағы институттың орыс филологиясын бітірген, кейін аспирантурада оқыған. Аты барша лингвистика дүниесіне мәшһүр И.И.Мещанинов, Н.К.Дмитриев тәрізді орыс оқымыстыларының жетекшілігімен жұмыс істеп, олардың зерттеу машығын өзіне үлгі-өнеге тұту — жас ғалым үшін ең тәлімді мектеп, міне, осы еді. Институтта жүрген күндерінің өзінде-ақ ана тілін зерттеуді армандады.

Қазақ тілі жөніндегі ілім-білімнің Н.Сауранбаев белсене араласып, атсалыспаған саласы кемде-кем. Мектепке арналған оқулықтардан бастап қазақ тілінің жүйелі ғылыми курсына жасауға республика тіл мамандары ішінде қолына бастапқы қалам ұстағандардың бірі — осы Н.Сауранбаев болатын.

1940 жылы Ленинград қаласында оның КСРО Ғылым академиясының Н.Я.Марр атындағы Тіл және ойлау институтының

* Мақала “Қазақ лингвистикасының ірі тұлғасы” деген тақырыппен “Сауранбаев және қазақ тіл білімі” жинағында (Алматы, 2000) жарияланған.

ғалымдары алдында “Қазақ тіліндегі көсемшенің семантикасы мен функциясы” деп аталатын бір ауыздан мақұлданған кандидаттық диссертациясы – түркі текті тілдердің морфологиялық жүйесіндегі негізі бір саланы қазіргі лингвистикалық ғылым дәрежесінде зерттеудің үлгісі іспетті еді. Бұл – бүкіл түркологиялық ілімдегі осы тақырыпқа жазылған тұңғыш монография болатын. Орыс тілінде жазылған осы еңбегі “Қазақ тіліндегі көсемшелер туралы” деген атпен 1940 жылы қазақ [1], 1944 жылы орыс [2] тілінде жарияланды. Бұдан көп ұзамай дарынды ғалым қазақ тіліндегі құрмалас сойлем жүйесі туралы ірі ғылыми еңбек тамамдап, оны да аталған институттың Ғылыми кеңесінде 1943 жылы зор білімдарлықпен қорғап шықты. Ана тіліміз жөніндегі қорғалған докторлық диссертация атаулының ең тұңғышы да осы болатын. Сөйтіп, Нықан қазақ тіл білімпаздары арасында ғылым докторы деген атақты бірінші болып алудың абыройына ие болды. Бұл еңбегін де кейін монография түрінде жариялады [3].

Бұрын Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының мектеп жөніндегі ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары болып істеп келген ғалымға 1941 жылы әрі қиын, әрі жауапты міндет жүктелді. Ол КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының қазақ тілін, әдебиетін, тарихын зерттейтін жаңадан ашылған ғылыми-зерттеу институтының бірінші директоры болып тағайындалды. Соғыс сұрапылы елімізді күйзелткен сол бір ауыр жылдарда Нықан өзіне біткен бар қабілет-жігерін жаңа құрылған жас институттың іргелі ғылыми мекемеге айналуы үшін аямай күш жұмсады. Осы институттан енші алып, бұл күнде белді-белді төрт бірдей ғылыми-зерттеу институты болып өз алдына дербес отау тіккен ғылыми мекемелер өзінің бірінші ұйымдастырушысы Н.Сауранбаевқа, сөз жоқ, қарыздар.

1946 жылы Н.Сауранбаев алғашқы құрылған Қазақ академиясының құрамына еніп, бойына біткен ғалымдық тума дарыны арқасында отыз алты жасында академик болып сайланды. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Исмет Кеңесбаев, Ахмет Жұбанов тәрізді белгілі ғалымдармен Қазақстанның ғылым ордасы – Қазақ ССР Ғылым академиясының іргетасын бірге қаласып, шаңырағын бірге көтерісті. 1946–1951 жылдары ол қоғам ғылымы бөлімінің академик-секретары, 1951–1956 жылдары Академияның вице-президенті болып жауапты қызмет атқарды.

Қазақтың халық тілінің дүниеге келуі, қалыптасуы жайында да оқымысты еткен еселі еңбек аз емес. Жержүзі шығыс зерттеушілерінің 1954 жылы Англияда Кембридже өткен халықаралық ғылыми конгресінде ол өзін көптен толғандырып жүрген осы проблема жөніндегі ойына ірі оқымыстылардың назарын аударды. Ғалымның

бұл баяндамасы сол жылы Мәскеуде орыс, ағылшын тілдерінде басылып шықты [4]. Ғалымның бұл баяндамасы 40-жылдардың аяқ тұсынан бастап ғылыми журналдардың бетінде: “Қазақтың әдебиет тілінің тарихын зерттеу”, “К истории казахского литературного языка”, “Письмо в редакцию”, “Роль Абая в развитии казахского литературного языка”, “Диалекты в современном казахском языке”, “Некоторые черты древнекыпчакского языка” деген атпен дүркін-дүркін жарияланып келген зерттеу мақалалары циклінің заңды жалғасы болатын.

Автор бұл еңбегінде өзі қайта-қайта көтеріп жүрген өзекті мәселе – қазақ жұрты халық тілінің қалыптасу тарихының ең арғы із-өкшесі есте жоқ ерте замандарда Кіндік Азия топырағында тіршілік кешкен ежелгі түрік ру-тайпаларының диалектілеріне барып тірелетіндігі жайындағы мәселеге ориенталистика жұртшылығының назарын аударып, оны зор білімдарлық байыппен, дәйекті дәлелдермен баяндап берді. Бұл салада зерттеуші ұстанған негізгі бағыт-бағдар – орта ғасырларда тарихи аренаға көтерілген қыпшақ ұлыстық одағының құрамына енген ру-тайпалардың тілі болатын. Қазақтың халық тілінің дүниеге келіп, өз алдына дербес этностың тілі ретінде бой көтеруінің арғы астар, түп қазығы осы қыпшақ дәуірінде өсіп-өніп, қанат жайған ру-тайпалар тілінде жатыр деп білді бұл кісі.

Тікелей тілдік деректерге көшпес бұрын, ғалым жоғарыда аталған зерттеулерінде әңгімені ежелгі қыпшақтардың тарих сахнасына көтерілуінен бастайды. X–XI ғасырлардың тұсында көшпелі қыпшақ тайпаларының Ертістің шығыс беткейіндегі ежелгі қонысынан батысқа қарай жылжуы басталғаны тарихтан мәлім. Ресейдің бүкіл оңтүстігі мен шығыс атырабындағы байтақ далада қаптап жатқан қалың түркі жұртының моңғолдар келердің алдындағы ең молы да, әлеуеттісі де осы қыпшақтар болған. Сол замандағы барша Сібір өлкесі, Сарыарқа, Сыр өңірі, Еділ-Жайық бойынан Қырымға, Карпат тауларына дейінгі аралық – қыпшақтардың көші-қоны, қыс қыстауы, жаз жайлауы болған жерлер. Алтын Орданың орыс жылынамаларында кейде Қыпшақ Ордасы деп аталуы да бұл тұстағы қыпшақтардың хандық құрамындағы өзге текті ру-тайпалардан иығы зор болғандығының жанама кепілі есепті.

XI ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ қыпшақтар Хорезм жерінің солтүстігіне тақау тұрған Оғыз мемлекетін Орта Азияның ішкі қоныстарына қарай түре ығыстырып, Сыр бойына, Арал, Каспий жағалауына өзінің толық қожалығын орнатқан еді. Қыпшақтардың атының тұяғы сол ғасырдың орта шенінде-ақ Шығыс Еуропа елдеріне жетіп, Донның арғы жағалауындағы жерлерге молынан іліккен.

Ал мамлюк қыпшақтардың Мысыр сұлтандарының қолынан билікті тартып алып, бірнеше ғасыр бойы бүкіл Мысыр елін билегені — тарихта егжей-тегжейлі баяндалған шындық. Сирияға шапқыншы жорық жасаған моңғол қолын ерлікпен талқандаған Бейбарыс 1260 ж. бүкіл Мысыр елінің патшасы боп жарияланды. Франктердің мұсылмандарға қарсы крест жорығына тегеурінді тойтарыс берген де (1265 ж.) осы Бейбарыс сұлтан болатын.

Үрім, Қырым, Мажар, Кавказ, Орыс елі былай тұрсын, аяғы Африка құрлығына дейін жеткен қыпшақтардың о бір замандарда асыл ел болмағаны айқын байқалады.

Әрине, қазақтың халық тілі қалыптасуының арғы тарихы, арғы астары орта ғасырларда дәуірлеген қыпшақ тайпалық одағында жатыр дегені — бұл Нықанның арғы ата-бабаларымыз солай болған еді деген сияқты бойын бір мақтаныш сезімге, патриоттық сезімге жеңдіріп барып айтқан әсіре сөзі емес-ті. Бұл — ол кісінің ғылыми деректерге, айқын тарихи және лингвистикалық фактілерге сүйеніп барып айтқан пікірі. Ғалым орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштеріне мықтап сүйенген. Орхон жазбаларынан, Махмут Қашқаридың “Диванынан”, “Codex Cumanicus” зерттеулерінде келтірілген нақтылы тілдік мәліметтер — осының айғағы.

Қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық жүйесін өзге түркі тілдердің жүйесінен даралай, оны өз алдына дербес тіл ретінде басқалардан оқшаулай көрсетіп тұратын, оның өзіне ең тән деген белгілері мен ерекшеліктері бар екені аян.

Бүкіл Кіндік Азия, Орта Азия, Шығыс Еуропа сияқты кең байтақ өлкеге тараған орта ғасырлардағы исі түркі не қилы диалектілер мен тілдерден қазақ тілін оқшаулап, анадайдан мен мұндалап айқайлап көрсетіп тұратын басты бір белгі, басты бір ен-таңба деп Нығмет Сауранбаев ең бірінші құрықты түркологиялық зерттеулерде “джекань” // “жекань” деп аталып жүрген түркі сөзінің ұшар басында кездесетін фонетикалық құбылысқа салады. Осыны өзі айтпақ, дәлелдемек ойының негізгі дәйегі, кілті етіп ұстайды.

Бұл кісінің дәл осы құбылысты өзге тілдік құбылыстардың арасынан бөліп алып, оны өз зерттеулерінің басты бір таяныш, тірегі етіп ұстауында мынадай мән бар.

Түркі тілдер ішінде сөзінің бас шебіне осы фонетикалық белгі ең тән деген тілдің бірі — біздің тіліміз екені белгілі. Қыпшақ тобындағы өзге түркі тілдерде де бұл құбылыс баршылық, әсіресе қыпшақ тобының ноғайлы саласынан өрбіген тілдерден бұл құбылысты жиі ұшырастырамыз. Қазақ тіліне тым жақын тіл болса да қыпшақ тобынан сырт алынып, шығыс ғұн тілдеріне қосылып жүрген қырғыз тілі де сөз басында *дж* аффрикатын аса тиянақты қолданатын тіл екенін жақсы білеміз.

Жалпы, түркі тілдерді сөз басының дыбыстық заңдылығы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, тілдердің мына секілді екі үлкен тобын бөліп шығаруға болады: оның бірі – сөз басында *й* (йод) дауыссызын қолданатын тілдер де, екіншісі – оның орнына өзге дауыссыздарды қолданатын тілдер. Бұл дауыссыздардың ішінде осында біз айтып отырған аффрикат *дж* мен аффрикат емес (жалаң спирант) *ж* дыбысынан басқа да *ч*, *с*, *т*, *д* секілді дыбыстар бар. Сөзінің бас шебінде дауыссыздардың кейінгі аталған тобы жиі ұшырайтын тілдер – көбіне-көп Ресей жерінің солтүстік-шығыс өңіріне тараған түркі тілдері мен диалектілері.

Сөз басындағы “джеканье” дегеніміздің аффрикат түрінің де, аффрикат емес, жалаң түрінің де қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде аса жүйелі түрде ұшырауының кездейсоқ құбылыс емес екенін, оның орта ғасырлардағы қыпшақ тайпалық одағының құрамында болған ру-тайпа диалектілерінен бастау алатын, сол заманнан сақталып, біздің дәуірімізге келіп жеткен құбылыс екенін дәлелдей келіп, Сауранбаев қазақтың халық тілінің сол бір кезеңдердегі рулық, тайпалық тілдер мен диалектілердің заңды жалғасы екенін айтады.

Сөздің басындағы *дж*//*ж* дегендер түркі тілдері даму кезеңдерінің тым көнедегі дәуірінен келе жатқан құбылыс деп біледі зерттеуші. Осы пікірінің дәлелі үшін VI ғасырдағы түркі жазбаларының дерегіне сүйеніп жазылған проф. Бернштамның “О древнейших следах джеканыя в тюркских языках Средней Азии” деген зерттеуінен мынадай дәйек келтіреді: “Западно-тюркский каганат включал тюркские племена и Южного Казахстана, которые явились предками ряда среднеазиатских народов, в том числе и современных казахов. Так как последние обладают языками джекающего или вернее жекающего диалекта, то можно говорить, что слова, нами разобранные, являются древнейшими следами формирования некоторых среднеазиатских тюркских языков, например, казахского” [5, 17-21]. Мұны былай қойғанда, – дейді Нықан, – сөздің анлауында қыпшақтардың *дж*//*ж* дыбысын қолдағаны жөніндегі дерек Махмуд Қашқарида да бар. Расында да, – Махмуд Қашқари “й”-мен басталатын есім және егістіктердің басқы дыбысын оғыз бен қыпшақтар *а*-ға немесе *дж* (*ж*)-ға айналдыратыны жөнінде дерек берген ғой. Мәселен, дейді Қашқари, түріктер меруертті *ийнжуу* десе, оғыздар *жінжжуу* дейді деп көрсетеді [6, 60].

Осындағы “джеканье” деп атап отырған басты бір фонетикалық құбылысты толықтырарлық, сонымен дәл бара-бар, үзегілес болмаса да соған ілес келе жатқан деректерге де автордың зерттеулері кенде емес. Бұлардың қатарына Нықанның өзі “соканье” деп атаған құбылысты қосуға болады. Бұл құбылыстың мәнісі – түркі тілдердің көпшілігіндегі *баш*, *таш*, *беш* секілді сөздердің құрамындағы *ш* дыбысының орнына қазақтардың *с* дыбысын қолдануы. Мұны да

автор қазақтардың байырғы қыпшақ тілінен еншіленген нәрсесі деп түсіндіреді. Мұның бәрін әбден тәптіштей айтып шығу мүмкін емес, әрі оның бұл жерде қажеті де бола қоймас.

Енді бірер сөз Сауранбаевтың қазақ тілінің диалектілік жүйесіне көзқарасы жөнінде.

Бұл кісі — қазақ тілін диалектілік тұрғыдан арнайы зерттеумен шұғылданбаса да Тіл мен әдебиет институтының қорында 1937 жылдан бастап жер-жерге шығып тұрған диалектологиялық экспедициялар арқылы жинақталған материалдарға сүйене отырып, қазақ диалектілерінің классификациясы туралы алғашқы пікір айтқан ғалымдардың бірі. Сталиннің “Марксизм және тіл білімі мәселелері” дейтін еңбегінің жарыққа шығуына байланысты диалект атаулыға (мамандар арасында) снжар көзқарастың белең алып жатқан тұсында, әрине, өзгелердің қатарында бұл кісінің де қазақ тілінде диалектілік ерекшеліктер бар, бірақ диалектінің өзі жоқ деген сияқты жаңсақ пікірлерге ара-тұра қолдау көрсеткен ыңғайы болғаны бар. Бірақ мұндай пікірдің ғылыми негізсіздігін өзгелерден ерте түсініп, Нықан сабасына қайта түсіп, Мәскеуде шығатын “Вопросы языкознания” журналының бетінде 1955 ж. (№ 5) жарық көрген “Диалекты в современном казахском языке” деген мақаласын жариялады. Мақаланың атынан-ақ көрініп тұрғанындай, мұнда өзге тілдердегі сияқты қазақ тіліне де диалектілердің тән екендігі, оны зерттеу керектігі, диалектілердің халық тілінің тарихымен тығыз байланысты құбылыс екендігі жөнінде мол мағлұмат беріл, қазақ диалектілерінің жүйесі жөнінде өз классификациясын ұсынды. *ч-ш* және *л-д* дауыссыздарының бір-бірімен сәйкесу ерекшелігіне негізделген бұл классификациясында қазақ диалектілерін *ш*, *д* және *н*, *л* диалектілері деп аталатын екі үлкен территориялық топқа бөледі. Мұның алғашқысы географиялық жағынан қазақ жұрты тараған өлкенің солтүстігі мен батысын қамтиды да, кейінгісі оңтүстігі мен оңтүстік-шығысын қамтиды.

Өмірінің соңғы жылдарында Сауранбаев Ұлттық Ғылым академиясының ол кезде Тіл мен әдебиет институты деп аталған ғылыми мекемесінің Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы деп аталатын бөлімін басқарды.

Нықан өмірінің кейінгі жылдарында Англиядан өзге де Иран, Ирак, Үнді, Пәкістан секілді бірқатар шығыс елдерінде болып, ол елдердің тарихы, мәдениет мұралары жайында қызықты-қызықты мағлұмат жинап, оның кейбірін баспа жүзінде елге ішінара таныстырып та үлгірген-ді. Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің көрнекті өкілі ретінде Үндістанда өткен Азия елдерінің халықаралық конференциясына да қатысты.

Сауранбаевтың Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының председателі ретінде оның жұмысына біраз жыл қатарынан басшылық еткені мәлім. Ол вице-

президент бола жүріп Ғылым академиясының жетекші журналы “Хабаршының” бас редакторы қызметін қоса атқарды.

Қазақ мектебі мен жоғары оқу орындарының есігін ашқан жастарымыз арасында Н.Сауранбаев жасаған оқулықтардан нәр алып сусындамағаны кемде-кем болар.

Соныдан жол тартып, қазақ тілінің даму тарихы жайындағы филология факультеттерінде оқылып жүрген ғылыми курстың алғашқы ізін салған да осы кісі болатын. Нықаңның ана тіліміздің сөз байлығын зерттеп, оны халық игілігіне айналдырудағы еңбегі де өз алдына бір төбе. Оның редакциялық басшылығымен 1954 жылы шыққан, бұл күнде жұрттың бәріне де танымал орысша-қазақша сөздік – оқымысты еткен осындай еңбектің көрнекті бір нұсқасы.

Халқы үшін еткен қажырлы еңбегі көзінің тірісінде еленбей де қалған жоқ. Профессорға 1945 жылы берілген “Қазақ ССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері” деген құрметті атақ пен бірнешедеген үкімет наградалары – орден мен медальдар осының айғағы.

Марқұмның туғанына 90 жыл толған бүгінгі күні еңбекті, адамгершілікті қастерлеп үйренген халқы, оқымыстының қаламдас әріптестері мен кейінгі буын шәкірттері өздерінің зор ғұламаға деген құрметі мен ілтипатын білдіреді. Аруағы алдында бас иеді.

Әдебиет

1. *Сауранбаев Н.* Қазақ тіліндегі көсемшелер туралы. Алматы, 1940.
2. *Сауранбаев Н.Т.* Семантика и функции деепричастия в казахском языке. Алма-Ата, 1944.
3. *Сауранбаев Н.* Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем жүйесі. Алматы, 1948.
4. *Сауранбаев Н.Т.* К вопросу об образовании казахского языка // Доклады советской делегации на XXIII Международном конгрессе востоковедов. Секция Ирана, Армении и Средней Азии. М., 1954.
5. *Бернштам Л.* О древнейших следах джеканыя в тюркских языках Средней Азии // Памяти академика Н.Я.Марра. М.-Л., 1938.
6. *Махмуд Кошғарий.* Девону луғотит турк. Тошкент, 1960. Т.1.

Ғалым ғибраты*

Босағасынан төріне дейін лық толы кең аудитория – кеше ғана мектеп бітіріп, университет табылдырығын тұңғыш аттаған, жүздерінен әлі де сәби табы арылып үлгірмеген жас жігіттер мен қыздар. Бәрі де биіктеу жерге сәл ғана еңкіш қойылған мінбәрға

* Мақала “Өрелі зерттеу, Өнегелі ұстаздың иесі” деген тақырыппен ҚазМУ Хабаршысында (Филология сериясы. 1997, № 15) жарияланған.

шынтағын сүйей түсіп, сойлеп тұрған ұстазының бір сөзін қалт жібермейік дегендей, селт етпей үнсіз тындап қалған. Бұрын қобіне, профессор, оқымысты деген сөздерді естігенде, көзәйнегінің үстінен қығтымыр жүзбен имендіре қарап тұрған ақ сақалды, қасқа бас қарияны көз алдына елестетін мына отырған балғын жастардың ойындағы бағзы бір әнтек күдік мінбе алдындағы адамды көргенде аңырап сала берді. Жаңа ғана қылаң тарта бастаған қою бұйра шашы бар, ашандау келген қара торы жүзді осы бір адам оларға ерекше бір мейірбан, қайырымды жандай көрінді. Бұл кісінің бойында кейбір зор дәреже, мансап иесі адамдарда болатын төкаппарлықтың, паңдықтың нышаны да жоқ тәрізді. Өздерін бір ежелден көріп, етене боп бірге оскен адамдай жылы шыраймен бауырына тарта баурай сөйлейді. Түйдек-түйдек пікір түйген желілі әңгіме қазақ халқының ана тілі жөніндегі ілім-білімнің арғы-бергiсiнен сөз қозғап, сыр шертеді. Бұл — республикамыздағы аса ірі тіл мамандарының бірі, Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры Мәулен Балақаевтың лекциясы болатын.

Өзінің алғашқы ғылым сапарын сонау 30-жылдарда республикада қанат жайған жоғары білім ордаларында ана тілі пәнінен сабақ беруден бастаған Мәкеңнің бұл күнде қазақ ұлтының тіл мәдениеті жайындағы өрге сүйреген тамаша зерттеулері ұлан-асыр.

Қазақ жоғары оқу орындарының қос қара шаңырағының бірі аталған Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының қабырғасында студент күнінің өзінде-ақ қалам күшін таныта бастаған жас жігіт Мәулен сол кезде ҚазПИ-де оқытушылық қызметті атқарған белгілі қазақ ғалымы профессор Құдайберген Жұбановтың кеңесімен 1934 жылы Ленинград университетінің аспирантурасына түседі. Міне, осы сәттен бастап болашақ ғалымның өмірінде жаңа кезең басталды. Кеңес Одағындағы ең ірі ғылым ордаларының бірі — Ленинград университетінің шығыстану факультетінде о кезде академик А.И.Самойлович, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері, профессорлар С.Е.Малов, Н.К.Дмитриев тәрізді әлемге аты әйгілі түрколог ғалымдар лекция оқитын. Осы тәрізді зор ғұламалардың алдынан тағылым алудың — жас жігіттің ой-өрісі қалыптасып, ғылымға деген құштарлығы артуына зор ықпал етпегі даусыз.

Мәкең сол 30-жылдардың орта шенінде-ақ республикамыздағы І.Кенесбаев, Н.Сауранбаев, С.Жиенбаев, С.Аманжолов секілді тіл зерттемпаздары деңгейіндегі халқымызға аты ерте танылған белгілі ғалымдар қатарында болды. 1933 жылы “Политехникалық мектеп” аталатын журналдың бетінде басылып шыққан ғылыми мақаласынан бастап, бұл күнге дейін жүзден астам ұлы-кішілі еңбек жариялаған. Мәкеңнің ғылым дүниесінде кешкен сонар-соқпағы өрі қиын да,

өрі мақтанарлық. 30-жылдарда қара танып, хат білген кей ересектер мен сол жылдарда қазақ мектебінің есігін ашқан кейінгі толқын жастардың ішінде Мөкең қолынан жазылып, жарық көрген қазақ тілі оқулықтарынан нәр алып, сусындамағаны кемде-кем-ақ болар. Ресей бұғауындағы бұрынғы меншеу тіршілік мирас етіп қалдырған қалың бұқараның қараңғылығын жою, ана тіліндегі жаңа дәстүрлі мектеп мұқтаждығын өтеу, алфавит пен емлемізді қалыптастыру сияқты жайлар ол тұста тіліміздің теориялық мәселелерінен гөрі практикалық мәселелеріне көбірек назар аударуды республикамыздың тіл зерттеушілері алдына зор міндет етіп қойған болатын. Осы абыройлы парызды өтеу жолында парасатты еңбек етіп, олшеусіз мол күш-жігер жұмсаған ғалымдарымыздың жуан ортасында Мөкең болды. 1938 жылы басылып шыққан ересектер мектебіне арналған қазақ тілі грамматикасы мен сол 1938 жылдан күні қазірге дейін үзілместен басылып келе жатқан орта мектептің бастауыш кластарына арналған қазақ тілінің грамматикалары мұның айқын дәлелі танылса керек.

Ленинградтан оралған бойда М.Балақаев алдымен Журналистика институтында кафедра меңгерушісі, кейін біраз уақыт Алматы шет тілдері институтының директоры болып жұмыс істейді. 1942 жылы оның сәтті қорғалған кандидаттық диссертациясы ана тіліміздің грамматикалық құрылысының түйінді-түйінді жайларын түбегейлі сөз еткен еңбек болды. Осы сәттен бастап, Мөкең қазақ тілінің практикалық мәселелерімен қабат теориялық мәселелеріне бұрынғыдан гөрі тереңірек бой ұра ден қойып зерттеуге кірісті. Мөкеңнің бұл жолда теориялық тұрғыдан шоқтығы биік еңбектер беріп, ғұламалық шалқар дарынын танытқан сала — тіліміздің синтаксистік жүйесін зерттеу мәселесі екенін баса айтқанымыз мақұл. Ғалымның жай сөйлем синтаксисі туралы 1950 жылы Мәскеуде қорғаған докторлық диссертациясына ғылыми жұртшылық өте жоғары баға берді. Түркология ғылымының көрнекті өкілі профессор Н.К.Дмитриев қазақ ғалымының бұл еңбегін жалғыз қазақ тілі ғана емес, бүкіл түркі тілдерінің синтаксис жүйесін танып-білуге бағдарлайтын теориялық тынысы барынша кең зерттеу деп атады.

Кейінгі жылдарда ана тіліміздің басқа мәселелерімен қатар ғалымның аса бір зер сала зерттеп, көп жұмыс тындырған саласы деп, қазақ тіліндегі сөз тіркестері синтаксисін атауға болар еді. Профессор М.Балақаев қазір, шын мәнінде де, сөз тіркесі аталатын синтаксисіміздің жаңа тарауын дүниеге әкелген зерттеуші болып отыр. Бұл мәселеге қатысты ол соңғы жылдары көлемді монографиядан бастап, ірілі-уақты ондаған еңбек жариялады. Мөкең араласып, атсалыспаған қазақ тілі туралы ғылымның бірде-бір саласы жоқ десек болғандай. Әсіресе, қазақтың ұлттық унитар жазбасының

калыптасуына, жүйелі қазақ емлесінің жасалуына, қазақ әдеби тілінің есейіп, маркаюына Мәкең қосқан үлес-олжаның есесі мейлінше мол да қомақты. Соңғы жылдар ішінде ғалым қаламынан туып, жарық көрген әдеби тіліміздің тарихы, қазақтың тіл мәдениеті туралы монографиялар мен мақалалар ғалымның әдеби тіл проблемасын зерттеуге дендеп ойысқанын аңғартты.

“Шәкіртсіз ғалым тұл” дейді халық. Біздің Мәкең – ғылыммен қатар ұстаздықты да мұрат тұтқан адам. Республикамыздың астанасы Алматыдан бастап ұлан-байтақ қазақ жерінің барша түкпір-түкпірінде өнер-білім, мәдениет ұрығын сеуіп жатқан бір кезде ғалым алдынан төлім алған білімдар шәкірттер ол өсірген заңғар мәуелі бақтың жемісті бұтақтары есепті. Қазақ филологиясы аталатын ғылымның болашағы – жас ғылым кадрларын даярлау ісі де Мәкең назарынан шет қалған емес. Қазақстанның ғылым ордаларында қызмет етіп жүрген Мәкең баулып түлеткен не сан ғылым кандидаты мен докторлары мұның кәміл айғағы. Ел-жұрт еңбек адамы еткен әрбір жемісті істі әсте елеусіз қалдырған емес. Мәкең – бірнешедеген жоғары үкімет наградаларына ие. Бұл кісінің ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайлануы да (1958), сондай-ақ ғылымға еңбек сіңірген қайраткер атағына ие болуы да ірі ғұламаға деген республика ғылыми жұртшылығының зор сенімін, ілтипатын көрсетсе керек.

Осы жолдар авторының бұдан отыз жыл бұрын Мәкеңнің алпыс жасқа толған мерейтойына арналған Алматы облысының “Жетісу” газетінде жариялаған мақаласы осы тұсқа келіп, аяқ жағы ұстазға деген, оқымысты адамға деген игі тілек, құрмет-қошамет сөздермен тамамдалады екен. Мақалада қысқа да болса бұл кісінің ғалымдық, ұстаздық өмірінің бір қатар жақтары жақсы қамтылыпты, сондықтан оны бүгін Мәкеңнің есімін еске алып отырған күні өз көзінің тірісіндегі шәкірті тарапынан айтылған пікір ретінде сол бір бағзы күнінен еш өзгеріссіз беруді мақұл көрдік.

Мәкеңмен тағдыр бізді Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы мамандығына оқуға келіп түскен 1951 жылдың күзінде табыстырған еді. Қазақ мектебінің табалдырғын аттаған сонау отызыншы жылдардың орта тұсында-ақ Балақаев есімі құлағымызға бала жасымыздан сіңіп өскен болатынбыз. Оның бер жағында ҚазМУ-ге оқуға келмес бұрын педучилище бітіріп, жетіжылдық мектептің оқу ісін меңгеріп, екі-үш жыл мектепте ана тілінен сабақ бергенім де бар. Қысқасы, бұл кісінің мектепке арнап жазған оқулықтарын бір кісідей білемін десем, асыра айтқандық болмайды. Мектепті жаңа ғана бітіріп, оқуға кеп түскен балалармен салыстырғанда тіл жөніндегі түсінік-түйсігімнің молырақ болғаны

оқытушыларына да ұнайтын сияқты еді. Сол үшін де мені Мәкең де, Ыбрайым Маманов, Орынбасар Төлегенов, Әлмағамбет Төлеуов сынды өзге оқытушыларым да ө дегеннен жақсы көріп, іш тартып тұратын болды. Әсіресе балаларды тақтаға шақырып алып, сөйлемді бақалшағына дейін талдап беруді зор методикалық мақсат тұтатын Орынбасар ағайдың маған деген ілтипаты мол еді.

Ол кезде қазақ филологиясында оқитын шәкірттерді екінші курсқа келген бойда тілшілер (лингвистер), әдебиетшілер деп әр оқушының өз қалаумен екі топқа бөлетін дәстүр болатын. Мен, әрине, сол тұст-ақ ө дегеннен тіл жағына кеттім.

Сол екінші курста оқып жүрген жылы лингвистикалық үйірмеде қазақ тіліндегі қалау рай туралы баяндама жасап, мұным Мәкене ұнап қалып (үйірмені осы кісінің өзі басқаратын), мені студенттердің ғылыми қоғамының конкурсына ұсынып, баяндама үшін маған сыйлық алып берді. Сондай бір ірі ғылыми жұмыс тындырмасам да, менің баяндамамды анда-мында тықпалап, сүйрелеп жүргені менің талабыма қозғау салып, ғылым ісіне, ана тілін зерттеуге деген көкірегіне бірдеме ұялатам ба деген ұстаздық ізгі ниеттен екен ғой Мәкеңнің мұнысы.

Оқуды бітіретін жылы жазатын диплом жұмысымның тақырыбын да Мәкең берген болатын. Төртінші курста жүргенде Мәкең бізге сөз тіркесінің синтаксисі дейтін бір курстан лекция оқығаны бар. Бақсақ бақа екен деп, бұл Мәкеңнің сол кезде өзі бастап қолға алып жүрген қазақ тіліндегі сөз тіркесі жайында синтаксистік ілімнің жаңа бір тың саласы екен ғой. Бұл кісінің маған диплом жұмысымның тақырыбын “Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркесі” деп беруінде де осындай сыр болатын.

Диплом қорғарда Мәкеңнің зор ризашылықпен жұмысыма ерекше үздік жұмыс деп өз қолынан қаламмен жазып берген пікірін мен қасиетті бір бой тұмардай жеке архивтерімнің арасында қастерлеп сақтаудамын. Қазақ тіліндегі сөз тіркесі жөніндегі ілімді алғаш дүниеге әкелген де, оны қазақ лингвистикасының көрнекті, ірі бір саласы етіп қалыптастырған да асылында осы кісі. Ғылымның осы тарауын шүү деп қолға алғанда, сөз тіркесінен алғаш қалам тартқан шәкірті болғанымды қазір мақтан етемін.

Мінезі мейлінше биязы, өсте даусын көтеріп сөйлеуді білмейтін, кішіпейіл қалпынан еш таймайтын, қашан көрсең де кісіге жылы ұшырай, екі бетінен иманы шығып тұратын Мәкең онымен істес болған адамдар үшін бейне бір үлгі-өнеге мектебі сияқты еді. Жүріс-тұрысы, мінезінің байсалдылығының үстіне әзіл сөзге жүйрік, иіні келген жерде маңайындағыларды бір күлдіріп, көңілдендіріп тастайтын тапқырлығы да болатын. Әсіресе өзінің құрдасы Секең-

мен арасындағы (Ісмет Кеңесбаев) қалжың жарастығына ол кісілермен бір мекемеде істеген мына біздер тәнті болатынбыз, ол кісілердің бір-біріне айтқан тапқыр қалжыңдарын бір-бірімізге қайталап айтып, өзімізді де, өзгелерді де күлдіріп жүргенді жақсы көретінбіз.

Мөкең жас күнінде қаламының күшін көркем шығарма жазып та сынап көріпті. Сол кезде жазған бірнеше көркем әңгімесі бар. Бертін келе тіл ғылымына біржола ойыстаған соң, әңгіме жазуды, көркем очерк жазуды қойып кетсе керек. Кейін денсаулығы болмай, көзінің көруі нашарлап жүрген кезінде хал біле барғанымда: “Жас жігіт күнімде әдебиет журналына жариялаған әңгімелерім болушы еді, қолымда сақталмапты, соны қарап, тауып алайын десем, көздің көруі бұрынғыдай болмай тұр, айыпқа бұйырмасаң, соны тауып алып, маған ксерокопия жасатып берсең бе деп едім” — деген соң, бірер күн айналысып, кітапханалардан шарлап таба алмай, республикалық кітап палатасынан 1929 жылғы “Жаңа әдебиет” (қазіргі “Жұлдыз”) журналының екі санына жарияланған “Кездесе кеттік” (№ 7), “Қаратайдың апасы” (№ 3) деген екі әңгімесін таптым. “Қоңыраулы қоңыр ешкі” дейтін тілі көркем, сюжеті де тартымды бір әңгімесі “Әдебиет майданы” (бұл “Жаңа әдебиет” журналының сол кездегі аты) журналының 1934 жылғы 6-санына жарияланыпты. Бұл әңгімелердің ксерокопиясын әкеп бергенімде, Мөкең қолына ұстап тұрып: “Мұнауың маған үлкен сый болды ғой, шырағым Сапарғали,” — деп балаша қуанды. “Жаңа әдебиеттегі” әңгімелері араб негізді жазуымызбен басылған да, 1934 жылғысы латын алфавитімен шыққан. Сол кейінгі әңгімесін маған оқытып, көзіне жас іріккендей болып, өзінің Жүсіпбек Аймауытов секілді ұстаздың алдын көрген шәкірт екендігін, Жүсекеңнің педтехникумда оқып жүрген шәкірттеріне әңгіме, көркем очерк жазуға тақырып беріп, жазуға қалай баулығанын, өзінің сол кезде көркем шығарма жазуға әуестенгенін, мына әңгімелерінің жазылуы соның әсері екенін, өзіне ұстазы Жүсекеңнің қатты ықпалы болғанын ұзақ сонар әңгіме етіп сабақтағаны бар. Кейін осы әңгімелерінде айтылған жайдың біразын өмірінің соңғы жылдарында жазғаны деп “Зерде баспалдақтары” аталатын естелігіне кіргізген екен.

Оқу бітірушілерді жұмысқа бөлген кезде мені ҚазМУ-дың қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі профессор Мәулен Балақаев аспирантураға ұсынып, өз кафедрасының қарамағына қалдырған болатын. Мені оқуға алып қалмаққа Мәулен ағай қанша ниеттенгенімен, қазақ тілі мамандығынан аспирантураға деп ҚазМУ-дың басшылығы орын бере қоймайды. Елуінші жылдардың басындағы қуғын-сүргіннің салқыны тигендіктен бе, әйтеуір ол тұста

қазақ тіліне деген көзқарас басқа уақыттағыдан да томен болатын. Аспирантурадан күдер үзінкіреп, Алматының түбіндегі Жаңашар орта мектебінің оқу ісін меңгеруші болып істеп жүрген маған “жұмысты қой, шырағым, ғылыммен айналыс” деп Мәкең мені шақырып алып, мені сол кезде Тіл мен әдебиет институтының қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы деген бөлімін басқаратын академик Нығмет Сауранбаевқа әкеп табыстап: “Мына баланы аспирантураға деп алып қалған өзім едім. ҚазМУ қазақ тілі мамандығына орын бермей қойды, Сізде бір орын бар деп естіп, өзіңізге шәкірт етіп бергелі отырмын”, – дегені. Бұған Нығмет аға да қарсы бола қойған жоқ.

Барлық пәннен қабылдау емтиханын тым жақсы тапсырып келіп, бұрын еш жерде оқып бұрын мектепте, институтта оқып көрмеген шет тілінен өтуім кәдік болды. Қызылордаға жер ауып барып келгеннен кейін Ісмекең де (Ісмет Кеңесбаевты айтам) сенім білдіріле бастап, Тіл мен әдебиет институтына директорлыққа тағайындалғаны да сол менің келген жұмысымды сұрап, мәселенің мән-жайына қанғаннан кейін, Сауранбаевпен телефон арқылы сөйлесіп, мені ол кісінің өзіне аспирант етіп алғысы келіп отырғанына көзін жеткізген соң, Ғылым академиясының кадр бөлімінің бастығына телефон соқты. Не болар екен деп тым-тырыс тыңдап отырмын, сөзін “Сәке” деп бастады. Кейін білсем, бұл – Сафи Халиуллин деген кісі екен, аспирантура ол кезде кадр бөлімінің билігінде болатын. Бұл да бір қазақтың ер көңілді азаматы еді. Осы Сәкең Мессерле Абрам Ефимович деген неміс тілінің мұғалімін шақырып алып, маған немісше қабылдау емтиханын тапсыртып, протоколдап заңдастырды да: “Інішек, немісшені осы кісінің өзінен оқысың, түбінде дұрыс оқымасаң, маған өкпелеме, Ісмекең арызды ең алдымен өзім қыламын” деп нығарлап айтты. Бұл кісілерді ұятқа қалдырмауға тырысқанымды, неміс тілінен кандидат минимумды бір алты-жеті айдың ішінде бұрын мектепте, институтта оқып келгендер қатарлы тапсырарлық дәрежеге жеткенімді қазір оқу, ғылым деп талаптанып жүрген балаларыма мақтана айтып отырамын. Егер Алла тағала осы бір абзал жандардың (Ісмет Кеңесбаев, Нығмет Сауранбаев, Мәулен Балақаев ағаларды айтамын) ықыласын маған түсіріп, солардың шарапаты тимегенде, мен аспирантураға түспек түгіл, ғылымның есігінен сығалай алмай, сол жеткен жерімде тоқтап қалар ма едім. Енді міне, шүкіршілік, ел-жұрттың алдына шығып кетпесек те, жақсы ма, жаман ба, әйтеуір өзіміз қалап, өзіміз ұнатқан ғылым майданында қырық жылдан астам уақыт тырбанып еңбек етіп келеміз.

Кеңесбаев, Сауранбаев, Балақаев сынды қазақ халқының, оның тілі жөніндегі ғылымның мандайына басқан асқан ғұламаларының,

мейірбан ағалардың назарына ілігіп, солардың шөкірті болғанымды әр кез мақтан тұтамын.

Еткен қызметін кісіге өсте міндет қылмайтын, оның қарымын қайтаруды талап етпейтін, кім қай ауылдың, қай жердің қазағы еді деген зәредей де бір нәрсе ойына оралып қормеген азамат қазақта екеу болса, бұл кісілер соның біреуі де, біреу болса соның өзі десем, әсіре айтылған сөз болмайтынына менің иманым кәміл. Бұл кісілер — дәл сондай жандар еді.

“Биографиям келсе де, географиям келмейді” деген сияқты жазушы Берқайыр Аманшин марқұм айтқан жайды бұл кісілердің ешқайсысынан өз басым байқаған да, сезген де емеспін. Осылардың үшеуінің ауызынан да “сен осы қай ауылдың баласы едің” дегенді естімей-ақ кеттік.

Бір кездерде оқу деп, ғылым деп талпынған қазақ жастары, енді міне, басымызды қырау шалып, жігіт ағасының асқаралы белінен асқан мына біздер Мәкендей, жоғарыда аттары аталған Ісмет, Нығмет ағалардай ақылгөй ұстаз, зор парасат иесі мейірбан жандарды аңсаймыз.

Ұстаз шапағаты*

Көктемде адыр белестің шатқалындағы ойыс-ойыс өлкені еңіске қарай құлдырап ағып, шаңырқаған шілденің аптабында ойдым-ойдым қара су болып үзіліп қалатын осы бір өзенді Арқаның елі Терісаққан атайды. 1925 жылдың күзі. Терісаққанның обалы бетіндегі шындауыт бұлақтың сағасындағы шоқ қайыңды шалғайлай тіккен екі бөлек қараша үй тұр. Бұл осы өңірге өркен жайып, жаңа-жаңа іргесі беки бастаған алғашқы қазақ мектебі қараша үйлерінің бірі болатын. Қыстау маңын күзде шиырлап тастаудан қорқып, малын Терісаққан маңынан жырағырақ, күзекте ұстаған ауылдардың арасы бір-бірінен шалғай.

Обалы қыстау әрқайсысы өз күзегіне ойыстап, бытырап қонған ауылдардың кіндігі есепті. Содан да болар мектеп үйіне күзгі қоныстың ең қолайлы жері осы деп тапқан ауыл адамдары. Обалының түс-тұсы сан қилы жалғыз аяқ соқпақ. Осы соқпақпен будақ-будақ шаң созып, әлгі екі қараша үйді бетке ұстап аңдалап келе жатқан жас балдырғандар Біреуі атты, біреуі жаяу, біреулері тайлаққа мінгесіп алған. Араларында шамайына жабысып, ат тізгініне әрең

* Мақала “Актуальные проблемы функционирования и преподавания языка и литературы в Казахстане” жинағында (Қарағанды, 1999) жарияланған.

ие болып отырғандары да, тіптен жас шамасы он бес-он алты шалып, едеуір есейіп қалғандары да бар.

Жасының осыншалық үздік-создығына қарамастан, осылардың көбі-ақ бір класта оқитын. Солардың ішінде шаңырқаған жүзін күн шалған аққұбаша бала қара ала аяқ тайының сулығын шаужайлай тартып, шылбырын қараша үйдегі дінгек ағашқа іліп жатты. Ол сол кезде мектеп табалдырығын жазда ғана аттаған жас шәкірт, қазір көзі жоқ, бақи дүниеге осыдан төрт жыл бұрын аттанған белгілі қазақ ғалымы, білімдар педагог, профессор Ғабдолла Мейрамов Әшімханұлы болатын. Егер тірі болса Ғабекен бүгінде сексенге толып, ел-жұртын, достарын ұланасыр той-думан қуанышына бөлер еді-ау (Ол кісі қазіргі Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында 1918 туып, Қарағанды қаласында 1994 жылы қайтыс болған).

Қазіргідей зәулім, еңселі класс ол тұстағы мұғалім қауымының, жеткіншектердің қол жетпес арман қиялындай еді ғой. Ғасырлар бойы өнер, білім деп сусаған сахараға оқу ұрығын сепкен алғашқы мектептердің тарихы қазақтың қараша үйінен басталғанымен небір майталман маман, ұлттық интеллигенцияның болашақ тамаша саңлақтарының түлеп ұшып, қанат жаюына баға жетпес үлесі болғанын бұл сәтте мақтанышпен ауызға алсақ лайық.

Мәдениет орталығынан жырақтағы ауылдан қалаға шөліркеп келіп оқыған жас баланың орыс тілін, орыс әдебиетін үйренуге деген бойын билеген алғашқы құштарлық бертіндеп келе оның барша өмірінің мақсат-мүдде, нысанасына айналды. Ол 1938 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің орыс филологиясы факультетіне түсіп, оны соғыс жылдарында ойдағыдай аяқтап шықты.

Оқу жөніндегі алғашқы қадамын жиырмасыншы жылдарда қазақ даласында дүр сілкіне қаулаған ауыл мектебінен араб үлгісіндегі ескі жазбамен бастап, қала жұртына кейін араласқан орыстың тілін де, жазуын да кеңжелей игерген сол бір кездегі қазақ жастарының бірі — Ғабекен орыс филологиясынан университеттік дипломға ие болу, әрине оңайға түскен жоқ.

Қарағанды университетінің орыс тілін үйрету методикасы кафедрасының меңгерушісі болып ұзақ жыл істеген профессор Ғ.Мейрамов берісі Республикада, әрісі Ресей еліндегі есімі танымал орыс тілі мамандарының бірі болды. Еңбек жолын соғыспен қарбалас ауыр бір жылдарда мектептің мұғалімі болып бастаған бұл кісі өз өмірін жас буынға білім, тәлім-тәрбие беру ісіне қалтқысыз жұмсаған. Жоғары оқу орнына оқытушылық қызметке келгенге дейін қазақ мектебінде орыс тілінен ұзақ жыл сабақ бере отырып, Ғабекен бұл хақында өз тәжірибесінен, сондай-ақ өзгелердің тәжірибесінен қисапсыз мол дерек жинады.

Осы деректерді бірнеше дүркін сын-сынақтан өткізіп, қазақ мектептерінде орыс тілін үйретудің жаңа жүйесін жасап шығарды. Осы саладан жаңа монография, мақала түріндегі қыруар зерттеу жазып, кандидаттық, докторлық диссертация қорғады. Бұл жүйе біздің республикамыздағы, қала берді барша түркі тілді ұлт мектептеріндегі орыс тілін үйретудегі дидактикалық жаңа әдіс, жаңа тәсілдің ғылыми-методикалық негізінің қалыптасуына пәрменді ықпал етті.

Қазір өз алдына дербес сала — методикалық ілім-білім дәрежесіне көтерілген орыс тілін оқытудың бұл жүйесінің мамандар арасында құптау тауып, қазақ мектептерінде іс жүзінде кеңінен қолданылуы, асылында осы кісі еңбек еткен еңбектің жемісі. Шәкіртсіз ғалым тұл деп, осындай өнегелі де ұлағатты істің жаршысы Ғабекен өзі ұсынып, өзі ұстанып келе жатқан методикалық салада жалғыз емес. Оның ғұламалық шарапатымен ұлт мектептерінде орыс тілін оқыту әдісін зерттейтін шәкірт мамандардың мол тобы өсіп жетілуде. Бұлардың үстіне профессордың өз алдынан жоғары мектепте дәріс алған, қазір байтақ республикамыздың тіпті барша еліміздің әр өлке, әр түкпірінде қызмет етіп жүрген орыс тілі мұғалімдерінің қалың қауымын және қоссақ, ұстаз ғибратының құлашы аса кең, соншалық ауқымды екенін айқын сеземіз.

Ғабекен шын мәнінде шәкірт ұрпағының талай легін түлетіп ұшырып, томағасын сыпырған адам. Кешегі бала шәкірт, бүгінгі білімдар буынның саналы өкілі, ойшыл ғалым, шебер педагогтер осының бәр-бәрісі бұл кісінің шын қуанышы, көңілге медеу тұтар таяныш тірегі еді. Жауқазын жаңа өркен, жас талап деп өмір бойы толассыз ұстаздық жолда болған адамға абзалында, бұдан артық не қуаныш, не шаттық бар!

Ұстаз еңбегінің рахаты, зейнеті деген осы да. Сол үшін қайда барса да осы бір салған жерден жылы ұшырап, үлкенге де, кішіге де бірдей ілтипат білдіріп тұратын мейірбан ағаның әр кез алдыңнан шығар ізет-құрмет, кең пейіл болушы еді.

Өзі тәптіштей зерттеп, өзі бар ықылас ниетімен уағыздап келе жатқан ғылыми методикалық концепцияның Ғабекен тек теориялық мәселесімен шұғылданушы ғана емес, оны мектеп өмірінде іс жүзінде қолданушы да. Оқымыстының өз қаламынан туып, соңғы жылдарда дүркін-дүркін басылып, қазақ мектебінде үздіксіз қолданылып келе жатқан алтыншы класқа, кейін бесінші-жетінші класқа арналған орыс тілі оқулығы — осының кәміл айғағы. Алтыншы класс оқулығының алғашқы басылымы кезінде Қазақ оқу министрлігінің жүлдесіне ие болғаны баршаға аян.

Қаскелеңдегі қазақ мектебінің Павлодар педучилищесінің директоры, Қарағанды пединститутының деканы, кафедра

меңгерушісі секілді лауазымды істің басы-қасында болып, Ғабекен Қазақстандағы оқу-ағарту жұмысын ұйымдастыру, басқару тарапында елеулі үлес қосып, айта қалғандай еңбек етті.

Ұстаз Ғабекен, ғалым Ғабекен мәуелі бұтағын жан-жағына мол жайған ұл-қыз өсірген шапағатты шаңырақтың басы еді. Ол кісінің отбасының береке құты, өзімен тізе қосып жоғары мектепте ұзақ жыл қызмет еткен химия пәнінің маманы, асыл зайыбы Фатиха жеңгей Ғабекеннің шырағын сондірмей, түтінін түзу ұшырып, бұл күнде есейіп ер жеткен, азамат болған ұл-қыздарының, немерелерінің ақылгөй анасы болып, солардың қызығын көріп отыр. Ғабекеннің көзінің ағы мен қарасындай әлпештеп өсірген балалары ата корген оқ жонар, ана корген тон пішер дегендейін қазір зор білім иесі, басбасына байсалды шаңырақ иесі, ұлы Ғабит медицина ғылымының докторы, қызы Рәбиға мен кенжесі Мәжит ғылым кандидаты.

Қазақ топырағындағы педагогикалық ой-өрістің қанаты қатайып, бұғанасы бекуі үшін, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру үшін жарты ғасырлық толассыз тер төккен Ғабекенді шәкірт, әріптес, дос-жаран қауым еш уақыт ұмытпайды. Бүгінгі туғанына сексен жыл толған күні ол кісінің қасиетті есімін зор ілтипатпен еске алады.

Сырдың сырбаз перзенті*

1956 жылдың жайма-шуақ сары күзі болатын. Құлақты елегізге сыңғыр етіп барып үзілген қоңыраудан кейін коридордағы ара ызыңындай гу-гу дауыстар да сәл толас тапқандай. Еңселі кең аудитория. Алдыңғы отырғыштан артқа қарай шашырай орналасқан студенттердің бәрі де есіктен сәл имене кірген сұңғақ бойлы, қара торы жас жігітке аңтарыла, бағдарлай қарап қалған.

— Сәлематсыздар ма? — деген жігіт самайына қарай іркілген толқынды қою кара шашын оқыс бір сипап қойды да бойын бір сәт селт еткізгендей болған тосын сезімнен тез арылып:

— Танысып қоялық, аты-жөнім — Нұрлыбек Жүнісов. Сіздерге қазақ тілінің ғылыми курсынан лекцияны мен оқитын болдым, — деп болмашы кідірістеп әңгімесін одан әрі жалғастыра жөнелді.

Алдындағы аудиторияны тез игеріп, ә дегеннен баурай жөнелген, бойын үнемі таза ұстап, сергек жүретін, лекциясына әркез ұқыпты, сыпайы мінезді жас жігіт өзінің ілім-білім ізденгіштігімен де, жүріс-тұрыс, мінез-құлқымен де студент қауымына сол сәттен бастап-ақ

* Мақала “Ана тілін ардақ тұтқан” деген тақырыппен “Ақиық абзал азамат” кітапшасында (Қызылорда, 1998) жарияланған.

қатты ұнаған еді. Сол бір алыстағы жылдардың асуында ат жалын тартып ұстаздық жолына аттанған Нұрлыбектің кейін елуді еңсеріп жігіт ағасы, ақыл-парасат иесі болған кемел шағында өмірінің оқыс үзілгеніне бұл күнде он жылдың жүзі болыпты (1928 жылы туып, 1984 жылы қайтыс болған). Ширек ғасырдан астам ұстаздық тіршілік кешкен Нүрекеңнің алдынан студент қауымы ұрпағының неше легі өткенін санап шығу оңай да бола қоймас. Ежелгі Инжу дарияның еңселі қаласы Қызылордадағы Қорқыт баба атындағы педагогика институты филология болімінің табалдырығын аттаған жастардың ішінде Нұрлыбек Жүнісовтің алдынан отпегені кемде-кем. Байтақ қазақ жерінің қалалары мен ауылдарындағы, небір қияндағы малды, егінді өлкелердегі қазақ мектептерінде еңбек етіп жүрген зор қауым — тіл мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Қызылорда педагогика институтында тәлім-тәрбие берген ұстаз еңбегінің мәуелі жемісі іспетті. Алыстағы атыраптан ағатайлап, мейірімді ұстаздан ақыл-кеңес сұрап хат жазып жататын бұрынғы шәкірт, қазіргі білім дариясына тұшына кенелген жас маман осы ұлағатты істің айғағы десек артықтық етпейді.

“Шәкіртсіз ғалым — тұл” дейді халық. Бұл күнде жасөспірім балдырғандарға оқу, өнер, білім ұрығын сеуіп жатқан, ұстаздың алдын көрген, бұрын оның өзі мәпелеген жүздеген білім, өнеге алған шәкірттері Нүрекеңнің паш етер мақтанышы, көңілге медеу тұтар таянышы болатын.

— Қарашы, — деуші еді Нүрекең бір кездегі өз қолынан томағасын сыпырып, қанат қақтырған жас түлектерінің суреттерін самсатып жайып тастап. — Бұлардың бәрін бес саусағымдай жатқа білем. Мынау — Болат, мынау — Роза, анау тұрған — Әтіркүл. Бәрі өзімнен сабақ алып, өзім тәрбиелеп, өзім баулыған жастар, сүйікті шәкірт, аяулы жандар. Осылардың білімдар, зиялы азамат ретінде халық, ұрпақ деп өсер буынға ұстаздық етіп жүргенін еске алғанда, сүйсінбеске не шара! — дейтін Нүрекең.

Шіркін, Абай: “Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға”, — деп тап басып айтқан ғой. Ұстаздың да ұстазы бар. Нүрекең — ұстаздықты тікелей мұрат-мүдде ұстанумен қатар, халық ағарту майданы кадрларын даярлау, ұйымдастыру, басқару саласында да ұзақ жыл бойы дамылсыз еңбек еткен азамат болатын. Ол аталмыш институттағы филология факультетінің деканы міндетін өмірінің соңғы он төрт жылы бойы мүлтіксіз атқарып келді. Осы жылдар жалғыз қазақ филологиясы ғана емес, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері де факультет бастығы Нүрекең алдынан тәлім алған, қамқорлығында болған. Мұның үстіне осы факультеттен кейін ірге айырып, өз алдына отау тіккен музыка пәні мамандарын

даярлайтын бөлімнің жастары да көп жыл бойы филология факультетінің еншілесі болып келгенін еске алсақ, Нүрекең еткен ұстаздықтың ауқымы аса кең екенін айқын ұғынамыз. Сондықтан да осы ұядан өрбіген мамандар әрісі – республикамыздың, берісі Сыр өңірінің қай жерінен болса да көптеп табылары хақ. Осыдан болар, ел арасында бұл кісінің алдынан шығар шын ықылас, адал мерей мол болушы еді. Оны халқы мен шәкірттері құрмет, ізет тұтатын.

Ұстаздықпен қатар ұйымдастыру жұмыстарын шебер жүргізген Нұрлыбек Жүнісов өз білім-парасатын кемелдендіру, педагогтік қабілетін ұстарту жағын да естен шығарған емес. 50-жылдардан бастап Республика Ғылым академиясының экспедициясына үзбестен қатысып, қазақтың халық тілінен қыруар дерек жинады және солардың негізінде зор-зор монографиялық зерттеулер жазды, ол көптеген кітаптың авторы.

Туып-өскен жері Сыр бойындағы ағайын-туған, қалың ел былай тұрсын, зиялы қауым, әріптес лингвист қауым ортасынан Алматыға келгенде де ол кісінің алдынан шығар дос ниет, шалқардай кең көңіл мол болатын. Жүрген жері ойын-күлкіге, думанға толы Нұрлыбекті достары сері жігіт деп әзіл-қалжыңға жеңдіре айтқанмен, оның сұлу сымбаты мен жарқын жүзінен жарасым тауып тұрған бұл қылығы мен мінезіне іштей қызыға да, сүйсіне де қарайтын. Еш бекері жок, Нұрлыбектің тіршіліктің рақаты мен ләззатын пір тұтқан нағыз сал-серілердің өзіндей болмаса да, солардың көзіндей жігіт еді десек, мұнымызда әбестік болмасы кәміл. Қамшының сабындай қысқа өмірінде жалғанды жалпағынан басып өткен қазақтағы марқасқа жігіт екеу болса, Нүрекең соның бірі, біреу болса, соның өзі деп білеміз біз достары.

Бірақ амал нешік, ақыл-ойының, білімінің өрге шауып, өрлеп тұрған нағыз кемел шағында қанқұйлы қатыгездіктің құрығына ілініп, ойда жоқта оқыс мерт болғаны – ең естен кетпес өкініштісі де, көңіл құлазытар өттенді де осы.

Нүрекең шәкірттерінің ғана емес, шапағатты отбасының да ақылшы әкесі еді. Оның жұбайы Алма да ерімен тізе қосып, ұзақ жыл еселі еңбек еткен халқының қадірлі қызы – облыстың бір кездегі жауапты партия-совет қызметкері, ғылым кандидаты, мейірбан ана. Ал өнегелі шаңырақтың тәрбиелі перзенті Ғалым да өнер қуып, білім жинап есейіп, ер жетті. Мейірімсіз жауыздықтың құрбаны болған есіл ер, қадірлес ғалым, қайран азаматтың есімін әріптес, қаламдас дос-жар қауым бұл күнде зор ілтипатпен еске алады.

Парасат биігіне қол артқан*

Қазығұрт пен Қаратау тауларының түйіскен тар шатқалынан бұлқынып шығып, төмендегі жазыққа беттеген сағадан тармактанатын Келес озені бар. Халқымыздың ежелгі атамекені болған өмір нәрінің Сырға құяр жеріндегі Күркелесгің теріскей қапталында Ғани Мұратбаев атындағы совхоз бар.

1956 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдап, диплом алған Тұраптың Алматыдан жолдама алып, арнайы келген мектебі осында болатын.

Өзін өмірге қанаттандырған білім ұясының табалдырығын имене басып, алғашқы сабағын өткізетін класқа кіргенде шәкірттері орындарынан тұрып ізет білдірді. Ал шағын есіктен таласа-тармаса, бірін-бірі кимелей орындарына жүгірген екі баланы көргенде өзінің де балауса күндері еріксіз есіне түсті.

Өзіне қадала қараған бүлдіршіндерге кезек-кезек назар аударып:

– Балалар, көне танысып қоялық! – деп әңгімесін бастады. – Менің есімім – Тұрап, әкем – Айдар. Осы мектептің түлегімін. Сендерге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беремін.

Бұл күнде елуді еңсеріп, жігіт ағасының кемел жасына иек артқан ұстаз өмірінің бейнетті де, қызықты жылдарының алғашқы сәті осылай басталған еді.

Облыстық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі қабылдағанда сәті түсіп, өзі оқыған мектебіне баратындығына қуанса да алдағы күннің ауыр жүгі мен зор жауапкершілігі, бұйығы жастығы мен тәжірибесіздігі біраз ойлантқан болатын. Алайда оқу ісіне белсене араласып, тәжірибелі ұстаздарының ақылына ден қойған жас мұғалім күнделікті жұмысқа жұмыла кірісіп, құлшына араласқан-ды.

Еңбегі жеміссіз болған жоқ. Ұстаз еңбегінің дәмін татты, коллективті түсінді, шәкірттерінің ой-өрісін, психологиялық ерекшелігін, жан-дүниесін сезінді. Оның үстіне М.Әуезов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев сияқты қазақ филологиясының ірі мамандарынан дәріс тындап, бес жыл іздене оқыған қабілетті студент қызмет бабында да онша кібіртіктеген емес. Қайта Алматыда жүргенде газет-журналды жағалап, жазу-сызуға талаптанғаны мұнда да мол пайдасын тигізді: әдебиет пәнінен оқытатын сабақтары, тақырыптық кештеріндегі әңгімелері оқушыларға ықпал жасағаны байқалды. Ал коллективінің

* Мақала “Парасат биігіне бет алғанда” деген тақырыппен “Қазақстан мұғалімі” журналында (9 наурыз 1984 ж.) жарияланған.

арасындағы тәуір мұғалім, жақсы ұйымдастырушы деген сөздер Келес өңіріне тез тарап, “бізге кел, өзіндей жігерлі жасқа ділгерміз” деушілер де табыла бастады. Өстіп жүргенде Ташкент қаласындағы Низами атындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына аға оқытушы болуға шақырған хат алды. Тұрап жақын жолдастарымен ақыл қосып, ғылым ордасына баруды орынды санады. Студенттік өмірдің қиындығы мен думанды күндерін басынан өткізіп, артқа салғанына көп болмаса да, кафедраға келіп, өзінің ғұлама ұстаздарынша лекция оқу ол үшін, әрине, оңай жұмыс емес еді. Енді ұстаздың өзін баулушы, оған тағылым үйретуші болудың жауапкершілігі ойланта бастады.

Университетте жүргенде Тұрапты әдебиет мәселесі көбірек ойландыратын еді. Мектепке келген соң да тіл мен әдебиеттен сабақ бере жүріп, өзіндегі ғылымға деген құштарлықтың таразысы тіл жағына ауғанын байқамай қалған екен. Сондықтан институтқа келгенде қалағаны осы болды.

Институттың қазақ бөлімдеріне Өзбекстанның әр түкпірінен келіп тоғысқан жастардың айтқан сөздеріне, сөз саптау машығына, құлағын түрік ұстайтын лектор олардың ауызекі тілінде ерекшелеу жатқан едәуір өзгеше белгілердің барын аңғарып, соларды зерттеуді қолға алды.

Расында қазақ тілін зерттеушілердің, этнографтардың назарына осы күнге дейін ілінбей жүрген бұл өлкедегі өзбектер мен қазақтардың сан ғасырлар бойы аралас, іргелес болғанын ғалым жақсы білетін. Қазақстанның оңтүстік аудандарымен қоян-қолтық жатқан Ташкент облысындағы қазақ ауылдарын былай қойғанда, Орта Азияның қай тарапынан болса да қазақтарды кездестіретіні сөзсіз. Сондықтан олардың тілін, әдет-ғұрпын, этностық жай-жапсарын зерттеу ғылым үшін аса қажетті және қызықты болатын.

Осы жайында академик В.В.Решетов, профессор А.Шерматов секілді түрколог ғалымдарға хат жазуы сол екен, олардың бәрі де өзбек жеріндегі қазақтардың тілін, әсіресе олардың лексикалық жүйесін, сөз байлығын зерттеудің кезек күттірмейтіндігіне назар аударды.

Зарафшан дариясының теріскей жағындағы Қызылқұмның шөліне сұғынған кең алқап “малымның жайлы жері” деп сахарала үдере көшкен қазақ ру тайпаларының ежелгі қонысы. Тамдыбұлақ, Мыңбұлақ, Жүзібұлақ, Қазақтау аталатын осы өңірдегі қоныс атаулының бәрі де солардың атамекені.

Қазіргі кезде бұлар Бұқар облысының Тамды, Кенимех аудандарына қарайды. Ондағы газеттер қазақ тілінде шығады, мектептеріндегі балалар ана тілінде білім алады.

Тұрапқа керегі де осындай лингвистикалық объект болғандықтан зерттеу жұмысын жедел қолға алды.

Тілдің өткені мен бүгінгісін, оның даму тарихын танып білу сол тілдің иесі саналатын халықтың азаматтық тарихымен бірге қарастырылады.

Арғы замандарда осы өңірде өркен жайған қазақтарды былай қойғанда, XVIII ғасырдағы “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламан-ның” кезінде Жоңғар қалмақтарынан теперіш көрген Сыр бойының қазақтары мен қарақалпақтардың ірі тобы осы жаққа қоныс аударғаны белгілі. Міне, осы өңірдегі қазақтардың тілінен тікелей дерек жинауды 50-жылдардың соңында бастаған ғалым еңбегі келе-келе өзбек арасындағы қазақтардың басқа да шоғырланған қоныстарына ауысты.

Зерттеушінің жылдар бойы сарыла, көз майын тауыса жинаған материалдары, жүргізген зерттеулері зая кеткен жоқ. Ол ғылыми мақалалар жазуға, солардың негізінде көлемді монография әзірлеуге септігін тигізді.

Ғалым кандидаттық диссертациясын “Тамды қазақтарының тіліне” арнады. Ал 1981 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты жанындағы Ғылыми кеңес “Өзбекстан қазақтарының тілінде қолданылатын сөздердің атыраптық сипаттамасы” деген аса маңызды зерттеуі үшін Т.Айдаровқа филология ғылымының докторы деген атақ беруге шешім қабылдады.

Т.Айдаров — көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Ал оның соңғы жылдары жарияланған “Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері”, “Лингвистикалық география монографиялары” түрколог ғалымдардың назарын ерекше аударып, қазақ тіл білімін зерттеуге қосылған елеулі үлес ретінде жоғары бағаланды.

Алғашқы қадамын қатардағы мұғалім болудан бастаған ғалымның Низами атындағы педагогика институтында дәріс оқығанына жиырма сегіз жыл болды. Ол осы уақыттың ішінде профессор дәрежесіне көтеріліп, болашақ мұғалімдерді білімдерлікке баулуға елеулі үлес қосты. Ал өзі Орта Азиядағы белгілі лингвистердің қатарынан орын алды. Түрекең ұстаздықпен, ғұламалықпен қатар ақындық өнердің де туын көтерген азамат. Қазір таңдамалы шығармаларының екі кітабын көпшілікке ұсынды. Оның арқауы да — бала өмірі, баланың мінез-құлқы мен дұрыс тәрбиесі.

...Ғалым, білімдар ұстаз, талантты ақын жыл сайын парасат шыңына шырқап барады. Сондықтан оған “Қанатың талмасын, жігерің мұқалмасын, самғай бер, қадірлі дос!” деп қуана қол соғамыз.

Дос лебізі*

Біздің жоғары мектеп есігін ашқан тұсымыз өткен ғасырдың елуінші жылдарының ұшар басы Кеңес Одағындағы ең үлкен газет КПСС Орталық Комитетінің органы “Правда” газетінің бетінде тіл білімі жөнінде сол кезде басталған айтыстың ұлғайып келіп, Сталиннің осы айтысты қорытындылаған еңбегімен енді ғана толастаған тұсы болатын. Сталиннің “Марксизм және тіл білімінің мәселелері” деген кітапшаның жарыққа шығуы мұң екен, елдің бәрінің аузындағы әңгіме – осы тіл білімінің мәселелері болатын. Ел ішіндегі мұндай ахуалдың ол кездегі біз сияқты жастарға зор ықпалы болды. Ғылым атаулының ең маңыздысы мен мәндісі бізге тіл білімі сияқты сияқтанып көрінетін. Еш ойланбастан ҚазМУУ-дың қазақ филологиясы мамандығына түсіп, енді оны тамамдаған шақта елдің көбінің-ақ орыс тілі болмаса, ғылымның бұл саласының өзге тарауларын, әсіресе біздің қазақ тіліне деген ынтасының тым саябырсып қалған кезі болатын. Ана тілінді қанша кастерлеп сүйсең де, оны зерттейтін ғылымның қажеттігін терең түсінсең де, қайда барсаң да “кейін тұрды” көп еститінсің. Дәл сол кезде ұлт тілдеріне деген, соның ішінде өз жері, өз елінде отырып демографиялық күйзеліске ұшырап, азшылыққа айналған қазақтардың тіліне деген көзқарас мүлдем төмен болғаны бекер емес.

Не керек, әйтеуір, сол ҚазМУУ-ды бітірген 1956 жылы мен Ғылым академиясының аспирантурасына келіп түстім. Құлматты 1957 жылы оқу бітірген бойда ҚазПИ-дің қазақ тілі кафедрасына профессор Сәрсен Аманжолов алып қалыпты. Менің бала жасымнан мектепте бірге оқыған досым Сейітбек Нұрханов та сол Құлмат бітірген жылы ҚазПИ-ді орыс филологиясы мамандығы бойынша Сталин атындағы стипендиямен үздік тамамдаған болатын. Ол орыс тілі кафедрасында Құлматпен қатар оқыды да, екеуі ҚазПИ-дің жатақханасында бір бөлмеде тұрды.

Мен, әрине, ежелгі досым Сейітбекпен жиі араласатынмын. Сейітбекке барып жүріп, Құлматпен де аз уақыт ішінде етене дос-жар адам боп кеттік. Құлмат та, Сейітбек те кітаптан бас алмайтын, қашан барсаң да екеуінің қолында кітап отыратын. Бұлар аспирантураға түскен жылы мен – шет тілі мен философиядан кандидаттық минимумды тапсырып құтылған, жазда диалектологиялық экспедицияда болып, диссертация үшін біраз дерек жинап қайтқан екінші жылғы аспирант – қолым оларға қарағанда бостау, еркінірек жүретінмін. Үшеуміз бас қосқан жерде ғылымды біз-ақ

* Мақала “Ата тарих айғақтары” (Алматы, 2001) жинағында жарияланған.

қопарып тастайтындай кейде ана мәселе, кейде мына мәселе жөнінде әңгіме қозғап, дуылдасып алатынбыз, қолымыз босаған кезде кино-театр барып қоңіл котеретінбіз.

Мен оқып жүрген кезде Алматыда шешем, қарындасым — үшеуміз ылғи да үй жалдап тұрып келдік. Зауқы соққан кезде көбіне демалып, мереке күндері Құлмат пен Сейітбек біздікіне келетін.

Әне-міне дегенше үш жыл да зуылдап өте шығыпты. Ол кезде кім қандай оқуды бітірсе де бәрібір оқыған жерінің рұқсатынсыз ешқайда жұмысқа кете алмайтын, оз қалауынша басқа жұмыспен айналысуына болмайтын. Аспирантура бітірген бойда, Құлматты Гурьев пединститутына қазақ тілі кафедрасына оқытушы етіп жіберді. Құлмат сонда жұмыс істеп жүргенде, арада бір жыл өткеннен кейін Маңғыстауға бара жатқан сапарымда және қайтарда Гурьевте біраз аялдағаным бар. Қазіргі Атырау қаласының беріге дейін Гурьев аталып келгені мәлім. Ол уақытта Маңғыстау өңірі әкімшілік территориясы жағынан түгелдей Гурьев облысына кіретін. Маңғыстауға Гурьев арқылы самолетпен не теңіз арқылы баратынбыз.

Осы бір 1961 жылғы сапар мені Құлматпен бұрынғыдаан да гөрі жақындастыра, достастыра түскен сапар болды. Маңғыстауда диалектологиялық экспедицияда болып, қайтар жолда біраз ауырып қалып, Гурьевтің облыстық ауруханасында он шақты күндей жатқаным бар.

Жаздың аптап ыстығының бір қайнап тұрған шағы болатын. “Жолаушы үйінен қырық қадам шыққан соң мүсәпір” деген қазақта сөз болушы еді. Ауырған бойда басыма мүсәпіршілік орнай бастады. Үй іші, отбасынан жырақта жолда жүрген кісі басы ауырып, балтыр сыздағандай күйге түссе, ақыры қайыр, ештеңе етпесін біле тұрса да, көңіліне кәдімгідей-ақ жүдеушілік еніп, жетім баланың күніндей күн кешері бар екен. Бірақ сол қалада Құлматтай азаматтың болғаны алыстағы Алматыдан ұзап шығып, аз күн болса да сырқаттанып жатқан мынадай күйімді маған елеткен жоқ.

Күнде кешке қарай қолына маған деген сыбағасы мен сусынын ұстап алып, “Сапарғали қайдасың, халің қалай?” деп салып ұрып жетіп келетін Құлматқа әуре болып күнде несіне сабылласың, екі-үш күнде бір қатынасаң да болмай ма дейтінмін. Айтуын солай деп айтсам да, кеш жақындаған сайын Құлматтың келетін кезін күтіп жататынмын.

Жұмыс десе бар ынта-жігерін салып, жан-тәнімен беріліп істейтін бейнетқор Құлматтың сол кезде әрі заочниктерге сабақ беріп, әрі оқуға түсушілерге консультация өткізіп, емтихан алып шаршап жүргенін байқайтынмын. Өзі сөйтіп жүрсе де сол күні маған келмей

қалса, өзін бір намазынан жаңылан тақуадай сезіне ме, әйтеуір, больницадағы маған ат ізін бір салмаған күні жоқ шығар. Козге елеусіз, ұсақ-түйек нәрсе боп көрінгенімен, кісінің кісіге деген ілтипаты, адамдардың бір-бірін іш тартып үйірсектененен түсуінің бір кілті, асылында, осындай нәрседе жатқан жоқ па.

Құлмат оқу сессиясын аяқтаған соң, 1962 жылдың жазында Алматыға оралды. Жұмысқа орналасып, қашан пәтер тауып алғанша, біздің үйде бізбен бірге бол, еш қысылма деген менің ұсынысыма алғашқыда ыңғайсызданып жүрсе де, кейін менің көңілімді қимады ма, аса қарсы бола қойған жоқ.

Сол жылдың күзіне қарай “Қазақстан мектебі” журналы редакциясының бөлім меңгерушісі болып орналасты, көп ұзамай сәті түсіп бір бөлмелі үй де тауып алды.

Аспирантурадағы оқуын аяқтар-аяқтамастан жолдамамен Гурьевке жіберіліп, ешқайда мойын бұрмастан қайнаған жұмыстың қалың ортасына бірден күмп беріп қойып кеткен Құлматқа мұндай жағдайдың анық ғылыми зерттеумен шұғылдануына біраз қол байлау болғаны да рас. Оның үстіне Алматыға келе салып журналистік, редакторлық кәсіпке бел шеше кірісіп кетіп, Құлмат біразға дейін кандидаттығын қорғамай жүріп, 1972 жылы қорғады. Диссертация Құлматтың әбден пісіп жетілген ғалым екенін, қазақ филологиясының терең білгірі екенін ел-жұртқа аяндап берді. Ғылыми жұртшылық оның осы диссертациясының нұсқасы “XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі” деген зерттеуін аса жоғары бағалады.

“Мектеп” журналы Құлматтың қаламының тез төселіп, жазу ісіне біржола машықтануына жол сілтеген шын мәнінде де мектеп болды ғой деп ойлаймын. Өйткені осы журналдың Тіл-әдебиет редакциясын табаны күректей он жыл басқарып, Құлмат қаламы ұшқыр, айтпағын ақ қағазға еркін сілтейтін нағыз жазғыштың өзі болып алды. Осы журналда жүріп бір зерттеу мақаланың үстіне бір зерттеу мақаланы тоғытып жазды-ай келіп, жазды-ай келіп.

Ол кездегі “Мектеп” журналы методика, дидактика мәселесімен қатар тілдің, әдебиеттің ғылыми-теориялық мәселелеріне қатты көңіл бөлетін. Сол бір журналда жүрген жылдары Құлматтың өзі қалаған ғылым саласы – өткендегі поэзия жанрының тілін зерттеуді терең игерген, ол турасында күрделі еңбек берген аса бір жемісті жылдары болыпты. Кейде бір нөмірде екі мақаласы кетіп бара жатса, олардың бірін Өмірқұлов, екіншісін Өміршин деген сияқты псевдонимдермен беріп жататын кездері әлі есімде.

Құлматтың ақындық жолын қумаса да, олең шығаратын біраз өнері болушы еді. Поэзия тілін зерттеуге құмартуы, бәлкі, содан да болар. Ол Абайдың, өзге де ақын-жыраулардың, халық жырларының

әдемі-әдемі жолдарына таңырқап, соны өзі жатқа айтып жүргенді жақсы көретін.

Ақындық онері бар демекші, Кеңес өкіметі тұсында мейрам күндері өртүрлі мекемеде, ондірісте істейтін адамдарды Алматының орталық кошелеріне жинап, демонстрацияға шығаратын дәстүр болушы еді ғой. Сол әдетпен бір жылы Май мерекесінде кошеге шыққанбыз. Алдымыздағы демонстранттар трибунадан өткенше, кошенің бір қайырылысына келіп иіріліп біраз тұрып қалдық. Сол жерде Құлматтың бір Қазына деген таныс келіншегі кездесіп қалып, әзіл-қалжың айтып күлісіп тұрғанбыз. Алдында Құлмат бір өлең жолдарын жатқа айтып, қайта-қайта қайталап келе жатқан-ды. Әлгі келіншек қалжындап, Құлматқа: “Сен озің ақын көрінесің ғой, маған да бір өлең шығара салмайсың ба?” — дегені бар. Сонда Құлмат көп ойланбастан:

Қасымдағы Қазынам!
Өтпей жүр ғой базынам.
Қысың келіп қалады —
Дәм татқызшы жазыңнан, —

деп суырып салғаны. Имправизацияның тым сәтті шыққаны үшін бөріміз ақынға мадақ, мақтау сөз айтып, мәз-мейрам болыстық. Құлматтың бұдан басқа өлендері көп болатын.

Дос адамды, жақын адамды еске алғанда, қоғам үшін, ел үшін ол еткен игі істермен қатар оның ағайын-туған, дос-жаран арасында, үй іші, отбасында жұмыр басты пенде ретінде қандай адам болғанынан аз да болса елес берер жайлардан да әңгіме қозғай отырған жөн ғой деп білем.

Тағы бір есте қалған сәт. Біздің Институт жетпісінші жылдардың бас шенінде академик Ісмет Кеңесбаевтың ұсынуымен қазақтың халық тілін оның этногенезімен байланыстыра зерттейтін тақырып алған болатын. Құлмат Секеңмен (Ісмет Кеңесбаевты Секе дейтінбіз) бірге Институттың жоспарына осы тақырыптың белді зерттеушілерінің бірі боп енді. Мен сол тұста Орта Азия республикалары жеріндегі қазақтардың тілінен ағайын тілдермен арадағы байланысы, ауыс-түйіс жайлары туралы мәлімет жинаумен шұғылданып жүруші едім. Құлматқа екеуміз комплексті экспедиция түрінде командировкаға шығып, сол өңірлердегі, қазіргі терминмен айтқанда, қазақ диаспорасының тілі, этностық құрамы жөніндегі деректерді бірге жинастырып қайтсақ қайтеді деген ұсыныс айтып едім.

Мұнымды Құлмат құп алып, сонымен не керек, екеуміз 1972 жылдың жазында Қарақалпақстан мен Өзбекстан жеріндегі қазақтардың шоғыр отырған жерін бір айдай жүріп аралап, мәлімет жинап қайттық. Бұрын профессор Сәрсен Аманжоловтың шәкірті

болған Құлматтың қазақ диалектологиясы жөніндегі түсінігі мол болатын. Жергілікті тіл құбылыстары жайындағы мәліметті де, өлкенің тұрғын қазақтары жайындағы шежірелік деректерді де екеуіміз қоса жинастық. Издегенге сұрағанның тап болғанындай, бұл сапарымыз жергілікті қазақтардың этностық жай-жапсары, тілі жөніндегі деректерге мейлінше толы, барлық жағынан көңілден шыққан сапар болды. Қарақалпақ республикасының солтүстігіндегі қазақ ауылдарынан басталған біздің маршрутымыз ежелгі Хорезмнің Хиуа, Үргеніш секілді мәдени өлкелерін, сондай-ақ Бұқарды, Самарқанды басып өтіп, Тәшкенге келіп бір-ақ тірелген-ді.

Біз молырақ аялдаған Өзбекстанның Бұқар облысына қарайтын Кенимех ауданындағы халықтың басым көпшілігі — қазақтар, оның ішінде Кіші жүз әлімдер екен. Аудандағы мектептердің де көпшілігі қазақ мектептері. Ол кез әр ауданның өз газеті болатын кез еді ғой, сондай газет мұнда қазақ тілінде шығады екен. Құлмат екеуіміз өзбек жерінің бір шалғайында жатқан ағайын-туғандарымызды көріп, әңгіме-дүкен құрып, көп-көп мәліметке кенеліп, жолымыз түсіп сонда келгенімізге қатты разы болдық. Әсіресе:

Хиуадайын базарлым,
Қырмызыдай жарлым.

немесе:

Барады әркім базар керегіне,
Бұқардың ат байлады терегіне, —

деп ақындар тамашалап жырға қосқан, аты ел аузында аңызға айналған орта ғасырлардағы мәдениет, сауда, дін орталығы Хиуа, Бұқар, Самарқан сияқты шаһарлардың көне ғимараттарын, тарихи музейлерін аралап, бұрын кітаптан оқып, елден естігенімізді көзімізбен көріп, басымызға біраз рухани азық жинағандай болдық. Осы үшін Құлматтың қуанышы шексіз еді. Өйткені Құлматтың ескі тарихқа деген, түркі жұрттардың өткеніне деген ынтасы ерекше болатын. Алматыдан шығарда, Құлмат қолына фотоаппарат ала шыққан. Самарқанның салтанатты зәулім сарайларын көргенде, ол таң-тамаша қалып, маман фотошы болмаса да, әйтеуір, суретке көп түсірді.

Балаға деген, өзінің отбасына деген сүйіспеншілігі Құлматтың елден ерек болатын. Жолда жүргенде балаларының қылығын, сәби сөздерін, зайыбы Аиданы айтып отырғанды жақсы көретін. Әйелінің атын көзінше емес-ау, сыртынан да толық атағанын тіптен естіген емен. Аиданы ылғи да біздің Әйішке деп қана ауызға алатын. Бір жолы қалжындап: “Аиданы жайда Аида деп, Әйішке дегенді тым жақсы көріп кеткен бір уақыттарында ғана айтпайсың ба?”, — дегенімде, — “Әуелде өзім Әйішке деп бастағам, енді сол қалпымнан тана алмаймын”, — деп бар шынымен, еш бүкпесіз айтқаны бар.

Құлматпен арамызда осы секілді жеңіл әзіліміз болатын. Сол командировкада жүргенімізде, тағы бірде Құлмат не дер екен деп: “Белгілі қазақ ақыны Ғали Ормановтың жас шағы болса керек, әйелін Көкшетауға курортқа жіберіп, өзі ауылда қалып айтқан:

Айнала орман, түн жым-жырт
Көкшетаудың басында,
Өле жаздап бір қу мұрт
Отыр ма екен қасында, —

деп келетін бір ауыз қалжың өлең бар екен, біз мұнда, сен Әйішке-Әйішке деп отырғанда, ауылда басы бос қалған әйелдерімізді кім біледі! Олар да Құдайдың пендесі ғой”, деп ойнап айтып қалғанымда, Құлматтың томсырайып үндемей қалғаны бар. “Сенің әйел туралы түсінігің нашар екен, Сапарғали”, — деп маған кәдімгідей-ақ қоңырайып айтты. Артынан: “Ойбай Құлмат, көңіліңе ала көрме, “бұралқы сөз күлерге жақсы” деген қалжың үшін айтылған сөз ғой. Айданың да, біздің Руданың да ондай адам емес екенін мен жақсы білемін деп”, — кешірім сұрағандай болып әрең құтылдым. Қалжың сөз, әзіл сөз өз алдына ғой. Дұрысында, Аида — Құлматтың кәдіксіз адал көңілінің үдесінен шыққан жары болғанын айрықша айтқым келеді. Құлмат кештеу үйленді де, өзі кеткенде үйелмелі-сүйелмелі ұл-қыздары Ғалым, Жанат, Дәурен артында тым жас қалды. Әкесін жоқтатпай осыларды оқытып, бәріне жоғары білім әперіп, ел қатарына қосып, алдын ғылым кандидаты етіп дегендей, азамат еткен Аида — Құлматтай абзал жігіттің асыл жар, адал досы, тәрбиелі ұл өсірген, қыз өсірген отбасының кейуана анасы. Үлкен ұлы Ғалым Мәскеуде оқып, тәлім алған, білімдар маман, қызы Жанат әке жолын қуған филолог, ғылым кандидаты. Екеуі де қазір үйлі-баранды. Кенжесі Дәурен де азамат боп ер жетіп, есейіп келеді. Айданың өзі болса, бұрын Құлматпен үзентілес қорғаған ғылым кандидаты болатын, қазір педагогика ғылымының докторы, Алматы мемлекеттік университетінің профессоры.

Құлматты поэзия тілімен қатар түрік жұртының, қазақ елінің өткені, тарихы қатты қызықтыратын. Ол қазақ әдеби тілінің тарихын көне түркі жазбалары, орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерімен қатарластыра зерттеп жүрді. Ежелгі ескерткіштерге де терең бойлап барып, олар туралы екі үлкен монографиялық зерттеу қалдырды. Мен бұл шағын естелікте Құлматтың еңбектеріне ғылыми талдау жасап беруді мақсат тұтып отырған жоқпын.

Құлмат есімін ауызға алып отырғанда, енді мына бір жай туралы да үндемей қалуым болмайтын сияқты.

Ісмет Кеңесбаевқа өкпелеп хат жаздым дегенді Құлматтың сөз арасында ауызға алғанын бірде құлағымның шалғаны бар еді, бірақ

одан әрі маған тіс жарып ештеме демеген-ді. Мен де ормен қарай қазбалап сұрамадым ба, әйтеуір, сол әңгіме сол жерде аяқсыз қалып қойды да ол тақырыпқа содан кейін оралмаған сияқтымыз.

Құлматтың қайтыс болғанына төрт жыл уақыт өткен соң, “Зерде” журналының бетінде Құлматтың Ісмет Кеңесбаевқа жазған хаты деген хат жарияланды. Хат журнал қызметкері Бейбіт Сапаралиннің “Тоқырау кезең құрбаны” деген мақаласынан басталады. Уақыт ыңғайына қарағанда, Құлмат бұл хатты баспа жүзінде жариялауды көздемеген сияқты. Өйткені 1981 жылы жазылған хатты жариялаймын десе, оған автордың уақыты жеткілікті болғаны көрініп тұр. Журналдағы мақаланы оқып отырып, “Құлмат тоқырау заманының құрбаны болды” деген кішкене асыра сілтеңкіреп айтылған сөз бе деген ой келеді. Дәл мақалада көрсетілгеніндей, Құлмат біздің Институтта қуғын-сүргін көре қойған жоқ. Кандидаттығын қорғаған 1970 жылдан кейін іле-шала аға ғылыми қызметкер боп өмірінің соңына дейін істеп келген Құлмат еш уақытта шет қақпайға ұшыраған емес десем, қателеспеймін. “Поэзия жанры мен стилі” деген монографиясының баспаға баруында алғашқыда аздаған кедергілердің болғаны рас, бірақ бәрібір кітап 1983 жылы басылып шықты. Ал Кеңесбаевтың адресіне Құлмат тарапынан айтылған өкпе-наз жеке адамдардың арасына қатысты жайлар болғандықтан, Құлматты қоғамдық өміріміздің сол бір жылдарынан әбден жапа шеккен, зор теперіш көрген жан еді деп байлам айту әділет үшін лайық емес. Құлмат – қашан көз жұмғанша, бәрімізбен бірге ойнап-күліп, еркін жүріп, еркін тұрған адам. Бар өттеңі, ең өкініштісі – ажал шіркіннің құрығына ерте іліккендігі. Бүгінгі күні Құлматтың есімін еске алып, оның туғанына жетпіс жыл толғанын атап отырған күні осының жөні, шынында да, осылай-ау деген көңілімде жүрген осы бір жайды кейінгілер білсін деп айта кетуді өзімнің парызым деп есептеймін. Сол тоқырау жылдары деп атап отырған жылдарда Құлматтың бақандай-бақандай алты кітабы жарық көріпті.

1985 жылдың мамыр айының 15 күні болатын. “Құлмат сырқаттанып қалып Мекемтас екеуі аулына жүргелі жатыр екен. Естүімше, ауруы біраз бар сияқты” – деген хабарды әйелім Руда жұмысынан естіп айтып келді (М.Әуезов музейінде Мекемтас Мырзахметов бәрі бірге жұмыс істейтін). “Соған барып қайтсақ па деп ем”, – деп Сейітбекке телефон соқтым. Сол күні Құлматтың үйіне шығарып салуға Сейітбек, Руда – үшеуіміз бірге бардық.

Бой еті сылаң, жүзінің ашаңдау келгені болмаса, Құлмат бұрын денсаулығы туралы о жер бұ жерім ауырды дегенді көп айта бермейтін. Соңғы бір айларда аздап ыңқыл-сыңқылдау боп жүргенін сезетінбіз. Оған өзі аса мән бере қоймайтындай ыңғай танытатын.

Институтқа келіп кеткені соның алдында ғана, әлгі хабардан бір жұма бұрын болатын. Институтымызда Ұлы Отан соғысының елу

жылдығына арналған жиын-сауық болып, Құлмат та сол жиынға қатысқан-ды. Жиын аяқталарда Құлмат екеуміз бірге шықтық та аялдамаға бірге келіп, автобус тосып біраз тұрып қалдық.

Институттың ішінде мені коргенде қалжыңдап: “Сапарғали, қолындағы алтын сағатың қанша болды, айтып жіберші”, – деп ел естісін дегендей кейде сонадайдан айқайлап сұрайтыны болатын. Бұл жолы да сонысын қайталап, автобусқа мініп бара жатып, тағы бір айқайлап сұрай қойғаны бар. Бірақ ауруы туралы аялдамада сойлесіп тұрып тіс жарып ештеме демеген сияқты еді. Құлматтың наукасы едәуір екен дегенді естігенде, жуырда ғана емес пе еді, сапсау адамша әңгімелесіп, әзілдесіп тарасқанымыз деп, не дерге бүймей аңырып тұрып қалдым.

Біз барсақ, Құлмат бұрынғыдай емес, ажары сынықтау көрінеді, бірақ өзі бізді көріп, жылы шырай беріп: “Келіндер, төрге шығыңдар, – деп жатыр. – Бір кітабымның сигнальнйына жақында қол қойып едім, сол кітапты тосып отырмын, қазір Айдын (Құлматтың балдызы) алып келмекші”, – деді. Сөйткенше кітап та келді. Құлмат өз қолынан жазып Сейітбекке, маған, өзін ауылына шығарып сала келген өзге да кісілерге автографымен бір-бірден кітап сыйлады. “Қадірлі Сапарғали, Руда! Өздеріңе деген зор достық, терең сыйлас көңілмен, 15/V-85”, деп жазып, өз қолынан үстатқан Құлматтың бұл монографиясы VIII-XI ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштерін зерттеуге арналған еңбек болатын. Құлмат қайтқан бойда-ақ осы кітапты елге таныстыру ретінде ері Құлматтың қазасын еске алып, оның мезгілсіз көз жұмған талантты ғалым екендігін айтып, бір кезде оның өзі қызмет еткен жоғарыда аталған журналға тапсырған едім. Журнал тек Қ.Өмірәлиевтің осындай кітабы баспадан шықты деген қысқа хабармен шектелді де, мақаланың өзін бермей қойған-ды. Енді сол мақаланы бағзы жазылған күйінде бір әрпін өзгертпестен Құлматтың өзіне арналған осы жинаққа ұсынып отырмын.

Әлгі суық хабар жетісімен, Құлматты жөнелтуге Сейітбек, Мекемтас (Мырзахметов), Ербол (Жанпейісов) және мен төртеуміз Құлматтың атамекен қонысы – Қазығұрт барып, топырақ салып, марқұмды қойысып қайттық. Құлматтың бірге туған ағасы Өтіш (Өмірәлиев), зайыбы Аида келесі 1986 жылы сол Қазығұртта марқұмның жылына арналған ас беріп, басына бюстін жасатып, ескерткіш орнатты. Марқұмның өзі оқыған ауылдағы мектепке Құлмат Өмірәлиев аты берілді.

Дүние, он сегіз мың ғалам, пәлсапашылардың айтуынша, басы да, аяғы да жоқ қанша шексіз түсінік болғанымен, оны паналаған тіршілік атаулының – уақыт деген қатал заңға бағынатын шектеулі құбылыс екені аян. Алла тағаланың адамзатқа берген дарқан сыйы өмір өлшеусіз нәрсе емес.

Жаның жәннатта болсын, аяулы дос, абзал жан, Құлмат!

Дешті қыпшақтан жеткен сый*

Шаһарлы жерден шалғайдағы қазақ ауылында сұрапыл соғыс алапаты төндiрген сонау бiр ауыр жылдарда жетiмшiлiк пен жоқшылық тақсiретi басқа түскен қыр баласына Алматыға келiп, университет сияқты зор бiлiм ордасына оқуға түсiп кете қоюдың қиындығы бiр болса, табаны күректей бес жылға созылған студенттiк жоқ-жұқана күйбең өмiрдi аспирантурамен жалғастырудың қиындығы одан оңайға соққан жоқ. Халқымыз әлi күнге арыла алмай келе жатқан баспана тапшылығы, iшiп-жем, киiм тапшылығы ол күндерде қазiргiден де бетер едi ғой.

Жалғыз бала шәкiрт Әбжан ғана емес-ау, бұл қиындық, бұл тақымет ауыл мектебiнен оқып, астанаға бiлiм деп, өнер деп шөлiркей келiп, жоғары мектеп тамамдап, өртеңге бiткен құрақтай тақыр жерге көктеген қазақ зиялыларының соғыстан кейiнгi жаңа легiне кеп қосылған со тұстағы жас жiгiт пен қыздардың, қазiргi ұлт интеллигенциясы – аға буын өкiлдерiнiң һәммесi ортақ тартқан тауқымет болатын.

Қазақ лингвистикасының көгiне ә деп көтерiлген үркердей шок жүлдыз – Ахмет Байтұрсынов, Құдайберген Жұбанов, Елдес Омаров, Тельжан Шонанов сынды ғұламаларды 30-жылдардың дүрбеленi өз қолынан құрбандыққа шалғаннан кейiн ана тiлiмiз жөнiндегi iлiм-бiлiм атасыз өскен жетесiз жетiмдей тұл қалған-ды. “Орнында бар оңалар” деп, бiразы солардың көзiн көрiп, ақыл-кеңесiн тыңдаған, бiразы солардың шәкiртi болып, алдынан дәрiс оқып, тәлiмiн алған Исмет Кеңесбаев, Нығымет Сауранбаев, Мәулен Балақаев, Сәрсен Аманжолов секiлдi ғалымдар қазақ тiл бiлiмiн қайтадан өрге сүйреп, өзгемен терезесi тең ғылымға айналдырған-ды.

Әлгiнде ғана атын ауызға алған Әбжан Құрышжанов – осы кейiнгi топ оқымыстылардың батасын алып, сарқытын iшкен, қалса қазақ тiл бiлiмiнiң, озса дүниежүзiлiк түркология ғылымының көсегесi көгерiп, өркенi өсу үшiн осы бiр ардақты ағаларға бiрде iлесе жүре, бiресе солармен үзеңгi қағысып, жарыса жүре еңбек етiп келе жатқан ғалым, ел-жұртының танымал да сыйлы азаматы, филология ғылымының докторы, профессор.

Ұстаздары iшiнде жас талапкердiң зерттеушiлiк бағыт-бағдарының айқындалуына, лингвистикалық ой-пiкiрiнiң қалыптасуына зор ықпал еткен адам – академик Нығымет аға болатын. Ол кiсi Әбжанның университеттiң қазақ филология мамандығын тамамдар сапарындағы диплом жұмысынан бастап ХIИ–ХIУ ғасырлардағы қыпшақ тiлiнiң баршаға аты мәшһүр ескерткiшi “Кодекс Куманикустан” 1958 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясына басшылық еткен адам.

* Мақала “Ана тiлi” газетiнде (2.08.1990) жарияланған.

Мейірбан ағаның ұстаздық ілтипатына ерте ілінген Әбекең со бір университетті аяқтаған сәтті қадамынан бастап орта ғасырларда хат бетіне түсіп, біздің заманымызға аман-есен келіп жеткен қыпшақ тілі ескерткіштерін толассыз зерттеумен келеді.

Қыпшақ тілі деп отырғанымыз – түркі текті тілдердің ішіндегі қазақ тілімен тамырлас, соған етене жақын келетін тілдердің тобы. Қыпшақ жазба нұсқаларының ең сүбелілерінің бірі деп Әбекең түркология әлеміне аттанардағы жолының беташары жоғарыда аталған “Кодекс Куманикусты” айтсақ болады.

Дунайдан бастап Жоңғар қақпасына дейінгі байтақ алқапты алып жатқан түркі текті жұрттарды ертедегі араб саяхатшылары “дешти қыпшақ” атаған (Арабша “дешти” дала деген сөз). Дала қыпшақтарының орыс өлкесімен шектес Қырым жеріндегі бұтағын еуропалықтар “құман” деген де, орыстар “половцы” деген. Орта-ғасырлық түркі ескерткіштерінің бәрі дерлік араб, армян әрпімен жазылған, олардың ішіндегі латын әліппісінде хатқа түскені – осы “Кодекс”. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бастап Парижде (1828), Будапештте (1880), Копенгагенде (1936, 1942) үш европа тілінде, Иранда (1972) парсы тілінде жарық көрген қыпшақ тілінің осыншалық бай нұсқасының Әбжан қолға алғанға дейін кеңес ғалымдарының назарынан тыс болып келгені – талассыз шындық. Бұл кісінің ескерткіш тілінің ішкі жүйесі, оның тарихы туралы 1957 жылдан бастап қазақ, орыс тілдерінде үзбестен жариялап келе жатқан кітаптары, ғылыми мақалалары тамаша ескерткіштің тілін зерттеуді шын мәнінде профессионал деңгейге көтерген бірден-бір еңбектер десек асыра айтқандық болмайды.

Венециядағы әулие Марктің шіркеуіндегі кітапханаға Италия ренессансының даңқты жазушысы Петрарка сыйға тартқан бұл кітаптың түпнұсқасы қазір де сонда сақтаулы. Қыпшақ тілінің шежіресінде осы бір көлемді еңбекті совет елі топырағында бірінші болып орыс тіліне аударып, оның тұңғыш орысша басылымын әзірлеген (1972) адам да біздің Әбекең.

Қалың қыпшақ қыпшақ болып Алтын Орда қоластына біріккен со бір заманның қарсаңындағы біздің тіліміздің, қазақ тілінің жай-күйінен елес беретін баға жетпес мол мәлімет осы ескерткіште сақталған. Сол үшін қазақ түркологы Әбекең қазіргі таңдағы біздің тіліміздің тарих көгінде кешкен ұзын-сонар соқпағының ескі бір сүрлеуі осы “Кодексте” жатыр деп таниды. Осы пікірді сан-сала еңбектерінің он бойында нақтылы тілдік деректерге сүйене отырып дәлелдейді, қазақ тілі мен ескерткіш арасындағы тілдік селбестіктің, жалғастықтың сырын ашады. Түркі тілдердің көбінде *таш, йол, гел, кіші, тағ* болып айтылатын көп сөздердің “Кодекстегі” ғалым көрсеткен *тас, жол, кел, кіші, тау* секілді үлгілері – бұл ескерткіштің

қазақ тіліне фонетикалық құрылыс тұрғысынан жақындығы бар екендігінің бұлтартпас айғағы. Септік жалғауы тұлғаларымен қазақ тіліне сойып қаптағандай ұқсастық тауып, зерттеуші бұл екі тілдің — куман тілі мен қазақ тілінің ет-бауыр емшектес бірегей негіздей өрбіген тілдер екенін айқындап берді.

Жүзден астам ұлылы-кішілі еңбек берген Әбекеңнің “Кодекстен” кейінгі зерттеулерінің ішіндегі шоқтығы биігінің бірі — ежелгі Мысыр елінде 1245 жылы дүниеге келген “Түркі-араб сөздігі” жөніндегі монографиясы. Қыпшақ тілдеріне зор ілтипат білдірген Шығыс елінің бірі — осы Мысыр. Бұл жұмыстың онда қаттырақ қолға алынған кезі мәмлүктер билігінің тұсында (XIII–XIV ғғ.). Сол дәуірдің ғалымы Әбу-Хайян қыпшақ тілі туралы бірнеше кітап жазған, соның ішінде бізге келіп жеткені — “Түркі тілдердің түсіндірме кітабы” дейтін еңбегі. Әбекеңнің осы кітап жайында да жазғандары бар, бірақ оның түбегейлі зерттеп, “Кодекстен” кейінгі егіздің екі сыңарындай атын шығарған еңбегі — жоғарыдағы түркі-араб сөздігі жөніндегісі. Лейденде түпнұсқадан типография әрпімен көшіріліп басылғанына (1894) едәуір заман өтсе де, бұл кітап Әбжанға дейін зерттеу көрмей, ғылым әлемінде белгісіз күйде жатқан-ды. Бұған тіл бітіріп сөйлетіп, арабшадан қазіргі қазақ жазуына түсіріп транскрипциялаған, тұнғыш орысша тәржімелеген, сөздік тілінің егжей-тегжейіне бойлап, оның грамматикалық, дыбыстық құрылысына, сөз жиһазына терең талдау жасаған — басқа емес, біздің қазақ лингвистісі екенін өзгелердің алдында мақтан етсек, еш әбестігі жоқ.

Түркі сөзінің соқа басының тізімі мен соның арабша аудармасы ғана берілген қарапайым екі тілді сөздікті автор мұнда қазақ тілінің қазіргі түркі тілдер мен ежелгі өзге жазба нұсқалардың тілімен астастыра, шендестіре отырып, сөз төркінін, сөз тарихын түсіндіретін шын мәніндегі салыстырмалы лұғатқа айналдырған.

XIII–XIV ғасырлардан бізге келіп жеткен көне қыпшақ ескерткіштері жөніндегі өзінің көп жылдық еңбегін жинақтап, Әбекең 1973 жылы докторлық диссертация қорғады. Қазір жоғары мектептің қазақ филологиясы мамандығын игерушілердің ертедегі қыпшақ тілінің жайын баяндайтын оқу құралы орнына қолына ұстар кітабы — Әбекеңнің осы зерттеулері.

Ежелгі түркі тілдердің ірі білгірі, қыпшақ жазбаларын зерттеуді алғаш қолға алып, оны қазіргі заманғы компаративистика (салыстырмалы-тарихи тіл білімі) деңгейіне көтерген Әбжан Құрышжановтың есімі жалғыз қазақ арасы ғана емес, одақ көлемін былай қойғанда, шетел түркологтарына да мәлім. Түркия, Чехословакия, Англия, Венгрия сияқты елдерде 1972 жылдан бастап бірінен соң бірі дүркін-дүркін жарияланған Әбекең еңбектеріне

арналған сын мақалалар шетелдік әріптестердің ғұламаға деген ризашылық ниеті мен ізетін, ел үшін еткен еңбектің мән-маңызын айғақтайды. Бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын туа біткен турашылдығынан ба, әйтеуір, Әбекең соңғы бір жылдары астанадағы ғылым орталығынан жырақтап, біраз сыртта жүріңкіреп қалды. Бірақ шүкіршілік, осы жай ғалым бойында көрінбей, қалтарыста жатқан және бір қасиеттің сыртқа теуіп шығуына себепкер де болған сияқты. Ол — қазақ филологиясы үшін жаңа буын, жас ұрпақ баулу, тәрбиелеу. Кейінгі жылдардың әлетінде Әбекең педагогтік жұмысқа мықтап ойыстап, республикадағы екінші университетте, Қарағандыда қазақ тілінің профессоры болып істеді, қазір ол сол жұмысын Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтында жалғастыруда.

Кемел жесқа келіп, жігіт ағасының алтын тұғырына қонған Әбекең бұл күнде бағзы бір бап күйінде. Мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған ана тіліміздің откендегі тарихынан сыр шертер небір тамаша зерттеулердің, Әбекең қаламынан әлі де талай дүние келеріне біз кәміл сенеміз.

Тас жазудың тамыршысындай

Қазақ пен түрікпен жұрты топырағындағы орта, жоғары мектептерден қаншалықғы сабақ ала, дәріс тыңдай жүрсе де, оқу-өнер деп талпынғанына талай-талай жылдар өтсе де әбден ес біліп, ер жетіп, салықалы азамат болғанынша Ғұбайдолла осы фәни дүниеде жазудың өзге сан қилы түрімен қоса орхон-енисей жазуы да бар екенін әсте естіп-білген емес. Бала оқытып, біраз жылдар ұстаздық құрып, Алматыдағы қазақ мемлекеттік университетіндегі аспирантураның табалдырығын ө деп аттаған сәтте ғана бұл жай Ғұбекеңе мәлім болды. Санкт-Петербург университетінің түлегі, орхон-енисей жазбаларының білгір мамандарының бірі Церен Доржиевич Номинханов Ғұбекене шүү деп көрген бойда-ақ бүкіл жалпақ түрік қағанатына V–VIII ғасырларда кең тараған әріп алфавитті жазу болғанын, оның бағы заманда дүниеден баз кешкен түрік қағандары мен ханзадаларының басына қойылған құлшытастарға таңбаланып, біздің заманымызға келіп жеткенін айтып, жас жігітті еріксіз баурап әңгімеге тартты.

Номинханов ол кезде университеттің профессоры Мәулен Балақаев басқаратын қазақ тілі кафедрасының доценті болатын. Бұл — соғыстың аяқталғанына көп бола қоймаған жылдар еді. Кешегі табаны күректей торт жылға созылған сұрапыл соғыста Кавказдан Украина жеріне дейін от кешкен Ғұбекең елге соғыстың алдындағы қыркыншы жылы кеткеннен соғыс аяқталарға сәл қалғанда

қырық төртінші жылы бір-ақ оралған. Елге келе сала өзі соғыстан бұрынғы жылдарда тандап алған ұстаздық мамандығын жалғастыра жүріп, көп ұзамай Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогтік институтын тамамдап та үлгерген-ді.

Бұрын өзіне беймәлім жазудың сырына қанығып, берісі Алтайдан Атырауға, әрісі Карпат тауларына дейінгі кең өлкеде үдере көшкен ежелгі ата-бабаларымыз түрік тайпаларының тарихына үңілу талапты жасты өзіне құмарттырмай қала алмады. Бақсақ бақ екен деп, о заманда жан тәсілім еткен түрік қағандары мен ханзадаларының қабірінің басында не ықылым дәуір бойы қаққан қазықтай мелшиіп тұрған осы бір көк тастарда ежелгі бабалар тарихының, олардың рухани зор күегері – ана тілінің ғажайып сырлары сақталыпты.

Жазу – адамзат баласы дүниеге әкелген рухани мұра атаулының асылының ең бір асылы. Қоғамның мәдени даму дәрежесінің шама-шарқын танытатын өлшемнің бастысы – хат өнері.

Түркі текті жұрттардың бұдан мың, мың жарым жылғы өмірінен елес беретін ежелгі жазба нұсқалар – шын мәніндегі баға жетпес байлық, атадан балаға мирас болып қалған ұлы қазына.

Жазба мәдениеті болмағаны себепті бағы заманнан тарих көгінде өмір кешкен көп халықтар өзі туралы өз қолымен хат бетінде дерек қалдыра алмаған-ды. Мұндай жұрттардың өткені жайындағы деректердің алынар көзі олармен ертеден қарым-қатынаста болған мәдениетті көршілердің жазбалары болатын. Шығыс Еуропа мен Кіндік Азиядағы түркі текті халықтардың о заманғы өмір тіршілігі хақында іргелес отырған ең жақын көршісі – орыстардан мұндай деректерді күте қоюдың ыңғайы жоқтығы түсінікті болса керек. Өйткені бұлардың өзінің де жазу-сызу мәдениеті кейінірек дамыған ел ғой. Біздің ата-бабаларымыздың арғы тарихы, ежелгі өмір тіршілігі жөніндегі мағлұматтарды зерттеушілер көбіне-көп шығыстағы көршіміз қытай жазбалары мен жылнамаларынан алып келгені белгілі.

Енисей, Орхон өзені бойындағы түркі қағандары мен ханзадаларының басына қойылған құлпытастардағы тасқа қашалған жазулардың табылуы еуропалықтар “қыр тағысы” деп атап келген түркі жұрттардың тарихы туралы бұрын қалыптасып қалған көзқарасты мүлдем түбірімен өзгертіп жіберді. Құлтегін және басқа осы секілді ірі жазба мұралардың табылуы – замана тозаңы бұдан сан ғасыр бұрын жер астына көмген тарих қоймасының ашылуы еді. Түрік халықтарының жазба өнері, хат өнері дамыған сол бір алыстағы дәуірді көп зерттеушілер қазір түрік ренессансының дәуірі деп атап жүр. Ғүбекеннің ізін іле-шала көне нұсқаларды зерттеумен шұғылданған бұл күнде көзі жоқ досымыз, талантты ғалым Құлмат Өмірәлиев Орхон-Енисей ескерткіштері дәуірінің түркі халықтары үшін ежелгі Греция дәуірі іспетті мәнге ие екенін көрсеткен болатын.

Тастардың табылуы да бар құпиясын ішіне бүгіп, ғасырлар бойы томаға-тұйық жатқан тылсым жазуға тіл бітіру тарихының өзі де бір кемел дүние. Орыс патшасы бірінші Петрдің шведтермен соғысы кезінде 1709 жылы қолға түсіп, Тобольск дейтін қалаға жер аударылған көзі қарақты швед офицері Страленберг тұтқыннан босанып, өз еліне оралғаннан кейін өзінің Сібір өлкесінде көріп-біліп, зердесіне түйгендерін кітап етіп жариялаған екен. Сібір елі, Сібір жері туралы деректермен қатар Страленберг Енисей өзені маңындағы құлпытастарға қашап жазылған жазу мен мыс айнаның сынығынан табылған жазу жайында деректер келтірген болатын. Сібір өлкесін XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде аралаған саяхатшы Мессершмидт өз күнделігінде қашалған жазуы бар ұзын тақта секілді құлпытастың бірнешеуінің суретін берген. Құлпытас жазуы жөнінде осы сияқты мәліметтер келе-келе көбейе түскенімен, бұл жазудың не жазу екенін, ол тастардағы жазуды жазып қалдырған жандардың кім екенін екі ғасырға жуық уақыт бойы білген адам болған жоқ. Бұл жұмбақтың шешілмеуі тіптен мұны готтардан, немесе грек готтардан қалған мұра болу керек деген сияқты не қилы жорамалдардың тууына себеп болды. “Сибирский вестник” журналының шығарушысы Спасский деген орыс адамы 1857 жылы бұл жазуды славяндардікі деген теория ұсынды. Бұл жазу түріктердікі деп түспалдап айтса да алғашқы дәл жауапты берген кісі – француз оқымыстысы Абель Ремюза (1788–1832) деген кісі еді. Кейін моңғол жерінен Күлтегін мен Елгіріш қаған ескерткіші табылған кезде белгілі орыс ғалымы Ядринцев бұл жазудың тек түріктерге тән жазу екендігінің тарихи тұрғыдан басын ашып берді. Бірақ жазуды ол тұста да тани алған пенде болған жоқ.

Жазуды оқудың абыройына дат лингвисті Томсен (1842–1927) ие болды. Алдымен ол кісі Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастағы жазудың ішінен *түрік, теңірі* деген сөздерді оқиды. Осы екі сөзді оқуға дәйек болған – құлпытастың сыртқы жағы мен бүйіріндегі осы сөздерге түспа-түс тұрған екі қытай иероглифінің кездесуі. Бұл иероглифтер *түрік, теңірі* деген сөздердің қытай жазуымен берілген бейнесі болып шыққан көрінеді. Сол сол-ақ екен, осыны қолына кілт қылып ұстаған ұлы ғалым түркі тілдердегі әріптердің сөз ішінде орналасу заңдылықтарына сүйене отырып, инемен құдық қазғандай мандай тер төгіп, 1893 жылғы қараша айының 25 күні Енисей, Орхон атырабындағы құлпытастардағы жазудың сырын кәміл ашты, оқыды.

Бұл уақиға түркі текті халықтардың ежелгі тарихы, әдет-ғұрпы, ұғым-нанымы, әсіресе тілі туралы ғылымда бұрын қалыптасып қалған түсінікке түбегейлі өзгеріс ендірді. Көшпелі жұрттар бүкіл әлемдік мәдениетке үлес қоса алған жоқ, олар мәдениетке тек өзге халықтар арқылы ғана қол арта алды деп келген қағиданың жаңсақ

екені айқын болды. Тырна қатар мәдениеттің бұлтартпас айғағы жазу-сызу екені айтпасақ та аян.

Барша түрік текті халықтарға ортақ мұра – орхон-енисей жазуы қазақ тілі үшін де тонның ішкі бауындай. Мұны қазақ тілі топырағында бірінші болып дәлелдеген адам – біздің Ғүбекең.

Аспирантура табалдырығын аттаған сонау 50-жылдардың бас шенінен бастап Ғүбекең елу жыл бойы түрік тілдері жөніндегі ілім-білімнің осы саласында тынымсыз еңбек етіп келді. Көп жылдық еңбек нәтижесін де берді. Ғүбекең 1959 жылы орхон-енисей жазбаларының көлемді мұраларының бірі – атақты түрік әміршісі Тонықұқтың басына қойылған көк тастағы жазуды бақайшағына дейін шаға тәптіштей талдап, оның тілінің қазіргі түрік тілдеріне, соның ішінде біздің тілімізге қатысы жайындағы мәселенің басын біржола айқындап берді. Осылай етуі мұң екен Ғүбекеңнің есімі қазақ жұрты былай тұрсын, түү шалғайдағы шет жұрттарға да мәлім болды. Ғүбекеңнің атына әр елдің түркологтарынан 50-жылдарда толассыз шұбырған хаттар – осының айғағы. Бұл ескерткішті алғаш рет Клеменц деген әйел адам тауып, оны ғылым өлеміне мәшһүр еткен со бір заманнан бастап жарық көрген еңбектердің ең бір сүбелісі осы Ғүбекеңнің кітабы болды.

Кандидаттық диссертациясын да, докторлық диссертациясын да ежелгі түріктердің жазбасына арнаған Ғүбекең Тонықұқ ескерткішінен кейін Мойын Чор құлпытасының тілі, Білге қаған құлпытасының тілі және т.б. Орхон өзені жағалауындағы түрік ескерткіштері туралы еңбектерді бірінен соң бірін лек-легімен жариялаумен болды. Қазір санап отырсақ, бұл кісі жиырмадан астам ұлылы-кішілі кітап шығарыпты. Әсіресе Ғүбекең орхон жазба үлгілерінен өзі зерттеген саланың басын біріктіріп, ғылыми тұжырымдарын қорытындылайтын 1974 жылы жарық көрген көлемді монографиясының түркология дүниесінде алатын орны ерекше.

Бұл кісі кітаптарында Тонықұқ, Мойын Чор, Білге қаған ескерткіштерінің мәтінін келтіріп, оның аудармасын береді. Түпнұсқа мен осы аудармадағы мысалдарды жай үстіртін шолып шығудың өзінен-ақ бұл жазбалардың қазіргі өзге түркі тілдермен бірге біздің тілімізге де етене жақындығын кәміл аңғаруға болады. Әрине, қазіргі қазақ әдеби тілі деңгейінен алып қарағанда, біраз сөз нұсқаларының дыбыстық кейпінде, морфологиялық тұлғаларында алшақтық байқалғанымен, кей дыбыстардың, сөз формаларының қолданылу жүйесіндегі едәуір жақындықты біз ана тіліміздің жергілікті диалектілерінен табамыз. Мәселен, сөз басындағы *ш* орнына *ч* қолдану сияқты фактілер қазақ диалектілерінің шығыс және оңтүстік-шығыс болігіне кең тараған белгілер екені мәлім.

Бір-бірінен тек қатаңдық-ұяндық секілді белгі тұрғысынан ғана, ажыратылатын *б-п* дыбыстық жұбының қай сынарының сөздің бас шебіне тән екендігіне қарай түркі тілдерді топ-топқа бөліп қарауымызға болады. Сөздің ұшар басында осы бір дауыссыз жұптың қатаң сынарын денірек, сосын ұяң сынарын денірек қолданатын ыңғаймен өзара бір оңкейлесіп келетін түркі тілдердің екі тобы бар екені аян. Сөзінің басында ұяң дыбыстар айтылмайтын шуаш, хақас тілдері былай тұрсын, қалған түркі тілдері ішінде де сөз басында бұл дыбыстардың ұяң сынарынан гөрі қатаң сынарын молырақ қолданатын тілдер бар. Мәселен, шор, туба, алтай, сары ұйғыр тілдері — осындай тілдер. Оның есесіне бұған керісінше жағдайды біз сақа, башқұрт, қырғыз секілді тілдерден кездестіреміз. Біздің тіліміз де сөз басында ұяң *б* дауыссызын қолдану жөнінен тілдердің осы кейінгі тобына жатады. Асылында, кірме сөздер болмаса, қазақ тілінде сөз басында қатаң *п* дауыссызының келуі некен-саяқ. Тол түркі сөзі дегенде қазақ тіліндегі анлаут *п*-ның ұшырайтын орны — сөздің қысаң дауыстылардың алдындағы шебі мен кейбір дыбыстық еліктеуден туған сөздердің құрамы. Сосынғысы — *па! пай-пай! пәлі!* сияқты бірер одағай сөз ғана. Сөз басында ұяң *б* қолданатын орхон-енисей жазбалары бұл жөнінен де біздің тілімізге аса жақын тұр. Бұл жазбалардың қазақ тілімен арадағы сабақтастығы хақында Ғүбекен зерттеулерінен алынатын мықты бір фонетикалық заңдылықтың сипаты осындай.

Орхон-енисей жазуының білгір маманы Ғүбекеннің жазу өнерінің осы бір түрін ел-жұртқа насихаттаудағы еңбегі де өз алдына бір төбе. Тіл зерттеушілер де, әуесқой зиялылар да орхон-енисей жазуына келгенде Ғүбекен еңбектеріне соқпай өте алмайды.

Бұл кісі дарынды зерттеуші ғана емес, жастарға оқу-өнеге беруден еш жалықпаған үлкен ұстаз да. Соғыстан арғы-бергі жылдардағы қазақ мектептеріндегі мұғалімдік зор тәжірибесін Ғүбекен түркі филологиясы саласындағы мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында лекция оқумен, соларға оқулықтар жазу ісімен жалғастырып келген. Қазақстаннан Түрікпенстан, Башқұртстан, Өзбекстан жоғары оқу орындары да бұл кісіні көне түрік жазбаларынан лекция оқуға жиі шақыратын.

Ғүбекен — қазақтың өнегелі бір шаңырағының, шаңырақ болғанда өсіп-өнген шаңырағының басы. Ол — ер жетіп есейген, өздері де үрім-бұтақ жайып жатқан сегіз баланың әкесі. Баяғыдай бір отбасынан өрбіген бірнеше баланы қатар көру де қазақ үшін таңсық іске айналғалы қашан. Бала тууды шектеу дегеннің қазақ ұлтының болашағын шектеу екенін жастарымыз есінде ұстағаны абзал.

Ғүбекен жар-анасынан өрбіген тәрбиелі ұрпақ, өрен-жаран зор қауым бар. Ол кісінің есімі әріптес достары мен шәкірттері легінің әр кез есінде. Артында қалған тамаша зерттеулері — Ғүбекеннің өз қолымен өз басына тұрғызған ескерткіші.

Менің Ғожахметті алғашқы көруім – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылыми академиясы Тіл мен әдебиет институтының аспирантурасына оқуға келіп түскен 1956 жылдың күзі болатын. Шынымды айтсам, мен өзім қырдың қазағы болғандықтан, сондай халық бар дегенді сыртынан еміс естігенім болмаса, жасым жиырмадан асқанша ұйғыр ағайындармен жүзбе-жүз кездесіп көрген емен. Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданында тұратын өзіммен бірге туған ағам Уәлихан Омарбековты іздеп 1950 жылы барғанымда, бауырлас халық – ұйғыр халқын тұңғыш рет көргенім сол. Ағамның туған жерін “Еңбек” кеңшарының “Өрнек” бөлімшесі дейтін. Ол – ұйғыр-қазағы аралас ауыл екен. Ұйғыр ағайындарымен етене араласуымның басы осы болды. Арғы түбіміз бір халық болғанымен, ертеде ірге айырып, әрқайсымыз әр жұрттың құзырында кеткен о бір замандарда бірімізден-біріміз жырақтап, бірімізді-біріміз білместей көз жазып қалғанымыз бекер емес қой.

Ғожахмет айна қатесіз қазақ болатын. Ғожахметті аспирантураға келгеннен кейін көп уақытқа дейін қазақ деп жүрдім. Оның үстіне еш мүдірместен қазақша еркін сөйлеп кететін бұл кісінің тілінен қазақ акцентінен селкеу шығып жатқандай еш кәдік байқала қоймайтын. Кейін білсем, Ғожахмет ҚазПИ-дің қазақ филологиясы бөлімін бітірген екен. Сырт қарағанда жүріс-тұрысы салмақты, мінезі ауырлау, тұйықтау болар-ау деп ойлап қалғандай көрінгенмен, Ғожахмет кісімен жақынырақ сөйлесуге, тілдесуге бойын аулақ сала қоймайтын жігіт болып шықты. Бұл кісіге қоян-қолтық жақын келіп, аралас-құралас болып кетуіміздің басы 1963 жылдың мамыр айында түркі тілдерінің диалектологиясы жөнінде Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласында өткен одақтық шеңбердегі конференция болды. Бұл сапарда біз Ғожекеңмен (жасы менен үлкен бола қоймаса да бұл кісіні әдепкі танысқан сыйластық қалыппен мен қазақ дәстүрін ұстанып, Ғожеке деп атап кеттім) бұрынғыдан жақынырақ шүйіркелесіп, әбден жақын адамдар болып алдық. Бір-бірімізбен пікірлесіп, тым жуық келуімізге себепші болған бір есептен мамандығымыз арасындағы жақындықтан да болар. Олай дейтінім екеуміздің де қуғанымыз түркологияның бір саласы – диалектология саласы болатын. Ғожекең ұйғыр тілінің диалектілерін зерттейтін де, мен қазақ диалектологиясымен айналысатынымын. Диалектолог болғандықтан о бір жылдарда жиі-жиі өтіп отырған конференцияларға Ғожахметпен ылғи да бірге барып жүрдік. Бұл кісімен Бішкектен басқа Ташкент, Ош, Нүкіс т.б. қалаларда өткен диалектологиялық жиындарда талай рет бірге болғанбыз. Әр ұлт республикаларындағы түркі тілдер

* Мақала “Мәңгі қалбимізді” жинағында (Алматы, 1999) жарияланған.

жөніндегі ілім-білімнің әр саласында істеп жүрген мамандардың басын бір арнаға біріктіріп, олардың өз елінде ғылымның бұл саласында не істеліп, не тындырылып жатқанынан бір-бірін хабардар ететін, бір-бірімен емін-еркін пікір алысуға кең мүмкіндік туғызатын о бір жылдарда жиі өтіп тұратын осы бір конференциялар бұл күнде қол жетпейтін алыс бір күндердің елесі сияктанып қалды.

Тәшкент қаласында 1980 жылдың қыркүйегінде өткен Бүкіл-одақтық түркологиялық мәслихатқа жиналғанымызда, академик А.Н.Кононовтың: “Түркологиялық осындай әр ұлы жиын түрколог ғалым үшін мереке, ғылымға жасалған құрмет деп білуіміз керек”, — деп айтқаны бар еді. Расында да, бәріміздің илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы тәрізді. Мамандығы бір, тілі бір ойдағы-қырдағы дүйім елдің басы қосылып, бірімізді-біріміз сағынғандай бір шұқырасып қалатын осы бір дүркіреген жиындардың қарасы ұзаған сайын қадірінің өткенін енді біліп отырмыз.

Жайда бір-бірімізді көргенде жылы ұшырап амандық-саулық білскеніміз болмаса, аса көп сырласа бермейтін Ғожахмет сапарында менімен бірге бір нөмірде бірге болып, ғылым туралы, өзінің халқы — ұйғыр елі туралы ұзақ-ұзақ әңгімелер айтып, ұйғырлардың өткендегі тарихы, шекараның арғы бетінен Жетісу атырабына қоныс аударғаны жайында зор мағлұматтылықпен айтып берген еді.

Ғожекең зерттеулері материалға бай болатын, тіл фактілерін тәптіштеп баяндауға келгенде, ол зор ұқыптылық, терең білімдарлық танытатын. Ана тілі мен қазақ тілін жетік білетіндігі көп жағдайда салыстырмалы-тарихи деректі өз еңбектерінде кең пайдалануға жетектегені сөзсіз.

Диалектология саласымен шұғылданатын болғандықтан халық тілінің диалектологиялық жүйесін қай тұрғыдан зерттеу керек деген мәселеде кейде Ғожакеңмен өзара пікір сайысына түсіп қалатын кездеріміз де болатын. Ғожахмет нақтылы бір өлкенің халқының тілін диалектілік жағынан зерттегенде өзіне бейтаныс бір тілді зерттеп отырған адамша жаңағы өлкенің халқының тілінде не бар, не жоқ дегенді жіп-шырғасына дейін қалдырмай бастан-аяқ сүзіп шығу қажет деп білетін, өзі зерттеулерінде осы әдісті басшылыққа алды. Қазақ диалектологтері — біз болсақ, бұдан гөрі басқаша жолмен кеттік. Біз әдеби тілді эталон тіл етіп аламыз да зерттеп отырған өлкеде сол өлшемнің (эталон тілдің) аясынан алшақ жатқан қандай тілдік құбылыс бар назарды соған аударамыз. Осыдан барып кейін жиналған деректі өзге өлкелердің халқының тілімен салыстырамыз.

Мен докторлық диссертация қорғаған кездегі ресми оппонентімнің біреуі — Ғожекең болды. Қазақ диалектілеріндегі дауыссыз дыбыстардың лингвогеографиясын тарихи тұрғыдан зерттеген еңбегіме жоғары баға бере келіп, жұмысымның олқылығы деп өз зерттеулерінде қолданып жүрген жоғарыдағы әдістің жіті

қолданылмауын атағаны бар. Шынтуайтқа келсек, осы екі ұдай әдістің бір-бірінен өз артықшылығы, өз кемшілігі бар екені талассыз.

Мен аспирантураға келген кезде Ғылым академиясының президиумы мен оның қоғамдық ғылым саласындағы мекемелерінің бәрі қазіргі Бөгенбай батыр көшесіндегі шағындау бір үйде еді. Сол үйдің бір қанатына Тіл-әдебиет институтымен қоршылес орналысқан кішігірім мекеменің бірі Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторы деп аталатын да ұйғыр тілі мамандары түгелдей сонда жұмыс істейтін. Академияның дербес мекемесі деп есептелгенімен, сектордың кәсіподақ, партия ұйымдары сол Тіл-әдебиеті институтымен бірге болатын, бүкіл жиналыс-жиындар, мерекелерді қарсы алатын думанды кештер бірге өтетін. 1961 жылы Тіл-әдебиет институты өз алдына дербес екі ғылыми-зерттеу институты болып бөлінген соң, Ұйғыр-дүнген секторы Ұйғыртану бөлімі болып қайта құрылып, қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құрамына енді. Бір мекемеде аралас-құралас жұмыс істегендіктен бе, әйтеуір Ғожекеңмен бұрынғы қаламдас, әріптестігіміздің үстіне нағыз дос, пікірлес адамдарға айналдық. Кішіпейіл, кісіге деген ізет-құрметке әрқашан дайын тұратын Ғожекеңді бүкіл ұжым сыйлайтын.

Институттағы сол кездегі жастар сауыққойларының басын біріктіріп, өзіміз “Көңілашар” деп аталатын үйірме де құрғанбыз.

Біраз жыл институттың кәсіподақ ұйымы мен партия ұйымын басқара жүріп, Ғожекең осындай қоғамдық жұмыстардың басы-қасында көбіне өзі болатын. Ғалымдығының үстіне ұйымдастыру жағына қабілеттілігінен де болар Ұйғыртану институты Тіл білімі институтынан өз алдына дербес ғылыми-зерттеу институты болып отау тігіп шыққан-ды. Ғожахмет осы институттың директоры болып, беделді де жауапты жұмысқа белсене кірісіп, оны көміл игеріп, ұйғыртану ғылымының өркені өсіп, қанаты қатаюы үшін жанын сала еңбек етті. Ол институт абыройын жоғары деңгейге көтере білді, осы арқылы өз абыройын да асырды. Елі, халқы сыйлайтын сырбаз азамат, зор парасат иесі – ғалым болды. Енді, міне, арамызда бүгін жоқ Ғожекең есімін жақсы жолдас, қадірлес, ниеттес дос ретінде еске аламыз. Мұндай абзал жандардың есімі ешқашан ұмытылмақ емес.

Жаны жайсаң азамат*

Бү дүниеден өткен бақилық жандар туралы оны көзі көрген, тіршілікте онымен істес, дәмдес-тұздас болған адамдардың әңгімелеп айтып отыруы, әсіресе күнделікті тіршілік күйбеңінен оның мойнын озық етіп көрсететін, тұлғасын көз алдымызға биік етіп елестетуге

* Мақала “Қазтай. Еске алу” кітабында (Алматы, 2000) жарияланған.

тұрарлық, үлгі тұтар, жан сүйсінер істері, мінез-қылығы жайында көбірек еске алып отыруы – бүгінгілер үшін, көбіне-көп кейінгі ұрпақ – жас буын үшін аса керек нәрсе. Естелік десе, оны тек ұлы адамдар туралы ғана жазуға болатын сияқты әлеумет арасында қалыптасқан бір түсінік бар. Бүкіл елге, барша қауымға аты белгілі адамдардан тыс өмірде өзімізбен қатар, иық түйісе тіршілік кешіп жүрген, жайшылықта өзін қоршаған дос-жаран, ағайын-туған ортасында көзге елден ерек шалына бермейтін, бірақ ел үшін, жамағат үшін еткен игілікті жұмыстары мол, өз хал-қадірінше халқына қадірі бар, үнемі біреуге бір жақсылық етсем екен, біреудің кем-кетігін толтырарлық іс қылсам екен деп тұратын кісілер болады. Осындай жандар туралы естелік жазып еске алсақ, онымыз да бір жарастық емес пе?! Біз үшін қымбат жанның бірі – кешегі Қазтай еді ғой.

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының бұрынғы Тіл және әдебиет институты аталатын мекемеге 1960 жылы жұмысқа келгенде Қазтай ҚазМУ-ді жаңа ғана бітіріп шыққан жас жігіт болатын. Сол жылдары мен Ғылым академиясының “Хабаршы” журналының редакциясында ғалым-хатшы (жауапты хатшы) болып істеп жүрдім де, 1961 жылдың көктемінде Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты екіге бөлінер тұста қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына ғылыми қызметке ауыстым. Қазтай бөріміз алдымен қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы, кейіннен қазақ диалектологиясы болып өз алдына жеке бөлініп шыққан бөлімде ұзақ жыл бірге жұмыс істедік. Бір дегеннен өңшең диалектолог-мамандардың ортасына келіп жұмысқа түсуі Қазтайдың қазақ тіл білімі саласындағы болашақ сапарының бағыт-бағдарын белгілеп, жөн сілтеген тамаша бір фактор болды. Бұл бөлімде қазақ диалектологиясы майталман мамандарының бірі Жұмат Досқараев ақсақалдан бастап Шора Сарыбаев, Жамалбек Болатов, Әбілбек Нұрмағамбетов, Оқас Нақысбеков сияқты сол кездің өзінде-ақ ғылымның осы саласында сапалы еңбектерімен көріне бастаған жас диалектологтер жұмыс істейтін. Қысқасы, қазіргі қазақ диалектологиясы ілімінің бар қаймағы сонда болатын.

Қазтай жыл сайын қазақ жұрты тараған байтақ өлкенің жер-жеріне дүркін-дүркін шығып жататын диалектологиялық экспедициялардың жұмысына бірнеше жыл бойы толассыз қатынасып, қазақ топырағының небір алыс түкпірлеріне дейін шығандап барып, қазақтың халық тілінен қисапсыз мол дерек жинап, 1969 жылы жарық көрген “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін” (бұл саладағы тұңғыш сөздікті) қолынан түзген авторлардың бірі болды.

Қазақ диалектологиясының бар жұмысына, бар қам-қарекетіне бел шешіп кірісе, араласа жүре Қазтайдың өзі қалап, түбегейлі тоқтаған саласы – халық тіліндегі кәсіби лексиканың жайы болатын. Қазақ сахарасының әр тарапын қоныстаған халықтың кәсіби ахуалының

дәстүрлі мал шаруашылығынан тыс жергілікті жердің табиғи ерекшелігіне орай әр аймақта әр басқа болып келетін ыңғайы да аз емес. Оңтүстіктегі халық айналысатын мақта шаруашылығы, әрине, басқа өңірлерде жоқ. Осы секілді жалпақ бір атырантың жергілікті халқына ортақ кәсіп түріне қатысты айтылатын сөздерге қазақ тілі аса бай екеніне оларды ел аузынан жинап-тере жүре әбден түсінген Қазтай Арал-Каспий маңындағы қазақтардың тіліндегі балық аулау, оны баптап өсіру кәсібімен шұғылданатын елдің тіліндегі осы кәсіпке қатысты айтылатын сөздерді тәптіштей жинап, оларды хат бетіне түсіріп, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу проблемасына айналдыруға бекіді. Бірнеше жыл үзбестен Арал, Каспий тоңірегін мекендейтін қазақ арасын тынымсыз аралап, балықшылыққа, балық өндірісіне тікелей қатысы бар деген жүздеген түбір сөз, туыпды сөз, біріккен сөз, қос сөз атаулының неше түрін, фразеологиялық тіркес, тіптен мақал-мәтелдерге дейін жазып алып, олардың талайын мақала түрінде сол бір жылдарда жыл сайын шығып жататын ғылыми-зерттеу жұмыстарының жинақтарына, Ғылым академиясының өзге де басылымдарына, журналдарына жариялап, балық кәсібі аясындағы профессионализмдердің ішіндегі халық арасына кең тараған түрлерін қазақ сөздіктеріне енгізіп, нәтижелі еңбек тындырды.

Халық арасына кең тараған дегеннен шығады, профессионалдық лексика дегеніміздің бәрін бірдей нақтылы бір кәсіппен шұғылданатын адамдардың тілінде ғана қолданатын сөздер деп тар көлемде түсінуге болмайды. Ондай сөздердің арасында атам заманнан ел-жұрттың бәріне тарап, халық тілі сөз байлығының ортақ игілігіне айналғандары не сан.

“Май татыған көлтабанның көмейін жемейтін сорлы басым, қоңырсы сасыған қой етін жедім-ау” деп күйеуге берген бір балықшының қызы айтқан екен деген ел аузында сөз бар. Сол секілді “Жандыда балық үлкен, жансызда қамыс үлкен” немесе “Мекіре балықтың басы тасқа тимей қайтпайды” деген тәрізді халық даналығының өрен үлгісі саналатын мақал-мәтел, нақыл сөздер қоғалы көлдер, қом сулардың қойнауын мекен қылған қазақтардың есте жоқ ерте замандардың өзінде-ақ төрт түлік малмен қоса отырықшы елге тән кәсіптің бір парасы – балықты да өзгеден аз білмеген.

Балық кәсібіне байланысты деп отырғанымыз – тек айтарға ғана. Асылында, мұндай сөздердің өзін халық тілінің нағыз шынайы байлығы десек болады. Оны:

“Балығы тайдай тулаған,

Бақасы қойдай шулаған”, –

деп, халық жырларының шеберлері көркемдікті бейнелеудің құралы ретінде пайдаланған ғой.

Халық жырының асқан шебер үлгісі “Қыз Жібек” лиро-эпосындағы байдың салтанатты көшінің басында жамбылы түйесін бұйдасынан жетелеп бара жатқан қыздың сұлулығын тамашалаған:

“Туған айдай толықсып,
Ақ сазандай бұлықсып”, —

деп келетін жолдарындағы “ақ сазандай” деген теңеудің балық аясындағы түсініктен алшақтап, аппақ айдай бір көзелді көз алдымызға әкелері бекер ме?!

Қазтай жинаған мен білетін деректер осындай фольклор материалына бай болатын. Ол бұрын әр басылымда, әр жерде тиіп-қашып жариялаған осы тәрізді жиған-тергендерін сөздік қып, жеке кітап етіп бастырып шығаруды айтып жүретін. Қазір сөздігінің қолжазбасы дайын көрінеді.

Каспий, Арал жағалауын шілде мен тамыздың аптап ыстығында аралап, Алматыға диалектологиялық экспедициядан шаршап-шалдығып, шоліркеп оралған Қазтайдың суретін құрбылас жігіттері институтымыздың “Лингвист” деп аталатын қабырға газетіне салыпты да, қолына күнге тосып қақтап тұрған балық ұстатыпты, астына Қазтайдың өзі жақсы көретін ғалым ағасы, өлеңге қаламы ұшқыр Есет Жұбановтың:

“Аралдың көрдім саязын,
Қақтап жедім қаязын”, —

деген екі жол өлеңін жазыпты. Мұндағы *қаяз* деп отырғаны — Аралда болатын семіз балықтың бір түрі, орысшасы — “усач”. Дос көңілден әзіл үшін айтылған осы бір тапқыр жолдарды замандас құрбылары кездескен жерде Қазтайға қалжыңдап айтып жүретін. Байқағаным — экспедицияда болып, өзінің еңбектеніп, біраз тер төгіп қайтқанын жолдастарының осылай қалжыңға айналдырып отырғаны Қазтайдың өзіне де ұнайтын.

Жыл сайын жаз шықса болды, экспедицияға шығып, ел аралап сабылатын еңбегі далаға кеткен жоқ. Қазтай 1974 жылы халық тіліндегі балыққа байланысты лексикадан кандидаттық диссертация қорғап, ана тілі жөніндегі ғылымға тың бір монографиялық зерттеумен үлес қосты.

Өзі жиған бай материалға сүйеніп, соншалық тәп-тәуір еңбекті ана тілінде жазып шығарса да, автореферат жазуға келгенде қиналып жүргенін қорғап алдында маған айтқаны бар. Бұл әуелде қазақша оқыған, қазақ мектебінен келген сол кездегі диссертанттардың біразының басында бар жай еді. Зерттеуінді, кітабынды ана тілінде майын тамызып-ақ жазсаң да Мәскеу, ондағы ВАК деген мекеме авторефератты орыс тілінде талап ететін. Басындағы білімің, көкірегің қанша жерден сайрап тұрғанымен, ауылда орысы жоқ жерде өскен адам үшін ғылыми еңбекті орыс тілінде жазу біраз машықты қажет ететіні түсінікті. Ал енді орысша жаза алсаң да жаз, жаза алмасаң да жаз деген сияқты талапты қоюдың өзі — бір жағы қиянат та болатын. “Қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көрерсің” деп, кейін авторефератты былай қойып, диссертацияның өзін де орысша жазуды міндеттеп, қазақша жазылған диссертацияны

ВАК-тың есігінен де сығалай алмайтындай етіп заңдастырып қойған заманды да көрдік. Шынын айту керек, мұндай тәртіптің қолынан жұмыс келетін біраз білімдар зерттеушілердің ғылыми атақ, дәреже алуы үшін аяғына тұсау болғаны да бекер емес.

Сонымен не керек, сіз авторефератыма шылбыр ұшын беріп жіберіңіз деп Қазтай өзі тіктеп айта қоймаса да, жоғарыда еске салып өткен әңгімеден кейін, мен өз тарапымнан тілек білдіріп, Қазтайдың авторефератын орысшаға аударып, қол ұшын бергенімді ол мені көрген сайын аузына бір алмаса көңілі көншімейтіндей көрінетін. Марқұмның кісіге деген, досқа деген ерекше ілтипаты бар жан еді.

Қазтайды мен іні тұтатынмын, ол да мені аға тұтып сыйлайтын. Марқұмның өмір бойы тек “Сапеке! Сапеке!” деп, қашан көрсең де құрақ ұшып тұратын мінезінен танған жерін көрген емен.

Менің бір білетінім – Қазтайдың досы көп болатын. Әмөнда жарқылдап жүретін, жайдары мінезді Қазтайды елдің бәрі жақсы көретін. Қайтыс болғанда, оны шығарып салуға бейіт басына жер қайысқан қолдай боп барған елді көргенде, оның өзім деген адамға қадірінің қандай екеніне елдің көзі әбден жеткендей болды. Азаматқа азаматша қызмет етуге достарының да пейіл екені сезіліп-ақ тұрды.

Кісіні көрген жерден іш тартып, онымен шүйіркелесіп әңгімелесуге бейім тұратын, екінің бірінің қолынан келе бермейтін бір тәуір мінезі болушы еді марқұмның.

1961 жылдың жазында институтымызға белгілі түрколог Игорь Алексеевич Батманов деген кісі келіп, ежелгі түркі жазбалары туралы бірнеше лекциялар оқыды. Бұл кісі Бішкекте (ол кезде Фрунзе дейтін) тұратын, Қырғызстан Ғылым академиясының толық мүшесі еді.

Бір күні сол кісінің бір лекциясынан шығып келе жатқанымызда, табан астынан Қазтайдың: “Игорь Алексеевич әйелімен келген екен, “қолыңыз бос болса, ертең кешке жеңгей екеуіңіз қадірлі қонағым болыңыз” деп үйге шақырдым, ол кісі қарсы болған жоқ, сол кісімен бірге болыңыздар”, – деп Әбдуәли, Шора, Сейітбек – бәрімізді үйіне шақырмасы бар ма.

“Қазтай-ау, мұның қалай, үйінде келіншегің жоқ, осыншама адам шақырып қонақтарыңды кім күтеді”, – деп, әлі үйленбеген жап-жас жігіттің мына ерлігіне бәріміз таңырқап, іркіліп қалғанымызда: “Еш қам жеменіздер, осында оқуда жүрген қарындастарым бар, солардың қолынан бәрі келеді. Тек жеңгейлермен бірге келесіздер, ол кісілерді үйге тастап кетіп жүрменіздер”, – деп нығарлай айтып, қайта-қайта тапсырғаны бар. Еткен ісі де, сөйлеген сөзі де ақжарқын мінезіне жарасып тұратын.

Сол айтқан күні кеште Қазтайдың үйінде сыйлы қонақ, үлкен ғалым Батмановпен бірге болдық, институтымыздың директоры Исмет Кеңесбаев сырқаттанып жүрді ме, әйтеуір, ол күні бола алған жоқ.

Қазтайдың ол кезде қаланың орталығында екі болмелі жақсы үйі болатын. Дастарқан жайылып, шай да келді, ет те келді. Қазтай елдің бәрінің асты-үстіне түсіп, жапырылып қызмет етіп қиалап таптырар емес. Тіпті құрметі, елді күтуі әйелі бар үйдің құрметінен асып түспесе, еш кем болмады. Батманов та бір тамаша адам екен, баласындай біздермен шөлмек соғыстырып, өткен-кеткеннен әңгіме қозғап, көңілденіп тарастық.

Арақ-шарапты келген қонағына бергені болмаса, үй иесі — Қазтайдың өзі ішпейді екен. Тіптен біздің институттан кетер-кеткенше оның ішімдіктен татып алған жерін өз басым корген емеспін.

Сол кеште Батманов ақсақал көп әңгіме айтты. Әсіресе бұл кісінің ірі лингвист, профессор Поливанов туралы әңгімесін біздер аса қызығып, ықыласпен тындадық. Бұл кісінің сондағы “бедная тюркология в заgone” деп көкірегі қарс айырыла айтқан сөзі әлі есімде. Бұл сөзді түрколог ғалымның аузымен айтылған сол кезеңдегі тюркологияның басындағы жай деп түсінер болсақ, бұл ғылымның қазіргі жай-күйі қалай деген сауалдың жауабы не болмақ?..

Жас та болса бас болған Қазтайдың басына осы бір кісімен біздердің басымызды бір қосып жіберсем деген ой келіп, сондай бір адаммен дәмдес-түздас болып, бір дастарқаннан дәм татқанымды қазір ризашылықпен еске аламын.

Алматыда жаз ортасы ауа берді-ау деген тұста жыл сайын жалпақ жұртты аяғынан тоздырып сабылтатын оқуға бала түсіру деген бір кезең болады. Тамыр-таныс, ағайын-туғанның ойдағысы ойдан, қырдағысы қырдан баласын Алматыға жетектеп келіп, бұл жұмыс қолынан келетін адамға да, келмейтін адамға да өтініш айтып, кісі салып дегендейін, өз басын өзі кішірейтіп пендешілік күн кешетін қолайсыз бір кезең осы болушы еді. Осындай бір атқаруы керек болар жұмыстардың менің өз басыма да түскен кездері бар.

Бірге туған қарындасымның баласы мектеп бітіріп, соны оқуға түсіру керек болды. Өзім жоғары оқу орнында істемеймін. Жоғары мектептерде істеп жүрген жігіттердің ішінен сол таныс-ау деп ат басын тіреп бара қоярының реті жоқ сияқты. Бізде он шақты жыл істегеннен кейін Қазтай шетел тілдері институтына ауысып кеткен еді, кейін соңғы жұмыс орны — бұрынғыша айтқанда, ҚазПИ-де істеп жүрген. Өзге қызметке ауысып, ауыл арасы алыстағаннан кейінгі жылдарда бір-бірімізге баяғыдай емес, қатынасымыз да кем. Не шара қыларға білмей, ең болмаса, Қазтайға “өзіңе ақыл сала келдім, жиенімнің оқуға түсуіне қандай ақыл бересің” деп далбасалап көрсем қайтеді деген ой келді басыма.

Мен сияқты әркімнің өтінішінен мезі болған адам “ондай шаруаға мені жұмсамаңыз” деп, бетімді қайтарып тастаса қайтем деп, көңілім қобалжыңқырап тұрса да, Қазтайға бардым. Өзім оны әуелден-ақ ерлігі бар азамат-ау деп ойлаушы едім, сол үмітім ақталғандай болды.

“Сапеке, көп келе қоймайтын едіңіз, бір шаруамен жүрген боларсыз”, — деп өзінің баяғы жадыраңқы даусымен қарсы алып, аман-саулықты тәгтіштей сұрасты да, екі ауыз сөзге келместен баланың аты-жөнін, группасын маған бір жапырақ қағазға жаздырып алып, калтасына салып жатып: “Сапеке, менің қолымда аса ірі билік жоқ екенін сіз білесіз. Шамамнан келер іс болса, сіз үшін аянып қалмасымды және білесіз. Балаңыз түбінде оқуынан ұят келтірмейтіндей бала болсын. Не айтамын, өзіңіз келіп қалған екенсіз, тырысып көремін де”, — деп бар шынын ашып, меселімді қайтармағанына шексіз разы болдым. Баланың бақытына қарай, Қазтай сол жылы институтқа түсушілерден қазақ тілінен емтихан қабылдайтын комиссияның төрағасы екен.

Бала оқуға түсті. Әрине, ол бала сол жылы конкурстан өте алмай, оқуға кіре алмай қалса да мен Қазтайға окпелемес едім. Оның бағзы бір інілік ізетінен айнымай, ағынан жарыла айтқан сөзіне ішпей-жемей-ақ көңілім тойған еді. Оның үстіне барлық пәннен емтихан тапсырудың билігі, өзі айтқандай, оның қолында тұрған жоқ қой. Азаматтық деген осы болады. Осы бір баяндалып өткен жай Қазтайдың адамгершілігі қандай жан екенінен хабардар етсе керек деп ойлаймын.

Ауа райы құбылса, қоса құбылып тұратын барометр деген аспап болады ғой. Бірдеменің шет пұшпағынан ұстауға қолы жетсе болды, сол аспапша ертеңіне-ақ құбылып шыға келетін адамдар болады. “Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас” деп, дүние сондай адамдарға толы болмаса да, мүлдем құралақан да емес. Досқа, жолдасқа деген бағзы бір қалпынан айнымас, ықыласы ортаймас жігіттің бірі Қазтай деп білемін.

Қазтайдың әкесі де қазақшылығы мол, етек-жеңі кең, қолы ашық дарқан адам болу керек. Ол кісіні мен өзім, әрине, көрген жоқпын. Компартияның жиналыс-жиын дегенге құмарлығы болушы еді ғой. 1951 жылдың күзінде съезд бе, әлде пленум ба, Алматыда үлкен бір мәслихат болып, соған Қостанай облысы, Торғай ауданының (қазіргі Жангелдин ауданы) бірінші хатшысы Шәпкенов деген кісі келіп, Алматының жоғары оқу орындарында өз ауданынан келіп оқып жатқан студенттермен ҚазПИ-де кездесу өткізгені бар. Сол кездесуде Ақтөбенің Ырғыз ауданының өкілі, сондағы бір совхоздың директоры боп істейтін Қазтайдың әкесі де болыпты. Ол кісі кездесуге қатысқан Ырғыздың балаларына сый есебінде тізіммен ақша үлестірсе керек. Сендерге де тәбәрік болсын деп тізімге Торғайдың балаларынан да бірлі-жарым бала енгіздіріпті. Соның бірі мектепте бірге оқыған торғайлық досым Ғазиз Әмірханов болатын. Қазтайдың әкесі жайындағы бар білген осы мәліметімді жігіттер бас қосқан жерде айтып отыратынмын, мұным Қазтайға ұнайтын.

Әйелім Руда екеуіміз Қазтайдың қалыңдығы Райханның бетін ашқан, екеуінің некелесіп отау тіккен тойында бірге болғанбыз. Бұлар өзі үйелмелі-сүйелмелі бала өсірген тәрбиелі, жақсы отбасы

болды. Қазір Қазтайдың орнын жоқтатпай, балаларының ақылғөй анасы әрі әкесі болып отырған Райхан да — бір абзал жан.

Игі тілегімізді айтып, Қазтайдың алпысқа толған мерейтойына алып-ұшып барғанымыз күні кеше ғана сияқты. Амал нешік, сұм ажал ортамызда жайрандап жүрген ат басындай азаматты, Қазтайдай сыйлас, қадірлес адамымызды алып кетті. Табиғаттың бұлтартпас қатаң заңы солай, оған көнбеске, мойынсұнбасқа лажымыз жоқ.

Бақыл бол, аяулы Қабиболла*

Жазда малының оты мен суының қамы деп Жем, Сағыз, Ойыл бойлап көтеріліп, күзде қыс жұмсақ, шуағы мол оңтүстікті бетке ұстап, қос теңіздің аралығындағы ұлан-байтақ сахарада талай заман талмастан үдере көшкен адай елінің дүркін-дүркін ат басын тіреп, байыздар бір қонысы Маңғыстаудың Қараойы болған ғой. Ықылым бір дәуірлерде Қазар теңізі, Абескун теңізі деп аталған көрі Каспийдің шығысында көсіліп жатқан кең жазира ежелгі қоныс — Маңғыстаудың тек үсті ғана емес, асты да толы ырыс екен. Осыншалық жердің асты-үстінің байлығын бір өзіне үйіп-төгіп бере салғанда, Құдай тағалам Маңғыстауды байлықтың енді бір зор парасы рухани тыныс-тіршілік байлығынан да құралақан тастамапты.

“Киелі Маңғыстаудай жерлерім бар,

Ашпай кәләм оқыған дүрлерім бар”, —

деп Қашаған сынды өлкенің дүлдүл ақыны бекерден-бекер айта салмаса керек-ті.

Бұл ел — қазаққа аты мәшһүр әулие Бекет атадан бастап зор парасат пен ақылман хакімдер, не тілмар шешендер мен Аралбай, Абыл, Нұрым, Ақтандай не сұңғыла жүйрік ақындарды, “Қырымның қырық батыры” аталған жыр циклін қырғыздың манасшыларынан күндеп емес-ау, айлап жырлайтын Мұрын жырау сынды феномендерді дүниеге әкелген ел. Біздің Қабиболла Сыдықов болса сол бір дарындардың заңды жалғасы әрі солардың ізін басқан жоқтаушысы есепті, өлкенің асыл да абзал перзенті.

Атадан балаға мирас боп, ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан ауыз әдебиетінің үлгілері бұл елде қисапсыз мол. Мұның хатқа түсіп үлгергенінен үлгермегені көп екенін Қабекең — саналы түрде сезініп, оны ел аузынан суыртпақтап жинап теріп, халықтың рухани игілігіне, ғылым игілігіне айналдыруды өзіне мақсат, мұрат тұтқан адам. Бұл істі атқармақты ол өзінің елі алдындағы, туып-өскен жері алдындағы азаматтық, перзенттік борышы тұтқан адам. Қабиболланы біз осылай түсінеміз.

* Мақала “Қабиболла Сыдықов. Еске алу” кітабында (Алматы, 2002) жарияланған.

Өмірінің ең бір жемісті деген жылдарында аурулы-сырқаулы болып, қанатын еркін жаза алмай жүрген кездері оған мойымай, жыл сайын экспедицияға шығып, ел аралап, Маңғыстаумен тамырлас жатқан адай ұрпағының оркен жайған бір қонысы Түрікпенстан жерінің ең шалғай түкпірлеріне дейін барып, қыруар әдеби дерек, сирек кездесер нұсқалар жинап, табысты оралып жүрген кездері біздің есімізде.

Ғылым академиясының бір кездегі Тіл және әдебиет институты аталған ғылыми мекеменің аспирантурасында оқып жүріп, Маңғыстау өңірінен қазақтың халық тілі деректерін жинай барған 1957 жылы алғашқы сапарымда менің өзімнің де осы өлкені мекендейтін қазақтардың, қазақ болғанда, адай қазақтарының тілінің лексикалық, фразеологиялық байлығын, сөз саптау машығының әсемдігін көріп-біліп таң-тамаша қалып, бір дегеннен-ақ тәнті болған жәйім бар. Ол кезде Маңғыстау қаймағы бұзылмаған нағыз қалың қазақтың қайнаған ортасы болушы еді. Жер шолып, тұс-тұсқа бұрғы салып жүрген бірен-саран жазғы келімсек геологтардан тыс жергілікті тұрғын халықтың арасында орыс атаулы ол кезде мүлдем жоқ десек те болатын. Елдің әдет-ғұрпының да, тілінің де, әдебиетінің де, әртүрлі өнер, музыка жағының да мол сақталатын, әрі қадірінше таза сақталатын өлкесі — асылында, осындай өлкелер ғой.

Қабиболланы маған алғаш таныстырған бізбен бірге бір институтта (Тіл білімі институтында) істеген, бұл күнде көзі жоқ дос-жар ініміз Қазтай Айтазин еді. Ол кезде Қабиболла Гурьев (қазіргі Атырау) пединститутында оқытушы болып істейді екен. Міне, сол сәттен бастап Қабиболламен сәлеміміз түзу, етене жақын адам болып кеттік. Қабиболланың мені іні тартып үйірсектене түсуіне, сірә, жоғарыда айтып отырған менің Маңғыстау өңірі қазақтарының тіліне деген ілтипатым, соны зерттеуге деген құштарлығым бір жағынан қамшы болған да болар. Әйтеуір, мені аға тұтып сыйлайтын. Мен де Қабиболланы көргенде, онымен әңгіме-дүкен құрып шүйіркелескім келіп тұратын. Екеуміздің де әңгімеміздің ортақ тақырыбы — Маңғыстау жөнінде, оның асқан сөз зергерлері, ауыз әдебиетінің көл-көсір байлығы жөнінде болатын.

Қабиболламен кездестім дегенше, сөзімнің бісмілләсін өзімнің есімде жатталып қалған Аралбай ақынның, Қашағанның бір өлеңін тақпақтап айтудан бастайтынмын. Маңғыстауда 1910 ит жылы болған сұрапыл жұттың ел шаруасына тигізген кесапатын баян еткен Аралбай ақынның жырындағы жұтқа ұрынбай тұрғандағы ел тұрмысын аңсай айтқан мына бір өлең жолдарын бір қайталап айтып тастағым келіп тұратын:

“Маңғышлақтың үш түбек
Шандатып едік арасын,
Сыйдыра алмай қорасын.
Топтап айдап барғанда,

Базарына толтырдық
 Қарақамыс, Орынбор,
 Тұзтобе, Кокжар қаласын”.

Жұтаған елдің өткендегі байлығын, Маңғыстаудың бір шеті туу Орынбордың жәрмеңкесіне дейін дүркіретіп мыңғырған мал айдаған ел болғанын баяндайтын осы бір тарихынан елес беретін жолдарды қайталай айтқаным Қабиболлаға да ұнайтын.

Аралбай, шынында да, әдеби зор тұлға ғой. Бірақ мұраларын жинау кенжерек қолға алынып, көп дүниелігін түгендей ала алмай жүрмін деп бірде қынжылыс білдіргені бар еді Қабекеннің.

“Ашу — борі, ақыл — қой —
 Аралас бағып тұра алман.
 Көз — төреші, көңіл — хақ —
 Әміріне екі қыла алман”, —

деп келетін бір шумақ олеңнің өзінен-ақ аяқ тастасы қандайлық ақын екені көрініп-ақ тұрған жоқ па дейтін Қабиболла.

Қабиболланың бұл секілді шын мағынасындағы фольклорист ғалымның жинап-тергені, ыждағатты да қажыр еңбегі, зерделі зерттеулері болмағанда, жоғарыдағылар тәрізді Маңғыстау елі жыр маржанының өрен үлгілерінің елеусіз, ескерусіз көзден таса қалып қоймағы да, бәлкі, ғажап емес еді ғой.

Қабиболла — әдебиетке деген, ғылымға деген, туған жұртына деген перзенттік парызын кәміл өтеп кеткен адам. Жазып қалдырған еңбектері, жинап-тергендері, кітаптары — оның өзіне өз қолымен тұрғызыған ескерткіші. Бақыл бол аяулы жан, Қабиболла!

Қаламдас досқа қалас көңіл!*

Ғылым корифейі Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталатын, қазақ тіл білімінің қара шаңырағы Тіл білімі институтының есігін сонау бір 50–60-жылдардың әлетінде ашқан, ол кезде өндірдей жас, бұл күнде саргідір тартып, жігіт ағасының парасат тұғырына мығым қонған аға буын лингвист қауым бар. Ұлттық тіліміз жөніндегі ілім-білімнің өркені өсіп, көсегесі көгеру үшін осы қауым сіңірген еңбек аса қомақты да, қисапсыз мол. Филология ғылымының докторы, профессор Бабаһ Әбілқасымұлының есімін біз әр кез сол бір қауымның қолы жеткен еңселі биігінен елестетеміз.

Жас болса да бас болып, жоғары оқуды бітірген бойда ауылдағы орта мектепті басқарып, күні кешегі лауазымды мекеме — обкомдағы

* Мақала проф. Б.Әбілқасымұлының 70 жылдығына орай ұйымдастырылған “Қазақ тілі мен диалектологиясы” атты ғылыми-теориялық конференция жинағында (Алматы, 2001) жарияланған.

жауапты-жауапты деген қызметке көтеріліп, институт проректоры болып дегендейін, ел ішінде едәуір бедел, сый-құрметке ие болып қалса да, Бөкең соның бәрін жиып қойып, ана тілін зерделеп, ғылымның осы бір саласында қаракет етсем деген асыл арманның жетелеуімен 1960 жылы ат басын Тіл білімі институтының аспирантурасына әкеп тіреген еді. Аспирантура табалдырығын аттаған алғашқы сәттен-ақ ол жоғары мектепте біраз жұмыс атқарып, оң-солын біліп ысылған, лингвистикалық дайындығы мол, білімдар маман ретінде танылды. Бойына туа біткен тілге деген ықлас-ықдағатынан ба, әлде Қырғызстан Ғылым академиясының академигі И.А.Батманов секілді ірі түрколог ұстаз алдын көріп, содан алған үлгі-өнегесінен бе, ол жазба әдеби тіліміздің ХІХ ғасырдағы қомақты деген мұраларының бірі – “Түркістан уалаяты газетінің” тілін зерттеп, қаламының қарымдылығын салған бойдан-ақ байқатты, публицистика стилінің дүниеге келіп, қалыптасуы хақында ұшан-теңіз мағлұмат жинақтаған іргелі зерттеулер, монографиялық еңбектер берді. Ғылымға шүу деп құлаш ұрған алғашқы қадамын “Түркістан уалаятының” (1870–1882 жж.) тілін зерттеуден бастау – оны әдеби тіліміздің публицистика жанрының тарих көгінде кешкен жолы жөніндегі әңгімені ХІХ ғасырдан қозғап, түптен тартуға жөн сілтеп, жол нұсқады.

Бұл – Орта Азияның оңтүстігіндегі әскери-әкімшіл бұғаудың тірегі – Түркістан генерал-губернаторствосының ресми органы “Туркестанские ведомости” газетінің қазақша аудармасы түрінде жарыққа келген газет болатын. Аударма десек те сол кездегі Ресей қоластындағы түркі жұрты тілінде туған газеттердің ең тұңғышы осы газет еді. Кейбір деректерде алғашқы деп қате танылып жүрген қырым татарларының ірі ағартушысы Измаил Гаспринский 1883–1915 жылдар аралығында бастырып шығарған “Тәржіманнан” гөрі “Түркістан уалаяты” бұрынырақ. Ол 1870–1882 жылдары жарық көрген-ді.

Газет қазақ сахарасындағы патша әкімшілігінің тізгіні, соның сойылын соғар құралы ретінде дүниеге келгенімен, халқымыздың өміріне белсене араласқан, ел-жұрттың мәдени, қоғамдық-әлеуметтік ой-өрісін дамытуға ықпал еткен газет болды.

ХІХ ғасырдан да өрегірек бойлап барып Бөкеңнің қыпшақ тілді жазба нұсқаларды зерделегені турасындағы әңгіме де өз алдына бір сала.

Ежелгі Сыр өңірі мен Әмудария топырағы дүниеге әкелген не ғұлама парасат иесі хакімдер болған. Солардың бірі – ХVІІ ғасырда өмір сүрген, барша Шығысқа аты мәлім Хиуа ханы Әбілғазы баһадүрдің қаламынан туған тілімізге жақындығы тонның ішкі бауындай бақандай екі тарихи кітаптың бірі – “Түркі шежіресінің”

ана тілінде жарық көруі үшін мәдени жұртшылық осы кісіге, профессор Бабаш Әбілқасымұлына қарыздар. Бұл – мадақ үшін айтылған әсіре сөз емес, қалтқысыз шындық.

“Шежіре” дегенде бұған дейін атүсті айтылып келгеніндей бұл кітап дүниеден ертелі-кеш өткен Шыңғыс ұрпақтарының жай тізімі ғана емес, Тұран атырабында не ықылым замандардан бері өмір кешкен сан қилы түрік жұрттарының сан сырлы оқиғаға толы шытырман тарихының шығыс үлгісінде жазылған ғажайып бір көрінісі, өз заманының жазба мұраларының көбінен шоқтығы биік тұрған шығарма. Бөкеңнің зерттеуі бұған біздің көзімізді кәміл жеткізеді.

Географиялық жағынан Хиуа жерінде туған шығарма болғандықтан, көбіне-көп өзбек ағайындар бауыр басыңқырап жүр. Ал шынтуайтқа келсек, тілі турасынан қазіргі өзбек әдеби тілінен гөрі бұл кітаптың қыпшақ тілдеріне анағұрлым жақын екенін айтуымыз керек. Ал белді бір қыпшақ тілдерінің бірі біздің тіліміз екені аян.

Әбілғазы болса қазақ топырағына тым жақын адам. Шыңғысханның Жошыдан тарайтын бұтағынан. Қазақ даласының Жошы қоластындағы ел болғаны мәлім, Жошының бейіті де қазақ жерінің кіндігі Ұлытауда тұр. Әбілғазы Хиуа хандығымен жауласып жүріп, Хиуаның тағына казактар мен қарақалпақ жұртының қолдауымен 1645 жылы отырған. “Түрік шежіресінің” қыпшақ текті тілде жазылуының сыры да осындай жайлармен өзектес екені сөзсіз.

Жуырда Астана шаһарындағы “Елорда” баспасынан басылып шыққан “XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі” деп аталатын зор тынысты еңбекті жазудағы таразының салмақты басының үлесі де – Бөкеңдікі.

Жиырмасыншы ғасыр деп аталатын кейінгі жүз жыл, түптеп келгенде, әдеби тіліміздің жаңа бел-белестерге көтеріліп, стильдік, жанрлық, нормалық, көркемдік жүйесінің марқайып, оның адамзат өркениетінің биігіне көтерілуіне шындап қол артқан дәуір болғаны кітапта зор ғылыми байыппен дәйектелген.

Әдеби тілмен қатар, Бөкең – ана тіліміздің өзге тарауларында да қалам тебіреніп келе жатқан ғалым. Жақында жарыққа шыққан іргелі лексикографиялық еңбек “Қазақша-орысша сөздік” үшін ол кісі қосқан мол үлес – осыған айғақ.

“Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға” деп, Бабаш Әбілқасымұлы – терең зерттемпаздығының үстіне қазақ филологиясының бірқатар легіне тағылым беріп, талайының томағасын тартып түлетіп ұшырған тәлімгер адам.

Бұл кісінің мерейтойы үстінде ғалымға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының дос-жаран қауым тарапынан айтылар тілек мол. Сәт сапар дос ниет, Бәке!

С.ОМАРБЕКҰЛЫ ТУРАЛЫ ӘРІПТЕСТЕР ЛЕБІЗІ

Әбжан (Әбді-Әлі) ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Халық тілі қайнарынан қалып ішкен*

Республикамыздың ғылыми ордасы – Академия табалдырығын 1956 жылы аспирант болып аттаған жас жігіт қазірге дейін бір жүз жетпістен астам зерттеу еңбектерін жариялап үлгеріпті. Олардың ішінде алуан түрлі ғылыми-монографиялық ізденістері мен игілікті істерінің құнары мен нәрі жазылған ұтымды да ойлы нәтижелері ғылыми талдау түрінде өрнектелген орелі жұмыстары бар. Академия шаңырағы астында атақты Қ.Сәтбаевтың орынбасары (вице-президенті) болған академик Нығмет Сауранбаевтың жетекшілік етуімен аспирантурада тағылымын тану барысында ол нағыз ғылыми жұмыстың ішкі тылсым сырлары мен құпия жатқан астарын айқын ұғып, айшығын ашып алуға көп күш салды. Көрнекті ғұламалар Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ахмеди Ысқақов, т. т. тәрбиесін көріп, тәлімін алды, жұмыс істеу, ой өрнектеу, өз бетімен іздене білу стилін үйренді. Бойына біткен талант та, ғылымға деген құштарлық та, творчестволық ой-қуатқа арналған құмарлық та, атақты мамандардың ақ-жарқын аяулы көмегі де Сапарғалидың ізденгіштік, игергіштік, іс білгіштік қабілетін құрыштай сомдап, қырандай қанат қақтырды.

Қазақ тіл білімін зерттеушілер бірнеше салаға бөліп қарастырады. Жалпы айтқанда, ол салалар әдеттегі норматив грамматикаға келіп саяды. Шынын айтқанда, осы күнге біздің бірсыпыра мамандарымыздың ғылыми еңбектері (сөздің иіні келген соң айта кетейік) осы норматив грамматиканың маңайын шарлап, қайта-қайта із салып жүр, одан әрі аса алмай, айналақтап шиырлап, әрі-беріден соң оралып, осы ауылға (норматив грамматикаға) ат ізін сала береді. Әрине, бұл грамматиканың өзіне тартар әулиелігі мен өзіндік күш пен қуаты бар. Ол – халық тілінің ең олшеулі нормасы, тезге түсіп, екшелген нақты да айқын ережелердің жиынтығы. Олар қалың көпшілік қауымға арналған. Ғылыми ізденістер болса, ғылыми жұртшылыққа бағышталып жазылады да, онда бұрын айтылмай, көбіне көзге ілінбей қалып, қалтарысты паналап келе жатқан тілдік материалдар мен құпия құбылыстар, жаңа жәйттер жайында не болмаса соны материалдар,

* Мақала “Қазақ елі” газетінде (12.09.1997) жарияланған.

тың ойлар мен жаңа бағыт, жаңа сала, жаңа өндіріс ауқымдары туралы сөз болуға тиісті. Қалай болған күнде де, әрбір ғылыми жұмыстың өзіндік көзге ұрып тұратын азды-копті жаңалығы бар болса — игі. Біз оны, сөздің барысында, С.Омарбекұлының еңбектерінен көре алатынымызды айтамыз.

Әдеби тіл және оның өлшемдері жетілген елдің, өркениетті мәдениеттің, орелі жұрттың, зиялы қауымның рухани әмір талап-тілектері бойынша қоғамға қызмет етеді. Олар халық тілінің негізінде пайда болады, соның арқасында өсіп-өнеді, өркендейді, дамиды, өзгереді, жетіседі, жетіле береді.

“Халықтың ауызекі тілі, халық диалектілері мен говорлары — әдеби тілімізді байытудың оның сөз орамын, сөз саптау машықтығын нәрлендірудің қайнар көзі, құнарлы арнасы делік. Бірақ әдеби тіліміз халық тілінде бардың бәріне талғаусыз қарай алмайды. Онда барды қажетіне қарай талғап, елеп-екшеп барып, өз көдесіне жаратады. Халықтың ауызекі тілі мен әдеби тіл арасында осындай байланыстың болуы себепті диалектілік ерекшеліктердің жай-жапсарынан хабардар болу әрбір мәдениетті адам үшін аса қажет” (С.Омарбеков, Н.Жүнісов. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі, 1985, 23-б.). Бұл — әрине, орынды пікір, орнықты қағида.

Ұлан-байтақ еліміздің шартарап өлкелерінде тұратын жергілікті жұртшылықтың тілінде ерекшеліктер болмай тұрмайды. Олар, дыбыстық — фонемалық, яғни фонетикалық (мысалы, шал-чал, мысық-мышық, алам-аламын, ояқ-о жақ т. т.) тұлғалық, яғни морфологиялық (мысалы, келеді — кележақ, барайық — баралы, т. б.). лексемалық, яғни лексикалық (мысалы, үй-там-мола, бәдірен-әгүршік, демек, огурец-қияр) және сөз тіркестері, яғни синтаксистік сөз орамы (мысалы, бұрыштан жіберіп жүр-білдірмей бір іс істеп жүр) болып келе береді.

Сапарғали Омарбекұлы — ең әуелі, бәрінен бұрын, диалектолог, яғни қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді зерттеуші ғалым, соның зерттеушісі. Бұл жерде “әпер бақан, шолақ ойдың” әсерінен болған жайды да айта кетейік. Бір кездері тіліміздегі жергілікті ерекшеліктерді “әдеби тілдің нормасына жатпайды” деп, әдебиеттің өрісіне, өркендей түсу барысына, оның мұнтаздай таза, әдемі сұлу келіскен өріміне нұқсан келтіреді деп, оларды құстаналап, қудалаушылар да болмай қалған жоқ. Мәселенің ғылыми-әлеуметтік, саяси-қоғамдық ардақты да асыл міндеттерін жете түсіне алмай, бірлі-жарым диалектизмдері иін тауып, орнына келтіріп, сынадай сіңіртіп, сынаптай жүздіріп жазып жүрген авторларға дүрсе қоя беру әдеттері де көзге түсіп жүрген уақыттар болды. Сапарғали Омарбекұлы бұл саладағы профессионализмнің туын берік ұстап, одан әрі де беркіте білді. Ғылыми қауым, көпшілікке оны танытып қана қойған жоқ, секем

алып, сенімсіз қарайтын бозокпе пессимистерді де осы бір ғылыми саласын мойындай түсуге мәжбүр етті.

Диалектолог ретінде С.Омарбекұлының сіңірген еңбегі аз емес. Ел аралап, жұрт кезіп, маң жатқан Маңғыстау даласының кең өлкесі мен сан тарау өңірін инедей жер қалдырмай адақтап шықты. Атыраудың алқабын, айнала жатқан аймағын мекендеген ру мен ұлыс, тайпалар мен тағы да басқа көшпенділердің, жалпы айтқанда, жергілікті қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінің үлгілері мен ерекшеліктерін тырнақтап теріп, сарыла жинап, сарғая жүріп, талай жылғы тартымды еңбегін сарп етті. Маңғыстау өлкесінде тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді тілге тиек етіп, өз алдына қомақты кітап қылып, кандидаттық диссертация жазып, қорғады. Баяғыда бабамыз Жетісудың перзенті Махмуд Қашқари ХІ ғасырда Ұрым елінен (Константинопольден) Шын патшалығына (Ұлы Қытай қорғанына) дейін иін тіресіп отырған түркі халықтарын жаяу аралап, солардың тілін зерттеген екен. Жиған-терген материалдарын сұрыптап, осы күнгі дүниежүзінің түркітану ғылымында теңдесі жоқ үш томдық “Диуану луғат-ит-түрк” (“Түркі тілдерінің сөздігі”) деген кітабын Бағдад қаласында отырып, классикалық араб тілінде жазып шыққан екен. “Ата көрген оқ жонар” халықтыз ғой, Омарбекұлы Сапарғали неше жыл ұзақ сапар шегіп, көп жүрістің, ерен еңбектің арқасында, тапқан-таянған тіл фактілерін талдап, өз алдына монографиялық ғылыми еңбектер етіп, үзбей жазып, үздіксіз жариялап келеді. “Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер” (1965 ж.), “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі” (Н.Жүнісовпен бірігіп жазған, 1985 ж.), “География фонетических различий казахской речи” (1992) секілді бірсыпыра туындыларында автор қазақ тілі диалектілік жүйесінің ең сүбелі деген тараулары жайында кең де жана мәліметтер береді, соны пікірлер айтады, тың тұжырымдар жасайды.

Қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесі – ғалымның ең сүйіп, құныға кіріскен, мейлінше бой сала зерттеген саласы деуге болады. Зерттеуші ұстанған негізгі концепция – халық тілінің құбылыстарын компаративистика тұрғысынан қазіргі түркі тілдері мен ежелгі, ескі түркі жазба нұсқаларының деректерімен салыстыра, салғастыра отырып зерттеу, сөйтіп қазақтың халық тілінің дыбыс жүйесінің өткен өміріндегі қайсыбір беймәлім дәуірлері турасындағы мағлұматтарымызды молайтуға, тіліміздің тарихы хақындығы түсінігімізді кеңейте түсуге қолғабыс жасап, осы жайттардың түбегейлі тексеріле беруіне еселі үлес қосып үлгерді. Мысалы, Омарбекұлы Сапарғалидың “Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар” (1978 ж.) деген жұмысы осы тақілеттес пайымдауларға меңзейді. Автордың осы аталып отырған кесек-кесек монографиялық туындылары олардың иесі көздеген мақсаттардың

үддесінен шыққан еңбектер болды дегенді біз қазір зор сеніммен айта аламыз және де олар қазақ диалектологиясының көрнекті табыстарының қатарына жатады деп есептейміз.

Жалпы алғанда, “диалектология” дегеніміз тарихи категория. Оның зерттеу объектісі, түптеп келгенде, ертерек бір кездері өтіп кеткен дәуірлерде қолданылған әрқилы тілдік құбылыстардың, элементтердің әліге дейін ілесіп, қайсыбір жерде тұратын рутайпалардың тілінде сақталып қалған қалдықтары (реликттері), яғни тарихи көне құбылыстар. Біз оларды көбіне, көрші отырған жұрттар тілдерінің әсерінен пайда болған деп, экстралингвистикалық факторлармен байланыстырып келдік. Түбі бір түркі тілдерінің өзара ауыс-түйіс қатынастары бола береді, мәселе онда емес, бірақ олардың бәрінің (өз тіліміздегілері мен өзге тілдегілерінің) бас қосар арнасы мен тірелер тегі бір жерде – көне түркі тілінің өзіндік табиғи жаратылысында жатыр. Қазіргі біздің тілімізде жұмсалып жүрген жергілікті ерекшеліктердің басым көпшілігі – көне түркі тілінің ішкі даму заңдылығы бойына дамыған, өрбіген, өскен, өркендеген, сан салаға бөлініп, талай тарам жолға түскен, өзгере келіп, өзге бір тілдің игілігіне айналып кеткен атамұра тіліміздің (көне тіліміздің, ата тіліміздің, проязыктың, прототюркский) тілдің сүрлеуі мен іздері ғана. Оларды жазба жадыхаттардың өн бойынан іздестіре отырып, оп-оңай тауып ала қою қиынға түспейді. Бірақ мәселенің ең бір жаңсақ қойылып кеткен сыңайы және де бір өкінішті жері – осы диалектология саласын “тарихи диалектология” есебінде қарауға кезінде өреміз жетпеді, өзіміз де білмедік. О бастан оны тарихтан бөліп алып, түбірі жоқ, тексіз бір “үзінді нәрсе” ретінде қарастырдық, тиісті әкімдер тарихи диалектологияның табиғи сыры мен тілдік мәнін, міндеті мен мақсатын тап басып, дәл түсінбегендіктен, бұл мәселенің негізгі бағыт-бағдары дұрыс айқындалмады. Бір сөзбен айтқанда, диалектологияның мақсат-мүддесі мен міндеті – әдеби тілді байытумен қатар тіл тарихын зерттеу үшін қызмет ету. Әлі де болса бел алып отырған дәрменсіздіктен құтылған абзал.

Зерттеуші Сапарғалидың кейінгі бір уақыттарда барынша ден қойып, беріле көңіл аударып келе жатқан басты да басқадай көзге түсе бермей жүрген проблемалардың бірі – халықтық тіліміздің дыбыс жүйесі белгілерінің таралу географиясын айқындау мәселесі.

Автордың жоғарыда аталған, орыс тілінде жарияланған “География фонетических различий казахской речи” деп аталатын еңбегі халық тіліндегі, оның диалектілеріндегі ішкі дыбыстық құбылыстар мен дыбыстық белгілердің таралу шегін айқындауға арналған. Бұл – қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесін лингвистикалық география тұрғысынан зерттеген алғашқы монографиялық еңбек. Сондай-ақ С. Омарбекұлының бұдан бірнеше жыл бұрын түзілген “Қазақ тілі диалектологиялық

атласының” алғашқы томын құрастырған авторлардың бірі болғанын осы тұста еске ала кетудің де орайы келіп тұр. Бұл автордың есімі 1969 жылы жарық көрген бір томдық, сол рәуішті өткен, 1996 жылы басылып шыққан екі томдық диалектологиялық сөздік секілді еңбек авторларының жуан ортасынан орын алған.

Сапарғали диалектологиядан басқа да, ана тіліміз жайындағы ілім-білімнің өзге салаларының да есейіп, ер жетуі үшін аянбай атсалысып, тер төгіп келеді. Бір топ авторлардың қатысуымен 1969 жылы басылып шыққан “Қазақ тілі грамматикасының”, сонымен бірге осы кейінгі үш-төрт жылдың беделінде орыс тілінде жазылып, аяқталған “Қазақ тілі грамматикасының” дүниеге келуіне де ғалым қаламының үлесі бар. Күні бүгін баспаға әзірленіп жатқан іргелі лексикографиялық жұмыс – “Үлкен қазақша-орысша сөздікті” құрастырушылардың да бірі.

Қазір Сапарғали Омарбекұлы Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі мен Ғылым академиясының Тіл білімі институтында бас ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Еңбекторысын алда тағы да көп жұмыстар күтіп тұр, білікті зерттеушінің еңбегі жана береді деген ойдамыз.

Маман Адай ЕСЕНҚҰЛҰЛЫ,
соғыс және еңбек ардагері,
филология ғылымдарының кандидаты

Сөз маржанын тірнектеп жинаған*

Сапарғалиды елуінші жылдардан бері білемін. Екеуіміз студенттік кезімізден бастап қызметтес, сырлас дос болып, ғұмырымыздың ең саналы сәулелі кезеңдерін бір мезгілде, бір ортада өткіздік. Сол сыйластық осы күнге дейін жалғасып келеді. Үлкенді аға ретінде, кішіні інідей құрметтейді, қамқорлық жасайды. Ешкімді алаламайды, жерлестік “иісшілдігі” жоқ. Адамгершілігі мол, парасатты, кісілігі бар жанға жаны жақын.

Осындай туа біткен табиғи қасиеттерін мықты сақтап келеді. Шашына қырау түскені болмаса аяқ алысы нық, бойы тік, елудегі ердің жасындай.

Студент кезінде-ақ өте жинақы, қандай іске болса да байыппен өте ұқыпты жауапкершілікпен қарайтын. Киім киісі, жүріс-тұрысы адамға деген қарым-қатынасы, жеке басының мәдениеті көпшілігімізге үлгі болатын. Иманжүзді мінезі, жылы шыраймен күлімсіреп қарайтын қабағы адамды магниттей еріксіз өзіне тартады. Қазір жетпіске келіп

* Мақала “Түркістан” газетінде (1-7 қазан, 1997 ж.) жарияланған.

кемелденген шағында бойына туа біткен осы игі қасиеттері өбден шыңдалып, бір қорған адамға аनाдайдан сезіліп тұрады.

Оның көп жылғы ғылыми еңбектеріне талдау жасап, баға беру бір мақаланың аясына сыймайды. Мұнда тек атамаса болмайды-ау деген еңбектерін атап кетейін.

Омарбекұлы Сапарғали – қазақ лингвистикасы аталатын ғылым саласында қырық жылдан астам уақыт толассыз қызмет етіп келе жатқан аға буын оқымыстыларымыздың бірі. Осы жылдар аралығында зерттеуші қаламынан туып, баспа жүзінде жарық қорған жүз жетпістен астам үлкенді-кішілі зерттеу еңбектерінде ана тіліміз жөніндегі ғылымның алуан түрлі мәселелерінің жайы сөз болады. Республикамыздағы ең зор ғылым ордасы Академияның табалдырығын аспирант болып сонау 1956 жылы аттаған жас жігіт Сапарғалидың ғылыми жұмысына басшылық еткен адам ел-жұртымызға аты мәшһүр ғалым, осы Академияның шаңырағын Сәтбаев сынды ұлы ғұламамен бірге көтеріскен, оның құрылтайшыларының бірі марқұм академик Нығмет Сауранбаев болатын. Осы сияқты білгір оқымыстының қолына түсіп, содан тағылым алу зерттеушінің ғылым жолындағы болашақ іс-харакетіне бағыт-бағдар сілтеген жақсы бір жоралғы болды. Сол кісінің басшылығымен Маңғыстау тәрізді қазақ жерінің киелі бір шалғайындағы адай бауырларымыздың тіл жиһазы жөнінде дерек жинап, араға бірер жыл салып кандидаттық зерттеуінің тақырыбына айналдырған еді. Осы тұста жетекшісі Нықан қайтыс болып, жұмысын 1960 жылы қазақ тіл білімінің көш басындағы ірі лингвист Ісмет Кеңесбаевтың жетекшілігімен қорғап шықты. Кейін бұл еңбегін “Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктері” деген атпен 1965 жылы жеке кітап етіп жариялады. Тұңғыш монографиясы жарық көрген осы бір жылдардан соң Сапарғали “Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен орталық құбылыстар” (1978), “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі” (1985, Жүнісовпен бірігіп жазған), “География фонетических различий казахской речи” (1992) деп аталатын бірнеше монографиялық зерттеулерін жариялап, ол еңбектерінде автор қазақ тілі диалектілік жүйесінің ең сүбелі деген тараулары жайында кең мәлімет береді. Қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесі ғалымның ең сүйіп, құныға, мейлінше бой сала зерттеген саласы десек болады. Зерттеуші ұстанған негізгі концепция – халық тілінің құбылыстарын компаративистика тұрғысынан қазіргі түркі тілдер мен ежелгі түркі жазба нұсқаларының дерегімен салыстыра, салғастыра зерттеу, сөйтіп қазақтың халық тілінің дыбыс жүйесінің өткендегі бір дәуірлері турасындағы мағлұматымызды молайтуға, тіліміздің тарихы хақындағы түсінігімізді кеңейтуге қолғабыс ету, осы жайлардың түбегейлі зерттелуіне еселі үлес қосу.

“Қазақ диалектілерінің консонантизмін ареалдық тұрғыда тектес тілдермен салыстыра зерттеу” деген тақырыпта 1988 жылы қорғаған докторлық диссертациясы ғалымның бұл саладағы көп жылдық жұмысын қорытындылаған еңбек болды. Автордың жоғарыда аталған кесек-кесек монографиялық туындылары — оның иесі көздеген осындай мақсаттың үдесінен шыққан еңбектер болды дегенді біз қазір сеніммен айта аламыз.

Зерттеушінің кейінгі бір жылдарда ден қоя көңіл аударып келе жатқан басты проблемаларының біреуі халықтық тіліміздің дыбыс жүйесі белгілерінің таралу географиясын зерттеу мәселесі. Бұл да бір қазақ лингвистикасы топырағында кенжерек қолға алынып, зерттеуші назарын соңғы жылдарда жігі аудара бастаған саланың бірі деуімізге болады. Автордың жоғарыда жарияланған “География фонетических различий” деп басталатын еңбегі халық тіліндегі, оның диалектілеріндегі құбылыстар мен дыбыстық белгілердің таралу шегін анықтауға арналған. Бұл қазақ диалектілерінің дыбыс жүйесін лингвистикалық география тұрғысынан зерттеген алғашқы монографиялық еңбек. Сондай-ақ Сапекеңнің бұдан бірнеше жыл бұрын түзілген “Қазақ тілі диалектологиялық атласының” алғашқы томын құрастырған авторлардың бірі болғанын осы жерде еске салудың орайы бар. Бұл кісінің есімі 1969 жылы жарық көрген бір томдық, сондай-ақ 1996 жылы басылып шыққан екі томдық диалектологиялық сөздік секілді көлемді еңбек авторларының жуан ортасында тұр.

Сапекең диалектологиядан ғыс та ана тіліміз жөніндегі ілім-білімнің өзге тарауларының да есейіп, ер жетуі үшін аянбай атсалысып, тер төгумен келеді. Бір топ авторлардың қатысуымен 1969 жылы жарыққа шыққан Қазақ тілі грамматикасының”, сонымен бірге осы кейінгі үш-төрт жылдың беделінде орыс тілінде жазылып аяқталған қазақ тілі грамматикасының дүниеге келуіне де ғалым қаламының үлесі бар. Күні қазір баспаға әзірленіп жатқан іргелі лексикографиялық жұмыс — “Үлкен қазақша-орысша сөздікті” құрастырушылардың бірі ретінде де бұл кісі еткен тыңғылықты еңбек қомақты.

Жастарды ғылымға баулу, олардың ғылыми жұмысына басшылық ету ісіне де Сапекең белсене араласумен келеді. Ол біраз жылдан бері Тіл білімі институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын кеңестің мүшесі. Бірнеше жыл бойы мұндай жұмысты Алматы мемлекеттік университеті жанындағы диссертациялық кеңесте де қатарластыра атқарды.

Әкесінің дәулетті адам болғаны үшін, болыс болып ел билегені үшін Сапарғали Ұлытаудағы елінен, жерінен ауған ата-анасымен бірге саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Кешегі сұрапыл соғыс халқымыздың басына ауыртпалық төндірген жылдарда оқудан қол үзіп қалып, ауылдағы еңбекке ерте араласты. Осы еңбегі еленіп, Отан соғысының бірнеше медалімен марапатталды. ҚР-Ұлттық Ғы-

лым академиясы Ғылыми министрлігіне біріктірілгенге дейін үздік ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендияның иегері боп келді.

Ғылымнан тыс бұл кісі араласқан өзге де жұмыстар баршылық. Мұғалімдік оқу тамамдағаннан кейін өзінің өскен жері Торғай, Алматы облыстарында мектептің оқу ісін меңгерді. Ғылыми зерттеумен шұғылданғанның үстіне Академияның “Хабаршы”, “Хабарлар” журналдарындағы жауапты хатшылық, Тіл білімі институтындағы ғалым-хатшылық секілді жұмыстарды біраз жыл қатарластыра атқарды. Қазір осы Институттың бас ғылыми қызметкері.

Жоғарыда аталған еңбектері мен атқарған жұмыстарына зер салсақ, Сапарғали көп сөйлегеннен гөрі нақтылы іс тындырғанды жаны сүйетін ғалым екеніне ешкімді шүбәландырмаз.

Тектілік пен парасаттың, адамгершілік пен зиялылық ата-баба дәстүр-салтымен, ана сүтімен туа бітетіне ешкім қарсы болмас. Сапарғали Омарбекұлының ата-бабасы халқына қадірлі, елінің камқоршысы болған текті тұқым. Ұлы атасы Жанайдар Кенесарының батыры (“Қаһар” романы. І.Есенберлин), болыс болған, қажы, меккеде қайтыс болған. Атасы Мейрам – Атбасар оязына көмекші, қажы (1902) болыс. Әкесі Омарбек – 1916 жылға дейін болыс болған.

Сапекең өзінің парасаттылығының арқасында, зиялылығының нәтижесінде ғалымдар арасында абыройлы, әріптестері аса құрметтейді. Егер сол атақты азаматтылығымен ұштастырмаса орнынан босаған күні бәрінен айрылады.

Сапарғалидың сері-салдық өнері өз алдына, ал кеудесі күмбірлеген күйге толы, домбыра тартқанда қыран бүркіттей аспанда қалқып тұрып алады. Қазақтың “сегіз қырлы, бір сырлы” азаматы.

Сейітбек НҰРХАНОВ

Тектінің тұяғы еді*

*“Жизнь – миг
Не долго веселится,
Не долго нам и в счастье жить!..”
(Константин Батюшков)*

Қазақ филологиясының ерен жүйріктерінің бірі Сапарғали Омарбекұлы еді.

Ол Алматы қаласындағы қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің тіл-әдебиет факультетін 1956 жылы үздік бітірісімен

* Мақала “Жас Алаш” газетінде (8.02.2003) жарияланған.

аспирантураға қалдырылып, кандидаттық диссертациясын 1960 жылы академик Ісмет Кеңесбаевтың жетекшілігімен қорғап шықты. Аспирантура курсы бітірмей жатып, Қазақ ССР Ғылым академиясының бас журналы “Хабаршыға” жауапты хатшылыққа шақырылды. Көп ұзамай қазіргі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына (ол кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл-әдебиет институты деп аталатын) ғылыми жұмысқа ауысты.

Содан бастап өмірінің соңғы күніне дейін ғалым хатшы, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер болып өндіре еңбек етті. 1988 жылы докторлық диссертация қорғаған болатын. Соңғы жылдары (1998-2002) Тіл білімі институтындағы негізгі жұмысымен қатар Алматы қаласындағы “Қайнар” университетінде профессор болып істеді. Қазақ тілінің күрделі мәселелерін зерттеуге бағышталған бар өмірі Ахаң атындағы Тіл білімі институтында өтті. Әуелде Маңғыстау қазақтарының жергілікті тіл ерекшеліктерін диалектолог болып зерттеуден бастаған Сапарғали Омарбекұлы кейін қазақ сөйленістерінің диалектологиялық атласын жасауға көп еңбек сіңірді. Докторлық диссертациясы да қазақ диалектологиясының өзекті проблемаларын шешуге арналған еді.

Ол диалектология мәселелерін зерттеумен ғана шектеліп қалған жоқ. Әдеби тіл, этнотопонимика, Академиялық грамматика, қазақша-орысша, орысша-қазақша және диалектологиялық-терминологиялық сөздіктер жасауға белсене араласты. Әдеби тіл туралы жазған мақалалары ерекше сындарлылығымен баурайтын. Монография жазсын мейлі, мақала жазсын мейлі, әдеби тіл нормаларын сақтауға барынша мұқият болатын. Жазғандарынан шешендік лебі есіп тұратын. Оның бұл қасиеті әсіресе, ұстаздары мен замандастары туралы жазғандарынан ерекше сезілетін.

Сапарғали қаламынан туған дүниелердің жалпы саны қазір толық анықталған жоқ. Алдын ала есептегенде 4 монография, 200-ден астам ғылыми еңбек, мақала жариялағаны байқалады.

С.Омарбеков – “Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер”, “География фонетических различий казахской речи”, “Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар”, Н.Жүнісовпен бірігіп жазған “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі” атты құнды еңбектердің авторы. Біз бұл жерде Сапекеннің ең басты еңбектеріне ғана тоқталып отырмыз.

Халқымыз “Шөп шыққан жерге шығады” деп жатады ғой. Сапарғалидың бабасы Жанайдар Орынбай баласы Кенесары ханның оң қолы болған батыр екен. Атасы Мейрам қажы (Жанайдар баласы) алашқа аты мәлім рухани тұлға, ақын. “Мың бір түннің” біраз эпизодтарын олеңмен аударып, “Дала уәлаяты газетінің” бірнеше

санында жариялаған кісі. Өз әкесі Омарбектің туған інісі Сейілбек Жанайдаров Қазан төңкерісіне дейін Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, еліміздегі Алаш қозғалысына дендеп араласқан азамат. Әкесі Омекең де қатарынан бірнеше жыл болыс болыпты. Сол үшін қуғынға да ұшыраған екен. Мейрам қажы әулетінен шыққан ғалымдар көп: басы Рақымбеков Мәтен ақсақал (бұл кісінің екі баласы Зифа мен Қорлан – ғылым докторлары), Ғабдолла Мейрамов – профессор-русист. Бәрін санап тауыспаспын. Сапарғалидың өз баласы Айман – география ғылымының кандидаты, немересі Едіге – қазақ мектебінің 2-сыныбында оқу озаты.

“Жігіт жақсы болмағы нағашыдан” деген де сөз бар ғой. Сапарғалидың анасы Гүлсайран апайдың төркіні Айшуақ ханнан тарайтын Жантөриндер әулетінен. Басқаларын айтпағанмен патша заманында Ресейдегі Бірінші Мемлекеттік Думаның депутаты, революцияға дейін Петербург университетін бітірген заңгер Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөрин (1864 жылы туған) жайында бірер сөз. ІІ Николай патша 1906 жылы Бірінші Мемлекеттік Думаны таратқанда Дума төрағасы, айтулы заңгер, профессор Сергей Андреевич Муромцевтің басшылығымен 169 депутат Выборг қаласына барып “Народу от народных представителей” деген атпен Ресей империясының халықтарының атынан патшаға қарсы Үндеу (Воззвание) қабылдаған. Сол үшін олар 1907 жылы сотталған. Ерекше бөліп айтарлық және ұлттық тарихымыз үшін мақтаныш боларлық дерек: солардың ішінде ұлт азаттығын мұрат еткен екі қазақ, екі қайраткер азамат – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов пен Сәлімгерей Сейітханұлы Жантөрин болыпты. Үндеуге қойған қолдарына дейін сайрап тұр. С.С.Жантөрин сол тұста “Ресейдегі әр ұлттың өз мектебі болуы керек, ол мектепте сабақты сол ұлттың өзінен шыққан мұғалімдер жүргізу керек” деген екен!

Сапарғали Қызылорда қаласында дүниеге келгені болмаса, бала жасынан Торғайда өсті. Албарбөгет орталау мектебін бірге бітірдік. Меңдіғара қазақ педучилищесінде қатар оқыдық. Қызбелдегі, Қоңыраулы өзені бойындағы Міржақып Дулатов еліндегі Ақсуат жеті жылдық мектебінде алдымен Сапарғали, одан кейін мен оқу ісінің меңгерушісі болып, 5–7-сыныптарға сабақ бердік. Тіл білімі институтында ширек ғасырға жуық (мен еңбек демалысына кеткенше) бірге еңбек істедік.

Әр іске байыппен қарайтын, үлкенмен де, кішімен де сыйласа білетін. Білместікті кешіретін кемелдігі, сирек те болса кездесіп қалатын пасықтықтың тобесінен қарайтын өрлігі болушы еді. Асқан балажан әрі бауырмал болатын. Жұбайы Рудамен (ол да тіл-әдебиеті маманы) бірге өткізген күндері ертегідей.

Он саусағынан күй төгілген домбырашы еді.

Телғожа ЖАНҰЗАҚ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Көрнекті ғалым, аяулы замандас еді Сапекен

Біздер жоғары оқу орнын бітіріп, өмірге жолдама алып, жалындаған жас жігермен Ғылым академиясының есігін айқара ашқанымызда қуанышымызда шек болмады. Бұл 1951 жылдың жайма-шуақ қоңыр күзі болатын. Ол кезде Тіл және әдебиет институтының директоры, қышылдаған қырық жастағы жігерлі де қайратты, білімді де іскер, филология ғылымдарының кандидаты, құрметті ұстазымыз Ахмеди Ысқақов еді. Ахаң ҚазПИ-дің филология факультетінің II курсына оқып жүргенде бізге “Қазақ тілінің морфологиясынан” дәріс оқыған. Өз пәнін жақсы үлгеріп, әсіресе емтихан кезінде өте жақсы баға алған біздерді бар ынтасымен қоштап, мейлінше қолдап жүретін.

Институттағы атақты ғалымдар М.О.Әуезов, І.Кеңесбаев, М.Ғабдуллин, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, Е.Ысмайылов, Ғ.Мұсабаев, Н.С.Смирнова, М.С.Сильченко, Ж.Досқараевтармен қатар О.Нұрмағамбетова, А.Қалыбаева, Г.Жәркешевалар, ақын-жазушылар С.Бегалин, С.Сеітов, Ы.Дүйсембаев, С.Талжановтармен бірге қызмет істегенімізге ерекше мақтанып та, масаттанып та жүретінбіз.

Өзім қатарлы жастарға осы аға, апаларымыздың қамқорлығы мен сүйіспеншілік көзқарастарын айтсайшы. Ағалардың жолдарына түсіп, шарықтап ұшуымызға жол-жоба көрсетіп, үнемі ақыл-кеңестерін айтуларымен қатар, үлгі-өнегелері қаншама сабақ болды десейші. Біздерден бұрын келіп қызмет істеп жүрген жастар да аз емес еді. Олардың қатары кейінгі жылдары жаңадан қосылған жастарман толыса түсті. 1956 жылдың күзінде аспирантураға түскендердің ішінде Сапарғали да болды. Жүре-жүре Сапекенмен жете танысып, бір-бірімізге үйір болдық. Оған Сапекеннің жайма-шуақ мінезі, арсалаңдаған ақ көңіл пейіл-ниеті ерекше әсер етті. Қашан көрсек те оның жүзінен ерекше бір жылы сезім мен ақ көңілдік шынайы пейілді байқайтынбыз. Осы бір ақ жарқын жүзді, аса мейірімді азаматты көргенде бәріміз дән риза болушы едік. Бұған Сапекеннің биік те тік, сұңғақ сылаң бойы мен атжақты жүзі, кере қарыс кең маңдайы мен нұры жайнап, күлімдеп тұратын ақ құба көркі ерекше сән беріп тұратын-ды.

Сол жылдары институт жастары арасынан ән-күйге бейімдерін жинап, домбыра кружогын, әнші-бишілер т.б. өнерпаздардың басын қосқан ансамбль ұйымдастырылған. Солардың арасында Сапекен, Әбекең, Оқас, Ғали, Гүлшаш, Надия, мен т.б. болатынбыз.

Сапекеңнің күйші, шебер домбырашы екендігіне бәріміз көміл риза едік. 1957 жылы геологтер мейрамына арналған концертке тұтас қатыстық. Бұл үлкен мейрамда ең алдыңғы қатарда академияның тұңғыш президенті Қанекең (Қаныш Сәтбаев) отырған. Ол кісінің қасында біздің институт директоры академик І.Кенесбаев, басқа да біршама белгілі ғалымдар бар еді. Біздің концертіміз аяқталысымен Қанекең орнынан тұрып, қол соғып, зор қуаныш сезімін білдіргенде бәріміз мәз болдық.

Сапекеңнің өмірдегі еңбек жолы 1959 жылы аспирантураны бітірген соң Қазақ ССР Ғылым академиясы “Хабаршы” журналының ғалым хатшылығынан басталып, 1961 жылға дейін жалғасты. 1961–1963 жылдары Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, ал 1963–1967 жылдары осы институттың ғалым-хатшысы болып абыройлы еңбек етті. Одан соң институтқа кіші, аға, жетекші, ал 1991–2003 жылдары өмірінің соңына дейін бас ғылыми қызметкер ретінде өнімді де жемісті еңбек берді. Оның кандидаттық диссертациядан соң 1988 жылы “Сравнительный анализ ареальных черт казахских говоров в сфере консонантизма” (“Қазақ диалектілерінің консонантизмін ареалдық тұрғыда тектес тілдермен салыстыра зерттеу”) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғауына қатысып, докторлық диссертация қорғайтын кеңестің мүшесі ретінде дауыс беріп, ізгі қуанышының куәгері де болған едік. Ғалымның 1965 жылы “Қазақ ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер” атты тұңғыш монографиясынан соң 1978 жылы “Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар” атты екінші монографиясы жарық көрсе, 1985 жылы Н.Жүнісовпен бірігіп жазған “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі” атты монографиясы, ал 1992 жылы “География фонетических различий казахской речи” атты монографиясы ғалымның қазақ тіл білімінің фонетика мен диалектология саласына қосқан іргелі де сүбелі үлесі еді.

Сапекең қазақ тіл білімінің диалектология саласындағы көрнекті де білікті ғалым болумен қатар, грамматика, лексикография, фонетика салаларында да өнімді жұмыс жасады. Ол 1967 жылы “Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология” атты ұжымдық еңбектің негізгі орындаушыларының бірінен болса, 2002 жылы жазылған “Қазақ грамматикасы” атты еңбекте қазақ екіні мен сөз табы, ондағы зат есімдердің құрамы мен құрылымына қатысты тараушаларды жазған еді.

Ғалым 1969 жылы жарық көрген қазақ тілінің бір томдық диалектологиялық сөздігі авторларының бірі болумен қатар, соңғы жылдары шыққан екі томдық диалектологиялық және 2005 жылы жарыққа шыққан үлкен аймақтық сөздіктерде де басты авторлардың бірі. Сапекең, сондай-ақ 2001 жылы Р.Сыздық және К.Хұсайын редакциясымен жарық көрген үлкен де жаңа қазақша-орысша сөздікті

құрастырушы басты авторлардың қатарында тұр. Оның кейінгі жылдары әріптесі О.Нақысбековпен бірлесе отырып, ерекше зейін қоя, қоянқолтық зерттегені — халықтық тіліміздегі дыбыс жүйесі белгілерінің таралу аймағын диалектологиялық картада белгілеу, сойтіп қазақ тілінің диалектологиялық атласын жасау жұмысын атқарды. Сапекеннің ғылыми ізденісті ұстаздық жолмен ұштастырып қана қоймай, жандандыра жалғастыра жүргеніне де тәнті едік. 1999 жылдан өмірінің соңына дейін “Қайнар” университетінің профессоры ретінде шәкірт-студенттер мен ұстаздар ортасында ерекше сый-құрметке ие болды. “Шәкіртсіз ғалым — тұл” дегенді бұл күнде зерделі ғалымдарға айтуға ауыз бармайтынның себебі — олардың зейінді шәкірттері аз емес. Сапекеннің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған жас шәкірттер де баршылық. Жас мамандарды тәрбиелеу, баулу жұмысында да Сапекен үлкен жұмыстар атқарды. Ол ұзақ жылдар бойы А.Байтұрсынұлы атындағы докторлық диссертация қорғайтын кеңестің мүшесі, біраз жыл Алматы мемлекеттік университетінің және Қырғыз Ұлттық академиясы Тіл білімі институтының докторлық диссертация қорғау кеңестерінде де мүше болған.

Институт басшылығы ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесін жоғары бағалады. Ол ҚР үкіметінің көрнекті ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендиясының иегері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Ғылым қоры грантының иегері (“Қазақ тілінің кіші лингвистикалық атласы” О.Нақысбековпен бірге) болды.

1947 жылы “1941—1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы еңбектегі ерлігі үшін”, 1985 ж. “Ұлы Отан соғысының 40 жылдық”, 1990 ж. “Еңбек ардагері”, 1995 ж. “Ұлы Отан соғысының 50 жылдық”, медальдарымен, ал 2000 ж. “Соғыс ардагері” белгісімен марапатталды. Оның белгілі тіл мамандары: Н.Т.Сауранбаев, І.К.Кеңесбаев, М.Б.Балақаев, Ғ.Ғ.Мұсабаев, А.Ы.Ысқақов, Ж.Досқараев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Т.Қайдаров, Ш.Ш.Сарыбаев, Р.Ғ.Сыздықова, Н.О.Оралбаева, Ө.А.Айтбаев, Е.Ж.Жанпейісов, О.Нақысбеков, Ә.Құрышжанов, Қ.Өмірәлиев, С.Нұрханов сынды ғалымдармен бір мекемеде ұзақ жылдар бойы жұп жазбай қызмет етіп, абыройлы да танымал ғалым болып өскені көз алдымызда. Ғалыммен бірге жүріп, әріптес ретінде 1972 жылы Алматыда өткен ІІ Бүкілодақтық түркологиялық, 1980 жылы Ташкент қаласында өткен ІІІ Бүкілодақтық түркология конференциялар мен 1973, 1976, 1982, 1986, 1988, 1999, 2000 жылдары өткен республикалық конференцияларға қатысып, бірге жүрген шақтарым ешбір естен кетпес. Әсіресе 1980 жылы Ташкентте өткен ІІІ Бүкілодақтық түркология конференцияға қатысқанда жұбымыз жазылмай, бір бөлмеде тұрғанымыз, Ташкент қаласын бірге аралап тамашалағанымыз, Сапекеннің университетте бірге оқыған, сол кезде Ташкентте тұрған курстас жолдасы Айдаров Тұраптын

кішіпейіл, қонақшыл мінезі де бір естелік. Ташкентте барған күннің ертесіне Тұрап бәрімізді үйіне шақырып, құрдай жорғалап сыйлағаны, Сапекеңнің дастарқан басында бар шабытымен тартқан күйлері, бәрімізді аспанға котере, әрқайсымызға арнап орындаған күйлері-ай! Осы кезде мен тыныш отырмай, “Дайрабай” күйін екі рет тартқызығандымда, Сапекеңнің аксия күліп тұрып: “Секеңмен бірге жүргенде ылғиына Дайрабайды тарт! – деп қолқа салушы еді, бүгін сен де тақымдап қояр емессің” – деп, домбыраның құлағын бұрап, күйіне келтіріп алып, сылқылдатты-ау азаматың. Отырған жұрт үсті-үстіне қол шапалақтап, уілдеп, гүілдеп дән риза болды да қалды.

Конференция аяқталып, ертесіне банкеттен шыққан соң Тұрап маған келіп: “Ертең Сапарғали екеуіңді Келес ауданының Ғани Мұратбаев атындағы совхозында отетін үлкен тойға, 700 адам қатысатын қыз ұзату тойына апарам”, – деді.

Уәде бойынша, ертесіне үшеуіміз жүріп кеттік. Мәшине рулінде Тұрап, қасында Сапарғали, мен артқы орындықтамын. Әртүрлі әңгіме айтып келе жатып, Ташкенттен 70 км қашық жерге келіп қалыптық. Бір ауылға келгенде, Сапекең осында менің немере қарындасым тұрады, қазір сонда барамыз дегені. Машина есік алдына тоқтағанда шоқша сақалды, толық денелі, бойшаң келген ақсақал келіп қол беріп амандасып жатқанда, Сапекеңнің қарындасы да жүгіріп келіп, ағатайлап көз жасын сығымдап алды. Хал-жай сұрасқаннан соң, ақсақал мал соямыз деп бата сұрады.

Сапекең тойға бара жатқанымызды айтып жатыр. “Шай ішіп қана аттанайық, тойға көп кешікпей жетіп алайық”, – деп жатыр. Ондағысы Тұраптың көңілін жықпау, досын ренжітпеу. Шай ішіп, қош айтысып жүріп те кеттік. Біздер кешкі 8-де келсек, тойға жұрт жиылып жатыр екен. Ауыл Келес өзенінің бойында, аумағы өте үлкен жерге діндіктер орнатылып, айнала төңірек перзент құрып тасталған. Біздерді бір жоғарылау жердегі столға отырғызды. Адамдар бірін-бірі жыға танымайды. Бір уақытта той басталды. Бір-екі адам сөйлегеннен кейін біздің столда отырған, тығыршықтай тығыз денелі, қарны қампиған, нұсқа, бет-пішін қазақтан бөлектеу бір жігітке сөз берілді. Оның Ташкент қаласының төрағасы екенін де айтып жатыр. Ол жігіт сөйлеп болған соң, сөз маған тиді. Мен асып-саспай орнымнан тұрдым да: Біздер Ташкент қаласына конференцияға келген едік, Тұрап осы тойға әкеліп отыр. Сөз бергендеріңізге рахмет. Сөзді менен де қадірлі, осы аймаққа құрметті азамат, сіздерге қыз беріп отырған, сыйлы құдаларыңыз Сапарғали есімді азамат айтады” – деп, микрофонды Сапекеңе ұсындым. Ол болса, қысылыңқырап, өзің сөйлеге басып жатыр. Менің сөзіме ден қойған көпшілік, “Сапеке! Құда екенсіз, “Құдай да құдасын сыйлапты” деген сөйлеңіз” деп жадырай жалбарынып жатыр. Сапекең қанатын қомдап қойып, бойының

ұзындығын көрсетуге қысылған адамдай, бүкшіе көтеріліп, сөз бастаған соң иығын кере керіліп, өзіне тән сабырлы да сырлы үніне салып, маңғаздана сөзді төгіп-төгіп салғанда, ду қол шапалақ үдей түсті. Мен орнымнан тұрдым да асабадан домбыра сұрадым. Домбыра да дайын екен, қолға тиді. Енді тына қалған жұрттың екі көзі менде. Мені домбыра тартар, не ән айтар дегендей екі көздерімен жеп барады.

— Әлгінде ғана сөз сөйлеп, бәріңіз қол соғып, өздеріңіз разы болған құдаларыңыз Сапекең, Сапарғали мырза Сіздерге осы екі жастың үйлену тойына арнап Сарыарканың сарынды күйлерін орындап береді, — дегенім сол-ақ екен, тағы да ду қол соғылды.

Сапекең маңғаздана домбыраны қолына алып, құлағын бұрап, күйіне келтіріп алып, маған иек қақты да, қайсы күйді тартайын деді. Мен баяғы “Дайрабайды” тартсайшы деймін.

Сапекең иығын бір қомдап алып, Тәттімбеттің “Сарыарқа” күйін сылқылдатып келіп орындап шыққаны сол еді, халық дүрілдеп кетті.

Күй егіз болсын! Бұл керемет той болды, екі жастың көсегесі көгере түскей. “Шырағым, тағы да бір-екі күй тартып жіберге” салып, қарттар да өтіне бастады.

Сапекең мәшіне келтіре қатарынан екі күйді тартып жіберді. “Көп жаса, Құда! Қуаныш үстіне қуаныш, тойға үлкен де тартымды шашу шаштың! Па, шіркін, қандай тамаша күйлер” деп шуласып жатыр. Қасымызда отырған өзбек жігіті де шын көңілмен құттықтап жатыр. Сапекеңе қарап, мейман болып кетің — деп құрметтеп, күлім қағуда.

Асаба жігіт Сапекеңнің басына топы (тақия) кигізді. Сапекең оны менің басымға кигізіп жатыр. Бұл кез — күздің қара суығы келген қыркүйек айының 20 жұлдызы еді.

1980 жылы Жұбаныш Аралбаев 60 жасқа толып, Ғылыми кеңесте ол кісі жайлы мен баяндама жасағаным бар. Жиналыстан соң Сапекең қасыма келіп, қолымды алып қысып тұрып: — Телғожа, біз білмейді екенбіз, тым шешен сөйледің ғой, — деп құттықтап тұр. Мен қысылғандықтан, өзіңнен шешен емеспін ғой деп жатырмын. Осындай жүрекжарды әділ сөзін 1976 жылы мен докторлық диссертация қорғағанымда да айтқаны бар. Әлбетте, Сапекеңнің ол сөздерін мен шынайы көңілден шыққан, риясыз достық лебіз ретінде қабылдайтынмын.

Сүйікті баласы Шолпан университеттің экономика факультетіне оқуға түскенде маған келіп, орыс тілінің мазмұндамасынан жақында емтихан тапсырады, қатты абыржып, алаңдап жүрмін деді. Орыс тілі пәнінен емтихан алатын кімдер екен? — деп едім, маған таныс екі адамның аты-жөнін айтты. КазГУ-дегі кандидаттық диссертация қорғайтын кеңестің ғалым хатшысы, мен онда мүшемін, Галя оның үстіне біздің Нариманның КазГУ-де бірге оқыған, курстас досы. Жолдастық аралас-құраластығымыз да бар. Сол жағдайларға сендім

де, олардың қай корпуста болатынын өзінен біліп алған соң, олай болса кеттік дедім. Есік алдында күзетшілер. Жұртты бір шыбықпен иіріп, жібермей тұр. Өзім алдыға түсіп, Сапекенді оққағар күзетшімдей соңымнан ертіп алдым да, әлгі күзетшілерге куәлігімді көрсетіп, біздер осы университеттің оқытушыларымыз деп, алға кіріп кеттік (ол жылдарда шынында мен КазГУ-дің филология факультетіне ономастикадан лекция оқитынмын). Жоғары қабатқа көтеріліп келе жатыр едік, “жолы болар жігіттің женгесі шығар алдынан” дегендей, алдымыздан Галя мен Тамара Битеева шыға келді. Менде қуаныш зор. Өйткені Тамараны да жақсы білуші едім, тек Еренғайыптың жолдасы ретінде ғана емес, менің досым академик Зейнолла Қожабековтің балдызы ретінде таныс едім.

Екеуіне іздеп келген себебімізді қысқаша түсіндіріп едім, Галя мен Тамара баланың аты-жөнін жазып беріңіз дегені. Қасымда тұрған Сапекенді қызметтес досым, Шолпан баласы еді, — деп қатты өтіңдім. Обалы не керек, Галя менің өтінішімді ойдағыдай орындады. Сапекен менің осы әрекетіме ерекше танданып, тіптен сұқтанып, кей жерде мақтана айтып та жүрді. Мен болсам мақтау ести қояйын деген ниеттен аулақ, көңілі жабырқап жүрген достың көңілін көтеру, қуанышқа бөлеу ғой.

Шөкең (Шора), Сапекен, Бабаш және мен — төртеуіміз түскі шайды бірігіп институтта ішетінбіз. Әрқайсысымыз өзіміздің білетін күлкілі әңгімемізді айтып, мәз-мейрам болатынбыз. Әсіресе, Шөкеңнің анекдоты таусылмайтын. Оған Бабаш та қалыспай қосылып, уақыптың тез өтіп кеткенін білмей қалатынбыз. Бір күні Сапекен бір анекдот айтып еді, көзімізден жас аққанша күліп, әбден мәз болдық-ау. Ол анекдоттың қызықтығы соншама, ешқашан ешкімнен анекдот алмайтын Шөкең ерінбей-жалықпай әлгі анекдотты жазып алғаны. Біз Шөкеңнің қылығына жатып келіп күлеміз. Шөкең болса, мен мұндай анекдотты, я “етік” деген осы анекдотты бірінші рет естіп отырмын деп мәз болады. Сапекеннің әңгіме айтуға, жұртты күлдіруге келгенде өзіне тән керемет бір мәнері болар еді.

Шөкең болса, әрқашан Сапекенді төрге отырғызып бәйек болатын. Ол төренің тұқымы ғой, көрмейсіндер ме отырыс-тұрысында жатыр ғой. Мәселе, қандай жан дейді. Бірде Шөкеңе қарап, болса болар, біздер де құр жаяу жандар емеспіз ғой, Бабаштың ата-тегі де осал емес. “Танысаң адаймын, танымасаң Құдаймын” дегендер ғой. Бірақ Бабаштан ондай адыраң мінез көрмейміз, қашан көрсең бір қалыпты, қарапайым, тым кішіпейіл жан деймін. Өзіңші! — дейді Шөкең. Шөке! Бата бергенде үнемі “Құдайым пәледен сақта, жаладан сақта, шығыс жақтағы қысық көз пәледен (қытайды айтам ғой деп қоятын) сақта” деп айта бергенде, бір күні Шөке қойсаңызшы, менің нағашымда не жұмысыңыз бар дегенімде, болса болар, сен де пәлесін дегеніңіз бар еді ғой. Мен 1965 жылы коммунистік партия қатарына

кіргенімде үлкен атам Сатай патша заманында би болған деп жазғанымды жиналыста естіген Исмет Кеңесбайұлы, ой, бәріміз де би мен молданың тұқымы екенбіз ғой, – деп жұртты бір күлдіріп еді ғой деймін.

Шокең тұрып, мен коммунист партиясының қатарында болғам жоқ, сондықтан жиналысқа да қатыспайтынмын, оны естігем жоқ кой деп күлкіге айналдыратын.

Сапекеңмен тағы бір рет алыс сапарға шығуым 2002 жылы болды. “Қайнар” университетінде мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы едім. Университеттің филология факультетінің деканы, академик Ө.Айтбаев, Сапекеңмен Шымкент, Тараз, Павлодар филиалдарына барып, мемлекеттік емтихан алдық. Әрқайсымыз жеке люкстеміз. Бізді сыйлап жүрген қызметкерлер асханаға апарғанда да, таңертең 8.30-да келіп мәшинемен институттарға алып кетерде де біздер Сапекеңді сыртта тұрып ұзақ күтіп қалып жүрдік. Ол аспай-саспай, өзіне тән сырбаз мінез, байсалды жүрісімен бір кездерде жетеді-ау әйтеуір. Ішіміз пысып, шыдай алмасақ та көнеміз. Сөйтіп, біздерді өз ықпалына еріксіз көндіріп ала қоятын еді. Бұл да болса оның өзіне, туа біткен тұлға бойына тән бір маңғаз мінезі ғой. Оны біз түсінетін де, сыйлайтын да едік. Ол замандастары, құрбы-құрдастары арасында осындай мінез-құлқымен де жұғымды бола білді. Есіл, қайран ер бүгінде Сені жоқтап, үнемі еске аламыз, егілеміз, амал жоқ, тағдыр ісіне көнеміз.

Сапарғали қазақтың жер-су аттары туралы әр жылдары тиіп-қашып мақалалар жазып, бұл мәселеге өзінің көңіл-ықыласын білдіріп жүретін. Ол “Жайлау сөзінің этимологиясы” (1959 ж.), “Амудария мен Сырдария атауы қайдан шыққан” (1961 ж.), “Шәуілдір топонимінің төркіні” (1962 ж.), “Жер аты туралы аңыз бен шындық” (1974 ж.), “Сөз арқауы – Ақмола атырабы” (1999 ж.) атты мақалаларын жариялаған.

Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері жайлы әңгімелерімізде оның осы мақалаларын тілге тиек етіп, қазақ топонимикасы жайлы зерттеу жұмыстарын кең көлемде жалғастыруына болады ғой, осыны бір ескерсеңші дейтінмін. Өзі де бұған мойынсұнатындай сыңай білдіретін. Ол 1990 жылдары бір әңгімесінде, топонимиканы зерттеу жайлы қолқа сала беруші едің, өзіңмен осы жайында ақылдасуға келдім деген-ді. Көп ойланып-толғанып келіп, Айманым шұғылдансын деген түйінге келдім. – Бұл пікірің маған да ұнап тұр. Онда Айманға тақырып қарастырайын дегенім сол еді, егер мына тақырып өзіңе ұнаса, осыны кандидаттық диссертация тақырыбы етіп алса қалай болар еді. Айман диссертациясын орыс тілінде жазады ғой, өйткені ол география факультетін орыс тілінде тамамдады емес пе? – деді. “Социальное и природное в формировании топонимии Улытау-Торгайского региона” десе ұнай ма? дегенде, я бұл тақырып

топонимиканың тілдік әрі географиялық сыр-сипатын ашып беретін, көкейкесті мәселелерді қарастыратын тақырып деп кесіп айттым.

Сонымен ғылыми жетекшісі мен болдым да Омарбекова Айман Сапарғалиқызы бұл жұмысты 5 жылдан кейін менің алдыма әкеліп салды. Тақырыбы мен қарастырған мәселелері географияға бейім болғандықтан Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің география факультетінің кеңесінде қорғауға шықты. Қанша дегенмен тіл маманының баласы емес пе, Айман зейінді де алғыр, ана тілінде еркін сойлеп, мүлтіксіз жазады. Қабілетті шәкіртпен жұмыс істеу де жанға жайлы, жұмыс та маңызды болды.

Сойтіп, Айман бұл диссертациялық жұмысын 1999 ж. әл-Фараби атындағы ҚазҰМУ-дің география факультеті жанындағы география ғылымдарының ғылыми дәрежесін алатын кеңесте қорғады. Кеңеске барғанымда Анатолий Васильевич Чигаркин (г.ғ.д., профессор, кеңес мүшесі) және Әмина Арғынбаева (г.ғ.к., доцент, кеңес мүшесі) кездесіп, жылы амандасып сөйлестік. Олар мені көрген соң Айманның жұмысына бола келдіңіз бе? деп сұрады. Мен оларға емеурін білдіріп, өздерің осы кеңестің мүшесі болған соң сәлем бере келдім және шәкіртіме қорған боларыңа сеніп келдім деп едім, олар жұмысы тың, аралас ғылымдық жұмыс қой, бұндай тақырыпта бізде тұңғыш рет қорғау болып отыр, өзі де білімді екен шәкіртің, — деп қуантып қойды. Осы жайды көріп, тыңдап отырған Сапекең кейін қуанышын жасыра алмай, сенің бұл адамдарды білетіңіңе қайран қалдым деуші еді.

Айман бұл күнде айтулы ғалым, папасының жолын қуып, ғылым жолына түсіп, жақсы зерттеулер жүргізуде.

Ұйықтап өтсем өмірімде,

Ұйқым ұдай қанбаса.

Өлгенім не, тірлігім не?

Артымда ізім қалмаса! —

деп ақындар айтқандай, Сапекеңнің өзі кетсе де ғылымда салған соны ізі жарқырап жатыр. Оны жалғастырар шәкірттері де, ұрпақтары да аз емес.

Бабаш ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Ақ жарқын, ер көңілді жан еді

Соңғы кезеңнің жақсы бір үрдісі — ата-текті баяндайтын шежірелер жазып қалдырумен бірге өмірден өткен адамдар жайында естелік кітап шығару. Мұның соңғылардың өз отбасы үшін, сондай-

ақ кейінгі келер ұрпақ үшін ата-бабаларының кім болғанын, өмірден не көріп, не тындырғанын мақтанышпен еске алып жүруде немесе әке-ата жолын жалғастыруда пайдасы үлкен ғой деп ойлаймын.

Күні кеше бірге жүріп, бірге тұрған жолдасың туралы естелік жазу әрі оңай, әрі қиын екен. Оңай болатыны – ол адамның іс-әрекеті, мінез-құлқы көз алдында сайрап тұр. Қиын болатыны – сол іс-әрекеттің қайсысын тілге тиек ету керек, өйткені көрген-білгеніңнің бәрі бірдей маңызды болмауы мүмкін. Оларды сұрыптау үшін белгілі бір жылдар өтіп, ой-санада сарапталуы қажет тәрізді. Дегенмен қолға қалам алған соң, ойға оралған кейбір сәттерді әңгімелей кеткен дұрыс болар.

Бүгінгі әңгіме нысаны – қырық жылдан астам бір мекемеде, бір салада жұмыс істеп, жақын жолдас, белгілі дәрежеде сырлас, дос болған Сапекен, яғни Сапарғали Омарбекұлы туралы.

Сапекенмен біздің алғашқы таныстығымыз 60-жылдардан басталады екен. Сол жылы жазда ол диалектологиялық экспедиция мақсатымен Маңғыстау, Атырау облыстарын аралап жүріп, өзінің бұрыннан таныс жолдастары Мұқаш Жақыпбеков, Құлмат Өмірәлиевтерді іздеп, педагогтық институтқа келді. Мен ол кезде Атырау пединститутында проректор болып жұмыс істейтінмін. Іздеген кісілері жұмыста болмады да, Сапекенмен біраз әңгімелесіп қалдық. Иссапарда жүрген кісіге, оның үстіне бұрын болмаған қалада қиындау екенін білеміз, әңгіме-таныстықты үйде жалғастыруға тура келді. Әңгіме төркіні бұрын атын естігенім болмаса, немен айналысатынын білмейтін Ғылым академиясы, Тіл және әдебиет институты жайында болды. Аспирантураға түсу жоспарымда жүрген мен үшін институттың қыр-сырын білу аса қажет еді. Бұған дейінгі менің ойлап жүргенім – ҚазПИ-дің аспирантурасы болатын. Сапекен маған Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түсуге кеңес берді. Сөйтіп, менің келесі жылы Тіл білімі институтының аспирантурасына түсуіме бірден-бір себепші болған Сапекен болды.

Бұл таныстық аспирантураға түскеннен кейін де жалғасты. Сапекен ол тұста Ғылым академиясының “Хабарлары” аталатын журналдың қоғамдық ғылымдар сериясында жауапты хатшы болып істейтін. Сол таныстықтың арқасында Сапекен аспирант болған жылы-ақ менің “Қазақ жазбасында тыныс белгілерін қолдану тарихына қатысты соны дерек” деген алғашқы ғылыми мақаламды шығарып берді. Көп кешікпей Сапекен институтқа ғалым хатшы болып жұмысқа ауысты да, ол кісімен тығыз қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туды. Сапекен анда-санда өз шаруасымен кеткенде, сенгендігі болар, мені өз орнына қалдырып кететін.

Сапекен ғалым хатшылықтан босағаннан кейін бірыңғай ғылыми жұмыспен айналысты. Бұл жылдар оның шығармашылық өміріндегі

ең табысты жылдар болды. Ондаған мақала, екі-үш монография жазып, докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Диалектологияның белгілі маманы ретінде бірнеше одақтық, аймақтық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасап, түркітанушылар арасында кеңінен танылды. Бірнеше жыл Қырғыз Республикасындағы түркі тілдерінен докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми кеңестің мүшесі болып, түркітанушылардың жас ұрпағын даярлауға біраз еңбек сіңірді.

90-жылдардың бас кезінде институтта қалыптасқан әртүрлі кездейсоқ жағдайларға байланысты Сапекеңнің бұрынғы жұмыс істеп жүрген бөлімін ауыстыруына тура келді. Сол сәтті пайдаланып, ол кісіні біздің түркология және қазақ тілі тарихы бөліміне ауысуға ұсыныс жасадым. Сапекең қуана келісті де, соңғы он жылдан астам уақыт ағамызбен бір бөлімде, қарама-қарсы үстелде жұмыс істедік.

Әрине, Сапекең бөлім орындаған тақырып бойынша жұмыс істеуге бірден көндігіп кете алған жоқ, өзінің өмір бойы зерттеген саласы бойынша жұмысын жалғастыра берді, кейін диалектология тақырыбына біржолата ауысып та кетті.

Сапекеңнің бөлмеде отырып жұмыс істеу тәсілі де өзгеше болатын. Кейбір әріптестерінше үстелдің үстін кітап, материалдармен толтырып отырмайтын. Үйінен ойланып-толғанып келетін болуы керек, үстелге отырғанда таза қағаз беттеріне ойындағысын айқыш-үйқыш түсіріп отыратын да, кейін оны дұрыстап көшіре салатын. Бұл, көбіне, мақала жазғандағы стилі, ал ғылыми зерттеуін, негізінен, үйде орындайтын еді. Институтта жиі болып жататын докторлық, кандидаттық диссертацияларды алдын ала немесе қорғау үстіндегі талқылау кездерінде Сапекең біз сияқты оларды бастан-аяқ оқып жатпайтын, біраз парақтап қарап алып, оның бірер ұрымтал тұстарын тауып, сол бойынша пікір айта беретін.

Сапекең қазақша да, орысша да өте сауатты болатын. Оған, әрине, ол кісінің ұзақ жылдар ауылдық кеңестің хатшысы, ғылыми журналдың, кейін институттың ғалым хатшысы қызметтерін атқаруы себепші болған да болар. Әсіресе қазақша жазғанда стилі шебер, сөйлем құруы еркін, көсілтіп жазатын. Мүшел той иелеріне институт ұжымы атынан адрес жазуды дирекция Сапекеңе тапсыратын. Кезінде Ісмет ағамыз да өз жазғандарын (өзі де шебер жазатын адам ғой) Сапекеңе көрсетіп алатынын да білетінбіз.

Адамның өмірі тек жұмыстан тұрмайтыны белгілі. Жұмыстан тыс уақытын әркім әрқалай өткізеді. Біреулер өзінің құмар кәсібімен айналысады, енді біреулері шахмат, бильярд, қарта тәрізді хоббилары болады. Ал Сапекеңнің ондайларға үйірлігі болмайтын. Жалпы ол өнерді жақсы көретін. Өзі де тым-тәуір домбыра шертетіні болатын. Жастау кезімізде институтта құрылған “Көңіл ашар” атты ансамбльдің белді мүшесі ретінде әр кез жиын-тойларда концерт беріп жүрді, тіпті Алматы облысының жақын ауылдарына да барып концерт бергеніміз бар.

Сапекеңнің еске сақтау қабілеті күшті еді. Кейде керек жерінде өлең-жыр үзінділерін жатқа айта беретін.

Сапекеңмен талай рет іссапарда да бірге болдық, оның ақ жарқын мінезі, кішіпейілдігі қайда да сол қалпынан өзгермейтін. Біреуге дауыс көтеру, сөз таластыру немесе үлкендігін міндет ету дейтіндер кездеспейтін. Сапекең өзі көп әзіл-қалжың айтпағанмен, жұрттың айтқан қалжың, анекдоттарын сүйсіне тыңдайтын, ұнағанына риясыз, шын көңілмен күліп отыратын.

Сапекеңді 75-те деп ешкім ойламайтын. Өте сергек, көңілді жүретін. “Қайнар” университетінде де бірге жұмыс істедік, ұжымның үлкен-кішісі – бәрі де қатты сыйлайтын.

Қайран, Сапекең! Қайтыс болардан бір жұмадай бұрын 2003 жылдың алдында телефон арқылы құттықтап, хал-жағдай сұрасқанымызда өз денсаулығының жақсы екенін, дегенмен дәрігерлердің ауруханаға жатып, гайморитке қарсы емделгенін дұрыс көріп отырғанын, жаңа жыл мерекесі өткесін ауруханаға барайын деп отырмын деп еді. Мен ол кезде өзім ауруханада емделіп жатыр едім, маған дұрыстап емделіп шық деп кеңес беріп еді. Жалпы, Сапекеңнің талай жыл бірге жүргенде не жүрегім, не басқа жерім (гаймориттен өзге) ауырады дегенін естіген емеспіз. 73-тегі мүшелі өткеннен кейін “бұл мүшелден өттік, ендігі мүшелге дейін біраз бар ғой” деп шүкіршілік етіп жүретін.

Сапекең қазасы ойда жоқта, кездейсоқ болғандықтан да қызметтес жолдастарының қабырғасын қайыстырып кетті. Тағдыр солай болған соң, амал нешік?! Сапекеңнің жарқын бейнесі, айтқан кейбір сөздері көз алдымызда, есімізде сақталады деп ойлаймын.

Оқас НАҚЫСБЕКОВ,
*филология ғылымдарының
докторы, профессор*

Жақсының аты өлмейді

Қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымы, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Сапарғали Омарбекұлы биыл 80 жасқа толар еді.

Ол 1927 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келді. Ата-анасы жер аударылып, қуғын-сүргін зардабын көргендіктен, буыны бекіп, бұғанасы қатпай жатып, жастайынан еңбек етіп, қызметке араласты. Соғыс кезінде ауыл кеңестің хатшысы, көмекшісі, есепші болып жұмыс істеді. Кейін педучилишені бітірген соң, бастауыш, жетіжылдық мектептерде сабақ беріп, мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1956 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін тамамдап,

сол жылдың соңында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына аспирант болып қабылданады. Академик Н.Т.Сауранбаев жетекшілік етіп, Маңғыстау қазақтарының тіл ерекшеліктерін зерттеді. Бірақ көп ұзамай жетекшісі дүние салған соң, 1959 жылы академик І.Кенесбаевтың басшылығымен “Қазақ тілінің Маңғыстау говоры” атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Біраз жыл Тіл білімі институтының ғалым хатшысы болып, кейін аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер ретінде өмірінің соңғы жылдарына дейін жемісті еңбек етті. Екі жүз елуден астам ғылыми еңбектер жариялады. Кандидаттық, докторлық диссертациялар жазып, артына өшпес мол мұра қалдырды. Олар жеке монография, ғылыми мақалалар, сөздіктер ретінде жарық көрді.

Бір ғажабы, қазақ тілшілерінің арасынан журналдар мен газеттерге ең көп мақала жариялаған да С.Омарбекұлы екен. Онда көтерген проблемалары да ел және тіл тарихына байланысты сан алуан. Атап айтар болсақ, Қазақ ССР Ғылым академиясының “Хабарлары” мен “Хабаршы” журналдарында он алты ғылыми мақаласы жарияланыпты. Бұдан басқа, “Мәдениет және тұрмыс” “Білім және еңбек”, “Советская психология”, “Жалын”, “Қазақстан коммунисті”, “Халық кеңесі”, “Жұлдыз”, “Қазақстан мұғалімі”, “Пионер” журналдарында қырық мақала жарық көрген.

Қазақстанның республикалық және облыстық газеттерінде де “Егемен Қазақстан”, “Социалистік Қазақстан”, “Казахстанская правда”, “Алматы ақшамы”, “Жас Алаш”, “Жетісу”, “Лениншіл жас”, “Коммунизм таңы”, “Ана тілі”, “Наука Казахстана”, “Көкшетау правдасы”, “Оңтүстік Қазақстан”, “Орталық Қазақстан”, “Ұлытау өңірі”, “Сарыарқа”, “Арқа ажары”, “Жерұйық” газеттерінде қырыққа жуық мақаласы жарияланған.

Сондай-ақ, “Қазақ энциклопедиясы”, “Қысқаша Қазақ энциклопедиясы”, “Түркістан” және “Ұлттық” және “Қазақ тілі” энциклопедияларына жетпіс мақала жазып, нағыз майталман ғалым екенін танытты.

С.Омарбекұлы тілдің нәзік табиғатын терең түсінген білгір ғалым еді. Оның қазақ тіл біліміндегі қызыға зерттеген проблемасы — жергілікті тіл ерекшеліктерінің дыбыстық жүйесі. Сондықтан да ол 1988 жылы қорғаған өзінің докторлық диссертациясын халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстарға арнап, сөйлеу тіліміздегі жергілікті ерекшеліктердің туыстас тілдердегі түрлі ортақ көріністеріне, тарихына қатысты құнды деректер келтіріп, көп жылдар бойы көрші, қоныстас отырған қазақ этносы тілінде сақталып қалған небір көне тіл ерекшеліктерінің шығу төркінін ашады. Ғалымның “Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар” (1978), Н.Жүнісовпен бірігіп жазған “Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі” (1983) т.б. еңбектерінің жазылуы, оның жергілікті тіл ерекшеліктерінің дыбыстық жүйесінің сырын терең түсініп, қызығушылықтан туса керек.

С. Омарбекұлы қазақ тіл білімінің басқа салаларын зерттеуге атсалысты. Ол 1967 жылы “Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология”, “Қазақ грамматикасы” (2002), “Үлкен қазақша-орысша сөздік” тәрізді ұжымдық еңбекті орындаушылардың және “Қазақ тілінің аймақтық сөздігін” (2005) құрастырушылардың бірі болды.

Ғалым өзінің ғұмырының әр жылдарында ұстаздық қызметпен айналысып келді. Алғашқы жылдары орта мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі ретінде қызмет атқарса, 1999 жылдан бастап “Қайнар” университетінің профессоры болып, дәріс беріп, ғылымға баулу ісіне де қомақты үлес қосты. Ол ұзақ жылдар бойы Тіл білімі институтының, сондай-ақ Алматы мемлекеттік университеті мен Қырғыз ұлттық Ғылым академиясы Тіл білімі институтының докторлық қорғау кеңестерінде мүше болды.

Сапекең белгілі ғалым болуымен бірге дарынды өнер иесі болатын. Тіл білімі институтының “Көңіл ашар” өнерпаздар тобы Алматы, Жамбыл облысы еңбеккерлері арасына барып, лекция оқып, концерт бергенде, оның домбырада құйқылжытып тартқан күйлері тыңдаушыларды талай рет таңғалтып, тамсандырған еді.

Мен Сапекеңмен бірге 1956 жылдан бері бөлім меңгерушісі Ш. Сарыбаевтың басқаруымен диалектология саласы бойынша еңбек етіп, жоспарлы жұмыстарды орындадық. Екеуіміз де аспирантураға бір жылы түсіп, жетекшіміз де бір кісі болды. Сол қызмет істеген жылдан бері талай рет экспедицияға шығып, жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты материал жидық. Диалектология жайында болған конференцияларға қатысып, баяндама, хабарламалар жасадық. Жиған материалдар негізінде жинақтар шығарып, диалектологиялық, аймақтық сөздіктер жасап, бірнеше монографиялық еңбектер жаздық. Осы еңбектердің бәріне де С. Омарбекұлы белсене қатысты, басты орындаушыларының бірі болды. Әсіресе, соңғы жылдары бірігіп орындаған жоспарлы жұмыстарымыздың бірі – халықтық тіліміздің дыбыстық құбылыстарының және лексикалық ерекшеліктерінің таралу шегін диалектологиялық картаға белгілеп, қазақ тілінің диалектологиялық атласын жасау болды. Атласқа Қазақстан республикасы және одан тыс таяу шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы өкілдерінің тілі де қамтылды. Әр өлкенің жергілікті халқының тіліндегі белгілі таралу шегі бар негізгі дыбыстық, грамматикалық және лексикалық мәні бар құбылыстар сұрыпталынып, картаға түсіріліп, 300-ден аса карта жасалды. “Қазақ тілінің кіші лингвистикалық атласы” үшін 1999 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Ғылым қоры грантының иегері атандық.

Біз әріптесіміз Сапарғалиды еске алғанда, оның азаматтығы, кісілігі, ақ жарқын мінезі көз алдымызға елестейді.

МАЗМҰНЫ

Жанпейісов Е. “Үлкендер арасында кіші емес, кішілер арасында үлкен емес” (<i>Кіріспе орнына</i>)	3
--	---

ӘУЛЕТТІҢ ӨМІР КЕШУЛЕРІ

Тарих тағылымы	8
Жанайдар батыр	24
“Дала уалаятындағы” дастан	40
“Алаш” шаңырағын бірге көтеріскен	47

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМ

Диалектология

Ауызекі тіліміздің алуан көріністері	56
Тілімізді лингвогеография әдісімен зерттеу	59
Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілінің диалектілік белгілері жөніндегі көзқарастары	66
Халық тіліндегі аффрикат <i>дж</i>	71
Қазақ тілінің говорларында <i>ч</i> дыбысының қолданылуы жөнінде	85
Халық тіліндегі етістік тұлғалары	94
Жергілікті халық тіліндегі етістіктің <i>-лы</i> қосымшалы тұлғасы жөнінде	104
Бір диалектілік тұлға жайында	110
Диалектологиялық соны дерек	114
Өзекті арна	117

Фонетика. Грамматика. Ономастика

Қазақ сөзінің акцентуациясы	125
Ерін дауыссыздарының сөз басында қолданылуы	156
Сөз сонындағы дыбыс тіркестерінің алмасуы	163
Қалау рай және оның кейбір түрлері жөнінде	172
“Шәуілдір” топонимінің шығу тәркіні жөнінде	174
“Жайлау” сөзінің этимологиясы	183
Арша жазу	186

Әдеби тіл. Тіл мәдениеті

Мысал жанрының бірегей үлгісі	191
Фонетикалық параллель сөздер	206
Сөз қолданудағы талғам	212
Қалыпқа салма, халыққа сал	216

С.ОМАРБЕКҰЛЫ ҰСТАЗДАРЫ МЕН ТҰСТАСТАРЫ ХАҚЫНДА

Қазақ лингвистикасының көшбасы (<i>І. Кеңесбаев туралы</i>)	220
Дарынды түрколог (<i>Н. Сауранбаев туралы</i>)	232
Ғалым ғибраты (<i>М. Балақаев туралы</i>)	238
Ұстаз шапағаты (<i>Ғ. Мейрамов туралы</i>)	245
Сырдың сырбаз перзенті (<i>Н. Жүнісов туралы</i>)	248
Парасат биігіне қол артқан (<i>Т. Айдаров туралы</i>)	251
Дос лебізі (<i>Қ. Өмірәлиев туралы</i>)	254
Дешті қыпшақтан жеткен сый (<i>Ә. Құрышжанов туралы</i>)	262
Тас жазудың тамыршысындай (<i>Ғ. Айдаров туралы</i>)	265
Досқа лебіз (<i>Ғ. Садуақасов туралы</i>)	270
Жаны жайсаң азамат еді (<i>Қ. Айтазин туралы</i>)	272
Бақыл бол, аяулы Қабиболла (<i>Қ. Сыдиықов туралы</i>)	279
Қаламдас досқа қалас көңіл (<i>Б. Әбілқасымов туралы</i>)	281

С.ОМАРБЕКҰЛЫ ТУРАЛЫ ӘРІПТЕСТЕР ЛЕБІЗІ

<i>Құрышжанұлы Ә.</i> Халық тілі қайнарынан қанып ішкен	284
<i>Есенқұлұлы А.</i> Сөз маржанын тірнектеп жинаған	288
<i>Нұрханов С.</i> Тектінің тұяғы еді	291
<i>Жанұзақов Т.</i> Көрнекті ғалым, аяулы замандас еді Сапекең	294
<i>Әбілқасымов Б.</i> Ақ жарқын, ер көңілді жан еді	301
<i>Нақысбеков О.</i> Жақсының аты өлмейді	304

**“Арыс” қорының президенті
Ғарифолла ӘНЕС**

Сапарғали ОМАРБЕКҰЛЫ

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Редакторы Шарипа Жамықбаева
Тех. редакторы Мұхамеджан Сақтағанов
Суретшісі Қанат Исағожаев**

ИБ №646

**Терімге 30.04.2007 жіберілді. Басуға 02.04.2007 қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/32. Шартты баспа табағы 22,5. Есепті баспа
табағы 19,5. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 272.**

**050010, Алматы
Құрманғазы, 29
“Арыс” баспасы
тел./факс: 261 66 28, 261 66 92
E-mail: arys@nursat.kz
www.arys.kz**

**ЖШС “Жедел басу баснаханасы”,
Алматы қаласы, Красногорская көшесі, 71.**

Ардақты Алаш азаматтары!

Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры он бес жылдан бері жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көмек көрсетеді.

050010, Алматы қ.
Құрманғазы, 29
(Тіл білімі институты)
418-421 каб.
тел./факс: 261 66 28,
261 66 92, 242 65 56



е/ш.: 001700102
30070492 (валюта)
Алматы қ-сы
“Казкоммерцбанк” АҚ АФ
МФО 190501724
РНН 600400010767

www.arys.kz

E-mail: arys@nursat.kz

Ескертпе үшін

Көрсетілген беттердегі мынадай «□» таңбаны
«№» белгісі ретінде тануларыңызды сұраймыз
(3, 24, 36, 46, 47, 56, 94, 110, 114, 121, 156, 163, 182,
183, 206, 238, 243).

Ескертпе үшін



АРЫС